Бул поэтикалык бийик сапаттарда шөкөттөлгөндөй, Манастын дал ушундай асыл, ажайып сулуу сапаттарга эгедер болуп, бала Манастан жалпы кыргыз эли сыймыктанган айкөл инсанга айлангандыгы эпостогу айныгыс чындык.

Манас баатырдын ушундай эки орчундуу учурунан олуттуу бир педагогикалык маселеге келип такалабыз. Жогоруда белгиленгендей адегенде «жолборс моюн, жоон билек» бөлөкчө түрү бар перзент Манас кандайча жол менен «алтын менен күмүштүн, ширөөсүнөн бүткөндөй» эр азаматка өтүп чыкты? Кандай тарбиянын жардамы менен? Бектур Исаков жазгандай, «Пенде Манас кантип айкөл Манаска айланды?»

Биз «Манас» эпосунан ушул педагогикалык суроолорго жооп табууга жана ушул максаттын негизинде балдарды тарбиялоого тийишпиз.

Адегенде, Манас Жакып атасынын «оозеки мектебинен» окуп, анын жети ата жөнүндөгү «алиппеси» менен таанышат. С.Орозбаковдун вариантында бай Жакып зарлап жүрүп тапкан чүрпөсү Манасты маңдайына отургузуп алып: «Түпкү атасы Каракан, Каракандан Огузкан, Огузкандан Аланча, Аланчадан Байгур менен Уйгур, Байгурдан Бабыр, Бабырдан Түбөй, Түбөйдөн Көгөй, Көгөйдөн Ногой, Ногойдон Орозду чоң атасы, Орозду чоң атасынан Жакып өз атасынан Манас» өзү туулуп турганын айтат. Ушул саналган аталарынын бардыгы эл намысын коргоп, жер намысын көздөп, бирде эл-жерин каска чаптырып, бирде, кас душмандардын Ордосуна Көк асабасын сайып, эшик алдындагы мамысына аргымагын байлап келген. Кечээ Орозду баатырдан он бала жаш калып, кезинде келин болуп жүгүнүп турчу кытай, калмак, манжурлар Ала-Тоону чаап, Таластагы ордонун түркүгүн кулатып, туусун жыгып, жоого каршы чыгаар чамасы жок он баланы он тарапка бөлүп айдап салганын, мына ошондо Жакып кырк үйлүү кыргыз менен ушул Алтайга сүрүлүп келгенин айтат».

Жакып баланын адам болушу, түбүн таануудан башталат деген терең ишенимде болгон. Ошондуктан Жакыптын бул сөзү чүрпөсүн алаксытуу үчүн айтылган жөн гана кооз кеп эмес, Манастын кишилик келечегин түптөө үчүн чын дилден күйүп-бышып сүйлөгөн атанын тарбия камкордугу. Азыркы тил менен айтканда – Жакып ата үчүн бала тарбиясынын биринчи алиппеси.

Жакып атасынын ушундай кулагына кумдай куйулган сөздөрү, бала Манастын өз элинин, өз ата-бабаларынын тарых-таржымалына карата улам көзү ачыла берет. Өзүнүн түбү кайдан экендигин, кимдин тукуму экендигин аныктайт. Дос ким, душман ким экендигин таанып биле баштайт. Улуттук сезим «бүчүр жарат». Тарыхый эстутум тамыр байлайт.

«Манас» эпосунда тарбияны күчтүү курал катары санагандардын жана анын күчүнө ишенгендердин дагы бири Алтайдагы кыргыздардын баатыры жана руханий лидери Акбалта аксакал болуп эсептелет. Ошондуктан ал бала Манас тууралуу Жакыпка кайрылып: «Билбегенин билгизип, минтип жолго салалы, туйбаганын туйгузуп, туура жолго салалы» – деп акыл салып отурат. Акбалта адаттан тыш түрүнөн улам Манастын соо бала эмес экендигин туюп, анын байланып жаткан бактынын багын ача турган, кордукта жүргөн элдин колун чече турган уул, белге таңуу кыла турган шер болорун» боолголот. Бирок бул акылман аксакал бала Манастын ошондой баатыр болушу үчүн алдыда тарбиянын татаал мээнет – түйшүгү, адам болуунун азаптуу кыйын-кезең жолу жаткандыгын терең түшүнөт. «Баланы тарбиялоо – ташты кемиргенге тете» деген макал анын көөнүндө турган нерсе. Ошондуктан Акбалта, «билбегенди билгизип, туйбаганды туйгузуп, ок өтпөс тон кийгизип, ок жетпес ат мингизип, Манасты жоого сактап багалы» деп эң алгач жарыкка жаңы келген «Бала барчынды» таптоо жөнүндө ойлонуп, толгонуп олтурат. Мына ошентип, терең ойлонсок, адам коомунда

кишинин киши катары «каймақтап», калыптанышында, инсандык жаран катары түзүлүшүндө таалим-тарбиянын, чөйрөнүн ролу абдан чоң.

Акбалта деген өзү ким? Акбалтанын башчы, жетекчи, хан деген расмий статусу жок. Бирок азыркы тил менен айтканда, ал Алтайдагы кыргыздардын формалдуу эмес лидери. Ошон үчүн ал эпосто «Абакең Балта ак жолтой, сүйлөгөнү – жарыя, Калың кыргыз ичинде, кадыры бийик карыя» деп мүнөздөлгөн. Ошондуктан ал Чыйырды алп бала төрөгөндө өзүнүн кыраакы, сынаакы көзү менен перзенттин «мал багар уул эмес, эл багар уул» болорун, жалпы журтка бир жакшылык келээрин сезип, «арыстан туулган шер келди, кабылан султан эр келди, киндик кесип, кир жууган, жерди табат экенбиз, паана берип жараткан, элди табат экенбиз» деп терисине батпай сүйүнгөн. Акбалтанын Манаска тарбия берүүнүн башкы максаты – чачылганды жыйнаар, үзүлгөндү улаар, жоголгон жокту табаар, эли-жеринин боштондугу үчүн жанын кыюуга даяр турган мекенчил, жалындаган азамат-атуул кылып өстүрүү. Ошон үчүн «Туйбаганды туйгузуп, туура жолго салалы» деп адегенде эле баланын тарбиясына кам көргөн. Мындай тарбия мүдөөсү жана милдети чындыгында ошол туштагы кор болгон кыргыз журтунун оор трагедиясынан туулган социалдык буйрук эмес. Мына ушундай таалим-тарбия, стратегиясынан чыгып, Акбалта Манастын тарбиясын эне-атасы менен кошо активдүү түрдө колго алып, бул иште Жакыпка бирден-бир кеңешчи болуп, биринчи кезекте элдин баатырдык жана трагедиялуу тарыхынын мисалдарында баланын патриоттук аң-сезимин ойготууга, алдыда турган жалпы улуттук милдетти акырындап туюнтууга, анын мекенчил философиясын түптөөгө күч үрөгөн.

Мына ушундай таалим-тарбиянын натыйжасында Манас бекем тарыхый эстутумга ээ болду. Анын аң сезимине жана жан дүйнөсүнө байыркы түпкү атасы Каракандан тарта, андан берки доорлордогу, замандардагы, кечеги күндөрдөгү кыргыз элинин кайгы-кубанычтары, калк чыгаанда-рынын эрдиктери, ата-бабалардын ар-намысы, патриоттук нарк-дөөлөттөрү мөөр болуп басылып калды. Жаш Манас мына ошондой элдик тарбиянын аркасында өзүнүн ушул жарык дүйнөдө тили чыгып, адам болуп өсүп-өнүп жашап жаткандыгы үчүн бир боор эл-жерине, ата бабаларына милдеттүү экендигин, өз элинин тарыхы менен киндиги туташ экендигин, мындан ары карай ушул ак калпак кыргыздын татыктуу уландысы болуп жашоого тийиш экендигин андап туюнду. Мына ушундан улам Манас Алтайдан акыры келип:

«Калкым кыргыз, сен үчүн,
Курман болуп кетейин.
Найзалашып топ бузам,
Тагдыр жетсе окко учам.
Арбагы бийик Ала-Тоо,
Барбай кантип коёюң?
Атамдан калган жеримди,
Албай кантип коёюн.
Ак асаба кызыл туу,
Аягын жерге сайбасам,
Асабасын жыйбасам,
Атым өчүп калбайбы?
Атамдан калган Ала-Тоо,
Алтайдан калбай албасам.
Алты сан аман турганда,
Бийик кыргыз жеримди,
Душмандын буту баскыча,
Асыл кыргыз элимди,
Тебелетип бөтөнгө,
Кор кылып карап жаткыча,
Туулбай туна чөгөйүн,
Тирүү жүрбөй өлөйүн» – деген бүтүмгө келип отурат.

Акырында айтарыбыз: демек, элибиздин өткөн тарыхын ыр менен чагылдырган улуу эпосуубузда бала Манастын мекенчилдиктин нугунда социалдашуусу – кандайдыр бир мистикалык күчтүн жардамы менен ишке ашкан нерсе эмес, тескерисинче, баатырдын атуул катары калыптанышы өз мезгилинин шартына, муктаждыгына ылайык кубулуш, башкача айтканда, атайын максатка багытталган таалим-тарбиянын натыйжасы болуп чыкты.

«Манастын» педагогикасы – бул балада тарыхый эстутумду тарбиялоо аркылуу улутту сактоонун педагогикасы. Саны аз калктарды ассимиляциялап жутуп коюуга жөндөмдүү бүгүнкү глобалдашуунун агрессивдүү чабуулдарынын шарттарында «Манастын», бул улуу педагогикалык

сабагын, же башкача айтканда, бабалардын бала тарбиялоо даанышмандыгын эске бекем түйүү жана пайдалануу бүгүнкү күндө аба менен суудай керек.

АДАБИЯТТАР:

1. Абдылдаев, Э. «Манас» эпосунун тарыхый өнүгүшүнүн негизги этаптары [Текст] / Э.Абдылдаев. – Фрунзе: Илим, 1981. – 265 б.
2. Абдылдаев, Э., Мамытбеков З. «Манас» эпосун изилдөөнүн кээ бир маселелери [Текст]/Э.Абдылдаев, З.Мамытбеков. – Фрунзе: Илим, 1966. – 245 б.
3. С.Байгазиев. «Манастаануу» окуу китеби. Бишкек. 2010-ж. 242-б.
4. Биялиев, А. «Манас» эпосунун тили жана стили (Улуу манасчы Сагынбай феномендин дили жана көркөм стили) [Текст] / А.Биялиев. –Бишкек: КУУнун басмасы, 2004.–272 б.
5. Орозбаков, С. Манас [Текст] /ред.колл. – Фрунзе: Кыргызстан, 1978. – 1-китеп . – 295 б.
6. Рыскулова, Г.У. «Манас» эпосундагы сезимдин жана кебете-кешпирдин туюндурулушу. (Психолингвистикалык аспект) [Текст]: филол. илим. канд. дис. ... автореф. /Г.У.Рыскулова. –Бишкек, 2012. – 20 б.

УДК. 796/799:378.

MULTI-CYCLE PREPARATION OF HIGH QUALIFICATION BOXERS

Doctor of pedagogical Sciences, Professor **Kh. ANARKULOV**
of the Kyrgyz state law Academy
art. lecturer **A ESELBAEVA**
art. teacher **K.A. TUTIBAEV**

Annotation:

This article is devoted to the problems of multi-cycle preparation of the preparatory, competitive and transition period and their duration. At the same time, attention is paid to the rational organization of the stages of sports training, repeatedly repeated throughout the annual cycle of training. The approximate plan of preparation of a national team at the final stage to culminating competitions is given.

Keywords: *boxers of high qualification, multi-cycle training, the culmination competitions, sports training, etc.*

БІЛІКТІЛІГІ ЖОҒАРЫ БОКСШЫЛАРДЫ КӨП ЦИКЛДЫ ДАЙЫНДАУ

Қысқача мазмуну:

Бұл мақалада жогорку цикл окутуу даярдоо, атаандаштык жана өткөөл проблемалары менен алектенген, жана алардын узактыгы. Бул учурда, көңүл спорт окутуу, даярдоо жыл мезгилине нускалуу этаптары сарамжалдуу уюштуруу төлөнөт. Сынактын тасмада акыркы баскычта улуттук курама команда даярдоо үчүн болжолдуу планы.

Негизги сөздөр: *жогорку билимдүү боксеры мультицикли спорт окуу, спорттук даярдоо атаандаштык мезгилдерди аякталды, ж.б.*

INTRODUCTION

Sport of higher achievements stimulates the search for ways to improve control over the level of health of athletes. On how prepared the athlete for the competition depends not only on his results, but also the ability to recover after high psychophysical loads.

As in many sports and martial arts, boxing training includes the following stages in the plan:

1. Warm up.
2. The main part.
3. Physical training.
4. Work on the paws, with a pear and sparring.

Warm up aims to prepare the body for subsequent workloads, prevents the appearance and development of injuries. It includes:

- a set of cross-country exercises, jumps, attacks, mahi;
- Moving in racks, rebuilding;
- rotation of limbs, trunk, etc .;
- a set of exercises for various body systems, including for the ligament-muscle apparatus;
- Special exercises, including for developing reactions such as "fight with the shadow," jumping rope, etc.

Preparing the body for the upcoming workloads, they go on to training in the main part, where the following **tasks** are solved:

- study, development and improvement of technical elements of combat;
- preparation of the boxer for great psychological stress, confidence training;
- development of such qualities as the speed of strikes and movements, reactions, endurance, dexterity, better coordination of movements.

In physical terms, the boxer prepares during the first two stages of training, performing basic exercises. But separate training is required, which are aimed exclusively at improving the physical qualities of the fighter. Strength training in boxing has its own characteristics.

The physical and technical development of a boxer is unthinkable without sparring. The boxer should be able to feel the opponent in the ring, observe the distance, play it tactically and surpass technically. Work in the air, with a bag or on paws does not give the fact that develop sparring. And first of all it concerns self-confidence. An unprepared person who does not practice sparring, any encounter with a living opponent causes a sense of fear, he acts in a hurry, forgets about the technique he has developed.

In boxing, there are not so many strokes and this allows us to develop the maximum speed of their application for athletes. But this does not mean that the operating time of the equipment is very monotonous. In general, the training program for boxing is divided into the following work:

- over the main technical elements - strikes, defenses, movements, care and biases;
- at a long distance;
- at an average distance;
- at the short distance.

It is not enough to master individual technical elements. All of them should be worked out in bundles for different situations, both in attack and in defense, at different distances. Opponents, starting the fight, begin exchanging blows from a distant distance, pass to the middle and can converge in close combat. Everything depends on the training and data of the fighters. If a high-growth athlete is confronted by a small fighter, the latter is better to enter a melee, depriving the opponent of his advantages of longer arms. At the first boxer the problem opposite - it is better to him to fight at the long distance, firing on the opponent at a safe distance for himself.

Today's boxing is characterized by a significant increase in the volume and intensity of training and competitive loads, an increase in the number of culminating competitive fights. In the boxing competitions are dispersed throughout the calendar year. At the moment, boxers of high qualification spend in the annual cycle of training within 10 competitions.

Objective: to determine the effectiveness of the method of multicyclic training of boxers of high qualification

The system of periodization of sports training, adopted for cyclical types of exercise, can not be mechanically transferred to the box due to the specificity of the box.

The annual cycle of sports training of boxers, as a rule, begins after active rest during the transitional period lasting not less than one month. Then follows the preparatory period, lasting about two months and consisting of a general preparatory and special preparatory stages, where it is supposed to achieve an excellent sports form and participate in the relevant competitions.

The competition period lasts about nine months. In the course of his participation, boxers in competitions alternate with active rest and preparation for the upcoming competitions. Time intervals between competitions include micro stages: transitional (active rest) and preparatory. The duration of the active rest period after the competitions depends on the physical and psychoemotional load transferred, and the duration of the preparatory stage and its parts depends on the scale and difficulties of the upcoming competitions. Such a multi-cycle periodization of the annual cycle of sports training in boxing is generally accepted.

A characteristic feature of duels for high-qualified boxers in the climax of competitions is that they must be prepared to each of them with full responsibility and thoroughness. A rich calendar of sports competitions obliges the boxers to perform pre-competition training for a sufficiently long period of time, constantly paying attention to the rational organization of the stages of sports training, which are repeated many times throughout the whole year cycle of preparation. Thus, taking part in a series of sports competitions, boxers of high qualification are forced to move from one state of sports preparedness to another, and such fluctuations, having different levels, during a year's cycle there is a significant amount.

Such a multi-cycle periodization of sports training in boxing is not without drawbacks, since it does not allow to concentrate a significant amount of physical activity at the beginning of the preparatory period. This problem is inherent mainly for sports training with a multiple number of cycles with a short duration. Hence the assumption that a decrease in a single number of cycles and an increase in their duration will help optimize sports training.

Currently in some countries - Cuba, the United States, Russia, Uzbekistan, Kazakhstan, etc., have their own boxing schools. Each of these schools has its own peculiarities in the organization of sports training. So, for example, the plan for Kyrgyzstan's preparation at the final stage of the Asian Games in 2018. Looked as follows:

Training	Main rules	Dosage (min)	Load value
In the morning	1 day	45	Small
In the afternoon	Running, SFT	75	Average
In the evening	Sports games 2x30min TFP. Circle training (15st.)	100	Average
In the morning	2 day	55	Average
In the afternoon	Running, on a "small saddle", TFP with dumbbells CTMM: on projectiles 15x2min	90	Average
In the evening	Running 3000m. CFP	120	Average
In the morning	3 day	60	Average
In the afternoon	Running CTM: ind. Work with the trainer Leisure		
In the evening	Restored. activities, cultural rest		
In the morning	4 day	60	Average
In the afternoon	Running boxing school SFP Running "on the big saddle", CFP	90	Average
In the evening	CTT in pairs of 15x2. 30 min. CFP	120	Large
In the morning	5 day	70	Average
In the afternoon	Running on a small saddle, working on the road. Running in the stadium 2000m.	110	Average
In the evening	CFP Circle training 15st. CTMM: on projectiles 15x2. 15 minutes. SFP (Embankment Balls)	120	Large
In the morning	6th day	60	Average
In the afternoon	Sports games 2x30min. TFP. Running "on the big saddle", SFP.	120	Large
In the evening	CTM: in pairs - 11r.h4min. 7p.x3min. CFP	90	Average
In the morning	Day 7	60	Average
In the afternoon	Running "on the big saddle", CFP		
In the evening	Sport games 2x40min.SFP CTMM: on projectiles 15x2. 30 min. CFP	110 120	Average Large
In the morning	Day 8	70	Average
In the afternoon	Running "on a small saddle," Running in the stadium 12 accelerated. on 30m. TFP.	90	Large
In the evening	CFP Circle training 19st. CTMM: on projectiles 15x2. 30 min.	95	Large
In the morning	Day 9	60	Average
In the afternoon	Running in the stadium, CTM, ind. work with the trainer. Running in the stadium 2000m.		
In the evening	CTM: exercises with a partner - 15r .. Running "on the big saddle", CFP	120 120	Average Large
In the morning	10th day	60	Average
In the afternoon	Running CTMM, ind. work with the trainer. CFP Circle training 15st.		
In the evening	Assets. recreation. Restored. Activities, active. recreation		

In the morning	Day 11 Running in the stadium 2400m. CFP	60	Average
In the afternoon	Sparring: 5x2. 15 minutes. CTTM with partner 10x3 minutes; on shells 5x2. 15 minutes.	110	Large
In the evening	Sports games 2x20 min. TFP.	90	Average
		60	
In the morning	12th day Running in the stadium 2400m.	60	Average
In the afternoon	Ind. Work with the trainer. Combat practice - 5x2. 15 minutes. SIM: on projectiles 5x2. 15 minutes. CFP	90	large
In the evening	SFP (Embankment Balls) Sports games 2x20 min. CFP		Large
		100	

It should be emphasized that the success of the performance of the boxers of the above countries is due to the fact that their coaches take into account the features of the multi-cycle preparation in the annual cycle.

CONCLUSIONS

One of the most important components of the system of training of boxers of high qualification is also the use of non-traditional conditions (middle mountains) at the stages of sports training, the analysis of available materials: sports training plans, scientific and methodical literature showed that boxers of high qualification in preparation for the climax in the annual cycle use the effect of sports training in mid-mountain conditions.

This problem now requires careful analysis and study [1,2,3,4,5].

LITERATURE:

1. Degtyarev, I.P. Training of boxers, (I.P. Degtyarev) - Kiev: Health, 1985. - 140s.
2. Kalmykov, E.V. Individual style of activity in martial arts: the author's abstract. dis. ... Dr. ped. Sciences: - M., 1996. - 47s.
3. Suslov, F.P. Training in mid-mountain conditions as a means of improving athletic skill: the author's abstract. dis. ... Dr. ped. Sciences: - M., 1983. - 48s.
4. Khalmukhamedov, R.D. Dynamics of the performance of martial artists at post-competition stages in connection with the features of weight restoration: dis. ... cand. ped. Sciences 13.00.04 (R.D. Khalmukhamedov) -1990g. - 24s.
5. Shiyan, V.V., Rozhkov, P.A. Planning intensive training loads in the macrocycle of training fighters for responsible competitions (V.V. Shiyan, P.A. Rozhkov) - M., 1996. - 28s.

ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДАҒЫ МЕКТЕПТІК МАТЕМАТИКАЛЫҚ БІЛІМНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Доцент Т.Ә. ӘЛДІБАЕВА
Б.Ө. СЕЙДАЗЫМ

Түйіндеме:

Математика – жалпы білімнің бір бөлігі. Математиканы оқытудың мақсаты жалпы алғанда оның қоғамды дамытудағы және әрбір адамды тұлға ретінде дамытудағы оның рөлімен анықталады. Математиканың қызметі екі аспектілі. Оның біріншісі практикалық, математиканы оқытуда оның өнімді іс-әрекеті үшін қажетті инструменттерді қалыптастырады; екіншісі рухани, бұл адамның ойымен, әлемді танып білу мен түрлендірудің математикалық әдістерін меңгерумен байланысты. Математиканы оқып-үйрену басқа оқу пәндерін оқытуға ықпал ету арқылы адамның танымдық қабілеттерін, сонымен бірге логикалық ойлауын дамыта отырып, жалпы білім саласында жүйе құраушы рөл атқарады. Сапалы математикалық білім заманауи қоғамда әрбір адам табысты қызмет етуі үшін қажетті. Біздің мақаламызда осы мәселелерді жүзеге асыру мүмкіндіктері қарастырылған.

Тірек сөздер: білім, жалпы орта білім, математикалық білім, математикалық білім сапасы, білім мақсаты

THE ROLE OF SCHOOL MATHEMATICS EDUCATION IN IMPROVING THE QUALITY OF SECONDARY EDUCATION

Abstract:

Mathematics is part of general education. The aims of teaching mathematics are determined by its role in the development of society as a whole and the development of the each individual personality. The purpose of mathematical education is determined by two aspects. Practical, when teaching mathematics forms the tools necessary for a person in his productive activity and the spiritual aspect associated with human thinking, with the mastery of mathematical methods of cognition and transformation of the world. The study of mathematics plays a system-forming role in education, developing the cognitive abilities of a person, including logical thinking, influencing the teaching of other disciplines. High-quality mathematical education is necessary for everyone for his successful life in modern society. In this article we will consider the implementation of the learning objectives in the new environment.

Keyword: education, general secondary education, mathematical education, quality of mathematical education, learning objectives

КІРІСПЕ.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында атап өткендей, «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс. Сондай-ақ балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды делінген [1]. Ал функционалдық сауаттылықтың бір компоненті ретінде кең мағынада түсінілетін математикалық сауаттылықты дамыту мектепте математикалық білім берудің негізгі мақсаты болып саналады. Математикалық сауаттылықты дамыту математикалық білімді меңгерту сапасын жаңа деңгейге көтеруді көздейді.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. ... Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдардың бәсекелік қабілетімен айқындалады», - делінген [2].

Еліміздегі білім саласын реформалаудың негізіне алынып отырған және әлемдік білім кеңістігінде білімнің жаңа сапалық деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған тенденциялардың ең бастылары мыналар:

адам капиталын қалыптастыру құралы ретінде білім берудің жаңа әдістері мен тәсілдерін дамыту;

білім сапасы ұғымы жөніндегі түсінікті жетілдіру.

Осы тұрғыда білім деңгейлері бойынша құрылымдық, мазмұндық және процессуалдық жаңартулар жүзеге асырылуда. Осы жұмыстардың негізгі нәтижелерінің бірі саналатын адам бәсекелестігі оның ең алдымен алған, жинақтаған білімінің сапасына тікелей тәуелді. Білімнің деңгейлер бойынша сапасын арттыру бүгінгі күнгі мәселелердің ең күрделісі. Оның негізгі түп төркіні алынатын білімнің адам өмірінде тікелей қолданыс табу қажеттілігінде. Себебі, жинақталған қандай да бір білім қоры әрбір жеке тұлғаның жеке меншігі. Сондықтан әрбір жеке тұлға сол меншігіндегі білім қорын өз өмірінде тікелей қолдана алатындай болуы тиіс.

Оқушылардың мектеп бағдарламасы бойынша білімді қалай меңгергенін емес, оны нақты өмірде қалай қолдана алатындығы тұрғысындағы мүмкіндіктерін бағалауды көздейтін Жоғары сыныптық-тардың білімін халықаралық бағалау бағдарламасы (PISA) бойынша оқу дағдылары, математика және жаратылыстану саласы бойынша сауаттылық бағаланады. Бұл зерттеуде «Математикалық сауаттылық адамның өзі өмір сүретін әлеміндегі математиканың рөлін анықтау және түсіну, жақсы негізделген математикалық пікір айта алу және бүгінгі және ертеңгі қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін математиканы пайдалана алатын жасампаз, ынталы және ойлай білетін азаматқа тән қабілеттілік» ретінде анықталады [2].

Бұл бағдарламаның негізіне өзгермелі әлемге бейімделу үшін қажетті жаңа білім мен дағдылар арқылы адамның өзінің барлық белсенді өмірінде қол жеткізуін көздейтін оқытудың динамикалық моделі алынады және оқушының мектептік бағдарлама өрісінен тыс уақыттағы іс-әрекеті бағаланады. Осылайша зерттеушілер осы бағыттағы өз жұмыстарын кәдімгі өмір үшін жинақталатын **дағдылардың құндылығына**, барынша кең мағынада түсінілетін **сауаттылыққа** бағдарлаған. Олар репродуктивті, дәстүрлі білім емес, үзіліссіз дамып отыратын қоғамда айналымға түсе алатын білімге басты назар аударуда. Бұдан адам тәжірибесіне деген ерекше қатынасты байқауға болады. Бұл тәсіл білім жүйесі практикасына нақты бақылау жасап отыруға мүмкіндік береді.

Сонымен аталған зерттеуде математикалық сауаттылық оқушылардың:

- қоршаған болмыста туындайтын, математика құралдарымен шешілетін проблемаларды тани алу;
- сол проблемаларды математика тілінде тұжырымдай алу;
- оны математикалық білім мен әдістерді пайдаланып шеше алу;
- пайдаланылған шешу әдістерін талдай алу;
- алынған нәтижелерді қойылған проблеманы ескере отырып түсіндіре алу;
- қойылған проблеманы шешуде алынған соңғы нәтижені тұжырымдай және жаза алу қабілеттері ретінде түсіндіріледі.

Математикалық сауаттылықты сипаттайтын аспектілердің бірі - математикалық құзырлықтар – математикалық ойлауды, жазбаша және ауызша математикалық дәлелдемелерді, математикалық проблемалардың қойылымын және шешімін, математикалық моделдеуді, математикалық тілді пайдалануды, коммуникативтік біліктерді (ауызша және жазбаша математикалық тілге қатысты), қазіргі техникалық құралдарды (түрлі аспаптарды, компьютерді және т.б. ақпараттық технологияларға қатысты басқа да техникалық құралдарды) пайдалануды қамтитын барынша жалпы математикалық қабілеттіліктер мен біліктер [3]. Осы анықтаманың мазмұнына үңілсек, математикалық құзырлық «Информатика» оқу пәнінің де, математикалық тіл ерекше байқалатын «Математика» оқу пәнінің де объектілерін қамтитынын көруге болады. Біздің пікірімізше, мәселенің осылайша қойылуы математика мен информатика оқу пәндерінің қарастыратын объектілерін жақындастыратын сияқты. Мұндай жақындастыру мектепте математиканы оқытуға бөлінетін сағат санының азаюына алып келді.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, бірқатар ресейлік ғалымдар (Л.О. Денищева, Ю.А.Глазков, К.А.Краснянская), біздің ойымызша, математикалық құзырлық барынша нақты анықтаманы былайша береді: «математикалық құзырлықтар - мәліметтерді (жағдаяттарды) құрылымдау немесе түзу, математикалық қатынастарды бөліп көрсету, жағдаяттың математикалық моделін құру, оны талдау және түрлендіру, алынған нәтижелерді түсіндіріп беру қабілеттілігі», басқа сөзбен айтқанда, «оқушылардың математикалық құзырлықтар күнделікті өмірде туындайтын проблемаларды шешу үшін математиканы сәйкесінше қолдануға мүмкіндік береді» [4].

Сондықтан математикалық сауаттылық «Математика» оқу пәнін игерту нәтижелері болып табылады.

Математиканы оқытуда құзырлықтарды дамыту оқытудың мазмұндық жағына қарағанда, көбінесе үдерістік жағының есебінен жүзеге асырылады. Соған байланысты математиканы оқыту үдерісін жобалауда белгіленген құзырлықтарды, күтілетін нәтижелерді жеке тақырыптар мен бөлімдердің оқу материалдарымен жалғастыру қажет, ал математикалық сауаттылықты дамытудың негізгі құралы оқу тапсырмалары болып табылады.

Осы бағытта И.Осмоловскаяның [5] жұмысын талдау барысында, автордың құзырлықты проблемаларды шешу қабілеттілігі ретінде қарастыратындығы байқалды, сонымен бірге проблемаларды шешу кезеңдерін бөліп көрсету оқу материалының мазмұнында проблемаларды шешуге үйрету:

- проблемаларды шешудің нақты кезеңдері менгертілетін оқу тапсырмалары;
- іс-әрекет тәсілдері қалыптастырылатын оқу тапсырмалары;
- әрекет ету барысында проблемаларды шешу тәжірибесі қалыптастырылатын оқу жағдаяттары арқылы жобаланатындығын жорамалдауға мүмкіндік береді.

Тапсырмаларды орындау барысында білім алушылар оқу немесе өмір жағдаяттарын шешеді және оқу материалын меңгеру деңгейін, соған сәйкес қандай да бір оқытудан күтілетін нәтижелерге жету деңгейлерін көрсетеді. Әрекет ету барысында проблемаларды шешу тәжірибесі қалыптастырылатын оқу жағдаяттары – бұл әдеттегі практикалық жағдаяттар, сабақтағы және сабақтан тыс уақыттағы оқу іс-әрекеттері барысындағы рөлдік ойындар.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, проблемаларды шешудің жеке кезеңдерін меңгерудің мысалдары ретінде мынандай оқу тапсырмаларын ұсынуға болады:

- белгілі бір жағдаятты сипаттайтын мәтін келтіріліп, проблеманы тұжырымдауды қажет ететін тапсырма;
- берілгендері жетіспейтін немесе артық болып келетін есептер;
- зерттеу сипатындағы есептер немесе зерттеу тапсырмалары;
- проблеманың тұжырымдалуы негізінде алға қойылған іс-әрекеттің мақсатын анықтауды талап ететін тапсырмалар;
- оқушылар жасаған жұмысты қойылған мақсатқа жету тұрғысынан бағалауға бағытталған есептер.

Осындай оқу тапсырмалары математиканы оқытуда өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру, танымдық белсенділікті дамыту, ұғымдарды, пәндік біліктерді, дағдыларды және құзырлықтарды қалыптастыру, өткен материалдарды жүйелеу, қорытындылау және бақылау құралы ретінде пайдаланылады.

Осы жұмыстардың түйінді тұстары ретінде мыналарды атауға болады:

- оқуды (учение), сәйкесінше математиканы оқуды ұйымдастыру принципінің өзгеруі;
- математикадан оқу бағдарламаларының әрқилылығы;
- математикалық білімді ағымдық және қорытынды бағалаудың сәйкестенген жүйесінің енгізілуі;
- математика бойынша халықаралық салыстыру зерттеулеріне (PISA сияқты) қатысу.

ҚОРЫТЫНДЫ.

Осылардың негізінде елімізде жүзеге асырылған математикалық білімді меңгерудің сапасын арттыру жұмыстарының мазмұндық және процессуалдық аспектілеріне тоқталайық.

1. Ұлттық деңгейдегі білім берудің жалпы мақсаты құзырлық тұрғысында анықталуына байланысты білім деңгейлері бойынша математиканы оқытудың мақсаты анықталып, жетілдірілуде. Сәйкесінше оқыту нәтижелері анықталған. Бұл әрбір деңгей бойынша білім стандарттары мен оқу бағдарламаларының негізгі құрылымына енді.

2. Математикадан білім деңгейлері бойынша оқу жетістіктерінің өлшеуіштері жасалып, жүзеге асырылуда.

3. Осы жетістіктерге жетуді көздейтін әртүрлі оқу бағдарламалары, оқулықтар және т.б. жасалып, қолданылуда.

Сонымен бірге, математикалық білім берудің вариативтілігі мазмұндық және процессуалдық жағынан да жүзеге асырылуда. Оның басты құралы элективті курстар. Мұның да негізгі мақсаты жинақталған білімнің қолданылу аясын кеңейту арқылы оның тереңдігін жүзеге асыру. Ол үшін математиканы барлық білім деңгейлері бойынша оқытуда **пәнішілік байланыс пен пәнаралық байланысты** басты назарда ұсыну. Сонда біріншісі арқылы математиканы ғылым ретінде дамытуға негіз қаланса, екіншісі арқылы математиканың қолданылу аясын кеңейтуге болады. Әсіресе, білім деңгейлері бойынша дайындалатын элективті курстардың мазмұнында бұл мәселе басты назарда ұсталуы қажет. Себебі, аталған курстар білім мазмұнын түлектердің болашақ мамандықтарына қарай бағдарлауда маңызды рөл атқарады

Математиканы оқытуда пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру білім алушыларға білімді ұтымды меңгеруге жағдай жасап, оларды тәрбиелеуге және дамытуға мүмкіндік береді.

Математикалық білім мазмұнын меңгерту аппаратының негізгі құрамдас бөлігі ретіндегі оқу тапсырмаларының мазмұны білім алушыға түсінікті, мазмұны жағынан теориялық материалдардың адам өміріндегі қолданысын ашып көрсететіндей болуы міндетті. Сонда ғана оқу материалдарын білім алушылардың математикалық ұғымдардың терең өзара байланысын аша алатындай деңгейде меңгерулеріне мүмкіндік туады.

Математикалық пәндерді оқытуда пәнішілік және пәнаралық байланысты жүзеге асыруда осы пәндер бойынша оқу құралдарында қамтылған оқу тапсырмаларының мазмұнын жетілдіру өзекті мәселеге айналып отыр. Себебі, бұл пәндердің өзара байланысы оқу материалының мазмұны мен оның өтілу ретін анықтаудағы аса маңызды белгісі болып табылады.

Жалпы білім алушылардың құзырлылығын дамыту практикалық сипатқа ие, сондықтан білім беру үдерісі білім алушыларға бағдарланады, ал жоғары және одан кейін білім беруде ECTS пен модульдік оқытуға басымдылық беріледі. Сәйкесінше оқыту құралы ретінде әр деңгейлі оқу тапсырмалары мен құзырлылыққа бағдарланған оқу тапсырмаларын пайдалану басты назарда ұсталады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2012 жылғы 14 желтоқсан www.strategy2050.kz
2. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. http://www.inform.kz/kz/elbasy-makalasy-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru_a3016293
3. Краснянская К.А. PISA-2006: Оценка математической грамотности 15-летних учащихся // Народное образование. - №9. 2008. – С.169-179.
4. Денищева Л.О., Глазков Ю.А., Краснянская К.А. Проверка компетентности выпускников средней школы при оценке образовательных достижений по математике //Математика в школе, №6, 2008. –С.19-30.
5. Осмоловская И. Ключевые компетенции и отбор содержания в школе //Народное образование, №5, 2006. –С.77-80.

БІЛІМДІ ЖАҢАША БАҒАЛАУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ**Д.С. ӘЛЖАНОВА
Қ.Б. КУШКИНБАЕВА****Түйіндеме:**

Мақала қазіргі кездегі еліміздегі білім реформасының жүзеге асырылуын басшылыққа алатын Жаңартылған білім мазмұны бағдарламасы «NIS-Program» ұлттық және халықаралық тәжірибелердің ең үздік үлгілерін кіріктіре қарастырады. Оқу мен оқытудың бұл әдіс-тәсілі оқытудың сындарлы тәсілімен тығыз байланысты, себебі: оқушылар бірлесіп жұмыстар істей отырып, пәндердің аралығындағы мәселелерді талқылайды, зерттейді. Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериалды бағалау жүйесіне өтеді. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Кіріктірілген білім беру бағдарламасының атап өтерлік тұсының бірі – жетілдірілген критериалды бағалау моделі. Бұл оқуды және оқу үшін бағалау жүйесін құрайды. «Бағалау критерийі», «балл қою кестесі», «дескриптор», «критериалды бағалау» атты ұғымдармен кеңінен ашылады. Критериалды бағалау, қалыптастырушы бағалау жан-жақты түсіндіріледі.

***Тірек сөздер:** жаңартылған білім мазмұны, критериалды бағалау, қалыптастырушы бағалау*

THE NEW ASSESSMENT IS A REQUIREMENT OF TIME**Abstract:**

The program of the updated content of education "NIS-Rgodgam", which is currently guided by the implementation of the reform of education in the country, provides for the integration of the best examples of national and international experience. This method of teaching and learning is closely related to the critical approach of learning, as students work together to discuss and explore issues between subjects. The evaluation system is also subject to fundamental changes and moves to the system of criteria-based evaluation. In criteria-based assessment, student performance is measured by a specific set of predefined criteria. One of the most important aspects of the integrated educational program is an improved model of criteria-based assessment. This creates a grading system for learning and learning. The concepts of "evaluation criteria", "scoring table", "descriptor", "criteria evaluation" are widely disclosed. Criteria assessment, formative assessment are comprehensively explained.

***Keywords:** updated content of education, criteria assessment, formative assessment*

Қазіргі таңдағы нәтижеге бағытталған білім беру оқыту процесінде сапалы жүйе мен жаңа әдіс-тәсілдерді талап етеді. Ал бұл ұстаным әрбір оқытушыға білім алушыларды белсенділендіретін оқыту технологияларын қолдануды міндеттейді.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауы – егемен еліміздің тұрақты дамуын қамтитын, мемлекетіміздің барлық саласына серпін беретін, халқымыздың игілігін көздейтін шынайы іс – жоспарға құрылған тарихи құжат [1]. Президент өз жолдауларында білім саласына айрықша көңіл бөліп келеді. Әр жылғы жолдауларда да білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру, оқыту бағдарламаларын оқушылардың сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажеттілігі айтылады.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы NIS-Program ұлттық және халықаралық тәжірибелердің ең үздік үлгілерін кіріктіруді көздейді. Білім беру саласын жаңартудағы стратегиялық әріптесіміз – ең танымал Кембридж университеті. Келесі мәселе – білім жүйесін жаңарту үшін неліктен Кембридж университетінің тәжірибесі таңдалғандығы. Жаңартылған білім беру бағдарламасының кейбір ерекшеліктері қандай, оқу үдерісінде жүргізілетін қалыптастырушы бағалау барысында берілетін кері байланыстың қандай тиімді тұстары бар, осындай сұрақтар мазалайтыны анық.

Еліміздің білім саласына өз кезегімен енгізіліп жатқан білім бағдарламасының ең басты мақсаты, зиялы азаматты – сана әлеуеті жоғары дамыған, сын тұрғысынан және жаңашыл ойлай білетін, рухы мықты, өз білімін қоғамның алға басуына жұмсай алатын кез келген ортаға бейімделіп кете алатын азаматты тәрбиелеу. Кез келген пәннің мазмұны мемлекеттің «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық біріктіруші идеясын жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады. Ата-бабаларымыздың бірегей мәдениетін, әлем тарихындағы Қазақстанның алатын орны мен рөлін, оның жалпыәлемдік

өркениеттің дамуына қосқан үлесін түсінуге мүмкіндік береді. Өз кезегінде ол ұлттық және жаһандық азаматтық құндылықтарды қабылдайтын, адам құқықтары мен олардың бостандықтарын құрметтейтін және Отанының дамуына өзіндік үлес қосуды қалайтын тұлғаны тәрбиелеу арқылы жүзеге асады. Орта білімнің маңызына қатысты құндылықтар – құрмет, әріптестік, азаматтық жауапкершілік, ашықтық, өмір бойы білім алу [2]. Бәрімізге өте таныс сабақ берудің дәстүрлі үрдісінде оқушылар тыныш отырып, сабақ тындап, мұғалімнің түсіндірмесімен қабылдап, әр қатар бойынша жұмыс жасалып келді. Аса маңызды процесс – білімді бағалау жүйесіне оқушы қатыспаушы еді. Ал қазіргі таңда осы жаңартылған білім беру үдерісі бойынша көптеген жаңалықтар енді. Соның ішінде «Жаңартылған білім беру» бағдарламасында әрбір пәнге қатысты түрлі өзгерістер көп.

Бастауыш сыныптарда барлық пәндер үшін маңызды болып саналатын қарым-қатынас жасау дағдылары – оқылым, жазылым, айтылым және тыңдалым. Сонымен бірге, пәнді оқытуда пәнаралық байланыста болуы керек. Оқу мен оқытудың бұл әдіс-тәсілі оқытудың сындарлы тәсілімен тығыз байланысты, себебі: оқушылар бірлесіп жұмыстар істей отырып, пәндердің аралығындағы мәселелерді талқылайды, зерттейді. Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериалды бағалау жүйесіне өтеді. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді.

Кіріктірілген білім беру бағдарламасының атап өтерлік тұсының бірі де осы, жетілдірілген критериалды бағалау моделі (1-сурет). Яғни, оқуды және оқу үшін бағалау жүйесі:

1) бағалау критерийі – оқушының оқу жетістіктерін бағалауға негіз болатын белгі, тиімді құрастырылған бағалау критерийлері, оқушының тапсырмаларды нақты және дәл орындауын жеңілдетеді,

2) балл қою кестесі – тоқсандағы жиынтық бағалау тапсырмаларына балл қою бойынша бірыңғай талаптарды белгілеу үшін мұғалімдер қолданатын кесте. Бұл кесте мұғалімге оқушы білімін әділ бағалауға көмектеседі.

3) дескриптор – тапсырмаларды орындау кезіндегі әрекетті көрсететін сипаттама, сауатты құрастырылған дескрипторлар оқушыны тақырыптан ауытқымай жұмыс жасауына бағыттайды,

4) критериалды бағалау – белгіленген критерийлер негізінде оқушылардың нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудың күтілетін нәтижелерімен сәйкестендіру үдерісі. Критериалды бағалау бойынша электрондық журнал – жиынтық бағалау (бөлім/ортақ тақырыптар, тоқсан) нәтижелерін тіркейтін және тоқсандық, жылдық, қорытынды бағаларды автоматты түрде есептеу мен балды бағаға айналдыруды жүзеге асыратын электрондық құжат [3].

Критериалды бағалау моделі



1-сурет. Критериалды бағалау моделі.

Қалыптастырушы бағалауға қатысты негізгі түсініктер:

Қалыптастырушы бағалау – мұғалімдерді, оқушыларды және педагогикалық үдерістің басқа да қатысушыларын оқуды жетілдіру үшін қажет ақпаратпен қамтамасыз ететін оқудың ағымдағы бағалануы (нәтижесі баға ретінде тіркелмейді).

Оқу мақсаты – оқу бағдарламасына сәйкес пән бойынша оқушының оқу барысында меңгерген білім, түсінік, дағды жетістіктерінің күтілетін нәтижесі арқылы қалыптасқан тұжырым.

Бағалау критерийі – білім алушылардың оқу жетістік деңгейлері өлшенетін белгі, өлшем, негіздемесі.

Дескриптор – оқушының жұмысты қаншалықты жақсы орындағанын бағалайтын тұжырым.

Тапсырма – оқушының құзыреттілік деңгейін (пәндік, тілдік және т.б.) бағалауға мүмкіндік беретін нақты жағдай.

Кері байланыс – қандай да бір жағдайға немесе әрекетке арналған жауап, пікір.

Сонымен қатар, бағалаудың басты саналатын **қағидаттары**:

- оқыту үдерісінің бөлінбейтін бөлігі;
- әр түрлі әдістерді пайдалану;
- оқытудың сапасы жөнінде ақпараты бар үдеріс;
- оқушылардың өзін-өзі дұрыс бағалау қабілеттерін және оқу нәтижелерін үнемі жақсартуды дамытады;
- әр оқушының кемшілігін емес, мүмкіндіктерін анықтайды;
- оқыту үдерісіне қатысы бар тұлғаларды оқытуды қалай өзгертуге болатыны туралы ақпараттандырады;
- тиімді кері байланыс арқылы мұғалімдер мен оқушылар арасында ынтымақтастық орнатады;
- оқытудың маңыздылығын айқындайды;
- оқу үдерісін ықпалдандыру туралы және жетістіктері туралы мәлімет береді.

Оқу жетістігін бағалау - бұл білім алушының кері байланыс арқылы білім беру үдерісін реттейтін және түзететін оқу мақсаттарына сәйкес жоспарланған нақты қол жеткізген нәтижесінің дәрежесін белгілейтін үдеріс.

Критериалды бағалау – оқушылардың оқу жетістіктерін білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес, ұжым ішінде өңделген, оқушыға, ата-анаға және мұғалімге түсінікті нақты анықталған критерийлерге негізделген үдеріс.

Қалыптастырушы бағалау оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарына жетуге көмектеседі, қиындықтың алдын алуға мүмкіндік береді, оқу үдерісінде оқушылардың білімі мен дағдыларының қалыптасуы, білімді меңгеру деңгейін анықтайды. Қалыптастырушы бағалау кезінде оқушыларға үздіксіз кері байланыс беріледі. Баға, балл қою жүргізілмейді. Қалыптастырушы бағалау оқудағы іс-әрекеттің әр кезеңінде (тақырыпты түсіндіру, тапсырмаларды орындау, тапсырмаларды тексеру және т.б.) түрлі әдістер мен тәсілдер арқылы жүзеге асырылады (сауал қою, тәжірибелік жұмыстар, зертханалық жұмыстар, жобалар, тест тапсырмалары және т.б.).

Қалыптастырушы бағалау – оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз ететін және оқу үдерісін дер кезінде түзетуге мүмкіндік беретін бағалаудың түрі.

Қалыптастырушы бағалаудың қағидаттары:

- оқытудың бір бөлігі («оқыту үшін бағалау»);
- барлық оқу мақсаттары қамтылады (оқу мақсаттары барлық сыныптарда пәндер бойынша оқу жоспарларында нақтыланып белгіленген);
- бағалау белгіленбейді;
- оқу мақсаттарына жеткендігі бағалау критерийлеріне сәйкес жүзеге асады;
- әр оқушының ілгерілеуі туралы кері байланыс беріледі;
- қалыптастырушы бағалау нәтижелері оқыту сапасын, оқу бағдарламасын жақсарту үшін қолданылады.

Өткізіледі	Ақпараттандырады	Оқушының рөлі
мұғалім тоқсан барысында өткізеді	материалды оқу барысында тапсырманы қаншалықты дұрыс орындағаны жөнінде оқушылар ақпарат алады; оқушының ілгерілеуі жөнінде мұғалім ақпарат алып, оқыту үдерісіне өзгерістер енгізе алады.	оқытуға белсене қатысады; күтілетін нәтижені түсінеді; өзін-өзі бағалайды/бірін-бірі бағалайды.
Мұғалімнің рөлі		Өткізілу формасы
оқу жоспарына сәйкес бағалау критерийлерін анық жазады; бағалау критерийлеріне сәйкес тапсырмалар құрастырады; тапсырмаға дескриптор құрастырады; оқушыларға тиімді кері байланыс береді; оқыту мен бағалау үдерісіне түзету енгізеді;		<ul style="list-style-type: none"> • жеке • жұппен • топпен • ауысатын топтар құрамында

2-сурет. Қалыптастырушы бағалау мазмұны

Жұмысты ұйымдастырудың жеке, жұптық, топтық жұмыс түрлерінде қолданылады. Қалыптастырушы бағалаудың нәтижесі бойынша мұғалім оқу үдерісін дер кезінде түзетіп отырады, оқушылардың жиынтық бағалау жұмысын өз деңгейінде тапсырғанға дейінгі кемшіліктерінің, олқылықтарының алдын алады. Қалыптастырушы бағалау кезінде оқушылар пән бойынша жалпы білім берудің оқу бағдарламаларына сәйкес оқу мақсаттарына қол жеткізеді. Оқушы белгілі себептермен сабаққа қатыса алмаған жағдайда оқылмаған материалды мектепке келгеннен кейін екі апта ішінде оқу мақсаттарына жету арқылы меңгеруі қажет.




3-сурет. Қалыптастырушы бағалау құрылымы

Қалыптастырушы бағалаудың нәтижелері тоқсандық, жылдық баға қою кезінде есептелмейді. Сабақта оқушы қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырманы орындаған соң, мұғалім жұмысты бағалап, тапсырманың қай тұсы өте жақсы және қай тұсын қалайша жетілдіруге болатындығын айта отырып, кері байланыс береді. Оқушы дәл осындай кері байланысты жұптасып, топтасып жұмыс жасау барысында сыныптастарынан да алуы мүмкін. Сауатты берілген кері байланыс оқушының өз-өзін ретке келтіруіне ықпал етеді.

Қалыптастырушы бағалау

Тақырып	МЕНИҢ ОТБАСЫМ ЖӘНЕ ДОСТАРЫМ
Оқу мақсаты	Мәтіннің мазмұнын түсінеді, негізгі ақпаратты анықтайды. Тыңдаушыны қызықтыру үшін көркем-бейнелі сөздерді (сипаттау, т.б.) қолдану.
Бағалау критерийі	Мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді. Тыңдалған ақпараттың негізгі ойын түсінеді. Мәтіннің негізгі мазмұнын эмоционалды көркемдегіш сөздерді қолдана отырып айтады.
Тапсырма	<p><i>Мәтінді тыңдаңыз, тірек сөздерді теріп жазыңыз. Тақырыбын, негізгі ойын анықтаңыз. Жұпта эмоционалды көркемдегіш сөздерді қолдана отырып мәтінді мазмұндаңыз.</i></p> <p style="text-align: center;">Айсұлу мен Күнсұлу</p> <p>Ерте, ерте, ертеде бір байдың Айсұлу және Күнсұлу деген екі қызы болыпты. Екеуі де теңдесі жоқ сұлу екен. Бірінен бірі асқан сұлуымен деп бірмен-бірі үнемі ұрысып, жні-жні жанжалдасып калады екен. Бір күні Күнсұлу іс тігін отырған Айсұлуға тиісіп:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Сенен мен сұлуым!-дейді. Ал Айсұлу болса: <ul style="list-style-type: none"> - Жоқ, сен сұлу емессің, мен сұлуым!-деп талғасады. Ақыр соңында бұл талғас үлкен шатаққа айналады. Ыза қысып, әбден ашуланған Күнсұлу өзіне қарсы келіп отырған Айсұлудың бетін тырнап алады. Күнсұлудың тырнағының ізі Айсұлудың бетінде өшпестей болып қалады. Міне, содан бері Айсұлу жұрттан ұялып, тек түнде ғана далаға шығады екен. Ал бейбастығынан қатты ұятқа батқан Күнсұлу түн қараңғылығында бұғып жатады екен. Содан бері Айсұлу мен Күнсұлу бір-бірі көре алмайды екен.
Бағалау критерийі	Дескрипторлар
Мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді	тыңдалған мәтіннің тақырыбын анықтайды.
Тыңдалған ақпараттағы	тірек сөздерді теріп жазады мәтіннің негізгі ойын жеткізеді.

4-сурет. Гуманитарлық пәндер бойынша қалыптастырушы бағалау үлгісі

Оқу мақсаты	2.4.1.8 Екі амал арқылы шығарылатын есептерді түрлі тәсілдермен шешу және өзара кері есептер құрастыру
Бағалау критерийлері	Екі амалды есептерді шығару дағдыларын қолданады; Кері есептер құрастырады.
Тапсырма	<p>1. Есепті шығарыңыз.</p> <p><i>Екі түлкінің арасы 100 қадам. Егер әрқайсысы алға қарай 35 қадам жасайтын болса, тоқтаған уақытта екеуінің арасы қанша қадам болады?</i></p>  <p>2. Кері есептер құрастырыңыз.</p>
Бағалау критерийлері	Дескрипторлар
Екі амалды есептерді шығару дағдыларын қолданады;	
Кері есептер құрастырады.	

5-сурет. Математика пәні бойынша қалыптастырушы бағалау

Қалыптастырушы бағалаудағы **кері байланыс** туралы айтар болсақ, мұның да бағалаудағы маңызы зор. Тиімді кері байланыс оқушының үш сұрағына жауап береді:

- Оқудың қай кезеңіндемін?
- Нәтижеге қалай жете аламын?
- Кемшіліктерді болдырмау үшін қандай жұмыстар істеймін?

Кері байланысты жазуға арналған ұсыныстар:

1. Үнемі тиімді кері байланыс жасаңыз және оқушыларды өз жұмысын және басқалардың жұмысын бағалауға үйретіңіз.
2. Түсіндірмесіз айтылатын «Дұрыс емес!», «Өтірік!», «Кім жауап береді?» деген сөздерден аулақ болыңыз.
3. Ненің дұрыс емес екенін, оны түзету үшін не істеуге болатынын ұсыныңыз.
4. Қателігін емес, дұрыс орындалғанын айтыңыз.

5. Кемшіліктерді болдырмаудың жолдары немесе жауаптарын қалай жақсартуға болатыны жөнінде ұсыныстар беріңіз.

Оқушылардың қателіктері туралы төмендегідей пункттер бойынша ақпарат бере аласыз:

- орналасуы;
- қателерінің түрі;
- қателерді жөндеу үшін жасалатын әрекеттер.

Оқушының жауабына берілетін кері байланысыңызда мысқылдайтын, сынайтын тұрғыдағы «Орынсыз жауап!», «Бұлай ойлауға қандай қақың бар?» және т.б. жағымсыз сөздерді, сөз тіркестерін қолданудан сақтаныңыз. Мұндай сөз тіркестері оқушының намысына тиеді.

Демек, бұл жерде мұғалімнің және өз сыныптастарының берген кері байланысы оқушыны қалыптастыруға, оқу мақсаттарына жетуге үлкен көмегін тигізеді. Жаңартылған оқу бағдарламасы, бағалау мен оқыту арасындағы қиындықтарды жойып, үйлесімді нәтижеге жетуге алып келеді.

Қорытынды

XXI ғасырдың қарқынды ілгерілеу ырғағына қатар ілесу үшін, өзара тығыз оқушылардың өз бетінше оқу дағдыларын дамыту аса маңызды. Оқу бағдарламаларындағы оқудың мақсаттары оқушылардан шынайы қиындықтары мен күрделі мәселелерін анықтап зерттей білуді талап етеді. Ол үшін қазіргі таңдағы жеке тұлға өзіндік дәлел нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, көңілді, белсенді, сыни пікір-көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы ретінде қалыптасуын қамтиды.

Қай елдің де өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Білекке сенген заманда ешкімге есе бермедік, Білімге сенер заманда қапы қалып жүрмелік» деген Абылай хан бабамыздың ескертуіндей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру – бүгінгі күннің басты талабы. Бұл жолда үйренгенімізден үйренеріміз көп.

Жаңартылған білім – болашақтың кепілі. Ұлттың ұлы ағартушы Шоқан Уәлиханов: «Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін, ең алдымен, азаттық пен білім қажет» деген. Азат, тәуелсіз мемлекетпіз, енді жүйелі білім беру міндеті ғана тұр. Бұл міндетті абыроймен атқару үшін күні-түні іздену, әлемдегі озық әдіс-тәсілдерді барынша мектеп өміріне ендіру – ұстаздар үшін парыз.

Бұл бағалаудың да бізге көп көмегі тиері сөзсіз. Оқушылардың алдына нақты не беретінін, қай кезеңде қандай мақсатты жүзеге асыратыныңды, сол мақсаттардан қандай нәтиже күтетінін нақты айқындап, сенімді түрде сабақты ұтымды жүргізуге мүмкіндік мол. Еңбек жолымды заман талабына сай жаңаша бастауға бірден – бір жол деп ойлаймын. Болашақта барлық үйренгендерімді үнемі жетілдіріп, әрбір сабақтарымда қолданамын деп нық айтамын.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Егемен Қазақстан», 29 қаңтар 2011 жыл.
2. Оқу бағдарламасы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ – NIS-Program Астана, 2017
3. Педагогика кадрлардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидалары. Жалпы ереже. ҚР БҒМ №18 бұйрығы. Астана, 18.01.2017.
4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Жалпы орта білім. Негізгі ереже /Ресми басылым. Астана, 2012.

БОЛАШАҚ ТӘРБИЕШІЛЕРДІҢ ЛИДЕРЛІК САПАЛАРЫН ДАМУДА «ҚАБУСНАМА» ӨСИЕТ КІТАБЫНЫҢ МӘНІ

Ph.D. А.А. АЛИМБЕКОВА*

Т.С. ЖҰМАШЕВА**

Түйіндеме:

Мақалада авторлар қазіргі педагогикалық білім берудің негізгі мақсаттарына тоқтала отырып, болашақ тәрбиешілерді кәсіби даярлауда лидерлік сапаларын дамытудың өзектілігін баяндайды, лидер, лидерлік сапа, лидерлік стиль сияқты ұғымдарына қысқаша талдау берген. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің лидерлік сапаларын дамытудағы Қабуснама өсиет кітабының маңызы, оның бүгінгі күндегі педагогикалық кадр мамандарын даярлаудағы рөлі туралы жазған. Сонымен қатар авторлар Қабуснама өсиет кітабындағы әділдік, парасаттылық, ата-анаға құрметпен қарау, қайраттылық, жақсылық пен жамандық, махаббат пен зұлымдық, ізгілік пен имандылық, адамгершілік, іскерлік, жомарттық сияқты тақырыптарда жазылған өсиет сөздердің мәнін талдап, олардың түпнұсқасындағы үзіндісін оқырманның назарына ұсынған. Авторлардың пікірінше, өркениетті елге жетуге қажетті ғылым мен білім, әдебиет пен мәдениеттің дамуы жекелеген тұлғалардың кәсіби лидерлік сапалары арқылы жүзеге асады.

Тірек сөздер: лидер, лидерлік, лидерлік сапа, өсиет, кәсіби дайын, кәсібилік.

THE ESSENCE OF THE BOOK OF THE WILL KABUSNAMA IN THE DEVELOPMENT OF LEADERSHIP QUALITIES OF FUTURE EDUCATORS

Abstract:

In this article, the authors consider the main goals of modern pedagogical education, reveal the relevance of the development of leadership qualities in the training of future educators, and analyzed concepts such as leadership, leadership quality, leadership style. Kabusnama work, written in the genre of instruction, contains stories and sayings of the sages, which has a deep meaning in the development of leadership qualities of future teachers of preschool organizations. In addition, the authors analyzed the meaning of the word of instruction set out in the book on such topics as justice, reasonableness, respect for parents, mercy, good and evil, love and evil, humanism and morality, efficiency, generosity, set out in their original. According to the authors, the development of science and education, literature and culture, civilized country is carried out through the professional leadership qualities of individuals.

Keywords: leader, leadership, leadership quality, covenant, professionally trained, professionalism

КІРІСПЕ

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарлама-сында «*Экономиканың орнықты дамуы үшін сапалы білімнің қол жетімділігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру*» деп атап көрсетілген [1]. Сондай-ақ, онда «*Жоғары білім – республика экономикасының барлық салалары үшін құзіретті, толерантты, креативті мамандарды кәсіби даярлауы*» тиіс екендігі де айқындалған [2].

Еліміздегі білім беруді модернизациялау саясаты жоғары педагогикалық білім беру жүйесіне тұтасымен, екпінді ықпал етіп отыр. Өйткені, педагогикалық білім берудің қазіргі негізгі мақсаты – болашақ педагогтардың, атап айтқанда мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің білім алып, біліктілік пен дағдыға қол жеткізуі ғана емес, солардың негізінде дербес, өзінің кәсіби іс әрекетіне қажетті лидерлігін тәжірибеде ұтымды пайдалана білу өзектілігі арта түсуде. Себебі мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие беру деңгейін – үздіксіз білім беру жүйесінің бастапқы буынын іске асырушы-тәрбиеші.

Тәрбиеші балабақшада баланың оқу қызметін меңгеруге қажетті жеке қасиеттерін тәрбиелей отырып, өмірдің түрлі кезеңдері мен сәттеріне бейімделу қабілетінің дамуына ықпал етеді. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында. «Мемлекет пен ұлт өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болу керек» делінген.

Абай атындағы ҚазҰПУ, aaalimbekova@mail.ru

Абай атындағы ҚазҰПУ докторанты, d.s.tolkyn@mail.ru

Сонымен қатар, Елбасы тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағыты: рухани жаңғыру – ұлттық сана, бәсекелік қабілет, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, сананың ашықтығы деп атап өтті[3].

Осы аталған бағыттар соңғы жылдары жиі айтылып жүрген кәсіби лидерлік сапалар жиынтығын құрайды. Сондықтан болашақ тәрбиешілерді кәсіби даярлауда лидерлік сапаларын дамытудың өзектілігі жылдан жылға арта түсуде.

Лидерді - лидер тәрбиелейді ұстанымына байланысты мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері қазіргі қоғамда болып жатқан өзгерістерге байланысты әлеуметтік-саяси және экономикалық дағдарыс кезінде бәсекеге қабілетті, жауапкершілікті алуға дайын, өзгермелі жағдайға бейімделгіш, зияткерлік және шығармашылық тұрғыдан өз бетінше дамуға деген ұмтылысы бар, қоғамдағы өз орнын өзі белгілеуге қабілетті саналы тұлғаның қалыптастыруда ерекше орынға ие[4, 363б.]

Болашақ тәрбиешілер әлемдік стандартқа сай интеллектуалдық элита өкілдерінің үлгісінде басқарушылық, зияткерлік және коммуникативтік қабілеттері мен ұйымдастырушылық дағдылары жоғары дамыған кәсіби лидер тұлға болуға тиіс. Олай болса жоғары оқу орындарының негізгі міндеттерінің бірі кәсіби лидерлік сапалары дамыған тәрбиешілер дайындау.

Қоғамды ғылыми тұрғыдан түсіндірудің басты ерекшелігі, қоғамдық қатынастар мен байланыстар. Қоғамдық қатынастар негізінен екі түрге, яғни материалдық және идеологиялық қатынастар болып бөлінеді. Материалдық қатынастарға табиғат және оның қазына байлықтарын адам арқылы өңдеп, қоғам өміріне пайдалану жолдары жатады. Ал идеологиялық қатынастың негізгі мәселесі адамды адам арқылы тәрбиелеу, жетілдіру іс-әрекеттері болып табылады.

Лидерлік – болашақ тәрбиешілердің қоғамдық қатынастар мен байланыстардағы бәсекелестіктерде кәсіби біліктілігін, шеберліктерін дамытуға зор ықпал етеді.

Лидерлік – болашақ тәрбиешілердің кәсіби әлеуметтік бейімделіп, мамандықтары бойынша қызметтерін табысты атқару үшін де аса маңызды.

Лидерлік – жеке тәртіп, мінез-құлық, лидер мен топтың өзара қарым-қатынастарының әртүрлі механизмдерін қамтиды.

Лидерлік – жалпы мақсатқа талпынатын арнайы ұйымдастырылған топта байқалатын көпәспектілі әлеуметтік құбылыс.

Лидерлік – тұлғаралық қатынастар жүйесіндегі басымды және бағындырушы қатынастар.

Лидерлік – жеке тұлғаға және топқа әсер ету қабілеті; адамдармен жұмыс істеу және барлығы үшін пайдалы нәтижеге, оның тиімділігіне эмоциялық еліктіру, бағыттау, сендіру, рухтандыру, иландыру біліктілігі; іскерлік, жігерлілік және тиімді коммуникация.

Лидерлік – мақсаттылық, тұлғалық күш, құзыреттілік және психологиялық тұрақтылық.

Лидерлік – басқа адамдарды ғана емес, алдымен өзін-өзі басқару біліктілігі.

Лидерлік – жоғары дамыған субъектілік, дербестік, сыни ойлау, тұлғалық белсенділік, рефлексивтілік және инициативтілік[4, 57-58 б].

Сонымен лидерлік – тұлғаның әлеуметтік құбылысқа (ой-пікір, бағалау, қарым-қатынас, руханилық, адамгершілік) және топтың немесе оның жеке мүшелерінің мінез-құлқына ықпал етуі. Лидерлік тұлғаралық қарым-қатынастағы маңызды мәселе және бүгінге дейін «лидерліктің идеалды стилін» іздестіру әлі де жалғасуда.

Лидерлік – басқарудың әртүрлі көздерінің тиімді үйлесімділігіне негізделген және жалпы мақсатқа жетуде адамдарды оятуға бағытталған басқару әрекетінің өзіндік типі. Лидер – ұжым әрекетінің инициаторы, ұйымдастырушысы, айналадағылар бірегей деп мойындаған, артынан адам ерте алатын, олардың қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз етуге қабілетті мүшесі. Лидер топқа және оның мүшелеріне, оларды қандай да бір мақсатқа жетуге бағыттай отырып, ықпал етеді.

Қазіргі таңда мемлекеттік бағдарламалардың мақсаттары кәсіби лидерлік сапалары дамыған мамандар дайындауға бағытталып отыр. Лидерді дайындау отбысынан кейінгі күрделі әлеуметтендіру ортасы білім беру жүйесі, атап айтсақ бала бақша. Осы білім беру жүйесінде жас ұрпақтың лидерлік сапаларын дамыту тәрбиешілердің еншісінде екендігі де белгілі. Демек баланың лидерлік сапасын дамыту үшін, тәрбиешінің өзінің лидерлік сапалары жоғары дамыған болуы шарт. Яғни тәрбиеші кадрларын дайындайтын жоғары оқу орындарында білім беруді жетілдіру кезек күттірмейтін мәселе болып отыр.

Жоғары оқу орындары тәрбиешілердің кәсіби лидерлік сапаларын дамыту арқылы мемлекеттіміздің жоспарлап отырған жан-жақты даму стратегиясының тиімді жүзеге асуын қамтамасыз ету мүмкіндігіне ие болады. Болашақ тәрбиешілердің лидерлік сапаларын дамыту олардың қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуына, кәсіби шеберліктерінің артуына, өзінің кәсіби іс-әрекетіне

жауапкершілікпен, ізгілікпен, құрметпен қарауға, құндылық жүйесін меңгеруге, әлеуметтік ортаға үйесімді бейімделуге оң ықпал ететеді. Демек жоғары педагогикалық білім беру жүйесінің негізгі міндеттері мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының сұраныстарына сәйкес кәсіби лидерлік сапалары дамыған тәрбиешілермен қамтамасыз ету болып табылады. Осыған орай 5В010100 – «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» мамандықта оқитын студенттерді болашақ мамандықтарына бейімдеу, кәсіби құзыреттіліктерін, біліктіліктерін дамыту жоғары оқу орнының тұтас педагогикалық үдерісіне ерекше талаптар қойылады.

Білім беру екі жақты үдеріс болғандықтан болашақ тәрбиешілердің кәсіби лидерлік сапаларын дамыту үшін білім беруді жоғары оқу орны мен құзыретті органдарының қадағалауы жеткіліксіз. Себебі студенттердің лидерлік сапаларын дамыту тұтас педагогикалық үдеріске қатысатын тұлғалардың біріккен, жасампаз, шығармашыл, өз-ара сенім іс-әрекеттері негізінде жүзеге асады. Білім беру жүйесіндегі басты тұлға педагогтың лидерлігі білім алушыны табысқа жетелейді. Осыған орай оқытушы-профессор құрамының міндеттері: студенттерге іргелі білімді кеңінен меңгерулерін қамтамасыз ету; топта жағымды атмосфера орнату; құндылықтар жүйесін түсінуге ықпал ету; оқытудың жаңа технологияларын пайдалану; командамен жұмыс жасауға дайындау; бастамашыл, белсенді іс-әрекеттерін арттыру; талпыныстарына, оң нәтижелеріне педагогикалық қолдау көрсету арқылы бірлескен іс-әрекетке баулу. Болашақ тәрбиешілердің лидерлік сапаларды дамыту үрдісінде адамға құндылық ретіндегі қарым-қатынасты анықтайтын тұлғарлық өзара әрекеттестікте ізгілік, рухани адамгершілік ұстаным маңызды болып саналады. Лидерлік статустық сапалар болашақ тәрбиешілердің жеке тұлғалық және кәсіби құзыреттілік сипаттамаларын қамтамасыз етеді.

Кәсіби лидерлік сапалар – тәрбиешіге тән тұлғалық қасиет-белгілер жиынтығы, қойылған мақсатқа жетуде балаға тиімді ықпал ету үшін басқару қабілеті. Осыған орай лидер-педагогты қалыптастыруда оның жауапкершілік, белсенділік, мотивациялық, жігерлілік, құзыреттілік және т.б., лидерлік сапаларын дамытуға ықпал ететін адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру қажет. Осы орайда болашақ тәрбиешілердің лидерлік сапаларын дамытуды екі тұрғыдан түсіндіруге болады:

біріншіден, лидерлік сапалар кәсібиліктің жоғары деңгейі, тәрбиешінің кәсібилік ұстанымы ретінде, мұнда лидер – педагогикалық үдерістің дербес іс-әрекет субъектісі болып табылады. Ал оқытудың өзіндік технологиясы бар, оның кеңістігі - білімнің мазмұны мен формасы, стратегиясы және оқу ұжымындағы мінез-құлық стиліне, кәсіби іс-әрекеті мен тәжірибесіне, кәсіби мотивтеріне байланысты;

екіншіден, лидерлік сапаларды басқару позициясы ретінде, мұнда лидер білім беру саласындағы өкілет өкілі, оның іс-әрекет саласы білім беру жүйесі мен оның құрылымына, функциясы мен сапасына байланысты. Екі тұрғыда да тәрбиеші білім саласындағы жетекші ретінде лидер болуы тиіс. Сондықтан білім беру саласындағы лидерлік және лидерлік сапалар кәсіби іс-әрекет түрлеріне қарай көпфункционалды (тәрбиелік, оқытушылық, ғылыми-әдістемелік).

Лидерлік қоғам дамуының барлық сатысында ерекше орын алған мәселе ретінде бір жағынан, билік пен лидердің жауапкершілігі, оны мойындау және құрметтеу, екінші жағынан, қоғамдағы құндылықтар жүйесі мен мораль нормаларымен тікелей байланысты. Демек болашақ тәрбиешілердің лидерлік сапаларын дамытудың алғышарттарын айқындауда лидерлікті қабылдау, оны түсіну және лидер болуға ықпал ететін түрлі мәселелердің зерттелу өзектіліктері арта түспек. Лидерліктің мазмұны лидерлік мінез-құлық, рөлдік қарым-қатынас, қойылған мақсатқа жетуге әсер ету, өзара тиімді әрекеттесумен тығыз байланысты. Осы тұрғыдан алғанда лидерлік үдеріс және сапа ретінде қарастырылады.

Лидерлік үдеріс ретіндегі анықтамаларда мақсатқа жету үшін топтың мүшесіне, оның іс-әрекетін басқаруға және үйлестіруге формальды емес ықпал ету деп анықталады. Ал лидерлік сапа ретінде қасиеттер жүйесінің жиынтығын көрсетеді, ол топқа ықпал ететін адамның бойынан табылуы тиіс. Лидерлік сапа негізін құрайтын құнды іс-әрекет, оқыту, шабыттандыру, адамгершілік қасиеттерін дамытумен тығыз байланысты. Барлық адамгершілік қасиеттерді құрайтын жалпыадамзаттық құндылықтар лидерлік сапалардың өзегі болып табылады.

Демек, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің лидерлік сапаларын дамытуда Қабуснама өсиет кітабының мәні зор.

Қабуснама өсиет кітабі Қайқаус (Кей-Кавуст) Каспий теңізінің оңтүстік жағалауында XI ғасырдың 1021 жылдары дүниеге келген Шығыс ғұламасының құнды ой туындысы.

Лидерлік сапаларды дамыту мәселесіне келген кезде Қайқаустың ұлы Гиланшахқа арнап жазған «Қабуснама» (Кабус-Наме) атты атақты шығармасына тоқталмай кетуге болмайды.

Шығыс тіліндегі «наме» (қазақша: «өсиет, кітап, хат» деген ұғымды білдіреді), яғни Кабус-Наме әкенің балаға қалдырған өсиет кітабы [5,104].

«Қабуснама» (Кабус-Наме) өсиет кітабының XI ғасырдан өзектілігі арта түсіп, XXI ғасырға жетіп отырғаны еңбектің құндылығының кепілдігін білдіреді. Қайқаустың баласына қалдырған өсиеті ғасырдан ғасырларға жетіп, барша адамзатқа арналған өсиетке айналды. Бұның себебі «Қабуснама» бірнеше тілдерге аударылған. Осылайша көп елдерде халықтың, басшылардың, билердің, ойшылдардың, ағартушылардың сүйікті кітабына айналған.

«Қабуснамада» бала дүниеге келгеннен бастап бүкіл ересек өмірінде атқаратын іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарап, адалдықпен өмір сүру жолдары берілген.

Қырықтан астам баптан тұратын өсиет кітабында әділдік, парасаттылық, ата-анаға құрметпен қарау, қайраттылық, жақсылық пен жамандық, махаббат пен зұлымдық, ізгілік пен имандылық, адамгершілік, іскерлік, жомарттық т.б. мәселелері қамтылған.

Болашақ тәрбиешілерді кәсіби дайындауға байланысты лидерлікке тәрбиелейтін өсиеттеріне тоқталсақ. Мысалы:

- Перзентім менің дүниедегі жиып-терген ең қымбат асыл затым саған арнап жазған осы өсиет кітабым - деп бастайды.

- Білімсіздер қатарына қосылып кетіп, бірдемені бұлдіріп алып жүрме, патшаның патшалығы әділдігінде, байлардың байлығы кедейлердің қадірін бағалай білуде, өйтпесе олар Алла тағаланың қаһарына ұшырайды;

- Жақсы атқарған ісіңе қуанып, жаман ісіңе қамығып, қайғыр. Бұл имандылықтың белгісі, абыройың артады;

- Адамның асыл қасиеті орынды сөз айта білу. Орынсыз айтылған сөз жақсы болса да жалаң көрінеді; Сөз төрт топқа бөлінеді. Біріншісі - білуге де, айтуға да қажеті жоқ сөздер. Екіншісі - білуге де, айтуға да қажетті сөздер. Үшіншісі - білуге қажеті жоқ, бірақ айтуға болатын сөздер. Төртіншісі - білу керек, бірақ айтуға қажетсіз сөздер;

- Алланың барлығын мойындауға сенімің берік болсын. Өйткені, көп адамдар оны мойындамау салдарынан көңілі қараңғыланып азғындайды. Ал көңілі пәк, таза адамдар адаспайды;

- Алла тағаланы танығың келсе, алдымен өзіңді - өзің таны Әрбір жан өзін-өзі тани білсе, Алла тағаланы да таниды;

- Сыпайы бол. Адамға сыпайылық жарасады. Айнаға қараған адамның сымбаты сұлу болса, көркіне сай мінез-құлқы да сұлу болуға тиіс.

- Перзентім, егер сен жомарт адамдар сияқты, халқыңа қызмет етуді ұнатсаң, әуелі жомарттықтың не екенін және оның қайдан келіп шығатынын білгін. Адамның ақылдық қасиетінде үш нәрсе бар. Бұл үш нәрсенің бірі – ақыл, екіншісі – әділдік, үшіншісі – жомарттық;

- Жомарттықтың негізінде үш нәрсе бар: бірінші – айтқан сөзінде тұру; екіншісі – әділдікке нұқсан келтірмеу; үшіншісі – қайырымдылықты есінде ұстау, ұмытпау.

- Жомарттық бірнеше өнері бар адамға лайық. Олардың бірі – қорықпайтын мәрт, сабырлы, шыдамды, уәдег берік, таза жүректі, дұрыс сөзді болу.

- «Өнер үйрететін дана табылмаса, наданнан үйрен», «...өнерсіз жан – өнегесіз, оның ешкімге де пайдасы тимейді»

- Егер жомарттық жолында жүрмек болсаң, әр уақытта үш нәрседен сақтанғайсың: көзді – жаман назардан, қолды – жаман істен, тілді – жаман сөзден. Үш нәрсені дос пен дұшпанға ашық ұстағын: үйдің есігін, дастархан басын, һәм қалтаңның бауын.

- Біліп қой, жомарттықтың кәмелдігі мынадан болады: ол өз мал-мүлкін өзінікі, басқаның мал-мүлкін басқаныкі деп біледі. Халықтың мал-мүлкінен дәме қылма. Өз қолыңмен қоймаған нәрсені алма. Халыққа жақсылық қыла алмасаң, жамандық қылма – деген өсиет сөздерінің құндылығы тек баласын билік етуде көптеген қателіктер жіберуден сақтап қалғаны ғана емес, қоғамның әр кезеңінде билікте болған адамдардың есінде жүретін қағидаға айналғандығы [6, 50-70].

«Қабуснама» өсиет кітабын оқу барысында бүгінгі күнде де өркениетті елге жету үшін қажетті ғылым мен білім, әдебиет пен мәдениеттің дамуы жекелеген тұлғалардың кәсіби лидерлік сапалары арқылы жүзеге асатыны туралы түсінік аламыз.

«Қабуснама» өсиет кітабын мазмұнын талдау барысында болашақ тәрбиешілердің лидерлік сапаларын дамытуға психологиялық дайындығының екі өлшемін анықтауға болады.

Бірінші: Ішкі психологиялық дайындық өлшемдері – мотивациялық құраушылардан (лидер қызметін орындау талабын қабылдауға ішкі дайындығы, лидердің іс-әрекеттеріне қызығушылық, іс-әрекетке талпыныс), танымдық құраушылардан (қойылған міндеттерді түсіну, ұйымдастырушылық іс-әрекет алгоритмдерін білу, алуан түрлі жағдаяттарда нәтижелі қарым-қатынас ережесін білу) тұрады.

Екінші: Сыртқы практикалық әрекетті жүзеге асыру өлшемдері – іс-әрекеттік құраушылардан (топтың лидерді пайдалану біліктілігі, іс-әрекеттің нәтижелілігі); тұлғалық-ұстанымдық құраушылардан (топтың лидерді қабылдауы, лидердің топты қабылдауы) тұрады. Осы сипатталған ішкі және сыртқы өлшемдер мен оның құраушыларының барлығы да маңызды болып табылады. Себебі, бұл өлшемдер лидерлік сапаларды дамыту үдерісінің нәтижесін нақты объективті көруге мүмкіндік береді.

«Қабуснама» өсиет кітабында айтылған пікірлерден болашақ тәрбиешілердің лидерлік сапаларын дамыту мораль, борыш, парыз, шынайылық, парасаттылық, еңбек сүйгіш, сабырлылық, ақыл-парасат, т.б. жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде дайындау керек екендігі айқындала түсті. Сонымен құндылықтар болашақ тәрбиешілердің кәсіби білімінің өзектілігі, мәдениетінің жүйелі бөлшегі, адамгершілікке деген қажеттіліктің айқындалуы. Жалпы білім беру жүйесін құндылықтарға және оларға қол жеткізу жолының басты субъектісі ретінде қарастырылатындығын ескеру жөн. Соның ішінде жоғары оқу орындарында құндылықты қарым-қатынастарға мүмкіндіктерді жасау, аксиологиялық позициялардың мәнін түсіну, құндылықтарға бағытталған іс-әрекет, студенттің құндылықты жүйесін дамытудың факторлары болып табылатыны анық.

Демек, қазіргі қоғамда жалпыадамзаттық рухани мұрадағы қоғам игілігіне қызмет ететін лайықты да, пайдалы лидерді дайындау жоғары оқу орнының жүйелі ұйымдастырылған тұтас педагогикалық үдерісінде жалпы адамзаттық құндылықтардың, болашақ тәрбиешілердің бойында қалыптасуына байланысты болмақ.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, «Қабуснама» өсиет кітабында жазылған адамның іс-әрекеті мен мінез құлқына тән құндылықтар жүйесі жоғары оқу орнында болашақ тәрбиешілердің кәсіби лидерлік сапаларын дамытуда маңызы зор. «Қабуснама» өсиеттері болашақ тәрбиешілердің кәсіби білім, білік, дағдыны жоғары деңгейде меңгерулеріне, олардың педагогикалық әлеуетін практикалық іс-әрекетте табысты жүзеге асыруын теориялық-әдістемелік жағынан тиімді шешуге мүмкіндік береді деп тұжырымдаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. ҚР Президентінің 01.03.2016. № 205 Жарлығымен.
2. «Қазақстан - 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. //Ақиқат. №1, 2013. - 5 - 27 б.
3. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. Ақорда. 12 сәуір 2017.
4. Алимбекова А.А. Кәсіби лидерлік негіздері. - Алматы 2018.
5. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, IV том.
6. Кайкаус. Қабуснама / Өзб.ауд. Т.Айнабеков. – А.: балауса, 1992. – 160 б.

ФУТБОЛШЫНЫҢ ДЕНЕ ДАЙЫНДЫҒЫНА СӘЙКЕС ТЕХНИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІНІҢ ДАЙЫНДЫҒЫН АНЫҚТАУ

аға оқытушы **И.Б. БИСАРИЕВ**
аға оқытушы **Ғ.А. ЖҮРСІНБЕКОВА**
п.ғ.м., оқытушы **М.Ж. БУРКИТБАЕВА**

Түйіндеме:

Қазіргі таңда Қазақстандағы футболдың танымалдылығы мен дамуы футболдан спорт шеберлерін дайындауға тікелей байланысты, ойында нәтижені арттыру маңызды, техникалық тәсілдерді орындау барысында ойыншылардың алаңда жылдам қозғалуын қадағалау, қандайда бір техникалық шешімдердің дұрыстығын бақылау. Осының барлығы футболдан ең мықты спорт шеберлерін дайындап шығаруға тікелей әсер етеді.

Түйін сөздер: дене дайындығы, арнайы дене дайындығы, жалпы дене дайындығы, физикалық жұмысқа қабілеттілік, футбол.

IDENTIFYING THE METHODS OF TECHNICAL TRAINING OF FOOTBALL PLAYERS DEPENDING ON THEIR LEVEL OF PHYSICAL TRAINING

Abstract:

The popularity of Kazakhstan football at the present stage of its development to a decisive extent depends on the further growth of its entertainment by improving the sports skills of players, improving performance in games, increasing the speed of movement of players on the field during the performance of technical and tactical actions, the originality of certain technical solutions. All this leads to further improvement of the most important components of the sports skills of the players.

Keywords: *physical preparation, special physical preparation, general physical preparation, physical working capacity, football.*

Футбол ойыны бірыңғай қимыл - қозғалыстармен, соның ішінде жылдамдық қабілеті кіретін бірегей спорт түрлерінің қатарына жатады.

Жасөспірім футболшыларды даярлау жүйесіндегі оқу-жаттықтыру процесін ұйымдастыруды спортшылардың қимыл-қозғалыс қабілеттерінің құрылымының ерекшеліктерін, психикалық және морфофункционалдық хал-күйін, индивидтің техникалық-тактикалық шеберлігінің деңгейін ескеру негізінде жетілдіру болып табылады.

Техникалық шеберлікті қалыптастыру – футболшыларды жан-жақты даярлау міндеттерінің бірі. Көпжылдық жаттығудың барлық кезеңдерінде футбол техникасына үйретудің және оны жетілдірудің үздіксіз процесі өрбіп отырады.

Футбол техникасы мақсатқа қол жеткізу үшін ойында алуан түрлі үйлесімде қолданылатын арнайы тәсіл, амалдардың жиынтығы болып табылады.

Футболдың тактикасы – бұл қарсыласпен күрестің әдістерінің жиынтығы және қарсыласты жеңуге бағытталған дербес және ұжымдық іс-әрекеттерді, яғни футболшылардың өзара әрекеттесуін ұйымдастыру.

Тактикадағы ең бастысы – мақсатқа қол жеткізілуін қамтамасыз ете алатын, шабуылдаушы және қорғанушы іс-әрекеттердің оптималды амалдарын, тәсілдерін анықтау. Футбол мұндағы табысты ойыншылардың үлкен тобының келісілген іс-әрекеттерімен қамтамасыз етілетін спорттық ойындарға жатады. Осыған байланысты футболдың қазіргі теориясында командалық, топтық және дербес техникалық-тактикалық іс-әрекеттерді бөліп көрсетеді.

Жаттықтыру процесінің тиімділігін арттыру үшін және шеберлікті үздіксіз, үнемі арттыру мақсатында футболшылардың техникалық даярлығының және дене қасиеттерінің даярлығының өзара байланыстылығын ескерген өте маңызды.

Жаттығу процесінің дұрыс ұйымдастырылуы жаттығу және жарысу жағдайларында техникалық тәсілдерді көп мәрте орындаған кезде негізгі күш түсетін организмнің функциялық жүйелерінің жоғары даму деңгейіне және сенімділігіне ықпал етуге тиіс.

Жұмыстың мақсаты – дене дайындығына сәйкес түрлі техникалық қимылдардың, жоспарлардың әдіс-тәсілдерін үйрену

Алға қойған мақсатқа жету үшін төмендегі тапсырмалар орындалуы тиіс.

Зерттеу тапсырмалары:

1. Футболшылардың техникалық дайындығының ерекшелігін зерттеу.

2. Әртүрлі дәрежедегі ойыншылардың техникалық тәсілдерді орындауда нәтижеге қол жеткізуін анықтау.

Зерттеу нысаны – 18 бен 21 жас аралығындағы футболшылардың оқу-жаттығу процесі

Зерттеу пәні – футболшылардың дене дайындығына сәйкес техникалық тәсілдердің орындалу нәтижесіне баға беру.

Жұмыстың тәжірибелік маңызы жас тәжірибелі футболшылардың дене дайындығына арналған жаттығу сабақтары мен допты игеру техникасын дамытуға арналған түрлі бағыттағы жаттығуларды ұйымдастыратын арнайы бағдарлама құрастырған жаттықтырушылардың тіркеу ұсынысының мүмкіндігімен анықталады.

Жұмыстың теориялық маңызы футболшылардың физикалық жаттығуларын жүйеге келтіру мен нәтижесінің ғылыми және методикалық тәсілдеріне, оқу-жаттығу барысында дене тәрбиесінің нәтижелігі мен тәсілдеріне, футболмен айналысатын спортшылардың дене дайындығына әсер ететін факторларды бағалау мен ғылыми-методикалық тұрғыдан дәлелдеуге тікелей байланысты.

Зерттеу тәсілдері

Берілген тапсырмаларды шешу үшін төмендегі зерттеу тәсілдері қолданылды:

1. Ғылыми-методикалық әдебиеттің талдауы.
2. Педагогикалық тәжірибе.
3. Педагогикалық тестілеу.
4. Математикалық статистика тәсілдері.

– Футболшыларды дайындауға жоспарланған тексеріс бойынша тәжірибені ұйымдастыру мен өткізудің тиімді тәсілдері.

Әртүрлі мамандықтарды зерттеу нәтижесі мен практикалық тәжірибе көрсеткендей, бір жағынан, жоғары дәрежелі футболшылар төмен дәрежелі футболшыларды жылдамдық сапасы мен күш мүмкіндігі арқылы озғысы келеді, ал екінші жағынан, футболшылардың жылдамдық сапасы мен күш мүмкіндігін пайдалану дәрежесі – бар күш-жігерді пайдалану дәрежесіне тең болып саналады.

Бұл мәселелер ғылыми дәрежеде, әсіресе футболшылардың дене қабілеттерін тәрбиелеуде педагогикалық тәсілдерді пайдалануды зерттеу жұмысы барысында айқындалуы тиіс. Олай болатын себебі футболшылардың дене қабілеттері мен спорттық шеберлігінің қарқынды өсуі дәл осы сатыда, яғни олардың жасөспірім кезеңінде байқалады. Дене қасиеттерін тәрбиелеудің маңыздылығы - футболшылардың жаттығу тәсілдерін дұрыс өңдеп, қабылдай алу қабілеттілігінде, яғни мағлұматтарды өңдеу арқылы олар өз дене қабілеттері мен спорттық шеберліктерін шыңдай алады.

Жылдамдық күш қабілеттерін педагогикалық тұрғыдан қарай отырып, олардың дене қабілеттері мен спорт шеберліктерінің артуына септігін тигізбек.

Бұл мәселелер ғылыми дәрежеде, әсіресе футболшылардың дене қабілеттерін тәрбиелеуде педагогикалық тәсілдерді пайдалануды зерттеу жұмысы барысында айқындалуы тиіс. Олай болатын себебі футболшылардың дене қабілеттері мен спорттық шеберлігінің қарқынды өсуі дәл осы сатыда, яғни олардың жасөспірім кезеңінде байқалады. Дене қасиеттерін тәрбиелеудің маңыздылығы - футболшылардың жаттығу тәсілдерін дұрыс өңдеп, қабылдай алу қабілеттілігінде, яғни мағлұматтарды өңдеу арқылы олар өз дене қабілеттері мен спорттық шеберліктерін шыңдай алады.

Спортта жоғары көрсеткіштерге қол жеткізу тек қана спортшыны дайындықтың түрлі сатыларында дайындаудың нақты жоспарлануы жағдайында өткізу қажет. Спорттық шынығуды тиімді құрудың негізгі талаптарының жалпы теориялық негіздері бірқатар ғалым-мамандардың еңбектерінде келтірілген.

Ғылыми-әдістемелік әдебиетте негізінен алғанда ойын жағдайындағы іс-әрекеттердің мүмкін болатын тәсілдерінің әртүрлі комбинацияларын үйренумен сипатталатын, тактикалық даярлау тәсілдері мен әдістері көрсетілген. Яғни, шұғылданушыларға тактикалық, психологиялық даярлық шеңберінде іс жүзінде дайын тұрған шешімдер алгоритмін үйрену, оқу ұсынылады, оларға бұларды есте сақтап, ойын барысында осындай жағдайды танып білу және комбинацияны жаңғырту ғана қалады.

Ғылыми зерттеу жұмысы жылдамдық-күш қабілеттерін педагогикалық тұрғыдан қарай отырып, олардың дене қабілеттері мен спорт шеберліктерінің артуына септігін тигізбек.

Футболшылардың жылдамдық қабілеті басқа спортшыларға қарағанда едәуір жоғары екені мәлім. Футболдағы теке - тірес жағдайларында, едәуір уақытты жоғарғы жылдамдықта өткізіп, барлық жағдайда допты меңгере білулері, сонымен қатар өте қиын тактикалық амалдарды шешуі тиіс.

Футбол ойыны бірыңғай қимыл - қозғалыстармен, соның ішінде жылдамдық қабілеті кіретін бірегей спорт түрлерінің қатарына жатады.

Барлық ғылыми - әдістемелік туындылар, жылдамдық қабілетін балалық және жасөспірім кезеңінде тәрбиелеуге негізделген Футболшылардың жылдамдық қабілеті басқа спортшыларға қарағанда едәуір жоғары екені мәлім. Футболдағы теке - тірес жағдайларында, едәуір уақытты жоғарғы жылдамдықта өткізіп, барлық жағдайда допты меңгере білулері, сонымен қатар өте қиын тактикалық амалдарды шешуі тиіс.

Футбол ойыны бірыңғай қимыл - қозғалыстармен, соның ішінде жылдамдық қабілеті кіретін бірегей спорт түрлерінің қатарына жатады.

Барлық ғылыми - әдістемелік туындылар, жылдамдық қабілетін балалық және жасөспірім кезеңінде тәрбиелеуге негізделген. Бұл ғылыми зерттеудің басты мақсаты тәжірибелі футболшылардың әдістемелік жаттығу жұмыстарының физикалық және техникалық дайындығын құрастыру, жұмыстың негізгі талаптарының бірі – экспериментті және контрольді топтардағы футболшылардың физикалық және техникалық дайындығының деңгейін көрсететін көрсеткіштегі тәжірибені өткізгеннен кейінгі өзгерістерді саралау.

Жаттығулардың басты мақсаты футболшылардың жалпы шыдамдылығы мен оқу-жаттығу жиын-дарындағы күніне екі рет болатын сабақтарға сай жаттығуларды дамытып, техникалық-тактикалық шеберліктерді арттыру.

Командадағы 24 футболшының 14-і 18 бен 21 аралығындағы ойыншылар, сабақтағы ойын амплуасы (3 қорғаушы, 4 жартылай қорғаушы, 4 шабуылдаушы, 2 қақпашы) бойынша, кростық жүгіруге арналған жалпы шыдамдылықты дамыту міндеті (6 сабақ бойы) берілді, содан соң кростық жүгірудің орнына аяқ бұлшық еттерін барынша дамытуға арналған жаттығулар жүргізілді (6 сабақ).

Командалық оқу-жаттығу жиынын өткізу барысындағы негізгі микроциклдік дайындау кезеңінде 14 аяқдопшы тәжірибелік топты, ал қалған 14 аяқдопшы бақылау тобын құрады.

Осылайша, тәжірибелік топтағы аяқдопшылар негізгі микроциклдің әзірлік кезеңінде алты жаттығу, аяқты барынша күшейтуге арналған алты жаттығу (күнара кешкі жаттығу кезінде аптасына үш сабақ) өткізді.

Аяқ допшылардың допты игеруін жетілдіру үшін допты жылдам қозғалтуға арналған жаттығулар мен түрлі әдіс-тәсілдер қолданылды. Бұл бірнеше себептерге байланысты,

Біріншіден, допты ұршықша иіргенде ойыншылар допқа мейлінше жиі жанаса алады және әр допты тепкен сайын соққы күшін дәлме-дәл есептей алу керек, яғни допты өзіңнен дұрыс бағытта тебу үшін жүгіру жылдамдығын сәйкестендіру керек. Осы екі фактор (допқа жиі жанасу және допты сезіне білу қажеттілігі) ойыншылардың жылдам қозғалыс кезінде де допты игере алуына септігін тигізеді.

Қ.И.Адамбеков анықтағандай, секіргіштікке әсер ететін жылдамдық -күш қабілетімен адамның бірқатар мүмкіншіліктеріне абсолюттік бұлшық ет күші, динамикалық «жарылыс» күшін көрсете алуы және жүйке бұлшық ет аппараттының реактивтік көрсеткіштері жатады.

Секіру кезіндегі спортшының «жарылыс» күшін көрсету мүмкіндігі мен

секіру көрсеткіштерінің қатынасы анықталды. Абсолюттік бұлшық ет күші мен максималды динамикалық талпыныс арасындағы байланыстың жетістік көрсеткіштері бірқалыпты еместігін көрсетеді.

Екіншіден, футболшылардың допты игеру техникасының аэробты және анаэробты бағыттағы жұмыс уақыты жүрек қан тамырлары мен тыныс алу жүйесінің қызметінің қалыпты болуын, жалпы шыдамдылықты дамыту тапсырмасын шешеді.

Осы техникалық амалдар мен олардың түрлі нұсқалары үшін өз құрамында бір уақытта әдіс-тәсілдік, дене және психологиялық бағыттағы әдістемелік нұсқаулар жасалынды. Содан барып осы амалдар арқылы шартты түрде арнайы жинақталған кешендер деп аталатын (АЖК) тапсырмалар кешені құрастырылды.

Спортта жоғары жетістіктерге қол жеткізу тек қана спортшыны шынықтыру іс-шараларын дайындықтың әр кездерінде жүргізу амалдарының жоспарын құру арқылы мүмкін. Спорттық шынығуды тиімді құрастыруға қойылатын талаптардың жалпы теориялық негіздері бірқатар ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Қазіргі футбол жарыстары жағдайларында күрделі спорттық іс-әрекетке денеге және психикаға үлкен күш түсулер тән. Сондықтан шиеленісті өткен ойындарды талдаудың туындаған жағдайды дұрыс әрі жылдам бағалаумен, оптималды шешімдерді дер кезінде қабылдаумен және өрбіп отырған оқиғаларды көре білумен, жасалып отырған іс-әрекеттерді бақылаумен анықталатын психологиялық фактордың арта түскен ролін көрсетіп отырғандығы таң қалдырмаса керек (Ю.А.Калининский, 1968).

Тәжірибелік және бақылау топтарында қолданылған дайындық кезеңіндегі негізгі микроциклдік жаттығу процесінің құрылымына әдістемелік нұсқалардың әсер ету деңгейін қарастыру, әртүрлі жағдайдағы әртүрлі топтардың жақын қашықтықта допты жылдам игеруіне қатысты төмендегіні атап көрсетуге болады.

Тәжірибелік топта футболшылардың физикалық және техникалық дайындық әдістемесі жоспар бойынша оң нәтиже көрсетті. Жақын қашықтықта допты жылдам игеру және қозғалысты бірдүркін немесе екідүркін (әсер ету күші 13,1% және 30 метрге дейінгі 9,5% допты жылдам қозғалту, бірқалыпты қозғалысты дәліздің ұзындығымен 1 м және бірқалыпты емес қозғалысты 20 метр, 5 «қақпа» ұзындығы 0,5 метр) өзгерту.

Аяқ футболшыларының бақылау тобында да тәжірибелік топпен бірдей уақыт және сонша ойыншы болды, олар техникалық тәжірибені дамыту үшін жұмыс істеді, нәтиже бойынша допты игеру жылдамдығы 20 метрге дейін жақсарған, бірқалыпты емес қозғалыспен 5 «қақпа» ұзындығы 0,5 метр (жаттығу әдісінің әсер ету күші 10,3%).

Бақылау тобына пайдаланған дайындық кезеңіндегі негізгі микроциклдегі жаттығу тәсілдері мынамен ерекшеленеді: ойыншылар физикалық дайындық негізінде кростық жүгіруді таидай отырып, жалпы шыдамдылықты дамытты, допты 30 м дейін жылдап қозғалту мен игеруге статистикалық әсер болған жоқ, бірқалыпты өзгеріс бағыты «дәліз» бойынша қашықтық ұзындығы 1 м.

Бақылау тобы футболшыларының тәжірибелік жаттығу кезінде 30 м жылдамдықпен келуі ойын кезінде командаға үлкен үлесін тигізеді. Яғни допты жылдам игеруге де септігі тиеді. Сондай-ақ, бақылау тобының тәжірибелік экспериментті жаттығу кезінде аяқ күшін дамытуға арналған жаттығулары қандай да бір теріс әсер берген жоқ. Керісінше екі топта да оң нәтиже болды яғни допты игеру жылдамдығы 20 метрге дейін жақсарған, бірқалыпты емес қозғалыспен 5 «қақпа» ұзындығы 0,5 метр. Бұл дегеніміз, екі топтың да көрсеткіші мен нәтижесі бір-біріне жақын екенін яғни алға ілгерілеу мен даму бар екенін көрсетеді.

ҚазМемҚызПУ студенттері арасында өткізген тәжірибелік командалық тексеріс нәтижесі осындай.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жұмыстың тәжірибелік маңызы жас тәжірибелі футболшылардың дене дайындығына арналған жаттығу сабақтары мен допты игеру техникасын дамытуға арналған түрлі бағыттағы жаттығуларды ұйымдастыратын арнайы бағдарлама құрастырған жаттықтырушылардың тіркеу ұсынысының мүмкіндігімен анықталады.

Жұмыстың теориялық маңызы футболшылардың физикалық жаттығуларын жүйеге келтіру мен нәтижесінің ғылыми және методикалық тәсілдеріне, оқу-жаттығу барысында дене тәрбиесінің нәтижелігі мен тәсілдеріне, футболмен айналысатын спортшылардың дене дайындығына әсер ететін факторларды бағалау мен ғылыми-методикалық тұрғыдан дәлелдеуге тікелей байланысты.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Адамбеков К.И. Теория и методика футбола: Учебник. Алматы: «Внер», 2007. - 268 с.
2. Акпаев Т.А. Оптимальные соотношения тренировочных и соревновательных нагрузок в процессе подготовки футболистов высокой квалификации. - Алматы, Методические рекомендации, АГУ им.Абая. 2003.- 48с.
3. Довалли И. Основы воспитания выносливости /Футбол: Ежегодник. - М., 1983.-С. 19. Иманалиев Т.Т. Сопряженная физическая и технико-тактическая подготовка футболистов на этапе спортивного совершенствования: Автореф. дисс. ... канд. пед. наук. - М., ЦНИИ Спорта, 1993. - 24 с.
4. Люкшинов Н.М. Искусство подготовки высококлассных футболистов. Науч.мет.пособие. - М.: Советский спорт 2006. -432с.
5. Зациорский В.М. Связь между физическими качествами и техникой спортсмена: Методическое письмо. - М., 1961. - 38 с.
6. Фомичев В.А. Исследование влияния игровых упражнений различной напряженности, их объема и интенсивности на развитие качества быстроты у футболистов высших разрядов// Теория и практика казахстанского футбола.- 2001.-№1.-С.5-8.
7. Чирва Б.Г. Футбол. Теоретические основы совершенствования точности действий с мячом. - М.: Спорт Академ Пресс,2001.-100с.

ИННОВАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӨЛШЕМДЕР

Doctor PhD БАБАГАНДИ ӘКЕЛІ ЦЭРЭНДАВАА*

Doctor PhD САБИХАН ӘКЕЛІ ГАУРА**

п.ғ.д., проф. Т.Ш. ТАУБАЕВА***

п.ғ.к., қауымд. проф. С.С. ҚОҢЫРБАЕВА****

Түйіндеме:

Білім беру саласында инновациялық бағыттағы педагогикалық өлшемдерді қарастырамыз. Педагогикалық өлшемдерге қатысты инновациялар тек педагогикалық технологиялардан ғана құралмайды. Сонымен бірге ол білім беруді бақылау мен бағалаудан бастау ала отырып, білім сапасын басқаруға қатысты түрлі жаңашыл әдіс-тәсілдермен сипатталатынын айтамыз. Жоғары оқу орындарындағы инновацияларды басқару мақсаттарына қол жеткізуге және міндеттерін шешуге бағытталған маңызды құралдарға басқару қызметтерін қарастырамыз. Мұнда басқарушылық іс-әрекеттің мазмұнын, басқарушы жүйенің ұйымдық құрылымын, басқарушы субъектілер қолданатын басқару технологиялары және олардың қарамағындағы ресурстар, а сипаттама берумен қатар инновациялық бағыттағы педагогикалық өлшемдерді қарастырамыз.

Тірек сөздер: инновация, жаңашылдық, өлшемдер, бақылау мен бағалау, басқару.

ABOUT RESEARCH OF ROOT MORPHEMES IN TURKOLOGY

Abstract:

In the field of education, we will consider pedagogical criteria for innovation. Innovations regarding pedagogical criteria are not just pedagogical technologies. At the same time, we say that it is characterized by various innovative approaches to quality management of knowledge, starting from the control and evaluation of education. Here we will look at the content of managerial activities, the organizational structure of the management system, management technologies used by managing subjects and their dependent resources, as well as the innovative dimensional pedagogical criteria.

Key words: *innovation, innovation, measurement, monitoring and evaluation, management.*

КІРІСПЕ

Білім беру саласындағы жаңашылдықты инновациялық өзгерістердің қарқындылығына қарай немесе жаңашылдық деңгейіне қарай былайша ажыратуға болады:

1) Нөлдік деңгейдегі инновация-жүйенің алғашқы қасиеттерін практика жүзінде түрлендіру (дәстүрлі білім беру жүйесі немесе оның элементтерін жаңадан қарастыру).

2) Бірінші деңгейдегі инновация – сапалы өзгеріссіз қалатын жүйенің сандық өзгерісімен сипатталады.

3) Екінші деңгейдегі инновация – жүйенің элементтерін қайта топтастырып, ұйымдастырушылық өзгерістермен ерекшеленеді (мысалы, белгілі педагогикалық құралдардың жаңа комбинациясы, оның реттілігінің өзгерісі, пайдалану ережелерінің түрленуі).

4) Үшінші деңгейдегі инновация – ескі білім беру моделінің шегінен шықпай білім беру жүйесінің жаңа жағдайға бейімдеу.

5) Төртінші деңгейдегі инновация шешімінің жаңа нұсқасы болады (бұл көбінесе білім беру жүйесінің жеке компоненттерінің қызметтік мүмкіндіктерін кеңейте түсіп қарапайым сапалық өзгерістері ретінде көрініс табады).

6) Бесінші деңгейдегі инновация – білім беру жүйесінің «жаңа буынын» құрумен ерекшеленеді (жүйенің алғашқы қасиеттерін түгел өзгерту).

7) Алтыншы деңгейдегі инновация – жүйелі түрленуші қызметтік принципі өзгеріске ұшырайтын білім беру жүйесінің жоғарғы, түбегейлі өзгеріске ұшырайтын білім беру жүйесінің «жаңа түрімен» ерекшеленеді.

8) Жетінші деңгейдегі инновация – нәтижесінде жүйенің жоғарғы, түбегейлі өзгерісімен сипатталады, яғни білім берудің жаңаша жүйесі қалыптасады.

* Моңғолия, Ховда мемлекеттік университеті

** Моңғолия, Ховда мемлекеттік университеті Баян Өлгейдегі филиал директоры, nurgulkhizmet@yahoo.com

*** Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, shtaubayeva@yandex.ru

**** Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, pedsheberlik@mail.ru

Жоғарыда көрсетілген инновациялардың үш деңгейі жүйелі жаңашылдығымен сипатталады. Инновациялық білім беру жүйесі ретінде қалыптастыруға болады. Инновацияның деңгейі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым инновациялық үдерісті басқаруға қоятын талап та жоғары болады [1].

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі инновациялар бастауы 1999 жылы Республикамыздың Болон үдерісіне енуімен сипатталады. Білім беру саласындағы инновациялар ендірудің қиындылықтарының бірнеше деңгейлерін атап өткен жөн:

1. Стратегиялық деңгей. Бұл деңгейде инновациялыққа талпыныстың жоқ болу себебі білім беруді басқаруды әкімшілік-командалық ерекшеліктерімен сипатталады (орталықтандырудың бөлінбеуі, «жоғарыдан» реформалау және т.б.), яғни жергілікті органдардан жаңашылдыққа оң көзқарас танытпауы, білім беру жүйесіндегі өзін-өзі дамыту базасының қалыптасуы жатады;

2. Білім беру жүйесінің деңгейі. Бұл деңгейдегі білім беру жүйесіндегі жаңалықты қабылдамаудың себептері: білім берудің басқа құрылымдағы ведомстволық монополизм орын алуы, аймақта инновациялық циклдің негізі элементтерін қамтамасыз етудің дамымауы (ақпараттық инфрақұрылым), барлық деңгейдегі білім беру құрылымының унификациясы, ішкі әлеуметтік мәдени саладағы білім беру жүйесінің «жабықтығы» білім берудің теориясы мен практикасы арасындағы «аралық» мекеменің жоқтығы, жоғарғы білікті кадрлардың инновацияны қабылдамауы, әсіресе білім беру жүйесіндегі басқару-ұйымдастырушылық салада;

3. Білім беру мекемелерінің деңгейі. Бұл деңгейдегі инновациялық үрдістерді қабылдамаудың себептеріне мекеме басшыларының, педагогикалық ұжымның жаңашылдыққа психологиялық дайындықтарының болмауы жатқызылады.

Педагогикалық инноватика бірнеше ғылымдардың тоғысуынан пайда болады: педагогика тарихы, теориясы, әдіснамасы, психология, әлеуметтану және басқару теориясы, сондай-ақ, білім беру экономикасы.

Білім беру технологиялары, педагогикалық инновациядағы жинақталған үлкен тәжірибе ұдайы жүйелеуді, қорытындылауды қажет етеді. Жаңалық ендіру жаңарумен тығыз байланысты, бірақ жаңаның бәрі барлық жерде, кез келген уақытта оң нәтижелер бере бермейді. Оның себебі төмендегідей:

Біріншіден, жаңа әрқашан да көкейкесті мәселені шешудің құралы бола алмайды. Шын айтуына келгенде, көптеген мұғалімдер проблема зерттеудің орнына, оны сынға алады.

Екіншіден, әрбір жаңа құрал түбегейлі нақты жағдайда дүниеге келеді және нақты педагогикалық мәселені шешуге бағытталады: көптеген мекеме басшылары құрал таңдауда жағдайға талдау жасамастан, өздерінің жеке талғамдарына сүйеніп «ұнайды-ұнамайды» принципімен ғана таңдау жасайды.

Үшіншіден, ғалымдардың зерттеулері бойынша, жаңалық пайдаланушылар санының көбеюі, ереже бойынша, жаңалық тиімді өтетін жағдайларды кеңінен анықтай түседі. Сол себепті жаңа құралды өзгерген жағдайда қолдану оң нәтиже береді деген күннің өзінде де эксперименттік тексерісті қажет етеді.

Төртіншіден, әрбір жаңа педагогикалық құралдың 2 жағы болады: технологиялық – қолдану ерекшеліктерін сипаттайды, тұлғалық – мұғалімнің өзінің жеке-даралық ерекшеліктеріне сәйкес оны меңгеру тиімділігі.

Сол себепті, жаңаны қарастырғанда, жаңаны ұсынушылар мен оны пайдаланушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін де ескерген жөн.

Ғылыми әдебиеттерде «жаңашылдық» пен «жаңа құрал» және «инновация» мен «жаңалық ендіру» ұғымдары бір-біріне синонимдер болып табылады. Жаңашылдық – бұл құрал (жаңа әдіс, әдістеме, технология, бағыттама және т.б.), ал инновация – осы құралды меңгеру үрдісі. Ал инновациялық үдеріс жаңалықтан өмірге келуі, оны меңгеруі, пайдалану және тарату үдерісімен сипатталады.

Жалпы, педагогикалық өлшемдерге қатысты инновациялар тек педагогикалық технологиялардан ғана тұрмайтындығын білеміз. Ол білім беруді бақылау мен бағалаудан бастау ала отырып, білім сапасын басқаруға қатысты түрлі жаңашыл әдіс-тәсілдермен сипатталады[2].

Кәсіби қалыптастырудың немесе кәсіби мамандарды қайта қалыптастырудың теориялық негізін жетілдіру, олардың саласын кеңейту және педагогикалық зерттеулердің фундаменталдық және қолданбалы ғылыми жаңа бағыттарын дамыту, университеттің жоғары білім беру үдерісіне Сапа менеджменті жүйесін енгізу – оқытудың кредиттік технологиясын енгізу негізінде білім беру және білім алу қызметтерінің саласын арттыру, ғылыми-педагогикалық кадрлардың, соның ішінде

дарынды жастардың кәсіби әлеуетінің өсуіне инновациялық демеу жасалынатындай университеттің материалдық-техникалық базасын дамыту.

Жоғары оқу орындарындағы инновацияларды басқару мақсаттарына қол жеткізуге және міндеттерін шешуге арналған маңызды құралдарға басқару қызметтерінің жиынтығымен анықталатын басқарушылық іс-әрекеттің мазмұны, басқарушы жүйенің ұйымдық құрылымы, басқарушы субъектілер қолданатын басқару технологиялары және олардың қарамағындағы ресурстар кіреді [3].

Басқарушы жүйенің инновациялық үдеріске ықпалы нәтижесінде жоғары оқу орнындағы инновациялық іс-әрекеттің сәтті орындалуына қажетті мынадай алғышарттар *қалыптасу қажет*:

- ұжым мүшелеріне жоғары оқу орнын дамытудың қажетті әрі ортақ құндылық екендігін ұғындыру;

- инновациялық өзгерістерге қатысушыларға жоғары оқу орнын дамытуға мұқтаж әрі қажетті екендіктерін сезіндіру;

- жоғары оқу орнын дамыту жөніндегі іс-әрекетті негізгі құндылықтарымен қамтамасыз ету;

- инновациялық іс-әрекетке қатысушыларды жаңалық жасауға және өзгерістер енгізуге ынталандыру;

- қатысушылардың бойына инновацияларды жүзеге асыруға қажетті білім мен қабілетті сіндіру;

- жаңалықтарды сәтті игеруге қажетті барлық ресурстарды дайындау.

Ал, нақты жоғары оқу орнында жүзеге асырылатын инновациялық үдерістерді басқаруды кәсіби қалыптастыру міндеттерінің жиынтығын айқындау үшін келесі шарттарды *орындалуымен сипатталады*:

- жекелеген жаңалықтар арасындағы байланыстарды ескере отырып, оның жалпы құрылымын құру (осы құрылым жалпы даму бағдарламасының құрылымын сипаттайды);

- әрбір жаңалық енгізілген сайын оның пәндік ерекшеліктерін және алдағы өзгерістердің ауқымы мен тәсілдерін ескере отырып, басқару міндеттерін қайта анықтау;

- осы міндеттерді жоғары оқу орны ішіндегі инновациялық үдерістерді басқарудың әр түрлі деңгейлеріне тән мақсаттар иерархиясын игеруге бағытталған және мақсаттар бойынша ойластырылған басқару қисынына сай құрастыру;

- жоғары оқу орнының мүмкіншіліктерін бағалау және осы міндеттерді шешу.

Жоғары оқу орнының инновациялық үдерістерді басқарудың нақты міндеттерін шешу мүмкіншілігін бағалау үшін, біріншіден, осы міндеттерді шешуге арналған құралдарды дайындау қажет. Екіншіден, осы құралдардың қолданысына кедергі келтіретін жоғары оқу орны ішіндегі басқару мәселелерін айқындап алу керек. Үшіншіден, анықталған мәселелерді шешу жолдары мен тәсілдерін тауып, олардың шешілу деңгейін болжамдау қажет. Сонымен, басшылардың жоба құрушылық іс-әрекетінің сапасы мен тиімділігі даму үдерісін интенсификациялаудың маңызды факторы болып табылады.

Инновациялық білім берудің өзекті мәселелерін зерттеген шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін, білім берудегі жаңалықтардың түрлерін, инновациялық үдерістің кезеңдерінің мазмұнын негіздеу, жоғары оқу орындарындағы инновациялық білім беру үдерістерін басқаруды кәсіби қалыптастырудың анықтамасын беруге мүмкіндік береді.

Сонымен, жоғары оқу орындарындағы инновациялық білім беру үдерістерін басқаруды кәсіби қалыптастыру дегеніміз – қазіргі талаптарға сай білім беру саласына жаңа оқу әдістерін ендіру арқылы, жеке тұлғаның кәсіби білімі мен біліктілігін жетілдіре отырып, кәсіби қызметке қажетті білімдерін, іскерліктерін және дағдыларын қалыптастыру.

Жоғары оқу орындарындағы инновациялық білім беру үдерісін және оның құрамдас бөліктері саналатын оқу-тәрбие үдерісінің мазмұны мен ұйымдастырылуын жобалау, қадағалау, реттеу, түзету және ғылыми пайдалылығын анықтау мен сыналған тәжірибені тарату мәселелерін жан-жақты зерттеуге қажеттілік туындайды. Міне, сол себептен, инновациялық білім беру іс-әрекетімен қатар, оған тиесілі эксперттік жұмысты да атқарудың маңызы зор деп есептеледі.

Экспертиза (сарптама) – инновациялық бастаманың қоғамдық маңызын, жүзеге асу әлеуетін және жергілікті білім беру ортасына ену ерекшелігін сипаттайтын жағдайды бағалау. Эксперттің мақсаты осы бастаманың ықтимал қозғалу бағыттарын, оның өмір сүру түрлері мен жергілікті жағдайға ену формаларын анықтауға бағытталады.

Білім беру саласындағы инновациялық өңдеулердің экспертизасы, ең кемінде, мынадай үш мақсатты ұстанады:

1. Қарастырылатын материалдардың бұрыннан бар дәстүрлерге немесе кейбір үлгілерге сәйкестік деңгейін бағалау.

2. Автордың түпкі ойы мен бастапқы жобалық идеяны түсіну; оның дүниетанымдық маңызын, жобаның мақсатты бағыт-бағдарын және аса құнды мағыналық негіздерін анықтау.

3. Жоба жасаушылардың инновациялық жобаны әзірлеу мен кәсіби шеберліктерін көтеру жөніндегі іс-әрекеті мен жобаны жүзеге асыруға бағытталған іс-әрекетті бағалау.

Осыған байланысты, тек құжаттар мен нәтижелердің сипаттамасын сараптап қана қоймай, тікелей практикалық іс-әрекетті де саралау қажет. Эксперименттік ізденіс кезінде мұндай сараптама инновациялық білім беру іс-әрекетінің нәтижелері мен мәселелерін анықтаумен қатар, оның даму бағыттарын да белгілеуге мүмкіндік береді.

SWOT сараптама

SWOT-талдау: саяси жарнама Менеджмент саласының дамуы XX ғасырдың басында орын алып, басқаруды ғылыми түрде ұйымдастыруға болады деген түсініктер қалыптасты. Бұл менеджмент саласындағы жаңа кезеңді бастады. Дегенмен, менеджмент нақты ғылымдарға ұқсамайды. Себебі, басқару барысында нақты ұсыныстармен бірге, алдын ала болжау мен кейбір түсініспеушіліктер орын алады.

Ғылыми және әдістемелік әдебиеттерде стратегиялық менеджмент ұғымына қатысты бірнеше анықтамалар ұсынылады. Дегенмен, олардың барлығы төмендегі үш әдістердің бірімен байланыста болады:

1) ұйымдастырушылық өлшемдеріне назар аударатын әдіс (қоршаған ортаны сараптау);

2) ұйымның ұзақмерзімді мақсаттары мен оған жету жолдарына сүйенетін әдіс (мақсаттары мен құралдары);

3) стратегияны орындау барысында қызметтік әрекеттерді басты мақсат тұтатын әдіс (қызметтік тәсіл). Бірінші әдіс стратегиялық жоспарлау тәсілдерімен тығыз байланыста. Қолданылу барысында қоршаған ортаның ықпалы көп әсер етеді. Екінші әдіс бойынша ұйымның мақсаттары анықталу негізіндегі оған жетудің басты құралдарына сүйенеді. Ал, үшінші әдісте стратегиялық сараптама, таңдау және орындау қимылдарына мән беріледі. Сондықтан стратегиялық менеджмент бәсекелестік күнделікті орын алатын қоғамда пайдаланылады.

SWOT-талдау әдісін саяси ғылымдарда осы уақытқа дейін А.А. Нұрмағамбетов пен Е.Қ. Алияров сынды т.б. ғалымдар қолданды. Әдісті қолдану барысында мәселенің жағымды және жағымсыз жақтарына сараптама беріледі, оның мүмкіндіктері бағаланып, орын алатын қатерлері туралы айтылады. SWOT-талдау жүргізу барысында автор жоғарыда аталған ғалымдардың ережелеріне сүйенді.

Сондықтан, SWOT-талдау барысында төмендегі нәтижелер анықталды:

Жағымды жақтары (Strengths): жарнамалық қызметтің заңнамалық, нормативті-құқықтық негіздері қалыптасты, жарнама саясатын мемлекет қолдайды және реттейді, ел тұрғындарының компьютерлік сауаттылығының жоғарылығы және ақпаратты алудың жоғарғы деңгейде болуы, саяси жарнама билік пен халық арасындағы өзара байланысты орнатады, мемлекеттік БАҚ-тармен қатар, жеке БАҚ-тардың қалыптасуы, билік орындары мен саяси партиялар, халық саяси нарыққа дағдыланды, саяси жарнамалық ақпаратты алудағы және таратудағы мүмкіндіктердің тең дәрежеде пайдаланылады, қоғам саяси құндылықтарды байыпты қабылдайды, әлеуметтік-саяси реформалардың орындалуы хабарланады, азаматтардың саяси тұрақтылықты күшейту қызығушылығын тудырады, саяси лидерлердің қоғамдағы жоғарғы рөлі көрсетіледі, сайлау науқаны кезеңінде электорат тек тұғырнамамен танысып қана қоймай, олардың нақты ұстанымдарын ұрандар арқылы қабылдайды.

Жағымсыз жақтары (Weaknesses): саяси жарнамада манипуляциялық тәсілдерге ерекше мән беріледі, аталған сала бойынша мамандардың аздығы, заңнамалық құжаттарда саяси жарнама туралы тек үгіт ретінде көрсетіледі, жарнамада саяси нарықтың сегментация принциптеріне, яғни, географиялық, мінез-құлықтық, демографиялық себептеріне мән берілмейді, азаматтар саяси жарнаманы тек сайлауалды үгіт-насихат кезеңінде тікелей түрін қабылдайтындықтан, электораларлық кезеңдегі жанама (тікелей емес) әсерін байқамайды.

Мүмкіндіктері (Opportunities): қоғам мен мемлекет арасындағы өзара байланыс шарттарын қамтамасыз етеді, сәтті орындалып жатқан саяси реформалар жаңа заңнамалық, нормативті-құқықтық негізін қалыптастырады, қоғам мүшелері саяси реформалардың жүргізілу маңыздылығын түсінеді, адамгершілік құндылықтарын үндейді, саяси жарнаманың қолдану салаларына мемлекеттік көмек, электораттың саяси мәдениетінің деңгейін көтереді.

Қатерлері (Threats): жасанды саяси имидж дайындалады, саяси жарнаманы реттеудегі заңнамалық базаның әлсіздігі жөнсіз жарнаманы пайдалануға әкеледі, мамандарды дайындаудағы тиімді жүйенің жоқтығы, сайлау науқаны кезеңінде “лас” технологиялар қолданылады.

Кейде жаңалық өз уақытынан ерте туады да көпшілік тарапынан қолдау таппайды, ал кейін, жағдайға байланысты пісіп-жетіліп, қоғам сұранысын қанағаттандырады. Жаңақұрал, өте ерте кезде туып, күнделікті қажеттілікке айналып, тозыпқалмайды. Керісінше одан әрі дамиды, модернизацияланады, бірнеше рет түрленіп, жаңа қатынаста қолданыс табады.

Инновациялақ үдеріс деп жаңаны құру, меңгеру, пайдалану және тарату сияқты іс-әрекеттер жиынтығын айтамыз. Мәселен, философ Н.И. Лапин жаңалық ендірудің жүйелік-әрекеттілік тұжырымдамасын ұсынады, жаңаны ендірудің әртүрлі деңгейлерін анықтай отырып (жалпы-ғылымилық, жалпыәдіснамалық, нақтығылымилық, қолданбалық), инновациялық үдерістің құрылымын ашып көрсетеді, жаңалық ендірудің негізгі параметрлерін көрсетеді, инновациялық үдеріске қатысты ұғымдарды анықтайды (жаңалық ендірудің өмірлік циклі, жаңалық ендірудің динамикасы мен тиімділігі), ашып түсіндіреді.

Жалпы алғанда, заман өтіп, қоғамның мүмкіндіктері дамыған сайын педагогикалық өлшемдердің заманауи әлеуеті де арта түспек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Біз мақаламызда заманауи қоғамда инновациялық жағдайындағы педагогикалық өлшемдер мәселесін қарастыра отырып, жоғары оқу орны мысалында білім беру үдерісіне өзгерістерге қатысушылардың жаңалық жасауға және өзгерістер енгізуге ынталандыру, қатысушылардың бойына инновацияларды жүзеге асыруға қажетті білім мен қабілеттің болуына тоқталдық. Сонымен бірге, сараптама жүргізу мақсатын кеңінен ашып, эксперименттік ізденіс кезінде мұндай сараптама инновациялық білім беру іс-әрекетінің нәтижелері мен мәселелерін анықтауға бағыт-бағдар беруімен қатар, оның даму кезеңдерін да белгілеуге мүмкіндік беретінін ашып көрсеттік. Қорыта айтқанда, заман ілгерілеп, қоғам талаптарына сай, жаңашылдыққа бет бұру қажеттігін, қойылатын педагогиканың өлшемдік талаптарының маңызы зор екеніне назар аудардық. Осыдан келе, білім мен ғылым саласындағы инновациялық бағыт әлемдік кеңістегі орны мен мүмкіндіктері өлшемдер аясында қарастырылатынын айтып өттік.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Найденова Н.Н. Эвалюация - новый подход к качеству образования [Текст] /Н.Н.Найденова // Образование в изменяющемся мире / А.П.Лиферов, В.А.Мясников, Н.Н.Найденова, И.А.Тагунова; М.: Элит-Полиграф, 2005.- С.351-636.
2. Нечаев М.П. Диагностика результатов воспитательного процесса в школе. Методическое пособие. М.: УЦ Перспектива, 2008 г.-128 с.
3. Рысбаева А.Қ. ЖОО педагогикалық қызметінің инновациялық бағыты // Жоғары оқу орындарындағы білім мазмұны және оқыту технологиялары (дәрістер жинағы)-Б116-127
4. Нұржанова Г.И. Студенттердің ғылыми-ақпараттық мәдениетін қалыптастыру әдіснамалық негіздері // «Жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде мамандар даярлауды оқу-әдістемелік, әдіснамалық және ақпараттық-технологиялық жағынан қамтамасыз ету мәселелері» х-қ ғ-пр конференция. - Алматы: ҚазМемҚыз ПУ, 2010.-Б.186-188.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖАРҚЫН ЖОЛЫп.ф.к., доцент **А.Б. ЕЛЬКЕЕВА***п.ф.к., доцент **К.М. МЕТЕРБАЕВА******Түйіндеме:**

Мақалада рухани жаңғырудың жарқын жолдары айтылады. Қазіргі замандағы білім беру үрдісінің ұлттық даму тенденциясының мақсат, міндеттеріне қарай ұлттық тәрбиенің құндылықтар білім берудің негізгі бағыттарының бірі ретінде қарастырылады. Рухани жаңғырту, ұлттық жаңғырту ұғымдарына жалпы сипаттама берілген. Жаңғыртылған білімге сай жаңа сарындағы, жаңа сипаттағы мамандарды даярлау үшін оқытушының орындайтын қадамдары талданып, соны басшылыққа ала отырып, ұлттық құндылықтарды тұлға бойына сіңіре отырып, білім негіздерімен қаруландырудың жолдарын көрсеткен. Сонымен қатар, ұлттық құндылықтарды білім беру үрдісінде ұлттық тәрбиенің бір бағыты ретінде ендіру жолдарын белгілеген.

Тірек сөздер: *рухани жаңғырту, ұлттық жаңғырту, ұлттық құндылық*

IN ASTANA DISCUSSED THE ISSUES OF COMBATING RELIGIOUS EXTREMISM AND TERRORISM**Abstract:**

The article highlights the bright ways of spiritual modernization. In accordance with the goals and objectives of the national trend in the development of modern educational process, the values of national education are considered as one of the main directions of education. General characteristics of the concepts of spiritual modernization, national modernization. In accordance with the modernized education, for the training of specialists of a new nature, analyzed the steps of the teacher performed by the teacher, pointed out the ways of arming the foundations of knowledge, instilling national values in the individual. In addition, he outlined the ways of introducing national values in the educational process as one of the areas of national education.

Key words: *spiritual modernization, national modernization, national value*

КІРІСПЕ

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы ұлттың алдағы кезеңдегі жүріп өтер айқын жолын көрсеткен тарихи құжатқа айналды. Сана сезімі биік, дүниетанымы мол, парасаттың, мәдениеттің, салт-дәстүрдің құндылығын түсінген адамға бұл мақалада ұлттың алдағы кезеңдегі жүріп өтер бағыт жолы айқындалған.

Мемлекет басшысы аталмыш жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, бұл жаңғырудың маңыздылығына тоқталады: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын күдіретімен маңызды». Саяси, экономикалық реформаларда егеменді еліміз бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізгені баршаға мәлім. Ол адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр. Бұл дегеніміз - ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі - үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжитатын қозғаушы күш. Бұл - тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Өйткені, рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, yalima55@mail.ru

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, meterbaeva@bk.ru

Ол - сан ғасырлық тарихи тамырымыз, мирас болып келе жатқан атамұра өнеріміз, өзге елден ерекшелеп тұратын дәстүр-салтымыз, әдет-ғұрпымыз, тілдік ерекшелігіміз, діни ұстанымымыз, білім-

ғылымымыз, қоршаған ортамыз, қыл аяғы ошағымыз, отымыздың басы. Президентіміздің бағдарламаға құрылған мақаласында ендігі жерде біздің дамуымыздың негізгі бағыттары болатын алғышарттар нақтылы көрсетілген. Елбасы «XX ғасырдағы батыстық жаңғыру үлгісінің бүгінгі заманның болмысына сай келмеуінің сыры неде?» деген сауалды жалпы бұқараға қоя отырып, «Мен еліміз мықты әрі жауапкершілігі жоғары біртұтас ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарымды ортаға салуды жөн көрдім. Халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын!» деп кесіп айтты. Екі тарау мен алты тармаққа, алты тапсырмаға құрылған Елбасы бағдарламасы - рухани кеңістігіміздің жаңа жаңғыруының жарқын нышаны! «XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы» атты бірінші бөлімнің «Бәсекелік қабілет», «Прагматизм», «Ұлттық бірегейлікті сақтау», «Білімнің салтанат құруы», «Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы», «Сананың ашықтығы» атты алты тармақ және «Таяу жылдардағы міндеттер» атты екінші бөлімдегі ойлар мен идеялар ұлттық мемлекеттілікті нығайту мен сақтаудың айқын да нақты көрінісі.

Ұлттық жаңғыру дегеніміз - ұлттық санамен тығыз байланысты. Оның түпкі мақсаты - ұлттық бірегейлікті сақтап, ел ішінде бейбітшілік пен келісім үйлесе отырып, ұлттық береке, бірлік салтанат құрған бәсекеге қабілетті, табысты ел болу. Сондықтан рухани жаңғыру үдерісін дер кезінде қабылданған оң шешім деп танымыз. Осы рухани жаңғырудың жүзеге асырылуын біз және Сіз болып, «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» бірлікте орындауымыз аса қажет.

Рухани мәселе адамның санасын күрт өзгерту, сайып келгенде, қоғам жаңғыруының ең күрделі, ең қиын саласы.

Өз алдымызға жеке отау құрып, бабалар аманатына қол жеткізіп, шекарамыздың бәрін айқындап жаңа тұрпатты тәуелсіз мемлекет құрдық. Алыс-жақындағы алып елдермен саяси-әлеуметтік, экономикалық және рухани қарым-қатынасты жолға қойдық. Бұл, әрине, бір ауыз сөзбен түйіп айтуға ғана оңай. Әйтпесе, тәуелсіздіктің осы ширек ғасырында қаншама қиындықтар, шиеленістер, күрмеуі қиын әлеуметтік және ұлттық мәселелермен бетпе-бет келгенін іштеріңіз сезеді. Сол бір қысталаң кездерде көшімізді сүріндірмей, қайығымызды қайрандатпай осы кезге дейін жеткізген ел Президентінің сарабал саясаты екенін баршамыз жан жүрегіміз сезіндік, сезініп те келеміз.

Қазір бәсекеден тыс қалған бірде - бір сала жоқ. Соның бірі білім беру. Білім берудің жаңа сапалық көрсеткіштерінің нақты бағдарламасы ретіндегі жолдаудың «Адами капитал-жаңғыру негізі» білім саласындағы жетінші міндеті білім беру саласын дамыту бойынша маңызды міндеттерді айқындап берді. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Елбасы рухани жаңғырудағы ұлттық сананың рөліне баса назар аударып, бірнеше міндеттерді айқындап берді. Оның ең негізгісі ұлттың терең тари хынан бастау алатын рухани ұстынды сақтап қалу. Тарихтың белестерінен сүрінбей өткен құндылықтарымыз бен озық дәстүрімізді табысты жаңғырудың алғышартына айналдыра білу. Бұл ретте, Елбасы «Жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерімізді қайта түлетуіміз керек», – екенін атап көрсетті. Президент рухани жаңғырудағы ұлттық сана-сезім көкжиегін кеңейтуде екі нәрсенің басын нақты ашып беріп отыр. Оның бірі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғырудың болмайтындығы. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту. Мұндағы басты идея – болашақ пен өткенді үйлесімді сабақтастыра білу. Озығын алып, тозығын тастау. Елбасының идеясы тарихқа деген көзқарасты түзету мен ұлттық бірегейлікті сақтап, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту жайлы болып отыр. Рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс. Ұлттық құндылықтарымызды жаңғырту арқылы жас ұрпақтың санасына патриоттық тәрбиені сіңіру рухани жаңғыруға негіз болады. Яғни замана сынынан сүрінбей өтіп, ата-бабамыздан жеткен озық дәстүрлерді ұрпақ санасына сіңіре отырып, жаңғырта білуіміз қажет. Сондықтан, рухани жаңғыру елдің ұлттық-рухани құндылықтарынан, әдебиеті мен мәдениетінен нәр ала алу керек және ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту екені анық. Бұл қажеттілік адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігінен туындайды.

Жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің негізгі идеялары Елбасының “Қазақстан-2030” стратегиялық жолдауында: “Олар... күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы, өз елінің патриоттары болады”, -

делінсе, ҚР-ның “Білім туралы Заңында” “Білім беру жүйесінің басты міндеттері азаматтық пен елжандылықты, өз Отаны ҚР-на сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрін қастерлеуге, әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен республиканың басқа халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгеру” делінген. Осыған орай, бүгінгі жас ұрпақты патриоттыққа тәрбиелеу, жеке тұлға талабы, қоғам қажеттілігі.

Елбасы жолдауына біз де, болашақ мамандарда өз үлесімізді қосу мақсатында білім жолындағы тың идеяларды іздейміз. Біздің ең биік мақсатымыз келешегі кемел білімді ұрпақ тәрбиелеу. Бала бойына сапалы білім мен үлгілі тәрбиені сіңіру – болашақ тәрбиешінің алдына қойған басты мақсаты деп білеміз. Әр үйдің үміті болған кішкентай бүлдіршіндерді Отансүйгіштікке, ұлттық салт - дәстүрімізді құрметтеуге, өлкеміздің табиғатын қорғауға қалыптастыру балабақша табалдырығынан басталатыны айдан-анық. Сондықтан да біз болашақ мамандарды даярлауда біздің алдымызда тұрған міндет: табысты және тиімді әрекетке дайын, өзінің пікірін білдіруге және өзінің іс-әрекеті мен өмір сүріп отырған қоғам үшін жауапкершілігін түсінуге қабілетті, отбасындағы, қоғамдағы, еңбек ұжымындағы әлеуметтік рөлін сезінетін құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Жалпы құзіреттіліктің сипаты қандай екендігіне тоқталып өтсек, кейбір сөздіктерде құзіреттілікке белгілі бір зат, құбылыс жөнінде пайымдауға, салмақты да беделді пікір айтуға мүмкіндік беретін білімді игеру ретінде түсіндірме берілген. Тұлға құзыреттілігін дамыту үшін оқытушының құзыреттілікті тәсілдерді меңгеруі, білім беру мазмұнын жетілдіруі қажет және жаңа инновациялық әдіс – тәсілдердің ең тиімдісін пайдалануда жоғары нәтиже береді деген сенімдеміз.

Жаңғыртылған білімге сай жаңа сарындағы, жаңа сипаттағы мамандарды даярлау үшін оқытушы төмендегі әрекет – қадамдарды орындауы керек:

1-қадам: Берілген тарау, блок немесе тақырып бойынша бағдарламада меңгерілуі тиіс деп көрсетілген міндетті білім, білік және дағдыларды, сондай-ақ оқыту мақсаттары мен міндеттерін айқындау;

2-қадам: Берілген модуль бойынша оқу материалының тұтас мазмұнын оқып – зерттеу;

3-қадам: Берілген модуль бойынша негізгі мағынаны білдіретін түйінді ұғымдарды, тақырып бойынша негізгі ақпарат беретін рельефтік (код сияқты) сөздерді табу. Олардың өзара байланысы мен өзара бағыныштылығын анықтау;

4-қадам: Тұтас тақырып бойынша тірек сызбаларын құрастыру;

5-қадам: Берілген модульдегі оқу материалын тұтас мазмұны бойынша сынаққа қажетті сұрақтар мен тапсырмалар блогін құрастыру;

6-қадам: Оқу материалының мазмұны бойынша әрбір білімгерге арнап бірінші күрделілік дәрежесіндегі, орташа күрделілік дәрежесіндегі тапсырмалар және оқытудың ізденушілік (зерттеушілік) элементтері бар аса күрделі дәрежедегі тапсырмалар әзірлеу.

Осы аталған білім беру қадамдарын басшылыққа ала отырып, біздің университетімізде жасалып жатқан ізгі істер бүгінгі күнде жастарды әдепті де, саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен, ұлттық тәрбие тұжырымдамасына сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат мұраларын жастардың санасына сіңіруге бағытталған.

Студенттерді білім нәрімен сусындатып, ұлттық құндылықтарымызды, ата-бабаларымыздың ғасырдан-ғасырға жалғасын тауып келе жатқан мұрасын, қазақ ойшылдары мен ағартушыларының, қоғам қайраткерлерінің еңбектеріндегі ұлттық тұлға тәрбиесі туралы ой-пікірлердің дамуын, халқымыздың шынайы ұлттық тұлғасы болған ақын-жазушы, ғалым және қоғам қайраткерлерінің үлгі-өнегесін тәрбие мәселесінде жан-жақты пайдаланғанымыз жөн.

Ұлттық тәрбие – ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі. Оның мақсаты – ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу. Ал міндеті – мәдени-әлеуметтік өзгермелі жағдайдағы ұлттық тәрбиенің діңгегі – ана тілі болып қалатынын негіздеу, қазақ тілі мен тарихын, мәдениеті мен ділін, салт-дәстүрі мен дінін құрметтеуде жастардың ұлттық интеллектуалдық мінез-құлқын қалыптастыру, бүгінгі қазақ елінің индустриалық-инновациялық жүйесінің дамуын қамтамасыз ететін парасатты, ұлттық сипаттағы белсенді іс-әрекетке тәрбиелеу, білім және мәдени-рухани тұрғыда басқа өркениет термен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету, қоғам мен адам, адам мен табиғат қарым-қатынасының өркениеттілік сана-сезімін ұлттық рухта қалыптастыру. Тәрбиенің басты нысаны елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді негіздеу, ұлтсыздық пен күресу болса керек. Әрине, жаһанданудан ешкім де құтыла алмайды. Оған тек бейімделу

керек, ал бейімделе алмағандар құриды. Бірақ бейімделу дегенді өзгенікін толық қабылдау деп ұқпау керек. «Бізге дәл қазіргі заманда батыстың желімен домалай жөнелетін қаңбақ ұрпақ керек емес, пайдасын алып, зиянын бойына дарытпай, дауылына міз бақпай қасқайып қарап тұратын тамыры ұлт рухына терең бойлаған мәуелі бәйтерек керек. Сондықтан біздің міндетіміз – рухы биік ұрпақ тәрбиелеу» [2, 5-б.]

Қазіргі уақыт талабы жаңаша дүниелік көзқарас тұрғысынан жаңаша ойлап, шешім қабылдай алатын, креативті ойлау қабілеті дамыған тұлғаны, өз елі мен жерінің, туған тілінің жанашырын дайындауды міндеттеп отыр. Бұл міндет жаңа уақыт талаптарына төтеп бере алатын, кәсіби білікті, бәсекеге барынша қабілетті, ұлтжанды азамат тәрбиелеу ісінің өзектілігін алға тартады./9/

«Тәрбиесіз берген білім қауіпті», – деген екен әл-Фараби. Технологияның дамып, әлемдік жаһандану үдерісі кезінде білім беру жүйесіне ұлттық инновацияны енгізу керектігін көпшілік мойындап отыр. Қоғамға қызмет ететін болашақ жеткіншектерге сапалы білім мен өнегелі ұлттық тәрбие беру – ұстаздар қауымының басты парызы.

Ұлттық тәрбиені ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қарауға болады. Ол үшін ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеуді мақсат етіп алуымыз жөн. Әрине, тәрбие жалаң болмауға тиіс. Жалаң тәрбие қауқарсыз. Кез келген адамды тәрбиелеудің ұлттық негізі болуы керек. Сонда ғана тәрбие шынайылыққа айналады. Тәрбиенің мақсаты – елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді негіздеу, ұлтсыздықпен күресу болса керек. Сондықтан тәрбиенің жүзеге асуының технологиясы қалай дегенде де ұлтымызға ұстын, болашағымызға тұғыр болатын ұлттық тәрбиеде жатыр деп нық сеніммен айта аламыз [3].

Ұлттық құндылықтарды білім беру үрдісінде ұлттық тәрбиенің бір бағыты ретінде ендіру жолдары:

- ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтардың басым міндеттерін білім беру жүйесімен үйлестіру;

- бүгінгі күн талабына сай ұлттың тілін, тарихын, дінін, салт-дәстүр, әдет-ғұрпын қалыптастыру;

- қазақтың ұлттық құндылықтарын қазіргі заманға сай сараптап, жастарға білім мен тәрбие беру жолын анықтау;

- ұлттың терең де мәнді құндылықтарын мемлекетте тұратын басқа ұлт өкілдеріне насихаттай отырып, ұлтаралық қатынасты нығайту жолдары мен тәсілдерін зерделеу;

- өз Отанына деген сүйіспеншілікке, халық дәстүрлерін қастерлеуге тәрбиелеуге баулу.

Ұлттық тәрбие – өркениетті қоғам құру жағдайында адам ресурстарын қалыптастыру кепілі» деп аталады. Біздің ұлттық тәрбие мәселесін көтерудегі мақсатымыз еліміздегі білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының жобасында тәлім-тәрбие және жастар ісіне ерекше көңіл бөлінуіне орай, ұлттық тәрбие мен жалпыадамзаттық гуманизм мұраттарын игеру талаптарын басты назарға алу. Болашақ дамуымызды дұрыс бағдарлап, тура жолға салу үшін ең алдымен өткеннен дұрыс тағылым алып, келешегімізді қазіргі заманға орай тәрбиенің жолдарымен сараптап алуымыз қажет. Сол арқылы ұлттық зиялы қауымды қалыптастырып, тәуелсіздігімізді баянды ете аламыз. Зиялы қауым қалыптаспады деп отырғаным жоқ. Бізде бар, дегенмен олардың мәртебесін көтеру ұлттың ұлт болып ұюына тигізер әсері мол. Себебі, зиялы қазақ азаматы – қазақ топырағынан бастау алып, әлем мәдениетінен сусындаған, ұлтына жөн сілтей алатын болашақты жалғастырушы алтын көпір.

Сондықтан да, біздің міндетіміз бүгінгі уақыт талабына сай ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне өз үлесін қоса алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу болса, осы бағытты ұстанып отырған жолымыздың жемісті болуына барша қауым қолдау көрсетіп, атсалысады деген үміттеміз.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымның бір ерекшелігі-білімгерлердің тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. Жаңа педагогикалық технологияларға ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру технологиясы, мәселелік оқыту технологиясы, тірек белгілері арқылы оқыту технологиясы, түсіндіре басқарып озат оқыту технологиясы, деңгейлік саралап оқыту технологиясы, міндетті нәтижелерге негізделген саралап оқыту технологиясы, модульдік оқыту технологиясы және жобалап оқыту технологиясы кіреді.

Жаңа оқыту технологиясының негізгі мақсаты – білімгерді өз бетімен ізденуге үйрету, олардың танымдық және шығармашылық икемділіктерін дамыту. Қазіргі кезде, тірек белгілері арқылы оқыту

технологиясы жиірек пайдаланылып жүр. Мұның мақсатты білім, білік, дағдыны қалыптастыру, оқытуды жеделдету.

Тірек белгілері арқылы оқыту технологиясының ерекшеліктеріне тоқталсақ:

- Үнемі қайталау, міндетті кезеңдік бақылау, жоғары деңгейдегі қиыншылық, блокпен оқыту, тіректі қолдану;
- Жеке бағдарлы қарым-қатынас, ықпал;
- Ізгілік, еркімен оқыту;
- Әр білімгердің жобасының жариялылығы, түзетуге, өсуге, табысқа жетуге жағдай жасау;

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі таңда қоғам сұранысын қанағаттандыру үшін білімді ғана емес, танымдық ізденісі жоғары деңгейдегі мамандарды даярлау қажет. Мұндай мамандарды даярлау үшін, жаңа оқыту технологияларын кеңінен пайдалана отырып, жаңашылдық деңгейдегі танымдық, ғылыми зерттеу жұмыстарын жолға қоя отырып, оқытушы өзінің танымдық, құзіреттілік білім мен біліктілігін арттырғанда ғана жаңғыртылған білімге сай мамандар дайындайды.

Халқымыздың маңдайына біткен ұлттық құндылықтарымызды, сонау өткен ғасырлардан өшпес мұра болып қалыптасып келе жатқан дархан халқымыздың таратқан үлгі насихаты асыл мұраларымызды дәріптеп, білімге ден қойып көп ізденіс жасамайынша оқыту мен тәрбиені бірге ұштастырып, ықпалдастыру мүмкін болмайды. Оқыту мен тәрбиені ықпалдастырып қажымай еткен еңбек арқасында әлемдік деңгейдегі дарынды да тәрбиелі тұлға шығатынына сеніміміз мол.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. ҚР Президенті - Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы./Егемен Қазақстан. –2017
2. Қапалбеков Б. Ұлттан тілді алса. Алматы, 2006. – 138 б.
3. Пірәлиев С. Ұлттық тәрбие және жаһандану. // Ұлттық тәрбие. – Алматы, 2011, №1

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Т.Е. ЕРАЛИЕВА

Түйіндеме:

Мақалада мектеп оқушыларына кәсіби бағдар берудің педагогикалық-психологиялық мүмкіндіктері жан-жақты қарастырылған. Еліміздегі технологиялық революцияның беталысына байланысты, таяу онжылдық уақытта қазіргі кәсіптердің жартысы жойылып кетеді деген болжам бар. Сондықтан, мектеп оқушыларына заман сұранысына сай кәсіби бағдар беру жұмыстары барынша ғылыми-әдістемелік негізде жүзеге асуы керек.

Мамандық таңдау жағдайы өте маңызды, себебі ол тұлғаның өмір бойы серігі деп айтуға болады әрі тұлғаның әрі қарай даму жолдарына әсер етеді. Білімділік пен біліктілікке ізденіспен жету – әркімнің басты міндеті. Сонымен, адамның кәсіпке деген талпынысы табысты болуы үшін ең басты талап – өмір бойы күнде оқу, әлемдегі барлық кәсіпкерлік жаңалықтарды білу. Қазір жастар жемқорлықпен баюды емес, таза кәсіпкерлікпен баюдың дұрыс жолын ізденетіні рас. Бұл – ғылым мен білімнің зор өрлеу заманы.

Кәсіби бағдар беруде С.Н. Чистяковтың «Сенің кәсіби мансабың» Дж. Сьюпер «Өзін-өзі басқару», А.Маслоу, К. Ясперс, И.С. Кон, П.Г. Щедровицкий, Е. А. Климов идеялары мен әдістерін басшылыққа алуды ұсынады.

PSYCHO-PEDAGOGICAL POSSIBILITIES PROFORIENTACII IN SCHOOL

Abstract:

The article describes in detail the psychological and pedagogical possibilities of professional orientation in school. Due to the trend of technological revolution in the country it is expected that in the next decade will be eliminated part of the existing production. Therefore, in accordance with modern needs, professional orientation in the school should be carried out on the maximum scientific and methodological basis.

The conditions for choosing a profession are very important, as it is a companion of the individual throughout life and affects the further development of the individual. Thus, the most important requirement that a person's desire for the profession was successful-to get an education every day, to know all the entrepreneurial innovations in the world. Now young people are looking for a way not to corruption, but to the purity of business. This is a time of great progress in science and education.

In professional orientation S.M. Chistyakov "Your professional career" J.Super "Self-government", K. Jaspers, I.S. Kon, P.G. Schedrovitsky, and E.A. Klimov proposes to be guided by the ideas and methods.

КІРІСПЕ

Елбасымыз Н.Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Білімнің салтанат құруы» туралы айта келіп, «...білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс. Оның айқын да, бұлтартпас себептері бар. Технологиялық революцияның беталысына қарасақ, таяу онжылдық уақытта қазіргі кәсіптердің жартысы жойылып кетеді» [1] деп болжам жасады.

Қазақстан Республикасының негізгі заңында жазылғандай, жастардың өз мүдделері мен мемлекеттің қажеттіліктеріне қарай мамандық таңдауын мақсатты және ғылыми тұрғыдан негізделген кәсіби бағдар беру жұмысы қамтамасыз етуге тиісті.

Кәсіби бағдар беру – шешімі табылуға тиісті өте күрделі кешенді мәселе. Кәсіби бағдар беру саласы күрделі де алуан түрлі. Өзінің әдістемесі және мазмұны жағынан оның психологиялық, педагогикалық, дәрігерлік-физиологиялық, ал әрекеттік аумағы жағынан әлеуметтік сипаты болады. Нәтижесі қоғамның экономикалық өміріне әсер етеді. Сонымен қатар, кәсіби бағдар беру – қоғамның жұмыс күшін қайта өндірудің маңызды құралы. Ол экономикалық, әлеуметтік, идеологиялық қатынастарды қамтиды. Кәсіби бағыт беру ісін жүргізу мамандар даярлауды жоспарлаумен, халық ағарту жүйесін одан әрі жетілдірумен тығыз байланысты.

Ғылымның түрлі салаларының өкілдері бұл ұғымды әр түрлі анықтайды. Кәсіби бағдар беру, оған деген ниетті туындату, сол мамандық түрін игеруге итермелеп, өмірлік мақсат туындатар себеп-салдарын ашу, олардың заңдылық құбылысқа ие болу кезеңдерінің табиғатын талдау сықылды жүйелілік мәнге ие боларлық түрде ерекшеленуі; кәсіби бағыт беруде физиологиялық айғақтарды ескеру, мәселені жан-жақты қарастыру, мамандық таңдау проблемасының маңыздылығы бір жақты зерттелмей педагогика, психология және психофизиология тұрғысынан кешенді шешімін табуы – бүгінгі уақыт туындататын көкейкесті мәселелердің бірі.

Бұл бағытта жүргізілген зерттеулердің дені мектеп оқушылары, әсіресе жоғары сынып жеткіншектеріне кәсіби бағдар беру ісіне көптеген еңбектер арналған. Осы әдебиеттерді талдай отырып, «кәсіби бағдар» термин атауының экономист-ғалымдардың, психологтардың, социологтардың, педагогтардың, дәрігерлердің, философтардың лексикондарында берік орын ала тұра, аталмыш атау біртұтас мағыналық, бірегей түсінік аз. Кәсіби бағдар әрбір зерттеушілердің өзі көтерген мәселе төңірегінде түсінікпен шектеліп, көбіне оқыту жүйесімен баламалатындығы осыдан болса керек. Ал басқа бір зерттеуде (Поляков В.А.) мұның мемлекеттік, қоғамдық ұйымдардың оқушы-жастарды халық шаруашылығы үшін қажет кәсіпке барлау мақсаттағы, атқарылар кешенді шараларына балау себебінің де жоқ еместігін айтады. Мұндай кезде бағзы бір зерттеулерде кәсіби бағдарды жеке бастың мүддесінен туындайтын ынта іспетінде қарастыру қажеттілігін де ескертеді.

Мамандық таңдау жағдайы өте маңызды, себебі ол тұлғаның өмір бойы серігі деп айтуға болады әрі тұлғаның әрі қарай даму жолдарына әсер етеді. Психологияда, педагогикада тұлғаның кәсіби өзіндік анықталуы мен мамандық таңдаудағы өзіндік бағалау мен іс-әрекетті өзіндік саналы реттеудің ерекшеліктері жайлы, оның мазмұны жайлы көп айтыла бермейді.

Адам өмірінде кәсіп таңдау, мамандықты меңгеру, кәсіпке бейімделу мәселесі үлкен орын алады. Кәсіпке бейімделу мәселесін Т.Н. Вершинина, И.К. Кряжева, М.П. Будякова, А.А. Русалинова, Л.М. Митина және т.б. көптеген ғалымдар қарастырған. Олардың айтуынша, кәсіпке бейімделуге дайындық, яғни оқу процесі кезінде кәсіпті меңгеру кезеңі мен жас маманның жұмыс ортасына қосылуы, өндірістік тәжірибе кезіндегі іс-әрекеті негіз болады. Сонымен қатар, елімізде кәсіпке бейімделу мәселесін қарастырған С.М. Жақыпов, Ж. Түрікпенұлы, Ж.А. Әбішева, Ж.Р. Тойшыбаев, Ғ. Қалназаров, Ж.Р. Баширова, А.Т. Изақов, Г.М. Кәрібаева, М.К. Бөкенчина, Ж.Ж. Бейсенова және т.б. отандық ғалымдарымыздың еңбектерін атап өткеніміз жөн.

Бүгінгі таңда мамандыққа сұраныс – жеке адамның іске жарауының басты белгісі және осы не басқа бір әрекетке бейімділік пен қабілеттілік. Ал бейімділік пен мүдделік өздері түзеліп, жеке әрекеттік үрдістерге қарай жиі өзгереді. Жастар арасында айқын сезілген тұрақты және белсенді бейімділіктер, ауыл мектептерінің білім беру деңгейінің төменділігінен және еңбекке сұраныстың жоқтығынан, сирек кездеседі. Сондықтан, оларды еңбекке баулу белгілі жүйелі дайындық арқылы орындалуы керек.

Өзінің еңбекке қатыстылығын айқындау – алуан көзқарасты, көп өлшемді және көпсатылы үдіріс. *Біріншіден*, бұл жеке адамның өмірінің бір ғана кезеңінде және қоғамымыздың жаңа түзеліп келе жатқан адамның алдына қоятын біртіндеп шешетін мәселе. *Екіншіден*, бір жағынан кісінің тікелей ұнатуы мен бейімділігінің аралығындағы теңестікке құрастыру және екінші жағынан қолданылатын қоғамның еңбекті бөлісудегі сұраныстың болуы. *Үшіншіден*, бұл үдіріс кісінің өзіндік үлгілік (стиль) өмірінің түзелуі мен кәсіптік не өнерлік әрекеттің бір бөлігі. Бұл үш тәсіл осы мәселенің қазіргі үш қыры – қоғамдық, яғни нарықтық сұраныстар, адамның өзіндік қабілеті және осы екеуінің келісу амалдарының ұсыныстары. Сонда да бұлар бірін-бірі толықтыратын әлеуметтік, әлеуметтік-психологиялық және саралаушы-психологиялық тауқыметтер.

Психология ғылымы кәсіби бағдарға қатысты балалардың еңбекпен өзін-өзі айқындаудың дамуын бірнеше кезеңге бөледі. Солардың ең маңызды деген төртеуіне тоқталайық.

Бірінші кезең – балалық ойындар ойнағанда, бала әртүрлі кәсіптердің мәнін өзіне қабылдайды.

Екінші кезең – жасөспірімдік қиял – жеткіншектердің ұнаған мамандықтарды (ғарышкер, ұшқыш, жазушы, бизнесмен т.б.) өзінің армандық ойымен сезіну.

Үшіншісі (12-25 жас) – мамандықтарды таңдау кезеңі – әртүрлі әрекеттің (мен тарихи романды ұнатамын, әрине тарихшы боламын, конструктор боламын, ғарышқа сапар шегемін, архитектор не археолог боламын т.б.) жасөспірімдердің қызығушылығына қарай бағалануы, кейін оның қабілетіне сәйкес (мен математиканы ұнатамын, математик боламын, мен зоологияны ұнатамын, мал дәрігері боламын т.б.) ақыры құндылық жүйесінің қалыптасуына қарай таңдалып сұрыпталады. Бұл кезеңде ата-аналар мен педагогтардың балаларға көмегі өте қажет. Осы кезеңде балаларға көңіл аударыл-маса, девианттық жолға түсіп, олардың ауытқуы оңай.

Әрине, мүдделік, қабілеттілік және құндылық айқын болмаса, таңдаудың адам өмірінің кез келген кезеңінде білінеді, бірақ, құндылықтың жайы қоғамдық (осы не басқа кәсіптік-әлеуметтік құндылықты ұғыну) не өзіндік болмысын тым қорытындыланып және әдеттен кеш жетіліп әрең түсініледі. Өйткені, мүдделік пен қабілеттілік сараланып (дифференциация), ынтымақтасуы (консалидация), параллельді және өзара байланысты болғандықтан, бұл кезең ата-аналар арасында көпке созылады. Өмір сүру мен қоғам мұқтаждығы мен нарықтық сұранысты ерте түсінген жоғары сынып оқушылары өздерінің қажеттілік қабілеттілігін дамыту үшін, көбірек оқуға шұғылдануға ынталанады.

Бірақ, мүмкіншіліктер жоқ. Егер болса, осы әрекеттердің жетістігін арттыру жастардың қабілеттілігін сезіндіріп, мүдделікті бекітеді. Елімізде осындай ынта-ниетке сай сұраныстарды қанағаттандыратын оқу мен білім беру жүйесі толық жолға қойылып кете қойылған жоқ. Білімге қатысты реформалар енді жүзеге асырылуда.

Төртінші кезең – іс жүзінде шешім қабылдау, яғни шынымен кәсіп таңдау, мұның өзіндік екі құрамы бар:

1. Болашақ еңбегінің біліктілік деңгейін, көлемін және оған дайындалудың мерзімін анықтау мен игеру мүмкіндіктерін қарастыру.

2. Тұрмыс пен дербес өмір сүруге, өзін-өзі асырауға, үйленіп отау құруға қажетті табысы бар мамандықты таңдау [2].

Ғалымдар Е.И. Головкова, А.В. Дмитриев оқушылардың кәсіби бағдары мен бейімделуі олардың өмірлік құндылығы мен болашақ арман ойларымен қиылыстыру үшін мынадай кеңестерді ұсынады:

1. Кәсіптік бейімделу тікелей кәсіптік ортамен шектелмей, жастардың маңызды өмірлік мақсаттарымен ұштассын.

2. Қандай да бір мамандықты таңдағанда жастарды сәтті не сәтсіз лауазымды ересектердің нақтылы өмір жолдарымен таныстыру арқылы келісімді және шынайы болашақтарын қалыптастыру.

3. Мамандықты таңдағанда бозбалалар үшін ең маңыздысы келешек еңбекақы, ал, бойжеткендер үшін еңбектің қолайлы жағдайлары. Жастарды ауыр еңбекті жұмысшы мамандары (шахтер, металлург т.б.) өзіндік дербестік пен тәуелсіздікке тез жетуге мүмкіндіктерінің көптігімен қызықтыру.

4. Мектептерде қоғамдық және нарықтық еңбекті бөлісу туралы мәліметтер мен ақпараттар жоқ болғандықтан, оқушыларды арнайы кәсіпке бейімдеу мен мамандық таңдау шараларымен 10-12 сыныптарда, яғни күні бұрын таныстыру.

5. Жоғары сынып оқушыларына келешек кәсіптік және өмірлік жетістіктері, еңбек пен дербес өмірлік армандарын орындау дайындығына байланысты екенін түсіндіру.

6. Кәсіптікке бейімдеу жұмыстарын жүргізгенде өмірлік мақсат пен жоспарларға байланысты тиімді сәттіліктен басқа, жастардың әсершеңдік ерекшеліктерін де ескерген дұрыс. Бірақ бұл кеңестер бір мағыналы шешім емес [3]. Өйткені, экономикамыз қарқынды дами бастағанда әрбір кәсіпорындардың нарыққа сай технологиясы мен шығаратын өнімдері де тез өзгереді. Бұл жай кадрларға қойылатын талаптарды да көбейтеді. Сондықтан қызметкерлер мен жұмысшылардың алғашқы дайындықтары кәсіпорындарды қанағаттандырмайды. Олар әрқашан мамандықтарын шектес не басқаға айырбастау немесе біліктендіріп жаңартуға дайын болуға тиісті. Қазіргі үрейлену мен мазасыз өмір қауіптілігін ескеріп, мемлекетіміз жастарға барынша сүйіспеншілік пен бейімділік танытып, жеткіншектердің өзіндік арманын жүзеге асыруға көмектескені мақұл.

Білім беру жүйесін мемлекеттік мақсат пен әлемдік нарыққа сай икемдеп, еліміздің экономикалық мүмкіндіктерін игеруге бағытталған әртүрлі мектептер мен ЖОО құрып, олардың даму жоспарлары мен оқу бағдарламалары уақыт талабына сай жаңарысты болуға бағыттап және оқушылар мен шәкірттердің қабілеттеріне орай жіктелуі тиіс. Нарықтың талабын күні бұрын ескеріп, еңбекке бейімдеу кәсіптікке тәрбиелеумен байланыстыру арқылы әрбір жеткіншектің әлеуметтік дербестігіне қол жеткізуіне көмектесуге болады.

Спортшы чемпион болу үшін денені күнде шынықтырады. Ми да дененің бір бөлшегі болғандықтан, оның қызметтік қабілетінің өсуі әруақытта шынықтыруды талап етеді. Осыған сай адамның ой-өрісі, ақыл мен санасы, дарындылығы мен парасаттылығы дамиды.

XXI ғасырдың табыстылығының кілті – білімділік пен біліктілікке ізденіспен жету, әркімнің басты міндеті. Сонымен адамның кәсіпке деген талпынысы табысты болуы үшін ең басты талап – өмір бойы күнде оқу, әлемдегі барлық кәсіпкерлік жаңалықтарды білу. Қазір жастар жемқорлықпен баюды емес, таза кәсіпкерлікпен баюдың дұрыс жолын ізденетіні рас. Бұл – ғылым мен білімнің зор өрлеу заманы. Сондықтан, жастарымыз жеріміздің асты мен үстіндегі байлықтарының бәріне мұрагер болып табыстан табысқа жете беру үшін әлемдегі барлық ғылым мен білімге иегер болу – ата-бабаларымыздың ежелгі адамдық борышын орындауы деп түсінелік.

Кәсіби бағдар қақында жасалынған зерттеулерді талдай келе, ондай істің бірін-бірі туындатар мынандай екі негізгі мақсатты арқалайтындығын ұмытуға болмас еді. *Бірі* – әлі өмірдің сан қилы қырын аңғара қоймаған мектептің кешегі түлектері бойындағы табиғи бейімділігін, албырт арманынан туындайтын қиялын қанағаттандыраарлықтай өмірде өз орнын таңдап алатындай сол іс туралы мағлұмат беріп, бағдар сілтеу, жол көрсету. *Екінші*, бастапқы балаң қиялын қуып, көңіл қалаған мамандығын және болмыстың басқада жағдайында өмірдің тармақты сорабына жаңа түскен

жастарды сол бағыттың мақсатын қуып, өмірдің ортасында біте қайнап бекіп, өсіп жетілердей ықпал етер ықыласы мен ниетінің дұрыстығын дәлелдер айқын айғақ арқылы танымын туындатып, кетік жерге қаланап кірпіш болуға баулар ізгі бағыт-бағдар қалыптастыру.

Кәсіби бағыт – өте кең ұғым, мысалы Батыс елдерінде баланы туған күннен бастап, өмірдегі жетуге дағдыландырады, ол жоғары мансапқа жетелейді. Кәсіби бағыт педагогикадан психологиядан басқа да мамандық таңдауға жан-жақты шараларды қолданады, оған кәсіби кеңесте қосылады, мұның бәрі адамның өз тағдырына бағытталған көмек. Кәсіби бағдарлама және кәсіби кеңес бұл оқушының бағдарламасы, оқушы өзбетінше бағыт алып, өзінің кәсіби мамандығын анықтауда, субъективті роль атқарады (Е.А.Климов бойынша). Кәсіби және жеке бастың өз тағдырын өзі шешуде ортақ байланыс бар, кейде олар өзара бірігіп кетеді. Ал олардың жігін ашуға тырыссақ, айырмашылығын да көруге болады.

1. Кәсіби өз тағдырын өзі шешушілік – деректі, нақты, оны ресми түрде дайындауға болады.

(диплом алу және т.б.), өз тағдырын өзі шешу, ол күрделірек ұғым;

2. Кәсіби өз тағдырын өзі шешу сыртқы жағдайларға көбірек байланысты ал жеке бастың өз тағдырын өзі шешу жеке адамның өзіне байланысты [4].

Оқушылар мен ынталандыратын бағдарламада кәсіптік жұмыс жүргізу. С.Н. Чистяковтың басқарған авторлар ұжымы «сенің кәсіптік мансабың» деген бағдарламасын ұсынады. Берілген бағдарламада теориялық материалдар мен бірге белсендіруші әдіс қолданылады. Олар: викториналар, ойындар, сөзжұмбақтар, түрлі пікірсайыстар. Мұнда дәстүрлі жұмыс түрлері (еңбек және мамандық таңдау туралы мақалдар және басқа да элементтері кіреді) және кәсіби бағдарламаға қатысты көмек болатын экспериментальді бағыттары жатады.

Қазір мектептегі кәсіби бағыттау шараларына қызығушылық жанданып келеді. Кейбір мектептерде директордың, ұстаздардың, психологтің, ата-аналарының ынтасы бойынша кәсіби бағдарламалық жұмыс жанданып келеді. Кәсіби бағдарлау мектептерде проблемалар мұндай жұмыстың мақсатын жақсы түсінбегендіктен кейде мақсат өте қарапайым түрде қабылданғандықтан («нарықтық жағдайда мектеп бітірушілердің жұмысқа орналасуы және бейімделуіне байланысты»), немесе өте күрделеніп түсінуде, («өз бетінше жүзеге асыру, өмірдегі өз тағдырын шешу, трансценденділену»). Дж. Сьюпер адам өмір бойы таңдау жасайды деп есептейді. (Мансаптың өзі кезектесетін таңдау ретінде қарастырылады). «Өзін-өзі билеу» түсінігі сәнді түсініктер: актуальды, жүзеге асыру, іске асыру, трансценденділену сөздермен толық сәйкестікте болады. Көп ойшылдар осында актуальмен еңбек әрекетін жұмыспен байланыстырады. А. Маслоу өзіндік актуальділік маңызды арқылы көрінеді деп есептейді; К.Ясперс өзінің жүзеге асырушылығын адамның өзі күшін, жігерін жұмсаған іспен байланыстырады. И.С. Кон еңбек жұмыс қарым-қатынас арқылы өзінше жүзеге асыруды көрсетеді дейді. П.Г. Щедровицкий өзінше жүзеге асырудың мағынасы адамның қабілеттілігін (жетілдіру қалыптастыруына, өзінің жеке тарихына, өзінің қабілеті туралы үздіксіз ойлануына байланысты деп белгілейді.

Е.А. Климов өзін-өзі билеудің екі түрін бөліп қарастырады: 1) *гностикалық* (жақтаушы жолын қуушы) (адамның есінің, өзін-өзі түсінудің) қайта құрылуы. 2) *практикалық деңгей* (адамның әлеуметтік жағдайының нақтылы өзгеруі). Әдіскерлікпен толық жетілдірілген ойындар (авторлық) жаттығулар, сұрақтар және сайыстар-талқылаулар. Бұл әдістемелер тақырыптық сынып сағаттарын (кәсіби-бағдарлық), кәсіби-бағдарлық сабақтар мен консультация (кеңес) өткізуге негіз бола алады. Кәсіби таңдаудың, өзін-өзі билеуден өзгешелігі сол арқылы ол кейінгі өміріне де есеп жасауы мүмкін, немесе келешек өміріне есеп жасамауы да мүмкін. Соңғы жағдайда мамандық таңдау жеке өмірінің мақсатын орындауға өмірлік жоспар бола алмайды [5].

Өз тағдырын өзі шешу тек қана өзіндік жүзеге асыру емес, сонымен қатар өзінің алғашқы мүмкіндігін кеңейту-трансценденділену (В. Франкл бойынша): «Адам өмірінің толық мәнділігі трансценденділену арқылы анықталады, яғни өз-өзінен шығу қабілеттілігі, ал ең бастысы-бүкіл өз өмірімде және белгілі бір нақты істе адамның жаңа мағына таба білуінде». Осылай өзін-өзі басқаруды, өзін-өзі жетілдіруді және өз трансценденділікті мазмұн мағына анықтайды.

Н.А. Бердяев «өзін-өзі тану» жұмысында балалық пен жігіттік баспалдағында бір күні мынадай ой таңқалдырды: «мен мүмкін өмірдің мәнін білмеймін бірақ өмірдің мәнін іздеу өмірдің мағынасы болады және мен өмірімді осы мағынаны іздеуге жұмсаймын». Осының бәрі – кәсіби өзін-өзі билеудің мәні жеке бастың мамандықты таңдау, меңгеру және орындау жолындағы ізденіс, сонымен бірге, өзін-өзі билеу процесіндегі мәнін ұғыну. Өз өміріне шығармашылық пен келсең, адам жаңадан ойланады. Осы жағдайда адам өзін-өзі билеудің субъектісіне айналады, яғни «жоғарыдан» келген ойлардың жетекшісі болып қалмайды. Кәсіби кеңес беруші (педагог-психологтің) ең бір күрделі

проблемасы өзін-өзі билеуші клиентті ойлануға ізденуге талпындыру. Ойлану барлық адамдар үшін бірдей емес. Барлық адамға бірдей болуы мүмкін мынадай жағдайда: халық немесе белгілі бір бөлшегі соғыс кезінде немесе құлықтылық сынақ кезінде (нравственных испытаний), болуы мүмкін.

«Оптант» ұғымы Е. А. Климовтың ұсынысы бойынша енген. Ол Ресейдегі субъектінің адам ретіндегі дамуының кезеңдерін талдап білген. (1996). Оптация – кәсіби өзін-өзі билеудің бір кезеңі, жеткіншектердің мінез-құлқына сәйкес, өйткені жеткіншектердің өз болашақ өмірін жоспарлау өте маңызды кезең. Осы уақыт әлеуметтік, өмірлік, кәсіби және жеке бастың өзін-өзі билеудің проблемасы. Шындығында өз мамандығын немесе жұмыс орнын ауыстырғысы келген ересектер де оптант болуы мүмкін. Е.А. Климов өзінің кезеңге бөлуінде еңбек субъектісінің қалыптасу кезеңін ерекше бөліп қарайды. Бір ойдан бұл кезең субъектінің кәсіби өзін-өзі билеу кезеңінің қалыптасуы, кәсіби таңдау яғни өзін-өзі билеу проблемасы өмірдің барлық кезеңінде болады.

1. *Ойын алды кезеңі* (туғаннан 3 ж.дейін) бұл кезең баланың еңбекке ұмтылуы және әрі қарай дамуының қалыптасу кезеңі, өйткені бала осы уақытта қабылдай бастайды, қозғалады, сөйлейді, қарапайым мінез-құлық ережелерімен моральдік бағалау пайда болады.

2. *Ойын кезеңі* (3-6-8ж. дейін) бұл кезде адамдық әрекеттің негізгі мағынасын меңгереді, сонымен бірге нақтылы мамандықтармен танысады (жүргізуші, дәрігер, сатушы, мұғалім т.б.). Г. В. Плехановтан кейін Д.Б. Эльконин былай деп жазды: «Ойын – еңбектің бастауы». Баланың сюжетті рөлді ойынның пайда болуы ересектердің еңбегін меңгермей тұрып басталады әрі тарихи бөліктермен еңбектің күрделенуінен пайда болады.

3. *Оқу әрекетін меңгеру* (6-8-11-12ж. дейін) өзін-өзі бақылау кезеңінің дамуы, өзін-өзі талдау, өз әрекетін жоспарлау әрекеті т.б. Бала үй тапсырмасын орындауда мектептен кейін дем алып қыдыру тілегін жеңе білуде бала өз уақытын өз бетінше жоспарлай білуі маңызды роль атқарады.

4. *Оптация кезеңі* (ортatic-латын сөзінен тілек, таңдау мағынасын береді) (11-12-14-18 ж. дейін) бұл жұмысқа өмірге дайындық кезеңі, кәсіби жолын таңдауда және жоспарлауда саналы және жауапты болуы, кәсіби өзін-өзі билеу жағдайында болуы оптант деп атайды. Ересек адамдарда мысалы жұмыссыз адамдар да оптант болуы мүмкін. Е.А. Климов атап айтқандай оптация – ол адам жасының көрсеткіші емес мамандық таңдау жағдайының көрсеткіші.

5. *Адепт кезеңі* – бұл кәсіби дайындық, мектеп бітірушілердің көбі ол арқылы өтеді.

6. *Адаптант кезеңі* – бірнеше айдан 2-3 жылға дейін созылған кәсіби оқудың біту кезеңінен кейінгі мамандыққа кіру уақыты.

7. *Интернал уақыты* – бұл мамандыққа толық мәнді әріптес ретінде кіру, қалыпты деңгейде жұмыс істей алатын толық мәндегі әріптес ретінде мамандыққа кіру. Е.А. Климов бұл кезең туралы жұмыскер кәсіби ұжымға толық мәнді мүше ретінде кіреді де оны «өз адамы» деп есептейді.

8. *Шеберлік кезеңі* – бұл кезде жұмыскер туралы адамдар арасындағы жақсырағы деп айтуға болады, яғни жұмыскерлер арасында елеулі түрде ерекшеленеді.

9. *Беделдену кезеңі* – ол шебер, басқа жұмыскерлер арасында өз ісінің ең озық шебері болады. Әрине, әрбір бала мұндай дәрежемен мақтай алмайды.

10. *Жетекшілік кезеңі* – кез келген маманның ең жоғары деңгейі. Бұл кезеңнің қызығы сол маман тек өз саласының білікті маманы емес «Ұстаз» немесе «Шебер» деген маманға айналады. Ол өз шәкірттеріне ең үздік тәжірибесін бере алады және өз жан дүниесінің бір бөлшегін береді. Осылай кез келген маманның көтерілетін ең жоғары деңгейі – педагогикалық деңгей [5].

Кәсіби бағдар беру жөнінде жоғары сынып оқушыларымен жұмыс жүргізу нәтижесінде мектепті бітіру қарсаңында олардың көбісі мамандықты саналы таңдауға әзір, берік кәсіби талап-ниеттері болды. Кәсіби бағдар беру ісін жемісті жүргізуде мектептегі дәстүрлер мен оларды насихаттай білудің ерекше маңызы бар. Оқушылардың әртүрлі мамандыққа қызығуының дамуы олардың қоршаған дүние жайлы білім көлеміне және өмірге көзқарасына тығыз байланысты. Оқушылардың ынта-ықыласы мен бейімділіктерін зерттеу әдістемесі кешен болып, түрлі әдістерді қамтуы тиіс екендігі барынша айқын нәрсе: оқушылардың оқу және еңбек әрекетін бақылау олардың ынта-ықыласын айқындау, күштерін практикада сынау, арнайы оқу және еңбек тапсырмаларын орындау.

Мектептің кәсіби бағдар беру жөніндегі жұмысының бағдары мен мазмұнын едәуір дәрежеде жергілікті жағдайлар: өндірістік айнала, аса қажет деген мұқтаждық және оларды әзірлеу мүмкіндіктері белгілейді. Сонымен қатар, кәсіби бағдар беру ісін жоспарлағанда әрбір мектепте оқушыларды таныстыру қажет болатын кәсіптер тобы бар екендігін есте сақтау керек. Сондықтан оқушыларды мамандық таңдауға әзірлегенде олармен осы бағытта тәрбие жұмысын жүргізу қажеттігі туады. Кәсіби бағдар беру жұмысы жоспарында оқушылардың сауда орындарында еңбек етуін белгілей отырып, біз қоғамдық пайдалы еңбекке шамасына қарай қатысу мен нақтылы жұмыс

орнында жұмыс істеу олардың практикалық білік және дағдыларын қалыптастыруға жәрдемін тигізіп қана қоймай, сонымен бірге тәрбиелік сипаттағы бір қатар міндеттерді шешуге де мүмкіндік береді дегенді еске алдық: сауда саласындағы жұмысқа ынта-ықыласын ояту, жалпы еңбек коллективінде жұмыс істегенде қажет болатын кейбір мінез-құлық белгілерін тәрбиелеу (тәртіптілік, еңбексүйгіштік, жауапкершілік сезімі және т.б.).

Оқушыларды қызмет көрсету саласындағы мамандықтарды таңдауға әзірлеу жөніндегі жұмыста негізгі назар олармен жеке жұмыс жүргізуге аударылды. Жеке тәрбие жұмысы кәсіби бағдар беру жөнінде коллективтік шаралар өткізуді жоққа шығармайды. Оқу процесінде оқушыларды кәсіптермен таныстыру жөнінде жүйелі жұмыс жүргізу, кәсіптік ынта-ықыласын тәрбиелеп, дамыту – оқушыларды мамандық таңдауға әзірлеудің басты шарты. Мамандар, бұрынғы мектеп бітірушілер шақырылған сабақтар оқушыларға үлкен әсер етеді.

Мамандық таңдауға әзірлеуде оқушылар болашағын ойластыратын сабақтардың маңызы зор. Пән мұғалімдерінің кәсіби бағдар беру жөніндегі жұмысы кәсіп түрлерімен таныстырумен шектелмейді. Сөйтіп, оқыту процесі оқушыларды саналы түрде мамандық таңдауға даярлауға көптеген мүмкіндіктер береді. Оқыту барысында оқушыларды, олардың ынта-ықыласын зерттеп қана қоймай, сонымен бірге оқушылардың кәсіптік ынта-ықыласын дамыту жөнінде жеке жұмыс ұйымдастыруға болады. Бұл жұмысты іске асырудың басты шарты мұғалімді әзірлеу болып табылады; өз пәніне байланысты ең алдымен болашағы бар және қоғамға керекті басты кәсіптерді білу; кәсіби бағдар беру және оқушыларды зерттеу мәселелері жөнінде мұғалімдерге психологиялық-педагогикалық даярлық беру. Оқушыларға кәсіби бағдар беруде экскурсиялардың үлкен маңызы бар, экскурсия кезінде оқушылар нақтылы мысалдар арқылы мектепте оқылатын теорияның ауыл шаруашылық өндірісі практикасымен тығыз байланысты.

Жоғары сынып оқушыларына кәсіби бағдар беруде ауқымды және маңызды бөлімнің бірі – ата-аналармен жұмыс және кеңес беру мәселелері. Оқушылармен жұмыс істеу – кәсіби бағдар беру бағыттарының бірі, ал екіншісі ата-аналармен жұмыс істеу болып есептеледі: ата-аналар арасында түсінік жұмысын жүргізу, оларды балаларын еңбекке орналастыру және оқуға түсіру мүмкіндіктерімен таныстыру, ата-аналарды оқушыларға кәсіби бағдар беру ісіне белсене қатысуға тарту. Балаларының мамандықты таңдап алуына ата-аналардың өте үлкен ықпал жасауына орай, олармен жұмыс істеудің зор маңызы бар.

Жоғарыда айтылғандардан көрінгендей, кәсіби бағдар беру ісін анда-санда жүргізілетін бірнеше шаралармен немесе оқушылардың мектепті бітіріп шығу кезіндегі түсінік жұмысымен ғана шектеуге болмайды. Оқушыларды мамандықты таңдап алуға әзірлеу ісінде мектеп жетекші рөл атқаруға тиіс. Бірақ мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың қатысуынсыз мектеп жалғыз өзі кәсіби бағдар беру мәселелерін түгелдей шеше алмайды. Атап айтқанда, мектеп нақты мамандықтарға кәсіптік жарамдылығы жөніндегі мәселелерді шешуді өз міндетіне ала алмайды, өздігінен ауданның, қаланың кадрлар жөніндегі нақты қажетін анықтай ала алмайды, демек, нақты мамандықты таңдап алу мәселесі жөнінде егжей-тегжейлі кеңес бере алмайды. Мектеп кәсіпорындар үшін қызметкерлер таңдап алуды да жүргізе алмайды, оның үстіне мамандардың кәсіби бейімделуін қамтамасыз ете алмайды.

Сондықтан, мектеп кәсіби бағдар берудің мемлекеттік жүйесіндегі буын ретінде ғана қарастырылуы мүмкін. Біздің пікірімізше, екінші бір буын кәсіби бағдар беру жөніндегі жұмыстың мемлекеттік жүйесі болуға тиіс, бұл жүйе кәсіби ақпарат, кәсіби кеңес беру және еңбекке орналастыру қызметін қамтиды.

Біз қызметті құру кезінде оған кәсіпорындардың, транспорт, байланыс шаруашылықтарының, мекемелерінің, құрылыс ұйымдарын, мәдениет, қызмет көрсету саласының мекемелерін, арнаулы оқу орындарын белсене қатыстыру көзделуі керек. Бұлардың бәрі жас мамандардың толқынының келуіне тікелей мүдделі, сондықтан олардың бұл мәселеге самарқау қарауы, оқушыларға мектептің «бағдар» беруін күтіп отыруы дұрыс болмас еді.

Егер, кәсіпорындардың, мекемелердің, кәсіптік-техникалық (училище) колледждердің өздері жастарға кәсіби бағдар берумен белсенді айналысып, мектеп оқушылары үшін өз бөлімшелерінің есігін айқара ашқан. Оқушылармен жұмыс істеу үшін мектептерге таңдаулы мамандарын жіберген жағдайда ғана кәсіби бағдар беруден жақсы нәтиже күтуге болады. Мамандықты таңдап алу еңбектің белгілі бір түрлері жөнінде едәуір дәрежеде жұртшылық пікіріне байланысты. Оқу орнын бітіргенмен, жұмыс табылу қиын, табылса да жеке кәсіп ашып дербес танысу үшін көп уақытты қажет ететіні рас. Көбі қазір жеке кәсіпкерлікпен айналысқысы келеді. Бірақ, ол көбінесе өз мамандығынан жеке кәсіп ашу үшін ұзақ уақыт қыры-сырын білетін тәжірибе керек. Мысалы, мұғалімдік дипломды ала салып жеке мектеп ашу немесе жеке емхана ашу – шындыққа сай келмейді.

БАҚ-тың рөлі ең алдымен, сірә, мынада болса керек: халық шаруашылығы үшін неғұрлым қажетті мамандықтар жөнінде қоғамдық дұрыс пікірді қалыптастыруда, оларды халық арасына таратуда, оған жастарды қызықтыруда болуға тиіс. Осы бағытта істелетін жұмыстар – әзірге жасқана жасалатын ұмтылыстар. Қызмет көрсету саласы, сауда, қоғамдық тамақтандыру, құрылыс, ауыл шаруашылығы мамандықтары, әскери мамандықтар жөнінде флешмобтар әзірленіп, жақсы роликтер таратыла бергені жөн.

Кәсіби бағдар беру ісі еңбекке орналастыру мәселелерімен және кәсіптік оқу орындарына адам алу жоспарларымен тығыз байланысты. Кәсіби бағдар беру жөніндегі жұмыстың мемлекеттік жүйесі кәсіптік консультация мекемелері болуын да көздеуге тиіс. Кәсіби бағдардан кеңес беру – әр адамға мамандықты таңдап алу жөнінде ғылымға негізделген кеңес беру, оған халық шаруашылығы үшін керекті мамандықты ұсынып қана қоймай, сонымен бірге оның бейімділігіне, денсаулығына сәйкес мамандықты да ұсыну.

Қорытынды.

Кәсіби бағдар жөнінде кеңес берудегі ұйымдасқан жұмыстың болмауы мамандық таңдауда қателіктерге соқтырады. Себебі, мектеп бітірушілер таңдаған оқу орнының оған түсушілерге қоятын талаптарын, оқу жағдайларын, арнаулы оқу орнын бітіргеннен кейін жұмыс істеуге тиісті мамандық пен кәсіптің бағыт-бағдарын жете біле бермейді. Аталынған жұмыста кәсіби бағдар беру мақсатында ерекше маңызы бар болып отырған оқушылардың зерттелу мәселелерін қарау міндеті қойылған. Сол себепті кәсіби бағдар үшін оқушының жеке басының іскерлікпен бағытталуының ерекше маңызы бар, өйткені ол оның құрмет тұтатын жұмыстары және қызмет түрлері туралы пікір айтуға мүмкіндік береді. Бұл оқушыларды мамандық таңдауға даярлау өздігінен атқаратын жұмыс дағдыларын тікелей қалыптастыруға байланысты.

Жоғары сынып оқушыларының өздігінен жұмыс істеу дағдыларының болмауы кәсіби бағдар беру ісін қалыптастыру үшін айтарлықтай қиындық келтіреді. Мамандық таңдауға даярлау мақсатында оқушыларды зерттеу кезінде мамандық таңдау және тиісті даярлық алу жолында олар да ескеріліп отырылатындықтан мінез-құлықтың да (принципшілдік, тәртіптілік, еңбексүйгіштік, табандылық, көпшілдік және т.б.) кейбір белгілеріне көңіл бөлудің маңызы зор. Кәсіби бағдар беру мақсатында оқушыларды зерттеу мәселесіне мектеп дәрігері де қатысуы заңды. Кәсіптік кеңес беру мамандық таңдауда әрбір оқушыға берілетін көмекті қамтамасыз ететін кәсіптік бағдар жүйесінің бірі ретінде мүмкіндік жасайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
2. Пряжников Н.С. Профориентация в школе и колледже: игры, упражнения, опросники.-М: «Вако». 2006.
3. Саудабаева Г.С. Вопросы практической профессиональной ориентации// Технология. -2004. - №2. с. 63-64.
4. Құсайынов А. Мектеп реформасы. Дамыған елдер тәрибесі. //Егемен Қазақстан, 23 маусым, 2005.
5. Климов Е.А. Психология профессионального самоопределения. -Ростов-на Дону: Феникс,1996.

ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕР АРҚЫЛЫ МЕКТЕПКЕ ДАЯРЛЫҚ ТОБЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

С.С. ЕРНАЗАРОВА
Р.М. ИМАЛОВА
А.С. РАХМАТУЛЛА

Түйіндеме:

Қазіргі мектепке дейінгі білім беру жағдайындағы білім берудің ұлттық үлгісіне оқыту мен тәрбие берудің соңғы әдіс-тәсілдерін, интербелсенді әдістерді игерген, психологиялық, педагогикалық жұмыста қалыптасқан, нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жолын салуға икемді, шығармашыл педагог болуды талап етеді. Сол себепті мектепке дейінгі ұйымдарда интербелсенді әдістер арқылы оқыту тәжірибесіне енгізілуде. Қазіргі заман ағымына байланысты балалардың тілін дамытуға жаңа талаптар қойылуда.

Осыған орай, бұл мақалада интербелсенді әдістер арқылы мектепалды даярлық тобындағы балалардың тілін дамытудың негіздері, тілін дамытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер мен тілін дамыту жолдары қарастырылады.

Кілт сөздер: тіл дамыту, мектепке дейінгі ұйым, интербелсенді, мектепалды даярлық тобы, әдіс-тәсілдер, құзыреттілік, коммуникативтік құзыреттілік.

METHODS OF DEVELOPMENT OF THE LANGUAGE OF CHILDREN IN THE PREPARATORY GROUP BY INTERACTIVE METHODS

Abstract:

The national model of education in the context of preschool education requires the use of new methods of teaching and learning, the use of interactive methods, a flexible, creative teacher capable of building an egocentric path in practical, psychological and pedagogical work. That is why they are being introduced into interactive teaching methods in pre-school organizations. New requirements for the development of the children's language are introduced in the context of current trends.

In this regard, this article will consider the theoretical foundations of language development using interactive methods of preschool preparation, methods and methods of development of language development.

Key words: language development, pre-school organization, interactive, preparatory group, methods, competence, communicative competence.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі қазіргі таңда өзгермелі талаптар мен қажеттіліктерді қанағаттандыра отырып, әлемдік білім кеңістігіне бетбұрыс жасауда.

Елбасы Н.Назарбаев Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде оқыған «Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына» атты лекциясында осы мәселені айқындай отырып, былай деп айтқан еді: «Жеке тұлғаны функционалдық әзірлеу тұжырымдамасынан жеке тұлғаны дамыту тұжырымдамасына көшу жүріп жатыр. Жаңа тұжырымдама білім берудің даралық сипатын көздейді, ол әрбір нақты адамның мүмкіндіктерін және оның өзін-өзі дамытуға қабілеттілігін ескеруге мүмкіндік береді»[1]. Бұл міндетті жүзеге асырудың алғашқы сатысы мектепке дейінгі ұйымдар болғандықтан, балабақшаларда балалардың тілін дамытуда интербелсенді технологияларды тиімді қолдану қажеттігі туындайды.

Қазақстан Республикасының «Орта білім беруді дамыту» тұжырымдамасында: «Әрбір баланың жеке тұлғалық қасиеттерін ашу, оның мүмкіншілігін, өмірдегі мәнін көрсету арқылы білімге тереңірек ұмтылуына, сондай-ақ ізденісіне, бейімділігіне көмек беру, жағдай туғызу және оған өмір сүру үшін жаңа рухани күш беру – білім берудің түпкілікті мақсаты» екендігі айқындалған [2]. Осы мәселелерге сәйкес мектепке дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің басты мақсаты – баланың жеке тұлғалық мүмкіндіктерін жүзеге асыру үшін барлық жағдайды тудыру, баланың даралығын ашу, оның айқындалуына, дамуына, тұрақтануына көмек беру. Әрбір бала қайталанбайтын, ешкімге ұқсамайтын даралық ретінде қалыптасуы тиіс.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтармен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау,

оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» делінген [3]. Қазіргі мектепке дейінгі білім беру жағдайындағы білім берудің ұлттық үлгісіне оқыту мен тәрбие берудің соңғы әдіс-тәсілдерін, интербелсенді әдістерді игерген, психологиялық, педагогикалық жұмыста қалыптасқан, нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жолын салуға икемді, шығармашыл педагог болуды талап етеді. Сол себепті мектепке дейінгі ұйымдарда интербелсенді әдістер арқылы оқыту тәжірибесіне енгізілуде. Қазіргі заман ағымына байланысты балалардың тілін дамытуға жаңа талаптар қойылуда.

Тіл дамыту деп – балалардың сөздік қорын байытуға, мағынасын түсініп, сол сөздерді дәл қолдана білуге, өз ойларын, пікірлерін екінші біреуге жеке сөйлемдер арқылы логикалық, композициялық тұтастығын сақтай отырып, жүйелі түрде әңгімелеу арқылы ауызша, жазбаша дұрыс білдіруге, яғни «нәрсенің жайын-күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айтып беруге» үйрету жұмыстарын айтамыз. Тіл дамыту оқу іс-әрекетінің мақсаттары алдына келесі міндеттерді қояды. Олар: -балалардың бақылағыштық, ойлау қабілеттері мен тілін, дүние танымын дамыту, әр нәрсені салыстыра талдап, жинақтап, жалпылап, нақтылап, салыстыру негізінде балаларды өз беттерімен қорытынды шығара білуге үйрету; -бала бойында қазақ тілі нормасына сай, өз сезімін, ойын дұрыс айтып, жазып бере алатындай дағдылар қалыптастыру; -балаларды ана тілін сүйуге, оның алтын қорын, тамашы сырлы, көркем де нәзік сөз байлығын қолдана білуге, оны сезініп құрметтей білуге баулу; -балалардың ауызша және жазбаша тілін дамытуға септігі тиетін жұмыстардың оңай да тиімді түрлерін іріктеп алып, ұсыну. Осы міндеттерді жүзеге асыруда интербелсенді әдістер арқылы балалардың тілін дамытудың ерекшеліктеріне тоқталайық.

Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудың психологиялық құрылымы және оған ақпараттың ықпал ету заңдылықтары Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейн, Б.Г.Ананьев, Л.И.Божович, А.В.Запорожец, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов, А.Н.Леонтьев, В.С.Мухина, А.Люблинская, Т.Тәжібаев, А.Темірбеков, М.Мұқанов, С.М.Жақыпов, Х.Т.Шерьяданова т.б. психологтардың еңбектерінде зерттелген.

Мектепке дейінгі балалардың тілін дамыту мәселесіне арнайы зерттеу жүргізген: Н.Құлжанова, Б.Баймұратова, Қ.Мендаяқова, А.С.Амирова, А.Меңжанова, Б.А.Бақреденова, К.М.Метербаева, Қ.Атыманова, Х.Қожахметова және т.б. ғалымдардың еңбектері бүгінде тәжірибеде әдістемелік тұрғыда басшылыққа алынууда.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесі қазіргі уақытта ТМД елдерінің бірқатарында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиенің педагогикалық ерекшеліктері К.Д.Ушинский, Н.И.Жинкин, А.П.Усова, Е.И.Тихеева, Ш.Н.Алиева, Г.И.Щукина, Н.Ф.Талызина, В.Г.Нечаева, Е.А.Флерица, А.М.Бородич, Л.П.Федоренко еңбектерінде талданып көрсетіліп, қазіргі таңдағы мектепке дейінгі педагогикада басты орын алады.

Оқыту үдерісінде интербелсенді әдістерді қолданудың педагогикалық мүмкіндіктері және балалардың танымын дамытуда О.В.Даниленко, О.Б.Тыщенко, А.П.Гришаева, О.Р.Ельмикеев, Ю.М.Васина, Д.С.Байғожанова, А.Б.Ибашова, А.Б.Медешова, Г.Ж.Нұрбекова, К.Қ.Канафиева, А.Х.Алимов т.б. ғалымдардың зерттеулерінде орта және бастауыш мектепте интербелсенді әдістерді қолдану әдістемесі зерттеліп, балалардың қызығушылығын қалыптастыру мүмкіндігі ішінара қамтылған.

2011-2020 жылдарға арналған жалпы білім беруді дамыту бағдарламасында интеллектісі жоғары, дене бітімі түзу, рухани жағынан дамыған Қазақстан Республикасының азаматын қалыптастыру, еліміздің экономикалық әл-ауқаты үшін бәсекеге қабілетті адами капиталды дамыту мәселесі қарастырылды. Бұл бағдарламада: «мектепке дейінгі оқыту бағдарламасы баланың жеке тұлғасын қалыптастыруға, жеке қабілетін ашуға және дамытуға бағытталып, оның қарапайым тілдік қарым-қатынас тәжірибесін, шығармашылықпен өзін-өзі көрсетуін қалыптастыру қажеттігі» көрсетілген [4]. Осы міндетті жүзеге асыруда балабақшада оқу іс-әрекетінде интербелсенді әдістер арқылы балалардың тілін дамыту негізінде қарапайым тілдік қарым-қатынас тәжірибесін қалыптастыруға болады.

Жасалған ғылыми әдістемелік талдаулар бүгінгі ақпараттық қоғамда мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың тілін дамытуда интербелсенді әдістер мен педагогикалық технологияларды қолдану қажеттігі туындап отыр.

Бұл, әрине, өз кезегінде интербелсенді әдістердің тиімділігін айқындайтын теориялық талдаулар жасауды қажет етеді. Қазіргі кезде мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелерінің бірі – нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін интербелсенді әдістерді қолдана отырып, балалардың тілін дамыту арқылы мектепке дайындау мәселесі.


Интербелсенді сөзі – ағылшын тілінен аударғанда, inter – аралық, бірнеше, action – әрекет дегенді білдереді. Өзара әрекеттестік әдетте, белгілі бір мәселені шешу, ол шешімнің тиімділігі туралы әңгімелеу, талқылау түрінде өтеді [5].

Педагогикалық энциклопедияда: «Интербелсенді» жеке индивидтердің, жұптың, топтың өзара біріккен әрекетте бір-біріне алма-кезек әсер ету. Ол екі жақты әрекет, яғни А кейіпкер іс-әрекеті, Б кейіпкерге әсер етсе, ал ол өз кезегінде іс-әрекетімен А кейіпкеріне әсер етеді [6].

Интербелсенді әдістер тәрбиеленушілердің басқа балалармен, тәрбиешілермен диалогқа кіруімен, шығармашылық тапсырма орындаумен, оқытудың «субъект» ретінде сипатталады. Педагогтың ұстанымы ауысады: ол балаларға басшы емес, білім беру іс-әрекетінің тең қатысушысы.

«Интербелсенді әдістер» түсінігінің мағынасы «әдіс» және «интербелсенді» түсініктерден құрылады. Әдіс – педагогикалық міндеттерді шешу үшін педагог және қатысушылардың мақсаты өзара байланыстарының тәсілі. «Инеркация» түсінігінде екі қосындыны бөлуге болады: «интер» - арасында, «акция» – біреулердің арасындағы нығайтылған іс-әрекет. Сонымен, интербелсенді әдістер педагогикалық үдерістің қатысушыларының нығайтылған педагогикалық өзара байланысы, өзара ықпалы [7]. Бұл әдістер оқытудағы тұлғалық-бағдарлы тәсіліне сәйкес келеді.

Интербелсенді әдіс үдерістің барлық субъектілерінің белсенді әрекеттестігін тұспалдайды. Тәрбиеші бұл жерде балалармен білімді «игеру» үдерісін ұйымдастыратын позицияда болады. Бұл үдерістің барысында олар бір-бірімен өзара әрекеттесу, қатынасу, ойлап шығару, бойында бар тәжірибені қолдану керек.



Интербелсенді әдістер балалардың өзара қарым-қатынасы мен өзара әрекеттестіктеріне құрылады. Мұндай қарым-қатынас қоғамдық қалыптасқан мінез-құлық пен әлеуметтік нормаларға негізделеді. Өзара қарым-қатынастық әрекеттер мен балалардың өзара әрекеттестігімен реттеледі. Сонымен, интербелсенді әдістер арқылы белсенділік танытатын бала ақпарат алмасу үшін ғана емес, серіктесімен бірлескен әрекетті іске асыруда ортақ шешімі.

Н.И.Жинкин мектептегі тіл дамыту жұмысының негізгі қиыншылығы туралы: «Сабақтағы жағдаят табиғи коммуникативті сөйлеу. Бұл кемшіліктен құтылудың бір жолы бар. Баланың қарым-қатынасқа түсуге қажеттігін тудыру» - деп көрсеткен [8].

Интербелсенді әдістерді педагогикалық үдерісте пайдалануды зерттеген ғалымдар В.С.Агеев, Г.М.Андреев, Б.Ф.Ломов, Л.И.Уманский, Р.Х.Шакуров, А.И.Донцов және т.б. атауға болады.

В.С.Агеевтың пайымдауынша, интербелсенді әдістер біріккен әрекетті ұйымдастыру формасы ретінде тілдік қарым-қатынаста негізгі компонент ретінде қарастырылады, өйткені ол көп жағдайда коммуникация сипаттамасына сай келеді. Интербелсенділікті сөз әрекетінің тұрғысынан қарастыратын болсақ, онда төмендегідей элементтерді ажыратуға болады: бір-бірімен өзара әрекетке түсуші балалар, бірлескен әрекет мақсаты, нысаны, құралы, тілдік белгілерін жатқызады [9]. Автордың пікірін қорытатын болсақ, интербелсенді әдістер арқылы мектепке дейінгі ұйымдарда тіл дамытудан ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде интербелсенді әдістерді қолдану арқылы балалардың өзара бірлесіп әрекетету барысында оның элементтерін толықтай пайдалану қажет деп санаймыз.

Б.Ф.Ломовтың пікірінше, бір индивидтің ойында пісіп, жетіліп тұрған пікір, келесінің айтылымында, оның орындауында көрінеді және бұл әрекеттің жемісін бір адам ғана емес, жұп, топ, бірлесіп көрсетеді. Интербелсенді әдістер балалар арасындағы әрекеттің диалогқа құрылуын, субъектілердің белсенділігін, олардың бірігіп әрекет етуін қамтамасыз етеді [10]. Ғалымның пікірін түйіндейтін болсақ, тіл дамытудан ұйымдастырылатын оқу іс-әрекетінде интербелсенді әдістерді пайдалануда балалардың топтық тапсырмаларды орындауына баса назар аудару жөн деп есептейміз.

Л.И.Уманский интербелсенді әдіс коммуникацияға, танымдық әрекетке жақсы ықпал етеді. Мұғалім жеке оқушыға көп көңіл бөле алады, өйткені оқушылардың барлығы белгілі бір іспен айналысады. Бірігіп оқуға әрекет етуге тән ерекшеліктер (мақсат пен міндеттің ортақ болуы, ол жердегі жеке оқушының жауапкершілігінің болуы, нәтижеге жетудің бәріне бірдей мүмкін болуы)

мұғалімге әрбір оқушының әрекетінен хабардар болуға, әрбір оқушыға көңіл бөлуге және қажет болған жағдайда көмек беруге мүмкіндік туғызылады. Ал бұл сыныптық жүйе шартындағы әрбір оқушыға бағытталған интербелсенді әдіс болып табылады, - деп ой қорытады [11]. Автордың пікірін қорытындылайтын болсақ, балабақшаның ересектер тобында тіл дамытудағы әрбір жаңа тақырыпты өтуде танымдық әрекетті ұйымдастыруда интербелсенді әдістерді қолдану арқылы әр баланың тілін дамытуға өз ойын еркін жүйелі жеткізуге, жаңа материалды түсінгенін оны бекітуге арналған тапсырманы орындауынан, сөздің мағынасын, мәнін ашудағы пікіріне баға беруде өздерін өздері бағалауға жеткізу және т.б. іске асырылу қажет.

Қазақстандық ғалымдардан интербелсенді әдістерді қолдануды ғылыми-педагогикалық және әдістемелік тұрғыда әр қырынан зерттегендер: А.Х.Әлімов, М.Мукашева, Г.Ж.Нұрбекова, К.Қ.Қанафиева және т.б.

Қазақстандық ғалымдардың ішінен А.Х.Әлімов «Неліктен бүгінгі күні оқытуда интербелсенді әдістемені қолдану керек?» деген мәселенің бірнеше себебін анықтаған:

– *Динамика – қазіргі әлем дамуының негізгі сипаты*, яғни индустриалдық кезеңнен постиндустриалдық кезеңге өтуі. Бұл заманның бұрынғы тұрақтылық жағдайының тұрақсыздық пен болжаусыздыққа, динамика мен өзгерістерге ауысуымен түсіндіріледі.

– *Ақпараттың мейлінше өсуі*. Бүгінгі күні ақпарат әрбір төрт жылда 25 % -ға ескіріп отырады. Ақпарат әр салада әрбір төрт жылда екі есеге ұлғайып отырады. Ақпарат дамуының мұндай қарқыны сақталатын болса, онда болашақта ақпарат әрбір 76 күнде екі еселенетін болады. Олай болса, білім игерудің мазмұны да өзгеру үстінде.

Қазіргі заманғы ақпараттың орасан зор мөлшері (кітаптар, интернет т.б.) адамнан бұрынғыдай мағлұматты іздестіріп қана қоймай, қажетті мәліметті таңдауды, игеруді, оны қажетіне жаратып, пайдалануды талап етеді.

– *Ақпараттық коммуникациялардың жаңа формалары*. Жыл сайын коммуникациялық жаңа құралдардың, технологиялардың көбеюі (ұялы байланыс, планшет, iphone, iPad т.б.) оқытуда қазіргі белсенді түрде қолданып жүрген әдіс-тәсілдеріміз, құралдарымыз бірер жылдан соң, тіпті айлардан соң бүгінгі күн талабына сәйкес келмей қалуы ықтимал.

– *Адам қоғамынан қызмет көрсету қоғамына айналуы*. Қазіргі қоғамда тауар өндіру саласында жұмыс жасаушылар 15% ғана, қалған 85 % -ы қызмет көрсету саласында жұмыс жасайды. Мұның ішіне, әрине, білім беру саласының мамандары да кіреді. Ал бұл мамандарға қандай білім, білік, дағды қажет? Кез-келген адаммен тіл табыса алатын қарым-қатынас құзыреттілігі қажет. Ал бұл құзыреттілікті бала жастан қалыптастыруға, өмірде өз орнын табуға оқытудағы интербелсенді әдістердің ықпалы зор.

– *Қоғамдағы тұлға рөлінің өсуі*.

Бүгінгі мектептің мақсаты – өзінің үздіксіз білім алуына және өз бетімен дамуына бағытталған азаматты тәрбиелеу. Дәстүрлі білімділікке бағытталған оқыту жаңа қоғамдық сұраныстарды қанағаттандыра алмайды. Сондықтан, өмірде өз орнын анықтай алатын, дербес, белсенді, үнемі даму үстінде болатын шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу үшін интербелсенді әдістер қажет.

– *Зияткерлік өзгерістер*. Адам миының орташа есеппен тек 3% -ы ғана жұмыс істейтін көрінеді. Олай болса мидың мүмкіншіліктерін бұрынғыдан тиімді пайдалану адамзаттың негізгі міндеттерінің бірі болып отыр. Ал оған бізге оқытуда интербелсенді әдістер көмектеседі.

– *Білім жүйесіндегі өзгерістер*. Қайталау мен жаттауға негізделген репродуктивтік білімнен түсіну, қолдану, талдау, жаңа мазмұн құрастыру немесе бағалау сияқты белсенді әрекетті жүзеге асыратын конструктивті білімге ауысу қажет.

– *Мақсаттың өзгеруі: зияткерлі (парасатты, интеллектуальды) тұлғадан рефлексиялық тұлғаға көшу*. Тұлғаның тек білімді болуы жеткіліксіз, қазіргі кезде өзін-өзі бағалай алатын, өзіне-өзі есеп бере алатын, өзінің қабілеті мен мүмкіншіліктерін қолдана алатын жауапкершілігі жоғары тұлға қалыптасуға жағдайлар жасалуы тиіс [12].

Автордың ұсынған дәлелді себептері оқытудың интербелсенді әдістерін тек жоғарғы оқу орындарында ғана емес, білім берудің барлық деңгейінде қолдануға болатынын көрсетеді.

Интербелсенді оқыту әдістері тұлғаралық қарым-қатынасқа негізделе отырып, «жеке тұлғаны дамытуға бағытталатын» қазіргі білім беру парадигмасын қанағаттандырады. Сонымен бірге, сапалы білім алудың алғышарттары болып табылатын таным белсенділігі мен ізденіс дербестігін қалыптастырып қана қоймай, ары қарай дамытады.

Сонымен, интербелсенді оқытудың артықшылықтары:

- баланың жеке өздігінен ізденуіне мүмкіндік беріледі;
- топтасып оқып үйренуге жағдай жасалады;
- өзін-өздері бағалауға үйренеді;
- белсенді оқу іс-әрекеті барысында білім алады.

Интербелсенді әдістерді қолдану барысында мектепке дейінгі жастағы балада келесі құзыреттіліктер қалыптасады:

- өзінің эмоционалдық жағдайын әртүрлі оқиға арқылы білдіретін денсаулықты сақтау құзіреттілігі;
- сөздік шығармашылықта және пікір айтуда, қарым-қатынаста өзара әрекеттестікті орнату үшін ауызша коммуникация құралдарын қолдану арқылы коммуникативті-тілдік құзыреттілік;
- ойды іске асыру, себепті-тергеулі байланысты құру, эксперименттер, сұрақтарды қою, қоршаған ортаға қызығушылық таныту арқылы танымдық құзыреттілік;
- тілдің мәнерлі құралымен жеке көркем бейнелерді құру және көркем туындыларға өзінің қатынасын білдіретін шығармашылық құзыреттілік.

Заманауи педагогикадағы интербелсенді әдіс-тәсілдер молдығымен бай. Олардың ішінен мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыста қолданылатындары:

- шығармашылық тапсырмалар;
- кіші топтардағы жұмыс;
- пікірталас;
- жаттықтыратын ойындар (сюжетті-рөлдік, рөлдік, еліктеу ойындары);
- эвристикалық әңгіме әдісі;
- жоба жасау (жобалар әдісі);
- қоғамдық ресурстарды, әлеуметтік жобалар және оқытудың басқада әдістерін қолдану, мысалы, видеофильмдерді көру және талқылау, экскурсиялар, қойылымдар, көрмелер;
- шығармашылық ойлаудың әдістері («миға шабуыл»);
- тренингтер және т.б.

Тілді оқытуда американ оқытушылары **А.Эллис, Д.Фоутс** ұсынған *тереңдету әдістері* қолданылады. Бұл әдіс конструктивизм деп аталатын таным теориясына тереңдеп енді. Оның негізгі идеясы – барлық білім таным субъектісіне құрылады және сондықтан да жеке құбалыс болып табылады.

С.Н.Лысенко дайындаған *озық оқыту әдісі* көптеген жылдар бойы бастауыш мектептерде оң нәтиже берді. Оның басты компоненттерінің бірі – оқушылардың сабақтағы еңбегін ұйымдастырудағы маңызды сәт болып саналатын түсіндірмелік басқару болып табылады.

Интербелсенді әдістердің бірі *іскерлік ойын* тәрбиеші іс-әрекетінің пәндік және әлеуметтік мазмұнын дүниеге әкелудің, аталған тәжірибе түріне қатысты қарым-қатынас жүйесін модельдеудің формасы.

Интербелсенді әдіс ретінде іскерлік ойын мынадай шарттар негізінде іске асырылады:

- 1) жаңа білімді игеру баланың іс-әрекетіне бағытталады;
- 2) оқу іс-әрекеті топтық, ұжымдық сипатқа ие болады;
- 3) баланың тұлғалық дамуы екі түрлі нормаға сай жүреді: компетентті пәндік іс-әрекеттердің және ұжымның әлеуметтік қарым-қатынас нормаларына. Іскерлік ойындарда ойыншының мотивация, қызығушылық, эмоционалдық деңгейі мақсатты көздеу мен мақсатқа жетудің көптеген шарттарына байланысты болады.

Тіл дамыту сабағында интербелсенді әдістерді пайдалануда тәрбиеші төмендегідей міндеттерді жүзеге асыру қажет деп санаймыз:

- тәрбиешінің педагогикалық кәсіби іс-әрекетіне деген сенімділігі, шығармашылық шеберлігі;
- балалардың тұлғалық-бағдарлы дамуының ескерілуі;
- оқу үдерісінің кез-келген кезеңіндегі бала дайындығының іске асырылуы мен кепілділігінің міндеттілігі;
- интербелсенді әдістерді пайдаланылатын педагогикалық ақпараттың міндеттілігі;
- балалардың білімді меңгерудегі танымдық қызығушылығы мен қажеттілігінің ескерілуі;
- балаларды өздігінен қорытынды жасауға, белсенді іс-әрекетке баулу;
- оқу үдерісін жобалағанда іс-әрекеттің, оқу материалы мен оқыту материалының дәлелділігінің бірлігі;
- оқу іс-әрекетін ұйымдастыру үдерісінің ойын технологиясы негізінде іске асырылуы;
- балалардың шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруды ұйымдастыру және нәтижеге жеткізу.

Тіл дамыту оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда интербелсенді әдістерді қолдануға қойылатын талаптар айқындалды:

- интербелсенді әдістерді қолдану арқылы қоршаған ортада көргендерін өздігімен әңгімелеп, өмірмен байланыстыру;

- интербелсенді әдістерді қолдану арқылы оқылған әңгіме, ертегі, тақпақтарды түсінігі бойынша өз сөзімен және әдеби тілде айта білу;
- интербелсенді әдістерді қолдану арқылы белсенді сөздік қорына енген сөздерді қажетіне қарай күнделікті іс-әрекетке пайдалана беру;
- интербелсенді әдістерді қолдану арқылы жаңадан меңгерген сөздерді белсенді сөздік қорына енгізу;
- интербелсенді әдістерді қолдану арқылы сурет сериялары бойынша өз шығармашылығымен әңгіме құрастыра білу;
- интербелсенді әдістерді қолдану арқылы заттардың аттарын, қасиеттеріне, белгісіне қарап ажырату; - монологты және диалогты сөйлеудің екі түрін пайдаланып, оқылған шығарманы баяндау;
- жалпы және жеке ұғым туралы түсініктерін жетілдіру;
- оқылған шығарма, ертегі, көрген мультфильмдегі басты кейіпкерлерді ажыратып, олар туралы өздігінен қорытынды жасау;
- тіл дамыту дәптеріндегі тақырыптық жүйемен берілген тапсырмаларды орындай білу;
- тіл дамытуда мимика, ыммен сөйлесу, ымдап сөйлегенді түсіну;
- дыбыс аппараты мен артикуляцияны дамыту жаттығуларын орындау;
- антоним, синоним сөздерді бір-бірінен ажыратып, қажетіне қарай күнделікті тұрмыста пайдалану;
- ұлттық салт-дәстүр, өнер, камзол, тақия, текемет, сырмақ, т.б. байланысты сөздерді меңгерту;
- тілдегі дыбыстарды анық, таза, дұрыс айтып, бір-бірінен ажырата білу;
- дауысты, дауыссыз дыбыстардың ерекшелігін біліп, дыбыстарды бөлінуін (қатаң, ұяң, үнді - үнсіз) т.б. ажырата білу;
- тіл дамыту дәптері мен әдістемелік нұсқаудағы сабақтастықты басшылыққа алу;

ҚОРЫТЫНДЫ.

Мектепке даярлық тобындағы балалардың тілін дамытуда «интербелсенді әдістердің» түрлерін пайдалану, біріншіден, балалардың білімін берік меңгерту құралы болса, екіншіден, балалардың сабаққа деген қызығушылығын, белсенділігін арттырады, үшіншіден, байланыстырып сөйлеуге, сөйлеу мәдениетіне, пікірін ашық айтуға жеткізеді, төртіншіден, шығармашылықпен әңгіме құрастыруға өз ойын жүйелі жеткізуге үйренеді. Сондай-ақ, мектепалды даярлығында оқу іс-әрекетінде интербелсенді әдістер арқылы балалардың тілін дамыту талаптары айқындалып, ол тәрбиешілердің интербелсенді әдістерді жетік меңгеруін талап етеді. Өйткені, бүгінгі қоғамдық сұранысқа жауап беретін мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтары инновациялық технологиялармен қатар интербелсенді әдістерді де саралап ұйымдастырылатын оқу іс-әрекетінің мақсатына сәйкес қолдану әдістемесін жетік білуі тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың Гумилев университетінде сөйлеген сөзі. – Астана, 2007.
2. Қазақстан Республикасының «Орта білім беруді дамыту» тұжырымдамасы. – Алматы, 2002.
3. ҚР «Білім туралы» Заңы. Мемлекеттік жалпыға міндетті жалпы орта білім беру стандарты «Негізгі ережелер» ҚР МЖБС 2.003. – Астана, 2008.
4. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы – Астана, 2010.
5. Қазақ-кеңес энциклопедиясы – Алматы, 1989 ж, 284б.
6. Түймебаев Ж.К. и др. Энциклопедический словарь. Образование и наука – Астана 2008, 448б.
7. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Халқына Жолдауы. 2012 жылғы 14-желтоқсан «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // Индустриальная Караганда - № 159-160 15-желтоқсан 2012 ж, с.51-33, 34
8. Жинкин Н.И. Развитие письменной речи учащихся III-VIII классов // -8 М.: АПН. РСФСР, 1956. Вып.78, С. 141-250.
9. Агеев В.С. Межгрупповое взаимодействие: социально-психологические проблемы. Автор, Издательство Московского университета, 1990.
10. Ломов Б.Ф. «Қарым-қатынас мәселесі» - М., 1981ж.
11. Уманский Л.И. Типы совместной деятельности М., 2005.
12. Алимов А.Х. Интербелсенді әдістемелік нұсқаудағы сабақтастықты басшылыққа алу. Оқу құралы. Алматы, 2013.

МЕКТЕПТЕГІ СПОРТТЫҚ-КӨПШІЛІК ЖӘНЕ ШЫНЫҒУ-САУЫҚТЫРУ ҚЫЗМЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

аға оқытушы **А.К. ЕСЕЛЬБАЕВА**
п.ф.к., акад.профессор **Д.Р. АБДЫКАДЫРОВА**
п.ф.м., оқытушы **М.Ж. БУРКИТБАЕВА**

Түйіндеме:

Оқушылардың дене тәрбиесінің негізі үрдісі ретінде, дене шынықтырудың барлық маңыздылығына қарай, күнделікті дене жаттықуларының ролі айрықша, сондықтан шынығу-сауықтыру және спорттық-сауықтыру жұмыстарын салауатты өмір салты арқылы қалыптастыру. Оқу орындарындағы осы жұмысқа назар аудару келесі себептерге байланысты: балалардың денсаулығының нашарлауы, аудиторияда жұмыс істеуін жоғарылату, әрекетсіздік.

Түйін сөздер: салауатты өмір салты, қозғалыс белсенділігі, даму және жетілдіру, қалыптас-тыру.

FORMING SPORTS AND MASS AND PHYSICAL AND HEALTH ACTIVITIES IN SCHOOL

Abstract:

For all the importance of physical culture, as the basis for the process of physical education of pupils, physical culture, health and sports-mass work have an exclusive role in involving daily exercise and healthy lifestyles. Increased attention to this area of work in educational institutions is due to the following reasons: deterioration of children's health, increase in classroom occupancy.

Keywords: healthy lifestyle, motor activity, development and improvement, formation, definition

Қазақстан қоғамын қайта құру тұрғысында балалар мен студенттердің денсаулығының жай-күйі жайлы өткір сұрақтар көп. Адамзат денсаулықты сақтау мен нығайту проблемасын тануға әрқашан да ұмтылып келді, себебі денсаулықсыз толыққанды өмір сүру мүмкін емес. Денсаулық жақсы болған кезде оны сезіне білмейміз, ал денсаулықты жоғалтып алған кезде ауру күйі пайда болады да, ауру ағзаның жайсыз күйі туралы үнемі белгі беріп отырады.

Спорт, дене шынықтыру, салауатты өмір салты балаларға өмірдің жаңа жағдайларына бейімделуге көмектесетін сенімді қорғаныс болуы керек, қоршаған ортаның үздіксіз нашарлауына қарсы болады. Бұл, өз кезегінде, балалар мен жастарға өздерінің денсаулығын саналы нығайту және физикалық жетілдіру туралы құндылық бағдарлар мен ойлауды қалыптастыруға сұранысты белсендіреді.

Денсаулық жағдайы адам өмірінің барлық салаларында көрініс табады. Адамның көптеген өмірлік әрекеттерінің толықтығы мен қарқындылығы денсаулық деңгейіне тікелей байланысты. Республикада балалар мен жасөспірімдерде жалпы сырқаттанушылық деңгейі жоғары, асқазан-ішек жолдарының, көру органдарының және жүйке жүйесінің ауруларының өсу тенденциясы байқалады, бұл материалдық-техникалық базаның және мектеп мекемелерінің санитарлық-гигиеналық жай-күйінің нашарлауының салдары болып табылады.

Қазіргі заманғы адамзат қоғамның және жеке тұлғаның мәдениеті дене шынықтырудың дамуымен толықтай алмайтындығын барған сайын түсінеді. Ұлттың сауығып жақсаруы күресуінде дене шынықтыруға халық денсаулығының құрамдас бөлігі жатады. Жас ұрпақтың денсаулығына жағымсыз әсер ету тізімі өте үлкен. Қазіргі жағдайда жасөспірімдердің денсаулығын жақсартуға немесе олардың денсаулығын тек дене белсенділігі арқылы ғана нығайтуға болады. Біз алдымен денсаулығына зиян келтірдік, сабақтарда және үйде көп жүктемемен айналысуға мүмкіндік береміз, содан кейін біз салауатты өмір салтын қалыптастыруға тырысамыз. Осыған байланысты, туғаннан бастап ересек адамға дейін денсаулықты нығайту қажеттілігін тәрбиелеуге ықпал ететін, сондай-ақ салауатты өмір салты туралы білімді қалыптастыратын жүйелі іс-шаралар ұйымдастырылады.

Компьютерлік технологиялар дамығаннан бастап, оқушылар спортқа, далаға шығуға, қозғалыс ойындарын ойнауға аз уақыт бөледі, өйткені олар көп уақытын компьютердің алдында өткізеді. Сондықтан мектептегі басты міндеттердің бірі - оқушыларды салауатты өмір салтына тарту. Дене шынықтыру мен спорттың маңыздылығын түсіну және бұл мәселені шешуде жаппай жұмыс істеуді «Мектептегі спорттық-көпшілік және шынығу-сауықтыру қызметін қалыптастыру» тақырыбы бойынша анықтады.

Мектеп міндеттерінің бірі оқушылардың дене шынықтыру және спортпен шұғылдану уәждерін, тиісті қызығушылықтары мен әдеттерін қазіргі заманғы қалыптастыру болып табылады. Сонымен қатар, соңғысы өзінің жас ерекшеліктері бар оқушы тұлғасының мотивациялық-қажеттіліктік саласын қалыптастыру заңдылықтарына негізделуі тиіс.

Оқушының одан әрі оқуына келетін бастауыш сыныптарда қызығушылықты, уәждерді қалыптастыру басқа мақсаттарға қол жеткізу құралы ғана емес (мысалы: беделді, немесе ата-аналардың талаптарын орындау және т.б.), өзіне өмірлік маңызды мақсат болып табылатын, ол үшін маңызды мағына болып табылады.

Тәжірибе көрсеткендей, оқушылардың мотивациялық қызмет саласын стихиялық қалыптастыру кезінде олардың көпшілігінде тиімді оқыту үшін қажетті себептер қалыптаспайды, демек, мектептер мен мұғалімдер оқушылардың мотивациялық қызмет саласын қалыптастыру процесін басқаруды өзіне алуы тиіс. Бұл ретте, оның мектепте болған барлық жылдар бойы әрбір оқушының тиімді және жемісті оқу жұмысын қолдайтындай қалыптасуын қамтамасыз ету маңызды және болашақта өзін-өзі оқытуға және өзін-өзі жетілдіруге негіз болар еді.

Салауатты өмір салты - бұл адамның еңбек, қоғамдық, отбасылық-тұрмыстық, тынығу формаларына белсенді қатысу. Өкінішке орай, көптеген адамдар ең қарапайым, ғылымға негізделген салауатты өмір салты нормаларын сақтамайды. Кейбіреулері ерте қартаю тудыратын аз қозғалыстың құрбаны болады, басқалары азық-түлік өнімдерінің артықшылығы семіздік дамуына, қан тамырларының склерозына, басқа адамдар демалуды білмейді, өнеркәсіптік және тұрмыстық қамсыздандырудан алшақ жүреді, кейбіреулері әрқашан тынышсыздықтың, ұйқысыздықтан зардап шегеді, бұл ішкі ағзалардың көптеген ауруларына әкеледі.

Салауатты өмір салты адамның тыныс-тіршілігінің әртүрлі жақтарын дамытуға, олардың белсенді ұзақ өмір сүруіне және әлеуметтік функциялардың толыққанды орындалуына қол жеткізуге алғышарттар болып табылады. Салауатты өмір салтының өзектілігі қоғамдық өмірдің күрделенуіне, техногендік, экологиялық, психологиялық, саяси және әскери сипаттағы қауіп-қатерлердің ұлғаюына байланысты, денсаулық жағдайында жағымсыз ілгерілеулерді тудыратын адам ағзасына түсетін жүктеме сипатының өсуінен және өзгеруінен туындайды.

Салауатты өмір салтына бағыттала орындалатын оқушының өзінің іс-әрекеттерін талдай және бағалай білу өзін-өзі өмір салтына тәрбиелеудегі маңызды кезең болып табылады. Оқушының өзін өзі салауатты өмір салтына тәрбиелей білуі - салауатты өмір салтына сәйкес мінез-құлықтармен сапалы көрсеткіштерді саналы түрде өз бойында оятып іс-әрекет жасай алады деген сөз. Оның қалыптасуы оқушының жалпылай түсінігі мен өзін - өзі сол салауатты өмірге бағыттай білу позицияларына байланысты. Осылайша алдымен тарихи, соңынан педагогикалық мәселелерді талқылай келе арнайы әдіс - тәсілдер арқылы қазіргі оқушылар бойында салауатты өмір салтын қалыптастыру керек екендігін тұжырымдаймыз.

Біздің көзқарасымыз бойынша, психологиялық-педагогикалық тұрғыда оқушылардың дене-тәрбиесімен, спортпен шұғылдануларын, олардың осы қызмет түрлеріне тұрақты қызығушылығын, күнделікті ертеңгілік жаттығудан бастап, тұрақты дене тәрбиесі жаттығуларымен шұғылдануын қарастыратын еңбектер ерекше назар аударарлық.

Дене шынықтыру және спорт саласындағы қазақстандық көрнекті ғалымдар Л. И. Орехов, Т. М. Досмұхамбетов, А. К. Құлназаров, В. А. Сорокин, В. А. Коваленко "Қазақстан Республикасының халқын кешенді сауықтыру бағдарламасында" салауатты өмір салтын жаһандық әлеуметтік мәселе, жалпы қоғам өмірінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырады.

Өркениетті қоғамның негізгі міндеттерінің бірі күнделікті өмір режиміне белсенді қимыл-қозғалыс қызметін енгізу болып табылады. Мұның маңызды себебі-ағзаның сыртқы ортаның әртүрлі қолайсыз жағдайларына төзімділігін арттыруға, денсаулықты сақтауға, белсенді еңбекке қабілеттілікке және созылмалы патологияның көріністерін жоюға ұмтылу.

Ұлт денсаулығын сауықтыруда дене шынықтыру әдістерін пайдалану бірінші дәрежелі болып табылады, бұл оның халық денсаулығын нығайтудағы басты рөлін растайды. Дене тәрбиесінің барлық маңыздылығы оқушылардың дене тәрбиесі процесінің негізі ретінде күнделікті дене жаттығуларымен айналысуға тартудағы, сондай-ақ салауатты өмір салтын қалыптастырудағы ерекше рөл дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-бұқаралық жұмыстарға жатады. Білім беру мекемелеріндегі жұмыстың осы бағытындағы салаға көп назар аудару келесі себептерге байланысты болады:

- балалардың денсаулығының нашарлауы;
- сабақтарды өткізу қабілетін арттыру;
- гиподинамия.

Негізгі тыныс-тіршілікті қамтамасыз ететін органдар мен организм жүйелерінің қалыпты дамуы мен функцияларын жетілдіру, оқушылардың физикалық қасиеттерін дамыту және қозғалыс тәжірибесін байыту білім алушыларды тәрбиелеу жүйесінде жоспарда бірінші орында тұрады. Күн тәртібін қатаң сақтау кезінде дене жаттығуларымен жүйелі түрде сабақтар, ата-аналарға көмек көрсету, демалыс, ұйқы, тамақтану, балалардың дамуына жағымды әсер етеді, олардың денсаулығын нығайтады. Дене шынықтыру сабақтарының оқу процесімен дұрыс үйлесуі оның тиімділігін арттырады, өйткені дене жаттығулары нәтижелі ақыл-ой жұмысының ұзақтығын арттырады.

Бұл проблеманың өзектілігі дене тәрбиесін қайта құру және оны дамып келе жатқан, ашық, гуманистік жүйеге айналдыру қажеттілігімен түсіндіріледі. Бұл тәжірибе баланың дене қабілеттерін ғана емес, рухани, адамгершілік қасиеттерін ашу және дамыту үшін барынша қолайлы жағдай жасайды. Тәжірибенің жетекші педагогикалық идеясы Дене шынықтыру-сауықтыру жұмысының үлгісі мен біртектілігі емес, дене шынықтырумен айналысу саласындағы жеке қызығушылықты, мүмкіндіктер мен қабілеттілікті ескеретін әртүрлілік болып табылады.

Кез келген дене шынықтыру мұғалімінің көпжылдық жұмысының қорытындысы оқушылардың толыққанды дене дамуы мен денсаулығы болып табылады. Дене тәрбиесінің мазмұны салауатты өмір салтын қалыптастыруға, денені физикалық жетілдіруге байланысты құндылықтарды әзірлеуге, сондай-ақ жастар өмірінде болатын жағымсыз көріністерден, соның ішінде зиянды әдеттерден бас тартуға бағытталған. Оқушылардың денсаулығын сақтау ғана емес, салауатты өмір салтының негіздерін үйрету-мұғалімнің басты міндеті. Сондықтан бұл тақырып әрқашан өзекті болып, мұғалімнің қызмет аясы айтарлықтай кеңеюде.

Зерттеу мақсаты: оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал ететін дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-бұқаралық жұмыстардың тиімді түрлерін, әдістерін, тәсілдерін анықтау.

Зерттеу міндеттері:

- теориялық деңгейде оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселесін қарастыру;
- ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерттеу негізінде білім беру мекемесі жағдайында оқушылардың спорттық-бұқаралық дене шынықтыру-сауықтыру қызметін қалыптастырудың тиімді жолдары мен құралдарын анықтау.

- педагогикалық зерттеу негізінде дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-бұқаралық жұмыстың формаларының, әдістері мен тәсілдерінің тиімділігін тексеру.

Зерттеу нысаны: білім беру мекемесі жағдайында оқушылардың мектепте спорттық-бұқаралық дене шынықтыру-сауықтыру қызметін қалыптастыру.

Зерттеу пәні: дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-бұқаралық жұмыс оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру құралы ретінде.

Зерттеу әдістері: Ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, педагогикалық эксперимент, бақылау, сауалнама жүргізу.

Зерттеу гипотезасы:

- қазіргі кезеңде мектептегі дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-бұқаралық жұмыстардың жүйе құраушы қызметі ретінде өскелең ұрпақты дене шынықтыру дайындығы арқылы ұлт денсаулығын жақсарту идеясы болуы тиіс;

- мақсатты іске асыру шарттарын ғылыми-педагогикалық пысықтау арқылы объективті сипатқа ие болады және мектеп оқушыларының кең жігі үшін қол жетімді болады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы:

- мектептегі білім беру жүйесіндегі дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-бұқаралық жұмыстардың ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары, оның құжаттамаларымен регламенттеледі;

- дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-бұқаралық жұмыстарды іске асыру жолында білім беру функцияларын орындаумен байланысты педагогтар ұжымы мен мектеп қызметкерлерінің өзара іс-қимылының жаңа нысандары анықталды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

- келешекте дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-бұқаралық жұмыс жүйесін жетілдірудің негізгі бағыттары анықталды;

- мектепте дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-бұқаралық жұмыстарды өткізудің ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары әзірленіп, ғылыми негізделген.

ҚОРЫТЫНДЫ.

Спорттық-бұқаралық және дене шынықтыру-сауықтыру іс-шаралары оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастырудың, сондай-ақ зиянды әдеттердің алдын алудың негізгі құралдарының бірі болып табылады. Өзінің мазмұны мен ұйымдастырылуы бойынша сыныптан тыс жұмыс жаппай, тәрбиелік және дамытушылық бағыттылығы, оқушылардың сабақ түрін еркін таңдауы, сабақты ұйымдастыру мазмұны мен әдістерінің балалардың дене дайындығы мен даму деңгейіне сәйкестігі, оқушылардың дене шынықтыру белсенділігін ынталандыру сияқты талаптарға жауап беруі тиіс.

Спорттық жарыстар-әрқашан мереке. Міне, сондықтан старттардың қызықты жағын ойластыру өте маңызды. Жарыс орындары жалаулармен, плакаттармен, шақыру қағаздарымен безендіріледі. Жарыс алдында шеру, көрсетілім өткізіледі. Мүмкіндігінше, көрермендерге спорт аренасында ойын барысын бақылауға көмектесетін ақпарат беруші төрешінің білікті түсіндірмесін ұйымдастыру жақсы болуы қажет. Тәжірибелі ұйымдастырушылар алдағы мерекенің барлық сценарийін алдын ала әзірлейді.

Жарыстар жеке, командалық және жеке-командалық болуы мүмкін.

Жеке жарыстарда жекелеген спортшылар арасында (жеңіл атлетика, шаңғы, велосипед спорты және басқа да спорт түрлері) чемпиондар мен жеңімпаз атақтары ойнатылады.

Көптеген спорттық ойындар (футбол, волейбол, баскетбол) және кейбір басқа да спорт түрлерінде велосипедпен командалық жарыс, эстафеталарда барлық жарыстар командалық, яғни командалар өзара күреседі. Жекелеген қатысушылардың нәтижелері есепке алынбайды.

Командалық жарыстар кез-келген спорт түрлерінен болуы мүмкін, егер олардың қорытындылары командалық есеп қағидаты бойынша жүргізілсе, спорттың кез келген түріндегі жарыстар командалық жарыс болуы мүмкін: әрбір қатысушының нәтижесі бүкіл команда нәтижелерінің жалпы сомасына өтеді. Бұл сома жақсы болатын ұжым жеңімпаз болады.

Ең жиі жеке-командалық жарыстар. Онда жекелеген спортшылардың және жалпы командалардың нәтижелері ескеріледі. Бұл жарыстар үздік, мықты қатысушыларды анықтайды және команда ұсынатын ұйымда спорттың жалпы даму деңгейі туралы түсінік береді.

Жеке-командалық жарыстарда командалық біріншілік сынып, оқу тобы, аудан, қала командасы қатысушыларының нәтижелері (ұпай, балл) бойынша анықталады.

Білім беру мекемелерінің жыл бойғы Спартакиадасын ұйымдастыру үшін біз дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізудің мынадай түрлерін қолдануды ұсынамыз: сыныптар (топтар) ішінде, сыныптар (топтар) арасында жеңіл ережелер бойынша спорт түрлері бойынша жарыстар; сыныптар (топтар) арасындағы матчтық кездесулер; жүгіруші, лақтырушы, секіруші, спринтер, көпсайыс, гимнастшы, баскетболшы және т. б. күндері (жеке-командалық, сондай-ақ жеке-командалық және жеке); спорт түрлері бойынша білім беру мекемелерінің ашық біріншілігі (жеке-командалық, сондай - ақ басқа параллель сыныптарының, курстардың оқушылары, сондай-ақ жақын маңдағы оқу орындарының, мысалы, шағын жинақты мектептердің оқушылары қатыса алатын жеке біріншіліктер өткізіледі); туристік слет пен жарыстар; "денсаулық" күндері-жеке-командалық (жарыстарды кешенді өткізу: халықтық, қозғалмалы және спорт ойындары, жеңіл атлетика, шаңғы жарысы, таудан шанамен түсу, гимнастика, әскерге дейінгі дайындық және т. б. бойынша) өткізіледі.

Осылайша, оқушы жастарды дене шынықтырумен айналысуға тартудың тиімді жолдарының бірі: дене жаттығуларымен белсенді шұғылдануға деген уәждерді, мүдделерді, қажеттіліктерді зерделеу және осы бағытта қажетті білім беру болып табылады. Осы маңызды мақсатқа қол жеткізу кейбір авторлар әрбір оқушының дене бітімі ғана емес, психикалық денсаулығын қамтамасыз ету үшін дене тәрбиесі құралдарын кешенді пайдалану мүмкіндігін көріп, сол арқылы оның дене мәдениетін жалпы мәдениеттің ажырамас құрамдас бөлігі ретінде қалыптастырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Адамбеков К.И. Воспитание физических качеств детей и подростков, оценка его эффективности: монография. – Алматы, 1993. – 260 с. 18-25.
2. Баранов А.А., Кучма В.Р., Скоблина Н.А. Физическое развитие детей и подростков на рубеже тысячелетий. – М.: Издатель Научный центр здоровья детей РАМН, 2008.-216с.
3. Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам физической культуры и спорта» Президент Республики Казахстан Н. НАЗАРБАЕВ, Астана, Акорда, 11 мая 2017 года № 65-VI ЗРК.

4. Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам образования» (с изменениями от 09.04.2016 г.).
5. Касымбекова С.И. Социально-педагогические основы физического воспитания детей и подростков. // Сборник научных статей. – Алматы, 1996. –С.18-25.
6. Кульназаров А.К. Теория и методика здорового образа жизни. Уч.пособие. – Алматы. – 326 с.
7. Программа комплексного оздоровления населения Республики Казахстан/Л.И.Орехов, Т.М.Досмухамбетов, А.К.Кульназаров, В.А.Сорокин, В.А.Коваленко. – Алматы, Департамент по делам молод., туризма и спорта Мин.Обр. и культ.РК, 1997.
8. Хлыстов М.С, Адамбеков К.И. Основы физической подготовки: Уч.пособие. – Алматы, 2001. – 112с.

THE METHODS OF TRAINING A PRONUNCIATION OF ENGLISH CONSONANTS AND LISTENING SKILLS AT PRIMARY SCHOOL

Senior teacher **Zh.B. ZHAUYNSHIYEVA**

Abstract:

This article discusses the problems of teaching English consonants in primary school. The topic of the article is relevant because consonants are an integral part of learning a foreign language, especially in primary school. Thus, the purpose of this article is to study the methods of teaching pronunciation of English consonants in primary school.

Keywords: *English, consonant sounds, listening skills, teaching methods*

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ АҒЫЛШЫН ДЫБЫСТАРЫН ТЫҢДАУ ДАҒДЫЛАРЫНА ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Мемлекет басшысы Н.Назарбаев өзінің жыл сайынғы Жолдауында «функционалды сауаттылықты арттыруды» негізгі тапсырма етіп жүктеуі бекер емес. Елбасы өз сөзінде: «Білім беру тек қана оқытумен ғана шектелмей, оны керісінше, әлеуметтік адаптация процесіне бейімдеу қажет», – деп функционалды сауаттылыққа баса назар аударады. 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына

Жолдауының «Адами капитал – жаңғыру негізі» бөлімінде: «Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс. Оқытудың мазмұндылығы заманауи техникалық тұрғыдан қолдау көрсету арқылы үйлесімді түрде толықтырылуға тиіс. Цифрлық білім беру ресурстарын дамыту, кең жолақты Интернетке қосу және мектептерімізді видеоқұрылғылармен жабдықтау жұмыстарын жалғастыру қажет», – деп жастарды жаңа технологиялық қалыпқа дайындаудың маңызды шартына ерекше тоқталып өтті (Н.Назарбаев, 10 қаңтар 2018 ж.)

«Функционалдық сауаттылық» ұғымы алғаш рет өткен ғасырдың 60 жылдары ЮНЕСКО құжаттарында пайда болды және кейіннен зерттеушілердің қолдануына енді. Функционалдық сауаттылық, кеңінен алғанда, білім берудің (бірінші кезекте жалпы білім беруді) көп жоспарлы адамзат қызметімен байланысын біріктіретін тұлғаның әлеуметтік бағдарлану тәсілі ретінде түсіндіріледі. Қазіргі тез дамушы заманауи қоғамда функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуға.

Зерттеуші-ғалымдардың, педагогтардың ғылыми еңбектерін талдай келе, функционалдық сауаттылықтың бірнеше белгілерін атап өтуге болады:

- 1) тұрмыстық мәселелерді шешуге бағытталған;
- 2) нақты әлеуметтік жағдайлардағы жеке тұлғаның жағдайлық сипаттамасы ретінде;
- 3) стандартты, стереотипті мәселелерді шешумен байланысы;
- 4) оқу мен жазу дағдыларының қарапайым деңгейі ретінде;
- 5) ересек тұрғындарды бағалау ретінде;
- 6) сауатсыздықты жылдам жою тәсілдерін іздестіру контексіндегі мақсаттардың болуы.

Бұдан шығатын қорытынды – функционалдық сауаттылық оқушының жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға болып жетілуіне бағытталған басты ұстаным деуге болады.

Зерттеуші-ғалымдардың пікірінше, функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа кіру қабілеттілігі және аса тез бейімделуі мен жұмыс істеуі. Тұлғаның оқу, ұғыну, қысқа мәтіндерді жасау және жеңіл арифметикалық амалдарды орындаудағы қарапайым сауаттылығына қарағанда функционалдық сауаттылықтың айырмашылығы – тұлғаның нақты мәдени ортада тіршілік ету үшін қажетті болып саналатын әлеуметтік қарым-қатынас жүйесінде тұлғаның қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін біліктілік, икемділік пен дағдылар деңгейі. Көп зерттеушілердің пікіріне сәйкес функционалдық сауаттылықтың компоненттерін игеру процесі іс жүзінде өмір бойы жалғасуы мүмкін. Ендеше, функционалдық сауаттылық – өмір бойы білім алуды қамтамасыз етуге бағытталған білім көзі. Зерттеушілер оқушылардың функционалдық сауаттылығының құрылымдық компоненттері ретінде мотивациялық, когнитивтік, әрекеттік және рефлексивтік компоненттерді атап көрсетеді. Осылайша функционалдық сауаттылық оқушылардың оқу-танымдық құзыреттіліктерінің одан әрі дамуының негізін құрайды. Зерттеуші-ғалымдар Ш.Т.Таубаева, С.Т.Иманбаева, А.Е.Берикхановалардың сөзімен түйіндесек: «Функционалдық сауаттылық – адамның өзін қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға мүмкіндігінше жылдам бейімделе білу мен әрекеттесе алу деңгейінің көрсеткіші» (Таубаева Ш.Т., т.б. 2017, 244б.)

Функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады. *Функционалды сауатты тұлға* – қоғамның құндылықтарына сәйкес, қоғамдық ахуалдың қалыптасқан мүдделеріне қарай әрекет етеді. Бүгінгі күнге қажетті мамандықты таңдап дұрыс шешім қабылдап, заманауи ақпараттық технологиялардың тілін біліп кез келген әлеуметтік ортаға бейімделеді. Осы тұрғыда функционалды сауатты адамның негізгі белгілерін былайша тұжырымдауға болады: қоғамдық ортада өмір сүре білетін, тіл табыса алатын, белгілі бір сапалық қасиеттері бар, жалпы негізгі және пәндік құзыреттіліктерді меңгерген адам болып саналады.

Заманауи мектептің ең басты міндеті оқушы өмірінің барлық кезеңдерінде білім алуға деген құлшынысын қалыптастыру үшін, оған әрбір қадамының маңыздылығын түсінуге мүмкіндік беруден, тәсілдер мен таным көздерін таңдауда бағдар ұстай білуге үйретуден тұрады. Бұл – Елбасының білім саласын жаңарту туралы бастамаларын іске асырудағы маңызды тетіктердің бірі. Аталған тетіктер Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында, жаңа Мемлекеттік бағдарламада, «Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласында (Н.Назарбаев, 10 шілде 2012 ж.), Назарбаев Университетінде оқыған дәрісінде және басқа да сөйлеген сөздерінде айрықша мән беріліп айтылған. Олар өз нәтижесін беріп келеді. Оның нақты дәлелін, дүниежүзілік экономикалық форумда жарияланған әлем елдерінің бәсекеге қабілетті рейтингіндегі соңғы нәтижелерден байқауға болады.

Елбасы бастамасымен өмірге келген «Функционалдық сауаттылық бойынша Ұлттық жоспардың» маңызы ерекше. Оның мақсаты – оқушылардың салалық сауаттылығын дамыту арқылы тиімді

қызмет түрлеріне бейімдеу. Сонымен қатар, ол орта білім жүйесінің парадигмасын түбегейлі өзгертудің негізі. Бұл – дәстүрлі мектеп моделінен рационалды модельге, әрі қарай феноменальді модельге «үш адым» ілгері аттау дегенді білдіреді. Осы мақсатқа қол жеткізу арқылы Қазақстан оқыту деңгейі мен сапасы жағынан жетекші елдер тобына қосылады.

«Қазақстан-2050» – Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Елбасы Жолдауында: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс. Сондай-ақ балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыздың қазіргі заманға бейімделуі үшін бұл аса маңызды. Бүкіл әлемдегі сияқты, Қазақстан білім берудің жаңа әдістеріне көшу керек», – деп атап айтты. (Назарбаев Н.Ә., 14 желтоқсан 2012 ж.)

Қазақстанның әлеммен терезесін теңестіруі үшін аса маңызды қажеттілік – білім, ғылым саласын жандандыру. Жас ұрпаққа тәлімді тәрбиімен қатар, заманауи білікті білім беру мәселесі жас мемлекет үшін ауадай қажет. Бұл ойымызды ХХ ғасырдың заңғар тұлғасы М.Әуезовтің: «Ел мен елді, ұлт пен ұлтты, халық пен халықты теңестіретін нәрсе – білім», М.Жұмабаевтың: «Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, берік, һәм өз жанымызға (қазақ жанына) үйлесетін негізде құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады», Ұлт ұстазы А.Байтұрсыновтың: «Халық түзелуінің үміті жастарда. Сондықтан, жастардың қалай оқып, қалай тәрбиеленуі бәрінен бұрын ескеріп, бәрінен жоғары қойылатын жұмыс», – деген сөздерімен түйіндей түскіміз келеді (С.Қалиев, К.Аюбай, 2005). Осы басты ұстаным негізінде білім беру жүйесіне күрделі өзгерістер енгізуде. Бүгінгі таңда орта білім беру жүйесінде сапалы білім алудың қажеттілігі үдемелі артуда. Уақыт талабына сай өмір сүру үшін бәсекелестік күшейген кезде басқаша болуы мүмкін де емес. Оқыту үдерісіне қазіргі заман талабына сай технологиялар мен әдістемелерді енгізу, ғылым мен техника жетістіктерін пайдалану, этнопедогогиканың озық үлгілерін қайта жаңғыртып, қолдану, педагог мамандардың сапасын көтеру, оқушылардың функциялдық сауаттылығын көтерумен қатар, тәрбие жұмысын жақсарту күн тәртібінен түспейтін мәселелерге айналды. Сондықтан өскелең ұрпаққа тек білім беру ісімен шектелмей, игерген білімін одан әрі әлеуметтік бейімделуге ұластыруға қабілетті болуға, бұл үшін оқушылардың функциялдық сауаттылығын дамыту мақсатымен Ұлттық жұмыс жоспарын іске асыру қажеттілігі айтылған.

Оқушылардың мектепте алған білімін қоғамдық-әлеуметтік ортада пайдалануға икемдеу, олардың функциялдық сауаттылығын арттыру арқылы еліміздегі білім мен ғылымды дамыту мәселелеріне басымдық беріліп отыр. Мұндай жаңа міндеттерді мұғалімнің кәсіби санасының өзгеруінсіз, кәсіби құзіреттілігінің өсуінсіз ескі психологиямен, ескі әдістермен, ескі біліктілік арттыру жүйесімен шешу мүмкін емес. Осыған орай, қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың функциялдық сауаттылығын мәтін арқылы бақылауға арналған тапсырма үлгісін ұсына кетейік. Мәтін «Ұстаз бен шәкірт» тәмсілінен алынды.

Бұлбұлдың ерекше әншілік қабілетін таныған ұстазы:

– Бұлбұл, ержеткен соң кім боласың? – деп сұрады. Шәкірт ойланбастан:

– Әнші болам, – деді езуіне тәтті күлкі үйіріліп.

– О-о! Әнші болу – үлкен арман, әрі үлкен өнер. Әнші болу үшін ұстаздың қатаң талабына шыда-саң, сені үлкен жолда астырмай арманыңа жеткізеді, – деді ұстазы.

Әнші болудан басқа ойы жоқ балауса Бұлбұл ұстаз сөзінен ешнәрсе түсіне алмады.

Ауыл сахнасынан жап-жас Бұлбұлдың әсем әнін тыңдаған Бүркіт қария да қатты сүйсінді. Бір күні сабақтан әндетіп келе жатқан Бұлбұлға қарсы жолыққан қария:

– Бұлбұл балам, – дей бергені сол еді:

– Ата, уақытымды алмаңызшы, – деп, алды-артына қарамай жүріп кетті.

Атай қапа болып қала берді. «Бала ғой, балалығы да. Үлкен өнер иесі болғалы тұр, әттең, мінезі кедергі болмаса» деп өзін-өзі жұбатқан болды.

Ертесіне қария болған жайды ұстазынабаяндап берді. Ұстаз Бұлбұлмен оңаша сөйлесті.

– Кешегі күніңнің қалай өткенін маған тәпіштеп баяндап берші. Бірақ ештеңесі қалып қоймасын, – деді қадалып.

Бұлбұл бірдеңені сезгендей жолда тоқтатқан қарияны кінәлай сөйледі.

– Асығып бара жатсам, ерігіп жүрген Бүркіт деген кісі «тоқта» деп еді, тоқтамадым.

– Жо-жо-жоқ! Бұлбұл, сен қатты қателестің. Көргені көп кісілердің сөзін бір күн емес, өмір бақи тындасаң да артық етпейді. Сен үлкен кісілерге, тіпті өзіңнен кішіге де құрметпен қарауың керек. Адамдар сенің өнеріңе ғана емес, өзіңе де сүйсінуі тиіс. Есіңде болса «ұстаздың қатаң талабына шыдасаң арманыңа жетесің» деп едім ғой. Сондай талаптың бірі – жүрген жерінде жұртқа жұғымды болу, соңынан жақсы сөз ілестіру.

Сол күні Бұлбұл Бүркіт ақсақалдан кешірім сұрады. Осы оқиғадан кейін ұстаз шәкіртінің көп өзгергенін байқады. Арада бірнеше күн өткенде ұстазы Бұлбұлды шақырып алып:

– Есіңде болсын, өнер-білімге ұмтылған әрбір жеткіншек мінезіне мін, өнеріне сын айтылмайтындай тәрбиеленуі керек. Үйде де, түзде де мейірбан, шыншыл, жақсы адамдарға жақын жүргені абзал. Сонда ғана елге сүйкімді болмақ. Сен халық алдында жүресің. Ол сенің ең бірінші сыншың, ақылшың, қолдаушың. Ал халық алдына шыққан әншіден жақсылық, ізеттілік, инабаттылықты көріп барып талантын таниды. Сен осы жолда аз да болса сабақ алдың. Енді сені әншілікке баулу қиын емес.

– Түсіндім, мұғалім!. Мен сізді бүгіннен бастап «ұстаз» деп айтайыншы?!..

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалау құралы ретінде төмендегідей тест тапсырмаларын ұсындық:

1. Мәтіндегі ерекше өнер иесі

A) Бүркіт

B) Сұңқар

C) Бұлбұл

D) Торғай

E) Көгершін

2. Мәтіндегі жас өнер иесінің бойындағы кемшілік

A) Ақылында

B) Мінезінде

C) Дауысында

D) Естуінде

E) Білімінде

3. Мәтіндегі жас өнер иесінің бойындағы кемшілікті түзеуге себеп болған құдірет

A) Күй

B) Би

C) Д

D) Қобыз

E) Сөз

4. Мәтін үлгісі

A) Мысал

B) Өлең

C) Әңгіме

D) Новелла

E) Хикаят

5. Мәтіннің идеясына сай келетін мақал

A) Еңбек ерлікке жеткізер.

B) Ырыс алды – ынтымақ.

C) Досы көпті жау алмайды.

D) Ұстазы жақсының ұстамы жақсы.

E) Ерлік білекте емес – жүректе.

6. Ұстаздың шәкіртіне қойған талабы

A) «Энді бар ынтамен айтсаң, арманыңа жетесің»

B) «Көп ән жаттасаң, арманыңа жетесің»

C) «Ұстаздың қатаң талабына шыдасаң, арманыңа жетесің»

D) «Сахнаға көп шыққсаң, арманыңа жетесің»

E) «Жоғары білім алсаң, арманыңа жетесің»

Осы мәтінмен жұмыс жасау барысында оқушылар «Қандай қылық адамды өрескел қателікке ұрындырады, қандай қандай қасиет жетістікке жеткізеді?» деген сыни сипаттағы сұрақ бойынша ойланады, «Адам өмірде, қоғамда өзін-өзі қалай ұстау керек?», «Басқа қонған бақытты, бойдағы дарынды қалай бағалау керек?» деген сияқты проблемалық жағдаяттан шығудың жолдарын логикалық тұрғыда ойланып шешеді. Өз өмірінде қрескел қателік жібермеуге өзін-өзі тәрбиелейді.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған білім мазмұнын игерген оқушылардың білімдері мен біліктері өмірлік жағдаяттарда қолдана білуді, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей білуді және алынған ақпараттарды сыни тұрғыдан бағалай білуді, өзінің болжамдарын ұсыну және зерттеулер жүргізу, өзінің ойын негіздей білуді; іскерлігі мен дағдыларын адами іс-әрекеттердің әртүрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалануды қамтамасыз етеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жалпы функционалдық сауаттылық деген ұғымды қорытып айтар болсақ, адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына қарай ілесіп отыруы. Мұндағы басшылыққа алынатын функционалдық сапалар – белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс таңдай алуға қабілеттілік, т.б. яғни, жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткер, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады, сондықтан теория мен тәжірибенің байланыста болуын қамтамасыз ету үшін әрбір пән бойынша берілетін білімнің мазмұны мен көлемін анықтағанда теориялық қағидалардың, заңдылықтар мен ережелердің, яғни ұғымдық-ақпараттық материалдардың бала өмірінде кездесетін түрлі проблемалық мәселелерді шешуге көмегі тиетіндей, бала оны қолдана алатындай тәжірибелік маңызы ескерілуі тиіс, сондай-ақ оқушылардың оқу материалын тек жаттап қана алмай, оның мән-мағынасын терең түсінуін қамтамасыз ету міндетті болып саналады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев, Нұрсұлтан (2018) «Төртінші Өнеркәсіптік Революция Жағдайындағы Дамудың Жаңа Мүмкіндіктері», Астана.
2. Таубаева Шәркүл (2017) Педагогика, Алматы.
3. Назарбаев, Нұрсұлтан. «Қазақстанның Әлеуметтік Жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам», Астана.
4. Назарбаев, Нұрсұлтан. «Қазақстан-2050» Стратегиясы Қалыптасқан Мемлекеттің Жаңа Саяси Бағыты», Астана.
5. Қалиев, С., Аюбай, К. (2005) Қазақтың Тәлімдік Ойлар Антологиясы, Алматы.

СТУДЕНТ ДӘРІСТЕРІНДЕ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ПРИНЦИПТЕРІН ҚОЛДАНУ –ЗАМАН ТАЛАБЫ

П.Ф.К. Р.Б. ИСМАИЛОВА
П.Ф.К. Ш.Н. АЛЬДИБЕКОВА
П.Ф.К. Ф.Б. АСИЛБАЕВА

Түйіндеме:

Жаңғыру атауы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғы-шарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды, сондықтан да әрбір студенттерге берілетін білімге адасуға жол бермеу бізге міндеттелуде. Сонымен, студенттерге берілетін білімге санасын жаңғыртудың бірнеше бағытын енгізгеніміз атап өтілді.

Тірек сөздер: *Рухани жаңғыру, сана жаңғыруы, прагматизм, ұлттық сана, білім салтанатын құру*

THE USE OF THE PRINCIPLES OF SPIRITUAL RENEWAL IN THE STUDENTS DOCTRINES IS A MODERN REQUIREMENT

Abstract:

The name of the modernization should not be neglected by historical experience and national traditions. It is necessary to be able to turn into the most important prerequisites of successful triumph of successful past traditions. If the country does not get the nutrition from the national-spiritual roots, it will start to err, and we are obliged not to allow the usual knowledge to succeed. So also to introduce a range of directions for modernization of knowledge to students.

Key words: *Spiritual renewal, Revival of consciousness, pragmatist, national consciousness, formation of a educational celebration*

КІРІСПЕ

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында концептуалды мәселелер қозғалған. Атап айтқанда, ұлттық сананы жаңғырту ерекше орында тұр. Рухани жаңғыру үшін ұлттық менталитет пен ұлттық кодтың сақталуына айрықша мән беруіміз қажет. Егер ұлттық менталитет әрбір ұлттың өзіндік бітім-болмысы болса, ал ұлттық код – рухани сананың алтын өзегі болуға тиісті. Сондықтан да Елбасы «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық кодынды сақтай білу» деп орынды атап көрсетті. Мемлекет басшысының аталмыш бағдарламалық мақаласындағы көкейкесті ой-пікірлерді бізде күнделікті оқу-тәрбие үдерісінде іс жүзіне асыра бастадық.

Қазақ деген еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басты, бұл - Қазақстанның үшінші жаңғыруы еді. Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған отыз елдің қатарына қосылу. Аталған екі жаңғыру процесінің де нақты мақсат-міндеттері, басымдықтары мен оған жеткізетін жолдары бар.

Барлық зерттеулердің пікірінде: «Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады» делінген болатын. Бұдан шығатын пікір еліміздегі рухани жаңғыру тек бүгін басталатын жұмыс емес. Тәуелсіздік туымыз желбірегелі бері түрлі бағытта бірнеше ауқымды іс атқарылды- «Мәдени мұра» бағдарламасы, «Халық – тарих толқынында», осы бағыттар бойынша да студент жастарға әр оқытушы өз пәнінен деректерді мейлінде зерттеуге кірісті.

Енді өте күрделі, ауқымды, жұмыстардың бірі – рухани ұлттық сананың жаңғырту, жаңғыруы. Бүгінде жастарды білім беру мен тәрбиелеу және оларды әлеуметтік қолдау мәселесі қоғам үшін әр уақытта өзекті мәселенің бірі. Қазіргі таңда білім беретін оқу орындарының алдында тұрған маңызды мәселелердің бірі – жастардың бойына рухани және адамгершілік қасиеттерді

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Sholpa_2811@mail.ru
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, fati_almaty@mail.ru

сіңіріп, әлеуметтік әлеуетін дамытуға ерекше жағдай жасау. Сондықтан да ҚазМемҚызПУ-дің де оқу-тәрбие жұмысы және әлеуметтік қызметі – жас буынның кәсіби білім алуына, өзін-өзі дамытуына, жетілдіруіне, қоғамдағы белсенді әлеуметтік бейімделу қабілеттілігін арттыруға, қазіргі замандағы қажеттіліктер мен құндылықтар жүйесіне, әлемдік және отандық мәдениеттің дәстүрлеріне бағытталған тұлғаның үйлесімді дамуы және қалыптасуы үшін жағдай жасауға бағытталған.

Біздің әрқайсымыздың бойымызда сананы жаңғыруға деген сезім бар. Бірақ кейбіреуімізде ол уақытша ұйқыда секілді. Ұлттық сананың мағынасы терең, ол дұрыс бағытқа ие болғанда ғана біздің рухымызды биіктеткенмен тең. Дұрыс бағыттау барысында жалынды жастардың қатарын көбейіп, патриоттарымызды ұлы сезімдері жоғары екенін танимыз. Тек енді жалынды жастарымыз тек алға ғана самғау қажет. Бәрі өзімізден басталады. Әр адам өзінің бойындағы ұлттық сананы оята білу керек.

Иә, шын мәнісінде, алдымызға міндеттеп алып тұрған рухани жаңғыру, ұлттық сана дегеніміз не? Егер, оның нақты анықтамасын алып қарайтын болсақ, бұл рухани жаңғыру – адам баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі, жаңа өзгерісті қабылдай білуі. Рухани жаңғыруда өркениеттің өрге жүзуімен байланыстырамыз. Тарих сахнасына көз жүгіртсек, өскен ұлттың өрби түсуіне осы «рухани жаңғыру дәлел». Көне замандағы көрікті қалаларымыз, сән салтанатты таласқан озық ескерткіштеріміз, мәдени мұраларымыз бұртартпас айғақ болып табылады.

Осындайdan барып, ел болашағы саналатын жастар өз мақсаттарынан жаңылысып, алған бағытынан алыстап кетпей ме деген қорқыныш туады. Басқаша айтқанда, бұл тұрғыда үлкендердің тәрбиесі дұрыс, бағыты оң болу керек.

Кез-келген елдің қозғаушы күші жастар екені айдан анық. Мемлекеттің жас өрені білімі мен таудай талабының арқасында еліне қызмет етуі тиіс. Бірақ, бүгінгі күні жастарға қатысты қаншама қордаланған мәселелер шешімін таба алмай жүр. Мәселен, өзге діни ағымдардың арандатушылығының соңында жүргендер бар. Олар туралы айтқанда көбісіміз жауапкершілікті ата-анаға немесе мұғалімге аударып, тәрбиеге әкеліп тірейміз.

Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек. Жастарға бағыт беруде мына жағдайды ескеруді меңгеру керек: -20- ғасырдағы батыстық жаңғыру үлгісінің бүгінгі заманның болмысына сай келмеуінің сыры неде? басты кемшілігі – олардың өздеріне ғана тән қалыбы мен тәжірибесін басқа халықтар мен өркениеттердің ерекшеліктерін ескермей, бәріне жаппай еріксіз таңуында. Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Сол ұлттық кодты шаттастырып алмау керектігі бізге міндеттелуде. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Айтпегенде жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай.

Бірақ, ұлттық кодымызды сақтаймын деп бойындағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, жекегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық.

Жаңғыру атауы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды, сондықтан да әрбір студенттерге берілетін білімге адасуға жол бермеу бізге міндеттелуде. Сонымен, студенттерге берілетін білімге санасын жаңғыртудың бірнеше бағытын енгізгенімізді атап өтуге болады: Бәсекелік қабілет- жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі де бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге болатынын жоспарлы түрде береміз. Соңғы мәліметтерде: «Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін» деген жоғары баға береді.

Өз ғасырымызға лайықты қасиеттерге ие болуы да өз оқу бағдарламамыздан қалған емес: компьютерлік сауаттылық, тілдерді меңгеру, мәдени ашықтық арқылы жастардың алға басуы, т.б.,

Ал прагматизм бойынша да оқу-тәрбие процесінде көптеген жұмыстар жасалуда, төл тарихымызға, ғасырлар бойы туған жердің табиғатын көздің қарашығындай сақтап, оның байлығын үнемді, әрі орынды жұмсайтын теңдесі жоқ экология, баларымыздың өмір салтына бір сәт үңіліп

көрсек, шынайы прагматизмнің талай жарқын үлгілерін табуға болады. Бір ғана мысал тек өткен ғасырға көз салсақ, небәрі бірнеше жыл ішінде миллиондаған гектар даламыз аяусыз жыртылды, ұлттық прагматизм санаулы жылда адам танымастай өзгеріп, ас та төк ысырапшылдық, түгін тартсаң майы шығатын мыңдаған гектар миялы жерлеріміз экологиялық апат аймақтарына, Арал теңізі аңқасы кепкен қу медиен шөлге айналды. Бұл – жер анаға деген немқұрайлық. Сондықтан да жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек.

Сонымен прагматизм – өз ұлтының жеке байлығын нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділікті көрсететіндігін тәрбие сағаттарында дәлелденіп отырады.

Негізгі мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануды ұтымды пайдалану – мінез-құлықтың прагматизмі болып табылатындығына студенттер әрқашан үрдісте көз жеткізе алады.

Студенттермен жұмыстар барысында-ұлттық бірегейлікті сақтау үлкен талапқа ие. Ұлттық салт-дәстүрлер, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бірі ғана. Кейде жаңғыру ұғымының өзі мейлінше кейбір жағымсыз дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді. Сонымен біздің мәңгілік ел болуымыздың шаттары да айқындалған: олар, бірінші – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды, екінші – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту.

Рухани жаңғырудың негізгі принциптерінің бірі-білімнің салтанат құруы. Бұлай дейтініміз, білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – елімізді мәңгілікке апаратын жол.

Соңғы жылдары мыңдаған жастық«Болашақ» бағдарламасынан басталған әлемнің маңдайалды университеттерінде оқыту. Білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс. Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді. Сондықтан, біз білімге бөлінетін бюджет шығыстарының үлесі жөнінен әлемдегі ең алдыңғы қатарлы елдердің санатына қосылдық. Табысты болудың ең басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек.

Сананың ашықтығы қазірде-көптеген проблема әлемнің қарқынды өзгеріп жатқанына қарамастан, бұқаралық сана-сезімнің «от басы, ошақ қасы» аясында қалуынан туындайды.

Сананың ашықтығы зерденің үш ерекшелігін білдіреді- олар жер бетінде өзіңе қатысты аумағыңда және өз еліңнің айналасыңда не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді, ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз. Таяудағы он жылда біздің өмір салтымыз: жұмыс, тұрмыс, демалыс, баспана, адами қатынас тәсілдері, қысқасы, барлығы түбегейлі өзгереді. Біз бұған да дайын болуымыз керек, өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі.

Мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек.

Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақпастан бірден төрге озды. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр.

Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс. Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр.

Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін.

Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді.

Соңғы уақытта байқағанымыз, керісінше, уақыт өтіп, заман өзгерген сайын халық нақыллының құндылығы артып келе жатыр. Өйткені алдағы дәуір - нағыз білімділердің дәуірі болмақ. Ал қазір бәсекеден тыс қалған бірде - бір сала жоқ десек болады. Ал барлық саланың шарықтауы, өркендеп өсуі білім мен ғылымның жан-жақты даму қарқынына байланысты.

Осы орайда, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында ҚР Президенті Н. Назарбаев ерекше атап көрсетті: «Технологиялық революцияның беталысына қарасақ, таяу онжылдық уақытта қазіргі кәсіптердің жартысы жойылып кетеді. Экономиканың кәсіптік сипаты бұрын - сонды ешбір дәуірде мұншама жедел өзгермеген. Біз бүгінгі жаңа атауды ертең - ақ ескіге

айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді. Осыны түсінгендіктен, біз білімге бөлінетін бюджет шығыстарының үлесі жөнінен әлемдегі ең алдыңғы қатарлы елдердің санатына қосылып отырмыз. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді». деген болатын Иә, үрейлі көрінуі мүмкін, бірақ алдағы санаулы жыл ішінде бүгінгі қолданыстағы кәсіп түрлерінің тең жартысы қажетсіз болып қалары анық. Бұл мыңдаған адамға табыс көзінен айрылу қаупін тудырады. Мұндай қатер келешегін күні бұрын болжай білген мемлекеттер үшін ғана қауіпсіз. Жеткен жетістігіне тоғаймай, тың бағыт, жаңа бағдар таба білген елдер ғана осы сындарлы кезеңнен сүрінбей өтеді.

Елбасы жолдауына мен де, педагог, ұстаз ретінде өз үлесімізді қосу мақсатында білім жолындағы тың идеяларды іздейміз. Біздің ең биік мақсатымыз келешегі кемел білімді ұрпақ тәрбиелеу. Бала бойына сапалы білім мен үлгілі тәрбиені сіңіру - педагогтың алдына қойған басты мақсаты деп білемін. Әр елдің үміті болған жастар Отансүйгіштікке, ұлттық салт - дәстүрімізді құрметтеуге, өлкеміздің табиғатын қорғауға қалыптастыру тәрбиеден бастау алуы қажет. Елбасымыздың алға қойған міндеттерінің бірі білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді көздеген. Міне, осы бағытта біз де студенттерге экологиялық білім мен тәрбие беру бағытына қосымша жоспар жасақтау арқылы алдыма мақсат қойып алдық. Мұндағы міндетіміз студент жастардың туған табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеп, оның әсемдігін терең сезінуге, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қамқорлыққа алуға баулу.

Осы міндеттерді жүзеге асыру барысында ең алдымен экология оқу қызметімен пәнаралық байланыс ұйымдастырылды. Біз білікті оқытушылар ретінде жастарды білімге деген құштарлығын арттырып, оны әрі қарай шыңдап, бүгінгі заман талабына сай етіп, жеке тұлға қалыптастыруда аянбай еңбек етуге жұмсаймыз. Біз өз кәсібіміздің, жасап жүрген білім ошағын беделін арттыру мақсатында өзіндік қадамдарымды көрсетіп келеміз. Болашақ маман жан-жақты болуы шарт деп есептейміз. Мәселен, мамандығымызға қарамастан ағылшын тілі курсы оқып жатырмыз. Мақсатым, ұрпақ тәрбиесінде үш тілділікке бағыт бұру.

Елбасымыз «Рухани жаңғыру» мақаласында қазіргі заманды және болашақты терең түсіне алатын білімді адамдар ауадай қажет деп көрсеткен болатын. Осы бағытта алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар мен міндеттер көп. Мағжан Жұмабаев атамыз өзінің ұлағатты бір сөзінде былай деген: «Баланы тәрбилеуші өзіндей қылып шығармай, келешек заманына лайықтап дайындау керек». «Ел болам десең, бесігіңді түзе» дейді ұлы Мұхтар Әуезов.

Әрбір білімгер өз жері мен оның байлығының иесі болу үшін жаңа технологияларды меңгеріп, жаңаша өмір сүруге үйренудің жолдарын білуге тиіс. Егер қоғамның даму кілті білімді адамдардың жаңаша қызмет атқаруын керек ететін болса, сол жаңашыл адамдарды, болашақ қоғам мүшелеріне білім мен тәрбие беруді жүзеге асыратын мамандар дайындайтын біздің білім беру ұйымдары Елбасы көздеген бағыттарға лайықты болуы тиіс. Ең бастысы, білім беруге қойылып отырған жаңа талаптарды орындауда көптеген жұмыстар жүргізіліп, жастардың үш тілде білім алуына, жаңа технологияларды білім беру жүйесіне енгізуде өңірімізде келелі жұмыстар атқарылуда. Ұлт жоспарын орындауда әр саланың өзіндік үлесі болса, ұстаздар қауымы қосатын үлес – жас ұрпақты жаңа қоғам мүшесі етіп білім мен тәрбие беруді жаңаша құру, оны осы Елбасымыз көрсетіп отырған талаптарға сай орындау деп білемін.

Иә, Мағжан атамыз айтқан даналық ой бүгінгі күнгі білімді ұрпаққа қаратылып айтылғаны көрініп тұр. Өйткені елдің ертеңі – саналы білімді жастар. Оларды заман талабына сай бағыттау біздің еншімізде.

Сабақ жоспарларына ұлттық жаңғыру, рухани жаңғыруды енгізудің өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Рухани жаңғыру әркімнің ұлттық даму үлгісіне бәріне ортақ. Ұлттық салт - дәстүріміз, тіліміз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Ақындарымыз, жазушылардың даналығы, артында қалдырған рухани байлығы, күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні - бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір ғана тамшысы. Жастарға туған жердің тарихын біліп, оны мақтан еткен дұрыс.

Студент жастардың бойына имандылық, бауырмалдық, ұлтжандылық және адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіру маңызды. Ұрпақ тәрбиесіндегі парызымызды орындауда, ғасырлар бойы тағдырдың талқысынан өткен заманымыздың қанша сыннан шыңдалып, жосығы жоғалып, асылы

жеткен жалпы адамзаттық құндылықтарға бағдарланған қағидаларды жүзеге асыру. Жастарға ескіріп қалған дүниелерді жаңартып кезінде еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. «Болашаққа бағдар - рухани жаңғыру» барысында еліміз саяси мен экономикалық жаңғыруды қолға алып, күн санап өзгеріп жатқан, озық технологиялардың арқасында сана сезіміміз бұл дүниетанымымыздың өсуі негізінде заман ағымына икемделу. Жаңа жаңғырудың өзіндік тамыр мен тарихы тереңнен бастау алатын болады. Жаңа жаңғыртудың ең басты шарты ұлттық салтын сақтай білуі. Жаңғыру – бұрынғы тарихи тәжірибемен ұлттық дәстүрлерге шикілікпен қарамау. Рухани жаңғыру ұлттық сананың оң жақтарын тарихи тарландарымыздың еңбектері мирас болып, қанымызға сіңіп, сол еңбектерін қайта түлету.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті»- деді Елбасымыз. Өскелең жас ұрпаққа жақсы тәрбие беру барысында жас ұрпаққа адамзаттық құндылықтар мен рухани мәдени мұраларды жаңғыртуды студенттерге оқылатын дәрістерде де қолдану керек. Өйткені бүгінгі студент - ертеңгі маман иесі ретінде келер ұрпаққа ұлағатты тәрбие беруші. Сол келешек ұрпаққа тәрбие беру арқылы ақылды, парасаты мол, ақыл-ойын озық етіп тәрбиелеу - мұғалімнің міндеті. Ал қазіргі кезде ата – бабаларымыздың салт-дәстүрлері, әдет-ғұрпынан ажырап қалған. Сол нәрселерді қайта жаңғыртуға студенттер жұмыстар жүргізуде.

Мысалы, студенттер педагогикалық практика барысында оқушыларға асық ату, хан талапай, тоғызқұмалақ ойындарын күнделікті сабақ барысына пайдалана отырып, балалардың ой - өрісін дамытуда.

Студенттерге дәрістер оқу барысында бейне материал арқылы аңыз әңгімелер тыңдатылып, бейне көріністер көрсетіледі. Сол арқылы студенттердің ой-өрісін, талғампаздығын арттыра отырып, жастарды жан-жақты етіп тәрбиелеуге, отансүйгіштікке, мейірімділікке, әсемдікке сүйеге тәрбиелеу. Қазақ «Туған жерге туынды тік» деп бекер айтпаған. Кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті жоғарғы оқу орындарына «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсындым. Эдвайзерлік топ студенттері «Туған жер» бағдарламасы арқылы ауылымыздың киелі жерлерін жаңғырту, есімі ұмытылып бара жатқан ақын - жазушыларымыз бен еңбек қайраткерлерінің еңбектерімен таныса отырып жұмыстар жүргізеді. Сондықтан, Сөзіміз – түзу, Еңсеміз – биік, Рухымыз – мықты болсын десек, еліміздің көнерген гимнаттарын жаңартып, ақын-жазушыларымыздың еңбектерін жастарға жеткізіп, ұлықтай білейік.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Егемен Қазақстан» газеті <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>
2. Латинское письмо // Лингвистический энциклопедический словарь;
3. Рухани жаңғыру – табысты ел болуымыздың кепілі: библиографиялық әдебиеттер тізімі / Теміртау орталық кітапханасы: құраст. К.А. Жанашева. – Теміртау, 2018. – 24 б.
4. Әбдіманапов, С. Ұлт әлеуетінің ұстыны [Мәтін]: [Рухани жаңғыру, жастарды отаншылдық рухта тәрбиелеу туралы // Егемен Қазақстан.- 2018.- 12 наурыз (№48).- 5 б.
5. Әбдіхалықова, Г. Рухани жаңғыру - Қазақстанның үшінші жаңғыруының негізі [Мәтін]: [ҚР Президентінің бағдарламалық мақаласы туралы] // Егемен Қазақстан; Орталық Қазақстан.- 2017.- 17 сәуір (№73). - 3 б.; 16 мамыр. - (№52). -3 б. 7
6. Әбдіхалықова Г. Рухани жаңғыру - Қазақстанның үшінші жаңғыруының негізі [электронды ресурс] қол жеткізу режимі: <http://abai.kz/post/51594>
7. Әбілда, Қ. Рухтың тілеуі-ұлттың тілеуі [Мәтін]: ["Рухани жаңғыру" жобасы аясында атқарылатын жұмыстар] // Егемен Қазақстан.- 2018.- 20 наурыз (№54).- 7 б.
8. Әбілдин, Ж. Ескіні жаңамен, дәстүрді инновациямен сабақтастыру [Мәтін]: [Елбасы Н.Назарбаевтың "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" бағдарламалық мақаласындағы "Ұлттық жаңғыру", ұлттық болмыс туралы] // Егемен Қазақстан.- 2017.- 12 маусым (№110).- 11 б. 6. Әметов,

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУДА ЯНУШ КОРЧАК ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

аға оқытушы **Т.Н. ҚАРАЕВА**
п.ғ.к., доцент **Н.Ә. ТУЕБАКОВА**

Түйіндеме:

Соңғы жылдары қоғам өмірінде орын алған өзгерістерге байланысты оқушыларға білім берумен қатар олардың тәрбиесіне ерекше мән беру талап етіледі. Бұл мәселені шешуде басты жауапкершілік педагог тұлғасына жүктелетіні белгілі. Сондықтан да қазіргі қоғамға академиялық білімі мен педагогикалық қабілеті жоғары ұстаз ғана емес, балалардың өзін-өзі жетілдіруіне жағдай жасай алатын, ізгілікті әдістерге сүйенетін, гуманистік педагогика деңгейіндегі педагогикалық мәдениетті педагогты даярлау маңызды мәселе болып табылады. Қазіргі талаптарға сәйкес жоғары оқу орнында оқытудың тиімді әдістері мен тәсілдерін іздестіріп, солар арқылы тәрбиелік іс-әрекетті жүргізуге тиістіміз.

Болашақ мамандарды даярлау ісінде гуманист-педагог Януш Корчактың педагогикалық мұрасының көмегіне жүгінген отырып, студенттер нағыз педагогикалық құндылықтардың не екенін түсінеді деп есептейміз.

Тірек сөздер: *Януш Корчактың педагогикалық мұрасы, өзін-өзі дамыту, тұлғаға бағдарланған білім, шығармашылық қабілет, педагогикалық мәдениет, тәрбие.*

THE VALUE OF JANUSZ KORCZAK PEDAGOGICS IN PREPARATION OF FUTURE TEACHERS

Abstract:

The modern school requires a teacher who is able to create advantageous conditions for the self-development of the student's personality, a teacher who has a high level of general and pedagogical culture, capable of rising to the level of humanistic pedagogy - a person of culture. It is impossible to solve this problem by the means of reproductive information transmission of knowledge. We need other approaches that are adequate to humanistic pedagogy, which allow breaking stereotypes that were established when students were schoolchildren. To achieve that, it is necessary to ensure impact through three channels: rational, emotional and activity. Our task is to look for forms and methods of education adequate to modern requirements in the university, through them to carry out educational activities.

To understand the problem of modern approaches to upbringing, to reach the level of its understanding helps to appeal to the heritage of humanist teacher Janusz Korczak.

Keywords: *Janusz Korczak pedagogics, self-development, personally-oriented education, Creative skills, pedagogical culture, upbringing.*

КІРІСПЕ

Қазіргі кезде Қазақстанда ғылыми, дүниетанымдық, білім беру парадигмаларының ауысуы орын алып отырған бүгінгі күннің талабына сай келетін болашақ мұғалімдерді даярлау құралдарын іздестіру ерекше өзекті мәселеге айналып отыр. Авторитарлық мектепте білім алған студенттер ондағы педагогикалық әсер ету тәсілдерін кейіннен өз тәжірибесінде ерікті не еріксіз түрде қолданатындықтары үлкен мәселе туындатады. Ондай тәсілдерге: балаға әсер ету объектісі ретіндегі көзқарас, негізгі әдістер көтермелеу мен жазалау, баланың еңсесін басып, оның бойынан құрметке лайықты тұлғаны көруге қабілетсіздік және т.с.с. жатады. Сонымен бірге қазіргі мектепке оқушының тұлғалық өзін-өзі дамытуы үшін қолайлы жағдайларды туғызуға қабілетті педагог, жалпы және педагогикалық мәдениет деңгейі жоғары, ізгілік педагогикасы деңгейіне көтерілуге қабілетті педагог – мәдениет адамы талап етіледі. Бұл міндетті репродуктивті-ақпараттық білімді табыстау құралдарымен шешу мүмкін емес. Осы ретте гуманистік педагогикаға баламалы, студенттердің сонау мектепте жүрген кезінде қалыптасқан таптаурындарды жоюға мүмкіндік беретін мүлдем басқа тұрғылар керек. Бұл үшін мынадай: рационалдық, эмоциялық және іс-әрекеттік үш арна бойынша әсер етуді қамтамасыз ету қажет. Біздің міндетіміз ЖОО-да қазіргі талапқа баламалы оқыту формалары мен әдістерін іздестіру және олар арқылы тәрбие ісін жүзеге асыру.

Сонымен, қазіргі уақытта елімізде өскелең ұрпақты ізгілікке тәрбиелеу ісі ерекше маңыз алып отырғаны белгілі. «Мұғалім кәсібі – бұл, адамтану, үнемі адамдардың толассыз күрделі рухани әлеміне ену» деген ұғымның талаптарына сәйкес тұлғаны қалыптастыру мектеп пен мұғалімнің

парызы болып табылады. Осыдан білім беру үрдісінде мұғалімнің үлесі орасан зор екенін көреміз. Адамгершілік құндылықтарды тәрбиелеу мәселесі Я.Корчактың ойынша, - теория мен практика жүзінде пысықтауды талап ететін, аса күрделі және өткір мәселелердің бірі болып табылады. Я.Корчактың педагогикалық мұрасы көпқырлы. Оның мұрасы белгілі даму сатыларынан өтіп, сипаты үнемі тереңдеп баи түсті. Оның өмір сүрген дәуірі аса қиын кездер еді, дегенмен, ол өзінің ойы мен өзі қалап алған жолынан ешбір тайған емес. Оның аса жоғары ізгілікті педагогикасынан ер адамның қатал шыншылдығы мен баланың арманшыл қиялының жарасымды үйлесімін көреміз.

Корчактың бүкіл педагогикалық философиясы тәрбиешінің: не нәрсеге үйрету керек? Балаға не беру керек? Қандай құндылықтар – қандай байлық береміз? – деген негізгі сұрағына Януш Корчактың жауабы: оған тек бір нәрсе – жақсы өмір сүруге деген ынта беріңіз;

Тәрбиенің қазіргі тұрғылары мәселесін саналы сезінуге, оны түсіну деңгейіне көтерілуге болашақ педагогтарға педагог-гуманист Януш Корчактың мұрасы көмектеседі.

Корчактың еңбектерін зерделеп, оларды біз үшін дәстүрлі болып саналатын тәрбие тұрғыларымен салыстыра отырып, соңғының тұлғаны мақсатқа бағытталған түрде қалыптастыру екенін түсініп, біз мынадай қорытындыға келдік: балаға болашақ ересек ретінде қарау және балалық шақтың негізгі мәні өмірге дайындық ретінде түсіну авторитарлық педагогиканың негізі болып табылады. Сондықтан да көбіне педагогтардың баланың билігін тұтастай өз қолына алуға, оны өзіне бағындыруға ұмтылыстарын түсінуге болады. Бұның ар жағында – балалық шақтың құндылығының төмендеуі, оған нағыз ересек өмірге дайындық сатысы ретінде қарау жатыр. Корчактың еңбектерін зерттеу, оның өмірбаянына, педагогикалық қызметіне зер салу, студенттерге – балалық шақтың өмірге дайындық емес, керісінше нағыз өмірдің өзі екенін, оның – нағыз құндылық екенін, адамның қандай ересек болып өсетіні көпшілік жағдайда балалық шақтың қуанышын сезіне алуына тәуелді болатынын түсінуге мүмкіндік береді. Осыларды ескере отырып, көрнекті педагогтың педагогикалық мұрасын зерттеу белсенді сипат алуы тиіс. Бұл дегеніміз, шығармашылық жұмыстарды жазу, оның шығармалары бойынша спектакльдер, қойылымдар қою студенттермен және мектеп оқушыларымен балалық шақ мәселелері жөніндегі тақырыптарда дөңгелек үстелдер өткізу. Януш Корчактың жұмыстарына зер сала отырып, студенттер өздері үшін нағыз педагогикалық құндылықтардың не екенін түсінеді, бала жанының әлемін таниды, ересектің баладан серіктесті көруі, оның даралығын құрметтеуі, онымен диалог жүргізуі, оны жүрегімен сезінуге қабілетті болуы үшін не қажет екені туралы терең ойға шомады. Біз әлеуметтік педагогтар мен өзін-өзі тану мамандығының студенттері, тіптен жалпы педагогикалық бағытта білім алатын барлық студенттер үшін ұлы педагог, дәрігер, жазушы Януш Корчактың еңбегіне баса назар аудару қажеттігін айтамыз [1].

Бұған себеп, біріншіден, Корчак 30 жылдан астам уақыт бойы балалармен жұмыс жасай отырып, оларды басқалардан артық білуі және түсінуі.

Екіншіден, өзі балалардың қаншама буынына тәрбиеші бола отырып, бұл еңбектің қадіріне жете білді.

Үшіншіден, керемет жазушы және публицист, балалармен де тәрбиешілермен де өзгелерден артық әңгімелесе алатын еді. Оның мәтіндерінде балалармен жасалатын педагогикалық жұмыс бойынша тікелей әдістемелік нұсқаулар берілмейді, бірақ оның әрбір жұмысында ақылды да қырағы бақылаушыны, балалық шақтың білгірін, практика тәжірибесінде дана, арманшыл, сонымен бірге шынайы қатал педагог тұлғасын көруге болады. Студенттер оның еңбегімен таныса отырып, диалог орнатады және әрбір ойлы адамға қажет етілетін ақылды, мейірімді, түсінетін керемет сырласушысын табады.

Сондықтан да бүгінгі күні Корчактың балалық шаққа құндылық ретінде қарайтын көзқарасы аса өзекті. Корчак адамның жарқын да бақытты балалық шағынсыз, оның бүкіл өмірі соңыра бұрмаланған, ұсқынсыз нәрсе болып көрінеді деп есептеген. Осыдан шығатын түйін балалық шақты өмірдің толыққанды сатысы ретінде қорғау керек. Бала – ересекке қарағанда кішкентай болғанына қарамастан, толыққанды адам.

Корчак Треблинка ажал лагерінде келіп жеткен өлім сағатында өзінің адал көмекшілерін, қызметкерлері мен балаларды тастап кетпей, бірге ажал құшты [2].

Студенттер бала тәрбиесі жөніндегі «Баланы қалай сүйе керек» деген ең басты кітабын оқи отырып, өздерін тереңдігімен және даналығымен таң қалдыратын ойларды табады: «Адамның ең маңызды кездесулері – оның балалармен кездесуі екенін ұмытпа. Оларға барынша мән бер – біз баланың бойында кімді кездестіре алатынымызды ешқашан біле алмаймыз». «Бала ... бұл саған Өмірдің сақтауға және оның шығармашылық отын дамытуға берген аса бағалы ыдысы». «Өз балаңды кез келген – дарынсыз, бейбақ, ересек қалпында сүй. Онымен қарым-қатынасыңда қуан, себебі бала, бұл – әзірше сендегі мереке» [3].

Жақсы көру Корчак бойынша, бұл – баланың қуаныштары мен қайғысында асау көріністерімен ғана емес, біздерден мүлдем басқа екендігімен де «шынайы» болып табылатынын түсіну. Бірақ оның терең ойға шомып, жаңа жұмбақ әсерлерді сезінетін, күйзеле таңқалатын және күдіктенетін сәттерімен байсалды болатын кезеңдерін де байқау керек. Яғни, олардың біздерге соншалықты ұқсас болатын сәттерін. Корчак бала ересектерше ойлана алмаса да, бұл олардың қиындықтары туралы баланың өзінше ойлануына кедергі болмайды. Және жалпы алғанда, бала ойлауының ерекше үдерісі қандай да бір психологиялық ерекшеліктерінен емес, оның тәжірибесі мен білімінің жеткіліксіздігіне шарттастырылған деп көрсетеді. Бұл жерде ғалым осы сатыда балалардың активті және пассивті темпераменті ойлаудың әртүрлі типтеріне: шынайы және рефлексивті түрлеріне ауысатыны жайлы сөз етеді. Осыдан, Корчак педагогикадағы дағдылы тұрғыны қолдануға болмайтынына тағы да тоқталады. Тәрбиедегі жеке дара тұрғыны біз айтып өткен болатынбыз, оның терең сенімі бойынша бұл ең алдымен баланы қандай болса дәл сол қалпында қабылдау. Шынайы түрде ойлайтын бала, сенген қолайлы, пайдалы секілді ерігінің авторитетіне қарай сенеді немесе сенбейді; рефлексивті ойлайтын бала сұрастырады, қорытынды жасайды, қарсыласады, ісі мен ойы арасында арпалысады.

Корчак өзінің жұмысына тәжірибесін, ойлары мен идеяларын барынша көптеп ендіруге тырысып, тәрбиеші тап болатын көптеген сұрақтарды ашады. Бұл мектепке дейінгі баланың ішкі әлемі, өсу мен жыныстық жетілудің физиологиялық және психологиялық мәселелері, жеткіншектің психологиялық қалыптасуының қиындықтары. Дегенмен, ғалымның шығармашылық ойы қандай бағытқа ауытқыса да оның пікірінше, тәрбиенің негізгі болып табылатын қағидаларды қайта-қайта қайталайды. Баланы түсіну, ал осыдан барып оны зерттеу, оны қандай болса, сол қалпында қабылдау, және бала психикасының күрделілігі мен көпқырлылығын сезіну қажет.

«Бала жаны дәл біздікіндей күрделі, ұқсас қарама-қайшылықтарға толы: қалаймын, бірақ жасай алмаймын, керек екенін білемін, бірақ істей алмаймын деген секілді мәңгі сұрақтармен күреседі».

Ал осыдан тәрбиешіден үлкен еңбекті талап ететін әрбір балаға деген жеке дара тұрғының қажет екендігі туындайды. Корчак осыншама қиын жолмен жүруді таңдаған педагогтың міндетті түрде ұшырайтын барлық кедергілері мен қиындықтарына қарамастан, оның еңбегі марапатталатынына сенеді. Бірақ әрине бұл марапат материалдық емес, бірақ бұл табиғатынан нағыз педагогтарды ешқашан да тоқтатқан емес. Бұл марапат материалдықтан әлдеқайда жоғары да, бағалы да құндылық.

«Қысым жасамайтын, ерік беретін, сүйретпейтін, көтеретін, тұлғаның қалыптасуына кедергі болмайтын, дамуға ықпал ететін тәрбиеші мәжбүрлемейді, оқытады, талап етпейді, сұрайды, баламен бірге көптеген әсерлі минуттарды бастан кешіреді. Оның талай рет жастан көзі қарауытып періште жеңіп шығатын періштенің шайтанмен күресін көруге тура келеді».

Осылайша, Януш Корчактың «Баланы қалай жақсы көруге болады» деген шығармасының басты идеясы, оның тәрбиелік әдісінің мәні және барлық педагогтарға жолдауы, бұл ең біріншіден, баланы зерттеу керек. Оның ішкі әлемін бақылау, түсіну, білу.

Бұл оның шығармасы басталатын «шығармашылық «білмеймінінін» мәні, осымен соңында өзінің жұмысының керемет еместігін мойындауымен шартталынған. Себебі, тәрбиелеу бойынша жетілген әдістердің болуы мүмкін емес, сондай-ақ, педагогикалық үдерісте мінсіз нәтижелерге қол жеткізу де мүмкін емес. Сондықтан да, Корчак мінсіздікке шақырмайды, баланы сүюге шақырады. Міне, сүйіспеншілік жіберілген қателіктердің салдарын жұмсартады, осыдан тәрбиеші күш алуы тиіс. Бірақ осы сүйіспеншілікті қадірін кетіретін елжіреумен, ең жаманы баланың өздігінен дамуына жол бермей, орны толмайтын өкінішке соқтыратын, баланың өмірі мен қауіпсіздігі жайлы үреймен шарттасылған орынсыз, жойқын сүйіспеншілікпен шатастырып алмай дұрыс түсіну керек.

Корчак пайдалы тәжірибе мен жиналған педагогикалық әдістемелерді жоққа шығармай, әсіресе анасы үшін, ата-аналар үшін өз баласын дербес бақылаудың, зерттеу мен білудің маңыздылығын айтып өтті. Бұл ата-ананың сүйіспеншілігін шын мәнінде жемісті ететін, дағдылы әдістемелермен таңылатын тәрбиедегі көптеген қателерден құтылуға мүмкіндік беретін басты ереже. Бірақ, жеңіл жол емес, және де Корчак мұны жақсы біледі. Ол ата-аналардың көпшілігі өздерінің ата-аналарынан алған тәрбие әдістерін инстинктивті түрде қабылдай отырып ұшырасатын «тұйық шеңбермен» жақсы таныс».

Міне осындай асқақ ойлар студенттердің бар ынтасымен сабақта талқылайтын мәселесіне айналуы тиіс. Осы ретте бұл бағыттағы жұмыстар біздің университетімізде 2015 жылы бастау алғанын айта кеткеніміз жөн. «Өзін-өзі танудан» республикалық пәндік олимпиадасы аясында студенттер Я.Корчактың өмірі мен педагогикалық еңбектерін зерттеуге ден қойып, жоба әзірлеген болатын. Жоба бойынша жүргізілген жұмыстарды қорытындылау үшін ұйымдастырылған дөңгелек үстелдің маңызы тек студенттер үшін ғана емес, педагог-оқытушылар үшін де зор болғанын айта кеткіміз келеді. Жоба аясында студенттер «Аспанға апарар жол» атты қойылымды әзірлеуге ерекше мән берді.

Сонымен қатар былтыр студенттер арасында «Ұлы педагогтар ізімен» атты іс-шара бастау алды. Бұл жерде әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының орыс бөлімінің 3-курс студенттері Януш Корчактың өмірібаяны мен шығармашылығына арналған «Одиночество ребенка наделяет куклу душой» деген тақырыпта керемет кеш ұйымдастырды. Олар осы іс-шараны не себепті Я.Корчактан бастағандарын былайша түсіндіреді: Корчактың қызметі мен педагогикалық шығармаларында бүгінгі күні өзекті болып табылатын және балаларға білім беру мен тәрбиелеу ісін ізгілендіру – бала құқығын, және ең алдымен баланың шын мәніндегі өзімен өзі болуы құқығын құрметтеу мәселесін шешуге қабілетті идеялар мазмұндалған. «Мое педагогическое кредо» повесін оқи отырып, баланы құрметтеу педагогикасына, балалық шақтың мәселелерін түсіну педагогикасына, сүйіспеншілік педагогикасына үйренді. Атап айтқанда, өздерінің педагогикалық кредосын осы ерден көргендерін айтады.

Алайда Корчактың гуманистік идеяларын тек сезіну мен бойынан өткеру – адамның мінез-құлықтық бағыты мен тенденциясын анықтайтын, мотивациялық құрылымдар жүйесі болып табылатын тұлға бағыттылығын қалыптастыру үшін жеткіліксіз (С.Л.Рубинштейн). Болашақ педагогты осы ойларды іске асыру іс-әрекетіне қамту маңызды. Іс-әрекетті ұйымдастыра отырып, біз студенттерді баланың негізін қалаушы құқықтарын білумен бірге қатысушылардың тең құқылылығын, өзара құрмет пен қабылдауды және өзара түсіністікті қамтамасыз ететін диалог қағидаларын ұстана отырып, олармен өзара әрекетті жүзеге асыру білігін болжайтын құрмет педагогикасына үйрету міндетін белгіледік. Бұл іс-әрекет келесі бағыттарда ұйымдастырылады:

- рефлексиялық-шығармашылық тәжірибе, осының негізінде студенттерде өзіне және айналасындағыларға жағымды қатынас қалыптасады, жағымды, оптимистік Мен-тұжырымдамасын дамыту үшін жағдай жасау;

- балалармен қатынас құру, әңгімелесушісін есту, оның ұстанымын құрметтеу, қарым-қатынастағы серіктесін түсіну білігіне үйрету мақсатын көздейтін коммуникативтік құзыреттілігін ұйымдастыру;

- студенттерді эмпатия білдіру, қабылдау, қамқорлық пен жауапкершіліктің пайда болуын талап ететін іс-әрекетке тарту.

Бұл балалар үйінде жеке дара диалог түрінде (студент – балалар үйінің тәрбиеленушісі) жүзеге асырылатын еріктілер іс-әрекеті, сонымен қатар студенттерді балалар үйінің тәрбиеленушілерінің қатысуымен іс-шараларды ұйымдастыруға қатыстыру.

Януш Корчактың педагогикалық мұрасына көңіл бөле отырып, студенттер тәрбиенің бала тұлғасын мақсатқа бағытталған түрде қалыптастыру емес екенін (баланың өзінің қажеттіліктерін ескерместен, ештеңе қалыптастыруға болмайтынын) түсінді. Тәрбие, бұл – баламен бірлесіп өмір сүру үдерісі, қатысушылардың тең құқылығы қарастырылатын диалог, өзара түсіністікке, бірлескен шығармашылық мен бірлескен дамуға бағдарлану. Тәрбиенің нәтижелі болуының қажетті шарты педагог пен баланың өзара қатынастарының гуманистік сипаты болып табылады. Бұған дәстүрлі құралдар арқылы (біздің педагогикалық білім беру жүйесі ең алдымен білімді табыстауға бағдарланғанына қарамастан) үйрену мүмкін емес. Бұны болашақ мамандарды осыған мұқтаж және қамқорлықты күтетіндермен сүйіспеншілік атмосферасына ендіре отырып, студенттің өзін балалармен, сонымен қатар диалогты түрде оқытуды іске асыратын педагогтармен дамытпалы және дамудағы қатынастар жүйесіне енгізе отырып, қолайлы жағдайларды құру арқылы оның бойында дарыту керек.

Бұл бағыттағы жұмысты жолға қою мақсатында биылғы жылдан бастап 1-2-курс студенттерінің оқу практикасын қарттар үйі мен балалар үйінде ұйымдастыру жоспарланып отыр.

Ал екінші курста студенттер Корчактың тәрбие жұмысымен танысады. Оның негізін Балалардың өзін-өзі басқару кеңесі мен балалар сеймі құрайды. Бұлар Корчактың гуманистік тәрбиесінің өзегі болып табылатын ең қажетті құралдары болып табылады. Осы мақсатта Жолдастық сот қызмет етеді. Ол балаларды өз қылықтары үшін ойлануға, дербес және жауапты болуға баулиды. Януш Корчактың тәрбие жүйесіне жүгіну студенттерге тәрбие үдерісінің мәнін түсінулеріне, тәрбиелеу мен өзін-өзі тәрбиелеудің үздіксіз байланысын түсінулеріне жәрдем береді. Корчак балалардың өзін-өзі тәрбиелеуіне жағымды жағдай жасады. Өздерінің ерік-жігерін шынықтыруға тырысып, олар Корчакпен бәс тігетін немесе «Күннен ерте тұр» тобына жазылатын. Баланы өзін-өзі тәрбиелеуге ояту мақсатында жетімдер үйінде «плебисцит» тұрақты түрде жүргізілетін. Плебисцит нәтижесінде – жолдас, немқұрайлы квартирант, «масыл» деген сияқты атақ беру балаларды өзінің ұстанымын түсінуге оятатын, өз-өзімен жұмыс жасауға ықпал ететін. Корчактың балалар үйіндегі қамқоршылық жүйесімен қызыға танысады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, тәрбие берудегі жаңа заманғы әдіс-тәсілдер мәселесін түсінуге педагог-гуманист Я.Корчактың еңбектеріне жүгіну көмектеседі деп айта аламыз.

Студенттер Корчактың мұрасы арқылы тәрбие берудің мақсатталған бала тұлғасын қалыптастыру үдерісі емес, баламен бірге диалог негізінде дамыту жүргізілетін үрдіс екенін түсінетін болады. Тәрбие үдерісін өнімді жүргізу үшін педагог пен оқушы арасындағы қарым-қатынас гуманистік сипатта болуы керек. Бұған дәстүрлі әдістермен қол жеткізе алмаймыз. Болашақ педагогтарды сүйіспеншілік атмосферасына бөлеу, ізгілікті студент бойына сіңіру арқылы, біз белгіленген мақсатқа қол жеткіземіз.

Көрнекті педагогтың тәжірибесі студенттерге өз мамандықтарын тереңінен сезінуге мүмкіндік береді. Корчактың педагогикалық ойларының әлеміне шолу арқылы, болашақ педагог тұлғаны тәрбиелеуге қажетті жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңіреді.

Осы керемет педагог-ойшылдың барлық шығармаларында бір таңқаларлық қасиет бар. Корчак, өзінің жұмыстарында дайын жауаптарды бермейді, оқырманды автормен бірге ойлануға, оның астарын түсінуге жетелейді. Сондықтанда, оқырман оның қызықты көркем мәнерде жазылған шығармасын оқып шығысымен, қайта оқығысы келіп тұрады және әрдайым өзі үшін жаңа нәрсені табады. Бір нәрсе анық. Бұл тақырыпта әлі де көптеген жұмыстарды жазуға болады және олардың әрқайсысында міндетті түрде өз жаңалықтары мен жаңа қорытындылары болары сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Липкина Н.Г. Педагогика Януша Корчака в подготовке будущего учителя как человека культуры. Современные направления развития педагогической мысли и педагогика И.Е.Шварца/ материалы международной научно-практической конференции, 2009.

2. Демакова И. Как нам научиться любить своих учеников: [О пед. идеях Я.Корчака] /И.Демакова //Нар. образование.- 2001.-№7.-С.147- 152.

3. Корчак Я. Избранные педагогические сочинения. –М.: Педагогика, 1979. –435 с.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ӨЛКЕТАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

п.ф.к., қауымд. проф. м.а.Р.К. ҚАРСЫБАЕВА

п.ф.к., қауымд. проф. А.М. ТЕКЕСБАЕВА

п.ф.м., А.Р. ДЖАКИПБАЕВА

Түйіндеме:

Мақалада жеке тұлғаны қалыптастыруда өлкетанудың педагогикалық құндылықтары туралы айтылады. Өлкетану өсіп келе жатқан жас ұрпақтың дүниеге деген ғылыми көзқарасын қалыптастырудың негізі болып табылады. Өлкетану - өсіп келе жатқан жас ұрпақтың дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастырып, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттырады.

Түйін сөздер: өлкетану, жас ұрпақ, туған жер, өлке, үдеріс.

PEDAGOGICAL VALUES OF LOCAL HISTORY IN FORMATION OF PERSONALITY

Abstract:

The article deals the importance of pedagogical values of local history in the formation of personality. The authors disclose pedagogical values of local lore materials in the formation of personality. Local history - shapes the scientific views of growing younger generation and increases their love for their native land.

Keywords: local lore, young generation, native land, land, process.

КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда егеменді еліміздің білім беру саласындағы ең басты міндеті - өскелең ұрпақтың ұлттық дүниетанымын шындауға қызмет ететін білім беру жүйесін қалыптастыру. Өйткені, білім болашаққа қызмет етеді, білім жүйесі жоғары дәрежеде қоғамның әлеуметтік-экономикалық прогресіне ықпал етеді. Сондықтан білім беру жүйесі әрбір халықтың төл ұлттық болмысымен санасу арқылы жүзеге асырылуы керек. Бұл міндетті іске асыруда оқушыларға оқу-тәрбие үрдісінде бүгінгі таңда әлемде қалыптасып отырған саяси, экономикалық өзгерістерді ескере отырып, өз халқының ұлттық-мәдени тарихын, экономикалық, экологиялық, әлеуметтік жағдайын саналы түсінуге, олардың ұлттық көзқарасын қалыптастыруға ерекше назар аударылуы тиіс.

Өлке – бұл туған жер. Өлкетану мәселесі бойынша көптеген еңбектер жазылған. Бұл ұғымға әртүрлі мағына енген. Оның себебі өлкетанумен түрлі саладағы ғалымдар: тарихшылар, педагогтар, тіл және әдебиет мамандары, өнер адамдары, географтар т.б. шұғылданған. Өлкетанудың зерттеу объектісі: жер, территория, табиғат, сол жердің халқы, тарихы, шаруашылығы, өнері мен мәдениеті. Бұлар түрлі саладағы ғылымдардың объектісі болғандықтан оларды зерттеуде түрлі әдістер қолданылады. Өлкетану әдістерінің жалпы зерттеу объектісі - «өлке». «Өлке» ұғымы - шартты, оны кім және де қандай мақсатпен зерттейтініне байланысты түрлі өлкетану болуы мүмкін.

Өлкетану ұғымын түсіндіруде көптеген авторлар белгілі бір территория туралы мағлұмат жинау ғана емес, сонымен қоса бір факторлардың екінші факторларға әсерін анықтауға, яғни сол жердегі өмірдің және табиғаттың комплексті көрінісінің беруге ұмтылады [1].

Оқу-тәрбие процесінде туған өлкені зерттеу мен өлкетану материалдарын қолданудың педагогикалық құндылығы туралы ұлы чех педагогы Я.А.Коменскийдың, француз ойшылы әрі педагогы Ж.Ж.Руссо және де орыстың ғалым-ағартушысы М.В.Ломоносов еңбектерінде түрлі құнды пікірлер тұжырымдалған. Туған өлке табиғатын зерттеуге аса көңіл бөліп, оның ғылыми педагогикалық негізін салған К.Д.Ушинский еді.

Атақты ғалым-географ А.С.Барков өлкетануды «кішкене елтану» ретінде қарастырады. Ол: «Өлкетану - бұл мазмұны мен зерттеудің жеке әдістері жағынан әртүрлі, бірақ өзінің тұтастығы жағынан өлкені ғылыми және жан-жақты тануға жетелейтін ғылыми пәндер жиынтығы» - деп тұжырымдайды [2].

Біздің пікірімізше, өлкетану дегеніміз өз өлкенді (ауыл, аудан, қала) жан-жақты тану, оның қоғамдық өмірін, географиялық, этнографиялық, демографиялық ерекшеліктерін және табиғи, экономикалық, мәдени ресурстарын есепке алып зерттеу.

Кеңес одағы тұсында өлкетану саласында теориялық және практикалық жұмыстарын атақты ғалым-географтар: А.А. Борзов, А.С. Барков, А.А.Половкин, В.Г. Эрдели, В.П. Буанова, В.А. Кондакова т. б. зерттеген. Бұл ғалымдардың еңбектерінде туған өлкенің табиғи, тарихи ерекшеліктерін, әлеуметтік-экономикалық жағдайларын зерттеудің жолдары мен әдістері, өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру туралы мәселелер қарастырылады.

А.С.Барков өзінің «О научном краеведении», «Еще о научном краеведении» атты мақалаларында өлкетанудың міндеттері мен мақсаттарын анықтайды: «өлке немесе облыстың көрінісін тереңірек және кеңірек біліп, айқындауы. Ол оқу-тәрбие жұмыстарында өлкетануды қарастыра отырып, оның ғылыми, практикалық, білімділік, тәрбиелік маңызын ерекше көрсетеді [3].

Қазақстанда өлкетанудың қалыптасуына Ш.Уәлихановтың еңбектерінің маңызы зор. Ол әлі күнге дейін құндылығын жоймаған этнография, география, педагогика, психология, биология, тарих, құқық, әдебиет, сияқты ғылым салаларында мол мұра қалдырды.

Балаларға өздерін қоршаған дүние туралы білім беру, оқу-тәрбие процесінің негізгі талаптарының бірі. Осы мәселе туралы құнды пікірлер айтып, нақты ұсыныстар берген ағартушыларымыз С.Көбеев, Ш.Құдайбердиев, М.Дулатов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Н.Құлжанова, С.Торайғыров еңбектерінің маңызы зор.

Соңғы кезде елімізде оқушылар дүниетанымын қалыптастыруда өлкетану материалдарын пайдаланудың мәселелері С.Қалиев, Қ.Жарықбаев, С.Ұзақбаева, Ж.Наурызбай, А.Көбесов, Қ.Аймағамбетова, Ә.Бірмағамбетов, Е.Сағындықов т.б. еңбектерінде көрсетіледі. Бастауыш сынып оқушыларына өз өлкесі туралы білім берудің қажеттілігін Қ.Аймағамбетова, Ә.Бірмағамбетов, К.Жүнісова, И.Нұғыманов, Қ.Жүкешев ерекше атайды.

Өлкетанудың білім берудің сапасын көтеруде ықпалы зор. Өлкетану жұмыстары оқушылардың сабақтан немесе оқу құралынан дайын білімді алу ғана емес, сонымен қоса мұғалім басшылығымен оқушылардың өздік жұмыстарын, ізденіс-зерттеу әдістерін қамтиды. Сондықтан өлкетану жұмысының ерекшелігі - оның мұғалімдер мен оқушыларды зерттеуші ететіні. Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, тілін білетін, дүниеге дұрыс қозқарасы қалыптасқан шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеудің және өлкетану оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыруда өлкетану маңызды, күшті құрал болып отыр. Өлкетану материалдарын пайдалану арқылы қоршаған шындықтың құбылыстарын, ғылыми ұғымдарды ашып, нақтылаймыз, түсінеміз.

Өлкетанудың теориясы мен әдістемесіне белгілі географ пен әдіскерлер Н.Н.Баранский, Л.С.Берг, П.В.Иванов, И.С.Матрусов, К.Ф.Строев, В.А.Жучкевич, П.А.Лярский т.б. елеулі еңбек сіңірген. Н.Н.Баранский еңбектерінде мектептік өлкетанудың теориясы мен әдістемесінің көптеген мәселелері қаралып, дамыған; өлкетану жұмыстарының формалары қарастырылған; ауыл, аудан, қаланы зерттеудің бағдарламалары жасалған; өлкетану мен өмірдің байланысы негізінде ұсыныстар берілген. Ол: «Мұғалімнің жергілікті жердің шаруашылығынан, сол жергілікті жердің табиғатынан алған мысалдары, білім мазмұнын түсінікті, жеткілікті әрі қызықты етеді - дейді [4].

И.В.Иванов өлкетанудың педагогикалық негіздері мен оның оқушылардың кәсіби бағдарындағы рөлі және өлкетануды зерттеудің әдістемесінің мәселелерін қарастырса, И.С.Матрусов өлкетанудың әдістемесіне зор еңбек сіңіріп, география оқулықтары мен мектеп бағдарламаларына өлкетану материалдарын енгізудің инициаторы болған. П.А.Лярский 1966 жылы педагогикалық оқу орындарының студенттеріне арналған «Пособие по краеведению» атты туындысын жазды.

Өлкетану материалдарын оқу-тәрбие процесінде қолдану пән мазмұнындағы материалдарды меңгеруді жеңілдеті түсетінін анық. Өлкетану жұмыстары сабақта өтілген фактілерді терең түсінуге ықпалын тигізеді. Ол оқушыларды «тек қарауға емес, сонымен бірге көруге, тек білуге емес, сонымен қоса түсінуге үйретеді. Сабақтарда өлкетану материалдарын пайдалану мен өлкетану зерттеулерін жүргізу бастауыш сынып оқушыларының сыртқы дүние құбылыстары мен заттары туралы, олардың өзара байланысының заңдылықтары жайлы айқын түсініктерін қалыптастыруға көмектеседі. Жергілікті жердің табиғатын, халқы мен шаруашылығын сипаттайтын факторларды зерттеу, дүниетануды оқытуды түсінікті әрі қызықты етеді. Өлкетану жұмыстары пәнді оқытудағы нақты міндеттерді шешуге, білім беру мен тәрбиелеу мақсатын жүзеге асыруға елеулі септігін тигізеді.

Өлкетану жұмыстары мұғалімнің өзіне де өте пайдалы. Олар өз білімдері мен педагогикалық шеберліктерін тереңдетуге, оны әрі қарай дамытуға, сабақ әдістемесін түрлендіруге мүмкіндік алып, дүниетануды оқытуда нақтылық пен сенімділікті енгізеді. Дүниетану курсы оқытуда өлкетану материалдарын пайдалану арқылы мұғалімдердің өздері жергілікті жердің ерекшелігін терең таниды, ұғынады, оқушыларға олар жайлы нақты, жан-жақты түсінік беруге жағдай туғызады.

Оқу-тәрбие процесінде оқушыларға қоршаған ортаның заттары мен құбылыстарын таныстыру арқылы, олардың бір-бірімен байланысын ғылыми түрде түсіндіру барысында балаларда туған өлке табиғаты туралы алғашқы ұғым негіздері қаланады. Оқушылардың мұндай бастауыш мектепте туған өлке табиғаты жайында алған қарапайым дүниетанымдық ұғымдары жоғары сыныптарда күрделеніп, тереңдетіліп, биологиялық пәндер бойынша берілетін білім жүйесінің алғашқы баспалдағы болмақ.

Өлкетану - бұл мұғалімдердің білімдерін жетілдірудің ең қызықты жолы. Өлкетану - қызықты және тірі мектеп десек те қателеспейміз. Ол туралы М.И.Калинин былай деген: «Мұғалім бір жағынан беріп, екінші жағынан губка тәрізді ғылымнан, өмірден, халықтан ең жақсыларды өзінің бойына сіңіріп және ең кереметтерін оқушыларға береді. Өлкетанудың маңыздылығы осымен ғана шектелмей, сонымен бірге мұғалімге оқушылардың жеке психологиялық ерекшелігін, олардың жан дүниесі мен ынта-ықыласын, сұраныстарын білуге үлкен мүмкіндік береді.

Бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын қалыптастыруда өлкетану материалдарының маңызын көптеген ғалымдар ерекше атап кеткен. В.А.Сухомлинский оқушылардың ең алдымен қарапайым, одан соң күрделі табиғи объектілерін бақылау, олардың мәнін түсінуі ғылыми дүниетанымды қалыптастырудағы алғашқы қадам деп есептеген: «Мен балалық шақтың барлық жылдарында қоршаған дүние, оқушылар санасын жарық бейнелермен, көріністермен, түсініктермен камтамасыз етуге тырыстым» [5].

Табиғатты, туған өлке табиғатын тәрбие құралы деп қараған К.Д.Ушинский, Е.И.Водовозова, Е.И.Тихеева, Л.К.Шлегердің еңбектерінің орны ерекше.

Өлкетану материалдарын дүниетануды оқытуда қолданудың негізгі мақсаты – білім беру жүйесінің оқу-тәрбие міндетін шешу. Ғылыми өлкетану өз алдына туған өлкені толық және жан-жақты тану деген міндет қояды. Оқушыларды зерттеу әрекетіне жұмылдырып, жиналған материалдарды оқу-тәрбие процесінде пайдалану. Өлкетану материалдары туған өлке табиғатын, оның байлықтарын, даму заңдылықтарын, жергілікті жердің халқы мен шаруашылығын және олардың өзара байланыстарын қамтиды. Оның мүмкіндіктері аса жоғары.

Өлкетану жұмыстары оқушылардың дүниеге дұрыс көзқарасын қалыптастыруға, қоршаған шындықты түсінуге, тікелей бақылау жасауға, сенімін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ өлкетану – бастауыш сынып оқушыларының ақыл-ой, дене, экологиялық, эстетикалық, адамгершілік, еңбек тәрбиесінің маңызды факторы болып табылады. Ол патриоттық тәрбиеге, терең, нақты білім беруге көмектеседі, оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттырып, көзқарасын кеңейтеді, шығармашылыққа баулып, практикалық және ақыл-ой іскерлігін қалыптастырады, ойлау әрекетін жандандырады.

Өзінің туған ауылының, қаласының табиғатын сүюі, тұрған жерін қорғауы – Отанға деген сүйіспеншілікті қалыптастырудың, патриоттық сезімге тәрбиелеудің негізі. Оның себебі оқушыларды табиғатқа жақындастырмайынша, өлкетану материалдары мен жұмыстарын оқу-тәрбие процесіне енгізбейінше бастауыш сынып оқушыларының патриоттық сезімін тәрбиелеу мүмкін емес. Өйткені патриоттық сезім өзі туып-өскен, алғашқы қадам басып, өмірдің әліппесін таныған жеріне деген сезіммен байланысты болмақ. Бұл Ғ. Қайырбековтің өлеңінде жақсы көрінеді:

Туған жер – алтын бесік, асыл анам,
Ауаңмен, ақ сүтіңмен асыраған.
Мен-дағы ұлың едім өзің тектес,
Алысқа несібесі шашыраған.

Яғни патриоттық сезімді тәрбиелеу өз Отаныңды терең танудан басталады. Бұл жайлы М.И.Калинин: «Отанына патриоттық сезімін тәрбиелеу дерексіз ұғымдарға емес, нақты заттарға негізделу керек. Осыған орай біздің жеріміз, орман, тауларымыз, өзендер мен көлдеріміз, өндіріс орталықтары, біздің мектептеріміз – осының бәрі тәрбиелеудің құнды материалы болып табылады - деп тұжырымдайды. Туған өлкенің қоршаған табиғатында оқушылардың психологиялық, логикалық ойлау қабілетінің дамуына, нақты ұғымдар мен түсініктердің қалыптасуына ықпалын тигізетін сарқылмайтын материалдары көп. Өлкетану жұмыстары оқытудағы формализммен күресудің негізгі факторлардың бірі болып табылады.

Дүниетану сабақтарында өлкетану материалдарын қолдану оқушылардың ерік-жігерін тәрбиелеп, пәнге деген қызығушылығын арта түсіреді; берілген тапсырманы дұрыс орындап, жауапкершілікпен қарауға, алдына қойған мақсатқа жетудегі табандылық, тапқырлық, шыдамдылық, батырлық, ұқыптылық, байқағыштық, қырағылық, адамгершілік сияқты мінездің құнды сапаларына дағдыландырады. Өз өлкесін зерттеу барысында оқушылар тек нақты білім мен ұғымды меңгеріп қана қоймай, олар дүниенің бірлігі мен әртүрлілігі, дамудың үздіксіздігі, өзара байланыс пен әрекетестік, табиғаттың тұтастығы, дүниенің танымдылығы туралы өздерінің жас шамасына лайықты дүниетанымдылық, философиялық білімдердің элементтерімен қаруланады.

Оқушылар табиғат құбылыстары арасындағы маңызды байланысты анықтап, оларды белгілеу іскерлігін өз бойларына қалыптастырады.

Өлкетанудың маңыздылығы - оның мектеп пен өмірдің байланыстыратындығында. Туған өлке туралы нақты білімге негізделе отырып, оқушылар өскен жерінің табиғат құбылыстарын бақылауға төселіп, оның ғажайып сырларын ашады, еңбекке деген сүйіспеншілігін тәрбиелейді, қоғамына, еліне кішкене болса да пайда келтіруге деген ынтасын оятып, қоршаған орта заңдылықтары мен құбылыстары жайлы түсінігін кеңейтеді. Өлкетанудың тағы бір жетістігі – мұғалімдер мен оқушылардың ізденіс, шығармашылық жұмыстарға тікелей қатысуы болып табылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бастауыш мектептегі өлкетану жұмыстары тек танымдық мақсатты ғана емес, балалардың денесінің дамуын, денсаулығының жақсаруын да көздейді. Өлкетану жұмыстары өтілетін материалды терең түсінуге көмектесіп, балаларға рухани қанағат береді, айналадағы дүниеге өзгеше “бақылаушы” көзбен қарауға дағдыландырады, мектеп білімін тереңдетіп, оқулық беттерін қызықтыра түсіреді, туған өлкені жақын әрі ыстық ете түседі. Елінің нағыз азаматы болуы үшін ең алдымен өз өлкесін, оның табиғатын, байлығын, тарихы мен мәдениетін, өнерін біліп, зерттеу керек. Тек халықтың еңбек әрекетін, ауыл немесе қаланың экономикалық өмірін ғана емес, сонымен қоса өлкенің орманды, таулы жерлерінде не болып жатқанын білу қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сборник руководящих материалов в школе. Москва, 2013 г.
2. Барков А.С. Вопросы методики и истории географии М., из-во АПН 2011, 80 с.
3. О научном краеведении - вопросы краеведения М., 2015, 181 с.
4. Методика преподавания географии М., 1994, 411 с.
5. Сухомлинский В.А. «Сердце отдаю детям» Киев, 1999 30 с.

КВАЛИТАТИВТІК БІЛІМ АДАМНЫҢ САПАЛЫ ӨМІРІНІҢ КЕПІЛІп.ғ.д., доцент **К.С.КУДАЙБЕРГЕНЕВА****Түйіндеме:**

«Сапа» категориясының философиялық-әдіснамалық ұстанымдары негізінде сапаны зерттеуші ғылым квалитология негізінің қалыптасу мәселелері қарастырылады. Квалитологияны білім берудегі дағдарыс құбылыстарымен байланыстағы адам сапасы туралы ғылым ретінде түсіну қажеттілігіне басты назар аударылған.

Тірек сөздер: сапа, мән, квалитология, квалиметрия, квалитативтік білім.

QUALITATIVE KNOWLEDGE IS THE GUARANTEE OF A QUALITY LIFE**Abstract:**

The problem of the formation of a new approach to the science of the quality of the qualification of education on the basis of the philosophical and methodological foundations of the category "quality" is considered. The need to understand qualification as a science of human quality in connection with the crisis phenomena of education under the conditions of transition to a new standard of education is emphasized.

Key words: quality, essence, qualification, qualimetry, qualitative knowledge.

КІРІСПЕ

Педагогикалық өлшем бағдарламалары бойынша жоғары оқу орындарында мамандыққа бағытталу әлемдік арена жүйесімен кіріктірілу қажеттілігінен туындап, шешімі ұлттық деңгейде қарастырылып отырған мәселе. Үшінші мыңжылдықта адамзат қызметінің логикасы табиғи және әлеуметтік, тұрмыстық және іс-әрекеттік, материалдық және рухани, экономикалық және адамгершілік факторлардың сапалы синтезін қажет етеді. Осыған байланысты жаңа өркениеттегі адамның сапалы өмір сүруі үшін жаңа философиялық деңгейдегі парадигманың қажеттілігі туындап отыр. Кезінде сапа қоғамның, адамның жан-жақтылығымен өлшенген болса, ендігі бағыт «жан-жақтылықты» «біртұтастыққа» жинай отырып, сапаны анықтау немесе «сапалы саннан» «сапалы тұтастыққа» көшу, «тұтастық» пен «жүйелілікті» жаңа өркениеттегі сапаны айқындаушы басты тұғыр ретінде қарастыру керек.

Бүгін білім саласының тиімділігін арттырудағы маңызды фактор білім мазмұнының сапасы, білім субъектілерінің сапасы. Сапа қазіргі таңда ішкі және сыртқы нарықтағы бәсекелестікті анықтаудың негізгі кілті.

Жалпы орта білім саласындағы жаңа стандарт негізіндегі реформалар – біріншіден, сапаны талдай, бағалай, бағамдай, басқара, алатын сапа менеджменті саласындағы мамандардың, екіншіден, білім сапасы соңғы нәтиже емес, жоспарлаудан, стандарттаудан басталатын үрдіс ретіндегі әдіснамалық-тұжырымдамалық көзқарасты қалыптастырудың, үшіншіден, білім сапасының білім субъектілері сапасына тәуелді категориялық мәнмәтіндегі метатүсініктің қажеттілігін көрсетеді.

Зерттеушілердің мәліметтеріне сүйенетін болсақ, процесс барысында айқындалатын барлық жарамсыздықтың 80 пайызы өнім тұжырымдамасы сапасының төмендігінен. Өнімнің кепілдігі мерзіміндегі 60 пайыз кемшілік – жасау, құрастыру кезінде жіберілген қателіктер мен асығыстықтан екендігі байқалады.

Мысалы, Дженерал Моторс фирмасы өнімді жасау, өндіру барысында 10 есе шығын ережесіне сүйенеді, егер, осы сапа айналымының бірінші сатысында қателік кетіп, ол уақытында байқалмай, келесі сатыда айқындалатын болса, оны жөндеуге 10 есе көп қаржы талап етіледі. Кез келген деңгейдегі басшы назарындағы мәселе – басқару нысанының сапасын алдын ала белгіленген, нақтыланған жағдайға жеткізу. Алдын ала белгіленген, нақтыланған жағдай – бұл алдын ала мемлекеттік, халықаралық стандартта белгіленген талап.

Алдымен сапаны бағаламас, басқармас, сапаны стандартқа келтірместен бұрын, «сапа» дегеніміз не? деген сұрақтың астарына тағы бір үңілу керек секілді. Өйткені сапа көп қырлы философиялық, экономикалық категория.

«Сапа» философиялық категория ретінде заттың, нәрсенің, құбылыстың, үрдістің нақтылығы арқылы, басқа заттардың, нәрселердің, құбылыстардың, үдерістердің көптігінен ажыратылатын ерекше феномен. Аристотельдің пайымдауларында «сапа» «мәннен» кейінгі екінші категория ретінде үш қырынан қарастырылады.

1. Сапа – мән-мағынаның түрі бойынша айырманы ажыратады;
2. Сапа – мән-мағынаның жағдайын сипаттайды;
3. Сапа – заттың қасиеті.

Гегельдің философиялық жүйесінде «Сапа» – болмысқа тән нақтылық, қашан ол өзінің сапасын жоғалтқан уақытта, бастапқы болған күйін де жоғалтады, делінген.

«Сапа» Аристотельдің категориялар жүйесінде «мәннен» кейінгі «мәнге» тәуелді категория болғандықтан, адамның қолымен жасалатын өнімдердің сапасы, алдымен адам сапасына тікелей байланысты. Білім беру жүйесінің өнімі не деген сұраққа жауап іздейтін болсақ, білім сапасы деген жауап ойланбастан тілге ілгеді. Егер оның астарына үңіліп қарайтын болсақ, білім сапасының мұғалімге, оқытушыға байланысты екендігін аңғару қиын емес. Үздіксіз білім беру жүйесінен әр кезде әр түрлі түлектер, мамандар, тұлғалар, адамдар шығып жатыр. Сондықтан да сапа алдымен адамның өзінен, оның рухани дамуынан, шығармашылық мүмкіндіктерінен басталады. Білімге қатысты сапа категориясын зерттеген ғалымдар адам сапасы мен білім сапасының изоморфтық ұстанымдарына сай «білім сапасының адам сапасына айналатындығын» (А.И.Субетто), онда ол өзіндік із қалдыратындығын, адамға қойылатын талап «білім сапасы» ұғымы қалыптастырушы бастапқы материал екендігіне ерекше көңіл аударады.

Сапа философиялық категория болғанымен барлық ғылым саласының зерттеу пәніне айналып отыр. Сапаны зерттеумен айналысатын ғылым *квалитология* деген терминмен ХХ ғасырдың ортасында пайда болды. Жалпы, квалитологияның даму сатыларын төмендегідей негізгі төрт сатыға жинақтауға болады:

I сатысы: адамзаттың ежелгі дәуір тарихынан ХІХ ғасырдың ортасына дейін. Бұл сатыға тән сипаттама:

Өндірістің материалдық сапасын қамтамасыз етудегі өндірістік-экономикалық міндеттер;

Сапа мәселесінің философиялық және экономикалық аспектілерінің теориялық пайымдаулары (Аристотель, И.Кант, Г.Гегель, К.Маркс т.б.)

II- саты: ХІХ ғасырдың ортасы мен ХХ ғасыр ортасы. Сапа категориясы – өндірісті саралаудың тереңдеуі, сапа – сұраныс құны, еңбек сапасының теориясы, сапаны басқару әдістерінің статистикалық теориясы, өндіріс өнімін дайындаудағы нақтылық теориясы бағыттарында дамиды.

III саты: ХХ ғасырдың ортасынан қазіргі уақытқа дейін. Халықаралық стандарттар сериясының және сапаны басқару жүйесі теориясының, сапа теориясы тұжырымдамаларының пайда болуы.

IV саты: сапа жөніндегі ғылыми рефлексияның, адамзат дамуының тетіктерімен шартталған квалитативтік революцияның философиялық-жүйесінің пайда болуы.

Адам мен оның өмірінің сапасы мәселелерін жүйелі шешу сұранысы сапа туралы ғылым – квалитологияның дамуын анықтайды.

Сапа туралы ғылымның (квалитология) пәні – сапа категориясының тек өзіне қатысты ғана емес, сапа категориясының қоғам сұраныстарымен, адамның, технологияның мүмкіндіктері қатынасы негізінде айқындалады. Яғни, квалитология пәнін тек жеке қасиеттер немесе қасиеттер жиынтығы емес, өнім сапасы, еңбек сапасы, адам сапасы, өндіріс сапасы құрайды. Квалитология ғылымында сапа категориясы кез келген еңбек өнімі мен қоғамдық сұраныс, әлеуметтік және өндірістік мүмкіндіктер, тұлғалық және өндірістік тұтынушы қатынастарындағы құндылық ретінде қарастырылады.

А.В.Гличевтің пайымдауында квалитология экономикалық, техникалық, әлеуметтік, құқықтық еңбек, бағалау мәселелерін қамтитын ғылыми бағыт жүйесі. Квалитологиялық ғылыми мектептің негізін қалаушы А. И. Субетто сапа туралы ғылымның үшбірлік әдіснамалық ұстанымын ұсынады. Оның негізгі компоненттері: сапа теориясы, квалитметрия (сапаны өлшеу және бағалау) теориясы, сапаны басқару теориясы.

А.И. Субетто квалитметрияны синтетикалық ғылым ретінде зерделей отырып, адам мен білім арасындағы қатынасты ұйымдастырудың үш деңгейлік әдіснамалық негізін ұсынады. Оған: жалпы квалитметрия, арнайы квалитметрия, пәндік квалитметрияны жатқызады. Соның ішінде білім беруді автор пәндік квалитметрияның пәні ретінде қарастырады.

Квалитметрия (квали - сапа, метрия - өлшем) үлкен математикалық үлгілеу мүмкіндіктерін пайдаланып, заттың сандық өлшемін нақты анықтауға жағдай жасай алады. Квалитметриялық ұстанымдарды пайдалану зерттелетін сапаны қасиеттердің бірнеше деңгейлерінен тұратын иерархиялық жиынтық ретінде қарастыруды ұсынады. Сол секілді, квалитметриялық амалды пайдалану – белгілердің бастапқы түсініміне қаталдық (біржақтылық), нақтылық енгізуге, зерттеу міндеттерін нақты қоюға, алынған нәтижелерді өңдеуге, болжам жасауға мүмкіндік береді.

Квалиметрия кез-келген объектінің, заттың кешенді және жүйелі сандық баламасын жасау әдіснамасын және мәселелерін зерттейтін ғылыми білім аймағы. Квалиметрияны зерттеп, зерделеп жүрген, ғалымдардың еңбектеріне жасалған талдаулар квалиметрияның ақпараттық, интегративтік, тиімділік, нақтылық, дәлелділік, технологиялық, жіктеушілік, қарапайымдылық секілді ұстанымдарын ажыратуға мүмкіндік береді.

Ақпараттық ұстанымы зерттелуші объектінің жан-жақты сандық, сапалық тұрғыдан ашылуымен сипатталады.

Интегративтік ұстанымы педагогиканың философия, социология, экономика, психология, математика, кибернетика және т.б. ғылымдармен байланысын: а) ғылымаралық байланысын; ә) пәнаралық байланысын (жалпы педагогиканың дидактикамен, басқарумен, әдістемемен, т.б.); б) пәнішілік байланысын (бір пәнге қатысты зерттеу нәтижелерін) көрсетеді.

Тиімділік – педагогикалық зерттеуді жүргізудегі, ұйымдастырудағы, уақытты шектеудегі сандық, сапалық әдістерді біріктіруін білдіреді.

Дәлдік – зерттелуші объектіге немесе құбылысқа, үдеріске қатысты алынған білімнің сай келу дәрежесі ретінде қарастырылады. Яғни, ғылыми білімнің дәлдігі өлшемді, логикалық-математикалық, семантикалық дәлдік деген бірнеше компоненттермен сипатталады.

Дәлелділігі сандық және сапалық әдістердің үйлесімділігіне сүйенетін, тек педагогикалық емес, математикалық тұрғыдан да бағалануын, пайдаланылған өлеуіштердің сенімділігі мен жарамдылығын, нәтижелердің есептеу техникаларының көмегімен математикалық статистикалық әдістерді пайдалану арқылы өңделуін көрсетеді.

Технологиялылығы – зерттелуші объектінің сатылы, бір-бірімен байланысқан бірнеше процедуралар мен операцияларды орындауы.

Қарапайымдылығы – рационалды түрде құралдарды бір құрылымға келтіру, педагогикалық зерттеу нәтижелерін кең масштабта енгізу.

Жатықтығы – педагог экспериментатордың арнайы математикалық дайындығының жоқтығына қарамастан пайдалана алуын білдіреді. Квалиметриялық тұғырдағы негізгі ұстаным сапаның санға дейін жіктелу тетігін айқындау. Квалиметрия қазіргі кезде заттардың сапасын сандық жазбасына сүйене отырып беруге бағытталған кез-келген объектінің, үдерістің, құбылыстың сапасын жүйелі бағалауға, мәселені әдіснамалық тұрғыдан кешенді шешуге мүмкіндік беретін ғылыми білім аймағы болып саналады. Педагогикалық квалиметрияға деген көзқарас сапалық қасиеттерді көзге көрінбейтін, иіс органдарымен сезілмейтін дерексіз дүниені сан арқылы белгілеу немесе өлшеу, зерттеу объектісін ақыл-ой әрекеті арқылы бейнелеу, үлгілеу, қасиеттер сапасының кешенді сандық көрсеткіштерін алудың ұстанымдық мүмкіндіктері арқылы дәлелденді.

Жалпы, квалиметриялық тұғырдың негізгі идеясы математикалық белгілер мен түсініктер арқылы педагогика теориясына қысқа да нұсқа, дәлелді де қарапайым жауап беру. Г.П.Щедровицкий бұл жөнінде былай дейді: «жүйелі түрде берілген нақты объектіні призма арқылы көруге болады».

Квалиметриялық тұғыр ұстанымдарын пайдалану, біріншіден, осы міндетті шешуге қатысты маңызды емес деп саналатын факторларды жекелей отырып, мәселені анықтауға, екіншіден, мәселелер арасындағы байланысты орнатуға; үшіншіден, зерттеу болжамын тексеру мен пайымның дәлелділігін нақтылауға мүмкіндік береді.

Өлшеу теориясы статистикалық әдістерді қолдана отырып, педагогикалық тұрғыдан, тікелей өлшенілмейтін қасиеттердің бақылауға жататын белгілерін айқындау арқылы сапалық көрсеткіштердің, объект сипаттамасының сандық жазбасын беруге мүмкіндік туғызады.

Педагогикалық өлшемді өлшенетін сипаттарға сандық мәнді бекітудегі эмпирикалық операциялар жиынтығы ретінде қарастыра отырып, бір нәтижені дәл осындай әдіс-тәсілдермен, өлшеу құралымен алынған келесі бір нәтижемен салыстыру барысында үдерістегі немесе қасиеттегі ішкі заңдылықтарды ашуға болады. Алынған белгілерді талдау барысында тек эталонға сүйену жеткіліксіз, бұдан басқа зерттеліп отырған құбылыстың немесе заттың қандай ретте орналасқанын, олардың бір-біріне қатынасы қандай, бір-бірінен айырмасы неде? деген сұрақтарға жауап, құбылыстың немесе зерттеліп отырған объекті құрылымының туу себеп-салдарларын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл дегеніңіз зерттеліп отырған объекті жөніндегі білімді сапалық деңгейден «сандық-белгілік» (графиктік, схемалық, формулалық) деңгейге келтірудің қажеттігін туғызады. Мұндай белгілік ауысымдарды пайдалану объектіні толық, жан-жақты түсінуге, өлшеуге мүмкіндік туғызады.

Педагогикалық өлшем сапаларының негізгі критерийлері: объективтілік, сенімділік, нақтылық, бара-барлық критерийлері ретінде жіктеледі.

1. Өлшеудің объективтілігі дегеннің өзі не? деген сұраққа тестілеу теориясы адам жағдайына тәуелсіз жүргізілетін тест арқылы алынатын нәтиже деген жауаптармен шектеліп келді. Шынайылап келгенде, объективтілік тек тексеруші адамға байланысты емес, объективтілік жүйелі түрдегі байланысқа бағынышты.

Объективтілік алдымен педагогикалық өлшеу мақсатын, бір емес, бірнеше өлшемдегі айнымалылықты таңдап алуды қажет етеді. Өлшенетін объект сапасының негізделуі, объектінің өлшену кеңістігінің анықталуы, өлшеу құралы, құрал (тест) мазмұны объект өлшемін тұжырымды түрде бағалауға мүмкіндік береді.

Объективтілік компоненттерін ашатын болсақ:

- өлшенетін объект – құбылыс, үрдіс, зат, адамның қасиеттері, т.б.;
- өлшеу мақсаты – сапаны анықтау;
- өлшеу кеңістігі – адамның өзі, ұйым, аймақ, өлке, мемлекет аясы, т.б.;
- өлшеу құралы рөлін термометр, барометр, таразы, метр, тапсырма, ситуация, сауалнама, сұрақ, тест, бақылау жұмысы, т.б. болып табылады.

Өлшеу сапасы анықталғаннан кейінгі міндет эмпирикалық тұрғыдан алынған нәтижені өлшеу шкаласына салу. Өлшеу шкаласы – шыққан нәтиженің алатын орнын белгілеу. Өлшеу шкаласына салынбас бұрын, нәтижені абстрактілі нәтижемен (эталондық үлгі бойынша алынған көрсеткіштер) өңдеу әдістерін пайдалана отырып салыстыру қажет. Осы процедуралар толық орындалғанда, педагогикалық өлшеудің объективтілігі жөнінде сөз қозғалады.

Педагогикалық өлшемдердің сырттан әсер етуші әр түрлі факторларға тәуелділігіне байланысты абсолюттік объективтілік нәтиженің қол жетпес сипаты деген түсініктемеде ашылады.

Қазіргі білім саласындағы объективтілік – тестілеу процедуралары арқылы айқындалады және педагогтың субъективті пайымдауына тәуелсіздігімен сипатталады. Оқушының білімін, дайындығын тексеруде, педагогтарды бақылау, бағалау процедураларынан алшақтатып, тестілеу арқылы, тест нәтижесін компьютерлік техника мүмкіндігін пайдалана отырып санау, қорытынды шығару объективті деп есептелуде. Ұлттық бірыңғай тестілеудегі, 11 жылдық білімді 3 сағаттық тестілеу арқылы, компьютерлік техниканың есептеуімен тексеру арқылы объективтілікке қол жеткізуге болады деген тұжырым қалыптасуда. Шындап келгенде, мұндай түсініктің пайдасынан кері әсері басым. Тестілеу арқылы ненің сапасы (бәлкім *есте сақтау қабілеті* болар!) анықталып отыр. Тағы да, өзімізге, «сапа» деген не? деп сұрақ қойып, философиялық тұрыда ойланып көрелік.

Сапа теориясының тұжырымдамалық аппаратының мазмұны бір-бірімен тығыз байланысқан дефинициялар жүйесі – «сапа-қасиет»; «сапа-жүйе»; «сапа-сан»; «объект және процесс сапасы»; «сапа- қажеттілік құны – құн»; «сапа-тиімділік»; «сапа-баға (сапа өлшемі) -сапаны басқару» арқылы ашылады.

Сапа теориясының мазмұны сапа категориясының тұтастығын, көп қырлылығын көрсетеді. Қасиет – сапа категориясының мазмұнын ашудағы бастапқы қадам ретінде философиялық еңбектерде екі түрлі тұжырымдама негізінде ашылады.

Бірінші, атрибутивтік тұжырымдама – қасиетті объектінің белгісі, атрибуты, объектіні сипаттаушы көп қасиеттерден ажырата алатын бірегейі деп түсіндіреді. Бұл түсіндірменің астарында қасиеттің гносеологиялық, танымдық қызметтеріне баса назар аударылады.

Екінші, функционалдық-кибернетикалық тұжырымдама – қасиет қозғалыстағы объектілердің өзара әрекеттестігінде байқалатындығына назар аударады. Бұл жерде, қасиет қоршаған ортамен қатынас жүйесінде объектілердің бір-бірімен қатынасқа түсу қабілетін көрсетеді. Осы екі тұжырымдама сапаны динамикалық жүйе, құндылық жүйе ретінде түсінуге мүмкіндік береді.

Динамикалық жүйе ретінде сапа өндірістік (жобалық) және тұтынушылық (эксплуатациялық) айналымы сатыларынан тұрады. Білім саласында бұл, маманның диплом қорғауда немесе емтиханда белгілі болатын *оқу сапасынан* және маманның кәсіби қызметінде байқалатын маманның *тұтынушылық сапасына* дейінгі қозғалысты қамтиды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сапа категориясының циклдік айналымына сай жаңартылған білім мазмұнының әдіснамалық негізі оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырушы барлық білім субъектілерінен квалитологиялық білімге ерекше назар аударуды талап етеді. Өйткені, жаңартылған білім мазмұнының философиясы адами капиталды дамытуға бағытталған.

Педагогика саласында сапа дегеніміз не, сапаны немен, қалай өлшеуге және қалай басқаруға болады деген сұрақтар метатанымдық квалитативтік білімді талап етеді. Сондықтан да, *квалитативтік білімді* – білім беру үрдісіндегі қосымша деп қабылдау мүмкін емес. Квалитативтік білім үздіксіз үрдіс ретінде мектептен бастау алып, жоғары оқу орындарда жалғасын тапқан жағдайда ғана, өндірістерде, күнделікті өмірде «сапа» негізгі құндылыққа айнала алады. Бұл ойды, жалпы орта мектептерде сапа туралы жеке пән ендіру деген мақсатқа айналдыру артық деп ойлаймын, өйткені квалитативтік білімнің негізін жоғары білім жүйесінде терең меңгерген әр маман үшін квалитативтік білім оның әрбір әрекетінің ажырамас бөлшегі болып қалатыны сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Құзырлылықтың педагогикалық категория ретінде дамуының теориялық-әдіснамалық негіздері.- Монография- Алматы, 2012.-340 б.
2. Аристотель. Сочинения: в 4 т. – М., 1985. – Т. I. – 232 с.
3. Гегель Г.В.Ф. Энциклопедия философских наук. – Наука логики. – М.: Мысль, 1975. – Т.1. – 452 с.
4. Субетто А.И. Сочинения. Ноосферизм: В 13 томах. Том восьмой : Квалитативизм: философия и теория качества, квалитология, качество жизни, качество человека и качество образования. Книга 1 / Под ред. Л.А. Зеленова- С.-Петербург — Кострома:КГУ им. Н.А.Некрасова, 2009.-392с., -726 с. http://www.cprfspb.ru/books/Tom08_1.pdf.
5. Щедровицкий Г.П. Система педагогических исследований. –/Г.П.Щедровицкий //Педагогика и логика. – М., 1993. – № 5.– С. 7-18.

ҮСТЕЛ ТЕННИСІНДЕГІ СПОРТТЫҚ ДАЙЫНДЫҚТЫ БАҚЫЛАУ МЕН БАҒАЛАУДЫ ОҢТАЙЛАНДЫРУ

аға оқытушы **А.Б. КУХАРЕНКО**
аға оқытушы **Г.Р. АСУБАЕВА**
аға оқытушы **Г.А. ТВЕРДОВСКАЯ**

Түйіндеме:

Стол теннисіндегі спорттық жетістіктердің қазіргі деңгейі өте жоғары және осы спортпен айналысатын спортшылардың физикалық, техникалық және тактикалық дағдыларын одан әрі жоғарылату үрдісіне ие. Үстел теннисіндегі спорттық жетістіктердің ең жоғары деңгейіне жету үшін, одан да асып түсу үшін, ойыншылардың оқу жүйесін одан әрі жетілдіру қажет. Зерттеудің гипотезасы. Гипотеза ретінде үстел теннисіне оқытудың әртүрлі аспектілерін бақылау мен бағалаудың ұсынылған әдісі ойыншылардың жарыстарға дайындығын арттырады.

Түйін сөздер: үстел теннисі, ойынға қосу, қорғаныс, шабуылдай соғу, техникалық әдіс.

OPTIMIZATION OF THE MONITORING AND EVALUATION OF SPORTS TRAINING IN TABLE TENNIS

Abstract:

The current level of sports achievements in table tennis is quite high and has a clear tendency to further increase the physical, technical and tactical skills of athletes engaged in this sport. In order to achieve the highest level of sporting achievements in table tennis, and even more so to surpass it, further improvement of the players' training system is required. Hypothesis of research. As a hypothesis, it was suggested that the proposed method of monitoring and evaluating the various aspects of training in table tennis will increase the level of players' preparedness for competitions.

Keywords: table tennis, serve, defense, attack hit, a technique.

Үстел теннисіндегі спорттық жетістіктердің қазіргі деңгейі өте жоғары және осы спорт түрімен айналысатын спортшылардың дене, техникалық және тактикалық шеберлігінің одан әрі өсуінің айқын үрдісі бар. Үстел теннисіндегі жоғары спорттық жетістіктер деңгейіне жету үшін, әсіресе одан асып түсу үшін ойыншыларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру қажет.

Қазіргі заманғы үстел теннисі ойыншының үлкен жылдам қозғалуымен, доппен соққы күшімен, доп айналу жылдамдығымен, күрделі берумен, әртүрлі тактикалық тәсілдер мен комбинациялармен сипатталады. Экстра-класс ойыншылары үлкен жүктеме алады. Спортшы негізгі тіректе, аяқ тізесінде жартылай бүгілген аяқ киімде ойынды бастайды. Бес сеттің ойыны үшін бұл тіректі шамамен 80 рет қабылдайды. Бұл өте күшті аяқтарға ғана төтеп бере алады. Ойынды әр түрлі қимылмен ойнаған кезде теннисшінің үстел алдында орын ауыстыруы кейде 10-20 метрге жуық. Жеті сеттегі кездесу үшін бұл ауысу шамамен 1-2 километрді құрайды. Ойыншының күні бойы 5-6 кездесулерде жүгіріп, секіріп, шамамен 5-10 километрді жүрген мен тең деп есептеу қиын емес. Жеңіске жету үшін спортшы бірнеше секунд ішінде қуат бойынша өсіп келе жатқан 5-10 жылдам қуатты соққыдан орындауға тура келеді. Демек, мұндай жүктемеге төтеп беру үшін жылдамдық пен күш төзімділігіне ие болу керек. Теннисшілердің барлық соққылар қозғалысы корпустың айналмалы қозғалысымен, алға, артқа, солға, оңға қарай еңкейтумен байланысты.

Оларды қажетті қарқынмен жақсы күш және жылдамдық-күш дайындығы болған жағдайда ғана орындауға болады. Әрине, үстел теннисінде дене шынықтыру дайындығының жоғары көрсеткіш-терінің ойнауға болады, бірақ бұл көңіл көтеру, уақыт өткізу, аула футболына, жағажай волейболына және бадминтон сияқты сауықтыру ойындары болады.

Үстел теннисімен айналысатын нәтижелерге қол жеткізу жан-жақты физикалық дамусыз мүмкін емес, ол жыл бойы оқу циклінде жүзеге асырылады және дене бітімін жүйелі түрде арттыруға, ағзаны қарқынды жүктемеге бейімдеуге және спортшының моральдық-ерік қасиеттерін жетілдіруге бағытталған.

Теннисшінің жан-жақты физикалық дамуы үшін жалпы дамыту жаттығулары, арнайы жаттығулар және қосымша спорт түрлері: жеңіл атлетика (қысқа қашықтыққа жүгіру, старттар, секіру), конькимен жүгіру спорты, гимнастика және т.б. қолданылады. Осы дене шынықтыру жаттығуларының барлығы сабақтарға, оның дайындық бөлігіне, денсаулық жағдайын, жеке қасиеттерін және осы кезеңге арналған дене және спорттық-техникалық дайындық жағдайын ескере отырып енгізіледі.

Жаттығулардың әсерінен бұлшық ет нығайтылып, дамиды, жүрек-қан тамырлары, жүйке және басқа да ағзалар жүйесінің қызметі жақсарады. Дене дамуында нәтижелерге қол жеткізу үшін жаттығулардың көлемі мен қарқындылығын біртіндеп арттыру қажет екенін есте сақтаған жөн.

Үстел теннисі ойыншысы үшін жалпы дамытатын және арнайы дене жаттығулары ерекше маңызды. Олармен жүйелі түрде айналысу керек. Жаттығуларды бірнеше рет қайталау (Имитациялық жаттығулар, ауырлықпен жаттығулар және т.б.) теннисшіні оқыту барысында оң нәтиже береді. Осыған байланысты теннисшіге қажетті дене қасиеттерін дамыту бойынша негізгі бағыттар мен ұсыныстарды ұсынамыз.

Ғылыми зерттеулер мен ірі жарыстарды талдау нәтижелері спорттық ойынның кез келген түріндегі жетістіктері жоғары болған сайын, олардың спорттық дайындығына қойылатын талаптар соғұрлым жоғары болады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Теннисшінің физикалық және техникалық дайындығы, әрине, ойыншының ең күшті жеке қасиеттерін ашуға мүмкіндік беретін жаттығу процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Алайда, Қазақстанда жоғары білікті үстел теннисі спортшыларының дайындық деңгейі әлі де тиісті талаптарға сай келмейді. Осыған байланысты, үстел теннисіндегі ойыншылардың арнайы спорттық дайындығын кешенді бағалау негізінде үстел теннисіндегі іс-қимылдарды жетілдірудің тиімді құралдарын, әдістерін іздеу аса өзекті болып табылады.

Жоғарыда айтылған барлық ережелер спорттық дайындық деңгейін бағалаудың мақсаттылығын және спортшыларды жарыстарға дайындаудың неғұрлым тиімді әдістемесін іздестіру кезінде оларды бақылауды анықтайды.

Осылайша, мақсатты дайындық, оны бақылау және үстел теннисіндегі жарыстарға баға беру қажеттілігі арасында қалыптасқан қарама-қайшылықтар, ғылыми-педагогикалық әдебиетте осы мәселенің тәжірибелік қажеттілігі мен әзірленбеуі зерттеу тақырыбының таңдауын анықтады: "үстел теннисіндегі спорттық дайындықты бақылау мен бағалауды онтайландыру".

Оқу-жаттығу процесінің тиімділігін бағалау тек тұрақты педагогикалық бақылау мен есепке алу кезінде ғана мүмкін болады. Негізгі міндет шұғылданушылардың дайындық жағдайы туралы деректерді жинау және талдау болып табылады. Осылайша алынатын ақпарат жаттығу барысына өзгерістер енгізуге және осылайша алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін педагогикалық шешімдерді қабылдау үшін негіз болып табылады.

Практикада оқу-жаттығу процесінің тиімділігі тек спорттық нәтиже бойынша бағаланады. Алайда, жаттығудың жағдайы туралы толық ақпаратты бұл жалпылама көрсеткіш бере алмайды, өйткені ол тұрақты жұмыс істейтін, сондай-ақ уақытша, кездейсоқ сипатқа ие бірқатар факторлардың әсерін көрсетеді. "Спортшы-команда" жүйесінің орнықтылығын қамтамасыз ететін тұрақты факторлар қатарына спортшылардың физикалық, психологиялық және техникалық-тактикалық дайындығын жатқызады. Спорттық нәтижеге әсер ететін уақытша әсер ететін факторлар өте көп. Бұл денсаулық жағдайы, төрешілік деңгейі, климаттық жағдайлар, сондай-ақ көрермендердің әсері, спорттық-техникалық құрал-жабдықтар мен жабдықтардың ерекшеліктері және т.б.

Жаттығудың жай-күйін нақты бағалау тек спорттық форманы жүйелі бағалау кезінде ғана мүмкін болады, бұл туралы тек спорттық нәтижелер бойынша ғана емес, сонымен қатар даярлықтың әр түрлі жақтары бойынша да айтуға болады. Ол үшін жаттығу процесінде жоғары ақпаратты тестілерді жүйелі пайдалануға негізделген кешенді педагогикалық бақылау қолданылады. Олардың көмегімен алынатын ақпарат толық, шынайы және уақтылы болуы тиіс.

Бақылау жүйесінің толықтығына бақылаудың үш негізгі нысаны арқылы қол жеткізіледі:

- оперативті, спортшының ағзасына берілген жаттығуларды бір рет орындау әсері туралы айтуға мүмкіндік беретін;

- ағымдағы, әр жаттығудан немесе жеке жарыстарда өнер көрсетуден кейін спортшының жағдайы туралы ақпарат жинауға мүмкіндік беретін;

- кезеңділік, спортшының жаттықтыру мен жарыстарға ұзақ қатысуының әсерін бағалау үшін қажетті; оның мәліметтері жалпы және арнайы жұмыс қабілеттілігінің деңгейін куәландырады.

Педагогикалық бақылаудың осы нысандарының көмегімен жиналатын ақпарат жаттығу жүктеме-лерін (жедел бақылау) дұрыс мөлшерлеу ғана емес, сонымен қатар микроциклдегі жаттығулардың мазмұнын (ағымдағы бақылау) ұзақ уақыт кезеңіне жоспарлауға (кезеңдік бақылау) мүмкіндік береді.

Педагогикалық бақылау кезінде пайдаланылатын ақпараттың шынайылығы қызығушылық тудыратын белгілер туралы нақты ақпарат беретін бақылау жаттығуларын (тесттерді) қамтамасыз етеді.

Зерттеу нысаны - үстел теннисіндегі оқу-жаттығу процесі.

Зерттеу пәні - үстел теннисіндегі спорттық дайындықты бақылау және бағалау жүйесі.

Жұмыстың мақсаты - үстел теннисінде спорттық дайындықты бақылау мен бағалауды оңтайландыруды негіздеу.

Зерттеу гипотезасы. Гипотеза ретінде үстел теннисінде дайындықтың әр түрлі жақтарын бақылау мен бағалаудың ұсынылып отырған әдістемесі ойыншылардың жарыстарға дайындық деңгейін арттыруға мүмкіндік береді деген болжам ұсынылды.

Жұмыстың жалпы мақсатына жету үшін келесі міндеттер қойылды:

1. Спорт ойындарының теориясы мен әдістемесін зерттеу және үстел теннисіндегі дайындық жақтарын бақылау мен бағалау әдістемесінің негіздерін қарастыру.

2. Жарыстарға дайындық кезінде үстел теннисіндегі физикалық және техникалық дайындығын зерттеу.

3. Үстел теннисі дайындығының әр түрлі жақтарын ағымдағы бақылау және бағалау өзара байланысын анықтау.

Қойылған міндеттерді шешу үшін келесі зерттеу әдістері қолданылды: әдеби көздерді талдау, дене дайындығын тестілеу әдісі (қозғалу жылдамдығы, жылдамдық-күш қасиеттері), үстел теннисіндегі техникалық тәсілдердің дәлдігін анықтау әдісі, статистика әдісі, педагогикалық эксперимент.

Қойылған міндеттерді шешу үшін педагогикада, дене шынықтыру мен спортта жалпы қабылданған зерттеу әдістері қолданылды.

Ғылыми-әдістемелік әдебиетті талдау спорттық жаттығудың күрделі міндеттерінің бірі спорттық дайындық деңгейіне әсер ететін адамның биологиялық мүмкіндіктерін басқару болып табылатынын көрсетті.

Спортта дайындықты жоспарлаумен қатар, басқару-бақылау маңызды функциясы болып табылады. Бақылау функциясы бұл мақсатқа жету бойынша осы жүйенің барлық элементтерінің іс-қимылдарын үйлестіру.

Жұмысты жоспарлау процесінде бақылау белгіленген жоспарға сәйкес жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жедел басқару ретінде әрекет етеді. Ол алынған нәтижелерді жоспарларда белгіленген нәтижелермен мерзімді немесе үздіксіз салыстырудан және спортшылардың жаттығуларын кейіннен түзетуден, сондай-ақ жоспарлардың өзінен тұрады.

Ғылыми танымның мақсаты - шындықты айқын бейнелейтін ғылым заңдарын құру –табиғатта заттар мен құбылыстар арасында тұрақты түрде қайталанып тұратын байланыстар, яғни объективті заңдылықтар бар. Осы объективті заңдылықтардың бейнелері заңдарды туғызады. Заңдар үнемі объективті сипатта болады, яғни объективті дүниенің құбылыстарын байланыстыратын шынайы үдерістерді білдіреді [6]. Заңдар танымның сатылары іспеттес. Оларды ортақтық дәрежелеріне байланысты бірнеше түрге бөлуге болады: жеке заңдар (ғылымның шектеулі салаларына ғана қолданылатын), ортақ заңдар (бірнеше ғылыми салаларда қолданылатын заңдар), жалпы заңдар (болмыстың іргелі заңдары).

Заңның негізгі белгісі - әмбебаптық және шындықты айқын көрсету.

Ғылыми революция дегеніміз – ғылым дамуының белгілі бір кезеңінде пайда болып, оның ішкі қайшылықтарын шешетін, мазмұнын өзгертетін ерекше құбылыстар.

Ғылыми таным сан қырлы. Олардың үш негізгі сипаттарын бөліп қарастыруға болады:

1. жаңа эмпирикалық материалдарды теориялық түрде талдау жасау,
2. табиғат туралы бұрын қалыптасқан түсініктерді түбірімен жою;
3. тығырыққа тірейтін жағдайлардың пайда болуы.

Ғылыми танымға тән жағдай: ескі идеялар мен теорияларды талқандап, шығарып тастау арқылы танымның теориялық негізін саналы түрде қайта құру.

Ғылыми танымның тарихи дамуы барысында бірнеше ғылыми түрлерін бөлігін қарастыруға болады.

1. Жеке – білімнің тек бір аумағын қарастыратын микрореволюция
2. Кешендік – білім аумағының бірнеше салаларын қарастыратын революция;
3. Әлемдік – ғылым негізін тұтасымен өзгертетін жалпы революция.

Ғылыми революциялардың түрлерін анықтаған кезде мынандай жағдайларды еске алу қажет:

1. ғылыми революциялардың аумағы;
2. ғылымның іргелі теориялары мен заңдарын қайта құру рендігі;
3. жаңа іргелі заңдар мен жаңа жалпы ғылыми жаратылыстық теориялар ашу;
4. әлемнің жаңа картинасының қалыптасуы;
5. ойлаудың жаңа түрін қалыптастыру;
6. ғылым дамуының тарихи кезеңі;
7. ғылыми революцияға ілесе жүретін әлеуметтік-экономика қайта құрулар.

Егер ғылым тарихына үңілетін болсақ, онда екі революцияны әлемдік, іргелі революция деп атауға болады: XVI-XVII ғасырлардағы техникалық революция мен XX ғасырдағы ғылыми-техникалық революция.

Адамзат өзінің даму тарихы барысында қоршаған әлемді танып-білудің және игерудің бірнеше тәсілдерін меңгерді. Сондай тәсілдердің біріне сөзсіз ғылымды жатқызуға болады.

Ғылым - қоғамның рухани мәдениетінің құрамдас бөлігі. Адамзат дамуының белгілі бір кезеңінде ғылым дами келе, қоғамдық сананың дербес формасына айналады. Себебі, қоғамдағы сан-салалы мәселелер көп жағдайда ғылымның араласуымен шешіледі.

Ғылыми-білімнің құрылымымен *ғылым атқаратын қызметтер* тығыз байланысты. Олар бір-нешеу:

- 1) түсіндіру - табиғат объектілері мен табиғат құбылыстарының мәнін ашып, түсіндіру;
- 2) жүйелеу - жиналған фактілік материалдарды сурыптап, бір жүйеге енгізу;
- 3) суреттеу - қоршаған жағдайдың байланыстары мен қасиеттерін сипаттап көрсету;
- 4) болжам жасау - дәл қазіргі кезде жүріп жатқан үдерістердің даму дәрежесін есепке ала отырып, болашаққа болжам жасау;
- 5) қорытынды жасау – табиғаттағы болып өткен, қазіргі кезде жүріп жатқан және болашақта күтілетін үдерістерді есепке ала отырып, ғылыми негізде қорытынды жасау;
- 6) жаңалық ашу – табиғаттың жаңа заңдарын ашу, жаңа ғылыми гипотезалар шығару;

7) өндірістік-тәжірибелік бағыт беру – алған білімді өндірісте, әлеуметтік басқаруда және тағы басқа салаларда қолдану мүмкіндігі;

8) дүниетанымдық – алған білімді әлемнің объективті картинасымен байланыстыру.

Адамзат өз тарихында сипаты бойынша сан алуан білімдерді жинақтады, ғылыми білім – сол білімдердің тек бір түрлі ғана болып саналады. Сондықтан, ғылымға қойылатын критерийлерді білу өте қажет.

Ғылымға қойылатын өлшемдерге келетін болсақ, ғылымилықтың ең басты критерийі - *жүйелілік*. Ғылыми білім әрқашан белгілі бір жүйе ретінде қарастырылады: бұл жүйенің өзіндік басталу принципі, іргелі түсініктері болады. Сонымен бірге бұл жүйеге аталған ғылым үшін зор маңызы бар тәжірибелік фактілер, эксперименттер, тәжірибелік қорытындылар мен ұсыныстар енеді.

Ғылымға қойылатын тағы бір өлшем - онымен айналысатын (қоғамда) бір дарынды адамдардың болуы және қажетті материалдар мен технологияның болуы.

Ғылымилықтың үшінші өлшемі ғылыми танымның мақсаты. Яғни, мақсатсыз ғылым дамуы мүмкін емес, ғылымның нәтижесі адамзат игілігіне айналуы шарт.

Тағы бір төртінші өлшем - рационалдылық (тиімділік). Зерттеудің әр түрлі (әдістемелерін) тәсілдерін өзгерте отырып, ең тиімді жолын таңдап алу.

Ғылымға қойылатын бесінші өлшем - зерттеудің тәжірибелік әдістемесін қолдану және ғылымды математикаландыру. Бұл белгілер жаңа уақытта пайда болды және тәжірибемен байланыстыра отырып, ғылымға жаңа сипаттар әкелді.

Қазіргі ғылыми-техникалық прогрестің үшінші кезеңі қазіргі заманғы ғылыми-техникалық революция жетістіктерімен байланысты. Осы заманғы ғылыми-техникалық прогрестің ерекше қыры – тек өнеркәсіпті ғана емес, сондай-ақ, қоғамда тұрмыс-тіршіліктің, т.б. көптеген салаларын қатынасын, байланыс аясын, медицина мен білім беру ісін, қызмет көрсету түрлерін қамтитындығы. Ғылыми-техникалық прогресс – әлеуметтік прогрестің негізі. Заман ілгерілеп, дамудың мүмкіндіктеріне сай, ғылымға қойылатын педагогиканың өлшемдік талаптары де көбейе бермек. Қазақ білімі мен ғылымының әлемдік кеңістіктегі орны мен мүмкіндіктері өлшемдер аясында анықталады.

Көптеген ғалымдардың пайымдауынша, ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері нақты өлшемдер арқылы бағаланады. Осылардың ішінен магистранттарға магистрлік диссертацияны келесі бағалау өлшемдері ұсынылады:

Қорғауға ұсынылатын қағидалардың жасалуының дұрыстығын бағалау өлшемдері:

1. Зерттеудің таңдап алынған бағыттары мен оның нәтижелерінің маңыздылығын, өзектілігін және келешегінің бар екенін дәлелдеу.

2. Ізденістің маңызды нәтижелерін сипаттау, олардың өзіндік ерекшелігін, түпнұсқалылығын сипаттау.

3. Зерттеудің әлеуметтік, экономикалық, тікелей, келешектегі, жанама тиімділігі.

4. Ұсынылған нәтижелердің пікірталас туғызу сипаты.

Зерттеудің нысаны мен пәнін анықтаудың дұрыстығының өлшемдері:

1. Педагогикадағы зерттеудің нысаны – ол зерттеушінің нысандық саладан бөліп алынған зерттелуге тиісті дамудағы жүйе немесе белгілі бір үдеріс

2. Педагогикадағы зерттеудің нысаны – құрамына педагог пен оқушылардың танымы және қарым-қатынасы, өзара әрекеттесуі, олардың жан-жақты дамуы мен қалыптасуы енетін мақсатты бағытталған оқу-тәрбие үдерісі

3. Бұл үдерісті шынайы болмыстағы күрделі үдерістің құрылымында сезіну.

4. Зерттеу пәнін бөліп көрсету, яғни терең зерделенетін әрекет-тәсілдерінің байланыстарды, қарым-қатынастарды, өзара әсерлердің қырларын ерекшелеу.

5. Барлық зерттеулерді пән аясында жүргізудің қажеттілігін түсіну.

6. Зерттеудің эмпирикалық базасын анықтау.

Зерттеудің практикалық маңыздылығын анықтаудың дұрыстығының өлшемдері:

1. Зерттеу нәтижелерін практикада қолданудың жолдары, тәсілдері қандай?

2. Зерттеу нәтижелері қайда қолданылады және олардың тиімділігі қандай?

3. Зерттеу нәтижелерін ендіру материалдары қоданылып жатыр ма?

4. Бұл нәтижелер тағы қайда қолданылып жатыр?

5. Білім беруді басқаруды, ұйымдастыруды, білім беру мазмұнын жетілдіру үшін қандай ұсын-ыстар беріледі

Зерттеудің теориялық маңыздылығын анықтаудың дұрыстығының өлшемдері:

1. Зерттеудің жаңадан алған нәтижелерін ғылымда бар теорияларды, тұғырларды, түсініктерді, ұстанымдарды қалай өзгертеді?
2. Зерттеу нәтижелері терминологиялық қатар мен ұғымдардың мазмұнына қалай әсер етеді?
3. Алынған нәтижелер теорияның немесе жеке қағидаларының болашақта дамуына қалай ықпал етеді?
4. Теориялық маңыздылықты анықтайтын нақты матрица болады ма?

Зерттеушінің ұсынған идеяларының, тұғырларының, әдістемелерінің негізінде:

- жаңа болжам ұсынылды, тұжырымдамаа құрастырылды;
- белгілі бір үдерістің теориясы жасалды;
- заңдылықтар анықталды;
- ұстанымдар нақтыланды;
- түсініктер кеңейтілді;
- себертен анықталды;
- заңдылықтар орнатылды;
- дәлелдемелер дайындалды;
- жаңа ұғымдар ендірілді;
- таныс ұғымдардың анықтамалары өзгерді;
- педагогика үшін басқа тұғырлар, ұстанымдар, әдістер бейімделді

Болжамды құрастырудың дұрыстығының өлшемдері:

1. Болжам - алға қойылған мақсаттарды шешу мен мүмкін болатын нәтижелерге жетудің тәсілдері туралы ұйғарым.

2. Болжам – келешек алынатын ғылыми білімнің үрдісі
3. Болжамның басты белгілері:

- негізділігі
- болжамдық сипаты;
- жаңа білімді табуға бағыттылығы;
- мазмұндылығы;
- қарапайымдылығы;
- тексерілетінділігі;

Зерттеу жаңалығын анықтаудың және құрастырудың дұрыстығының өлшемдері:

- жасалынды, табылды, дәлелденді;

- ғылыми зерттеудің жаңа нәтижелерінің түрлері: жаңа педагогикалық фактілер: табылды және сипатталды; бұрын зерттелмеген құбылыстарды сипаттайтын жаңа ұғымдардың мазмұны анықталды; белгілі ғылыми ұғымдардың жаңа мәнді белгілері анықталды; әрекеттің жаңа тәсілдері негізделді; маңызды практикалық міндетті шешуге қажет теориялық негізді сипаттайтын тұжырымдама негізделді.

Зерттеу мазмұнын бағалаудың өлшемдері:

- бірыңғай тұжымдамалық бағыттылық;
- зерттеу пәнін мәнді қарастыру;
- терминологиялық бірізділік;
- мәтіннің авторлық нақтылығы;
- ұсыныстардың тиімділігі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Біз мақаламызда ғылымға қойылатын талаптар мен өлшемдерді айта келе, зерттеу жұмыстарын жүргізуде қорғауға ұсынылатын қағидалардың жасаулуының дұрыстығын бағалау өлшемдеріне, зерттеудің нысаны мен пәнін анықтаудың дұрыстығының өлшемдеріне, зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығын анықтаудың дұрыстығының өлшемдеріне қойылатын талаптарды бердік. Қорыта айтқанда, заман ілгерілеп, дамудың мүмкіндіктеріне сай, ғылымға қойылатын педагогиканың өлшемдік талаптары де көбейе бермек. Қазақ білімі мен ғылымының әлемдік кеңістегі орны мен мүмкіндіктері өлшемдер аясында анықталатыны нақты көрініс алды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Найденова Н.Н. Индикаторы образования, применяемые в международных сравнительных исследованиях (среди 8 индустриально-развитых стран «G8») [Текст] / Н.Н.Найденова// Теоретические исследования 2006 г. ИТИП РАО. М., 2007.
2. Ильин В.В.- Учебное пособие. СПб.: Петербургский государственный университет путей сообщения, 2001. 422 с.
3. Полани М. «Личностное знание. На пути к посткритической философии» (1958)
4. Роберт Мертон, Об истории и систематике социологической теории/Социальная теория исоциальная структура.М.,«Аст»,2006г.,с.62.
5. Источник: <https://vikent.ru/author/1049/>
6. Михеев В.И. Методы теории измерения в педагогике: Учебное пособие.-М.: Логос,2003.
7. Бермус А.Г. Критерии качества непрерывного образования./ Славянская педагогическая культура (научно-теоретический журнал Приднестровского НОЦ ЮО РАО) №2, 2003.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА ПАТРИОТТЫҚ ӘНДЕР АРҚЫЛЫ ОТАНШЫЛДЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

п.ғ.к., қауымд. проф. Г.Ш. ӨМІРБАЕВА

Түйіндеме:

Мақалада қазақ әндері жастарға жан-жақты тәрбие берудің, соның ішінде патриоттық тәрбие берудің таптырмас құралы екендігі айтылған. Қазақ әні – ұлттық рухты көтеретін, ұлттық намысты қолдан бермеуге тәрбиелейтін бірден-бір тәрбие құралы екені белгілі. Ән – ұлттық рухтың биік шыңы.

Қазақтың халық әндерінен бастап, заман талабына сай туындаған әндердің авторлары мен олардың тәрбиеге ықпалды тақырыптары өзіндік бірнеше бағыттарға бөлінеді. Бұл әндердің классификациясы ұсынылып, патриоттық әндердің авторлары, тақырыптарына сай бөліп қарастырылған.

Қазақ әндерінің бүгінгі және келешек ұрпақ үшін тәрбиелік мәні күн санап артуда. Сондықтан, халқымыздың ән фольклоры педагогика ғылымында зерттеу пәні болуы заңды. Қазақ әндерінің осындай тәрбиелік әлеуетін кез келген музыка пәнінің мұғалімінен бастап, тәрбиеші-педагог қауым, ата-аналар, сазгерлер мен әншілер, музыка педагогикасын зерттеуші ғалымдар арқылы білім мен тәрбие үдерісінде үздіксіз насихатталып, зерттеле беруі тиіс.

Тірек сөздер: патриотизм, қазақ әндері, патриоттық әндер, әннің тәрбиелік әлеуеті

PEDAGOGICAL POSSIBILITIES OF EDUCATION OF PATRIOTISM THROUGH PATRIOTIC SONGS IN SPIRITUAL MODERNIZATION

Abstract:

The article says that Kazakh songs are an excellent means of comprehensive education of young people, including Patriotic education. It is known that the Kazakh song is the only educational tool which lifts national spirit, brings up national honor. The song is the highest peak of the national spirit.

Patriotic songs and their themes, the authors share on several trends. It was proposed to classify these songs, the authors of Patriotic songs, which were divided into themes.

Every day the educational importance of Kazakh songs for the modern and future generation increases. Therefore, Kazakh song folklore should be the subject of research in pedagogical science. Such educational potential of the Kazakh song should be constantly promoted and studied in the process of training and education, starting with any music teacher, through the community of teachers, parents, composers and singers, scientists and researchers of music pedagogy.

Key words: patriotism, kazakh songs, patriotic song, educational opportunities of the song

КІРІСПЕ

Патриотизм өз Отанын, халқын шексіз сүйшілік, барша күш-қуатын Отан мүддесіне арнаған адамға тән терең сезім екендігін білеміз, бұл туралы көптеген ғылыми еңбектер бар. Алайда, оны құндылық ретінде қарастырып, жас ұрпақтың бойына қалыптасар сапа екендігін ғылыми тұрғыдан зерттеп, оны қазақ әндері арқылы тәрбие үдерісінде пайдалану мүмкіндігін көрсеткен бірден-бір жұмыс деп айтуымызға болады.

Еліміздің егемендік алуымен байланысты «патриотизм», «ұлттық патриотизм», «қазақ патриотизмі» және «Қазақстандық патриотизм» ұғымдары жаңа санатқа ие болып, қайта қолданысқа енді. Философ М.Изотов патриотизмді ұлттық, жалпыұлттық, жалпықазақстандық тұрғыда қарастырады. Қазіргі таңда ұлттық патриотизм ұғымына әртүрлі көзқарас бар. Ұлттық патриотизмді жекеленген, оқшауланған ұғым деп қабылдауға тырысады. Ұлт бар жерде, ұлттық патриотизм бар. Қазақ халқының жер бетінен жойылмай сақталуы да халықтың ұлттық рухының жоғары болуында, яғни бұл тарихи шындық екені ақиқат. Зерттеу барысында патриотизм ұғымына философия, педагогика, психология ғылымдары тұрғысында “жалпыадамзаттық патриотизм”, «Қазақстандық патриотизм», «ұлттық патриотизм», «патриоттық тәрбие», «патриоттық құндылық», «ұлтжандылық» ұғымдарының мәні бүгінгі күн тұрғысынан талданды. Философ А.Айталы «...Ұлтжандылық халықтың рухани және материалдық игіліктерін көбейтуге арналған жігері, қайраты. Ұлтжанды деп еңбекқор, іскер, талапты, ойшыл, ізденгіш, ұлттық мұраттар жолындағы абзал істің иесін айтамыз. Ұлы ұлттар өздерінің осындай ұлтжандылығымен мықты», - деп атап көрсетеді [1,12-13].

Қазақстан Республикасының Егемендігі жағдайында «қазақстандық патриотизм» ұғымы нығайған рухани-саяси фактор ретінде, мемлекет саясаты мен идеологиясының жаңа парадигмасы ретінде қарастырылатын ерекше құнды мәнге ие болуда. Оның пайда болуы мен бекуі Қазақстан тәуелсіздігінің нығаюы мен күшеюіне байланысты. Өйткені, өз азаматтарына патриотизмді қажет етпейтін бірде-бір мемлекет болған емес және болмайды да. Егемендік пен тәуелсіздікке ие болу жағдайында Қазақстан қоғамында «жалпықазақстандық патриотизм», «ұлттық патриотизм», «қазақстандық патриотизм» ұғымдары жиі пайдаланылады.

Жалпықазақстандық патриотизм – Қазақстанда тұрып жатқан барлық ұлт өкілдерінің Қазақстанды өздерінің ұлттық Отаны деп қабылдауы. Ұлттық патриотизм, деген өз ұлтының, мәдениеті мен әдебиетінің тілі мен ділінің, салт-дәстүрлерін сезіну, жерінің Қазақстан екенін жете түсінуіне байланысты.

Ұлттық патриотизмді қалыптастыруда «Отан», «атамекен», «ел-жұрт», «азаматтық борыш», «арнамыс», «адалдық пен әділдік», «ұлттық парыз» сияқты құндылықтар негіз болған. Отанға деген сүйіспеншілік адамның бойында патриоттық сезімді туындатады. Оның аясында азаматтық парыз, борыш сезімі дамиды. Халық жеткіншектерден өз елін, жұртын, Отанына қызмет етуді, азаматтық борыш деп санайды. Отан мен халық алдында борышын адал орындай білген адамды сана-сезімі, дарын-қабілеті жетілген адам деп қабылдаған.

Музыка, оның ішінде ән – патриотизм идеясын ерекше айқындылықпен, жарқындылықпен білдіруге қабілетті. Адамның сезіміне әсер ететін нәрсенің бәрі: туған табиғат көрінісі, халық әндері мен үйлері, тарихи және қазіргі заман көріністері музыкалық шығармаларда өзінің көрінісін табады, музыкада жоғары әсемділікпен жанданады, сезімнің бастауына жылылық төгіледі.

Музыка өнерінің табиғаты әсер беретін, музыка арқылы патриоттық тәрбие берудің өзіндік ерекшеліктерін атап өту қажет. Музыка қоғамдық сананың бір түрі бола тұра, шынайы өмірді көрсете отырып, адамның ішкі жан-дүниесіне эмоционалдық тұрғыда әсер етуде мүмкіндігі бар.

Музыка ең алдымен, тыңдаушылардың эмоционалдық сезім өрісіне ықпалын тигізеді. Адамгершілік жағынан жетілдірілген тұлғаның эстетикалық негізін қалауда ерекше роль атқарады. Музыканың адамның сезімдік дүниесіне терең эмоционалдық ықпалынан басқа, рухани көзқарастарының, сенімінің қалыптасуына әсер ететіндей идеялық-көркемдік мазмұны бар. Бұл жағдай музыканың тәрбиелік ролін анықтауда біз үшін өте маңызды, себебі мектеп оқушыларының тек патриоттық сезімін ғана емес, сондай-ақ, патриоттық санасын тәрбиелеу қажет. Музыка адамның қоршаған ортаға деген түрлі сезімдерін білдіре алады.

Музыка өнерінің бұл ерекшелігі біріншіден эстетикалық тәрбиенің мазмұнын анықтайды. Патриоттық тәрбиенің ерекшелігі де, нақты заттық, патриоттық мазмұнды мақсаттылықпен қабылдауы болып табылады. Сонымен қатар оларда, олардың өзара әрекеттестігін анықтайтын көп ортақтық бар. Бұл мәселені эстетикалық тұрғыда қабылдау – әдемілікті сезініп, бірге түйсіне білу.

Эстетикалық саланың өзекті мәселесі сұлулықты сезіп, бірге түйсіну болып табылады, және осыны жете түсінуге эмоционалдық жағдай көмектеседі. Екінші жағдайда ең бастысы патриоттық мазмұнды жете түсіну болып қабылданған сезімдік-образды бекітуге эмоционалдық жай-күй көмектеседі. Бірақ, екі жақтың тәрбиелік ықпалына да сезім мен ойдың өзара әрекеттестігі себепші болады және осы процесті бағалай білетін танымның ерекше түрі пайда болады. Музыка өнері арқылы эстетикалық және патриоттық тәрбие берудің бірлігі де, айырмашылығы да, осында болып табылады.

Қазақ әндері – жеткіншектерге жан-жақты тәрбие берудің, соның ішінде патриоттық тәрбие берудің таптырмас құралы. Қазақ әндерінің ұрпақтан ұрпаққа мирас ретінде жетіп отыруына халық ақындарының әнші-сазгерлерінің, жыршыларының рөлі ерекше болды. Олар өлең-жыр мен ән-күйді үлкен мереке-тойларда дәріптеген, өздерінің сазгерлік-әншілік шеберліктерін шыңдаған.

«Қазақ әндері күдіретті де күшті, өктем, сонымен бірге жатық, құлаққа жағымды естіледі, - деп жазды неміс музыканты этнограф-зерттеуші А.Эйхгорн. ...Жапан түзде немесе ауылда, болмаса мал арасында, айдала мен жазық өңірлерде, таулар мен көсілген алқаптарды аралаған кезінде, жым-жырт аспан астында жалғыз келе жатып оның салған әні тіпті әдемі естіледі. ...Қазақтардың қарапайым саздары мен сөздері айналадағы табиғатпен үндесе келе, оның сырт өмірден алған әсерін табиғи қалпында беріп, сезімдерін ешбір қалтқысыз баяндайды» деген болатын. Түнде де, күндіз де, таңертең де, кешке де, жазда да, қыста да - қашан, қай кезде болсын, қазақ қиялсыз жүрмейді, не ыңылдаған сарынмен көңіл күйін білдіреді, немесе ән салады, әйтпесе өлең шығарады, енді бірде шежірелік сөздерді мақалдап айтумен болады. Олардың қарапайым сөздері сырт өмірден алған әсерін табиғи қалпында беріп, сезімдерін ешбір қалтқысыз айқын баяндайды» [2].

Қазақ халық музыкасының аясына халық және халық композиторларының әндері, халық және халық композиторларының күйлері енеді. Қазақ халқының ән шығармашылығының жанрлары сан алуан. Бұл – отбасылық-тұрмыстық, әдет-ғұрыптық, еңбек, лирикалық, тарихи әндер, әлеуметтік наразылық әндері, эпикалық дастандар мен аңыз-әңгімелердің музыкалық сабақтастыққа берілуі. Отбасылық-тұрмыстық әндерде Отанға, туған жерге, елге деген сүйіспеншілікті көзқарас, ойын-сауықтар, мораль, күнделікті тұрмыс қарекеті, отбасылық өзара қарым-қатынастар сипатталады, өнеге тұтар нақыл сөздер көп пайдаланылады.

Әннің артықшылығы: адамды тәрбиелейтін, санасына ой құятын нақылды сөздер сазымен бірге үйлесе, белгілі өлшеммен, тәртіппен жеңіл қабылданады. Сазы – жанды тербесе, рухты көтерсе, сөзі – ақыл-ойды өсіреді. Сонымен, қазақ әндері халықтың адами-эстетикалық көзқарасын, әсемдік жөніндегі түсінігін білдірумен бірге, ұлттық патриотизмнің жоғары болғанын көрсетеді және балалар мен жастарды да осындай сезімге, ұлттық намысқа тәрбиелегенін дәлелдейді. Олар өзінің қарапайымдылығымен, әуезділігімен, көркемдігімен, шынайылығымен, поэтикалық әсерлілігімен терең мазмұндығымен үлкен-кішінің жүрегінен орын алды. Оған деген қызығушылық бүгінде толастаған емес, керісінше көптеген халық әндері кәсіпқой әншілер мен көркемөнерпаздардың, мектеп оқушыларының репертуарынан берік орын алып отыр.

Л.С.Выготскийдің айтуынша өнер, адамның ішкі жан дүниесіне ықпал ете отырып, оның болашақта мінез-құлқын ұйымдастыруда, болашақта дұрыс бағдарын қалыптастыруда септігін тигізеді, яғни ол жетілуге итермелейді, іс-әрекетке қатысы бар жаңа психикалық байланысты туындатады. Сондықтан музыка арқылы патриоттық тәрбиенің тиімділігін анықтау үшін оқушылардың ойында, сезімінде, олардың мінез - құлқын ұйымдастыруда қызмет ететіндей ненің бекігенін анықтап алу керек [3].

Осы орайда В.А. Сухомлинскийдің: «Егер сәби шақта музыкалық шығарманың әсемдігін жүрекке жеткізе білсек, егер дыбыстардан бала адам сезімінің сан қырлы реңін сезіне білсе, ол мәдениеттің ешқандай құралдарымен жетуге болмайтын сатысына көтеріледі... Музыкалық тәрбие - бұл музыкантты тәрбиелеу емес, ең алдымен адамды тәрбиелеу» [4] - деген сөзімен толық келісуге болады. Өйткені, қазақ халық педагогикасы өзінің құралдарымен әр уақытта осыған жетуге ұмтылады.

Ән – ғасырлық мәдениетіміздің көркем формасының бірі, заманның тарихи шежіресі, бүгінгі күннің белсенді жаршысы. Әннің жан дүниені тебіртетін үні адамға қайғы үстінде, қуанышында да, демалыс уақытында да, еңбек пен тұрмыста да көңіл серігі болады. Халқымыздың музыкалық және поэтикалық шығармалары бүгінгі жастарды Отанға деген сүйіспеншілікке, патриоттық сезімге, білімге өнерге құштарлығын қалыптастырады.

«Жас шақта берілген тәрбие өмірлік азық» - дейді халқымыз. Осыған орай, қазіргі таңда жастарымызды патриоттық әндермен жан-жақты дамыған, білімді, өнерлі, еңбек сүйгіш адамгершілікке тәрбиелеуіміз қажет. Жастарды өскен ортасын сүйуге, халықтар достығы рухында тәрбиелеу деген жеткіншектердің бойына қазақ халқының дүниежүзілік мәні бар тарихи жеңісін, халықтар достығының саяси әдісін, өскелең күшін халықаралық ынтымақтастық принциптерін түсініп, бойға сіңіре білу, ұғындыра білу сияқты педагогикалық жайлар мен әдістерге баулу керек деген сөз.

Қаһарман жазушы Б. Момышұлы «ұлттық патриотизм – бұл ұлттың ішіндегі жеке адамның асыл белгісі мен қасиеті, өз халқына деген сүйіспеншілігі, өз халқымен қан жағынан және шыққан тегі, территориясы, тілі, тұрмыс-тіршілігі, мінез-құлқы, психологиялық және этнографиялық ерекшеліктері қалыптасқан, тарихи дәстүрлері жағынан да әбден айқын әрі дербес басқа қасиеттері және ерекшеліктерімен де байланысты» дейді Б. Момышұлы көрсеткен рухани ерекшеліктерді сақтау ұлттық патриотизмнің критерийі болып шығады. Жас мемлекетіміздің болашақ тіректерін патриотизмге тәрбиелеуде, міне, осы негізгі ұғымдар басшылыққа алынғаны жөн. Б. Момышұлы айтып отырған белгілер – тұлғаның патриоттық сана-сезімін қалыптастыру, патриоттық іс-әрекетін ұйымдастыру, мінез-құлқына патриоттық сипат беру – мектептегі оқу-тәрбие ісінің өзегі болуы керек. Бұл – оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдардың мазмұнынан бастама алып, сабақтан тыс тәрбиелік жұмыстарда жалғасын табуы тиіс.

«Ерлік табиғат сыйы емес, ең алдымен өзіңнің ар-намысыңды және азаматтық қасиетті абыройыңды ұлтқа қалу, опасыздықпен масқара болу сезімнен қорғай отырып, адамның ең ұлы сезімі, азаматтық парызын орындау үшін осындай адамгершілік, теңдікте өзіңмен-өзің сайысқа түсе отырып, тұтас өміріңнің игілігін ғана емес, сонымен қатар қауіп қатерін де бөлісіп, жауды барынша жою, жанға-жан, қанға-қанмен аяусыз кек алу жолымен жеке басыңды және отандастарыңды қауіпсіз етуге ұмтылу, саналы түрде қауіп қатерге бас тигуге мәжбүр ету» деп Бауыржан Момышұлы, Отан алдындағы азаматтық парызды орындауда, халықтың тұрмыс тіршілігі үшін жан аямай күресуді көздеді [5, 142].

Ұлы Отан соғысына арналған патриоттық әндерді біздің барлық ақын жыршыларымыз жырлады. Ән мен жыр арқылы елімізді жаудан қорғаған батырларымыздың ерліктерін болашақ ұрпаққа мәңгі мұра етіп қалдырды.

Мектеп оқушыларының қазақ әндері арқылы сыныптан тыс жұмыс барысында патриоттық құндылықтарын қалыптастырудың теориялық негіздері ға-лымдардың тұжырымдарын негізге ала отырып, философияда қалыптасқан тұлғалық, мәдениеттану, аксиологиялық, жүйелілік, іс-әрекеттік тұғырлары тұрғысынан қарастырылды: тұлғалық тұғыр тұрғысынан – тұлғаны субъект ретінде қарастыра және оның бойындағы табиғи ерекшеліктерді негізге ала отырып, әнге деген қызығушылығын дамыту, елге, жерге, Отанға деген сүйіспеншілігін қалыптастыру; мәдениеттану тұғыры тұрғысынан – қазақ әні ұлттық мәдениеттің негізгі құрамдас бөлігі, әр әннің туу ерекшелігі, оның ұлттық мәдениетке қосқан үлесі, тарихи маңыздылығы, қоғамдағы тарихи оқиғалармен байланысы, “Елім ай”, “Маржан қыз”, “Жас қазақ”, “Қаракерей Қабанбай”, “Батыр Бауыржан”, “Бекзат”, т.б. әндердің тұлға бойында ерлік рухты қалыптастырудағы маңызы; аксиологиялық тұғыр тұрғысынан – қазақ әні ұлттық құндылық, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан асыл мұра. Тұлғаның бойындағы патриоттық құндылық бесік жыры, батырлар жыры, терме, ән, күй өнері арқылы дамиды; жүйелілік тұғыр тұрғысынан – патриоттық әндердің мазмұны жүйелі және бірізді берілуі оқушының патриоттық құндылықтарын дамытуға ықпалы мол; іс-әрекеттік тұғыр – патриоттық құндылықтар мәдени жұмыстарға еркін араласуы, іс-әрекет, қарым-қатынас негізінде көрініс береді [6, 12].

Қазақтың халық әндерінен бастап, заман талабына сай туындаған әндердің авторлары мен олардың тәрбиеге ықпалды тақырыптары өзіндік бірнеше бағыттарға бөлінеді. Біз оны төмендегіше жіктеген едік. Бұл жерде ән жанрына еңбек еткен авторлар кезеңіне, тақырыптарына сай, бөліп қарастырылды.

1-кесте. Қазақ әндері арқылы отаншылдық қалыптастыруға бағытталған әндер жіктемесі

Ата-анаға деген сүйіспеншілік	Ақындар Қ.Мырзалиев, М.Шаханов, Ф.Оңғарсынова, И.Сапарбаев, И.Оразбаев, Ш.Сариев, С.Жиенбаев, Ж.Сейілов, С.Тұрғынбеков, А.Шамкенов, Г.Бекежанова, Р.Жұматова, А.Отарбаев, О.Иманалиев, Қ.Қазыбеков, Д.Қанатбаев, С.Тойлыбаев, Н.Бердалы, т.б.
	Сазгерлер Ш.Қалдаяқов, Н.Тілендиев, Ә.Бейсеуов, Д.Ботпаев, К.Дүйсекеев, Ә.Молдағайынов, Ж.Сейілов, Е.Хасанғалиев, Ә.Бекежанов, М.Омаров, Н.Байкөзов, Б.Қабыланов, Б.Оралұлы, Е.Әлікеев, С.Жолбарысов, А.Дүйсенев, А.Бексұлтан, Г.Әлімбекова, т.б.
	Ақындар С.Сейфуллин, Ж.Нәжімеденов, Б.Тәжібаев, А.Асылбеков, Қ.Мырзалиев, Д.Әбілов, Ш.Смаханұлы, Ұ.Есдәулетов, Қ.Жұмағалиев, М.Мақатаев, Қ.Аманжолов, Қ.Жандарбеков, Ж.Бейсенев, М.Ыбыраев, Ш.Сариев, І.Әміренов, Н.Әлімқұлов, т.б.
Туған ел, жер, Отанға деген сүйіспеншілік	Сазгерлер С.Сейфуллин, Л.Хамиди, Н.Тілендиев, Ә.Байділдаев, Ш.Қалдаяқов, Ә.Молдағайынов, Ж.Тұрсынбаев, Е.Хасанғалиев, Қ.Аманжолов, М.Ыбыраев, Ж.Тұяқбаев, Т.Базарбаев, Б.Тілеуханов, А.Райымқұлова, Б.Омаров, Қ.Жүнісов, Х.Әбілжанов, Б.Хасанғалиев т.б.
	Ақындар Ә.Сәрсенбаев, Қ.Бекхожин, Б.Ысқақов, Н. Баймұхамедов, Ж.Нәжімеденов, Н.Әлімқұлов, С.Оспанов, Х.Талғаров, Ш.Смаханұлы, Ж.Әбдірашев, Ж.Өмірбеков, Е.Әлікеев, Ғ.Жумабаев, Х.Әбдібаев, Е.Бағаев, І.Әміренов, т.б.
	Сазгерлер Л.Хамиди, Ш.Қалдаяқов, С.Мухамеджанов, Ә.Еспанов, А.Жубанов, Н.Нүсіпбаев, Е.Әлікеев, Б.Жуманиязов, Ж.Тұрсынбаев, Ә.Телғозиев, Н.Мендіғалиев, Ә.Тінәлиев, Т.Қажығалиев, М.Жанболатов т.б.
Бейбітшілік, жалпы адамзаттық құндылықтар	

Еліміздің егемендік тарихында қазақтың музыкасына көңіл аз бөлінді деуге болмайды. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2009 жылы маусым айында Қазақтың дәстүрлі музыкалық антологиясы «Мәңгілік сарын: қазақтың 1000

күйі мен 1000 әні» жобасындағы – түпнұсқалық орындаудағы қазақтың дәстүрлі музыкалық өнерін жинақтап, дайындау, жарыққа шығару, ұлттық мәдениетіміздің тарихындағы теңдесі жоқ мәдени байлығын өзіне қайтару мәселесі ән арқылы жастарды отаншылдыққа тәрбиелеудің көкейкестілігін нақтылай түседі. Жыл сайын болмаса да патриоттық әндер байқауы өтіп тұрады. Сондай-ақ, қазақтың отаншылдық тақырыпқа жазылған әндері мектеп бағдарламасына еніп, оқу-тәрбие жұмыстарында лайықты орнын табуда. Олардың мазмұны оқушылар көкірегінде отаншылдық сезімін ұялатады. Отан ата-анасынан басталып, туған ел, жермен астасып жатады. Балаларға жас ерекшеліктеріне қарай, өздеріне таныс ата-ана, аула, ауыл мен астана, туған ел, туған жер ұғымдары арқылы, Отанын сүйуге баулимыз.

Осы тақырып аясында бірнеше жыл зерттеп-зерделей жүріп, сазгерлік мүмкіндік аясында қазақтың патриоттық әндер қатарына бірнеше әндерімізді ұсынуға мүмкіндік болды. «Батыр Бауыржан», «Бекзат», «Нұр дидарлы Нұрилла», «Қыздар, қыздар», «Ардақты ұстазым», т.б. бірнеше әндер тек сахнада ғана емес, мектеп оқушыларының, жастардың репертуарына енуі отаншылдық рухта ізбасар жеткіншектеріміздің өсіп келе жатқанын көрсетіп, көңіл қуантады. Ән арқылы талғам қалыптасып, ән арқылы сезімдер дамыса, рух асқақтаса, ақыл-ой мен сана жоғарыласа – патриотизм нәтижесі әрі мақсаттың айқындығы.

ҚОРЫТЫНДЫ.

Еліміздің рухани жаңғыру жағдайында өз кезегінде тәрбиеде басшылыққа алатын «Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы» (2009 ж.), «Қазақстан Республикасы мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің тұжырымдамасы» (2007 ж.), «Қазақстан Республикасы азаматтарын патриоттық тәрбиелеу жөніндегі мемлекеттік бағдарламасы» (2005-2010 жж.) патриоттық тәрбие берудің қай кезеңде де өзекті мәселе екендігін көрсетеді. Бағдарламада «патриоттық тәрбие – мемлекеттік үкімет органдарының жүйелі және алдына мақсат қою арқылы іске асырылатын іс-әрекеті» деген тұжырымынан патриоттық тәрбие беру отбасынан бастап үздіксіз білім беру жүйесі, әлеуметтік орта, қоғам, т.б. барлық әлеуметтік ортаның өзара сабақтастықта, жүйелі түрде байланысы арқылы іске асатынын нақтылайды.

Қазақ әні – ұлттық рухты көтеретін, ұлттық намысты қолдан бермеуге тәрбиелейтін бірден-бір тәрбие құралы екені белгілі. Әнді ұлттық рухтың биік шыңы деп тануымыз. Қазақ әндерінің бүгінгі және келешек ұрпақ үшін тәрбиелік мәні күн санап артуда. Сондықтан, халқымыздың ән фольклоры педагогика ғылымында зерттеу пәні болуы заңды. Қазақ әндерінің осындай тәрбиелік әлеуетін кез келген музыка пәнінің мұғалімінен бастап, тәрбиеші-педагог қауым, ата-аналар, сазгерлер мен әншілер, музыка педагогикасын зерттеуші ғалымдар арқылы білім мен тәрбие үдерісінде үздіксіз насихатталып, зерттеле беруі тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Иманбаева С.Т. Қазақстан Республикасының әлеуметтік даму жағдайында мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің ғылыми-педагогикалық негіздері. Пед. ғыл. докторы ...дисс. авторефераты. – Қарағанды, 2007. - 42 б.
2. Жайлаубаев Ж. Халықтың әні кетсе, әдебиеті жесір қалады. <https://abai.kz/post/41670>
3. Выготский Л. С. В92. Психология искусства. Ростов н/Д: изд-во «Феникс»,. 1998.-480 с.
4. Сухомлинский В.А. Афоризмы о музыке. http://xn--e1afnj0c.xn--p1ai/tema/muzyka/Vasilii_Suhomlinskii.html
5. Момышұлы Б. Москва үшін шайқас. <https://qamba.info/site/book/online/mskva-ushin-shaiqas/content/toc.ncx/>
6. Өмірбаева Г.Ш. Мектеп оқушыларының қазақ әндері арқылы сыныптан тыс жұмыс барысында патриоттық құндылықтарын қалыптастыру. Пед. ғыл. канд. ...дисс. авторефераты. – Алматы, 2010. -31 б.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДАҒЫ «ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ» РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК БІЛІМІНІҢ РӨЛІ

П.ғ.д., профессор **А.К.РЫСБАЕВА**
Магистр **Л.С.ДЖУБАТОВА**
Магистр **Г.У.САГИМБАЕВА**

Түйіндеме:

Мақала қоғамдық сана-сезімді жаңашылдандыру барысында «Өзін-өзі танудағы» рухани адамгершілік білім берудің (РАББ) рөлін түсінуге арналған. «Өзін-өзі танудағы» (РАББ) – қазіргі заманғы қоғамның рухани жаңаруына бағытталған еліміздің тәлім-тәрбие беру жүйесінің негізі. Мақалада, қоғамның рухани жаңғыруы барысында адам санасының түбегейлі өзгеруіне жас ұрпақтың моральдық тәрбиесінің маңыздылығы туралы интеллектуалды және рухани-адамгершілік білімнің бірлігі туралы мәселе қарастырылады.

Құндылық әлеуеті қалыптасқан, білім берудің жаңартылған бағдарламасы бойынша адамгершілік және рухани білімнің құрамдас бөлігін нығайту мен педагогикалық оқу үрдісінде әдеби кітаптарды пайдалану маңызды рөл атқарады,

Түйінді сөздер: рухани жаңғыру, өзін-өзі тану, қоғамдық сана-сезімді жаңашылдандыру, құндылық әлеуеті, тәрбиелеу

THE ROLE OF MORAL AND SPIRITUAL EDUCATION "SELF-KNOWLEDGE" IN THE MODERNIZATION OF PUBLIC CONSCIOUSNESS**Abstract:**

The article is devoted to the understanding of the role of moral and spiritual education (MSE) "Self-knowledge" in the modernization of public consciousness. MSE "Self-knowledge" is the basis of the country's educational system directed to the spiritual revival of modern society. The article deals with the impact of the unity of intellectual and spiritual-moral knowledge on the transformation of human consciousness, the importance of moral education of the younger generation in the spiritual revival of society. An important role is played by the strengthening of the spiritual and moral component in teaching under the programs of the updated content of education, the use in the pedagogical process of the school of reading literature that has a value potential.

Key words: spiritual revival, self-knowledge, modernization of public consciousness, value potential, upbringing.

КІРІСПЕ

Адам өмірінің маңызды аспектілерінің бірі – оның рухани және адамгершілік дамуы. Кез-келген қоғам өмірінің маңызы мен мағынасы әрдайым тұлғаның рухани-адамгершілік өлшемінің дамуымен анықталады. Адамзаттың даму тарихында қайта өрлеу, немесе керісінше рухани адамгершіліктің төмендеуіне байланысты бүкіл өркениеттің пайда болуы, я өзінен-өзі жойылып кетуі өте көп кездеседі. Қазіргі замандағы әлеуметтік-экономикалық дағдарыспен қатар, мінез-құлықтың құндылықтары мен мінез-құлқының құнсыздануы, моральдық қағидалардың жоғалуы және жойылуы сияқты рухани және моральдық дағдарыс бастан кешілуде.

Бірқатар жастардың күнделікті өмірдегі тұтынушылық қарым-қатынасында, рухани емес, материалдық баюға ұмтылысы байқалады, сондай-ақ оларда құндылық бағдарларының өзгеріске ұшырауы, жалпы мәдениет деңгейінің төмендеуі орын алуда. Әлеуметтік-мәдени кеңістіктегі жаһандану үдерістері адамдардың ойлауы мен сананың өзгеруіне әсер етті. Ғаламдық ғаламтор желісі, мобильді электронды құрылғылар, адамдардың жаппай көгілдір экранға барынша беріліп, оны ұйып тыңдауы – адамдардың жалғыз қалуына, ауызба-ауыз қарым-қатынастың виртуалды қарым-қатынасқа ауып кетуіне ықпал етуде.

Бес сезім мүшелері, яғни көру, есту, дәм сезу, иіс және сезім қабілеті, әсіресе көру қабілеті ескеріледі. Біртұтас дүниетанымдық және тұтас әлемдік көзқарасқа қабілетті адамдар аз.

Қызығушылық туғызған З.В. Зайяц, Н.З. Алиевалардың «Техногендік жаһандану дәуіріндегі адамдық сана» атты ғылыми мақаласында: «Әлеуметтік-гуманитарлық білімдегі техногендік жаһанданудың құбылысы әлеуметтік-мәдени шындықты ағымдағы оңтайландыруды жаңа технологиялық идеал туындайды, оның мәні күнделікті өмірді техногендеудің жоғары деңгейі бар қоғамға айналады» деп жазады [1].

Интернеттің пайда болуы позитивизм-прагматизм-утилитаризм идеологиясын алдыға қойып, адам қызметінің барлық салаларын өзгертеді және құндылықтарын гистонизм құндылықтарына айналдырады және рухани құндылықтарды құнсыздандырады. «Көзқараспен ойлау» терминінің көрінісі осылайша айқындалады: басқа сезімдердің жұмысын көру арқылы басудың арқасында адам сенімге ие болады, сыни ойлаудың кез-келген дағдыларын меңгеруге ұмтылмайды, өз қабілеттерін, таланттарын білу дағдыларын меңгереді.

Дегенмен, ол бір кездері экранда көргендіктен, ол бір ғана көрінетін тарапты білетіндіктен, мәселені талқылауға қатысады, бірақ ол оның «құзыретті» пікірін білдіруге құқығы бар деген сенім бар. Өртүрлі ақпараттық-коммуникациялық жүйелер, маркетингтік технологиялар, жарнамалық мәтіндер, бейне-роликтер, слайдтар және т.б. адамның сана-сезіміне әсер ететін ойлаудың осы түрін дамытуда үлкен маңызы бар.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы қазақстандықтардың заманауи тәуекелге баруы мен жаһандандудың заманауи қауіп-қатерлеріне дайын болуға шақыратын бағдарламалық құжаты болды. Мақалада ел ішінде де, сыртқы әлемде де орын алатын өзгерістерге бейімделу керектігі ерекше айтылады. Бейімделу үдерістерінің негізін және жаһандану барысында кездесетін кедергілерді шешуге дайындық процестерін қоғамдық сананы жаңғырту құрайды. Бұл не?

Мемлекет басшысының мақаласында көрсетілген идеяларға сәйкес, жаңа түрді жаңғыртудың алғашқы шарты оның мәдениетін, оның ұлттық кодексін сақтау болып табылады. Қазақ халқының тарихи, әлеуметтік, күнделікті және басқа да ерекшеліктерін ескере отырып, ұлттық және мәдени тамырларға сүйену өте маңызды. Президент радикалды идеологиялардың ғасыры өткеніне назар аударып, енді бізді болашаққа жетелейтін айқын да нақты ереже қажет екенін тілге тиек етті.

Біздің ойымызша, мұндай нұсқау, «Бөбек» ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығында әзірленген Сара Алпысқызы Назарбаеваның «Өзін-өзі тану» моральдық және рухани білім беру бағдарламасы болып табылады. Бұл инновациялық бағдарлама өзін-өзі тану, өзін-өзі дамыту, адамның өзін-өзі жетілдіру арқылы қазіргі заманғы қоғамдағы руханилықтың жаңаруына қатысты анық нұсқаулар береді. Бұл үдерісте білім беру ұйымдарында енгізілген білім беру жүйесі ерекше орын алады. Оның негізі – адамның рухани және адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған әмбебап және ұлттық құндылықтар болып табылады.

Ұжымдық педагогикалық үдерістің субъектілері ретінде мұғалімдер, студенттер мен олардың ата-аналары АЖРБ өзін-өзі тану бағдарламасының жүзеге асырылуына, олардың санасы, мінез-құлқы, дүниетанымы, қалыптасқан өмір жағдайына қатысты көзқарастары өзгереді. Бағдарламаны іске асырудағы әрбір қатысушы өмірдің мәні туралы, осы дүниедегі өзінің жоғары миссиясын, өзін-өзі тану және өзін-өзі дамыту қажеттілігі туралы ойлайды.

Бұқаралық ақпарат құралдарының беттерінде әртүрлі салалар өкілдерінің пессимистік пікірлерінің орын алуы ешкімге құпия емес. Мысалы, әлеуметтанушы Есет Есенғараев 2018 жылдың 7 тамызында 365 info.kz. -ке берген сұқпатында қазақ қауымының қоғамдық өмірге белсене атсалыспайтынын, себебі «жекелеген тұлғаның өзін-өзі дамыту деңгейі жетіле қоймағанын» айтып кетті. Оның пікірінше, жаңғыртуға қажетті барлық факторлар толыққанды жетілдірілмеген, сондықтан да заманауи әлеуметтік теорияның, саяси ғылымның, философияның жеткіліксіз дамуы жағдайында, қоғамдық сананы жаңғыртуға байланысты міндеттер дерлік мүмкін емес. (ИА REGNUM)

Біз келесідей жауап береміз: Қазақстанда руханилық пен жоғары имандылықты қалпына келтіруге бағытталған қоғамдық сананы жаңғыртуға мүмкіндік бар. Егер қоғамдық сана-сезімді жаңғыртудағы маңызды факторлардың бірі адамның тәрбиесі болып табылады деп санасаңыз және осы үдерісте ата-аналар мен мұғалімдерде негізгі рөлі болса, балаларға да ересектерге де «Өзін-өзі тану» АЖРБ бағдарламасы рухани-адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына ықпал ететін бірегей білім беру жүйесінің негізі.

2018 жылы «Өзін-өзі тану» моральдық-рухани білім берудің инновациялық бағдарламасын енгізу – адамның білім беру мазмұнын құндылық негізінде меңгеру үшін жағдайлар жасалатын барлық педагогикалық жүйенің мақсаттарын, мазмұнын және жұмыс істеу жолдарын анықтауға арналған уақтылы шаралар, оның моральдық және рухани дамуы, азаматтың толығымен дамыған тұлғасын тәрбиелеу және оның елінің патриоты.

«Өзін-өзі тану» АЖРД бағдарламасының мақсаты – білім беру жүйесі мен қоғамның рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудағы құнды әлеуетін және жеке тұлғаны, қоғамды және мемлекетті тұрақты дамытуды қамтамасыз ету факторы ретінде балалар мен оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ашып көрсету. Білімнің басымдылығы – өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу және үнемі кәсіби өсіу кез келген адамға табысқа жетуге көмектесетін қасиеттер.

Қоғамдық сананы жаңашылдандыру жағдайында білім беру ғибадаты әмбебап болуы керек. Әрбір қазақстандық білім – өмірлік табыстың іргелі факторы екенін түсінуі керек. Мұндай көзқарас жаһандану, ақпараттандыру, жоғары жылдамдықтар мен ашық қоғам дәуірінде білім берудің шешуші рөлімен түсіндіріледі. Білім, ақпарат, білім - негізгі интеллектуалды құндылық, капитал, жеке және қоғамның ресурсы. Қоғамның өміріндегі және әрбір адамның жеке өміріндегі рөлі туралы білім мен табынушылық өте маңызды. Тек білім адамды күшті және бақытты ете алады. Білім беру адамның мүмкіндіктерін үздіксіз жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Өмірдің мәні – жеке тұлғаның үнемі өзін-өзі жетілдіруі, яғни бір шынды бағындырып, алдына жаңа мақсат қоюы. Адамның өмірі мағыналы, толыққанды, қаныққан болу үшін өмірдің әрбір минутын, әр маңызды әрекеттің, ағартушылыққа ұмтылуымен рухтандырылуы маңызды.

ҰБО-ның «Өзін-өзі тану» бағдарламасын еліміздің білім беру жүйесіне енгізу білім беру жүйесінің құндылық әлеуетін күшейтуге байланысты «Өзін-өзі тану» пәні бойынша міндетті түрде шешілетін міндеттерді шешуді көздейді; білім беру ұйымының білім беру жүйесінің түрлі компоненттерінің құндылық әлеуетін іске асыру; балалар мен студенттердің рухани-адамгершілік тәрбиесі мәселелері бойынша отбасымен және басқа да мемлекеттік мекемелермен өзара іс-қимылды дамыту.

Адамның үйлесімді дамуы институтында факультативтік және элективті оқу курстары әзірленді және сынақтан өткізіліп, мақұлданды, олар:

- 1-4 сыныптар үшін - «Әдептілік әліппесі»;
- 5-8 сыныптар үшін - «Адамгершілік грамматикасы»;
- 9-11 сыныптар үшін - «Ар-намыс ғылымы».

5-сыныптан бастап, жалпы білім беру мектептерінің білім беру кеңістігіне мынадай профильді пәндерді енгізу ұсынылады:

- «Адамзаттың рухани мұрасы» (5 сыныпта)
- «Жалпы адами құндылықтар» (6 - 7 сыныпта)
- «Әлемдік көркем мәдениет» (7 - 8 сыныпта)
- «Отбасылық өмірдің әліппесі» (10 сыныпта)
- «Көшбасшылық мәдениеті» (10 сыныпта)

Кейбір эксперименттік мектептерде курстар ұйымдастырылған:

Адамзат сабақтары - 10-11 сыныпта

- Табиғат - сөз мен ақылдың көзі - 5 сыныпта.
- тірі дробтар - 6 сыныпта.
- математикалық қиял - 1-4, 10-11 сыныпта.
- уақыт өзеніндегі тіл - 5-9 сыныпта.
- халықтық рухани қазына - 5-9 сыныпта.
- танымдық оқулар мен сөйлеуді дамытудың құпиялары - 1-4 сыныпта
- жүрек тіліндегі физика - 7 сыныпта

Жаңарған бағдарламалармен оқытудағы рухани және моральдық компоненттерді нығайту мәселесі қызығушылық тудырауына еш күмән жоқ.

Инновациялық өзгерістер ағымында адамдық құндылықтарды түсіну арқылы балалар мен жастарға адамгершілік сенімдер мен адамгершілік мінез-құлық жүйесін қалыптастыру қажеттілігіне назар аудару өте маңызды. Пәндерді оқытуда «Өзін-өзі тану» моральдық-рухани білім беру бағдарламасын ықпалдастыру басты мақсат болып табылады.

Философиялық сөздікте, интеграция (латынның бүтін санынан бастап - толық, тұтас, үзілмеген) – тұтастықты тудыратын процесс; одақ, қосу, бірлікті қалпына келтіру дегенді білдіреді [3].

Негізгі орта білімнің мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандартында «Адам және қоғам» білім беру саласында келесі білім беру нәтижелері нақты анықталған:

- гуманизмге, адалдыққа, отан алдындағы борыш пен толеранттылыққа негізделген құндылықтар мен нормалардың мәнін біледі; адамгершілік мінез-құлық негіздері, адамның өзіне, оның айналасындағы әлемге, бүкіл адамзатқа деген қатынасын анықтайтын әлеуметтік маңызы бар бағыттар; адамның жағымды және жағымсыз қасиеттерін, эмоцияларын және сезімдерін біледі;
- адамның үнемі өзін-өзі тану және өзін-өзі дамыту қажеттілігін түсінеді; әмбебап, этномәдени және ұлттық құндылықтардың өзара байланысы; өз сөздері мен әрекеттеріне жауапкершілік;
- қоғамға қызмет етуге бағытталған проблемаларды шешуге шығармашылық көзқарасты қолданады; адамгершілік нормаларына сәйкес түрлі мәселелерді конструктивті шешу үшін;

• Адамдарды өзін-өзі анықтау, өзін-өзі тану, өзін-өзі басқару қабілеттерін қалыптастырудың формалары мен әдістерін талдайды

• заңды және моральдық нормаларды есепке ала отырып, әр түрлі практикалық жағдайларда мінез-құлық үлгісін синтездейді;

• Мінез-құлық нормаларына сәйкес міндеттерді сындарлы түрде шешу үшін командада ынтымақтасуға қабілеттілігін бағалайды [4].

Оқытудың барлық нәтижелері білім берудің моральдық-рухани қырларын нығайту үшін басқа да білім беру салаларын оқыту нәтижелеріне қосылуы керек.

Студенттердің құндылық бағытын қалыптастыруға ерекше назар аудару қажет; адамның өзінің стратегиялық өмірлік мақсаттары мен оның қызметін айқындайтын ортақ дүниетанымдық көзқарастары ретінде танылған құндылықтар туралы ойларын көрсетеді.

Қазақ тобы 7-сыныпта орыс тілі мен әдебиеті сабағында интеграциялаудың мүмкіндіктерін қарастырамыз.

У.А. Жанпейс және Н.А. Озекбаеваның жалпы білім беретін мектептің 7-сынып оқушылары үшін қазақ тілінде оқытылатын «Орыс тілі мен әдебиеті» оқулығын негізге аламыз [5].

Жаңа оқу құралы балаға әлем арқылы тіл үйренуге, әлеуметтік бейімделуге, бәсекеге қабілетті болуға, өмірде алған білімдерін қолдануға, сыни ойлауды дамытуға бағытталған.

Функционалдық сауаттылықты дамыту, сыни ойлау қазақ тілі сабақтарында орыс тілі мен әдебиеті сабақтарының басты мақсаты болды.

Орыс тілі мен әдебиетінің қазіргі заманғы сабағының негізгі мақсаты адамның моральдық мінез-құлқының негізін қалыптастыру, адамның өзіне, оның айналасындағы әлемге және бүкіл адамзатқа деген көзқарасын айқындайтын әлеуметтік маңызы бар бағыттарды қалыптастыру болып табылады деп ойлаймыз.

Қазіргі заманғы сабақтың ұйымдастырылу ерекшелігін және өзін-өзі тану үрдісін ескере отырып, біз қазақ тілін меңгерген мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында өзін-өзі тану сабақтарын үйрету тәжірибесінде өздерін дәлелдейтін келесі әдістемелік тәсілдерді қолдануға кеңес береміз:

«Оқу» – студенттердің эмоционалдық-сауықтыру саласының адамның құндылықтары мен адамгершілік қасиеттері туралы білімін және түсінігін кеңейтуге бағытталған әдіс.

Орыс тілі мен әдебиеті бағдарламасы бойынша «Оқу», «Жазу», «Тыңдау», «Сөйлеу» сияқты дағдылармен қатар дамуы керек дағды. Дәстүр бойынша ол мәтіндер негізінде жасалады. Мысалға, 25-28 сабақ бойынша оқулықта студенттерге Лев Толстойдың «Кавказ тұтқыны» үзінділері ұсынылады.

Оқулықтың авторлары әрбір мәселені адами қарым-қатынас пен адамгершілік әрекеттердің моральдық негіздері тұрғысынан қарайды: «Неге екі офицер туралы сөйлескенде, Толстой тек бір адам туралы айтады?», «Костылин қалай тұтқынға алынды? «Л.Толстойдың қандай адамгершілік құндылықты бағалайды?»

Зерттелетін материалдардың мәнін тереңдету үшін біз мәтіндер бойынша жұмыс барысында студенттердің жеке тәжірибесіне қатысты сұрақтарды қосамыз деп ұсынамыз. Сұрақтарды қалыптастырудағы мұндай тәсіл әңгімелесуді өзін өзі бақылау дағдысын қалыптастыруға, білімді теориядан жеке тәжірибеге айналдыруға бағыттайды. Қосымша сұрақтарды ұсынуға болады:

- Л.Н. Толстой адамның қандай адамгершілік қасиеттерін бағалайды?

- Осындай қасиеттері қалыптасқан адамдардың үлгісін келтіріңіз.

- Өміріңізде болған қорқынышты жеңген сәттеріңіз болды ма? Сізге не көмектесті?

«Болған жағдайды ой желегінен өткізу» – оқушылардың нақты өмір жағдайларын бағалауға, өз ойларына, сөздері мен іс-әрекеттеріне жауапкершілігін қалыптастыруға мүмкіндік беретін әдістемелік құрал.

Студенттерді таңдау еркіндігі, өз проблемаларын шешу дағдылары, яғни өз өмірінің субъектісі бола алатын интегралдық құзыреттілік беретін жеке даму механизмдері.

Оқулықтың авторлары С.А. Абрамовтың «Кемпірқосақ үстінде» жұмысын пайдаланып, орыс тілін игеру дағдыларын дамытуға шақырылады.

Мәтінге қатысты барлық сұрақтар оқушылардың мәтіннің мазмұнын түсінуіне бағытталған. Біз осы сабақтарды әрбір оқушының өзінің өмірлік жағдайын түсінуге және өзгеруіне бағытталған «Болған жағдайды ой желегінен өткізу» әдістемелік тәсілмен байытуды ұсынамыз. Басқалармен қарым-қатынас тәжірибесіне және өз мінез-құлық тәжірибесіне байланысты, адамгершілік іс-әрекет – сана-сезімнің даму деңгейіне байланысты саналы таңдау болып табылады.

- Алик ниеттің орындалуының негізгі шарты неге жалғандыққа тыйым салу болды?
- Жақсылықты қолдау үшін өтірік айтуға барған күніңіз болды ма?
- Өзіңіз үшін бұл мәселені қалай шештіңіз?
- Мұндай әрекеттен кейін өзін-өзі сыйлата білуді дұрыс жолға қоюға бала ма?
- Басты кейіпкермен қандай тәжірибе бөлісе аласыз?

«Сөйлесу» – тақырыптың мазмұнын түсінуге мүмкіндік беретін әдіс. Осы техниканы 48-сабақта қолдануды ұсынамыз, онда Николай Гогольдің «Рождество алдындағы түн» жұмысының үзінділері студенттердің назарына ұсынылады.

Студенттер негізгі кейіпкерлердің сипаттамаларын құрастыру бойынша жобаларды аяқтағаннан кейін, студенттерге әңгімелесу барысында өз пікірін білдіруге, тақырыпқа, жағдайға және іс-әрекеттерге өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік береді.

Бас кейіпкер Вакуле туралы әңгімелеп, оқушыларға оның іс-әрекетін, оның оптимизмін, табандылығының және оның қабілеттеріне деген сенімділігін түсінуге көмектеседі. Кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне талдау жасау оқушылардың өзін-өзі дамытуына ықпал етеді, «іс-әрекет себептері», «өмір мақсаты» ұғымдары арқылы оқушылар өздерін белгілі бір кейіпкерлермен салыстыра бастайды.

Балалардың мақтаныш сезімін, мақтанышын немесе өкінуін ояту үшін моральдық көріністерді талқылау процесінде маңызды - бұл «ішкі сот», олардың қарекеттері мен іс-әрекеттердің «тексерушілері». Студенттерге жалпы тәжірибе, жанашырлық, мейірімділікті таныта білу маңызды. Барлық үш әдіснаманың негізін этикалық әңгімелер мәселелері қамтиды.

Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдері моральдық тақырыптар бойынша әңгімелесу кезінде мынадай ерекшеліктерді қарастыруы керек:

1. Бұл мәселе балалардың назарын өмірдің моральдық жағына, іс-әрекеттерге, халықтың объективті әрекеттеріне жасырылған құбылыстарға бағытталуы керек.

2. Сұрақ баланың әрекеттің себептері туралы ойлану керек, мотив пен нәтиже арасындағы күрделі қатынастарды көруі керек.

3. Балалар басқа адамдардың кез-келген әрекетінің моральдық салдарын көруге тиіс мәселелерді қарастырулары керек.

- Эстетикалық құралдарды: ұлттық музыкаға қатысты шығармалар мен әдебиеттерді, аспаптар мен түрлі құралдарды қолдана білу дағдысын қалыптастыру.
- Ұлттық музыканы пәнаралық байланыста қолдана отырып эстетикалық сезімді және эстетикалық қабылдауды тәрбиелеу.
- Оқушыларды әсемдікті көре біліп, сезінуге тәрбиелеу [1].

Халықтың эстетикалық тәрбие жүйесінде тарихи жырлар мен күйлер, жыр-термелер мен халық әндері: отбасылық, тұрмыс-салт, ғұрыптық әндер деген бағыттарға бөлініп, ерекше орын алады. Бұлар да эстетикалық тәрбиенің құралдары ретінде қызмет етті. Халқымыздың әндері жанры және тақырыбы жағынан бай. «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денен» (Абай) дегендей, эстетикалық тәрбиенің бастауы болған ананың әлдіі, әженің бесік жыры – ұлттық тәрбиенің де қайнары көзі. Ұлт музыкасы қазақ баласының жақсы мен жаманды, дұрыс пен бұрысты, адал мен арамды айыратындай жан дүниесі мен сана-сезімінің, талғамының қалыптасуына, мінез-құлқы мен ерік-жігеріне, жалпы рухани байлығына ықпал ететіндігін терең ғылыми зерделеп жазған ғылыми еңбектер қатары жыл сайын толығып келеді. Әрине, өнер арқылы эстетикалық тәрбие берудің тарихы тереңде.

Тарихи педагогика проблемаларын тарихнамалық зерттеу өткендегі тәрбие, оның ішінде эстетикалық тәрбие тәжірибесіне зерттеу тарихи дамудың барлық кезеңдерінде жүріп жатқанын дәлелдейді. В.Г. Белинский балаларға өткенді көбірек пайымдатуды, бірақ мұның бәрін өзіндік және ұлттық құбылыстар арқылы меңгеруді ұсынады. Оның сөздерінде терең ой пікірлер мен шындық жатыр. Бұл бүгінгі күннің де көкейкесті мәселесі болып отыр. В.Г.Белинскийдің пікірі бойынша, ауызекі халық шығармашылығы эстетикалық тәрбиені жүзеге асыруға тиіс, өйткені, біріншіден, эстетикалық тәрбие жас ұрпақты әсемдік әлеміне енгізеді, екіншіден, айналадағы өмірді тезірек түсінуге көмектеседі. Эстетикалық тәрбиені жүзеге асыруды ол халық өнеріне, атап айтқанда, халық музыкасына ерекше орын берді.

В. Г. Белинский секілді, А. Н. Герцен де ауызекі халық шығармашылығын, әдебиет пен аса маңызды «адамгершіліктің эстетикалық мектебі» деп қараған. Мектеп оқушылары мен жастарға эстетикалық тәрбие беру үшін қоғамдық күрестің қуатты факторы болып табылатын, халыққа қызмет етудің бар болмысы мен әсемдігін көрсететін, дәурдің әлеуметтік жанжалдар мәнін шынайы түсіндіретін шығармаларды пайдалануға тиіс екенін өте дұрыс ескертті. А. И. Герценнің идеяларын Н. Г. Чернышевский дамытты. Оның сөзі бойынша, халық өнері өмірді түсіндіреді, ол бейне бір «өмірдің оқулығы» сияқты. Халық өнері, оның пікірінше, пәрмендік болуға тиіс. Басқалар секілді ол да балаларды тәрбиелеуге халық өнері түрлерінің бірі ретінде-халық музыкасы қолданылуға тиіс деп есептеді. «Түрлі халықтардың әндері» деген өз мақаласында (1854 ж.) Н. Г. Чернышевский сербтің этикалық әндері мен орыстың батырлар жырларын тыңдай келіп, халық әндері бойында шынайлық, ізгілік қасиеттері бар халықтарда ғана дамидынын, ол әндер таза әсемдіктің нәрін бойына сіңіретінін жазған еді. Оның үстіне «музыка бүгінге дейін бұқараның, халықтың бірден-бір поэзиясы болып қалып отыра, сондықтан өз халқын сүйетін әрбір адам үшін қызықты да қымбат. Ал өз туғаныңды сүйеу мүмкін емес халық поэзиясында дәурдің аңыздары сақталып қалған», демек өмірдің, туған табиғаттың, тұрмыстың реалистік шынайы бейнесі, халықтың аңыз-әңгімелері, жыр-дастандары, ертегілері, осының бәрі жас шағынан балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеуге және сол сүйіспеншілігін дамытуға тиіс. Осы орайда А. С. Макаренконың балалармен жұмыс тәжірибесін айта кету орынды секілді. А. М. Горький атындағы колонияда және Ф.Дзержинский атындағы коммунада А. С. Макаренко тәрбие процесінде халық ертегілері мен ойындарына ерекше маңыз берген болатын. Осының нәтижесінде ертегі тәрбиеленушілердің құрметіне бөлінеді, мұны ертегілер үйірмесінің тәжірибесі айғақтайды. Колонистердің ертегіге құлай берілуіне ертегілерді қатты құрметтейтін өз жетекшілерінің ықпалы тиген еді «Мәдени дағдыларды қалыптастыру» атты мақаласында А. С. Макаренко бұл жөнінде «жақсы айтылған ертегі мәдени тәрбиенің басы, егер әрбір отбасының кітап сөресінде ертегілер жинағы тұрса, қандай жақсы болар еді», [2]- деген тұжырым айтады.

Қазақ халқының өткен өмірінде жазбаша тарихи нұсқалар аз кездеседі, сондықтан тарихи ең елеулі белгілері туралы зердеде сақталып қалған халықтың ауызекі шығармашылығы ерекше маңызға ие болады. Халықтың ауызекі шығармашылығынан нәр алмаған, еңбектерінде тәрбиенің халықтық ізгі идеялары көрініс таппаған қазақ ағартушылары, ғалымдары, ақын-жыраулары жоқ деуге болады.

Олардың ішінде аты әлемге жайылған Әл-Фарабидың шоқтығы ерекше биік тұрады. Ол өзінің ғылыми педагогикалық шығармаларында имандылық-адамгершілік тәрбиені қарастыра келіп, халық музыкасы арқылы эстетикалық тәрбие беруге ерекше маңыз берді. Оның сөзімен айтқанда, халықтық музыка тәрбие қызметін, тыңдаушылардың эмоциялық қабылдауын күшейтудің таптырмас құралы болып табылады, қажығанда және тарыққанда олардың көңілін көтереді. Халық музыкасы «...жақсы көңіл күйге, адамгершілік тәрбиеге жәрдемдеседі, тепе-теңдікті жоғалтқандардың мінез – құлқын сабасына түсіреді және әрі кемеліне келтіреді. Бұл музыка – тән сұлулығы үшін пайдалы, өйткені тән ауырған кезде жан да сөнеді. Сондықтан тән сауықса жан да сауығады, осындай ықпал жасайтын дыбыстардың арқасында оның күш-қайраты қалыпқа келіп, оның субстанциясына бейімделеді» [3, 216-217].

Эстетикалық тәрбиенің қалыптасуы мен дамуы халықтық сан ғасырлық тарихымен, тыныс-тіршілігімен, өмір салтымен және мәдениетімен тығыз байланысты екені мәлім. Басқа халықтар сияқты, қазақ халқының да өзіндік әлеуметтік-экономикалық тарихы және тұрмыс-салты қазақтардың материалдық-рухани

мәдениетіне, тұрмысы мен діни көзқарасына өз әсерін тигізіп, өзіне тән тіршілік салтын қалыптастырып, тәрбиенің халықтық дәстүрлерін өмірге әкелді. Тарихи, этнографиялық көздерді ауызекі халық шығармашылығын зерттеу, осы проблема жөніндегі психологиялық және педагогикалық зерттеулермен танысу, қабылдаудың және тәрбиенің халықтық дәстүрлеріне талдау жасау, қазақ халқы тәрбие процесінде балаларға ізгі көзқарас, балалар мен қыздар тәрбиесіне саралап қарау, жас ерекшеліктерін ескеріп отыру, ойын-сауық, еңбек балаларға эстетикалық тәрбие беру, ұлттық мәдениетке, ана тіліне, туған жерге аялап қарау, балаларды еңбекке, ән-күйге, қол өнерге ерте баулу секілді мәселелерге қатты көңіл бөліп отырған деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Музыка – адам сезімінің нәзік тілі, яғни адамдардың бір-бірімен эстетикалық тәрбие беруде адам өмірінде музыканың атқаратын рөлі аса зор. Сондықтан жастарымызды музыка мәдениетіне тәрбиелеу ісін жан-жақты ойластырып, олардың музыкалық талғамын әрдайым дамытып отыруға мейлінше көңіл бөлуіміз керек. Осы ретте жастардың музыкалық шығармалар жөніндегі өскелең талаптілегін барынша қанағаттандыру, олардың өнер сұлулығын терең сезінген биік талғамын тәрбиелеп отыру мәселелері арнайлы сөз етуді қажет етеді. Олай дейтініміз, жаңа заманның жасампаз адамдарының ізгілікке толы жан дүниесі, биік парасаты, жан-жақты жоғары мәдениеттілігі, музыкалық мәдениетіміздің өнерпаздық қуатымен тәрбиелік ықпалына да тығыз байланысты.

Музыка адамды қиындыққа шыдауға, ауыр еңбекке төзуге көмек береді, шаршап-шалдығуды ұмыту үшін, көңілді жұбату үшін ән салу қажет. Ән және оған қатысты нәрселер сезіммен, қиялмен және санамен бірдей байланысты болады», -деп түйіндейді ұлы ойшыл.

«Музыканың ұлы кітабында» Әл-Фараби адамға музыкалық әсер етудің үш түрін көрсетеді. «Оның біріншісі адамға жай ғана рахат сезімін тудырады. Ол жанға әдемі, тыныш сезім туғызады, ол біздің есту мүшелерімізге әсер етеді... Екіншісі – құмарлықты, ынтық-іңкәрлікті тудырады. Үшінші түрі қиялды оятап, санада небір ғажайып бейнелердің тоғысуына жағдай жасайды. Бұл музыканың түрі біздің құмарлықтарымызбен, біздің жанымызбен көрінеді. Осы үш жәйтке ие болған музыка – кемеліне келген музыка болады, мұндайда ол бізге күшті әсер етеді».

Сондықтан да майда, қоңыр сезімге шомдыратын әуенді демалыс сәтінде тындасаң жаның жадырап, жай табады. Ал кеуденде құштарлық пен құмарлық оятатын музыкалық шабытты шағыңа сәйкес келсе, сондай бір ыстық жалын лепке толы күйге душар етеді. Қиялыңды қозғайтын әуен өлең оқыған кезінде сөздің сиқыр күшін еселеп, шешендік өнердің қасиетін күдіреттендіре түседі. Адам дауысы шығаратын музыканы Фараби ең әсем, ең әсерлі деп таниды [3, 95].

Қазақ халқының көрнекті тұлғасы Ахмет Байтұрсынұлы қазақ музыкасының жанашыры және оның эстетикалық мүмкіндігін дамытуға барынша үлес қосқан тұлға деп айтуымызға негіз бар. Оның музыкалық қабілеті жөнінде берген құнды мінездемелер бар. «Туған елінің әндерін шын сүйетін және білетін жан ретінде, оларды нақышына келтіріп орындаушы және тамаша домбырашы ретінде Байтұрсынұлы отандастары да өте жоғары бағалайды. Ахмет Байтұрсынұлы ...өзі білетін, қойын кітапшасына түртіп алған әндердің жазбаларын беріп, тіпті тамаша екі күйді өзі домбырада шертіп берді. Қазақ тарихы, тұрмысы мен этнографиясының терең білгірі ретінде мен жинаған мол материалды жүйелеуге бағыт-бағдар сілтеп отырды. Оның бұл елеулі еңбегіне аса тәнтімін, айтар алғысым шексіз» деп жазды А.Затаевич. «Қырғыз (қазақ) халқының 1000 әні» кітабында Байтұрсынұлы айтқан 19 әннің нотасы бар. Көпшілігіне жеке-жеке түсініктеме берілген. Мысалы, «Қара көз» әні жайында автор «әннің Байтұрсынов өндеген нұсқасы халық арасында кең танымал» деп жазады. Затаевич «музыкалық дарынның басты дәлелі – осындай қиын вокалдық пьесаны жаттап алып айту қабілеті» дейді. [4] Ұлт ағартушыларының бірі А.Байтұрсынұлының ұлттық музыкаға деген қамқорлығы және эстетикалық тәрбиеге көзқарасы дербес зерттеуді қажет етеді.

Жоғарыда атап кеткеніміздей, педагогикада эстетикалық көзқарас тәрбиенің басқа салаларымен тығыз байланыста қарастырылады. Мысалы, жас ұрпақ бойында қолданбалы өнердегі кеңістік пен уақыт ұғымын қалыптастыру үшін алдымен, болмыс жаратылысы жайлы абстрактілі ойлау қабілеттерін жетілдіру керек. Бұл танымдық іс-әрекетте дағды мен іскерлік, ақыл-ойға тәрбиелеуде негізгі жол. Ол қолданбалы өнерде оқушылардың ойлай-қиялдай білу (фантазия) қабілеттерін қалыптастырады.

Ұлттық педагогика ғылымында өзіндік үлесі бар М.Жұмабаев фантазияны (қиялды) ерекше сипаттайды. «Мылқау өмірге үн беретін, сақау өмірге тіл беретін, жоқты бар қылатын, барды көрікті қылатын, біздің осы аяқ басқызып, тәңірмен тілдестіретін сол фантазия» [5] - деп, ғылыми тұжырым береді. Яғни, жаратылыс сұлулығынан ләззат алғызу қазақ баласының қиялының жүйрік, ойының озық мазмұнды, терең болуына көмегін тигізетіндігін дәлелдеген. Ал, қиялдай білу ақылмен ойлау, бейнелі сөзбен жеткізу. Сол себептен, А.Байтұрсынұлы сөз өнері адам санасының үш негізіне ақылға, қиялға, көңілге байланысты деген. Ондағы ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі-меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі заттардың тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу суреттен ұқсату, көңіл ісі – түйю, талғау.

Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек. Бұл шеберлік көшпенділер өнеріндегі кеңістік пен уақыт ұғымдарын зерттеуге көмектеседі.

Музыкалық-эстетикалық сананы қалыптастыру мәселелерін шешуде оқушылардың музыкалық тәрбиесінің теориясы мен әдістемесін дамыту көптеген ғалымдардың еңбектерінде анықталды. Олардың еңбектерінде музыкалық шығармалардың көркем образын ұғыну, эмоциялық әсерін сезіне білу, шығармаларға сипаттама беру, өнерді түсіне және қабылдай білу әдістері көрсетілді.

Жалпы, қазақтың халық педагогикасын, ұлттық мәдениетін қалауда зор үлесін қосқан халық ағартушы-педагогтары болашақ ұрпақтың имандылық, адалдық, эстетикалық, ақыл-ой сияқты қасиеттерін тәрбиелеуге талпынған және халық даналығын жоғары бағалаған.

Қазақстанның музыка педагогикасы саласының ғалымдары М.Х. Балтабаев, С.А.Ұзақбаева, А.А. Қалыбекова, Р.Р. Жәрдемәлиева, Ш.Б. Құлманова және т.б. өз еңбектерінде қазақ халық музыкасы, дәстүрлі көркем мәдениетін оқушылар мен студенттердің музыкалық-эстетикалық тәрбиесін жетілдіру мақсатында пайдалану жолдарын қарастырып, педагогикалық мүмкіндіктерін анықтап берген.

Тікелей қазақтың дәстүрлі көркем мәдениетінің әр түрлі салалары арқылы оқушыларға музыкалық-эстетикалық тәрбие беру проблемасын да бірқатар ғалымдар зерттеген. Қазақ халық аспаптық музыкасы арқылы бастауыш сынып оқушыларына музыкалық-эстетикалық тәрбие беру Қышқашбаев Т.Ә., бастауыш сынып оқушыларының қазақ халық аспаптық музыкасына қызығушылығын қалыптастыру Оразалиева М.А., халық әндері арқылы музыкалық-эстетикалық және адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеуде Дүйсембінова Р.Қ., оқушыларға бейнелеу өнері арқылы эстетикалық тәрбие беруде Әлмұхамбетов Б.А., айтыс өнері арқылы эстетикалық тәрбиелеу Асанова Ұ.О. халықтың ұлттық өнерінің түрлі салаларын жас ұрпақ бойына қалыптастырудың жолдарын мазмұнды жүйелейді [6].

Қандай да болсын өнер түрі қоршаған шындық болмысының құбылыстарын бейнелейтін, өзіне тән көркемдік құралдары арқылы баланың санасына әсер ете отырып, оның сұлулық туралы алғашқы баланың санасына әсер ете отырып, оның сұлулық туралы алғашқы түсінігін, қоршаған өмір шындығына эмоциялық қатынасының қалыптасуын сапалы дәрежеге жеткізетін танымдық мүмкіндіктерін кеңейтеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

XXI ғасыр болашақ, ұрпақтың рухани мәдениеттілігін, ұлттық ойлау қабілетін, кәсіби білімін талай етеді. Осыған байланысты қазіргі ұлттық мәдени өркендеуде халықтың дәстүрлі төл өнері арқылы жеткіншек ұрпаққа рухани эстетикалық тәрбие беру қажеттілігі артады. Сондай қажеттіліктердің бірі – кеңістік пен уақыт көріністерін оқу-тәрбие саласында тиімді пайдалану. Кеңістік пен уақыт философиялық категория ретінде әдебиетте, математикада, өнерде, оның ішінде қолданбалы өнерде көрініс алады және тәрбие береді. Қолданбалы өнердегі кеңістік пен уақыт адам мен табиғат арасындағы үндестіктің заттанған көрінісі. Ондағы кеңістік пен уақыт ұғымдарында дәстүр мен жанашылық диалектикасы тәрбиенің барлық түрін қамтиды. Дегенмен де, көшпенділер өмірінің болмыс-бітімі табиғат сұлулығына негізделген эстетикалық тәрбие ұрпақ санасында ой салатын негізгі мәселелердің бірі. Өйткені, оқушының ақыл-ойының, еңбек, адамгершілік, экологиялық, патриоттық қасиеттерін эстетикалық сана-сезімсіз жүзеге асыру мүмкін емес. Эстетикалық сана-сезім өмір тәжірибесімен мұраттарға жету жолындағы таным мен тәрбиенің бірлігін топтастырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ұзақбаева С. Тамыры терең тәрбие (Қазақтың халықтық педагогикасындағы эстетикалық тәрбие) - Алматы: Білім, 1995. - 232 с.
2. Қозыбаев Е.Ш. Қазақтың музыкалық фольклоры арқылы жоғары сыныптардың эстетикалық мәдениетін қалыптастыру. Алматы, 1998.
3. Аль-Фараби. Естественно-научные трактаты. - Алматы. 1998.
4. Азарев А. Ахмет Байтұрсынұлы және музыка https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_akhmet_baitursynuly_music/24707278.html
5. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы; Ана тілі, 1992.
6. Айдыналиева Н.А., Мукалиева Б.Х. Жоғары оқу орнында студенттердің бойында эстетикалық талғам сезімін дамыту: студенттерге арналған оқу құрал / Н.А. Айдыналиева, Б.Х. Мукалиева. – Қостанай: ҚМПИ, 2016. - 41 бет.

ӘОЖ 378.14:811.512.161.1

**МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНДАҒЫ ДИСКУРСТЫҚ МОДЕЛЬ ЖӘНЕ
КОММУНИКАЦИЯНЫҢ (МК) ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**аға оқытушы, (PhD) докторант **Х. АГНУР****Түйіндеме**

Мақалада халықаралық қатынастар мамандығы студенттеріне кәсіби түрік тілін оқытуда дискурсиялық талдау мәдениетаралық оқиғалардың параметрлерін тілдік деңгейде, ең алдымен лексикалық түрде көрсету ерекшеліктерін анықтауды қамтиды. Әрбір параметр сөйлемдегі параметральдік бірліктің грамматикалық функциясымен: Субъект – бастауыш және толықтауыш, Орны – мекен пысықтауыш, Уақыты – мезгіл пысықтауыш анықталады. Әрбір бірлік деректер базасында тіркелген және семантикасы бойынша және дискурс түріне сәйкес таңбаланған. Жиынтық деректері өрісті әдіс (номинация класы бойынша әрбір параметрдің ядролық перифериялық бөлігі анықталатын) арқылы талданады, әрбір параметр атауларының негізгі кластары мен олардың қарым-қатынастары анықталады. туралы қаралады.

Тірек сөздер: *дискурс, мәдениет, мәдениет аралық терминология, термин, емле сөздер.*

**THEORETICAL FUNDAMENTALS OF DISCOURSE MODEL AND COMMUNICATION IN
INTERCULTURAL INTERACTION****Abstract**

The article includes the discourse analysis in the study of professional Turkish language for students majoring in international relations, identifying the features of interpersonal events at the linguistic level, primarily in lexical form. Each parameter has the grammatical function of the parametric unit in the sentence: The subject is the subject and the object, the place is the adverbial modifier of place, the time is the adverbial modifier of time. Each unit is registered in a database and is labeled according to semantics and discourse types. The aggregate data field is analyzed by the method (the nucleus class is defined by the nuclear peripheral part of each parameter), the main classes of each parameter name and their relationships are determined.

Key words: *discourse, international, intercultural, primarily*

КІРІСПЕ

Бүгінгі жаһанданған әлемде әлеуметтік-мәдени өзара әрекеттердің барлық бағыттары бойынша іргелі өзгерістер жүруде: экономикалардың интеграциясы күшеюде, мәдени кеңістік шекаралары кеңейіп, академиялық ұтқырлық артуда, бәсекеге қабілетті және әлеуметтік табысты тұлғаны (мультимәдени және полилингвадьді) дамыту үшін жағдайлар жасалуда. Үйлесімді әлеуметтік-мәдени өзара әрекеттердің ажырамас бөлігі ретінде МК қалыптасатын жеке тұлғаның мәдениетаралық құзыреті алға шығуда, МТС феноменін жаңаша теориялық түсіну, зерттеу әдістемесін дамыту және оңтайландыру қазіргі заманғы ғылыми мәдениетаралық зерттеудің негізгі проблемасына айналып отыр.

Мәдениетаралық өзара іс-әрекеттер қазіргі теорияларда әрекет ретінде қарастырылады және субъектінің әлеммен өзара әрекеттесуінің динамикалық жүйесін, ішкі (концептуализация және категоризация) және сыртқы (арнайы сала объективтілігі) қызмет бірлігін құрайды, қызметтің субъектісі ретінде тұлғаның дамуын көздейді, түрлендіру сипаты бар, рухани және материалдық мәдениет дамуымен жүреді. Басқаша айтқанда, әрекет барысында көптеген мәдени кодтар пайда олады, олардың біреуі тіл болып табылады.

Барлық әрекеттік теорияларда әрекеттің күрделі құрылымы қызмет субъектісін, заттық, ішкі және сыртқы әрекет құрылымын қамтитын интегративті объектінің болуын негіздейді. *Дискурс* көптеген гуманитарлық зерттеулерде осындай интегративтік нысан болып табылады. Бұл еңбекте, *дискурс* вербалды делдалдық кәсіби қызмет ретінде *түсініледі* Алексеева [1, 576 б.]. Кәсіби тілдік тұлға (*КТТ*) *дискурста қалыптасады*: тұлға әрекет нысаны ретінде әрекет етеді, тұлға тілдік болып табылады, өйткені, вербалды негізделген және қызмет саласы арнаулы болатындықтан, тұлға *кәсіби* болып табылады. Жеке тұлғаның дамуы және тиісінше, кәсіби құзыреттілігін арттыру арнайы әрекеттің

күрделілігі шамасына қарай жүзеге асырылады және де дискурста білім түрлерінің өзара әрекеттесуі жүреді де тұжырымдамасы арнайы білімнің барлық түрлерінің жиынтығы ретінде қалыптасады (қарапайым және күнделікті ұғымдардан ғылыми түсініктерге дейін). Арнайы саланың білімі кумулятивтік болғандықтан, тұжырымдамасын стратификациялау мен дискурстың түрлі типтеріндегі білімнің түрлі үзінділерін игеру туралы айтуға болады.

Осының негізінде, МК әр түрлі мәдениеттерге тиесілі және кәсіби құзіреттің түрлі деңгейлеріне иеленген коммуниканттардың өзара әрекеттерін қамтитын вербалды жанама қызметі ретінде қарастыруға болады.

МК феноменін сапалық жаңа түсіну үшін заманауи тіл білімінің антропоцентристік парадигмасы маңызды алғышарты болып табылады. Антропоцентризм, К.С. Кубрякова бойынша, интегративтілік, экспланаторлық, комплементарлық сияқты параметрлермен сипатталады [2, 122 б.]. Антропоцентристік лингвистика аясында МК дискурс ретінде пайда болған - «дискурстық шекаралар қиылысындағы» (Scollon & Scollon 2002) ауызша жанама қызметі, мұндағы тілдік құбылыстар адам факторы тұрғысынан зерттелінеді (Scollon & Scollon 2002)», тіл ойлау, таным, әрекеттерімен өзара әрекеттесу ретінде қарастырылады.

МК дискурсының бірлігі - оның нәтижесінде, коммуникативтік мақсаттар туралы мәтін туындайтын, коммуникативтік мақсатқа қол жеткізуге бағытталған сөйлеу актілерінің жиынтығы болып табылады. Бірлік тұтастықтың барлық қасиетіне ие болғандықтан, коммуникативті жағдайда дискурстың меншікті қасиетіне тән бүкіл қасиеттері болады. Дискурс та коммуникативтік жағдайда вербалды репрезентациялары лингвист назарына түсетін, Субъект, Орны мен Уақыты сияқты параметрлермен сипатталады.

Осы зерттеудің нысаны мәдениеттің өзара әрекеттерінде адамның вербалды жанама қызметі, соның ішінде МК (әрекет өнімі) бойынша мәтіндер жинағы •мәдениетаралық коммуникация дискурсы болып табылады.

Лингвистикалық зерттеу әдістеріне компоненттік, дефинициялық, салыстырмалы, контекстуалдық, семантикалық-стилистикалық және композициялық талдау, тақырып-реаматикалық мүшелік талдауы, сондай-ақ когнитивтік лингвистика (тұжырымдамалық талдау, тезаурустық модельдерді сипаттайтын әдіс) әдістері жатады.

Дискурсиялық талдау мәдениетаралық оқиғалардың параметрлерін тілдік деңгейде, ең алдымен лексикалық түрде көрсету ерекшеліктерін анықтауды қамтиды. Әрбір параметр сөйлемдегі параметральдік бірліктің грамматикалық функциясымен: Субъект – бастауыш және толықтауыш, Орны – мекен пысықтауыш, Уақыты – мезгіл пысықтауыш анықталады. Әрбір бірлік деректер базасында тіркелген және семантикасы бойынша және дискурс түріне сәйкес таңбаланған. Жиынтық деректері өрісті әдіс арқылы талданады, әрбір параметр атауларының негізгі кластары мен олардың қарым-қатынастары анықталады.

Ғылыми білім саласы ретінде мәдениетаралық коммуникацияның қалыптасуы бірнеше кезеңнен өтеді. Мәдениетаралық коммуникацияның тарихына жүгіну пәннің ішкі логикасын талдау қажеттілігіне, тарихи тұрғыда әдістемелік негізін пайымдау, осы білім саласының негізгі санаттарының өзара байланысын түсінуге байланысты.

Көптеген жұмыстарда айтылған (Бергельсон 2004; Грсидипа 1999; Грушевицкая. Попков, Садохин 2002; Карасик 2002; Клюканов 1999; Леонтович 2002; Тузлукова, Богуславская 2002; Шмелев 2004 и др.) МЕС дамытуға философия, элеуметтану, мәдени антропология, лингвоелтану, этнолингвистика, мәдени лингвистика, психоллингвистика, социоллингвистика, этносемантика, дискурстық талдау, тілаларлық прагматика, шетел тілін оқыту әдістемесі сияқты білім салаларының мәдениетаралық қарым-қатынас (МІС) дамуына қосылған үлестері көп. М.Б. Бергельсон пікірінше, «зерттеу - негізінен салыстырмалы – анықтамасы бойынша бір тілден көп, белгілі бір тілдік фактілердің мәдениетаралық коммуникацияның саласына қатысты болуы» [3, 34 б.]. Алайда, МК мәні шет тілдерінің «тар» саласы болуын баяғыда тоқтатты да гуманитарлық, сондай-ақ пәнаралық білімге кеңінен тарады.

Сонымен қатар, МК-ға қатысты өте кереғар жағдайлар да қалыптасты: МК бойынша жұмыстарды саны (немесе оған тиесілі болуына сілтеме жасай отырып) өрттей өсті, бірақ ұғымдық аппаратының сапалық ауысуы еш болмады. Мұндай пікір Ресейдегі Леонтовичтің МК теориясы бойынша ең толық және жиі келтірілген шолуында кездеседі [4, 16 б.]. Шетелдік авторлар сияқты О.А. Леонтович «МК қазіргі күйі үшін эклектиктілік және әр алуан пікір айту, зерттеудің жалпы әдіснамалық негіздерінің болмауы, бірыңғай тұжырымдамалық көзқарастарының болмауы тән. Түрлі ғылыми салалар мен бағыттардың өкілдеріне конструктивтік түсіністікке қол жеткізуге мүмкіндік

беретін, нақты анықталған теориялық базасы, терминологиялық бірлігі, бастапқы шарттары жоқ. Мәдениетаралық коммуникацияны негіздейтін анықтамасы айқын емес, МК шекарасын негізсіз кеңейту немесе, керісінше, қолданбалы зерттеулер саласына жатқызу орын алған, МК-ның өз ұғымдық аппаратты мен ғылыми зерттеулерінің айқын тарихы бар өзіндік ғылым ретіндегі фактісі ескерілмеген деп атап өтті».

Тұтастай алғанда, мұндай жағдай негізге алу қиынға түсетін терминологияның полисемиясы күшейе түскен, тез дамып келе жатқан білімдерге тән болып келеді. Бұл жағдайда тақырыптың күрделілігі зерттеудің әдіснамасы мен әдістеріндегі «аяқталмағандықпен» шиелінісе түседі. «МК-ның қысқаша тарихы: парадигматикалық тәсіл» атты баяндамасында У. Харт: МК «халықаралық қызметтің (Hart 1996) практикасына антропологиялық дерексіз ұғымдарды қолдану қажеттілігі ретінде» өсті деп атап көрсетеді [5, 42 б.]. Зерттеушінің айтуы бойынша, МК-ның нақты дамуы 1950-жылдардың басында Сыртқы істер институтында (Foreign Service Institute) жұмыс істеген кезде жазылған Э. Холдың тұжырымдамалық жұмыстарымен басталды. Осы уақытта МК-ны зерттеу саласы ретінде шектеу кезеңін білдіретін, коммуникацияға мәдениеттердің әсерін зерттейтін білім саласы ретінде қалыптасады [6, 75 б.]. Мәдениеттер арасындағы делдал – тұлғаның қалыптасуы анықталады. Біздің көзқарасымызша, мұндай бөлу әдіснамалық тұрғыдан өзін ақтамайды, өйткені зерттеулердің тек қолданбалы және теориялық аспектілері ғана анықталады. Жалпы бағыт - түсінікті, сыни.

Мәдениеттану, фольклористика сияқты нақты аспектілердің шеңберінде коммуникативті зерттеулерді бөлу шартты болып табылады. Алайда, МК-ны пәнаралық зерттеу онымен сабақтас құбылыстар үшін негізгі ұғымдарды қалыптастырады, атап айтқанда, жекелік, толеранттық, этикалық, жанжалдық, құндылық, ментальділіктің коммуникативтік стильдері, стереотипизация, жаһандану, мултимәдени білім, әр түрлі қарым-қатынастың экологиялық білімі, компьютерлік-көмекші, PR, медиация (ерікті тәртіп) тұжырымдамасы (Куюканов 1998, Ольшанский 2002, Радовель 2002, Саблин 2004, Ярмехов 2002). Біз бұл тізімді жалғастыра еруге болады деп есептейміз.

«Мәдениетаралық коммуникацияны зерттеу: бастапқы тәсілдері мен көздері» атты (Studying intercultural communication: initial directions and resources), онсыз) МК дамыту мәселелерінің сипаттамасын американдық коммуникацияда түсінуі толық емес қорытынды шолуларын жасаушылар МК-ның парадигмасының қайта пайымдау қажеттілігінің себептерін былайша жіктейді:

а) коммуникация технологиясының сапасы мен санының өзгерістері;

б) МК бойынша тым шашыраңқы және ауқымды материал;

а) МК жұмыс жасау тәжірибесі бар сарапшылармен белгіленген нақты материалды қарастыру; шешілмеген мәселенің себебінен шарасыздық сезімі. МК жағдайы туралы бұлайша «интер-культуралистердің» (сілтеме көзінің термині) өздері айтады.

Интернет-сауалнама барысында алынған сауалнама нәтижелері мынаны көрсетеді:

МК-ны дефициттік дағдарысы бар. Ол көптеген анықтамаларының бар екеніндігінде емес, МК саласының қосымшалары тым «бұлыңғыр» (тәсілдердің дистратификациялау жағдайында-Қос. біздікі) болуында;

МК-ын қолдану мен зерттеудің қолданбалы құралдарын жасауда дәстүрлі (күнделікті мәдениетаралық оқытудағы пайдалылығы, академиялық жарамдылығы, құралдардың қолданылу мерзімдерінің ұзақтығы) Э. Холл және Г. Хофштсе үлестері көп болды [7, 280 б.].

Негізгі терминдердің тепе-теңдісіздігі айқындалды. Мәдениеттің анықтамасы шамамен 500 (Kroegeer & Kluckhohn) саналады, ал коммуникациялар айтарлықтай аз. Сонымен қатар, респонденттер негізгі ұғымдары мен теориялар (мысалы, бейімдеу теориясы және белгісіздікті азайту теориясы) арасындағы айырмашылықты көрмейді. Талқылау бөлімінде авторлар теориялық тұжырымдардың күтпеген кемшіліктерін нақтылап айтады.

Біздің ойымызша (бір қарағанда) сәл пессимистік МК-ның жайына, «жалпы нақсыздық», «бұлыңғырлық», «теориясының жоқтығына» қарамастан, МК-ның позитивті, сындарлы бастамасы бар. Сондықтан, В. Келли М. Кеннеттің «МК тұжырымдамаларының үлкен кітабы» атты жаңа баспасына берген пікірінде [8, 111 б.]. Т. Далеканың сөзі бойынша МК «өскен» біреулердің еңбектеріндегі антропология мәдениет түсінігін мәдени айырмашылықтары мен үзіндісі ретінде түсінуді қайта ой елегінен ертеде-ақ өткізді деп жазды [9, 23 б.]. Интермәдениетшілер әлі де 50 жыл бұрын болған мәдениет тұжырымдамасына сүйенеді. Олардың пікіріне антропологтармен салыстырғанда іс жүзінде ешқандай постмодернизм әсері жүрмеді және олар этнографтар ұстанымын сынамай-ақ сақтауға тырысты. Тұтастай алғанда МК әдістемелік дағдарыс қарсаңында тұрды, өйткені мәдениет неғұрлым монолитті, тарихтан тыс, тұрақты деп түсінілген жоқ.

МК теориясының «серпінді» мысалдарына адам жағдайларының әмбебаптылығы мен жекелеген мәдениет формаларын нақты атап көрсеткен, мәдениеттер арасындағы билік қарым-қатынастарды

зерттейтін М. Сингер мен П. Адлер еңбектерін жатқызуға болады [10, 30-32 б.]. Мұндай идеялар «МК тұжырымдамалар кітабы» еңбегінде берілген, историзм және билік эксплицитті теріске шығарылған негізгі тұжырымдамасына қайшы келеді.

Нәтижесінде, Келлидің пікірінше, МК зерттеудің дәстүрлі және сыни парадигмалары арасында «көпір салу» қиын: дәстүрлі парадигмасы өткен мен билік түсініктері *және* (курсив біздікі - ТМ) қосымша мәдени айырмашылықтар емес, тек мәдени құндылықтардың оппозициясына сүйену әлдеқайда ыңғайлы болатын, американдық үкімет пен үлкен корпорациялардың зерттеулері есебінен дамыған болатын (Бұл мағынасында, мәдени құндылықтарды маркетингтік зерттеу тарихи ауыспалылығымен қаныққан болса да әлеуметтік ғылым дәстүрлерін жалғастырады - Stephen Dahl. Cultural Values in Advertising). Постқұрылымдық сыни ойлар ізбасарлары, өз кезегінде, көбінесе мәдени айырмашылықтарды негізсіз ескермейтін болған және билікті біркелкі емес бөлу туралы шешімдерінде күштірек жақтарды қолдай салған. Біздің ойымызша, осындай ойлардың қарама-қайшылығы МК теориясындағы сапалы жаңа деңгейді іздестіруге әкелетін болады.

Тұтастай алғанда, пәнаралық және интегративтік мәнге ие болғандықтан, МК кезеңдеріне толығымен сәйкес келмейді деп қорытынды жасауға болады. Коммуникативистиканы дамыту, пәнаралық салаларда ғылыми интеграцияны дамыту сатыларымен бірге жүреді. Тарихта құрылыс немесе дәйекті дамудың сілтемелік өріс метафорасына қарағанда «көшпенді» және «оазис» метафоралары МК-ның негізгі метафорасы болғаны қызық көрінуі мүмкін. МК дефиницияларына талдау жасамас бұрын, біз тағы бір түсініктеме береміз. Т. Кунның зерттеуі бойынша ғылыми мамандандыру түсінігі - парадигма –ғалымдарға/ғалымдар тобына арналған *мәдениет* ұғымына жақын. Ғылыми пәннің ішінде дамыған мамандандыру зерттеу пәні мен объектісі, теориясы *және* әдістемесі бойынша *консенусты* қамтиды [11, 15 б.]. Е.С. Кубрякованың анықтамасында бұлар парадигманың бір бөлігі болып табылады: а) бекіту-алғышарттық, б) пәндік-танымдық, б) «техникалық» рәсімдік. Бұл зерттеуге қатысты әрбір бағыттарын талдаудағы интегративтіліктің жалпы анықтамасын ғана емес, сонымен қатар МК Алексеева 2002 сияқты ғылыми қарым-қатынастың әлеуметтік-мәдени детерминизмін нақтылаймыз [12, 46-47 б.].

Қазіргі кезеңде МК интеграциясының қажеттілігі авторлар тарапынан күрт сезілетіндігі занды болып табылады. Сондықтан, соңғы жылдары МК зерттеуіне интегративтік тәсілді енгізу үрдісі өзекті тенденцияға айналды.

Дискурстың – ішкі және сыртқы сөйлеуінде басқаның болуы - сондай-ақ, У.Эко тұжырымдамасындағы мәтінді құру және түсіндіру процесі оқырманның рөліне қатысты болады: «Оқырман түсіндірудің белсенді бастамасын көрсетеді, өйткені бұл бөлігі мәтінді туындату процесінің бір бөлігі болып табылады. Оқырман тарапынан осындай ынтымақтастық - бұл автордың пайдаланған стратегиясын туындатады» [13, 36-38 б.].

Арнайы салада вербалды жанама әрекет ретінде дискурста изоморфтық түрдегі (сөйлеу) және ішкі (тұжырымдамалық интеграциялау, тұлғаны дамыту) әрекеттерін ұсынды. Дискурста тұлғаның дамуы, таңбалардың дамуы жүретін, ал дискурс таңбалық әрекеті болғандықтан, онда МК дискурсы тілдік код аыратудың көптеген критерийлерінің бірі болып табылатын, дәйекті ауысып отыратын таңбалар, кодтар, мәтіндердің символдық континуум ретінде пайда болады. Мәдениетаралық қарым-қатынастың әлеуетті дискурстары шексіз зор.

ҚОРЫТЫНДЫ

МК-дағы тілдік тұлға интерлингвомәдени тұлға ретінде сөйлейді. МКҚ мақсаты болжамының және құзыретінің барлық спектрін (тілдік, лингвоелтану, комуникативтік, прагматикалық) қоса алғанда, жеке рөлдердің динамикалық өзгеруі ретінде түсініледі. Тұжырымдама - үлкен эвристикалық әлеуеті бар және МК дискурстық теориясын, сондай-ақ атап айтқанда МКҚ категориясын, қарым-қатынастың әлеуметтік маңызды жағдайында жеке тұлғалардың ауызша жанама өзара әрекеттері ретіндегі тұжырымдамасы мен дискурстарын біріктіруге мүмкіндік беретін гуманитарлық заманауи талаптарға сай ұғым.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Алексеева. Издательский центр "Академия", 2002. - 576 с.
2. К.С. Кубрякова. Язык и мышление/Н.Хомский. –М.:Изд-во Моск.унив-та,1977. 4с; 122с
3. М.Б. Бергельсон. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования //Высшее образование сегодня.2002. № 5. 34с
4. О.А. Леонтович. Направления совершенствования программ по иностранным.

языкам в средней школе. Автореф. канд. диссерт. М,1993, 16 с.

5. У. Харт. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования // Высшее образование сегодня. 2003. № 5. 34–42 с.

6. Э. Холдың. Новая образовательная парадигма и контекстное обучение: монография. — М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 1999. — 75 с.

7. Г. Хофштс. Методология научного исследования. – М.: Либроком. – 280 с.

8. В. Келли М. Кеннет. «Компетентность в современном обществе»: Когито-Центр; М.:; 2002., ISBN 0-7186-0481-4, 5-89353-052-7. 111с.

9. Т. Далеканың. Когнитивные стили. О природе индивидуального ума. 2-е изд., перераб. — СПб. «Питер», 2004.

10. М. Сингер. 2002. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерийі // «Білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі» атты ғылыми-практикалық конференция материалдары. -Алматы, 2008. -30-32 б.

11. Т. Кунның . Дамыта оқыту технологиялары. Алматы, 2000. 15-16 с.

12. Е.С. Кубрякованың Методы системного педагогического исследования: учеб. пособие / под ред. Н.В.Кузьминой. – Л.: Изд-во ЛГУ, 1980. - 46-47 с.

13. У.Эко.Научно-исследовательский аппарат магистерской диссертации (учебно-методическое пособие) 36-38 с.

VI-II СЕКЦИЯ.

ІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

х.ғ.к., қауым.проф.м.а. Н.О. МЫРЗАХМЕТОВА*
химия магистрі, аға оқытушы З.М. АРҒЫНБАЕВА
1 курс магистранты Ә.Ә.ТҮЛЕНДИНА

Түйіндеме:

Еліміздің қазіргі әлемдегі орны адам капиталының сапасымен, білім берудің жай-күйімен және өндірісте техника мен ғылымды пайдалану деңгейімен анықталады. Технологияның дамуы жаһанданудың катализаторы және еліміздің бәсекелестік басымдылығы дамуының маңызды факторы болып табылады. Қазіргі білім мен технологияларға негізделген экономика жоғары технологиялы қоғам құрудағы сапалы жаңа өзгерістерге жетудегі табыстың кепілі болып табылады.

Тірек сөздер: білім алушылар, танымдық белсенділік, танымдық әрекет, педагогикалық аспект.

WAYS OF ENHANCING COGNITIVE ACTIVITY OF STUDENTS

Abstract:

The country's place in the modern world is determined by the quality of human capital, the state of education and the level of use of technology and science in production. The development of technologies is a catalyst for globalization and an important factor in the development of competitive advantages of the country. The economy based on modern knowledge and technologies is the key to success in achieving qualitatively new transformations in the creation of a high-tech society.

Keywords: students, cognitive activity, cognitive activity, pedagogical aspect.

КІРІСПЕ

«XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар. Қазақстан Республикасындағы 12 – жылдық білім беру Концепциясында «Қазақстандық қоғамның өзекті мәселелерінің бірі өзгермелі әлеуметтік, экономикалық жағдайда тек өмір сүріп қана қоймай, сонымен қатар қалыпты жағдайдың жақсы жағына қарай өзгеруіне белсенді түрде әсер ете алатын бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру», - деп жазылған [1].

Қазіргі заманғы ғылыми – техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына үлкен мақсаттар мен жаңа міндеттер жүктейді. Жас ұрпақты жан – жақты жетілген, ақыл – парасатты, ой – өрісі биік, бәсекеге қабілетті азамат етіп тәрбиелеу – қоғамымыздың ең өзекті мәселесі. Бұл әр мұғалімнің шығармашылық ізденіспен жаңаша істеуін қажет етеді.

Осы тұрғыда жаңа технологияның тиімді әдіс – тәсілдерін, яғни Ж.Караевтың “саралап, деңгейлеп оқыту технологиясы”, М.Жампейсованың “Модульдік оқыту технологиясы”, СТО стратегияларының элементтерін пайдаланып, білім алушылардың ізденушілік, зерттеушілік әрекетін жас ұрпақтың бойына сіңіре отырып, білім алушылардың танымдық белсенділіктерін дамыту ұстаздардың басты міндеті болмақ.

«Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақ қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында» - деген Елбасы Н.Ә.Назарбаев [3].

Танымдық белсенділік дегеніміз – білім алушылардың оқуға, білімге деген ынта – ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі. Мысалы: мұғалімнің баяндап тұрған материалын түсіну үшін, білім алушының оны зейін қойып тыңдауы, алған білімін кеңейтіп толықтыру үшін, өздігінен кітап оқуы, бақылау, тәжірибе жасау, жазу, сызу сияқты жұмыстар істеуі керек. Өйткені өтілген материалды саналы қайталауда, жаңадан білім алуда, оның жолдары мен дағдыларына үйренуде белсенділіксіз мүмкін емес.

Танымдық әрекеттің негізінде білім алушыларда танымдық белсенділік қалыптасады.

Сабақ барысында білім алушыларда бойында танымдық белсенділік пайда болса, білім алушылардың ақыл – ой қабілеттерінің мынадай элементтері дамиды: зеректілік, байқағыштық, ойлау және сөйлеу дербестігі т.б. Мектептің ғасырлар бойғы даму тарихында алдыңғы қатарлы педагогикалық ой өкілдерінің танымдық әрекетке қатысты, әсіресе, танымдық белсенділікті дамыту идеяларын зерттеу және талдау негізінде төрт бағытты бөліп көрсетуге болады [4].

Танымдық әрекет – шәкірттің білімге деген өте белсенді ақыл – ой әрекеті. Ол танымдық қажеттіліктен, мақсаттан, таным қисындарынан және әрекетті орындаудың тәсіл – амалдарынан тұрады. Танымдық белсенділікті бір ғана белгімен көрсетуге болмайтын ұғым, оның алуан қырлы

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

сипатын айқын көреміз. Сондықтан оқу барысында білім алушылардың таным белсенділігін арттыруда олардың өз бетінше танымдық ықылас – ынтасын шығармашылық әрекетін дамытатындай етіп ұйымдастырады. Шәкірттің қабылдауы негізінен, мұғалімнің сабақты жүйелі түрде жүргізуіне байланысты. Білім алушылардың өзіндік сезімдік танымы негізінде қабылданған білім, дағды, ептілік әлдеқайда нәтижелі әрі жемісті болады. Танымдық белсенділіктің үш дәрежесі бар:

1-Дәреже – жаңғыртушы белсенділік – шәкірттің материалды жадылап, қайта жаңғыртуға, оны үлгі бойынша қолдануға, меңгеруге ұмтылысымен сипатталады. Белсенділіктің 1 – дәрежесіне тән көрсеткіш – білім алушының бойында білімін тереңдетуге деген ұмтылыстың болмауы.

2-Дәреже – түсіндіруші белсенділік-білім алушының оқығанын зерделеуге, оны өзіне белгілі ұғымдармен байланыстыруға, білімін жаңа жағдайларда пайдалану жолдарын меңгеруге ұмтылысынан көрінеді. 2-дәрежеге тән көрсеткіш оқушының бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге ұмтылуынан, қиындыққа тап болғанда оны жеңудің жолдарын қарастыруынан байқалатын үлкен дербестігі.

3-Дәреже – белсенділіктің шығармашылық дәрежесі – білім алушының тапсырманы шешудің тың жолдарын іздестіруге деген ұмтылысымен сипатталады. Бұл дәреженің ерекшелігі – мақсатқа жетудегі табандылық, танымдық ынтаның негіздері мен әр алуандылығы.

Педагогикалық аспектідегі – белсенділік білім алушылардың таным іс- әрекетіне деген қатынасын сипаттайды. Педагогикалық аспект тұрғысынан белсенділіктің үш түрін бөліп қарауға болады: 1) ақыл – ой белсенділігі; 2) интеллектуалды белсенділік; 3) танымдық белсенділік;

Ақыл – ой белсенділігі элементарлы іс-әрекеттен бастап шығармашылықтың күрделі түріне дейінгі барлық деңгейдегі нағыз әмбебап іс-әрекет шарты болып табылады. Н.С.Лейтес былай бекітті: ақыл-ой белсенділігі-кез келген денісау білім алушыға тән, бірақ әртүрлі деңгейде болады. Өз бақылауының кең материалында Н.С. Лейтес «балалық шақтың әр кезеңі – белсенділік дамуының өзіндік сапалы сатысы» деген қорытындыға келді.

Интеллектуалды белсенділік- өзіндік шарттарға сай ой әрекеті ретінде түсіндіріледі. Бұл терминнің кең өріс алуы, жиі қолданылуы Д.Б.Богоявленскаяның жұмыстарымен байланысты. Оның пікірі бойынша, интеллектуалды белсенділік интеллектуалды емес факторлардан көрінетін жүйенің интегралдар қасиеті болып табылады.

Танымдық белсенділік адамға өте маңызды және күрделі құрылым ретінде өзінің психологиялық анықтамаларында көптеген тұжырымдамаларға ие. Маңызды әлеуметтік күшіне байланысты бұл мәселе қазіргі диалектикада, білім беру тәжірибесі мен тәрбиеде негізгі болып саналып отыр [5].

Оқыту жұмысын тек сабақ арқылы ұйымдастыру мүмкін емес. Сыныптық – сабақ жүйесінің негізгі кемшілігі – білім алушылардың дара ерекшеліктерін дамытуға жеткілікті мүмкіндіктердің болмауы – оқытуды ұйымдастырудың басқа жолдарын іздестіруге себеп болды. Сондықтан білім алушылардың сыныптық-сабақтағы танымдық әрекетін дамыту, толықтыру мақсатында оқыту жұмысын ұйымдастырудың қосымша түрлері қолданылады. Олардың қатарына семинар, экскурсия, факультативтік, қосымша, конференция сабақтары, үйдегі оқу жұмысы, тәжірибелік -зертханалық және пәндік үйірме жұмыстары, олимпиада, сынақ және емтихан, өзіндік жұмыс түрлерін жатқызуға болады.

Семинар сабақтары көбінесе оқылған лекция тақырыбына байланысты негізгі өзекті мәселелерді талқылау, білім алушылардың танымдық ойлау қабілеттерін дамыту, өзіндік шығармашылық белсенділіктерін шыңдау мақсатын көздейді. Тақырып сұрақтарына сай пікір алмасу, өз көзқарастарын дәлеледеу, мұғалімдерге оқушылардың оқу материалын қаншалықты меңгергенін, соған орай сенімдері мен түсініктерінің қалыптасқандығын бақылап, тексеріп, бағалап және бағыт-бағдар беріп отыруға мүмкіндік туғызады.

Экскурсия жұмысының мақсаты – білім алушылардың сабақта алған теориялық оқу материалдарын практикамен жалғастыру, бекіту.

Сондықтан білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруда маңызы зор. Ол барлық оқу пәндерінде, әсіресе физика, химия, биология, тарих сабақтарында кеңінен қолданылады. Бұл білім алушылардың оқу процесін бақылай білуге жаттықтырады және оқу материалын өмірмен байланыстыра алуға үйретеді. Оқытуды экскурсия жолымен ұйымдастырудың үш түрі бар:

1. кіріспе экскурсия деп аталады. Ол сабақта күрделі тарауда тақырыптарды өтер алдында ұйымдастырылады.

2. ілеспелі экскурсия деп аталады. Ол белгілі бір тақырыпқа арналып, сабақ барысында оның орта шенінде немесе өн бойында жүргізіледі.

3. қорытынды экскурсия. Ол күрделі немесе тақырыпты өтіп болғаннан кейін оқушылардың сабақтар жүйесінде алған теориялық білімдерін пысықтау, бекіту мақсатын көздейді.

Факультатив түрі білім алушылардың сұранысы мен қызығушылығы негізінде әртүрлі пәндерге байланысты ұйымдастырылады. Оның қызметі көпжақты: білім алушыларды ғылымға қатыстыра отырып, олардың дүниетанымын тереңдетеді және кеңейтеді; белгілі бір пәнге қатысты танымдық қызығушылықтарын тұрақты қалыптастырады. Білім алушылардың пәнге бейімділігін ескере отырып, факультативтік оқуды олардың қалаған мамандықтарына сай психологиялық және практикалық дайындығын арттыру және кәсіби бағдарын қалыптастырудың нәтижелі формасы ретінде қолдануға болады.

Конференция ретінде өткізілетін сабақ түрі кейбір тақырыптарды меңгерту, оның ғылыми дәрежесін көтеру мақсатын көздейді. Оқу жұмысын ұйымдастыруда мұғалімнің тағы бір міндеті – білім алушылардың сабақтан тыс кездерінде танымдық әрекеттерін тереңдету, үлгермеушілікті болдырмау. Пәндік үйірме жұмыстары сабаққа қарағанда бағыты, мазмұны, ұйымдастыру тәсілі мен уақыт өлшемі тұрғысынан өзіндік ерекшеліктері бар. Олар білім алушылардың қызығушылығы мен пәндерге бейімділігін дамытуда және тапсырылған жұмыстарды нәтижелі орындауға қолайлы жағдай туғызып отырады. Білім алушылардың пәндік үйірме жұмыстары оқыту процесін жандандырып, оның сапасын көтеруге әсер етеді. Үлгере алмаушылықты жою үшін жеке немесе бір топ оқушылармен қосымша және консультация сабақтары да ұйымдастырылады.

Үйдегі оқу жұмысы – білім алушылардың үйде өз бетімен орындайтын оқу жұмыстары сыныпта өткен сабақтардың жалғасы ретінде саналады. Білім алушының үйдегі оқу жұмысын сыныптағы оқу жұмысымен жалғастырып, толықтырып отырса, онда олардың алған білімдері терең және берік болады. Бұл жұмыстың танымдық қызметімен бірге оның тәрбиелік мәні де зор. Себебі, үй жұмысын күнделікті орындау барысында білім алушылардың дербестігі, ойлау қабілеті артып, өздігінен білім алуға жүйелі түрде дағдыланады. Соның негізінде білім мен біліктілік өте берік меңгеріледі, білім алушының ақыл- ой әрекетінің жеке дара дәстүрі қалыптасады [2].

Танымдық белсенділік көп түрлі тұлғалық қатынастардың қалыптасуымен тығыз байланысты. Танымдық әрекеттің белгілі бір ғылым саласы мен таңдаулы қатынасы, танымдық әрекеті, оларға қатысу және қатысушылармен танымдық қарым-қатынасы маңызды келеді.

Әрбір қимыл дамып қалыптасудың белгілі бір кезеңінде ғана болып, тек өзіне ғана тән рөлді атқарады. Өзіндік әрекеттің үшінші компоненті құралға танымдық оқу әрекеті жатады. Өзіндік әрекет арқылы жүзеге асырылатын танымдық оқу әрекетінің түпкі мақсаты- тұлғаны қалыптастыру. Өзіндік жұмысқа бейімделу өзіндік танымдық әрекетті қажетсінуі тудырады. Оның белгілеріне: білімді қажетсіну, білімді ғана емес оны игеру жолын тереңірек меңгеруге құштарлық, оқу материалына сын көзбен қарау, бір мәселе бойынша өз көзқарасының болуы, өз бетінше ойлау, өзінің тіршілік әрекеті және ары қарай білімін көтеру үшін жаңа білім алуға ұмтылуы жатады [5].

Көптеген ғалымдар оқыту әдістерін мазмұнына, қолданылуы мен іс-әрекет түрлеріне, мақсатына, мәніне қарай түрліше топтайды. Оқытуда инновациялық әдістерді қолдану жақсы нәтиже береді деп ойлаймын. Біз жалпы оқыту әдістерін талдап, жүйелей отырып, білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырудағы әдістер тобын мынадай негіз бойынша топтадық:

Білім алушы мен мұғалімнің өзара әрекеті бойынша –топтаған әдістер жүйесі: баяндау, проблемалық баяндау, ішінара іздену, зерттеушілік әдісі. Мұғалім іс- әрекеті компоненті бойынша – а) оқу – танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру және жүзеге асыру (сөздік, көрнекілік, практикалық, өзіндік жұмыс).

б) бақылау және өзіндік бақылау әдістері (ауызша және жазбаша бақылау, лабораториялық және практикалық жұмыс бағдарламаланған бақылау, т.б).

в) оқу танымдық әрекеттегі мотивация және реттеу әдісі (қызығушылықты қалыптастыру әдісі: танымдық ойындар, өмірдегі жағдайларды талдау)

Сабақ барысында білім алушының бойында танымдық белсенділік пайда болса, сонда оқу-шыларда ақыл – ой қабілеттерінің мынандай элементтері дамиды: зеректік, зейіндік, байқағыштық, ойлау мен сөйлеу дербестігі, қызығушылығы.б. Сөйтіп, оқудағы белсенділік – білім алушының іс – қимыл жағдайы ғана емес, осы іс -қимылдың сапасы, онда білім алушының қызмет мазмұны мен сипатына қатынасымен, өзінің рухани - ерік, күш-жігерін оқу-танымдық мақсаттарға жетуге жұмылдыруға деген ұмтылысымен айқындалатын тұлғасы көрінеді. Өз бетінше ізденімпаздықпен жұмыс істей білу, яғни оқу материалын таңдау, жаңаны қабылдау мен меңгеру, алған білімдерін іс жүзінде қолдана білу, оңтайлы әдістерді таңдап алу, белгілі бір нәтижеге жетуге ұмтылу т.б. білім алушылардың шығармашылық дербестігін қалыптастырудың алғы шарты болып табылады.

Шығармашылық дербестік, өзіндік жұмыс істеу шеберлігі мен дағдылары өзінен-өзі пайда болмайды, ол мақсатты оқу қызметінің нәтижесі және өз кезегінде шығармашылық, практикалық сипаттағы әртүрлі тапсырмаларды орындау үрдісінде қалыптасады [6].

Білім алушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыруға бағытталған сабақтар түрлерін төртке бөліп қарастыруды ұсынамыз:

- Танымдық
- Коммуникативтік
- Шығармашылық
- Әдіснамалық

Білім алушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыруда өзіндік жұмыстың маңыздылығын зерттей келе мынадай ұсыныстар туындады:

Мектептегі жоғары сынып білім алушыларына конференциялар, дебаттар, дөңгелек столдар, іс-шаралар жыл сайын жүргізіліп отырылуы керек.

Өзіндік жұмысқа бейімдеудің дидактикалық жүйесін тиімді жүзеге асыратын оқытудың жаңа технологияларын жасап іске ендіру.

Білім алушылардың танымдық белсенділігі мен өзіндік жұмыстарын дамыту барысында кешенді мақсатты бағдарлама жасау.

Білім алушының қабілеті мен білімін көтеру мақсатында оқу жоспарларын жасау.

Оқу үрдісінде ауқымды түрде педтехнологияларды қолдану, компьютер арқылы ақпараттандыру. Қосымша танымдық сабақтарды көбейту. Танымдық әрекеттегі белсенділік компоненттерін бір арнаға біріктірген тиімді болады: мотивациялық, еріктік, мазмұнды-операциялық, бағалау-нәтижелік.

Тәжірибелік – эксперименттік жұмыстарда зерттеліп дәлелденген жоғары сынып білім алушыларының танымдық-белсенділігін қалыптастыру көрсеткіштерімен өлшемдерін, деңгейлерін жалпы білім беретін орта мектептерде оқу үрдісін жетілдіруді ұйымдастыруда қолдану тиімді [7].

ҚОРЫТЫНДЫ

Өзіндік жұмыс пен шығармашылық сабақтарды өткізу оқушының танымдық белсенділігін арттырудың құралы, сапалы білім берудің шарты, оқу үрдісін ұйымдастыру факторы, оқытудың жекелік бағдары болып табылады. Оқу үрдісінде білім алушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыру жеке тұлғаның өзіндік ақыл-ой дербестігін, шығармашылық әлеуетін көтереді. Білім алушылардың танымдық-белсенділігін қалыптастыратын педагогикалық шарттар жиынтығы мен тиімді әдіс-тәсілдерді, оқытудың түрлі формаларын қолдану арқылы білім алушылардың білім деңгейін көтеріп, танымдық ой-өрісін арттыруға болатынын эксперимент жұмыстарының қорытындыларынан көруге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының 12- жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасы. «Айқын газеті» 26 тамыз 2015 ж.
2. Жанпейісова М.М. (2006), «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде». Алматы.
3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы . Егеменді Қазақстан газеті, 2014 ж.
4. Л.К.Көмекбаева (2004), Мектеп оқушыларының психологиялық ерекшеліктерін анықтауға арналған психодиагностикалық қызмет. Алматы.
5. М.Р. Жүнісова, Х.Ж. Әубәкірова, Ә.О. Туғанбаев, Г.Қ. Айтжанова, Г.А. Рахманова (2008.), «Жаратылыстану-математика бағытындағы пән мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» /Қарағанды.
6. Қазақстан Республикасының 2017 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Қазақстан мектебі, №2, 2004, 8-б.
7. А.Әбілқасымова, Р.Омарова (2010), Мұғалімдердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру негіздері. Алматы.

TÜRK DÖVLƏTLƏRİNİN TURİZM POTENSİALİ VƏ ONDAN İSTİFADƏ YOLLARI

Dos. Dr. Zaur İMRANI
Dr. Elnurə QASIMOVA

Xülasə:

NATO-nun münaqişənin həllinə münasibətdə apardığı siyasətin özü təzadlı olması ilə seçilir. Buna ən bariz nümunələrdən biri kimi 2008-ci ildə martın 14-də BMT Baş Məclisinin 62-ci sessiyasında “Azərbaycanın işğal olunmuş ərazilərində vəziyyətə dair” qətnamə səsə qoyulakən NATO ölkələrinin davranışını göstərmək olar. Rusiya da daxil olmaqla MQ-nun ABŞ və Fransa olmaqla iki NATO üzvü qətnamənin əleyhinə səs verdilər. MQ həmsədrələrinin adından çıxış edən ABŞ təmsilçisi Alexandro Vulf bu qərarı belə əsaslandırdı ki, qətnamə münaqişənin 2007-ci ildə qəbul edilmiş “tarazlaşdırılmış paket” şəkildə nizamlanmasına dair bütün yanaşmalarını özündə əks etdirmir. Onu da qeyd etmək lazımdır ki, ABŞ, Almaniya, Fransa kimi NATO üzvü ölkələrdə bu və ya digər adla qondarma DQR-nın nümayəndəlikləri fəaliyyət göstərirlər.

Münaqişənin həllinə münasibətdə NATO-nun siyasətində diqqəti çəkən əsas məsələlərdən biri də üzv və tərəfdaş dövlətlərin təhlükəsizliklərinə münasibətdə aparılan fərqli siyasətdir. Hələ 2009-cu ilin oktyabrında SNT-nin Müdafiə siyasəti və strategiyasına dair konfransında iştirak edən XİN-nin müavini A.Əzimov çıxışı zamanı NATO üzv dövlətləri və tərəfdaş dövlətlər arasında mövcud olan status fərqlinin Azərbaycan da daxil olmaqla tərəfdaş dövlətlər üçün həssas vəziyyət yaratdığını qeyd etmişdi. 2008-ci ilin avqust hadisələrinə istinad edən nazir bu kimi hallarda Vaşinqton müqaviləsinin tam yetərli olmadığını diqqəti çəkmiş və yeni tarixi şəraitdə SNT çərçivəsində tərəfdaş dövlətlərlə yeni tip münasibətlərin qurulmasının zəruri olduğunu göstərmişdi. A.Əzimov bildirdi ki, Azərbaycanı haqlı olaraq Avro-Atlantik məkanının bloklara bölünməsi narahat edir. Gələcəkdə belə hallar baş verəcəyi təqdirdə Azərbaycan kimi ölkələr çətin vəziyyətə düşə bilər və nəticədə təhlükəsizlik vakuumu yarana bilər. Belə olan təqdirdə, bu ölkələrin təhlükəsizlik siyasətləri təcili dəstəyə ehtiyac duyacaqdır. Bu nöqteyi-nəzərdən ən səmərəli dəstək ittifaqlara qoşulmamış Avropa və

Avro-Atlantik ölkələrinə təhlükəsizlik təminatlarının verilməsi olardı. Hamının tanıdığı və bağlı qaldığı belə təhlükəsizlik təminatları heç olmasa müstəqil müəyyənləşdirilə və proqnozlaşdırıla bilən və məsuliyyətli təhlükəsizlik siyasətləri üçün hüquqi baza rolunu oynayardı (Azimov, 2009: 18). Digər məsələ Avro-Atlantik məkanların gələcək əlaqəliliyi və NATO-ya üzv və qeyri-üzv dövlətlərin iştirakı ilə qurulacaq təhlükəsizlik sisteminin səmərəliliyidir. NATO-nun strateji məqsədi yalnız NATO-nun Avro-Atlantik məkanda mərkəzçi rolunu vurğulamaq, sübut etmək və mümkünlüyünə yol açmaqdan ibarət olmamalıdır, əsas məqsəd Avro-Atlantik məkanların özünün təhlükəsizliyi olmalıdır. Məqsəd bu cür təhlükəsizliyə yardımçı və dəstəkləyici sistemin qurulması olmalıdır. Azərbaycan rəsmisinin fikrincə, tərübü qarşılıqlı uyarılıq yalnız üzvlüyə açıq qapılar siyasətinə deyil, həmçinin, tərəfdaşlığa açıq qapılar siyasətinə əsaslanmalıdır (Azimov, 2009:19).

Lakin NATO-nun sonrakı sammitlərində qəbul edilən sənədlərdə əks olunan məqsəd və vəzifələr daha çox üzv dövlətlərin təhlükəsizlik maraqlarının qorunmasına yönəlib və bu məqsədə nail olmaq üçün təşkilat malik olduğu bütün vasitələrdən hərtərəfli istifadə etməyə hazır olduğunu elan edir. Hətta lazım gəldikdə hazırda və gələcəkdə bu təhlükələrin haradan gəlməsindən asılı olmayaraq qarşısını almaq öhdəliyi götürür. Tərəfdaş ölkələrə isə qarşılaşdığı problemləri danışıqlar çərçivəsində dinc vasitələrlə həll etmək çağırışı edilir. Bir çox tərəfdaş dövlətlər kimi Azərbaycan da NATO-nun Kosovoda, İraqda, Əfqanıstanda sülhə dəstək kampaniyalarında Alyansın təhlükəsizlik tədbirlərinin bir hissəsi kimi çıxış etmişdir. Buna görə də o, tərəfdaş ölkə olaraq NATO-nun malik olduğu qorunma və müdafiə vasitələrindən yararlanmağa ümid edir. Müşahidə edilən siyasətdən isə məlum olur ki, NATO, "hamı NATO üçün, NATO özü üçün" siyasətində maraqlıdır. Regiona ABŞ və Avropa dövlətlərinin münasibətini XX əsin 90-cı illərində Balkanlarda baş verən hadisələrə ilk vaxtlar həmin ölkələrin siyasi dairələrinin göstərdiyi bəzi yanaşmalarla müqayisə etmək olar. M.Tetçer yazırdı: "ABŞ və Avropa dövlətlərinin bu regionda həyati mühüm maraqlarının olmaması həm də o demək idi ki, yerli əhali öz problemlərini özləri həll etməlidirlər, yəni bu problemlərlə yaşamaladırlar. Maraqları olmağına görə qarışmamaq siyasəti yürüdən dövlətlər üçün region adətən siyasi bataqlıq hesab olunurdu" (Tətçer, 2005: 313).

NATO-nun tərəfdaş ölkələrdə münaqişələrin həllinin məsuliyyətini ancaq onların üzərinə qoymaq siyasəti özünü doğrultmur. Bu, təhlükəsizliyin birgə metodlarla kollektiv şəkildə təmin olunması prinsipinə də ziddir. Eyni zamanda onu da nəzərə almaq lazımdır ki, Cənubi Qafqaz həssas coğrafi məkanda yerləşdiyindən buradakı münaqişələrin təkcə vuruşan tərəflər arasında təkbaşına həlli cəhdlərinin uğur qazanacağı da böyük şübhə doğurur.

ƏDƏBİYYAT

- Azərbaycan Respublikasının Milli Təhlükəsizlik Konsepsiyası. http://www.mns.gov.az/img/3766779-5me02.%20Milli_Tehlukesizlik_Konsepsiyasi.pdf: Müraciət tarixi 12.05.2012.
- Ayna qəzeti (2005-2006)*
- Azimov Araz. Statment. // Azerbaijan-NATO: 15 Years of Partnership. Brussels, 2009, p.18-20.
- Basic Facts About the United Nations. Nyu York, 2004. 359 p.
- Əsgərov Ziyafət. Azərbaycan-NATO əlaqələri genişlənir //Azərbaycan Parlamenti və Beynəlxalq Təşkilatlar, Bakı, 2004, 37-46 s.
- Key milestones of Azerbaijan-NATO cooperation. // Azerbaijan-NATO: 15 Years of Partnership. Brussels, 2009, p.28-32.
- Partnership for Peace: Framework Document.Ministerial Meeting of the North Atlantic Council. North Atlantic Cooperation Council, NATO Headquarters, Brussels, 10-11 January 1994. <http://www.nato.int/docu/comm/49-95/c940110b.htm>. Updated: 31-Oct-2000. Müraciət tarixi 31.05.2014.
- Qasımov Musa. Azərbaycan beynəlxalq münasibətlər sistemində: 1991-1995-ci illər. Bakı: Gənclik, 1996, 135 s.
- Xalq qəzeti (1992-2003)*
- Азербайджан не намерен вступать в НАТО: Азербайджан за неделю. 09.04.2008. <http://www.regnum.ru/news/polit/984429.html>.
- Активное участие, современная оборона. "Стратегическая Концепция Обороны и Обеспечения Безопасности Членов Организации Североатлантического Договора". Last updated 23-May-2012, http://www.nato.int/cps/ru/natolive/official_texts_68580.htm
- Генеральная Ассамблея ООН приняла резолюцию о положении на оккупированных территориях Азербайджана. <http://www.un.org/russian/news/story.asp?NewsID=9302#.VeiBP3SgWIU>
- Заявление по итогам встречи в верхах в Бухаресте. Issued on 03 Apr. 2008. Last updated 27-Oct-2009. http://www.nato.int/cps/ru/natohq/official_texts_8443.htm?selectedLocale=ru
- Заявление по итогам встречи на высшем уровне в Уэльсе. Issued on 05 Sep. 2014. Last updated 08-Sep-2014. http://www.nato.int/cps/en/natohq/official_texts_112964.htm?selectedLocale=ru
- Кризисное регулирование. Last updated 04-May-2011. http://www.nato.int/cps/ru/natohq/topics_49192.htm
- Маргарет Тэтчер. Искусство управления государством. Стратегии для меняющегося мира. Москва, 2005, 501 стр.

Мир и политика. Октябрь. № 1. 2006 г. НАТО, армии, борьба с терроризмом. army.polpred.com/upload/pdf/Armiia.pdf.

Лионель Понсар, Рижский саммит НАТО. Европейская безопасность: события, оценки, прогнозы. № 6 (22) декабрь 2006 г. стр. 6-8. <http://www.nato.int/nio/interviews/2006/documents/i061213a.pdf>

НАТО ждет Азербайджан. "Зеркало": июль 16 2007, http://www.m.kavkaz-uzel.ru/articles/118748/?full_page=true

Обеспечения Безопасности Членов Организации Североатлантического Договора. Last updated 23-May-2012, http://www.nato.int/cps/ru/natolive/official_texts_68580.htm

Операции по поддержанию мира в Боснии и Герцеговине. Last updated 31-May-2011. http://www.nato.int/cps/ru/natolive/topics_52122.htm

Операция ВВС в Косово. Операция «Эллайд форс». Last updated 27-Oct-2010. http://www.nato.int/cps/ru/natohq/topics_49602.htm

Отношения НАТО и Азербайджана. Last updated 17-Nov-2011; http://www.nato.int/cps/ru/SID-45536523-D3790486/natolive/topics_49111.htm

Партнеры на Южном Кавказе. НАТО обзор сентябрь 2007.

Смирнов П.Е. Новая стратегическая концепция НАТО и место в ней стран-партнеров. 1999 г. <http://www.iskran.ru/russ/works99/smironov.html>. 16.01.12.2007.

<http://www.vesti.ru/doc.html?id=954147>. 09.11.2012.

ӘӨЖ 372.8:811.111

ШЕТЕЛ ТІЛІ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ОҚЫТУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

шет.т. магистрі **Р.Ә. МУХПУЛОВА***
шет.т. магистрі **Г.Ж. МҮСТАФАЕВА**
шет.т. магистрі **А.С. БАЗЫЛҒАЛАМОВА**

Түйіндеме:

Бұл мақала шетел тілін меңгеріп, практикада қолданудың маңызы мен оқыту үдерісінде оқыту стратегияларын қолдану туралы жазылған. Оқыту стратегияларын қолдану білім алушыларды шетел тіліне үйрете отырып, болашақта өздігінен білім алу, оқуын жоспарлау және сыни тұрғыда ойлауын дамытуға әсер етеді. Шетел тілі сабағын оқытуда қолданылатын оқытудың тура және жанама стратегиялары қарастырылған. Тура стратегия білім алушылардың сөздерді, сөз тіркестерін үйреніп, тілдік дағдылары кезінде қолдану болса, жанама стратегия білім алушыны өз оқу үдерісін жоспарлау, өзін-өзі бағалауға және мониторинг жасауға үйретеді. Тілді меңгеріп, өз мамандығында тәжірибе жинаса, үлкен жетістіктерге жетіп, еліміздің бәсекеге қабілетті елдердің қатарына қосуға өте үлкен ықпал етеді.

Тірек сөздер: *Оксфорд стратегияларды жіктеу жүйесі, қызығушылық, нәтижелі білім алу, коммуникативті құзіреттілік, өзін-өзі бағалау.*

LANGUAGE LEARNING STRATEGIES IN FOREIGN LANGUAGE**Abstract:**

This article is about learning strategies which is used to acquire the second language. The importance of strategy is training and implementation as an integral part of language teaching process. Learning English easier and more effective by using helpful language learning strategies. Usage of learning strategies provides the development of critical thinking and self-education of the students. Direct strategy provides learning of words and phrases and using it in communication. Indirect strategy teaches the student to plan their learning process, self-assessment and monitoring. If the students acquire language and gets experience, can fulfill own dreams and influence to the prosperity of the country.

Keywords: *Oxford's strategy classification system, motivation, effective learning, communicative competence, self-evaluation.*

КІРІСПЕ

Бүгінгі жаһандану заманында көп тіл білетін адамның қоғамдағы алар орны да ерекше. Өзге тілді үйрену, оны жетік меңгеру — бұл заман талабы. Бүгінгі таңда жоғарғы оқу орындарында шет тілін кәсіби деңгейде оқыту басты орында тұр, яғни әрбір студент өз мамандығына байланысты шет тілін жетік меңгеріп, одан әрі қарай дамыта алады. Сонымен қатар шет мемлекеттерге шығып, мол тәжірибе жинақтауға мүмкіндігі зор. Шетел тілін меңгеру – жастарға әлем танудың кілті болмақ.

Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі білім алушыны тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше білімін жетілдіріп отыруына ықпал жасауда. Білім алушылар үшін тілді үйрену күрделі, алайда өз оқуын жоспарлап, мақсат қойып өз нәтижесін бағалап отырса, еңбегі нәтижелі болмақ. Қазіргі кезде нені үйрену емес, қалай үйрену керектігіне басты назар аударылып отыр, сондықтан тиімді үйрену және үйрету жолдары көп, олардың бірі- оқу үдерісінде оқыту стратегияларын қолдану.

Оқыту стратегиялары тілді оқытуда өте маңызды, себебі білім алушылардың коммуникативті құзіреттіліктерін дамытады, бұл тілді үйренуде жеңіл және нәтижелі білім алуға арналған белсенді және жеке бағытталған стратегиялар жиынтығы болып табылады.

Стратегиялардың мақсаты: оқытуды жетілдіру, әр түрлі деңгейдегі төрт дағдыға арналған тапсырмаларды орындау, оқу үдерісіндегі әр түрлі мәселелерді шешу, оқуды жеңілдету, жылдамдатуарқылыбілім алушыларды тілді тез және тиімді үйретуге арналғанәдіс – тәсілдер жиынтығы[1, 112-130].

Оқытуда қолданылатын стратегияларға сол салада зерттеу жүргізген ғалымдар өз анықтамаларын берген, алайда ол педагогика, психология, лингвистика және дидактика сияқты пәндік салаларға байланысты да өзгереді. Мысалы:оқытудың жалпы статегияларын педагогикада “оқытудың мақсатына жету негізінде құрастырылғаноқу үдерісіндегі жаттығулардың бірізділігі”,ал педагогикалық психологияда“оқу үдерісіменәр түрлі жағдаяттаркезінде білім алушылар өздерінің

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, rumilyam.mukhulova@mail.ru

жоспарларын орындауы, мақсатқа жетуі”, лингвистика саласында “оқу стратегиялары білім алушылардың екінші тіл үйренуге арналаған әдістермен тәсілдер болып табылады” деп жазылған [2, 25-31]. Сондай – ақ, тіл үйренуге байланысты оқыту стратегияларына қызығушылық танытқан әдіскерлер мен зерттеушілер де оған нақты анықтама бере алады. Р.Оксфорд, оқыту стратегиясына арналған көптеген басылымдар мен мақалалардың авторы, оқыту стратегияларын білім алушылардың тілді үйренуге жеңіл, тез, жағымды, өзін-өзі басқаратын, тиімдірек анық іс-әрекеттер жиынтығы деп анықтама берген. Кейінірек, ол стратегиялардың негізгі ерекшеліктерін атап көрсетіп, оларды топтарға бөлді, олар бірінші суретте көрсетілген [3, 56-60]. Тілді үйрену стратегиялары ұғымын анықтау қарапайым мәселе болмаса да, анықтамалар бір-бірінен ерекшеленсе де, олардың барлығы білім алушыларға тілді жеңіл және тиімдірек меңгеруге арналған әдіс – тәсілдер жиынтығы болып табылады.



Сурет 1. Оксфорд стратегияларды жіктеу жүйесі

1. Тура стратегия-тілді үйренуге арналған белсендіуш стратегидан құралған:

I. Есте сақтау стратегиясы::

- Жаңа сөздерді топтарға бөлу, бір затпен байланыстыра отырып есте сақтау. Ағылшын ғалымы Пенни Урдың пікірінше “Сөздерді топтарға бөліп жаттау, білім алушының есінде жақсы қалып, практикада қолдана алады” [4, 131-145].

- Аудиотыңдау, сурет, видео, презентацияларды, көрсетуарқылы білім алушылар визуальды түрде жаңа сөздерді, сөйлемдерді есінде сақтайды.

- Ал оны 10 мин., 1 сағ., 2 күн, 1 аптада қайталап тұрса, алған білімдерін практикада қолдана алады. Өткен тақырыптарды қайталауға арналған жаттығулар бірінші кестеде және екінші суретте берілген.

II. Когнитивті стратегия:

1. Практика – білім алушылар үшін өте маңызды үдерістің бірі, ол оқудың жазылым, оқылым, тыңдалым, сөйлеудағдыларын қамтиды.

2. Мәтінді тез түсініп, жеткізуде *skimming* (мәтінді тез оқып, оның басты идеясын түсіну), *scanning* (мәтіннің негізгі ойларына тез қарап шығу) оқу тәсілдерін қолдану.

3. Жаңа ақпаратты түсіну немесе мәселенің жауабын табу кезінде сөздерді, сөз тіркестерін талдау, ал сөйлемді дедуктивті талдау, мағынасын түсіну, аудару, салыстыру.


4. Тыңдалым мен оқылым кезінде жаңа сөздерді, сөз тіркестерін түсіну үшін қысқаша мазмұнын немесе нақты ойды қорытындылып жазу. Мәтінді оқығанда басты идеяны, жаңа сөздерді белгілеп қойса, қайталаған кезде тиімді болады.

III. Компенсациялық стратегия- білім алушылар тыңдалым мен оқылым кезінде түсінбеген сөздерін, сөйлемдегі сөздердің реті бойынша дұрыс болжау, жазудағы және сөйлеудегі шектеулерді еңсеру үшін синоним сөздерді қолдану немесе сөзді сипаттау, ым-ишарамен түсіндіруден құралған.

Positive Adjectives

Negative Adjectives

Кесте1.Put the words in correct column. *Patient, unimaginative, creative, unfriendly, hard-working, sociable, impatient, responsible, friendly, lazy, irresponsible, unsociable,*



Complete it, add one more object for each room, then answer the questions.

In which room do you normally:

Listen to music?

Waste time?

Think about your problems?

Feel most relaxed?

Сурет 2. Сөздерді тексеруге арналған жаттығу

2. Жанама стратегияны білім алушыларға оқу үдерісі кезінде ақырындап үйретіп отыратын болсақ, олардың жеке тұлға болып қалыптасуға әсері зор. Бұл стратегия өз кезегінде үш стратегиядан құралған:

I. Метакогнитивті стратегия – білім алушының өзінің оқу үдерісін бақылауы, бағалауы және оқуды жүйелеуі, уақытын жоспарлауы, өз-өзін бағалауы.

II. Аффективті стратегия – білім алушының әр түрлі жағдаяттардағы көңіл – күйін (тест кезінде қобалжу, жақсы нәтиже көрсеткен кезде қуану және т.б.) басқара алуына көмектесуге арналған. Ол:

1. Жақсы көңіл күйде болу;

2. Өзін-өз жігерлендіру, ішкі қызуғушылығын ояту;

3. Көңіл -күйін қадағалау, зейін қою. Ал оқытушы сыныпта жақсы оқу жағдайын қалыптастыру үшін музыка тыңдату, білім алушыларды мадақтауы керек. Д.Мерфидің айтуынша “Музыка білім алушылар үшін қызық әрі оларды ынталандырады және бір-біріне деген жақсы қарым – қатынас қалыптастырады” деген. Ол үшін суггестопидия әдісін қолдану керек.

III. Әлеуметтік стратегия – тілді үйренудегі басты құзіреттілік коммуникативті құзіреттілікті дамытады. Ол:

1. Сұрақтар қою (білім алушының тақырыпқа деген қызығушылығын көрсетеді, әрі оның сыни тұрғыда ойлауын дамытады);

2. Ынтымақтастықта оқу – білім алушылардың жұппен немесе топпен жұмыс жасауы, әр түрлі тілдік деңгейдегі студенттермен жұмыс жасағанда өте тиімді;

3. Адамның көңіл - күйіне, басқа ұлт өкілдерінің салт-дәстүрлеріне, құндылықтарына, мәдениеттеріне түсіністікпен қарау. Оларды түсіне отырып, қалай жауап беруі мен әрекет етуді үйренеді. [5, 86-98]

Қазіргі заманымызда қоғамға өз бетімен жұмыс атқаратын, еркін де кеңінен ойлайтын, өздігінен алдына мақсат қойып және оған жетудің әдіс-тәсілін шығармашылықпен анықтап, сондай-ақ қолдана алатын кәсіби-маман тұлғасы болуы керек. Мұндай тұлғаның дамуына бағытталған білім беру нәтижелі болмақ. Студенттердің танымдық қызметі барысында өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың маңызы зор. Бұл мәселеге көптеген ғалымдар, мысалы, Е.Б.Ястребова, М.И.Ерецский, М.Г.Гарунов, Р.А.Блохина., В.П.Сабодашев, А.Вербицкий т.б үлкен мән беріп, зерттеген [6,27].

Бұл оқыту стратегияларын әр түрлі деңгейдегі білім алушыларды оқыту кезінде қолдануға болады, ал осы оқу стратегияларын қолдануды үйретсек, олардың оқуға деген қызығушылығы артып, білім беру үдерісінде тұлғаның позициясын белсендіреді, өз бетінше білім алуға итермелейді және халықарылық емтихан тапсыруға дайындалу кезінде де тигізер әсері мол.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев “Өмір бойы білім алу әрбір Қазақстандықтың жеке кредосына айналу керек” деп айтқандай, [7] әрбір азамат өмірінде оқу оқып, білім алып, қазіргі әлемнің осы «лингва франкасын» меңгеретін болса, оның алдында жаңа шексіз мүмкіндіктер ашылады, биік шыңдарды бағындырады. Ал білім алушылардың жеткен жетістіктері Қазақстан Республикасының әлемдік аренаға шығуына, дамыған елдердің қатарына кіруіне өзінің зор үлесін қосады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Chamot, A. Language learning strategy instruction: Current issues and research. *Annual Review of Applied Linguistics*, 2005. P.112-130.
2. Brown, H. D. *Strategies for success: A practical guide to learning English*. - Pearson Education. 2002. P.25-31.
3. *Marcela Kozmonová. Language Learning Strategies and Their Training in a Primary English Class, Diploma Thesis*. -Brno, 2008. P.56-60.
4. H. Douglas Brown. *Principles of Language Learning and Teaching*, Fifth Edition. - Pearson Education. 2007. P131-145.
5. Benson, P, & Voller, P. *Autonomy and independence in language learning*. London. - Longman.2000. P.86-98
6. В.П.Гусаков, Е.С.Кутузова. *Виртуальное образование: теория, технология, перспективы*. Петропавлск, 2005. – 27 с.
7. Қазақстан мектебі // *Интеграциялық оқытудың маңызы мен ерекшеліктері* 2013, №12.

ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ТЕХНОЛОГИЯЛАР – ОҚУ ҮДЕРІСІН ОҢТАЙЛЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ШАРТЫ

х.ғ.к., қауым.проф.м.а. **Н.О. МЫРЗАХМЕТОВА**
химия магистрі, аға оқытушы **З.М. АРҒЫНБАЕВА**
1 курс магистранты **Л. КЕНЖЕБЕК**

Түйіндеме:

Интербелсенді оқыту технологиясы – бұл коллективтік, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген, оқу процесіне оқушының қатыспай калуы мүмкін болмайтын оқыту процесін ұйымдастыру. Интербелсенді оқыту моделін пайдалану – өмірлік ситуацияларды моделдеуді, рольдік ойындарды қолдануды, мәселені бірлесіп шешуді қарастырады. Оқу процесінің қандайда бір қатысушысын немесе идеяны (яғни, жақсы оқитындарға ғана назар аудару сияқты) ерекшеленуді шектейді. Бұл моделге адамгершілікпен, демократиялық жолмен келуді үйретеді.

Тірек сөздер: интербелсенді оқыту, алгоритм, жаңартпа, әдіснама.

INTERACTIVE TECHNOLOGY-DIDACTIC CONDITIONS FOR THE OPTIMAL ORGANIZATION OF THE EDUCATIONAL PROCESS

Abstract:

Interactive learning technology is the organization of the educational process based on the interaction of all participants, which can not be left without the participation of the student in the learning process. The use of interactive learning model involves the modeling of life situations, the use of role-playing games, joint problem solving. Restricts the selection of any participant in the learning process or idea (that is, how to pay attention only to those who study well). This model teaches a moral, democratic approach.

Key words: interactive learning, algorithm, novelty, methodology.

КІРІСПЕ

Қазақстан республикасында білім беруді 2011 - 2020 жылдарда дамытудың мемлекеттік бағдарламасында бала кездеп бастап, ересек жасқа дейін адамның біліміне жасалған инвестициялар экономика және қоғам өміріне өзгерістер енгізетіндігін әлемдік тәжірибе дәлелдеп берген делінген [1].

Егерде біз Қазақстанды 2020 жылы білімді ел, ақылды экономика және жоғары білікті жұмыс күші бар мемлекет деп көргіміз келсе, онда білім жүйесін дамытуымыз қажет екендігі дау туғыздырмайтын мәселе екендігі анық. Ал, бұл бағытта, әрине, жоғары мектептің алатын орны ерекше, өйткені құзыретті маман қалыптастыру мәселесі мемлекет саясатының негізгі нысанына арналғандығы мемлекеттік бағдарламада мықтап көрсетілген.

Мұндай мақсатта жоғары оқу орындары бірінші кезекте үйрену мен үйретудің басты әдістемесі мен технологиясы ретінде интербелсенді әдістемені таңдауы қажет. «Неліктен интербелсенді әдістеме жоғары оқу орындарының негізгі ұстанымына айналу қажет?» деген сұраққа жауап беру үшін бүгінгі Әлем дамуының ерекшеліктерін айқындау керек секілді [2].

Интербелсенді оқыту технологиясы – бұл коллективтік, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген, оқу процесіне оқушының қатыспай калуы мүмкін болмайтын оқыту процесін ұйымдастыру.

Интербелсенді оқыту моделін пайдалану – өмірлік ситуацияларды моделдеуді, рольдік ойындарды қолдануды, мәселені бірлесіп шешуді қарастырады. Оқу процесінің қандайда бір қатысушысын немесе идеяны (яғни, жақсы оқитындарға ғана назар аудару сияқты) ерекшеленуді шектейді. Бұл моделге адамгершілікпен, демократиялық жолмен келуді үйретеді. Интербелсенді оқу технологиясының аса көп мөлшері белгілі. Әр ұстаз өз бетінше сыныппен жұмыстың жаңа формаларын ойлап таба алады.

Оқушылар бір – біріне сұрақ қойып және оған жауап беруді үйрететін, жұптасып жұмыс істеу әдісін сабақтарда жиі қолданылады.

Білім беруде ғылымның және ақпараттық технологияның заманауи жетістіктерін қолданатын және бұрын білім беру үрдісінде қолданылмаған әдістер инновациялық әдіс болып саналады.

Мақсаты-оқыту сапасын жоғарылату нәтижесінде студенттердің творчестволық қабілетін және дербестігін жетілдіру.

Интербелсенді оқытудың негізгі қағидалары:

- Орта қалыптастыру
- Әрекет арқылы үйрету
- Өмірмен байланыстыру
- Өзінділікпен дербестікке баулу

Интербелсенді оқытудың негізгі мақсаттары:

- Студенттер арасында еркін, ашық шығармашылық қарым-қатынас орнату;
- Студентке білімді өз бетімен ізденуге бағыт-бағдар сілтеу;
- Студентке қажетті білік-дағдыларды қалыптастыру;

Интербелсенді оқыту – бұл, ең алдымен оқушы мен юмұғалімнің қарым-қатынас тікелей жүзеге асатын сұқбаттасып оқыту болып табылады.

Интербелсенді оқыту – бұл танымдық әрекеттің арнаулы ұйымдастыру формасы. Ол толық айқындалған және мақсатын алдын – ала болжауға болжауға болатын оқыту түрі. Осындай мақсаттардың бірі оқушы өзінің жетістіктерін, интеллектуалдық белсенділігін сезетіндей, оқу барысының өнімділігін арттыратын оқытудың жинақы шарттарын жасау. Интербелсенді оқытудың мәнісі сыныптағы барлық оқушы таным процесімен қамтылды, олар өздерінің білетін және ойлайтын нәрселері арқылы түсінуге және қарсы әсер етуге мүмкіндік алады.

Ақпараттың үш басты қасиеті – жаңашылдық, қарқындылық, әр тектілік жаңартпашылық мектептегі оқу процесі үстінде бой көрсетеді. Осылардың біріншісі – білім берудің парадигмасын, мазмұнын, формасы мен әдіс-тәсілдерін жаңаласа, екіншісі – білім алудың қарқыннын арттырды, соңғысы – өз кезегінде білім берудің жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді [3]. Осының негізінде «сұрақ–жауап» дискуссиялық тәсілі төмендегідей: «мұғалім – шәкірт», «мұғалім – шәкірттер тобы», «шәкірттер тобы – шәкірттер тобы», «шәкірт – шәкірт» сынды ақпараттық ағындарға бөлшектенді.

Қазіргі қазақ мектептерінде қолданылып жүрген жаңартпашылық оқыту әдістерінің бірі болып, ақпараттық және технологиялық әдістерді бір арнаға тоғыстыратын оқытудың ақпараттық технологиясы табылады. Онда *ғаламтордың іздеу жүйесіндегі жұмыстардың алгоритмі* мынандай:

- а) мақсат қою;
- ә) іздеу жүйесін таңдау

Белгілі бір саладағы біліктілік – кәсіби маманның осы салада жүйелі де, салиқалы ой айта алатын білімділік пен қабілеттілікке ие болып, тиімді әрекет ету.

Тәжірибе жүзінде екі іздеу бағдарламасын бірден қосуға болады.

- а) тірек сөзді анықтау;
- ә) тірек сөздер бойынша автоматты іздестіру;
- б) қысқаша сипаттамалық тізбе, Web-беттер аннотациясы мен гиперсілтеме:

1) аталған аннотацияның талдамасы мен бағалануы, ары қарай оқып үйрену үшін мәнділігін анықтау;

- 2) бекітілген беттерге ену;
- 3) ақпараттық дерек көздерімен: мақалалар, жазбалармен тікелей жұмыс жасау;
- 4) дерек көздері мен игерілген білімді салыстыру;
- 5) қол жеткізген нәтижені бағалау;
- 6) іздеудің аяқталуын немесе жалғастырылуын шешіп алу;
- 7) тірек сөзді түзетуге ұшырату т.с.с.

Тірек сөзді сауаттылықпен құрастыра білу дағдысы, сонымен бірге, оларды жылдам орналастыра алу; ойлай білу дағдысы мен машығы; ғаламторда гиперсілтемемен (терезе, айналма жолағы және т.б.) жұмыс істеу техникасының дағдысы мен машығы; өзінің іс-әрекетіндегі жіберілген қатені түзету туралы тез шешім қабылдай білу дағдысы мен машығы маңыздылығының артуынын атап көрсетуге болады. Тәжірибелі ғаламторды пайдаланушы ұстаз ғаламтордан өзіне қажетін өте тез тауып, алған материалын өз сабағында сәтімен қолдана біледі.

М.А.Чошанов кәсіби біліктіліктің үш қасиетін – үнемі білімді жаңалап отыру; шешім таба білушілік; байыпты ойлау білушілік деп бөліп көрсетеді [4]. Ал А.М.Аронов болса, біліктіліктің қалыптасуына: бүгінгі – білім алушылық, ертеңгі – тәжірибеліктің белгілі бір байланысы әсер етеді деп есептейді. Б.И.Хасан өз кезегінде, білік дегеніміз – мақсаттар, біліктілік болса – нәтижелер, ал қол жеткізу шарасы – біліктіліктің көрсеткіштері болып табылады деген ой айтады. Осылардың бәрін қорытындыласақ, қазіргі заманғы жаңартпашылық мектеп шәкірті мен бейінділік сыныбындағы оқушының біліктілігі үш бөліктен тұрады:

- арнайы;
- әлеуметтік;
- тұлғалық-дербестік.

Бұлардың алғашқысы – маманның өз кәсібiне деген құлшынысын танытса, екiншiсi – тұлғаның әрiптестiк қарым-қатынас мәдениетiн айқындайды, ал, үшiншiсi – тұлғаның кәсiби ерекшелiгiн ашып көрсетедi.

Сауалдар – педагогикалық керi байланыстың ең тиiмдi формасы. Педагогикалық форма сұхбаттың өзегiн немесе тоқырап қалуын ширатып, әңгiменi өрбiтедi. Оқушыларға сұхбат әдiсiн қолданған кезде қандай дағды түрi қалыптасатыны көрсетiлген. Қазiргi таңда шет елдерде мектептегi оқу процесiнде, мекемеге жұмысқа қабылдау кезiнде. «*құрылымдық*» және «*автоматтанған*» деп аталатын сұхбаттасу түрлерi қолданылады. Олар компьютердiң көмегiмен жүргiзiледi. Көптеген шетелдiк компаниялар автоматтандырылған сұхбаттасу қажеттi және алғашқы мәлiмет алуда ең сенiмдi, ең тиiмдi әдiс болып табылады деп есептейдi.

Америкалық әлеуметтанушы А. Митчелл сұхбаттасудың арнайы нәтижелiгiн зерттеп, мынандай түйiндеу жасайды: респонденттер «адами» сұхбаттасуға қарағанда компьютермен сұхбаттасуды қалайды, яғни компьютерге олар ағынан жарылып, iшiндегi ойының бiрiн қалдырмай ақтарады. Оның үстiне олар өздерiнiң жеке бастық құпиясының сақталынатына кәмiл сенедi.

Мектепте компьютерлiк сұхбаттасуға арқа сүйемей, шәкiрттермен өткiзiлетiн сұхбаттасу әдiсiн жетiлдiре түсуге бағыт ұстанған жөн.

-тұжырымдамалық – ғылыми тұжырымдарға, психологиялық, дидактикалық, педагогикалық негiздерге сүйену;

-жүйелiлiк – жүйелiлiк белгiлерiне иелiк ету;

-тиiмдiлiк – аз шығынмен зор нәтижеге қол жеткiзу;

-басқарылымдық – педагогикалық процестi менгеру алу;

-алгоритмдiлiк – бiрлескен педагогикалық қызметтiң реттiлiк мүмкiндiгiн құрай алу;

-туындатушылық – педагогикалық технологияны оңды тиiмдiлiкпен жаңалай пайдалану;

-өзектiлiк болып табылады.

Сонымен, жаңартпашылық мектептегi *тұлғалық-бағдарлаушы технологиямен оқыту* алдын ала жоспарланған нәтижеге қол жеткiзуге мүмкiндiк бередi. Мұғалiмнен талап етiлетiнi – оқу-тәрбие жұмысын сауатты педагогикалық жобалау. Жаңартпашылық мектептегi педагогикалық жетiстiктiң кепiлi бiлiм берудi жақсы жоспарлау мен үнеми жаңалап отыру болып табылады.

Осылайша, жаңартпашылық мектептегi педагогикалық процестi жобалау кезiнде *әдiснамалық тәсiлдердiң* көп қырлылығы есепке алынуы қажет, ол ХХI ғасырдың педагогының қабылдауын, дүниенi түсiндiруiн, ойлауын өзгертiп, оның тәжiрибелiк iс-әрекетiне өзiнiң жағымды әсерiн тигiзедi.

Мектептерге жаңартпашылықты енгiзу – ондағы бiлiм берудiң тиiмдi-лiгiн арттырудың ең маңызды жолы болып табылады. Сондықтан, елiмiздiң бiлiм беру саласында мектептердегi мұғалiмдердiң жаңартпашылық бiлiктiлiгi мен мәдениетiн қалыптастыруда жаңа бiлiмге деген қажеттiлiк арта түсу үстiнде екенiн еш естен шығармалық.

Жаңартпа (инноватика) дегенiмiз – ғылымның, техниканың, қоғамдық тәжiрибенiң түрлi салаларындағы жаңа енгiзiлiм туралы ғылымның, педагогикалық процестiң ғылыми теориясы мен практикасы [5]. «*Жаңартпа*» ұғымын ХХ ғасырдың 30-шы жылдары экономикаға австрия ғалымы Й.Шумпетер, 40-шы жылдары немис әлеуметтанушысы В.Зомбарт енгiздi. ТМД-лық педагогикада оған назар аудару 1970 жылдардың соңынан басталды

Жаңартпашылық дегенiмiз – жаңаны игеру мен енгiзу процесi. Жаңашылдық – өз бойына жаңаның мәнiн, амал-тәсiлiн, әдiстемесiн, техникасын және мазмұнын сiңiру құбылысы болып табылады [6]. Осыған байланысты *жаңартпашылық оқыту әдiсi, жаңартпашылық педагогикалық қызмет, педагогикалық жаңартпа (инноватика)* ұғымдарына түсiнiк берейiк.

Жаңартпашылық оқыту әдiсi заманалық педагогикада «мұғалiм мен шәкiрт» қарым-қатынасының жаңа әдiсi ретiнде танылатын жаңа енгiзiм мәнiсiнде түсiнiледi [7]. Мұғалiмнiң жаңартпашылық педагогикалық қызметiн педагогикалық жаңаны құру, тарату және қабылдаудағы кешендi, мақсатты бағытталған процесс ретiнде қарастырамыз. Өйткенi, ұстаздың мақсаты – өз оқушыларының жаңа амал-тәсiлдерге деген ынтасын қанағаттандыру болып табылады [9]. Осының негiзiнде қазiр ұстаздар кеңiнен қолданып жүрген педагогикалық жаңартпа – педагогикалық жаңартпашылықты тудыру туралы iлiм. Ол 9-суреттегi үш бағыттың төңiрегiне топтасады.

Жаңашылдықты енгiзу кезеңi.

Жаңашылдықты кең көлемде iс-тәжiрибеге енгiзу, оны насихаттауды – ашық сабақтарда, бейнетүсiрiлiм мен басылым беттерiнде көпшiлiкке таратуды жолға қою.

Мектептердегі дәстүрлі білім беру формалары мен әдістері қазіргі қазақ педагогика ғылымында кең көлемде қарастырылған тақырып. Оның қазіргі заманға сай келетін мектептегі білім беру әдістерінің дәстүрлі классификациясы мен критерийлері төмендегіше түзіледі.

Ұстаздық жеке іс-тәжірибе мен қазіргі заманғы педагогика ғылымындағы білім берудің жаңартпашылық жобаланулары дәстүрлі және жаңаша білім беру әдістері мен формаларының арасындағы сабақтастық негізінде жүзеге асады. Жаңартпашылық білім беру өз кезегінде дәстүрлі оқытуды жоққа шығармайды, қайта оны толықтырады, кейбір тұстарын өзгертеді. Кәсіби ұстаз осы білім беру әдістерін жете меңгеруге тиіс. Сол білгенін өзгелерге үйретуі керек.

«Өз өткеніңнің тұтқыны болма» деген Гросстың педагогикалық қанатты сөзін басшылыққа ала отырып, белсенді оқытудың теориялық негізі туралы кеңінен сөз ететін боламыз. «Белсенді оқыту әдістері оқу процесін кәсіби біліктілікке тақата түседі» деген неміс педагог ғалымы Гросстың сөзімен біржолата келісе отырып, ТМД бойынша аталған әдіс түрінің қолданыла бастауына қысқаша шолу жасайық. Біз кеңестік білім беру дәуіріндегі ортақ тарихымыз бен тәжірибелерді сызып тастай алмаймыз [9].

ҚОРЫТЫНДЫ

Білім беру әдісі арқылы мектептің белгілі бір оқу жылында алға қойылған мақсаты мен міндетіне қол жеткізуге бағытталған ұстаз бен шәкірттің тәртіпке келтірілген жүйелі үйлескен іс-әрекеті жүзеге асырылады. Мектептегі білім берудің екі қыры бар: объективті және субъективті. Алғашқысына оқу мекемесі өзінің білім беру процесінде тандап алған нақты бір әдіс түрі жатса, келесісіне жеке педагогтың мектептің ерекшелігіне орай қолданатын әдістерінің өзгешелігі жатады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Т.П. Сальникова (2005), *Педагогические технологии Учебное пособие* / Авт.-сост.. М.: ТЦ Сфера.- 128 с. (Учебное пособие).
2. Т.М. Ковалевой (1993), *Проект экспериментальной работы в свободном классе, ориентированном на педагогику Л.Н. Толстого* (в школе «Эврика-развитие») /Томск.
3. Столяренко Л.Д. (2005), *Психология делового общения и управления*, Ростов н/Д: Феникс., — 416 с.
4. Дайана Халкерн (2000), *Психология критического мышления*. — СПб.: Изд. «Питер» -512 с.
5. Петрушин В.И. (2001), *Психологические аспекты деятельности учителя и классного руководителя* — М.: Центр «Педагогический поиск». — 160 с.
6. Скороходова Н.Ю. (2002), *Психология ведения урока*. - СПб: Речь - 148 с.
7. Ксензова Г.Ю (2000.), *Перспективные школьные технологии*.
8. Кукушин В.С.(2004), *Современные педагогические технологии в начальной школе*. Ростов н/Д.
9. Виленский Н.Я., Образцов П.И., Уман А.К. (2004), *Технология профессионально-ориентированного обучения в высшей школе*. — М.: Педагогическое общество России. – 192 с.

ЗАМАНАУИ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҰЛТТЫҚ ҮЛГІСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БАҒЫТТАРЫ

жарат.ғыл. магистрі Г.Ж. АКАНОВА*

Түйіндеме:

Мақалада білім беру жүйесіне енгізілген өзгерістердің ұлттық сананы жаңғыртуда және заманауи бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруда қандай бағыттар орын алу қажеттілігі көрсетілді. ХХІ ғасыр – ғылым мен техниканың қарыштап дамуы мен адам капиталының қоғамдағы орны мен өзектілігін, бәсекеге қабілеттілікті алдыңғы орынға шығаратын, басқаша айтқанда, елбасының мақаласында көрсетілген «білімінің салтанат құратын» заманы. Бәсекеге қабілеттілікті қалыптастырудың ұлттық үлгісінің нақты бағыттары мен оны іске асыру жолдары келтірілген. Заманауи бәсекеге қабілетті білім берудің ұлттық үлгісін қалыптастыру бағыттарына өскелең ұрпаққа жаһандық деңгейде еліміз бен ұлттық құндылықтарымызды, тілімізді насихаттау және ұлттық салт-дәстүрімізді сіңірту үшін ана тілінде емін-еркін сөйлейтін, әлем тілдерін меңгерген, білім мен ғылым, техника салаларын жетік меңгерген, сындарлы ойлайтын тұлғаны қалыптастыру бағыты жатады.

Тірек сөздер: бәсекеге қабілеттілік, ұлттық білім беру жүйесі, ұлттық сана, адам капиталы.

FORMATION TENDENCY OF NATIONAL MODEL OF A MODERN COMPETITIVE EDUCATION

Abstract

The article shows that tendency should be taken in the modernization of national consciousness and the formation of modern competitive personality changes in the education system. The 21st century is a time when science and technology are rapidly developing, and human capital occupies a leading position in society, competitiveness, and, in other words, in the article of the President "the triumph of knowledge". The specific tendency of the national model of formation of competitiveness and ways of its implementation are stated. The tendency of formation of the national model of modern competitive education include the formation of the younger generation of a person who speaks fluent native language, speaks world languages, has knowledge in the field of education, science and technology, critical thinking personality for the promotion and development of national values, language and national traditions at the global level.

Keywords: competitiveness, national education system, national consciousness, human capital.

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында [3] негізгі мақсат – білім берудің бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру, экономиканың тұрақты дамуы үшін сапалы білім беруге қол жетімділікке жету адам капиталын дамыту арқылы қамтамасыз етілуі қажет деп белгіленген. Қазіргі замандағы жағдайда білім берудің бәсекелестігіне елдің даму болашағы мен әл-ауқатының көрсеткіші, мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігіне кепіл болуы талап етіледі. Жаһандану қазіргі әлемдік үдерістің қайнар көзі болып табыла отырып, мемлекеттер, мәдениеттер, экономика арасындағы бәсекелестіктің артуы ғана емес, бірігу, ынтымақтастықтың артуымен де сипатталады. Үш негізгі орталықтар – Гарвард университетінің Стратегия және бәсекеге қабілеттілік институты (АҚШ), Халықаралық менеджментті дамыту институты (ХМДИ) және Дүниежүзілік экономикалық форум (ДЭФ) әлем елдерінің бәсекеге қабілеттілігін анықтайды және даму үрдісін зерттейді. Барлық елдер үшін осы рейтингтегі орын дамудың негізгі көрсеткіші болып табылады. Елдің бәсекеге қабілеттілік рейтингісі жыл сайынғы Дүниежүзілік экономикалық форум ұсынған Жаһандық Бәсекеге қабілеттілік индексі (ЖБИ) арқылы анықталады. Экономикалық дамуының

түрлі деңгейлерінде орналасқан 113 айнымалы әлем елдеріне бәсекеге қабілеттілігін егжей-тегжейлі сипаттайды [1].

Ұлттық бәсекеге қабілеттілік он екі көрсеткішке біріктірілген: институттар, инфрақұрылымдар, макроэкономикалық орта, денсаулық сақтау және бастауыш білім, жоғары білім және кәсіби даярлық, тауар мен қызмет нарығының тиімділігі, еңбек нарығының тиімділігі, қаржы нарығының дамуы, технологиялық деңгей, нарық өлшемі, компаниялардың бәсекеге қабілеттілігі, инновациялық әлеует.

Осы көрсеткіштер арқылы ұлттық бәсекеге қабілетті орта қалыптастырып, білім берудің ұлттық моделін жасақтауға болады.

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, gulsara_48@mail.ru

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында бәсекеге қабілеттілікті ұлттық жаһандық нарықтағы бағасы, сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды, әлдеқайда тиімді дүние ұсына алуын және оның тек материалдық өнім емес, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурсы болуы мүмкін екендігін түсіндіреді [2].

Ұлттық білім беру статистикасы және бағалау орталығының келтірген деректеріне сәйкес мектепке дейінгі даярлық, орта білім беру, кәсіптік және жоғары оқу орындары мен жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіндегі негізгі өзекті мәселелер қатары келтірілген. Атап айтсақ, мектепке дейінгі даярлыққа балаларды қамтудың артуы бойынша жүргізіліп жатқан саясатпен қатар балаларды ерте бастан оқытуға тәрбие мен оқытуда инновациялық технологияларды енгізумен бірге бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету мазмұнын да қайта қарау; қазіргі мектептердегі көптілді оқыту міндеттерін шешу үшін мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды енгізу арқылы арнайы үштілді оқыту бағдарламасының іске асуын қадағалау жатады.

Осы жерде ұлттың жаны -тіл екенін ескерсек, бәсекеге қабілетті ұлтын сүйетін ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеуде мектепке дейінгі білім беру жүйесіне үштілділікті енгізу – ел болашағына төнетін қатер деп түсінуге болады.

Біз заманауи бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін жасақтау үшін, ұлттық сана мен құндылықтарды ең бірінші кезекте ескеруіміз қажет. Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде ең бірінші кезекте – мемлекеттік тілді үйрету, мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, санасы, тәлім-тәрбиесі енді қалыптасып келе жатқан жас буынның бойына ұлттық құндылықтарды сіңірту – ең бірінші кезектегі міндеттердің бірі болуы тиіс.

Өз ана тілі мен ұлттық болмысты, ұлттық құндылықтарды ең бірінші кезекте бойына сіңірген ұрпақ кез келген ортада бәсекеге қабілетті боларына күмәнсіз қарауға болады.

Ғылым мен техниканың тілін меңгеру үшін көптілділік бағдарламасы – заманауи бәсекеге қабілетті тұлға даярлаудағы негізгі бағыттардың бірі деп қарау керек, бірақ көптілділік – орта білім беру жүйесінен бастап енгізілгені құптарлық жайт.

«Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Елбасының Жолдауында ұлттық білім берудің сапасын жақсартуда ауқымды жұмыстар күтіп тұрғандығына атап өтті. Елбасы 2020 жылға қарай мектепке дейінгі білім беру жүйесіне заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелері, білікті мамандар қажет болатындығын алға тартқан болатын, мектеп түлектерінің қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуі тиістігі және олардың жаңартылған білім жүйесіне сәйкес сындарлы ойлау, өзіндік зденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеруді де жатқызған болатын [4].

Елбасының Жолдауына сәйкес еліміздің барлық аймақтарындағы мектептерде жаңартылған білім беру бағдарламасы Назарбаев Зияткерлік Мектептерінің білім беру бағдарламасы негізінде жүргізіліп жатыр.

Сондай-ақ, әлемдік білім нарығына шығу үшін қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуі – ең маңызды, жауапты кезеңдердің бірі деуге болады. Елбасы ««Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында латын әліпбиіне көшу жұмыстарының дәйекті, біртіндеп жүргізілетіндігін алға тартты.

Бәсекеге қабілетті заманауи білім беру жүйесінің ұлттық үлгісін қалыптастырудағы негізгі бағыттар – көптілділік, «Цифрлы Қазақстан», латын әліпбиіне көшу.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, заманауи бәсекеге қабілетті білім берудің ұлттық үлгісін қалыптастыру бағыттарына өскелең ұрпаққа жаһандық деңгейде еліміз бен ұлттық құндылықтарымызды, тілімізді насихаттау және ұлттық салт-дәстүрімізді сіңірту үшін ана тілінде емін-еркін сөйлейтін, әлем тілдерін меңгерген, білім мен ғылым, техника салаларын жетік меңгерген, сындарлы ойлайтын, өз елінің әр тау-тасын сүйетін патриот дайындап шығару – ең маңызды бағыт деп түсіну қажет. Жаһандық ғылым-білім көшінен қалмау үшін, латын әліпбиін ертерек меңгеріп, заманауи технологияларды пайдалануды, құрастыруды, ойлап табуды және ағылшын тілін үйренуді әрбәр азамат кезек күттірмейтін мәселе ретінде ең бірінші орынға шығаруы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. А.Ж.Құлтуманова, Г.О.Медетбекова, Г.А.Ноғайбаева, В.В.Ақтаева, Г.К.Кусиденова, С.А. Алшимбаева, А.Б.Төртқараева, Ж.Е.Сад (2012), *Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің жағдайы мен дамуы туралы ұлттық баяндама*, Астана, Б.15.
2. Н.Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру (2017), Астана.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011- 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (2010), Астана
4. *«Қазақстан Жолы - 2050: Бір Мақсат, Бір Мүдде, Бір Болашақ»*. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Халқына Жолдауы (2014), Астана.

ХИМИЯ ПӘНІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ЗАМАНАУИ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

х.ғ.к. **А.М. НУРБЕКОВА***
2 курс студенті **Е.А. ӨМІРЗАҚ**
2 курс студенті **Д.А.ӘЛИАКБАР**

Түйіндеме:

Мақалада оқытудың инновациялық технологияларын оқу үдерісінде қолдану мәселелері қарастырылады. Бүгінде ақпараттандырылған заманда оқу үдерісінде ақпараттық технологияларды пайдалану түрлі мәселелер тудырумен қатар білім алушылардың таным сапасын жетілдіруге, оқу материалдарын меңгеру сапасын арттыруға және қолдануға тиімді. Мақалада оқытудың негізгі мақсаты, яғни жетілдірілген оқыту технологияларын қолдана отырып оқу үдерісіндегі ғылыми педагогикалық іс-әрекетті дамыту, үздіксіз жетілдіру, тәжірибе жүзінде қалыптастыру, қоғам мен айнала қоршаған орта арасындағы байланысты қайта құру, білім алушыларда өзіндік жұмыс үлгілері дамыту, тұлғаны нақтылыққа, жүйелі іс-әрекетке бейімдеу, таным сапасының жетілдірудегі педагогикалық қызмет басым қарастырылады.

Түйін сөздер: білім беру; инновациялық технология; білім алушы; белсенді техникалық құралдар; маман; ақпараттық технологиялар.

MODERN EFFECTIVE METHODS OF TRAINING CHEMISTRY**Abstract:**

The actual problems of innovative methods in the process of training have been considered by the author of this article. The author tried to solve the problems at introduction of these methods in the process of students' training. In the article the advantages of innovative approach in comparison with the traditional forms of students' education are reasonable shown. Optimization of modern methods of training and their introduction in the educational process are also considered by the author. In the process of training information technologies that are the integral part of this method of training are used. The given innovative methods allow training unconventionally thinking young specialists.

Keywords: education; innovative technologies; student; technical; technician; information technology.

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», – деп, білім беру жүйесін одан ары дамыту міндеттері көзделеді.

Қазіргі кезеңде Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдында қойылып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекеттің ғылыми – педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі.

Жаңа педагогикалық технологиялар - бұл білімнің басында мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамасымен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда іс-әрекет оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды. Химияны оқыту методикасының зерттейтін объектісі – сол пәнді оқыту әрекеті. [1.2]

Химияны оқыту методикасы ғылыми оқыту әрекетін методикалық деңгейде зерттейді. Барлық жеке пәндерді оқыту, солардың ішінде химияны оқыту методикасы дидактиканың ашқан жаңалықтарына сүйенеді, оларды өзінің методологиялық негізі ретінде пайдаланады. Химияны оқыту әдістері, ғылыми зерттеу әдістерімен ұштасып жатады, оқушылардың химия объектілерін танып-білу әрекетінің ерекшеліктерімен де сипатталады.

Химиялық орта білім беру бір-бірінен бөліп қарауға болмайтын үш орындалатын міндеттен тұрады. Ол оқытудың білімдік, тәрбиелік және дамытушылық мақсаттары деп аталады. Химия пәнінің білімдік, тәрбиелік және дамытушылық мүмкіндіктері, химиялық орта білім берудің негізгі міндеті

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, х.ғ.к. marzhan85@mail.ru

аға ұрпақтардың жинақтаған тәжірибесі негізіндегі білімді логикалық және дидактикалық өңдеуден өткізіп, түсінікті етіп беру.

Қазіргі кездегі оқытудың мақсаты - жеке адамды жан-жақты және кешенді оқыту, тәрбиелеу және дамыту. Қазақстан мектебінің алдына қойылып отырған мақсаты оқыту технологиясы арқылы оқу мен тәрбие жұмысын дамыту, еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту бағытында өскелең ұрпаққа жүйелі, нақты білім беру болып табылады.

Пәнді оқытуда қолданылатын жаңашыл әдістерді қолдану тиімділігі төмендегідей;

- Интербелсенді әдіс-тәсілдерді пайдаланып, оқушылардың танымдық қызығушылығын және білім сапасын арттыру; -

Интербелсенді әдіс-тәсілдің дәстүрлі білім беруге қарағанда оқушыларда алған білімді жүйелеу;

-Интербелсенді әдіс-тәсілдерді пайдаланғанда мұғалімнің уақытын үнемдеу және тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Оқушыларға химиядан жүйелі білім беруде сабақ басты орын алады. Сабақ - өте күрделі, жан –жақты, көп қызмет атқаратын педагогикалық үрдіс. Сабақ мақсат қоюдан басталады. Қазіргі кезде сабаққа қойылатын мақсаттың үш түрі белгілі, олар: жалпы педагогикалық (тәрбиелеу мен дамыту), дидактикалық (оқи білу дағдысын меңгеру), әдістемелік (химия пәні бойынша білім мен іскерлікті қалыптастыру, дүниетанымдық көзқарастарды түсініп, қорытындылар жасай білуге үйрету) мақсаттардың ортақтығы негізінде іске асырылады. Сабақта оқытудың барлық формасында жақсы нәтижеге жету үшін бір формадан екінші формаға ауысып отыру оң нәтиже береді. Жаңа сабақтың материалын оқуда ұжымды жүргізледі. Оқытудың түрлі формаларын қолдану оқушылардың белсенділігін, өз бетінше жұмыс істеу және таным қабілетін арттырады. Қазіргі сабақ оқушылардың өзіндік жұмыстарынсыз болмайды. Ол- оқушылардың алдына қойған мақсаттарын орындау қызметі. Өзіндік жұмыстарды орындау арқылы оқушылар көрсетілген бағдарламалық білімді, жаңа біліктер мен дағдыларды игереді, өзіндік шығармашылық қабілетін дамытады, ғылыми танымдық әдістерді меңгереді. [3,5]

Химия пәні бойынша сабақтың бес типін көрсетуге болады:

1. Жаңа білім мен дағдыны меңгеру сабақтары.
2. Сарамандық білімді, дағдыны, іскерлікті жетілдіру және қалыптастыру сабақтары.
3. Білімді жүйелеу, қайталау, қорытындылау, жалпыламалау сипатындағы сабақтар.
4. Білімді бақылау, тексеру, есепке алу сабақтары.

Almaniyada lobbi fəaliyyəti üzrə vahid qanunvericilik aktı olmasa da, bir neçə qanun vardır ki, orada lobbizm məsələləri öz əksini tapmışdır. Bunlardan Konstitusiyanın 17-ci maddəsini (“Hər kəsin müstəqil və ya birgə yazılı surətdə müvafiq orqanlara və parlamentə müraciət etmək hüququ var”), “Federal nazirliklər haqqında vahid əsasnamə”, “Bundestaqın fəaliyyətinin reqlamenti”, “Bundestaq üzvünün fəaliyyət məəcəlləsi”, “Bundestaqda ittifaqların və onların nümayəndələrinin qeydiyyatı haqqında” və digərlərini göstərə bilərik.

Məsələn, “Federal nazirliklər haqqında vahid əsasnamədə” nazirliklərdə federal qanunların hazırlanması mərhələsində peşakar ittifaqların və assosiasiyaların iştirakı icazəsi vardır. “Bundestaqın fəaliyyətinin reqlamentidə” isə analogi subyektlərə parlamentdə müvafiq fəaliyyət göstərmək icazə verilib. “Bundestaq üzvünün fəaliyyət məəcəlləsində” deputatlara mükafat müqabilində parlament komitələrinə çıxarılmış problemlərlə məşğul olmaq icazəsi verilir. Onlar eyni zamanda hansı lobbist təşkilatlarla iş birliyi qurduğu haqqında məlumat verməlidir.

“Bundestaqda ittifaqların və onların nümayəndələrinin qeydiyyatı haqqında” qanunda federal hökumətin bütün idarələrinə və parlamentə çıxışı olan ittifaqların, assosiasiyaların siyahısının aparılması qaydaları göstərilmişdir. Şərtlərə əsasən, alınan və xərclənən vəsaitlərin həcmi göstərilmir. Qeydiyyat zamanı, yalnız təşkilatın adı, ünvanı, rəhbərliyi, maraq dairəsi, üzvlərin sayı, Bundestaq və Federal hökumət yanında nümayəndənin adı və ünvanı göstərilməlidir.

Müasir dövrdə leqal əsaslarla Almaniyada Bundestaqda bir neçə yüz lobbist təşkilat fəaliyyət göstərir. Onlar rəsmi məlumatlar alır və açıq surətdə parlamentin profil komitələrinin iclaslarında iştirak edib mövqelərini bildirə bilirlər. Lakin lobbizm sahəsində vahid qanunvericiliyin olmaması, lobbizmin yalnız hüquqi şəxslərə şamil edilməsi, qeydiyyat və vəsaitlərin həcmi ilə bağlı olan məsələlərdə qeyri-dəqiqlik və digər məsələlər Almaniyada lobbizmin hüquqi əsaslarının bir sıra boşluqlarına dəlalət edir.

Qeyd edək ki, lobbizm Almaniyada keçmiş alman siyasətçiləri üçün ənənəvi iş yeri hesab olunur. Belə ki, məlumdur ki, keçmiş kansler Şröder Almaniyada Rusiyanın “Qazprom” şirkətinin, keçmiş XİN Yoşka Fişer isə BMW-nin maraqlarını təmsil edir.

Fransada uzun müddət lobbizm qeyri-qanuni hesab olunurdu, çünki, hesab olunurdu ki, hökumət yalnız ümumill maraqları təmin etməlidir. Bu müddəalar isə fransız maarifçilərinin, xüsusilə J.J.Russonun “İctimai

müqavilə” əsərlərindən qaynaqlanır. Lakin 1980-cı ildən başlayaraq, bu sahədə bir sıra addımlar atılmağa başladı. 1984-cü ildə “İttifaqların azad fəaliyyəti barədə” qanunun qəbul olunması lobbi fəaliyyətinə daha geniş meydan açdı. Burada çoxsaylı ictimaiyyətlə, hökumət və parlamentlə əlaqələr üzrə təşkilatlar qrupları fəaliyyət göstərir. Belə ki, Fransada peşəkar səviyyədə öz maraqlarını təmin etməyə çalışan 1500-dən çox təşkilatlar vardır.

3. Eyni zamanda 1958-ci il konstitusiyasına əsasən Fransada çoxsaylı peşəkar təşkilatların üzvlükləri Sosial-İqtisadi Şura vardır ki, o, respublikada hazırlanan bütün sosial və iqtisadi xarakterli qanun layihələrinə şərhlər və əlavələr verir. Qeyd edək ki, belə faktiki lobbi fəaliyyəti ilə məşğul olan təşkilatlar Avstriyada, Hollandiyada, Yaponiyada (“Kayderen”) və digər ölkələrdə mövcuddur. (Профессиональный словарь лоббистской деятельности (составитель П.А. Толстых), 2009: 40)

Qazaxıstanda lobbi fəaliyyətinin tənzimlənməsi son onilliyin ən çox müzakirə olunan mövzularındandır. Bu qanunun qəbul olunmasının təşəbbüskarı isə Ədliyyə Nazirliyidir.

Qazaxıstanda lobbi fəaliyyətinin tənzimlənməsinə ilk dəfə 1999-cu ildə cəhd edilmişdir. “Qanunvericilik aktlarının lobbiləşdirilməsi haqqında” qanun layihəsinin məqsədi vətəndaşların və hüquqi şəxslərin qanunvericilik aktlarının hazırlanmasında maraqlarının nəzərə alınması idi. Qanunun qüvvəsi parlament deputatlarına və hökumət məmurlarına şamil olunurdu və lobbi fəaliyyəti parlamentlə bərabər hökumətdə də göstərilə bilərdi.

Lakin qanunun məqsədlərinin tam açıqlanmaması və əhatə olunmaması, lobbi təşkilatlarının fəaliyyətlərinin mexanizmi, fəaliyyət forma və metodları tam açıqlanmadığı üçün və digər səbəblərdən qanun layihəsi qəbul edilmədi. 2002-ci ildə yenidən bu sahədə təşəbbüslər olsa da, layihə parlamentə kimi çıxış bilmədi.

10 yanvar 2010-cu ildə Qazaxıstan parlamentində “Lobbi fəaliyyəti haqqında” qanun layihəsi müzakirəyə çıxarıldı. Bu qanun qüvvəsi yalnız parlamentə şamil olunurdu və lobbizm qanunvericiliyi prosesində öz maraqlarının təmsil olunması və yeridilməsi kimi qiymətləndirilirdi.

4. Layihəyə əsasən lobbist kimi yalnız ən azı 10 hüquqi şəxsi birləşdirən sahələrarası assosiasiyalar, ittifaqlar çıxış edə bilərdilər. Həmkarlar təşkilatlarının, ictimai təşkilatların və ayrı-ayrı hüquqi şəxslərin lobbi fəaliyyəti istisna olunurdu. Lobbistlərə qeydiyyatdan keçdikdən sonra qanun layihəsinin hazırlanmasında iştirak etmək hüququ verildi. Onlar öz fəaliyyətləri barədə illik hesabatlar da verməli idilər. (Шоманов Аскар, 1998: 10)

Rusiyada da dəfələrlə bu sahənin leqallaşdırılması, bu sahədə maliyyə axınının nəzarətə alınması məqsədilə qanun layihələri hazırlanmışdı. 1995-ci ildə Amerika modeli əsasında “Dövlət hakimiyyətinin federal orqanlarında lobbi fəaliyyətinin tənzimlənməsi haqqında” qanun layihəsi hazırlansa da Dumada qəbul olunmadı. 2003-cü ildə analoji cəhd də uğursuz oldu.

Məlumdur ki, Rusiya ən çox lobbistin fəaliyyət göstərdiyi dövlətlərdəndir. Orada bir çox iri şirkətlərin də GR şöbələri mövcuddur, alüminium, neft sənayesi, pivo və alkoqol istehsalçılarının və digərlərinin hökumətə və qanunvericilərə ciddi təsir etmək imkanları bir çoxlarına məlumdur.

Göründüyü kimi lobbi institutunu beynəlxalq hüquq təcrübəsində yenilik hesab etmək olmazdı. Artıq bir neçə dövlətin bu sahədə hüquqi əsaslarını yaranması, bir neçə ölkədə isə cəhdlərin edilməsi ictimai sifarişin yetişdiyinə dəlalət edir. Lakin beynəlxalq münasibətlər və dövlətdaxili münasibətlərdə lobbizmin böyük, tənzimlənməsi, aşkar olunması çətin olan tərəflərinin olması bu institutun son həllini tapmasını çətinləşdirir.

4. AZƏRBAYCANDA LOBBİZMİN HÜQUQİ ƏSASLARI VƏ İSTİQAMƏTLƏRİ

Azərbaycanda lobbizmin latent xarakter daşması labüddür, onun hüquqi tənzimlənməsi zərurəti yaranmaqdadır. Belə ki, ölkədə sürətlənən hüquqi dövlət quruculuğu, demokratikləşmə, korrupsiya və inhisarçılığa qarşı mübarizə, qeyri neft sektorunun, kiçik və orta sahibkarlığın inkişaf etdirilməsi, bürokratik əngəlliklərin aradan qaldırılması, “vahid pəncərə” sistemlərinin tətbiqi və digər amillər “Lobbi fəaliyyəti haqqında qanunun” qəbulu kimi ictimai sifarişi formalaşdırır.

Ümumiyyətlə, respublikamızda bir neçə qanunvericilik aktları vardır ki, orada lobbi fəaliyyətinin ilkin zəminlərini görmək olar. Xüsusilə ilkin hüquqi baza kimi Konstitusiyanın “Məlumat azadlığı” adlanan 50-ci maddəsini (hər kəsin qanuni yolla istədiyi məlumatı axtarmaq, əldə etmək, ötürmək, hazırlamaq və yaymaq azadlığı vardır) və “Müraciət etmək hüququ” adlanan 57-ci maddəsini (AR vətəndaşlarının dövlət orqanlarına şəxsən müraciət etmək, habelə fərdi və kollektiv yazılı müraciətlər göndərmək hüququ vardır) göstərə bilərik. (Azərbaycan Respublikasının Konstitusiyası. 2008: 40)

AR Konstitusiyasının 96-cı maddəsində isə qanunvericilik təşəbbüsünün AR seçki hüququ olan 40 min vətəndaşına mənsubluğunun göstərilməsi, onların təşəbbüsü ilə qanun və qərar layihələri hazırlanaraq Milli Məclisə müzakirə olunmaq və səsə qoyulmaq üçün təqdim oluna bilməsi, qərbdə geniş yayılmış “grass-rooting lobbying” üçün əlverişli şərait yaradır. (Azərbaycan Respublikasının Konstitusiyası. 2008: 67)

Həmçinin “AR Milli Məclisinin Daxili Nizamnaməsinin” 3-cü maddəsində, “AR Milli Məclisinin komitələri haqqında” Qanunun 5-ci maddəsində, “AR Milli Məclisinin daimi komissiyaları haqqında” Qanunun 5-ci maddəsində Milli Məclisin qanun yaradıcılığı prosesində başqa şəxslərin, o cümlədən siyasi partiyaların, həmkarlar ittifaqları birliklərinin, ictimai birliklərin nümayəndələri, alimlər, ekspertlər, mütəxəssislər və iştirakı zəruri hesab olunan başqa şəxslərin iştirakına imkan verilmişdir. Məhz bu zaman maraqlı qruplar olan lobbistlər öz fikirlərini orada iştirak edən müvafiq icra və qanunvericilik nümayəndələrinə çatdırı bilərlər.

Analoji məqamları biz daha bir neçə normativ-hüquqi aktlarda, o cümlədən “Məlumat azadlığı haqqında”, “İnformasiya əldə etmək haqqında” və digər qanunlarda görə bilərik. Bütün bunlar respublikada məhdud da olsa “passiv lobbi fəaliyyəti” üçün hüquqi bazanın olduğunu göstərir.

Biznesin və digər qrupların dövlətdən nisbi üstünlüklər və güzəştlər əldə etməsi istiqamətində respublikamızda bir neçə addım da atılmışdır. Bunlardan xüsusilə, quşçuluq müəssisələrinin, kənd təsərrüfatı ilə məşğul olan şəxslərin vergilərdən azad olunmasını göstərə bilərik. Eyni zamanda bir sıra sosial qrupların güzəştlər əldə etməsi təcrübəsi də vardır. Düzdür, bunların əldə olunması həmin sahələrin lobbistlərindən daha çox, bu sahələrin inkişaf etdirilməsində maraqlı olan müvafiq dövlət orqanlarının xidmətləridir. Bu isə ABŞ-da mövcud olan “Prezident lobbizminə” işarədir.

Daha bir məqam isə lobbizmin bizim parlamentdə latent formada mövcudluğudur. Məlumdur ki, bütün çağırışlarda bu və ya digər millət vəkilləri konkret təkliflərlə, bu və ya digər hüquqi və fiziki şəxslərin maraqları çərçivəsində olan məsələlərlə əlaqədar çıxışlar edir, bu və ya digər dövlət orqanlarına sorğular göndərməklə onların maraqlarını təmin edirlər. Bundan ötrü millət vəkillərinin əməyinin dəyərləndirilməsi məsələsi isə gizli qalır. Bunu isə “Korrupsiyaya qarşı mübarizə haqqında” AR Qanunun 9-cu maddəsinə əsasən korrupsiyaya şərait yaradan hüquqpozma kimi dəyərləndirmək olar.

2014-cü ilin iyunun 1-də qüvvəyə minmiş “İctimai iştirakçılıq haqqında” Azərbaycan Respublikasının Qanununun qüvvəyə minməsi bu sferada yeni mərhələ, lobbi fəaliyyətinə aydınlıq gətirilməsində yeni vasitə oldu. Belə ki, bu qanun yeni anlayış olan “ictimai iştirakçılıq” hüquqi-siyasi dövrüyyəyə saldı – “ictimai iştirakçılıq” dedikdə, dövlət və cəmiyyət həyatının müxtəlif sahələrində, dövlət siyasətinin hazırlanmasında və həyata keçirilməsində, dövlət qərarları qəbulunda, icra hakimiyyəti orqanlarının fəaliyyətinə ictimai nəzarətin təşkilində vətəndaşların və vətəndaş cəmiyyəti institutlarının qanunla müəyyən olunmuş formada iştirakı, həmçinin dövlət orqanlarının ictimaiyyətlə məsləhətləşməsi və ictimai rəyin nəzərə alınmasıdır. “İctimai iştirakçılıq” anlayışının “lobbiçilik” anlayışı ilə üst-üstə düşməsi, fərqlərin əsasən kommertiya maraqları baxımından olması, “ictimai iştirakçılıq” sifət sosial-humanitar çərçivələrlə məhdudlaşması anlamına gətirib çıxarır. Bununla belə bu qanunun qəbul edilməsi lobbi fəaliyyətinin hüquqi tənzimlənməsində əhəmiyyətli addım hesab etmək olar.

Qanun əsasən sosial-humanitar xarakter kəsb edir və bu onun subyektlərinin tanınmasında da özünü göstərir. Belə ki, qanunla ictimai iştirakçılıq subyektini kimi vətəndaş cəmiyyəti institutları olan qeyri-hökumət təşkilatları, KİV, həmkarlar ittifaqları və digər bu kimi sosial qruplar tanınmışdır. Qanunda həmçinin lobbi fəaliyyəti üçün xarakterik olan anlayışlar, o cümlədən ictimai müzakirə, ictimai dinləmə, ictimai rəyin öyrənilməsi, ictimaiyyətlə yazılı məsləhətləşmələr kimi anlayışlar leqallaşdırılmışdır.

Lakin “Lobbi fəaliyyəti haqqında” qanunun olması bu sahədə maliyyə axınını şəffaf edə bilərdi və bu problemlərin daha təşkilatlanmış, hüquqi müstəvidə, qarşı tərəfin maraqları hesabına yox, məhz maraqların balanslaşdırılması fonunda həllinə gətirib çıxara bilərdi.

AR Konstitusiyasında qanunvericilik təşəbbüsünün həm də Ali Məhkəməyə məxsusluğunun göstərilməsi, bu orqanda da lobbi fəaliyyətinin həyata keçirilməsi imkanlarının araşdırılması zərurətini yaradır. Bu ilk növbədə bu orqanda korrupsiyaya qarşı mübarizə üçün effektiv vasitənin yaradılmasına səbəb ola bilərdi.

Beləliklə, lobbi fəaliyyətinin leqallaşdırılması respublikamızın hüquq və qanun yaradıcılığı prosesinin inkişafına, yeni iş yerlərinin yaranmasına, peşəkar lobbistlərin formalaşmasına, məmur-vətəndaş münasibətləri arasında səddin aradan qaldırılmasına, korrupsiya və inhisarçılığa qarşı effektiv mübarizə sisteminin formalaşmasına və ümumilikdə demokratiyanın yüksəkliyi göstəricisi olan sağlam vətəndaş cəmiyyətinin formalaşmasına gətirib çıxara bilər.

ӘДӘБИҮҮАТ:

- Azərbaycan Respublikasının Konstitusiyası. (2008), Qanun, Bakı, 128 s.
- Автономов А. (2004), Азбука лоббирования. ИРИС, М., 112 с.
- Зяблюк Н. (1976), Лоббизм и политика. «Мысль», М., 207 с.
- Любимов А. (1998), Профессиональный лоббизм. Технологии лоббирования. Изд. Гос. Думы, М., 199 с.
- Профессиональный словарь лоббистской деятельности (составитель П.А. Толстых) (2009), // Центр по изучению проблем взаимодействия бизнеса и власти, Москва, 120 с.
- Шоманов Аскар, (1998), «Лоббизм и экономические реформы в Казахстане в постсоветский период» // Central Asia in Transition №61
- Our American Government.N.Y., (1998), 89 p.

РАУШАН ГҮЛДЕРІНІҢ ШЫҒУ, ТАРАЛУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ БАҚТЫҚ ТОПТАРЫНА СИПАТТАМА

б.ғ.к аға оқытушы **Т.К. БАЙБЕКОВА***
б.ғ.к қауым. проф. м.а. **Л.Е. АНУАРОВА**
а/ш.ғ.к. қауым. проф. м.а. **Э.М. ИМАНОВА**

Түйіндеме:

Раушангүлдер Иран елінде алғашқы рет 5000 жыл бұрын қолдан өсіріле бастаған. Бүгінгі күні дүниежүзіндегі раушан гүлдердің 25 мыңнан астам сорттары бар. Олар 35 бақтық топқа бөлінеді. Раушангүлінен алынған өнімдер медицина мен парфюмерияда кеңінен қолданылады. Раушангүлдің жаңа сорттарын алу үшін оның шығу тегі мен бақтық топтарын ескере отырып бағытталған сұрыптау жұмыстарын жүргізу тиімді болып есептеледі.

Тірек сөздер: раушан гүлі, таралу тарихы, косметика, медицина, хош иіс, дамасс раушаны, центифолия раушаны, раушан майы, таралу аймақтары, сұрыптау бағыттары

HISTORY OF ORIGIN AND DISTRIBUTION OF ROSES AND DESCRIPTION ON GARDEN GROUPS

Abstract:

For the first time in Iran, a rose was cultivated 5000 years ago. In the world now there are more than 25 thousand varieties of roses, they belong to 35 garden groups. Rose is a beautiful greening crop, the production of roses is widely used in medicine and perfumery. Well-known firms in France, Germany, England, the USA, Japan, Russia are not only widely bred, but constantly borrowed by selection for breeding new beautiful, resistant to unfavorable conditions and diseases of roses. For the purpose of obtaining new varieties, directive selection work is considered promising, where great attention is paid to the history of the origin of roses and belonging to certain garden groups.

Keywords; flower roses, history of distribution, cosmetics, medicine, aroma, damask rose, rose centipholia, rose oil, distribution zones, breeding directions

КІРІСПЕ

Өсімдіктердің жаңа түрлерін жергілікті жерге жерсіндіру, немесе жаңа сұрыптар алу ауыл шаруашылығы үшін де, ғылым үшін де қиын екенін бәріміз де білеміз. Бірақ та осы бағыттағы жұмыстар толастамай үнемі жүріп отыру керек. Жер үстінде өмір сүре отырып біз табиғатты қорғауды, табиғи байлықтарды толықтырып отыруды үнемі жадымызда ұстағанымыз дұрыс. Адамның ішкі дүниесін байытатын және барлық адамзат бірдей қабылдайтын әдемілік – ол гүлдің әдемілігі. Халық даналығында айтылғандай: «Гүл өсірген адам өзіне де, өзгеге де қуаныш әкеледі». Қазіргі кезде қоршаған ортаны безендіру үшін және косметика мен медицинаға керекті өнімдер алу үшін ең көп пайдаланатындарға раушан гүлі жатады. Жаңа сұрыптар алу үшін раушан гүлінің бақтық топтарының шығу және таралу тарихын жан-жақты зерттеу қазіргі өзекті мәселелердің бірі болып есептеледі.

«Қазақстан - 2030» бағдарламасындағы жеті басымдылықтың бірі – қоршаған ортаны қорғау, биосфера ресурстарын тиімді пайдалану, табиғи байлықтарды толықтырып отыру(1). Адамның ішкі дүниесін байытатын және барлық адамзат бірдей қабылдайтын әдемілік – ол гүлдің әдемілігі бәрімізге белгілі. Олай болса гүл егіп, айналамызды ажарландыру жаратылыстанушылардың, оның ішінде ұрпақ тәрбиелеушілердің тікелей міндеті болса керек. Жол картасы бағдарламасы бойынша көгалдандыру мен гүлзарлар жасау тек үлкен қалаларда жүріп жатыр, ал ауыл, аудан және басқа мекендерді жасыл желекпен көмкеру – денсаулық үшін де, сәндік үшін де өте пайдалы. Әсіресе үнемі гүлдеп тұратын, әрі тиімді көпжылдық өсімдіктермен, соның ішінде раушан гүлдерімен безендіру қазір сәнге айналмақшы. Жұмыс табысты болу үшін осы саладағы жан-жақты зерттеулерді үнемі жүргізіп отыру керек.

– Біздің негізгі мақсатымыз:

- раушангүлдердің шығу және таралу тарихын зерттеу:

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ, aierke_2006@mail.ru

- оның алатын өнімдердің түрлерін және өмірде қолданылатын пайдалы жақтарын анықтау;
- жаңа, әдемі және қоршаған ортаның ауа райына төзімді сорттар алу үшін сұрыптау бағыттарын анықтау және раушан гүлдердің бақтық топтарына сипаттама беру.

Раушан гүлінің таралу тарихын біле отырып, оны сұрыптап таңдау, өсіру, әртүрлі көбейту әдістерін білу ғалымдарға ғана емес - мектепте де, жоғары оқу орындарында жұмыс істейтін биологтарға, тіпті әрбір адамға өте қажет десек қателеспейміз.

1. Раушан гүлдерінің шығу және таралу тарихы

Раушан гүлі – гүлдердің патшайымы. Жалынды махаббат пен тәжім етудің, сүйкімділіктің нышаны. Раушан гүлі ерте замандардан-ақ ең сәнді өсімдік саналып келген. Аталған гүлдің әдемілігі жағынан да, түсінің байлығы жағынан да, мұрныңызды жарардай хош иісі тұрғысынан да **тендесі жоқ**.

Парсылар раушанның өте көп түрлерін өсіретін ел қатарында, олар алғашқыда мускус иісті, көп күлтелі раушанды көптеп өсірген. Олардың раушан бағында биіктігі 6 метрге, жуандығы 70 см дейін жететін Эглантирия раушан гүлі ағашын кездестіруге болады. Мұндай раушан ағашы дүниежүзінің басқа ешбір жерінде кездеспейді.

«Гүл патшасының» отаны Парсы елі (Иран) болып саналса да, раушан туралы алғашқы мәліметтер үндістердің ертедегі аңыздарында да кездеседі. Үнді еліне хош иісті парсы раушанын монғол империясының негізін салған, өмірінің көп бөлігін бақ өсіруге арнаған Бабур әкелген деседі. Ал оның шөбересі Жахангердің әйелі Нұр Жаған раушан майын алғашқы болып ашқан екен (2).

Раушан гүлдері туралы алғашқы деректер біздің эрамызға дейін VI -VII ғасырларға жатады. Раушан гүлдерінен май алу әдісі туралы ертедегі Санскрит әдебиетінің ескерткіші болып табылатын Үнді Ведасында айтылған.

Дүниедегі ең қымбат раушан майын алу үшін өте көп күлтелер қолданылады, себебі күлте жапырақшалары массасынан 0,03% қана май алуға болады. Осы күнге дейін раушан майы аз өндіріледі және өте жоғары бағаланады. Ең қымбат парфюмерияны шығарушылардың бәрінің бірдей табиғи раушан майын пайдалануға қолдары жете бермейді. Орта ғасырда раушанның хош иісі жүрекке, бас ауруына, жүйкеге жайлы әсер етеді деп есептелген. Қазіргі ароматерапияда раушанның хош иісі тыныштандырады, жүйке жүйесіне оң әсер етеді, бас ауруын жазады, шаршағаннан арылтады деп есептелінеді. Раушан майы теріге де, әсіресе сезімтал теріге жақсы әсер етеді. Парфюмерияда раушан гүлінің тек екі түрі ғана пайдаланылады. Біріншісі - Дамаск раушан гүлі (кейде оны Болгар раушан гүлі деп те атайды), оны түріктер Сириядан Болгарияға XIV ғасырда әкелген. Дамаск раушаны қазір Түркия мен Болгарияда өсіріледі. Екіншісі - Центифолия раушаны Мароккада, Египетте, Францияда таралған, ол жерге XV ғасырда әкелінген. Центифолия раушан гүлін май айында жинайды, оны Май раушан гүлі деп те атайды. Тек Центифолия раушаны ғана бай хош иісті болып келеді, олардың кең таралған түрлері: сандал, жасмин, герань, бергамот, цитрус иістілері(1,2).

Атақты философ, дәрігер, зерттеуші, әрі ақын Ибн Сина (Авиценна) «Дәрігерлік ғылымның канонында» кептірілген және кептірілмеген раушан гүлдерінің жапырағы мен гүлінен жасалатын көптеген дәрілердің әзірлеу әдістерін көрсеткен. Олардан көптеген тұнбалар, шырындар, жақпалар, майлар және раушан гүлі суын әзірлеген.

Раушан гүлдерінің алғашқы сорттары R. Gallica L. түрінен алынған. Галлияда (Францияда) кең таралғандықтан оларды гальдық немесе француздық раушан гүлі деп те атайды. Ең алғашқы раушан гүлдері Кавказ бен Таяу Шығыста таралған.

Түрік сұлтандарының бақтары, татар ханының Бақшасарай бағында раушан гүлдерінің барлық түсі мен түрлері молынан өсірілген.

Дүниеде раушан гүліндей әдемі, хош иісті басқа гүл жоқ. Соны білген француздар раушан гүліне арнап театр салған, онда негізгі кейіпкері гүл болатын спектакльдер қойылған.

Зерттеушілер бір-біріне тәуелсіз пайда болған мәдени раушан гүлдері тараған екі ауданды анықтады. Біріншісі - Азияның Оңтүстік-шығыс елдері: Үндістан мен Қытай. Екіншісі - Таяу Шығыс елдері: Иран, Вавилон, Сирия, Персия. Кейін бұл жерлерден Греция мен Римге раушан гүлінің мәдени түрлері әкелінді.

Әсіресе, Көне Римде раушангүл ерекше даңқа ие болды. Раушан гүлдінен алынатын раушангүл майы косметика мен медицинада әртүрлі дәрілер жасауда қолданылады.

XIX ғасырдың жетпісінші жылдарында француз оригинаторы Гильо мен ағылшын оригинаторы Беннет бағытталған сұрыптау әдісін тұңғыш қолданып, керемет жетістіктерге қол жеткізді. Олардың жетістіктерінің нәтижесінде Батыс Еуропаның көптеген оригинаторлары еркін тозаңдандырудың нәтижесінде алынатын ұрықты егуден бас тартып, бағытталған сұрыптау жолына түсті [3,4,5].

Германияның солтүстігіндегі атақты «W. Kordes Sonne» фирмасы 1887 жылдан бері жұмыс істейді, Кордес селекциясының раушан гүлдері дүниежүзіндегі ең әдемі гүлдер болып есептеледі.

Германияның тағы бір фирмасы «Тантау» 100 жыл бойы әлемді тамаша раушан гүлдерімен таңқалдыруда.

1967 жылы Францияда Гийо алғашқы шай-будан сорты «La France» - ны шығарып раушан гүлдері әлемінде революция жасаған болатын, осы фирманың қазіргі оригинаторы Жан-Пьер Гийо жаңа раушан гүлдері сериясын шығарды, ол «Женероза», немесе гендік раушан гүлдері деп аталады.

Франциялық «Дельбар» раушан гүлдеріне экзотикалық және өте әдемілік жағынан тең келетіндері аз, сондықтан бұл гүлдер өте қымбат және Францияның өзінде оны тауып, сатып алу оңай емес. Дельбардың «Pur Cariz» және «Citron - Fraise» сорттарының бұтақтарында бір мезгілде әртүрлі сары, қызғылт, қызыл раушандар гүлдеп тұрады(6).

20 ғасырдың ең әдемі раушаны Глория Дей гүлін Ф. Мейан 1935 жылы шығарған болатын. Раушангүл екінші Дүниежүзілік соғысы кезінде, Францияны нацистер жаулап алмай тұрғанда, аты жоқ бұтақша түрінде дипломаттың жүгінің ішіне салынып АҚШ-қа апарылған болатын. Гүлді американ питомниктерінде көбейткен соң, 1945 жылы сорт ретінде көрсетілді, бұл шай- буданды раушан гүлі сортының екінші аты Peace (Мир-Бейбітшілік).

Ағылшын гүлдерінің ұлттық коллекциясы деп саналатын Дэвид Остиннің Ағылшын гүлдері питомнигі (остинка деп те атайды) Шорпшир графтығында орналасқан, көрермендерге олардың есігі жыл сайын ашық. Тек 14 жылдан кейін ғана Дэвид Остиннің раушан гүлдерін басқалар да мойындады. Қазіргі кезде Остиндер коллекциясында раушангүлдің 800-ден астам сорты бар.

Ағылшынның Дэвид Остин фирмасы басқалармен салыстырғанда жас, 1970 жылдан бері ғана жұмыс істейді. Бірақ олар бақтарда ағылшын салтымен өсірілетін әдемі, бір мезгілде орасан көп гүлдейтін бұтақтары жайылған раушан гүлдерін шығаруда, олар «ағылшын гүлдері» деген атақпен таралып жатыр(7).

Батыс Еуропада соңғы отыз жылдан бастап В. Кордес, Ф. Мейян, Е. Хилл, тағы да басқа да раушан гүлдерін сұрыптаушы тәжірибелі мамандардың басшылығымен осы гүлдің бағалы сорттарын шығаратын фирмалар пайда болды, олар қазіргі кезде қарқынды жұмыс істеуде(8).

Ресейдегі раушан гүлдерін жерсіндірумен айналысатын ғылыми орталық Никита ботаникалық бағы болып табылады. 1812 жылы Х.Х. Стивен осы жерде раушан гүлдерінің жинағын жасады. Раушан гүлдерін жерсіндіру жөніндегі оның жұмысын Н.А. Гартвис жалғастырды, ол және бұл гүлдің жақсы сорттары таратумен айналысты. Никита ботаникалық бағының алғашқы жұмыс істеген жылдарының өзінде раушан гүлдер жинағында 100 - ге тарта сорттар болған.

Жоғарыда айтып өткен мәліметтерде раушан гүлдерін сұрыптау жұмыстары үш бағыт бойынша жүзеге асқандығы көрінеді:

1) әртүрлі түрлер мен сорттардың табиғи жағдайда кездейсоқ тозандануынан алған тұқымдарын егу және жинау;

2) жаңа белгілері және сәндік құндылығы бар өсімдіктерді таңдап алу;

3) арнайы таңдалып алынған ата - аналық жұптарды будандастыру арқылы жаңа сорттар алу;

Көптеген ботаника бақтарында гүлдің осы түрінен және сорттарынан топтамалар (коллекция) жинақталған. Коллекция жаңа сорттармен үнемі толықтырылып отырылады, сондықтан раушан гүлдерімен селекциялық жұмыстар жүргізуге мүмкіндік бар. Осындай жұмыстар қазіргі СНГ елдерінде, атап айтқанда - Россияның Бас ботаника бағында (Москва), Никита ботаника бағында (Қырым, Ялта), Украина ботаника бағында (Киев), Белоруссия ботаника бағында (Минск), Днепропетровск мемлекеттік университетінде де жүргізіледі.

Көп жылдары жүргізген жұмыстардың нәтижесінде әр жерден әкелінген раушан гүлдерін ата-аналарының арасында топ аралық будандастыру нәтижесінде Қырым селекционерлері ыстыққа төзімді, әрі ұзақ гүлдейтін раушан гүлдерін алды. Мысалы, флорибунда бақтық тобындағы герман раушаны Кордес Зондермельгунг пен шай-будан тобындағы әйгілі француз раушаны Глория Деиді будандастыру арқылы жаңа сорт Клементинаны алды, бұл сорт мықты және көп өнім береді. (9,10).

Оңтүстік Қырымда, Молдавияда, Краснодар өлкесінде, Кавказда раушан гүлдерінің эфир майы алынатын сорттары өсіріледі. R. damascene бақтық тобына жататын эфир майы алынатын раушан гүлдерін тек сұрыптау нәтижелерінде жетілдірілгендер, будандастыруға көп ұшырамағандар. Солардың ішінде ең белгілісі - Болгарияда кең тараған Казанлық раушан гүлі соңғы 250 жыл бойы тек халық селекциясымен ғана жақсартылған.

Канадалық раушан гүлдері сорттары (Уильям Баффин (William Baffin), Модерн Сентенниал (Modern Centennia) қысқа керемет төзімділігімен ерекшеленеді. Ол раушан гүлдері Республикамыздың Орталық және Солтүстік өңірінде өсіуге болатын жаңа сорттар алу үшін селекцияға өте керекті материалдар, өкінішке қарай ол топтың гүлдері әлі кең таралған жоқ(8).

Гүл өсірушілер мен генетиктердің талай жылғы арманы болып жүрген көгілдір раушан гүлдерін Жапондық селекционерлер шығарды. Классикалық сұрыптау әдістерімен күлгін - көк және күлгін раушан гүлдері сорттары шығарылған болатын. Нағыз таза көк, не көгілдір түсті раушан гүлі ұзақ жылдар бойы осы зерттеулермен айналысқан жапонның «Сантори» корпорациясының ғалымдары генетикалық модификация әдісін қолдану арқылы жүзеге асыра алды. Раушан гүлі хромосома-ларында гүлге көгілдір түс беретін көк пигмент - дельфинидин жоқ болатын, және осыған сәйкес келетін қышқыл орта да болуы керек еді. «Сантори» ғалымдары көгілдір түске жауапты генді бөліп алып раушан гүлі гендерінің құрамына енгізді. Жапония елінде әрбір селекционердің қол жетпес арманы көк түсті раушан гүлі шығарылды. Бұл жетістік гендік инженерия пайда болғаннан кейін ғана мүмкін болған еді. Раушанның бұл сорты Suntory blue rose Applause деген атпен Токиода елге таныстырылды. Осы түсті раушан гүлін шығару үшін Жапон ғалымдары 20 жыл еңбек етті. Көк түсті раушан гүлінің құны басқаларға қарағанда он есе жоғары бағамен басқа елдерге де таратылады (11).

Қазақстанда раушан гүлдерімен селекциялық жұмыстар Алматы ботаника бағында 1938 жылдан бері жүргізіліп келгенді(12,13). Көп жылғы зерттеулердің нәтижесінде раушан гүлдерінің жергілікті 14 сорты сұрыпталып алынған еді, қазір олар өз республикамызда да, одан тыс жерлерде де өсіріліп жүр.

Киевте «Казахстанская Юбилейная», «Привет из Алматы», «Юннатка» сорттары өсіріліп, олардың өсімдік ауруларымен көп зақымдалмайтыны анықталды(14), ал Ставрополь өлкесінің ауа райында төзімді және әдемі өсетін сорт - «Колхозница». Москва көрмелерінде «Казахстанская Юбилейная» және «Мария Ульянова» атты раушан гүлдері өте жоғарғы орындарға ие болған еді.

Өзімізде шығарылған раушан гүлдерін Қырғызстан, Тәжікстан,Өзбекстан(14), Қазақстан мамандары жоғары бағалай отырып, олардың өнімділігі мен ауа райының қолайсыз жағдайларына төзімділіктерін ерекше атап өткен еді.

Мысалы, «Хоровод» сорты (Флорибунда бақтық тобына жатады) кезінде Германиядағы Халықаралық көрмеде Алтын белгі алған болатын. Раушан гүлінің бұл сорты шетелден алынған және өзімізде шығарылған сорттармен салыстырғанда ерте гүлдейді, және күлтелері мен гипантийін өздігінен түсіріп тастап қайтадан гүлдейді, аздап демалған соң үшінші рет гүлдейді.

Сорттарды сынау және басқа елден келген раушандарды жерсіндіру кезінде байқалғаны оңтүстіктің ыстық және құрғақ ауа райына өсіруге қолайлылары -Грандифлера, Шайбуданды, Флорибунда, Полиантты және Шырмалып өсетін бақтық топтар, себебі тек осы топтардағы раушан гүлдері ғана жергілікті ауа райына төзімді және әдеміліктерін жоғалтпайды. Шайбуданды және Грандифлера раушандары көгалдандыру-безендендіруге ғана емес, кесіп сату үшін де өсірілетіні барлығымызға белгілі. Бұл топтағы гүлдерді сұрыптау кезінде олардың биіктігіне, гүлсидамының ұзын, әрі мықты болуына, күлтелерінің тығыз, әрі бояуы тез оңбайтынына, гүлінің баяу және біркелкі ашылуына көп көңіл бөлінеді.

Қазақстанның Ғылыми Академиясының Ботаника және өсімдіктерді жерсіндіру институтында көп ізденістердің нәтижесінде будандастырудың тиімді схемалары анықталды. Соларды қолдана отырып жартылай шырмалып өсетін, қайталап гүлдейтін, әдемі, ауруға және ауа райының өзгеруіне төзімді көптеген будандар алынды(15,16).

Көпжылғы жұмыстардың және әртүрлі жұптардың ішінде жүргізілген жеке сұрыптаулардың нәтижесінде біз көптеген келешегі зор будандарды таңдап алдық. Солардың ішінен сорттық сынауға беруге лайықты деп таңдалып алынғандардың биологиялық белгілері мен әдеміліктеріне сипаттап сортсынау бөліміне берген едік .Солардың кейбіріне тоқталайық: **«Әлия» сорты**, «Куин Элизабет» х «Алые Парусасорттарының буданы. Грандифлера бақтық тобына жатады; сорттың аты **«Ляйлә»**. Флорибунда бақтық тобына жатады. Суыққа, ауруға төзімді; сорттың аты **«Жазғы таң»**. «Оранжевый Букет» х «Куин Элизабет» тің буданы. Шайбудан бақтық тобына жатады. Гүлшанағы ашық қызыл түсті, жайлап ашылады. отырғызуға да, гүлін кесіп алу үшін де өсіруге болады;. «Оранжевый Букет» х «Таманго» дан алынған сорттың аты **«Шашу»**. Флорибунда бақтық тобына жатады гүлдейді. Қыс суығына, ауруларға төзімді. Топпен отырғызған дұрыс. Бұл сорттардың оригаторы б.ғ.к. Байбекова Т.К.(16)

Қорытындылап айтқанда, Республикамызда селекционерлер К.Л. Сушков , М.В.Бессчетнова бас-таған жұмыстар жалғасын тапқан болатын, соның дәлелі ретінде жоғарыда сипатталған раушан гүлінің жаңа сорттарын көпшілік көңіліне ұсынылды(17).

1. Раушан гүлінің бақтық топтары

Раушан гүлі (*Roza L.*) – раушан гүлдері тұқымдасының (*Rozaceae Juss*) бір туысы және оның төрт тұрастына бөлінетін 400-ге жуық түрі бар. Раушан гүлінің аты грек сөзінен шыққан «родон» - қызғылт деген мағынаны білдіреді. Раушан гүлі көп сабақты бұталардан тұрады, биіктігі 1,5 см-ден 2 м-ге дейін, өркені бар және де ол өркендерді көбінесе үшкір тікенектер қоршап өседі, жапырағы жекелеленіп орналасатын өсімдік, жапырақ сабағында 5-7 ден 9-13-ке дейін жапырақшалар орналасады. Әдеттегі бұталық түрінен басқа, лиандық (өрмелегіш өсімдік), сабақтары жерде жайылып өсетін және ергежейлі (карлик) түрлері де кездеседі.

Раушан гүлінің гүлі қос жынысты, ірі және ұсақ (диаметрі 1 см-ден 16 см-ге дейін), көбінесе көп күлтелі, әртүрлі түсті (ақ түстен бастап, қара қызыл түске дейін) болып келеді. Қызғылт түсі кең таралған, бірақ сары, ақ, қызыл, көкшіл және екі түсті түрлері де кездеседі. **Кәдімгі раушан, немесе итмұрын** - *Rosa canina L.* Европада, Солтүстік Америкада, Шығыс Азияда жабайы түрде өседі. Климатқа байланысты итмұрынның биіктігі 3 м дейін жетуі мүмкін. Итмұрынның *Rosa canina* түрі мәдени раушанды телуге пайдаланылады.

Қазірде табиғи раушан гүлділер сұрыптауда және мәдени раушан гүлдерінің сапасын жақсартуда қолданылуда.

Итмұрынның ерекшелігі - бағалы дәрумендерге бай, жемісі және одан дайындалған дәрі-дәрмектер [медицинада](#) негізінен [асқазан](#) және бауыр ауруларын емдеуге қолданылады, гүлдерін [шайдың](#) орнына пайдалануға болады, күлте жапырақшаларынан дайындалған эфир майы - [парфюмерия](#) өндірісінде пайдаланылады.

Табиғи түрі Қазақстанның барлық тау бөктерлерінде өседі. Итмұрынның екпе түрлерінің барлығын дерлік раушан (роза) деп атайды. Халық арасында итмұрынның «жабайы раушан» деген атауы кеңінен қолданылады.

Солтүстік итмұрыны, немесе қоңыр итмұрын – *Rosa cinnamomea L.* Европаның барлық жерлерінде, Солтүстік және Батыс Азияда жабайы түрде кең таралған. Бұл түрді бақтарда өсіруге болады, бірақ телуге пайдалануға жарамсыз болып саналады.

Қызыл жапырақты итмұрын - *Rosa rubrifolia* Орта және Оңтүстік Европаның таулы аймақтарында жабайы түрде өседі, биіктігі 1,8 м жуық, баққа өсіруге болады. Түр аты жапырағының қызыл реңіне байланысты берілген.

Қатпарлы раушан - *Rosa rugosa L.* Оның отаны - Жапония, Корея, Амур, Солтүстік Қытай. Американдықтар *R. rugosa*-ны басқа түрлерімен будандастырып көптеген будандар алды, бұл бағыттағы жұмыстардың келешегі зор сияқты.

R. rugosa тек әдемі ғана емес шаруашылық құндылығы бар екені қазір баршаға белгілі болып отыр. АҚШ тың Өсімдік бюросы Жюль Граверо-ның Франция розарийінде шығарылған *R. Rugosa* ның буданы Аромат Э (*Parfum de L'Nau*)-ден Болгарияның Казандық раушан гүлінен алынатын раушан майынан сапасы мен шамасы кем түспейтін раушан майын алуға болатындығын дәлелдеді. Аромат Э - ның Казандық раушан гүлінен артықшылығы оны солтүстік жақта да өсіруге болады және ол ұзағырақ гүлдейді. Казандық раушан гүлі аленка қоңызынан зардап шегеді, ал солтүстікте бұл зиянкес болмайды. Сондықтан солтүстікте аязға төзімді Аромат Э-ні раушан майын алу үшін өсіруге болады.

Сары Итмұрын - *Rosa lutea Mill. (R. eglante-ria L., R. foetida Herrm.)*. Бұл түрдің отаны Түркияның Азия жағы, Шығыс және Батыс Азия (А. Редер). Бұтасының биіктігі 3 м дейін жетеді, **Жирен түсті итмұрын** - *Rosa rubiginosa L.* Олардың отаны – Европа және Орта Азия. Ағылшындар бұл түрді хош иісті итмұрын (*Sweet Briar*) деп те атайды. Жазда ол алыстан сезілетін алма иісі тәрізді иіс шығарып тұрады.

Алмалық итмұрын - *Rosa villosa L.* Тегі - Оңтүстік және Батыс, Шығыс Европа. Сабағы жинақы, бұтасы биік болады. Жемісі ірі, көбінесе жемісінен қажет жасау үшін өсіреді. Көпкүлтелі раушады телуге Алмалық раушанды пайдалануға болады. Алмалық итмұрын *Rosa canina L.*-дан гөрі аязға төзімдірек.

Жасыл қоршаулық итмұрын - *Rosa dumen-torium Thuiller.* Отаны - Европа, Батыс Азия және Солтүстік Африка, Африка. А. Редер бойынша бұл түрі канинаға өте жақын, тек оның жапырақтары түкті болып келеді. Мүмкін ол *R. canina* ның бір түрі ме екен деген де жорамал бар.

Ақ Итмұрын - *R. alba L.* Шредердің айтуынша бұл түрдің отаны – Оңтүстік және Батыс Европа, Шығыс.

Альпі итмұрыны - *Rosa alpina L. (R. pendulina L.)*. Табиғатта тек Батыс Европа тауларында ғана табылған. Басқалардан айырмашылығы сабағы тегіс, тікенегі болмайды, жапырақтары түкті болып келеді. Солтүстік өңірде штамп түрінде өсіруге пайдалануға болады.

Центифолия, немесе мыңжапырақты раушан - *Rosa centifolia L.* Центифолияның Отаны Оңтүстік Европа, Малазия және Иран болып есептеледі. Бақта өсетін бұл раушанды мынадай түрге бөледі:

1. Нағыз центифолиялар;
2. Бір-ақ рет гүлдейтін, мүктілер;
3. Екі рет гүлдейтін мүктілер;
4. Помпондылар.

Нағыз центифолиялардың 150 дей сорты, мүктілердің 200 ге жуық сорты, қайта гүлдейтін мүктілердің 50 ден астам сорты, помпондылардың 30 дай сорты бар.

Ремонтантты, яғни қайталап гүлдейтін центифолия бөлек топқа бөлінсе де ол екінші рет өте әлсіз гүлдейді.

Дамастық, немесе сириялық раушан - *Rosa damascena Mill.* Дамастық раушанның отаны-Сирия. Центифолдықтан негізгі айырмашылығы - ол мықты және биік болып өседі (бұтасының биіктігі 1,5 м кейде 2-3 м дейін жетеді), жапырақтары қатты, жемісі сопақша болады. Француздар Вибер мен Лаффэ дамастық раушандарды жетілдіру үшін өмір бойы еңбек етті. Кейбір неміс авторларының айтуынша бұл раушандар центифолдықтармен салыстырғанда суыққа төзімді раушандар алуға болатын құнды материалдар.

Кішігірім раушандар (миниатюрные розы).

Кішігірім раушандар алғашқы рет 1810 жылы Қытайдан Европаға әкелінді. Пішіні бенгалдық және полианттық раушандарға ұқсас болғанымен, гүлдерімен жапырақтары ұсақтау, биік емес. Бұтақтары аласа (15 - 20 см) жинақы. Гүлдері әртүсті, ұсақ (диаметрі 1,5 - 2 см), көпкүлтелі. Хош иісті, мол гүлдейді. Қаламшелеп көбейтуге өте ыңғайлы. Үй өсімдігі ретінде де қолдануға болады.

Грандифлора раушаны. Бұл жаңа топқа флорибунда тобындағы раушан гүлдеріндей молынан гүлдейтін, гүлінің пішіні шайбудан тобындағылардай, бірақ өсу күші олардан әлдеқайда жоғары раушандар жатады. Бұл раушандар шайбудандар сыяқты гүлдейді, суықтыққа, қысқа өте төзімді. Сәндік және гүл дестелерінде қолданылады.

Кордес раушаны. Ругоза раушанының буданынан алынған. Сабағы берік, биік, кейде шырмалып өседі. Күздің соңына дейін гүлдейді. Қыстың суығына да, саңырауқұлақ ауруларына да төзімді.

Ругоза раушаны (роза морщинистая). Ругоза раушаны саябақтық раушандардың ішіндегі ең құндысы болып есептеледі. Оның қысқа төзімді және қайталап гүлдейтін қасиеттерін селекционерлер саңырауқұлақ ауруларына, төменгі температураларға төзімді жаңа сорттар алу үшін пайдаланады.

Ремонтантты раушан гүлдері (қайталап гүлдейтін раушандар). Жол жиегін (бордюр) гүлмен безендірілуге, үй ішінде өсіруге пайдаланылады.

Полиантты раушан гүлдері. Полиантты раушандар XIX ғасырдың 70-ші жылдары көпгүлді раушанды ұзақ және қайталап гүлдейтін раушан гүлдерімен будандастыру нәтижесінде алынған.

Мультифлора өрмелегіш раушан гүлі. Ресейдің Приморье аймағында, Жапонияда, Қытайда, Кореяда жабайы түрде өседі. Өте биік, кейде 4 метрге дейін өседі. Гүлдері ұсақ (диаметрі 2-2,5 см), ақ, қызғылт түсті гүлдері үлкен шоғырға жинақталады, күлтелері аз, қысқа төзімді. Осы раушан гүлінен көптеген өрмелегіш сорттар алынған. Ең алғашқы алынған *Crimson Rambler* сортын Тернер 1893 жылы Жапониядан Европаға әкелген. Мәдени сорттарының гүлдері көпкүлтелі (диаметрі 4-6 см), ақ, қызғылт, қызыл түсті болып келеді. Өте жеңіл қаламшеленеді, жақсы тамырланады. Алғашқысы-Францияда 1875 жылы Гийо шығарған *Paquerette* сорты. Гүлдері ұсақ (диаметрі 3 - 4 см), гүлдері әртүсті, кейде хош иісті, күлтесі аз, немесе көпкүлтелі де болуы мүмкін. Күрделі, ірі гүлшоғырына жинақталады. Мол және ұзақ гүлдейді.

Флорибунда, немесе полиантты-будан раушаны. Флорибунда раушан гүлін 1924 жылы дат оригинаторы Паульсен алған. Шай будан раушан гүлінің барлық түсі осы раушан гүлінде де бар. Мол және ұзақ гүлдейді. Әсемдік үшін отырғызуға өте тиімді. Бұл топтың раушан гүлдерінің көбі суықтыққа және ауруларға төзімді болып келеді. Кейбір сорттарын кесіп сату үшін өсіруге, топ құрамында отырғызуға, тіпті үйде де өсіруге болады.

– **Патио раушан гүлі.** Бұл раушан гүлдері флорибунданың аласа сорттарынан алынған. Олар 20 ғасырдың 80 жылдарының аяғында пайда болды. «Патио» аты қазіргі ішкі аулада гүлдерді ыдыстарда өсіріп безендіретін жаңа әдетке (модаға) байланысты қойылды. Осы раушан гүлінің тамаша түрін алғашқы шығарушылардың бірі-ирландық Патрик Диксон.

Кейбір патиолар флорибунда раушандарын кішірек (миниатюрлі) раушан гүлдерімен қайталап будандастырудан алынған, ал гүлдері кішкентай раушаннан ірірек болады(17,18, 19).

ҚОРЫТЫНДЫ

Біздің зерттеулеріміз көрсеткендей раушангүлдер Иран елінде алғашқы рет 5000 жыл бұрын қолдан өсіріле бастаған. Ерте заманнан бастап итмұрынды алғашқы сәндік өсімдік ретінде бақтарды безендіру үшін пайдаланған.

Раушан гүлін адам өмірінде қолданылуы алуан түрлі, мысалы шикізат түрінде қарастырғанда, одан: шарап, әтір, дәрі - дәрмек, эфир майлары, сірке суы, әртүрлі тұнбалар, бояғыш заттар, шәй дәм-деушісі және т.б. заттар өндіріледі. Алтай мен Сібірде раушан гүлдерінің дәндерін пайдаланады, оларды қуырып, ұсақтап, кофе сияқты демдеп ішеді.

Раушан гүлдің жабайы тұқымдастарын көбінесе бау-бақшаны көркейтуде, топырақ және тау жыныстарының ылғал әсерінен көшуінен сақтану үшін өсіреді.

Адамзат ертеден раушанның суыққа төзімділігін, иммунитетін және әдемілігін жоғарылату үшін мәңгі жасыл жапырақтыларды – жапырағын түсіретіндермен, аласа өсімдіктерді – шырмалып өсетіндермен будандастырумен айналысқан. Бірнеше ғасыр бойы орасан еңбектену нәтижесінде қазіргі қолданылып жүрген раушан гүлдерінің сұрыптары пайда болды. Кейбір раушан гүлі түрлері мен сорттары бірнеше рет қайтадан будандастырылғандықтан сорттың алғашқы тегін анықтау оңай емес, және де бір бақ тобына кіретін сорттардың өздерінің де ботаникалық белгілері әртүрлі болады. Сондықтан да раушан гүлінің бақтық топтарын жүйелендіру өте қиынға соғады.

Бүгінгі күні дүниежүзіндегі раушан гүлдердің 25 мыңнан астам сорттары бар. Олар 35 бақтық топқа бөлінеді. раушан гүлдерінің аса әдемі және жергілікті қоршаған ортаның суық-ыстық ауа температурасына бейімделе алатын, ауруларға төзімді жаңа сорттарын алу үшін олармен әрдайым ғылыми-ізденіс жұмыстарын жүргізіліп келеді. Қазіргі кезде бұл салада ғылыми-зерттеу мекемелеріндегі мамандармен қатар Англия, Франция, Германияның және тағы басқа елдердің ірі фирмалары айналысатыны анықталып отыр және бұл жұмыстар қарқынды түрде жалғасуда. XIX ғасырдың жетпісінші жылдарында француз оригинаторы Гильо мен ағылшын оригинаторы Беннет бағытталған сұрыптау әдісін тұңғыш қолданып, керемет жетістіктерге қол жеткізді. Олардың жетістіктерінің нәтижесінде Батыс Еуропаның көптеген оригинаторлары еркін тозаңдан-дырудың нәтижесінде алынатын ұрықты егуден бас тартып, бағытталған сұрыптау жолына түсті. Сұрыптау жұмысындағы үлкен жетістіктерге байланысты раушан гүлдерді сұрыптаумен және жаңа раушан гүлдерін сатумен айналысатын адамдар саны арта түсті

Жоғарыда айтып өткен мәліметтерде раушан гүлдерін сұрыптау жұмыстары үш бағыт бойынша жүзеге асқандығы көрінеді:

1) әртүрлі түрлер мен сорттардың табиғи жағдайда кездейсоқ тозаңдануынан алған тұқымдарын егу және жинау;

2) жаңа белгілері және сәндік құндылығы бар өсімдіктерді таңдап алу;

3) арнайы таңдалып алынған ата - аналық жұптарды будандастыру арқылы жаңа сорттар алу;

Елімізде интродукциялық (жерсіндіру) жұмыстар мен сорттарды алғашқы зерттеулер нәтижесінде біздің жеріміз үшін раушангүлдің шай-будандық, полианттық, флорибундалық, грандифлоралық, шырмалып өсетін бақтық топтарын селекциялық жұмысқа пайдалану тиімді екені анықталды .

Жергілікті ауа-райына бейімделген экологиялық таза сорттарды (әртүрлі өсімдік ауруларына төзімді, улы химикаттармен өңдеуді қажет етпейтін) сорттаралық будандастыру бағыты раушан-гүлдермен жұмыстардың болашағы зор салалары болып саналады (20,21).

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «ҚАЗАҚСТАН – 2030» Жолдауы Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі өне әл-ауқатының артуы» Ел Президентінің Қазақстан халқына (Астана қ. 1997 ж. 10 қазан).
2. Красиков С.П. (1990). *Легенды о цветах*. М. «Молодая гвардия»,
3. Сааков С.Г., Риекста Д.А. (1973). *Розы*, Р. «Зинатне»
4. Номеров В.А. (1973). *Садовые розы* М.МГУ
5. Номеров В.А. (1968). *Селекция роз*. М. МГУ.
6. Сааков С.Г., Риекста Д.А. (1973) *Розы*. Р. «Зинатне»
7. Клименко З.К., Зыков К.И., Семина С.Н. (1990). *Розы. В сб. Новые сорта цветочно-декоративных растений*, 1990. стр.6-10.
8. Krussman O. (1974). *Rosen, Rosen, Rosen*. Berlin, Hamburg

9. Сушков К., Бессчетнова М. (1973). *Розы*. Алма-Ата: «Кайнар»: 162
10. Сааков С.Г. (1965). *Происхождение садовых роз и направление работ в их селекции*. М. «Наука»
11. www.ng.ru/...02.../100_blurose.html
12. *Өсімдіктер әлемі энциклопедиясы* (2014) / Қазақ тіліне аударған А.Сұлтанова.- Астана: «Фолиант» баспасы, -160
13. Бессчетнова М.В., Михнева Т.Н. (1979). *Розы. Ассортимент и культура*. А.А. «Кайнар»
14. Кияткин А. (1972). *Культура роз в Узбекистане*. //Цветоводство, №1
15. Клименко З.К., Рубцова Е.Л. (1986). *Розы. Каталог-справочник*. К. «Наукова думка» Изд-во «ОЗОН».
16. Былов В. Н., Михайлов Н. Л., Сурина Е. И. (1988). [Розы. Итоги интродукции](#). — М.: Наука
17. Байбекова Т.К. (1999). *Интродукция и селекция роз в Казахстане. Материалы Международной конференции «Биологические разнообразия. Интродукция растений»*, Санкт-Петербург, 2 с
18. Байбекова Т.К., Есмагул Қ. т.б. (2017). *Раушан гүлдері (селекция, цитогенетика, көбейту, өсіру)*. Оқу құралы, 2017, 152. Алматы, ОНОН баспасы
19. Клименко З.К., Зыков К.И. (2008). Французские розы селекции Мейан
Издательство: [Фитон+](#).
20. Воронцов В.В., Коробов В.И. (2012). *Все о розах*. **Издательство:** Фитон XXI
21. Клименко З.К., Зыков К.И., (1990). Семина С.Н. *Розы. В сб. Новые сорта цветочно-декоративных растений*.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ТУРИЗМНІҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

2 курс докторанты **Д.Ә.САДЫКОВА***
а/ш.ғ.к., қауым.проф.м.а **Ғ.Ж. МЕДЕУОВА**
б.ғ.д. проф. **К.Н. ЖАЙЛЫБАЙ**

Түйіндеме

Медициналық емдеу туризм – бұл азаматтардың сапалы және қолжетімді бағада медициналық көмек алу мақсатында шетелге шығуы. Емдік туризм - бұл тұрғылықты жерден алшақтап демалу мен емделу мақсатында табиғи факторларды өзіне сіңіру. Сонымен қатар емдік-сауықтыру жерлер мен емдік орындарға саяхат жасау.

Емдік туризмнің ең басты мәні науқасты өзінің бұрынғы өмір сүрген және де ауруы асқынған ортасынан алшақтатып оны жанға жайлы көңілінен шығатын аймаққа бару арқылы емделу шараларын қамтамасыз ету.

Мақалада Қазақстандағы емдік туризмнің даму тарихы мен қалыптасу бағыттары туралы мәселелер қамтылған. Қазақстандағы 500 -ге жуық анықталған минеральды су көздері мен 200 термольдық және субтермольдық және хлор-сульфат, натрийлі суға бай Қапал Арасан, натрий - корбонатты сульфат суы Алма Арасан, гидрокорбонат, натрий, жоғарғы термольді радиоактивті, өз құрамына темір, марганец, мыс, цинн және т.б. құрамын қамтыған Сарыағаш емдеу сауықтыру орталықтарымен бірге 78 шипалы батпақ көлдер, 50 климатпен емдеу аудандары және зоналары, халықаралық деңгейдегі емдеу туризмін дамыту туралы мәселелер жан-жақты қарастырылған.

***Тірек сөздер:** медицина, туризм, шипалы су, термольді су, шипажай.*

MEDICAL TOURISM IN KAZAKHSTAN SPECIFICS OF DEVELOPMENT**Abstract**

Medical treatment tourism is when a person travels abroad where he will obtain quality medical assistance for affordable prices. Health improvement tourism is absorption of natural factors for the purpose of recreation and treatment in places remote from your home. It is also a trip to health improvement places.

Main purpose of health improvement tourism is to provide a patient with treatment at a place where he would feel himself very comfortable, taking him away from his usual habitat and unhealthy environment.

The article has covered questions of history of development and establishment of medical tourism in Kazakhstan. Nearly 500 found mineral springs in Kazakhstan and 200 thermal and subthermal, chlorine sulphate, sodium waters of Kapal Arassan, sodium carbonate sulphate waters of Alma Arasan rich in hydrocarbonate, sodium, high heat, radioactive, bearing iron, manganese, copper, zinc, etc. Saryagash health improvement center. The article has comprehensively covered questions of promotion of health promotion tourism of international level, including 78 health improving mud lakes, 50 areas and zones of climatotherapy.

***Keywords:** medicine, tourism, medicinal water, thermal water, sanatorium*

Медициналық емдеу туризм – бұл азаматтардың сапалы және қолжетімді бағада медициналық көмек алу мақсатында шетелге шығуы. Емдік туризмнің адам үшін қажеттілігі туралы белгілі орыс физиолог ғалымы Павлов И. “Емделушіге жазылған барлық дәрігерлік анықтамалар орнында қозғалмай қалушыларға әсер етеді, себебі негізгі аурудың ошағы әлі қалпына келе қойған жоқ. Мұндағы ең басты талпыныс - адамды отырған орнынан дереу түрде алып шығу, күнделікті атқарып жүрген жұмысынан босату, оның ойын денсаулығының сау болуына қарай бағыттау және қадағалап отыру”.

Емдік туризм - бұл тұрғылықты жерден алшақтап демалу мен емделу мақсатында табиғи факторларды өзіне сіңіру. Сонымен қатар емдік-сауықтыру жерлер мен емдік орындарға саяхат жасау.

Емдік туризмнің ең басты мәні науқасты өзінің бұрынғы өмір сүрген және де ауруы асқынған ортасынан алшақтатып оны жанға жайлы көңілінен шығатын аймаққа бару арқылы емделу шараларын қамтамасыз ету.

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ, damelia_71@mail.ru

Бұл қоршаған орта мен табиғи жағдайдың тұрақтануы жұмыстағы адамдар мен қарым - қатынастың орнықты болуы әсер етеді.

Осындай кезеңде қоршаған ортаның жағдайы адамға оңды әсер қалдырса және адамның сол аймаққа бейімделуі көбінесе оның денсаулығына байланысты. Адам салмағының нашарлауы қоршаған ортада әр түрлі ауруларды жұқтыруына себепші болады.

Табиғи жағдайдың орнығуы емделушінің психикасына әсер ету арқылы жүйке жүйесі процестерінің қалпына келуіне денсаулықты қалпына келтіру мақсатында әр түрлі емдік факторлардың әсері және минералды сулар мен ем батпақтарын қолдануға мүмкіншілік береді.

Емдік - сауықтыру рекреациялық ресурстарын пайдалану алғаш Швейцарияда «Санкт-Мариц» емдеу орталығы ретінде қалыптасты. Рим империясы кезеңінде Венрия, Румынияда Болатон көлі, Австрияда «Бадена», Германияда «Висбадена», Францияда «Экслебена», Италияда орналасқан Неаполитон шығанағы жағалауында емдік мақсатта минералды су көздері пайдаланылды. Орта ғасырда ең белгілі «Пеом-Бьер-Ле-Бе», XVII-XVIIIғ Еуропалық емдеу орталықтары, XIX «Висбаден», «Баден» ең маңызды емдеу-демалыс аймағына айналды. Қазіргі кезеңде Франция мемлекеті әлемдегі емдеу-сауықтыру рекреациясына бай мемлекеттердің алдыңғы орында. Францияда 100 ге жуық емдеу-сауықтыру орталығы бар. Сонымен бірге Еуропа елдері Германия, Болгария, Румыния, Чехия, Австриямен бірге Израиль мемлекетіндегі Өлі теңіз емдік бағыттағы туризм жоғары дамыған аймақтарға жатады. Емдік бағыттағы рекреациялық ресурстар минералды су көздері, батпақ, климат ең маңызды факторлардың бірі. Емдік – сауықтыру орталықтарының ерекшеліктері төмендегі факторлармен қарастырылады:

- табиғи емдік көздерінің болуы;
- техникалық тұрақтылық пен тиімді пайдалану;
- тұрғын үй немесе ғимараттар;
- медициналық қызмет көрсету;
- туристік қызмет көрсету;
- спорт алаңдары мен емдік мекемелер;
- жол торабының тиімді орналасуы;
- инфрақұрылымның дамуы.

Қазақстанның көрікті табиғаты, бай минералдық су көздері және шипалық сазды жерлері бір-бірімен үйлестікте адамның физиологиялық жағдайына әсер ететін және көптеген сырқат түрлерін емдеуге көмектесетін климаттық факторлар кешенін құрайды және демалыс, танымдық мақсатта емдік туризмді дамытуда маңызды.

Қазақстан емдік бағыттағы сауықтыру орталықтарына өте бай аймақ, 500 -ге жуық анықталған минералды су көздерінің 200 термольдық және субтермольдық және хлор-сульфат, натрийлі суға бай (Қапал Арасан), натрий - корбонатты сульфат суы (Алма Арасан), гидрокорбонат, натрий, жоғарғы термольді радиоактивті, өз құрамына темір, марганец, мыс, цинн және т.б. құрамын қамтыған (Сарыағаш) пайдалануда. Сонымен бірге 78 шипалы батпақ көлдер, 50 климатпен емдеу аудандары және зоналары республикамыздың барлық облыстарында кездеседі.

Қазақстан аймағындағы ең бірінші табиғи емдік факторлар туралы мәліметтер XIX - ғасырдың ортасында анықталды. 1834 пен 1880 жылдардың аралығында баспасөз беттерінде Рахманов кілті Қапал - Арасан геологиялық бұлақтары, Боровой өзені, Жусалы мен Барлық - Арасан батпақты көлдері мен бұлақтары туралы мәліметтер шыққан болатын.

1763 жылы Бұқтырма өзені аймағында қоныстанған орыс қоныс аударушылары Рахманов бұлағының ашылу тарихымен танысты. Бұлақты ашқан Белой ауылының тұрғыны аңшы Рахманов аң аулап жүрген кезде буддалық аластағыш бір құралды көріп қалады да оның маңайында ыстық бұлақтар ағып жатқандығын көреді. Рахмановтың айтуы бойынша осы бұлақтар бүкіл әлемге әйгілі болды.

1826 жылы Қарқаралының солтүстік – шығысына қарай 80 шақырымды жерде Жусалы өзенінің жағалауынан Әулие - Бұлақ атты жаңа минералды бұлақтың көзі ашылды.

1840 жылы қазақтар Биен өңіріндегі шекаралық қызметте жүрген кезінде Жетісу өңірінде Қапал - Арасан минералды бұлақтарының көзін ашты. Арасан бұлағы суының құрамында су мен қышқыл - хлоридтің бөлшектерінің бар екендігін анықтап емдік қасиетіне көздері ашылған адамдар бұлақ тастарынан монғол және қытайдың жазбаларын байқайды. Қапал - Арасанның минералды бұлақтары жүрек - қан тамырларына жүйке, тері және әйелдердің ауруларына шипалы екендігі анықталды.

Қазақстанның табиғи емдік рекреациялық ресурстары Кеңес өкіметі кезеңінде пайдалана басталды. 1920 жылы алғаш рет мемлекетке маңызды Боровой курортының ашылу салтанаты өткен болатын. 1922 мен 1925 жылдары аралығында “Мұланды” “Ауыл” “Сор” “Рахманов бұлағы” “Шымған” “Жаңа Қорған” емдеу-сауықтыру орындарының негізі қаланды. 1930 жылдары ғалым – балнеологтар, климатологтар, гидрологтар, геофизиктер, химиктер, курортолог – дәрігерлері 20 астам табиғи – емдік орындарына өздерінің туризмді дамыту бағыттарын орнатты. 1931 жылы 27 наурыз да Қазақтың емдеу-сауықтыру трестінің негізі қаланды.

Қазақстандағы емдік - сауықтыру рекреациялық ресурстарын зерттеуге еңбек сіңген ғалымдар арасында: Н.Н.Славянов, П.И.Зарницын, В.И. Иванов - Незнамов, М.Г. Курлов, В.А.Климовицкий ерекше атап өтуге болады.

Қазақстандағы емдік ресурстарды зерттеу бойынша 500 минералды су көздері, 50 климаттық емдеу орындары бар екендігі анықталды. Қазіргі кезеңде елімізде 12 емдік-сауықтыру орталықтары, 2 пенсионат, 6 демалыс үйі бар. Емдік - сауықтыру бағытындағы туризмнің Алматы, Бурабай-Щучинск, Баянауыл, Қарқаралы, Сарыағаш, Сергеевка, Шалқар емдік-сауықтыру орталықтары жоғары дәрежеде дамуға мүмкіншілігі бар аймақтар саналады.

Қымыз және шұбатпен емдеу біздің елімізде ежелден белгілі. Қымыз өз құрамына 2-2,5 % белок, 1-2 % май, 3,5-4,8 % қант, витаминдер, фосфор, кальций, 0,6-1,2 % сүт сақтайды. Қымызды туберкулез, анемия, рахит ауруларын емдеуге пайдаланады.

Еліміздегі емдік туризм дамыған негізгі орталықтары:

«Ақжайық» - Орал қаласынан 45 км қашықтықта орналасқан. 1989 жылы Орал өзенінің жағалауында көрікті табиғат аясында құрылды. Негізгі емдеу факторы хлорлы – магний – натрий минеральданған суы, құрамында темір бар минералды су ішкі құрылыстарды тазалау үшін қолданылады. Ревматизм, гипертоникалық аурулардың бірінші және екінші дәрежесін анимия, варикоз ауруларын және ас қорыту аурулары гастрит, энтероколит, гепатохолицист, панкреатитті емдеуге маманданған. Сонымен бірге қосымша сусамыр, зоб ауруларын емдеу бағыттары дамыған. «Атырау» – емдеу-сауықтыру орны Атырау қаласында Орал өзенінің жағалауында орналасқан. Емдеу-сауықтыру орны Орал өзенінің қалаға шығатын жағасында орналасқан. Негізгі емдеу факторлары құрамында элементтері бар хлорид, натрий суы. Полиартрит, остеохондроз, радикулит, артрит ауруларын емдеуге маманданған. «Сосновый бор» – Қостанай қаласынан 50 км қашықтықта орналасқан. 1981 жылы қайыңды ағаштар арасында, емдік қасиеті бар қолдан жасалған көлмен спорттық кешен ретінде орналасқан. Құрамында азот мен ионға бай таза ауа, мәңгі жасыл өсімдіктері бар алқап адам ағзасына қолайлы әсер етеді. Негізгі табиғи емдік көзі – шипалы батпақ және аз минеральданған сульфат-натрий су.«Зеренді» демалыс үйі – Көкшетау қаласынан 50 км қашықтықта Зеренді көлінің жағалауында таулы, орманды алқапта орналасқан. Көлдің құмды жағалауы, аралас орман, таулар, қолайлы климат, адам ағзасына жақсы әсер ететін табиғатқа бай өлке, бұл адамдардың жақсы демалуы үшін өте маңызды. «Светлый» емдеу-сауықтыру орталығы - Көкшетау қаласынан 60 км қашықтықта « Бурабай емдеу-сауықтыру орталығы» станциясынан 12 км қашықтықта, Щучье көлінің жағалауында орналасқан. Көрікті көп тауларымен көмкерілген табиғатпен қоршалған, таза ауа адамның денсаулығына әсер ететін қолайлы табиғи емдік факторға ие климат қалыптасқан. Негізінен бронхит, бронхиольдік астма, пневмония, жоғарғы тыныс жолдары, танзиллит, фаренготрахлит, синусит т.б.ауруларды емдейді [17]. «Жаркент – Арасан» - республикалық маңызы бар, бальнеологиялық емдік-сауықтыру орталығы. Алматы облысы, Панфилов ауданы Жетісу (Жоңғар) Алатауының табиғаты әсем шатқалында, теңіз деңгейінен 1100 м. биіктікте орналасқан. 1967 жылы ашылған. Негізгі емі – құрамындағы радонды бар хлор – сульфат натрийлі минералды суы. Қан айналу, жүйке жүйесі, аяқ – қол, буын, тері және гинекологиялық ауруларды емдейді. Климаттық факторлар (таудың шипалы таза ауасы, өсімдігі, табиғи ландшафты) кеңінен пайдаланылады. «Алма-Арасан» - емдік сауықтыру орталығы Алматының оңтүстік – батысында, Іле Алатауының солтүстік беткейінде 1800 км биікте орналасқан. Жер бедері таулы – орманды шалғынды болып келеді. Суы аз мөлшердегі минералды, гидрокарбонатты, натрийлі, баяу сілтілі (рН –1,9 – 9,6), радиоактивті. 1953 жылы толық барланды. «Рахманов бұлағы» - Рахман көлі, Шығыс Қазақстан облысының Қатон-Қарағай ауданындағы шипалы жылы су көзі. Оңтүстік Алтайдың кішкене тектоникалық ойпатында, Арасан көлінің жағасында теңіз деңгейінен 1750м биіктікте орналасқан. Су граниттегі терең тектоникалық жарықтан шығады, температурасы 35°С-42°С. Рахман бұлағының шипалық қасиеті оның құрамындағы көмір қышқылының радонның молдығында. Суы тұщы, минералдануы 200 мг/л, құрамында гидрокарбонаттар, натрий, кальций т.б. элементтер бар. Рахман бұлағының суы

асқазан, ревматизм, гинекология, жүйке, тыныс ауруларын және әр түрлі улану мен жараларды емдеуге қолданылады. «Көктем» - таза ауамен және шипалы сумен емдейтін емдеу -сауықтыру орталығы. Алматы қаласынан оңтүстікке қарай 2 шақырым жерде, Іле Алатауының етегінде, теңіз деңгейінен 1100 м биіктікте орналасқан. Таудың таза ауасы мен сұлу табиғаты, табиғи шипалы минералды суы демалушылардың жақсы емделуі мен демалуын қамтамасыз етеді. 1990 жылы аумағынан минералдылығы аз, гипетермалы (42°С- 44°С) құрамы азотты – сілтілі және хлор сульфатты натрий, кремний қышқылы мен фторға қаныққан табиғи шипалы жер асты ыстық су көзі табылған. «Сарыағаш» - бальнеологиялық емдеу-сауықтыру орталығы - Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданында, Шымкент қаласынан 145 шақырым жерде, Келес өзенінің сол жақ жағалауында орналасқан. «Сарыағаш» минералды суы алғаш рет 1948 жылы мұнай іздеу барысында бұрғылау кезінде табылып, шипалы қасиеті сол жылы белгілі болған. 1950 жылы 15 орынға арналған алғашқы бальнеологиялық емдеу орны ашылған. 1961 жылдан «Сарыағаш» емдеу-сауықтыру орталығы аталды. «Түрген» су көздері – Алматы облысында , Алматы қаласынан 80 км және Түрген ауылынан 20 шақырым жерде, Іле Алатауының солтүстік беткейінде Түрген өзенінің бойындағы табиғаты әсем шатқалда орналасқан. Басты табиғи емдік қасиеті – ыстық (33°С, 35° С) сульфатты кальцийлі – натрийлі (минералдануы 1,44 – I) 51 г/л су, құрамында азот пен кремний қышқылы бар, тәуліктік көлемі 25 м бальнеотерапия үшін қолданылуда. «Мерке» - бальнеологиялық емдеу-сауықтыру орталығы Жамбыл облысы, Мерке темір жол станциясының оңтүстігінде 14 км жерде, теңіз деңгейінен 1200 м биіктікте, таулы аймақта орналасқан. 1960 жылы жергілікті тұрғындар үшін демалыс үйі, ал 1981 жылы емдеу-сауықтыру орталығы ретінде ашылған. Негізгі емі – құрамында фтор, кремний қышқылы бар сульфаты (күкірт қышқылы), гидрокарбонатты – хлорлы натрий тұздары аралас радонды минерал суы пайдаланылады. Сондай – ақ таудың таза ауасы мен сұлу табиғаты, климатымен емдеу, физиотерапия, емдік денешынықтыру тәсілдері де қолданылады. «Жаңақорған» - балшықпен емдейтін бальнеологиялық курорт Батыс Қазақстан темір жолының Жаңақорған станциясынан 2 км, Қызылорда қаласынан оңтүстік – шығысқа қарай 170 км жерде, Сырдария аңғарының сортаң топырақты шөлді аймағында, Теріскен көлінің жағалауында орналасқан. Шипалы балшығымен, тұзды суы өте ертеден белгілі. Курорт салу 1918 жылы жергілікті дәрігер Ф.С.Мартюковтың ұсынысымен басталған 1920 жылы балшықпен емдеу ғимараты, 1926 – 1928 жылдары 200 орындық демалыс ғимараты салынған. Қазақстандағы балшықпен емдейтін тұңғыш емдеу-сауықтыру орталығы.«Бурабай» емдеу – сауықтыру орталығы - Көкшетау облысының Шучье ауданындағы ауа- райы және қымызбен емдейді. Бурабай көлінің жағасында теңіз деңгейінен 350-480 м биіктікте орналасқан «Көкшетау» демалыс үйі – Көкшетау қаласынан 60 км қашықтықта Бурабай станциясынан 6км қашықтықта орналасқан. Демалыс үйі «Шучье» көлінің қайыңды жағалауында орналасқан. Климаты континенттік, қысы суық, жазы жылы. Көктем және күзде жидек, саңырауқұлақтар көп өседі. Демалыс үйі 250 орындық және 4-15 жастағы балалар мен ата-аналар және жанұялық демалыс үшін арнаулы бөлмелер жабдықталған [17]. Демалыс үйінде клуб, кітапхана, алаң, құмды жағалау, шаңғы базасы бар. «Мойылды» - балшықпен емдейтін бальнеологиялық емдеу-сауықтыру орталығы. Павлодар облысы, Мойылды көлінің жағалауында, теңіз деңгейінен 135 м биіктікте орналасқан. 1922 жылы ашылған. Климаты континенттік, яғни жазы ыстық, қысы суық. Қаңтар айының орташа температурасы -18° С, ал шілдеде +21° С. Жауын – шашынның жылдық орташа мөлшері 250 мм шамасында. Ем ретінде әлсіз сульфидті минералдылығы жоғары шөгінді балшық, Мойылды көлінен алынған ащы тұзды рапа (сульфат – хлорид, натрий – магний аралас) ванна (былау) ретінде пайдаланылады, минералды суын ішеді.

Кесте-1

Қазақстанның емдеу-сауықтыру орталықтары

№	Атауы	Орналасқан аймағы
1	Ақжайық	Батыс Қазақстан обл
2	Атырау	Атырау обл
3	Сарыағаш	Оңтүстік Қазақстан обл
4	Меркі	Жамбыл обл
5	Манкент	Оңтүстік Қазақстан обл
6	Бурабай	Ақмола обл
7	Алма –Арасан	Алматы обл
8	Жаркент-Арасан	Алматы обл
9	Көктем	Алматы қаласы

10	Көкшетау	Көкшетау қаласы
11	Мойылды	Павлодар обл
12	Зеренді	Ақмола обл
13	Сосновый бор	Қостанай обл
14	Жаңақорған	Қызылорда обл
15	Рахманов бұлағы	Шығыс Қазақстан обл

Сурет-2



Соңғы кезеңде елімізде емдік - сауықтыру бағытындағы туризмді дамыту жандандырыла бастады. Емдік бағыттағы туризмнің материалды-техникалық базасы жақсартылды, жаңа ғимараттар салынып, қосымша жана жиһаздармен қамтамасыз етілді және ем жасаудың жаңа әдіс-тәсілдері пайдаланылды. Емдеу-сауықтыру нысандары табиғи көрікті аймақтар, минералды су көздері, табиғаттың шипалы байлықтарымен бірге жоғарғы деңгейдегі клиникалар да маңызды орын алууда.

Джозеф Вудмен «Пациенты без границ» кітабында әлемдегі медициналық туризмнің дамуы туралы сараптамалық нәтижелерге талдау арқылы әлемдегі ең үздік медицина Сингапур елінде екендігін айқындаған.

Қазақстандық емделушілер ұзақ уақыт бойы кардиохирургия, нейрохирургия, мүшелерге трансплантация жасау, онкология және т.б. сияқты медицина салаларында ем алу үшін өзге елдерге баруға мәжбүр еді. Ал кәзір керісінше Қазақстанда ем алушылардың саны артуда.

Астана қаласында Ұлттық медициналық холдингінің қазіргі заманғы клиникаларын құру мен елдегі кардиохирургиялық және нейрохирургиялық көмектің дамуы, қазақстандықтардың шетелде емделуге деген қажеттіліктерін едәуір төмендетті. Тіпті, шетелдіктер үшін Қазақстанда халықаралық талаптарға сай медициналық қызмет алу мүмкіндігі туды. ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің баспасөз қызметінің хабарламасы бойынша 2011-2014 жылдары Елордадағы Ұлттық медициналық холдинг клиникаларында және Ұлттық ғылыми медициналық орталықта әлемнің 30-дан астам елінің 4799 азаматына медициналық көмек көрсетілді. Атап айтқанда, жоғары медициналық мамандандырылған көмек алу үшін Ұлттық медициналық холдингке ұйымдарына Ресей, АҚШ, Жапония, Италия, Ұлыбритания, Түркия, Болгария, Шри-Ланка, Филиппин, Қырғызстан және өзге елдердің азаматтары келген. Шетел азаматтары көбінесе омыртқа дискі жарығын микрохирургиялық жолмен алып тастау, экстракорпоральды ұрықтандыру, жүректегі қан жолы тетігіне кардиохирургиялық ота жасау, жатыр артериясын эмболизациялау сияқты қызметтерге жүгінеді. Өзге елдерге қарағанда Қазақстанда жасалатын оталардың құны төмен.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметтеріне сүйенсек, еліміздің медициналық мекемелерінде өткен жылы 5000 астам шетелдік науқас емделген екен. Мамандардың айтуы бойынша, бұл сан мүмкіндіктің шегі емес. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы

медициналық туристердің саны нақты болмайтындығын айтады. Себебі, шетелдік емделушілердің қатарына арнайы медициналық ем қабылдау үшін келген туристер ғана емес, аталмыш елде жұмыс бабымен жүрген шетел азаматтары қоса тіркеледі. Сол себепті, нағыз медициналық туристердің саны көрсеткіштен әлдеқайда төмен келеді. Себебі, біз сол жерде тұрақтаған немесе қызмет бабымен жүрген шетелдіктерді есепке алмаймыз. Қазақстанда медициналық туризм екі бағытта дамиды. Қазақстандықтар емделу үшін шетелдерге көп барады. Осылайша, біз ЖІӨ белгілі бір бөлігін жоғалтамыз. Өйткені, біздің елде де жасалатын ем үшін отандастарымыз шетелдерге барады. Дегенмен, бізде ішкі бағытталған медициналық туризм де бар. Қазақстанға ем алу үшін келетін шетел азаматтары да жоқ емес. Бірақ статистикаға сәйкес сыртқа бағытталған, яғни қазақстандықтардың шетелде ем алу көрсеткіші басым. Корея денсаулық сақтауды дамыту институтының мәліметтері бойынша, Кореяға жылына 10000 қазақстандық емделуге барады екен. Әлемде туристер ең көп келетін 5 елдің қатарына Канада, Ұлыбритания, Израиль және Үндістан кіреді. Ал Корея ондықтың қатарында. Медициналық туризммен белгілі туристік агенттіктер айналысады, әрине олардың өзіндік қаржылай мүддесі бар. Олай дейтініміз, қабылдаушы медициналық ұйымдар медициналық туристерден түскен қаржының белгілі бөлігін қазақстандық туристік агенттіктерге аударып отырады. Мысалы, қазақстандық 6000 АҚШ долларына ем қабылдаса, соның 600000 туристік агенттіктің қалтасына түседі. Шетелдіктер біздің елге келгеннен гөрі қазақстандықтар шетелге көп баратыны – ақиқат.

Қорытынды

Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының пікірінше азия аймағындағы ең үздік медицина Сингапур елінде. Әр жыл сайын Сингапурға емделу үшін 500 мың адам емделуге келеді екен. Сингапурды азиядағы экономикалық айдаһарға балайды. Сонымен бірге Сингапур - сауықтыру және медициналық туризмнің негізгі орталықтардың бірі. Кішкентай мемлекет қалай ғана азия аймағында медициналық қызмет көрсету сапасы бойынша алғашқы орынға шықты. Сингапурда емделу АҚШ пен Германияда емделуден 40% - ға арзан, Ұлыбританиядан 60%- ға арзан. АҚШ-та 160 мың \$ доллар тұратын ота түрі, Сингапурда 12 мың \$ доллар тұрады екен. Сингапурдағы емдеу орталықтары әлемдегі ең үздіктер қатарына кіреді. Емдеу орталықтарының негізгі ерекшелігі – сапалы көпсалалы медициналық қызмет көрсетуге тырысады, әсіресе медициналық оңалту (реабилитация) түріне ерекше көңіл бөледі. Сонымен бірге медбикелер біліктілігіне ерекше көңіл бөледі. Сингапурда биомедицинаның дамуы, заманауи жабдықтар, соңғы технологиялардан басқа тағы бір ерекшелік бар.

Бүкіл әлемдік Денсаулық сақтау Ұйымы дүниежүзіндегі 191 елдің денсаулық сақтау саласын зерттеп, ең үздік Францияны атады. Зерттеу жұмыстары төмендегі өлшемдерге байланысты жасалды: тиімділік, қолжетімділік, халықтың сұраныстарына сәйкестік. Францияда ең жоғарғы деңгейдегі заманауи техникалық жабдықталған керемет ауруханалар, білікті дәрігерлер бар. Осының бәріне Франция халықтары толықтай қолжеткізе алады. Екінші орынға Италия мемлекеті, үшінші, төртінші және бесінші орындарға кішкентай мемлекеттер Сан-Марино, Андора, Мальта, Сингапур, Оман мемлекеттері жатады. Үздік ондыққа Австрия мен Жапония да кірді. Бүкіл Әлемдік Денсаулық сақтау ұйымының тізімінде АҚШ 37 ші, Қазақстан 64 орында болса, ТМД елдерінен Литва -73, Белорусия -74, Эстония -79, Молдавия -101, Армения -104, Латвия -105, Әзербайжан -109 орындарды иеленді. Ал Ресей мемлекеті 130-орынға түсіп, 131-орынға Гондурас мемлекеті алынды. Экономикасы қарқынды дамушы Қытай 144 ші, соңғы орнына Сьерра-Леонам мемлекеті енгізілді.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының сараптамасы бойынша 2015 жылы Қазақстан медициналық туризм саласына 205 млн. доллар жұмсады. Ең маңызды мән беретін бағыт бүгінгі күні әлемдегі медициналық туризмнің географиясы Азия -Тынық мұхит аймағына ауысып жатыр. Мысалы бұрын жүрек ауруларын емдеу мен ауыр оталар жасау Қытай мен Сингапурда жоғары сұранысқа ие болса, қазір Корея алдыңғы орынға шықты. Доллар мен еуро бағасының қымбаттауына байланысты АҚШ, Швейцария, Германияға барып емделу тиімсіз болып кетті. Сондықтан халықаралық емханалар әрқашан сұранысқа ие болып отыр. Мемлекет басшысы «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында Қазақстандағы медициналық туризмді дамытудың тетіктерін ойлап тауып, аталған саланы алдағы онжылдықта өркендету керектігін айтқан болатын. Өйткені, елімізге ем іздеп келетін шетелден келушілердің саны әлі де болса өте аз. Керісінше, қазақстандықтар ауруына шипа іздеп емдік туризм бағытында шетелге кетіп Қазақстанның ақшасын шет елдерге тасмалдауда.

Осы кемшіліктің орнын толтыру мақсатында Денсаулық сақтау министрлігі емдік бағыттағы медициналық туризмді дамыту үшін бірқатар шараларды қолға алған. Осыған орай қазақстандық халықтардың денсаулық сақтау саласының сапасын арттыру, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізу жұмыстары қолға алынды. Сонымен бірге Денсаулық сақтау министрлігі әлемдік деңгейде емдеу мүмкіндіктеріне ие болатын емханалар мен ауруханалардағы медициналық қызмет көрсетудің сапасын арттыру арқылы Қазақстанға шетелдік емделушілерді тартудың өзге де тетіктері қолға алынуда.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Рекреациялық географияның теориялық негізі / редакциялық коллегия И.П.Герасимов, пен В.С.Преображенский – М.: Ғылым, 1975. – 221б.
2. Танымал медициналық энциклопедия / ред. Бакулева А.Н., Петрова Ф.Н. – М.: Кеңестік энциклопедия, 1965.-1039б.
3. Ердаулетов С.Р. (2000) Туризм географиясы: тарихы теориясы қолдану әдісі практикасы – А.: «Атамура»- 336б.
4. Курортология және курортлтерапия справочнигі редакторы проф Данилов Ю.Е. проф Царфис П.Г. – М.: «Медицина», 1973 – 647б
5. Курорттық рекреациялық шаруашылық (аудандық аспектілері) Гидбут А.В., Мезенцев А.Г. – М.: Наука, 1991.- 91с.
6. В.В. Полторанов М.М Мазур. (1989) Санаторлы курорттық ем мен оның жағымдылығы – М.: Профиздат.- 263б.
7. А.П. Парфенов (1963) Табиғаттың емдік қасиеттері – Л.: Ленинград.- 44б.
8. П.Г, Царфис Ю.В. Ступинин (1991) Курорттар (2 том) – М.: Профиздат.-511б.
9. Н.А Беляя, И.П Лебедева (1978) Курорттық емделу / М.: Знание– 63б.
10. А Хасенов. (1961) Қымыз және оның емдік қасиеттері – А.: Казгосиздат.- 41б.
11. Н Литвинова (1938) Қазақстанның курорттары мен емдік орындары – А.: Казгосиздат,- 92б.
12. Климаттық емдеу методикасының негізгі принциптері проф редакторы А.С.Вишневого – М.: Медицина, 1965. – 413б.
13. Соколова М.В. (2002) Туризм тарихы– М.: Мастерство, 350б.
14. Қазақстан Курорттары– Алматы.: Онер, 1973.- 143б.
15. К Нургалиев. М. Темирханов (1957) Қазақстанның емдік орындары – А.: Қазақтың Мемлекеттік баспаханасы– 77б.
16. А.Ю. Александрова (2001) Халықаралық туризм – М.: Аспект Пресс,- 464б.
17. А.Г. Ким (1997) Қазақстандағы рекреациялық территорияларға баға беру және туристік рекреациялық шаруашылық– А.: Рауан,- 205б.

α –АМИЛАЗА ФЕРМЕНТИНІҢ БИДАЙ САПАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІPhD доктор **Н.С. МАМЫТОВА***б.ғ.к. **М.О.АЙТЖАНОВА**Проф. мін. ат. а/ш.ғ.к. **Г.У.БАЙТАШЕВА****Түйіндеме:**

Зерттеу жұмысында α -амилаза ферменттерінің ерте өсу кезінде белсенділігі артатыны анықталды. Бұл өз кезегінде бидайдың сапасын қалыптастыруда маңызы зор. Бидайдың өсу кезеңіндегі дәндеріндегі α -амилаза гетерогенді және 2- топпен анықталады және

жалпы компоненттер саны 14 екендігі және α -Ами1 изоферменттер тобына 6 зона, ал α -Ами 2 изоферменттер тобына 3-4 зона кіретіні анықталды. Осы алынған нәтижелер биохимия және өсімдіктер физиологиясы пәндерінен алған білімді жетілдіруге көмектеседі. Тәжірибеде қолданылған экстракт бөліп алу, ферментердің белсенділігін спектрофотометрия арқылы анықтау, белоктың нативті электрофорезі, изоэлектрофокустеу әдістері зертханалық жұмыстарда пайдаланылып, студенттердің біліктілігін арттыруға көмектеседі және теориялық алған білімдерін тереңдете түседі.

Тірек сөздер: бидай, α -амилаза, изоферменттер, белсенділік, фермент

THE ROLE OF α -AMYLASE IN THE FORMATION OF QUALITY OF THE WHEATS**Abstract:**

In this study were identified the activity of α -amylase enzymes increases during early growth. This enzyme plays an important role in the quality of wheat. It was determined that α -amylase in the seeds of the wheat germination period was determined by the heterogeneous and group 2 and the total number of components was 14 and the α -Amy1 was 6 zones of isoenzyme groups and the α -Amy 2 isoenzyme groups included 3-4 zones. These results will help improve the knowledge gained in the disciplines of biochemistry and plant physiology. Experimental skills used in the experiment detection of enzyme activity using spectrophotometry, native protein electrophoresis, isoelectric focusing which are used in laboratory works help students to improve their skills and deepen their theoretical knowledge.

Keywords: wheat, α -amylase, isoenzymes, activity, enzyme

КІРІСПЕ

Бидай – Қазақстандағы негізгі астық тұқымдас өсімдік. Бидай дәнінен жасалған нан және ұн өнімдерінен, адам орта тәуліктік рациондағы ақуыздың 30% алады. Тағамға жарамсыз дәннің және өндірістегі бидай ұнының қалдықтары ауылшаруашылығы жануарларына қорек ретінде беріледі. Әлемдік нарықта Қазақстандық бидай сұрыптары сапасының жоғарылығымен және өнімділігімен бағаланады. Қазақстан әлемде бидайды экспорттауда жетінші орын, ал ұн экспортында бірінші орын алады. Бидай экспортының көлемі жылына 7-8 млн тоннадан тұрады және 1,5 млрд доллар қаржыны құрайды. Отандық бидайдың ерекше сапасы және жоғарғы өнімділігі зерттеушілердің айырықша көңіл бөлуінің нәтижесі болып табылады және дәндердің сапасының биохимиялық негіздерін толықтай зерттеуді қажет етеді [1].

Астықтұқымдастар дәндерінің құндылығы негізінен эндоспермдегі қор заттарының сапасы және саны бойынша - ақуыз және крахмал – және осы қосылыстардың зат алмасуы кезіндегі ферменттердің ерекшеліктерімен анықталады. Гидролитикалық ферменттер бидай сапасын қалыптастыруда үлкен маңызға ие. Дәндердің пісіп-жетілу кезеңінің соңында протеолитикалық және амилитикалық ферменттер белсенділігінің деңгейі арқылы қор заттарының құрамы мен қатынасын және технологиялық көрсеткіштерін анықтауға болады [2]. Соның ішінде амилазалар дәндердің негізгі биокатализаторлары болып табылады. Олар крахмал гранулаларын декстриндер мен қанттарға ыдаратады. Мұнда α -амилаза ферменті жетекші роль атқарады, яғни крахмалдың табиғи гранулаларын гидролиздеу қабілетіне ие. Дәндер эндосперміндегі крахмал қорларының гидролизі қарапайым қанттар түріндегі оңай сіңірілетін қоректік заттарға айналады. Олар дәндердің өсуі үшін қажетті энергия береді [3].

Дәндердің өсуіне температура, ылғалдылық, құрғақшылық, азрация сияқты факторлар әсер етеді. Қазақстанда климаттық жағдайлаға байланысты егістегі бидайдың жинау алдындағы өсуі өткір

* Қыздар мемлекеттік педагогикалық университеті, mamytovanur@gmail.com

мәселелердің бірі. Тұқымдардың қалыпты дамуында эндосперм қабықпен тығыз байланысады. Жоғарғы ылғалдылықта, әсіресе өнімді жинау кезіндегі дәндердің эндоспермінің дұрыс дамымауы тұқымдардың сапасының төмендеуіне алып келеді [4].

Өну кезіндегі α -амилаза ферменті сапалық және сандық құрамы изоферменттермен анықталып көптеген факторларға байланысты екенін атап өту керек. Ол факторларға, сұрыптық ерекшеліктер, аэрация және ылғалдылық, өсіру температурасы, сонымен қоса өсімдіктердің өсу гормонының әсері [5].

Амилазалар – көмірсулар метаболизмінің ең маңызды ферменттері – жоғарғы өсімдіктерде кеңінен таралған, әсіресе астық тұқымдастарда көп кездеседі. Бұл ферменттер қор полисахариді – крахмалды ыдыратып, оны клетканың тіршілік процестеріне қатысатын жеңіл сіңетін қанттарға айналдырады. Амилазаның пісіп жетілудегі және әсіресе өсімдіктің тұқымдарының өнуіндегі биологиялық маңызы ерекше зор. Сонымен бірге тамақ өндірісіндегі технологиялық процестердің бірқатары өзінің негізінде астық тұқымдастарының бұл ферменттерінің әсерінен крахмалдың гидролитикалық айналуына ие [6].

Амилаза (amylum - крахмал) – крахмал, гликоген және олардың толық емес ыдырау өнімдерінің (декстриндер мен олигосахаридтер) гидролизін көміртектің 1-ші және 4-ші атомдары арасындағы глюкозидті байланыстарын ыдырату жолымен катализдейтін ферменттер. Көмірсулар катаболизмінің негізгі ферменттері болып табылады. Полисахаридтерге әсер ету сипаты бойынша α -, β -, γ -амилазалар: α -амилазалар жануарлар, өсімдіктер және микроорганизмдерде кездеседі, оның әсерінен полисахаридтер олигосахаридтерге дейін ыдырайды, оның қатысуымен жүретін реакцияларында негізінен декстриндер түзіледі. α -амилаза әлсіз қышқыл қасиеттерге ие. Ca^{2+} пен Cl^- оны белсендіреді. β -амилазалар жоғарғы өсімдіктерге тән, полисахаридтер молекулаларының сыртқы тізбектерінен мальтоза дисахаридін ыдыратады, яғни мальтозаның және үлкенмолекулалы декстриндердің түзілуін катализдейді, γ -амилазалар – глюкоза моносахаридін ыдыратады. Әдетте полисахаридтер гидролизі әр түрлі амилазалардың бір уақытта қатысуымен жүреді Француз ғалымдары А. Пайен мен Ж. Персомен [4] уыт сығындысынан бөлініп алынған амилазалардың тазаланбаған комплексі – диастаз ферментативті препараттың алғашқысы болды. Кейбір амилазалар кристалды түрде алынған. Амилазалар ағзалардың әр түрлерінде арнайы қасиеттерге ие болып келеді. Олардың физиологиялық рөлі жасушалардағы полисахаридтер қорының мобилизациясы (мысалы, тұқымның өнуі кезінде) болып табылады. Спирт пен нан пісіру өндірісіндегі крахмал сүзінділерін қанттандыру үшін зен саңырауқұлақтары мен бактериялардан алынатын α -амилазалар қолданылады; крахмалдан глюкоза өндірісінде глюкоамилаза препараттары қолданылады [7].

Экзо- немесе β -амилаза бидай, арпа сияқты астық тұқымдастарының өніп жатқан тұқымдарының негізгі крахмал ыдыратушы потенциалын құрайды. Пісіп жетілген тұқымдағы энзимнің алғы заты көбінесе өну кезіндегі ерігіш, белсенді гидролаза сияқты байланысқан зимогенді формадан бөлініп алынды [8]. Крахмал депполяризация реакцияларының инициациясына жауапты болып есептелетін α -амилазаның синтезімен параллельді β -амилаза өніп жатқан дәндерде орын алатын крахмалдың үлкен ыдырауында маңызды синергисттік рөл ойнайды деп күтілуде. Дегенмен, β -амилаза белсенділігінің бұл процесс үшін маңыздылығы немесе қажеттілігі әлі анық емес. Арпа дәндері β -амилазасы *in vitro*-да крахмал гранулаларының гидролизінде де маңызды үлес қоспайтыны туралы қорытындыға әкеледі [9].

Өніп жатқан дәндегі биохимиялық процестердің негізгі бағыты эндоспермде жинақталған жоғарымолекулалық қосылыстардың қарқынды гидролизі, оларды дамып жатқан өркенге қол жетімді еріген қалыпқа айналдыру болып табылады. Сонымен бірге тұқымның тыныс алудағы газалмасуы жоғарылайды. Өніп жатқан дәнге тән ерекшеліктердің бірі өнудің көзге көрінетін белгілердің пайда болуына дейін жиі байқалатын барлық гидролазалар мен оксидоредуктазалардың белсендіктерінің жоғарылауы болып табылады. Бұл ерекшеліктермен өнген бидайдың біріншіден нан пісу мен технологиялық қасиеттерінің өзгеруі анықталады.

Зерттеу объектісі және α -амилазаның белсенділігін анықтау әдістері

Зерттеу объектісі ретінде «Қазақстанская-10» бидай сортының тұқымдары алынған.

Өсу кезеңдеріндегі зерттеулерде арнайы дайындалған бидай дәндері суда 3 сағат жібітіліп, дистильденген сумен ылғалдандырылған фильтр қағазына отырғызылды. Бидай дәндерін залалсыздандыру үшін сутегінің асқын тотығының (H_2O_2) 5%-ік ерітіндісі пайдаланылды. Әрбір 24 сағаттан соң олардан үлгілер алынып, ары қарай зерттеу жұмыстарына пайдаланылды. Инкубация ұзақтығы – 1 тәлік пен 7 тәулік аралығы болды.

Тыныштық күйіндегі бидайдың залалсыздандырылған (сутегінің асқын тотығының (H_2O_2) 5%-ік ерітіндісінде) дәндері 0,2 %-қ $CaCl_2$ ерітіндісінде езіліп, экстракцияланды.

Йод-крахмалды әдіс. 50мМ ацетат буферінде рН=5 крахмалдың 0,02%-тік ерітіндісін дайындайды. Ол үшін гидролизденген крахмалдың 20мг-ын алып, оны 40мл суда 5 мин тұрақты араластырып, қайнатады. Одан кейін суытып, 5мл 1М ацетат буферін, 1мл 100мМ $CaCl_2$ қосып, 100мл-ге дейін жеткізеді. Ерітіндіні тоңазытқышта 5 күннен артық ұстамайды[10].


Гель электрофорез. Электрофорез гель (7,5% полиакриламид) бағандарында өткізілді. Электрофорез үшін полиакриламидтік гельді (ПААГ) дайындау үшін А, В, С ерітінділері дайындалды. Нативті электрофорез режимі: 100V – 30 минут, ал одан кейін 500V-қа ауыстырылды және алғашқы бояудың шығуынан кейін 35 минут өткізілді.

Белсенділік зоналарын анықтау йод-крахмалды әдіс көмегімен жүргізілді. Бұл үшін 0,05М ацетат буфері негізінде (рН 5,0) 1% ерігіш крахмал дайындалды. Крахмал ерітіндісінде суықта 1 сағат инкубирледі. Одан кейін жуып шайылды, % KI ерітіндісінде боялды. Гельдерді суретке түсірді [11].

Белоктарды изоэлектрлік фокустеу Ригетти әдісі бойынша жасалды. Соңғы концентрациялары 6% акриламид, 2,6% фармолит (Pharmacia) (рН диапазоны 4-6,5), 0,025% ТЭМЭД, 0,25% аммоний персульфаты ($(NH_4)_2S_2O_8$) қосылған 1 мм ПАГ гелі дайындалады. Оның анодтық (+) шетіне 40 мМ глутамин қышқылымен, катодтық (-) шетіне 0,2 М гистидинмен суғарылған фильтрлі жолақтар орналастырады. Гельге 5-7 μ М белок үлгілері енгізіледі. Ток күші 7 мА-ге тең жүйеде кернеуді 100 В – 600 В-қа дейін көтере отырып фокустеуді жүргізеді. Белгіленген уақыттан кейін гельді рН 5,0 тең 0,05М ацетатты буферде ерітілген 1% крахмалда 4 $^{\circ}$ С-де 1 сғат көлемінде инкубациялайды. Уақыт біткен соң дистильденген сумен бірнеше рет жуып, 0,01 М I_2 -тағы 0,03 М KI ерітіндісінде бояйды [12]. Изоэлектрофокустеу Multiphor 2117 (Швеция) құрылғысында жасалынды.

Бидайдың өсу кезеңіндегі амилазаның белсенділігін және компоненттік құрамын анықтау


Жұмыс барысында ерте өсу кезеңіндегі амилазаның белсенділігі мен компоненттік құрамы зерттелді. 1 суретте көрсетілгендей отырғызылғаннан кейінгі алғашқы 1 тәулікте амилаза ферментінің белсенділігі қарқынды болмады. Алайда келесі 3-4 тәуліктен бастап белсенділігі күрт жоғарылады.



1 сурет. Бидай дәніндегі жалпы амилаза белсенділігі өзгерісінің динамикасы

1 – тыныштықтағы бидай; 2 – 1-тәулік; 3 – 2-ші тәулік; 4 – 3-ші тәулік; 5 – 4-ші тәулік; 6 – 5-ші тәулік


1 суреттен ерте өсу кезеңінде жалпы амилаза ферментінің белсенділігінің әрбір тәулік сайын 2 есеге артқандығын көреміз. Бұл құбылысты изоэлектрофокустеу әдісі арқылы анықтағанда да байқауға болады. Яғни 2 тәуліктен бастап α және β амилазалардың изоформаларының толықтай көрінуін көруге болады.



2- сурет. α - және β -амилазаларының изоферменттік құрамының белсенділігі мен өзгерісінің динамикасын зерттеу

1 – 1-тәулік; 2 – 2-ші тәулік; 3 – 3-ші тәулік; 4 – 4-ші тәулік; 5 – 5-ші тәулік


2-суретте жалпы α - және β -амилазаларының изоферменттік құрамының белсенділігі мен өзгерісінің динамикасы изофокусирлеу әдісі бойынша анықталды. Суретте көріп отырғандай ерте өсу кезеңінде ферменттердің белсенділігі тәулік артқан сайын артатыны байқалады. α - AMY-1 тобы изоформалары α - AMY-2 изоформаларына қарағанда белсенділіктері жоғары болған.



3 сурет. Бидай дәніндегі α -амилаза белсенділігі өзгерісінің динамикасы

1 – тыныштықтағы бидай; 2 – 1-тәулік; 3 – 2-ші тәулік; 4 – 3-ші тәулік; 5 – 4-ші тәулік; 6 – 5-ші тәулік

3 және 4 суреттен қыздырудан кейін, яғни экстракты 65°C 15 мин су моншасында қыздыру арқылы β амилазасының белсенділігі жойылады. Бұдан β амилазалардың латентті екені анықталады.



4 сурет. α - амилазаларының изоферменттік құрамының белсенділігі мен өзгерісінің динамикасының электрофоретикалық көрінісі

1 – тыныштықтағы бидай; 2 – 1-тәулік; 3 – 2-ші тәулік; 4 – 3-ші тәулік; 5 – 4-ші тәулік; 6 – 5-ші тәулік

Тыныштық күйіндегі дәндерге қарағанда өсу кезеңіндегі α -амилаза белсенділігі β -амилазаға қарағанда жоғары болды. Бидайдың өсу кезеңіндегі дәндеріндегі α -амилаза гетерогенді және 2-топпен анықталады және жалпы компоненттер саны 14. Оны ПААГ суреттерінен көруге болады (4-сурет). Электрофорез бен изоэлектрофокустау әдістері пайдаланып, амилаза ферментінің изоформалары зерттелді. α -Ами1 изоферменттер тобына 6 зона, ал α -Ами 2 изоферменттер тобына 3-4 зона кіретіні байқалды.

Қорытынды

Қорыта келгенде, алынған нәтижелер бидай дәніндегі амилаза белсенділігі бидайдың өну уақытына тәуелді жоғарылайтынын және қыздырудан кейінгі амилаза белсенділігінің азаятынын, яғни бұл амилазаның термотұрақсыз түрі бар екенін көрсетеді. Бидайдың өсу кезеңіндегі дәндеріндегі α -амилаза гетерогенді және 2-топпен анықталады және жалпы компоненттер саны 14 екендігі және α -Ами1 изоферменттер тобына 6 зона, ал α -Ами 2 изоферменттер тобына 3-4 зона кіретіні анықталды.

Осы алынған нәтижелер биохимия және өсімдіктер физиологиясы пәндерінен алған білімді жетілдіруге көмектеседі. Тәжірибеде қолданылған экстракт бөліп алу, ферменттердің белсенділігін спектрофотометрия арқылы анықтау, белоктың нативті электрофорезі, изоэлектрофокустеу әдістері зертханалық жұмыстарда пайдаланылып, студенттердің біліктілігін арттыруға көмектеседі және теориялық алған білімдерін тереңдете түседі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Дарқанбаев Т.Б. (1987) *Биохимические подходы к оценке качества зерна злаковых. Ферменты и качество зерна.* – Алма-Ата: Наука, – 176 с.
2. Кударов Б.Р. (2009) *Техническая биохимия. Учебное пособие по биохимии зерновых, крупяных и технических культур.* – Алматы, Издательство КазНУ им. аль-Фараби, – 190 с.
3. MacGregor A.W., Daussant J. (1979) *Evolution of α -amylase components during initial stages of barley germination with and without prior steeping* // *Cereal chemistry*. V. 56. N 6. P. 541–545.
4. Пронин С.И. (1980) *Амилолитические ферменты и их роль в пищевой промышленности.* – М., – 40С
5. Аликулов З.А., Гильманов М.К., Дарқанбаев Т.Б. (1987) *Ферменты и качества зерна.* – Алма-Ата: Наука, – 176 с.
6. Shewry P., Parmar S., Buxton B. et al. (1988) *Multiple molecular forms of α -amylase in seeds and vegetative tissues of barley* // *Planta*. 176.P. 127-134
7. Ohdan K., Kuriki T., Kaneko H. et al. (1999) *Characteristic of two forms α -amylase and structural implication* // *Applied and Environmental Microbiology*. Vol. 65, No.10 p.4652-4658
8. Kim J., Cha S., Kim H. et al. (1999) *Crystal structure of a maltogenic amylase provides insights into a catalytic versatility* // *Journal Biology Chemistry*. vol. 274. Issue 37. P.26279-26286
9. Кузовлев В.А., Фурсов О.В., Дарқанбаев Т.Б. (1988) *Регуляция α -амилазы из зерна кукурузы циклодекстринами* // *Прикладная биохимия и микробиология*. Т. XXIV Вып.5 С.636-641
10. Гильманов М.К., Фурсов О.В., Францев А.П. (1981) *Методы очистки и изучения ферментов растений* / Алма-Ата: «Наука» 91
11. Хақимжанов А.А., Фурсов О.В. (1994) *Различные изоформы α -амилазы зерновок риса* // *Физиология растений*. Т41. (3), С.415-419.
12. Хақимжанов А.А., Кузовлев В.А. (2000) *Изоферментный состав α -амилазы рисового щитка* // *Вестник КазГУ сер. Биологическая*. С. 86-88.

МЕКТЕПТІҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕ БИОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ФОРМАТИВТІ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІН ҚОЛДАНУ

аға оқытушы **З.С. РАХИМОВА***
оқытушы **Р.Э. МУХПУЛОВА**
Проф. мін. ат. а/ш.ғ.к. **Г.У.БАЙТАШЕВА**

Түйіндеме:

Бұл мақалада мектепшілік бағалауды ұйымдастырылатын қалыптастырушы формативті бағалау арқылы оқу танымдық құзіреттіліктерін қалыптастыру. Қалыптастырушы және жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар барлық оқушыларға бірдей мүмкіндіктер беретін жағдайда қарастырылуы тиіс. Бұл басшылықта көрсетілген тоқсандық жиынтық бағалау нәтижесінде қойылатын балдар саны мен модерация үдерістері оқу жетістіктерінің сенімді болуын қамтамасыз етеді, мұғалім мен оқушыға сабақ беру және оқыту туралы тиімді ақпарат береді. Қалыптастырушы бағалау – оқушының оқу нәтижесінің үнемі ілгерілеп және дамып отыруына ықпал ететін, мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланысын қамтамасыз ететін үдеріс.

Жүйелі білім беруде барлық оқушыға бірдей мүмкіндіктер беретін жағдай жасалынып тоқсандық жиынтық бағалау нәтижесін басшылыққа алып көрсету қарастырылған.

***Тірек сөздер:** коучинг, анализ, синтез, формативті бағалау, кері байланыс*

FORMATIC EVALUATION SYSTEM IN TEACHING BIOLOGY ON THE EDUCATIONAL PROCESS OF THE SCHOOL

Abstract:

This article is about formation of educational cognitive competence through formative assessment, which organizes in school assessment. Systematic education provides for equal opportunities for all learners, and provides the results of the term summary assessment to the administration. Tasks for Formative and Summative Assessment should be considered when all students have the same opportunity. The number of score and the moderation processes are result from the term assessment summarized to ensure the learning outcomes and provide teachers and learners with effective information about teaching and learning. Formative Assessment is a process that provides feedback between the teacher and the pupil, which contributes to the continuous advancement and development of the learning outcomes. Systematic education provides for equal opportunities for all pupils, and provides for the results of the term assessment.

***Keywords:** coaching, analysis, synthesis, formative assessment, feedback*

Жаңартылған білім беру парадигмасының қалыптасуы, құзыреттілік қатынастарға негізделген жаңа білім стандарттарының пайда болуы оқушылардың оқу-танымдық құзыреттіліктерін қалыптастыруға әсер ететін жүйелі, пәндер аралық сипаттарды меңгерген оқушылардың жетістіктерін бағалаудың жолдарын іздеуге, бағалау технологиясының ұйымдастыру-педагогикалық негіздерін анықтауға аталған технологияның практикалық жағынан іске асырылады.

Мектепшілік бағалауда ұйымдастырылатын қалыптастырушы және жиынтық бағалау анық, сенімді, қолайлы түрде өткізіліп, сабақ беру үдерісі мазмұнын бағалау үшін жасалғандықтан, оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарын қолдана отырып сабақ беру және оқытуға оң әсерін тигізуі керек.

Қалыптастырушы және жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар барлық оқушыларға бірдей мүмкіндіктер беретін жағдайда қарастырылуы тиіс. Бұл басшылықта көрсетілген тоқсандық жиынтық бағалау нәтижесінде қойылатын балдар саны мен модерация үдерістері оқу жетістіктерінің сенімді болуын қамтамасыз етеді, мұғалім мен оқушыға сабақ беру және оқыту туралы тиімді ақпарат береді.

Сыныптағы бағалау тек қана техникалық тәсіл емес. Мұғалімдер жазбаша және ауызша түрде баға қою жолымен бағалайды. Олар қолданатын кез келген нысанның артында объективті немесе жеткілікті дәрежеде объективті емес нормалар мен стандарттар ғана емес, сондай –ақ, баланың дамуы, оқуы және ынтасы туралы түсінік, сонымен қатар өзін-өзі бағалау, қабілеттілік және күш-жігер сияқты ұғымдарға қатысты ұғымдар жатады. Бағалау одан арғы оқу туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университет, alua-2012.08@mail.ru

қолданылатын термин. Қалыптастырушы фармативті және жиынтық мақсат арасындағы айырмашылық 1960 жылдардан бастап белгіленген. Оқытуды, әдістерді және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін жақсарту мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған қалыптастырушы фармативті немесе оқыту үшін бағалау болып табылады.

Қалыптастырушы бағалау – оқушының оқу нәтижесінің үнемі ілгерілеп және дамып отыруына ықпал ететін, мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланысын қамтамасыз ететін үдеріс [1].

Сабақ беру оқытуды тиімді түрде ұйымдастыру үшін әр оқушының ілгерлеуі мен ағымдағы түсіну деңгейін үнемі анықтап отыру маңызды. Ол қалыптастырушы бағалауда іске асырылып отырады және оқушының оқу жетістіктері туралы шешім қабылдауға мүмкіндіктер тудырады.

Қалыптастырушы бағалау оқыту мен оқудың біртұтас құрамдас бөлігі болып, қосымша жаттығулар мен тест тапсырмалары түрінде қабылданбауы тиіс.

Қалыптастырушы бағалау үдерісі төменгі кезеңдерден тұрады:

- Оқушыларды анықталған оқу мақсаттары мен бағалау критерийлерімен таныстыру
- Оқушылардың нені және қандай деңгейде түсінгендігін анықтайтын дәлелдемелердің көрсеткіші бола алатын тиімді орта тудыру немесе олардың басқа іс-әрекеттерін ұйымдастыру.
- Оқушының дамуына ықпалын тигізетін тиімді кері байланыс беріп отыру.
- Оқушыларды бір-біріне өзара оқыту көзі бола алатындай ұжымдастыру.
- Оқушы өз оқуы барысында өзін “құрастырушы” ретінде қабылдау.

Әр сыныпта сабақ беру үдерісінде мұғалім оқу бағдарламасындағы барлық оқыту мақсаттарын қамтуы керек. Пәндер бойынша оқу жоспарында барлық оқу мақсаттары үшін ұсынылатын іс-әрекеттер берілген.

Бағалау үдерісін тиімді түрде өткізу үшін мұғалімге:

- оқу мақсатына сәйкес бағалау критерийлерін нақты құрастыру:
- тапсырмаларды бағалау критерийлеріне сай құрастыру және дескрипторларын анықтау
- кері байланыс беру ұсынылады оқушыларға тиімді.

Бағалау критерийлері оқу мақсатында не көрсетілсе, тек соны ғана бағалайды және Блум таксономиясында берілген алты ойлау дағдыларының деңгейлерін-білу мен түсіну, қолдану, анализ, синтез және бағалауды көрсетеді. Мұғалімнің бағалау критерийлерін оқу мақсаттарына сәйкестендіріп, нақтылап дайындалуы маңызды.

Одан кейін мұғалім бағалау критерийлерін сәйкестендіріп, оқушылардың жеке ерекшеліктерін, оқу мазмұнын ескеріп, тапсырма және оның дескрипторларын құрастырады. Дескрипторлар тапсырманы орындаудағы оқушы қадамын нақтылайды, нәтижеге жету жолын анықтайды, сондықтан олардың түсінікті болуы қажет [2].

Бағалау критерийлерін құрастыруда мұғалім ойлау дағдылары деңгейлерін көрсететін қосымша таблицада берілген етістіктерді қолдана алады.

Бағалау критерийлерін құрастыруда қолданылатын етістіктер

Білу және түсіну	Білімді қолдану	Анализ	Синтез	Бағалау
анықтайды	сәйкестендіреді	талдайды	біріктіреді	түсіндіреді
атайды	таңдайды	зерттейді	дәлелдейді	талқылайды
жазады	шешеді	тексереді	салыстырады	дәлелдейді
қайталайды	қолданады	сәйкестендіреді	құрастырады	болжайды
көрсетеді	құрастырады	бөліп көрсетеді	мақұлдайды	шешім қабылдайды
хабарлайды	қолданады	саралайды	қорытындылайды	ұсынады

Бағалау бірінші кезекте білімнің сапасын айқындау үшін қажет. Егерде біз өз жұмысымызда елеулі табыстарға қол жеткізгіміз келсе, онда өткен уақыттағы және қазіргі нәтижелерімізді

анықтауымыз керек, яғни жұмысымыздың оң жақтары мен кемшіліктерін айқындап, оны бағалауымыз қажет.

**“ Білім беру нәтижелерін бағалаудың формативті амалдары” тақырыбында коучинг өттік.
Қысқа мерзімді жоспар**

Күні	Коучинг:	Өтетін орны:
Коучинг тақырыбы:	Білім беру нәтижелерін бағалаудың формативті амалдары	
Мақсаты :	“Формативті бағалау” анықтамасын білу, техникаларын қолдану	
Күтілетін нәтиже:	Мұғалімдер “формативті бағалау” анықтамасын біледі, техникаларын қолданады.	
Негізгі идеялар:	“Оқуды жақсарту мүмкіндіктерін іске асыру әдістері мен түрлерін анықтауға бағытталған бағалау қалыптастырушы немесе оқу үшін бағалау болып табылады.” “Оқыту үшін бағалау –бұл білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар мен олардың мұғалімдері қолданатын мәліметтерді іздеу және түсіндіру үдерісі” Талпынғандар ғана білім ала алады. Білім алушылар өз білімін арттыру үшін бағалауды үйренуі қажет, сондықтан оқушыларға өзінің оқуын жақсарту үшін кері байланыс арқылы алынған ақпаратқа сәйкес жұмыс қажет етеді. Аталған тұжырым оқыту мен оқу тәжірибесі үшін өте маңызды да өзекті.	
Негізгі дерек көздері:	Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, портал материалдары, интернет ресурстары, тақырыптық таныстырылым.	
Көрнекіліктер:	Интерактивті тақта, слайдтар, ватман, маркер, стикер, магниттік тақта.	
Коучинг барысы		
Коучтың іс-әрекеті	Мұғалімдердің іс-әрекеті	
Психологиялық ахуал”	“Танысу тренингі “айтады	
Семинар мақсатын анықтау	ББҮ кестесін толтырады	
ББҮ КЕСТЕСІ		
Топтық жұмыс “жазба жұмысын бағалаңыз”	әр топ берілген жазба жұмысын бағалайды	
Дәстүрлі оқыту	Формативті бағалау туралы ақпарат алады	
Формативті бағалау		
Бағалау түрлері туралы бейне баян тыңдау	Бағалау туралы бейнебаянды талқылау Қатемен жұмыстың түрлерін көрсетеді	
Коуч ақпараты.	Формативті бағалау техникалары жайлы мұғалімдер теориялық тұрғыдан ақпарат алады	
Формативті бағалаудың әдіс-тәсілдері		
Кері байланыс” Екі чемодан”	“Екі чемодан “әдісі бойынша мұғалімдер берілген сұраққа жауап жазу арқылы өз ойларын жазады.	

Жағымды психологиялық климат құру әр сабақтың және жалпылама алғанда бүкіл білім игеру процесінің басты мақсаты. Әр сабақта жағымды атмосфера орнатуға ұмтылу жақсылық пен ізгілік нышаны. Осы мақсатта коучингке қатысқан студенттер мен оқытушыларды танысудан бастадық. Ең бірінші өздері туралы айтты [3].

Семинардың келесі бөлімінде студенттер ББҮ кестесін толтырды. Мұндағы мақсат коучинг тақырыбы бойынша өз мақсаттарын айқындайды. Формативті бағалау бойынша өздерінің бұрынғы білімдерін еске түсірді, салыстырды, байланыстырды. ”Не білемін?”, ”Не білгім келеді?” деген сұрақтарға жауап іздеді. Тиімділігі қарастыратын мәселе бойынша негізгі проблемаларды анықтап, оларды игеруге әріптестерді ынталандыру, қызығушылықтарын ояту. Осы сұрақтарға курстағы студенттер жақсы жауап бере алады[4]. Топтық жұмыс қызу талқыланды. Себебі әр студент өзінің іс-тәжірибесімен бөлісе отырып, ортақ шешім айтты. Жазба жұмысын тексеріп ”2” деген баға қойған студенттер, жанынан түсініктеме жазып қойған әріптестерде кездесті. Бұл проблема жоғары

сыныптарда жиі кездесетіндіктен, ұстаздар жақсы талдап, айта алды. Интербелсенді тақтадан ұстаздар дәстүрлі оқытудағы бағалау мен формативті бағалауды ажырата алды.

Дәстүрлі оқыту

Тапсырманы орындап болған оқушыға мұғалім сұрақ қойды:

Оқушы:

- Сонымен, қай жерде қате жібергеніңді түсіндің бе?

Иә, -деп орнына барып отырды.

Формативті бағалау

Тапсырманы орындап болған оқушыға мұғалім сұрақ қойды

-Оқушы: қай жерде қате жібергеніңді түсіндің бе?

- Оқушы қате орындалған тапсырмасын көрсетті.

Мұғалім :

-Кел, екеуміз тапсырма неліктен дұрыс орындалмағанын бірге шешіп көрейік.

Дұрыс жауап алу үшін оқушы бастапқыда тапсырманы қалай орындау керектігін түсіндірді.

Бағалау түрлері туралы студенттерге берілген екінші тапсырма “Өзіндік жұмыстың нәтижелері” 2” бағаны сыныптың 33%, «3» бағаны сыныптың 42%, «4» бағаны сыныптың 25%, «5» бағаны сыныптың 0% алды. Осы ситуациядағы сіздің әрекетіңіз? Сыныпта алынған өзіндік жұмыспен жүргізілген қатемен жұмыстың түрлерімен өзара бөлісті.

“ Формативті бағалаудың әдіс-тәсілдері “

“Екі чемодан” әдісі бойынша студенттер берілген сұраққа жауап жазу арқылы өз ойларын жазды.

Кері байланыс “Екі чемодан”, кері байланыс “ыстық орындық”, ББҮ кестесін толтыруда.

Қорытынды

Нәтижесінде әріптестер формативті бағалау туралы ақпарат алып, өздері қолданып жүрген іс-тәжірибелерімен бөлісті. Коучинг соңында ұстаздарға” Бағалау” видеосы көрсетіліп, болашақта формативті бағалаудың амалдарын сабақтарда қолдану, оқушылардың білім сапасын көтеруіне зор ықпалы бар екенін атап өттік. Осы коучингте жасай алғанымыз ол студенттерге сындарлы оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдермен іс-тәжірибе алмаса отыра, өзіміздің сабақтарда қолданып жүрген бағалаудың түрлерінің тиімділігін көрсете алдық. Нені жасау керек? Биология сабақтарында бағалаудың түрлерін тиімді қолдануды жандандыру, әріптестермен үнемі байланыс жасай отыра, білгенімізді үйрету. Әріптестерімізді осындай іске жұмылдыру, жаңа әдіс-тәсілдермен бөлісу біздің жетістігіміз деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, үшінші негізгі деңгей НМЗ.2012ж
2. А.Әлімов *Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері*. (2013) Оқу құралы Алматы -
3. Бұлақбаева, М.К. (2013) *Педагогикалық шеберлік негіздері* [Мәтін]: Оқу құралы / Алматы: ҚазМемҚызПУ,- 168 б.
4. Бөрібекова, Ф.Б. *Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар* [Мәтін]: Оқулық / Ф.Б. Бөрібекова, Н.Ж. Жанатбекова (2014) Алматы,- 360 б.- (ҚР Білім және ғылым министрлігі).

KIRGIZİSTAN DİJİTAL MEDYASINDA ZEYTİN DALI HAREKÂTI

Prof. Dr. Hamza ÇAKIR
Ömer KÜFREVI**Özet:**

қалаларда өткен халықаралық конференцияларда жалғасын тапты. Ал Рио-де-жанейрода (1992ж) өткен дүниежүзілік конференция экологиялық білім беру мәселелерін қайта қарап, ондағы негізгі бағыттарды айқындап берді. Экологиялық білім берудің нормалық-реттеуші құжаттары «Қоршаған ортаны қорғау туралы заңда» (1997ж), «Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігін сақтау концепциясында» (1997ж), «Қазақстан Республикасы білім мен тәрбие берудің ұлттық стратегиясында» (1998ж), «Экологиялық білім бағдарламасында» (1999ж) қарастырылған. Экологиялық білім мен тәрбие беру оқу орындарында білім деңгейлеріне қарай жүргізіледі. Мектепке дейінгі балалар мен бастауыш мектептерде ол қоршаған ортамен таныстыру, адам мен табиғаттың бірлігі мен өз мекеніне қамқорлық жасау қажет екендігін ұғындыру арқылы өтеді. Қоршаған орта мен табиғатты тиімді пайдалану, оны сақтау үшін келенсіз әрекеттерді жасамау басты бағыт болуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. *Экологический информационный бюллетень*. Алматы РЭЦ, 1994-2002.
2. Глазовский В.И. (1990) *Аралский кризис*. - М. : Наука.
3. *Биологическое и ландшафтное разнообразие РК*. - Алматы.:МЭПР,1997.
4. *Экологические проблемы деятельности комплекса «Байконур! И пути их решения*. Материалы Международной научно-практической конференции. Вестник Карагандинского Университета, спец выпуск, №1.
5. Тлеубергенов С.Т. (1997) *Полигоны Казахстана*. - Алматы: Ғылым,.
6. Буторина М.В., Воробьев П.В., Дмитриева А.П. и др. (2003) *Инженерная экология и экологический менеджмент*. М.. Логос,
7. Фурсов В.И. (1987) *Охраны природы и сельское хозяйство*. - Алма-Ата:Кайнар
8. Орешкин Д.В. (1990) *Аралская катастрофа. Серия.Наука о земле*.-М.:Знание
9. *Вторжение в природную среду. Оценка воздействия, основные положения и методы* /Пер с англ. Изд. Эк. Программы ООН. М. Прогресс, 1983.
10. Гришин Н.Н. *Основные принципы ОВОС и отечественная система подготовка и принятия решений* // Экологическая экспертиза и ОВОС-1996 №1.
11. Донченко В.К., Питулько В.М., Растоскуев В.В. и др. (2004) *Экологическая экспертиза*. М.. Издательский центр «Академия»
12. Степаовских А.С. (2003) *Прикладная экология охрана окружающей среды*. М.ЮНИТИ-ДАНА,
13. *Закон РК от 30 августа 1995г.*
14. *Земельный кодекс РК от 20 июня 2003г.*
15. А.С.Бейсенова, К.Д.Карпеков. (2004) *Қазақстан географиясы*. Алматы : Атамұра
16. Буторина М.В., Воробьев П.В., Дмитриева А.П. и др. (2003) *Инженерная экология и экологический менеджмент*. М.. Логос,
17. Фурсов В.И. (1987) *Охраны природы и сельское хозяйство*. - Алма-Ата:Кайнар
18. Орешкин Д.В. (1990) *Аралская катастрофа. Серия.Наука о земле*.-М.:Знание
19. *Вторжение в природную среду. Оценка воздействия, основные положения и методы* /Пер с англ. Изд. Эк. Программы ООН. М. Прогресс, 1983.
20. Гришин Н.Н. *Основные принципы ОВОС и отечественная система подготовка и принятия решений* // Экологическая экспертиза и ОВОС-1996 №1.
21. Донченко В.К., Питулько В.М., Растоскуев В.В. и др. (2004) *Экологическая экспертиза*. М.. Издательский центр «Академия»
22. Степаовских А.С. (2003) *Прикладная экология охрана окружающей среды*. М.ЮНИТИ-ДАНА,
23. *Закон РК от 30 августа 1995г.*
24. *Земельный кодекс РК от 20 июня 2003г.*
25. А.С.Бейсенова, К.Д.Карпеков. (2004) *Қазақстан географиясы*. Алматы : Атамұра

АЛАБҰТАЛАР ТҰҚЫМДАСЫНЫҢ КЕҢ ТАРАЛҒАН ТҮРЛЕРІНІҢ БИОЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

PhD, профессор АБИГЕЙЛ С. НЬЮСАМ*
2 курс докторанты Ж.Б.АШИРОВА**
б.ғ.д., профессор Ж.Ж. КУЖАНТАЕВА

Түйіндеме:

Мақалада алабұталар (*Chenopodioides*) тұқымдас тармағының кең таралған түрлерінің биоэкологиялық ерекшеліктері көрсетілген. Алабұта тұқымдасы түрлері биоэкологиялық және жүйелік ерекшеліктеріне байланысты үлкен екі тұқымдас тармағына бөлінген: Соның ішінде Алабұталар (*Chenopodioides*), Сораңдар (*Salsoloides*). Жалпы мақалада алабұта тұқымдасы түрлерін анықтағанда олардың ең алдымен жапырақ, сабақ сырттарындағы тұзды кристалдар мен түктерінің ерекшеліктеріне мән берілген және суреттері Қапшағай су қоймасының маңында түсірілген.

Сораң тұқымдас тармағының (*Salsoloides*) жемшөптік түрлеріне сораң (*Salsola L.*) туысының бірқатар түрі және дәрілік түрлеріне итсигек бұйырғын (*Anabasis aphylla L.*) түрлері анықталды. Сонымен бірге бір қатары қызылша, шпинат азықтық; кейбір туыстары изень, ебелек, сораң, теріскен, күйреуік, итсигек, сексеуіл түрлері жемшөптік; асхана қызылша, хош иісті алабұта, бақша шпинаты дәрілік сексеуіл туысы түрлері, мүйіз теріскеннің шаруашылық маңызы бар.

Тірек сөздер: эндосперм, түйнек, гельминт, сапонин, алколоид

BIOLOGICAL AND ECOLOGICAL FEATURES OF WIDESPREAD SPECIES OF CHENOPODIACEAE FAMILY

Abstract:

In the article shows Biological and ecological features of widespread species of Chenopodiaceae (*Chenopodioides* family). The *Chenopodioides* species are divided into two large families, depending on their bio-ecological and systemic features: including *Chenopodioides*, *Salsoloides*. In the general article, we find the *Chenopodioides* species, which are mainly attributed to the characteristics of saline crystals and hairs on the leaves, shapes, and pictures taken near the Kapchagay reservoir.

The species of *Sussoloides* (*Salsola L.*) has a number of species, and the types of herbicides (*Anabasis aphylla L.*) have been identified. In addition, a number of beets, spinach fodder; some of the relatives of beef, hawthorn, sorghum, leopard, scorpion, insecticide, saxaul species; dish of beetroot, aromatic alabut, garden spinach, various kinds of herbal derivatives, horned cattle are of economic importance.

Keywords: *endosperma, tubers, helminths, saponins, alkaloids.*

КІРІСПЕ

Алабұта тұқымдасы түрлері жер шарында кең тараған бір жылдық және көпжылдық шөптесін, бұта, ағаш түрінде кездесетін сортаң топыраққа төзімді өсімдіктер. Бұлардың көпшілігінің сабағы бунақты, жапырақтары кезектесіп немесе қарама-қарсы жетіледі. Гүлдері түссіз, ұсақ гүлдері жиналып масақша, түйнек гүл шоғырларын түзеді. Гүлқоршауы қарапайым, жасыл, кейде болмауы да мүмкін. Гүлдері дара немесе қос жынысты болады. Жемісі-тұқымша. Тұқымы сақиналы болады. Тұқымдасқа 1600-дей түр, 105-туыс жатады. Қазақстанда 225 түрі өседі. Бұл тұқымдасқа жататын өсімдіктердің бірқатар түрлерін мал жейді (изень, ебелек, сораң, теріскен туыстары т.б.), сондай-ақ отын (ақ, кара, зайсан сексеуіл және мүйізді теріскен) ретінде пайдаланылады, қолдан да өсіріледі. Жас өскіндерін көкөніс ретінде тамаққа, ал тұқымын балықшылар балыққа жем ретінде пайдаланады. Елде күлін қайнатып май қосып сабын алады. Бірқатар түрлерінен медицинада дәрі-дәрмек дайындайды. Алабұта тұқымдасының сирек кездесетін 4 түрі: Хива сораңы, жалпақ жапырақты сораң, Регель тарбақайы, Торғай бұйырғыны қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызылкітабына» енгізілген [1].

Алабұта тұқымдасы түрлері биоэкологиялық және жүйелік ерекшеліктеріне байланысты үлкен екі тұқымдас тармағына бөлінеді:

* Миссисипи мемлекеттік университеті, АҚШ, Миссисипи штаты, mail.: asnewsome@mvsu.edu

** Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, jadi_ashirova90@mail.ru

1. Алабұталар (*Chenopodioides*), бұл түрлердің эндоспермдері бар тұқымдары жақсы жетілген сақина тәріздес болып келеді.

2. Сорандар (*Salsoloides*), бұл түрлердің тұқымдары майысқан және эндоспермдері жақсы жетілмеген. Жалпы алабұта тұқымдасы түрлерін анықтағанда олардың жапырақ, сабақ сырт-тарындағы тұзды кристалдар мен түктерінің ерекшеліктеріне мән беріледі [2].

Алабұта тұқымдас тармағы (*Chenopodioides*). Қызылша туысы (*Beta* L.) [біржылдық](#), [екіжылдық](#) және [көпжылдық](#) өсімдіктер.

Қызылшаның танымал түрі: [қант қызылшасы](#) (*Beta vulgaris* L.) свекла обыкновенная. Кәдімгі қызылшаның түр тармақтары мангольд жапырақты қызылша (*Beta vulgaris* L. var. *cicla*); көкөніс қызылша (*Beta vulgaris* L. var. *esculenta*); қант қызылшасы (*Beta vulgaris* L. var. *saccharifera*) [3,4]; жемшөптік қызылша. Қызылша туысы түр тармақтары Антарктикадан басқа құрлықтарда өседі. Қызылшаның барлық мәдени түрі шығыс Үндістанда өсетін табиғи қызылша түрінен басын алған.

Қызылшаны тағам ретінде ең алғаш [Жерорта](#) теңізі маңындағы елдерде қолданған. Алғаш тағамға қызылшаның жапырағы ғана пайдаланылған, ал тамырын тек дәрілік мақсатта қолданған. Қазір асхана қызылшасын бауыр, бүйрек, қуық ауруларын емдеуге, денедегі зат алмасуды жақсартуға қолданады.

Мал азығы қызылшасы XVI ғасырда Германияда шығарылған. Оның толық сапалы түрі XVI-XVII ғасырларда алынса, XVIII ғасырда бұл қант қызылшаның түр тармағы бүкіл Еуропаға тез тарады. Басқа қызылшалардан айырмашылығы аз болғанымен, оның тамыры жақсы жетілген. Селекционерлердің 1747 жылы бастаған жұмысының нәтижесінде қант қызылшасы пайда болды. Себебі қамыстан алынатын қанттың қызылша құрамында да бар екендігі анықталған. Ол кезде қызылшаның тамыржемісі құрамында 1,3% [қант](#) болса, қазіргі уақытта бұл көрсеткіш 23%-дан асады. Бүгінгі күні қант қызылшасы қант өндіру бойынша қант қамысынан кейінгі 2-орында. XIX-XX ғасырларда қызылша туысы түрлері Антарктикадан басқа барлық құрлықтарға тараған. Туыстың құрамында 4 түрі бар, Қазақстанда 1 ғана түрі өседі.

Қант қызылшасы (*Beta vulgaris* L.) свекла обыкновенная. Екіжылдық өсімдік (1-сурет). Бірінші жылы өсімдік тамыр мойнының айналасында топтасып жертаған жапырақтар түзіледі және тамыржеміс түзеді, ал екінші жылы тамыржемістен сабақ өседі, оның ұшында тирс гүлшоғыры түзіледі. Қызылшаны өндірістік мақсатта қант алу үшін, көкөністік және малға азық ретінде егеді. Кейде олар жабайы өсімдікке айналып, арамшөп ретінде өседі (әсіресе Закавказьеде).



1-сурет. Қант қызылшасы (*Beta vulgaris* L.) свекла обыкновенная

Қант қызылшасы Қазақстанда Талдықорған, Жамбыл облыстарында өсіріледі. Етті, жуан тамыры тамыржеміс деп аталады. (1-сурет). Гүлсидамдық қуатты сабағы екінші жылы пайда болады. Жасыл немесе ақшыл гүлдері жеке немесе 2–8-ден топтасып жетіледі. Пісіп жетілген кезде тұқымша жемісі 2-8-ден кірігіп жеміс шоғырын түзеді. Бірінші жылғы өсім түзу мерзімі 160–170 күн, екінші жылы жеміс түзу мерзімі 100–130 күнге созылады. Жылу сүйеді.

Алабұта (*Chenopodium* L.) марь туысы. Бір жылдық, көпжылдық шөптесін өсімдіктер. Жай жапырақтары кезектесіп жетіледі. Қос жынысты гүлдері шоғырланып түйнек түзеді. Түйнек гүл шоғырлары масақ, сыпырғы тәрізді күрделі гүлшоғырларына бірігеді. Гүл қоршауы қарапайым тостағанша тәрізді 5 жапырақшадан тұрады. Аталығы 5, аналықтың аузы (рыльца) 2 ажыраған. Жеміс қабы жарғақ тәрізді. Ақ алабұта (*Chenopodium album* L.) марь белая бір жылдық өсімдік. Сабақ, жапырағының астыңғы бетін ақ өнез басқан. Бір өсімдік 100 000 тұқым түзеді. Кең таралған түр. Егістіктің, бау-бақшаның арам шөбі.

Хош иісті алабұта (*Chenopodium botrys* L.) марь душистая. Біржылдық өсімдік, биіктігі 20-40см, жағымды иісі бар (2-сурет). Сабағы тік, негізгі сабағынан бұтақталады. Жай жапырақтары ұзын, жапырақ сағағының шеті ойық, ара тісті болып кезектесіп жетіледі. Себет гүл шоғырлары масақ тәрізді ұзын жінішке бұтақтары бойына жоғары бағытталып топталып жетіледі. Гүл шоғырлары өзінен бірнеше есе ұзын гүл шоғыры серігімен кезектесіп жетілген. Гүлдері қос жынысты, көбінесе 5 мүшелі, 1-3 аталығы болады. Тұқымша жемісі диаметрі 0,5-5мм, қара-қоңыр. Тұқымы жылтыр, тегіс жұқа ашық-сары тез түсіп қалатын жеміс қабымен көмкерілген. Шілде-қыркүйек айларында гүлдейді. [5] Гүлдену кезінде өсімдікті жинап алады. Жақсы желдетілетін жерде көлеңкеде құрғатады. Жабық шыны немесе ағаш ыдыста 1 жылға дейін сақтауға болады. Хош иісті алабұтаның қасиеттері: гельминттерді, микробтарды жоятын, қабынуға қарсы, астма ауруын емдейтін қасиеттері бар. Асқазан-ішек жолдарының, жүйке жүйесінің жұмысын және ұйқыны қалыпқа келтіреді. Сыртқы тері ауруларына және терінің зақымдануы кезінде қолданады [6].



2-сурет. Хош иісті алабұта (*Chenopodium botrys* L.) марь душистая

Бақша шпинаты (*Spinacia oleracea* L.) шпинат огородный (3-сурет). Екі үйлі көкөніс түрі. Сабағы тік, биіктігі 25-30см. Жай жапырақтары кезектесіп өседі, гүлдері майда, жасыл түсті. Жемісі-сопақ тұқымша. Құрамындан аруызы көп болады. Белсенді заттары: ақуыз, май, қант, аскорбин қышқылы, дәрумендер А, В₁, В₂, В₃, В₆, Р, РР, К, Е, D₂, фолий қышқылы, каротин. Микроэлементтері темір, магний, калий, фосфор, натрий, кальций, йод. Асты дәмдеуге өте пайдалы. Жапырақтарын тамаққа пайдаланады. Ас қорыту жүйесінің жұмысын ретке келтіреді, ішті жүргізеді. Бақша шпинатын гипохромдық анемия, гастрит, энтероколит, ішек перистальтикасы, жүйке жүйесінің аурулары, анемия, гипертония, туберкулез, қант диабеті, балалардағы өсудің бұзылуы, жоғары ақыл-ой жүктемесі, цинга ауруларына қарсы қолданады. Жапырақтары мен гүл шоғырларын мамыр-тамыз айларында жинап, көлеңкелі орындарда кептіреді.



3-сурет. Бақша шпинаты (*Spinacia oleracea* L.) шпинат огородный

Көкпек (*Atriplex* L.) лебеда. Бір жылдық өсімдіктер (4-сурет). Аналық гүлдерінің гүл қоршауы болмайды. Оның қызметін кіріккен гүл қасы жапырақшалары атқарады. Жеміс түзгенде ұлғайып өседі. Аталық гүлдері гүл қоршауы 3-5 мүшелі, 5 аталықты. Туыстың 225 түрінің 25-і Қазақстанда өседі. Биіктігі 10-150 см, жапырақтары кезектесе орналасқан, олардың алақаны бүтін, кейде тілімделген. Қазақстанда жиі кездесетін түрі – боз көкпек (*Atriplex cana* С.А.М.) лебеда седея. Ол жазық далалы аймақтарда, тау бөктерлерінде, борпылдақ, сортаң топырақты, сазды ойпаң жерлерде, өзен, көл аңғарларында өседі. Биіктігі 20-50 см бұташық. Сабағының түп жағы бұтақталған, сұрғылт қоңыр түсті. Жапырағы сопақша келген, едәуір қалың, кезектесе орналасқан (4-сурет). Гүлшоғыры жапырақсыз. Шілде – қазан айларында гүлдеп, жемістенеді. Тұқымы жирен түсті, жалпақ,

дөңгелектеу. **Бақ көкпегі** (*Atriplex hortensis* L.) лебеда садовая құрамында сапонин бар, ішті жүргізеді, сары ауруды емдейді, көк бояу алынады[7].



4-сурет. Бақ көкпегі (*Atriplex*) лебеда садовая

Мүйізді теріскен (*Eurotia ceratoides* (L.) С.А.М.) терескен роговидный (5-сурет).

Қазақстанның барлық өңірлерінде кездеседі. Бұталы, жартылай бұталы өсімдік түрі. Далалы шөл және шөлейт жерлерде, тастақты, қиыршық тасты тау бөктерінде өседі. Каспий маңы, Ақтөбе қаласы, Мұғалжар тауларында, Зайсан көлі маңында, Арал теңізі, Қызылорда қаласы маңында, Мойынқұмда, Балқаш-Алакөлде, Қызылқұмда, Қаратауда өседі. Шілде және қыркүйек айларында гүлдейді. Биіктігі 30-80 см. Сабағы бұтақтанған. Жай жапырақтары қандауыр, эллипс пішіндес, түк басқан. Жай жапырақтары кезектесіп жетіледі. Гүлі ұсақ, дара жынысты. Аталық гүлдерінің гүл қоршауы төрт мүшелі, аталығы 4, гүл қасы жапырақтары болмайды. Аталық гүл шоғыры тығыз масақ тәрізді. Сабақтың ұшында жетіледі. Төменірек аналық гүлдері түйнек шоғырын түзіп, екі кіріккен гүл қасы жапырақшасы қойнауында жетіледі. Аналық аузы екіге ажыраған. Тұқымша жемісінің ұзындығы 3мм. Гүлшоғыры масақ. Гүлдері даражынысты, бір үйлі, бұталы өсімдіктер. Теріскеннің құрамында 8-12% күл бар. Құрғақ органикалық затының 18,9-19,6% сіңімді протеин, 23-25% жасунық, 2,7% май, 100 кг шөбінде 81,7-92,5% (жазда 48,9-52,4%, күзде 31,3-35,4%) азық өлшемі болады. Отын ретінде де пайдаланылады. Әсіресе түйе сүйсініп жейді [8].



5-сурет. Мүйізді теріскен (*Eurotia ceratoides* (L.) С.А.М.) терескен роговидный.

Ебелек (*Ceratocarpus* L.) **рогач**. [Алабұта](#) тұқымдасына жататын бір жылдық шөптесін өсімдіктер. [Бетпақдалада](#), [Мойынқұмда](#), [Қызылқұмда](#), [Есіл-Тобыл](#), [Ертіс өзендері](#) мен [Каспий](#), Арал маңында, [Зайсанда](#), Балқаш-Алакөл ойпатында, шөл, [шөлейт аймақтардағы құм](#), құмайт, сор топырақты, қиыршықтасты жерлерде өсетін күмебелегі (*Ceratocarpus arenarius* L.) (6-сурет) рогач песчаный және қалталы ебелек (*Ceratocarpus utriculosus* Bluk.) рогач сумчатый деген түрлері бар. Олардың биіктігі 3–30 см. Сабағы көп [бұтақты](#) болғандықтан өсімдік [шар](#) тәрізді дөңгелек болып көрінеді. Сабағын қалың түк басқан, оның сұрғылт не сарғыш болатыны соған байланысты. Жапырағы үш-үштен шоқтанып, кезектесіп орналасады. Гүлі дара жынысты, 2-5-тен жапырақ қолтығына шоғырланған. Сәуір-маусым айларында гүлдейді. [Жемісі](#) түкті, жоғары

жағы сүйірлеу, үстіңгі жағында және бүйірінде қылтықты екі өскіні болады. Жемісі пісіп жетілгенде түбінен үзіледі де, [желмен](#) таралады. Ебелекті төрт түлік [мал](#) сүйсініп жейді [9].

Құм ебелек (*Ceratocarpus arenarius* L.) рогач песчаный-бір жылдық бұтақтанған, пісіп жетілгенде шар тәрізді болып өзгереді. Жемісінің екі ұзын үшкір гүл қасы жапырақшалары бар. Солар арқылы адам аяқ киіміне, малдың тұяғына жабысып таралады. Қазақстанның шөл, шөлейтті алқаптарында кең таралған түр[10].



6-сурет. Ебелек (*Ceratocarpus* L.) рогач

Кохия (*Kohia* Roth (L.) Schrad.) кохия. Көп жылдық шөптесін жартылай бұталы, кезектесіп жетілген жай жапырақтары бар Алабұталар тұқымдас тармағына жататын туысы. Гүлдер қос жынысты, гүл қасы жапырақшалары болмайды. 2-4-еуі жапырақ қойнауында топталып жетіледі. Кейде дара болып жетіледі. Аталығы-5, аналықтың аузы 2-3-ке тарамдалған. Тұқымша жемісі жұмыртқа тәрізді, жалаңаш, тегіс. Ұрығы сақина тәрізді [11].

Жатаған изень (*Kohia prostrata* (L.) Schrad.) кохия простертая. Тамыры ағаштанған, жеміс түзбейтін сабағы қоңыр қабықты. Жеміс түзетін сабағы, биіктігі 10-65 см, түсі қызғылт. Жапырақтары бұтақтарының қолтығында жетіледі. Ұзындығы 0,5-3см, ені 0,5-2см. Пішіні жартылай цилиндр не жіп тәрізді. Гүлдер 3-4 (5) шоғырланып, түйнек түзеді. Гүл қасы жапырақтары қойнауында жетіледі. Тұқымының ені 2мм, ұзарған шар тәрізді. Екі бүйірі қысыңқы. Қоңыр түсті, жалаңаш, жылтыр.

Сораңдар тұқымдас тармағы (*Salsoloides*).

Сораң (*Salsola* L.) солянка. Біржылдық, жартылай бұта мен бұталар. Жапырақтары тұтас, кейде қабыршақ немесе ине тәрізді (7-сурет). Гүлдері қос жынысты, гүл жапырақшалары бар, дара болып жапырақ қолтығында жетіледі. Ұрығы спиральді эмбрионды. ТМД елдерінде 72 түрі бар. Құрғақ далада және жартылай шөлді жерлерде өседі.



7-сурет. Сораң (*Salsola* L.) солянка

Рихтер сораң (*Salsola richerikare* L.) солянка Рихтера, черкез. Бұталы өсімдік. Биіктігі 2м. Құмды топырақта өседі. Жай жапырақтары бүтін жиекті, қабыршақ, ине тәрізді. Гүлдері қос жынысты гүл қасы жапырақтары бар, жапырақ қолтығында бір-бірден жетіледі. Гүл қоршауы 5

мүшелі, аталығы 5. Жемісінің қанат тәрізді өсіндісі бар. Ұрығы спиральді эмбрионды. Құрамында сальсолин деген алколоиды қан қысымын төмендетеді.

Бұйырғын (*Anabasis L.*) ежовник туысына көпжылдық шөптесін және жартылай бұталы өсімдіктер жатады. ТМД елдерінде 23 түрі кездеседі. [Қазақстанның](#) қуаң дала және [шөлейт](#) өңірлерінде 17 түрі өседі. Бұйырғынның түрлері Қазақстанда Каспий, Арал теңіздерінің аралығында, Үстіртте, Маңғыстау түбегінде, Бетпақдалада, Мырзашөлдің сазды шөлдерінде өседі. Осы аймақтардың тақыр жерлерінде де кездеседі. Сирек кездесетін эндемик түр-лері: [сырдария](#) бұйырғыны (*Anabasisjartica* (Vge.) Benth ежовник сырдарьинский, [торғай](#) бұйырғыны (*Anabasissturgai* Iljin et H.Krasch) ежовник тургайский және гипсті бұйырғын (*Anabasis gypsicola* Iljin.) ежовник гипсолубивый. Бұйырғынның сабақтары бунақты, бытыраңқы келеді, жапырақтары жетілмеген, тікенге ұқсас, көбіне қабыршақ сияқты. Гүлі қос жынысты, бес мүшелі, гүлсерігі бар. [Жаз](#) бойы гүлдейді. Көп тараған түрінің бірі [сортаң](#) бұйырғын (*Anabasisalsala* (C.A.M.) Benth) ежовник солончаковийшөлді аудандардың тегіс жерлерінде, кейде аласа тауларда өседі. Оның бір жылдық өркендерінде 18,2-31,0% [күл](#), 7,1-14,8% [протеин](#), 11,7-26,0% жасунық, 1,5-3,2% [май](#) болады. Көпжылдық Орта Азияның шөлді, шөлейтті аймақтарында кең таралған түйелерге жемшөптік өсімдік түрі. Бұйырғынды сиырдан басқа [мал](#) жақсы жейді. Бұйырғынның 1 гектарынан 1,5-4,6ц құрғақ шөп алынады. Ол құрғақшылыққа, сортаң топыраққа төзімді өсімдік, тұздылығы 45% топырақта да өсе береді [12].

Итсигек бұйырғыны (*Anabasis aphylla L.*) ежовник безлистый. Жартылай бұталы, жапырақтары қабыршаққа айналған (8-сурет). Орта Азияның шөлді, шөлейтті аймақтарында, Қазақстанда кең таралған өсімдіктің түрі. Жас бұтақтарында алкалоид анабазин жинақталған. Қауіпті насекомдарды жою үшін инсектицид (пестицид) дайындайды. Көделерінен инсектицид өндіретін зауытқа шикізат дайындалады. Сонымен бірге анабазин алкалоидынан РР дәрумені бөлініп алынып, жараларды емдейді. Афиллин алкалоиды гипертония, жүрек ауруларын емдеу үшін қолданылады. Анабазин өте күшті улы зат [13].



8-сурет. Итсигек бұйырғыны (*Anabasis aphylla L.*) ежовник безлистый.

Сексеуіл (*Haloxylon Vge.*) саксаул. Қазақстандағы орман қорының жартысына жуығын сексеуілді алқаптар алып жатыр. Оның көлемі 5 млн шаршы метр деп есептеледі. Өткен ғасырдың 40-50-жылдары сексеуілді отын қоры ретінде пайдаланған. Бақанас, Сары-Үйшік-Отырар, Мойынқұмда және Қызылқұмда сексеуілден отын дайындалған. Сексеуіл қорын сақтап қалу үшін көшеттер отырғызған. Жыл сайын сексеуілді отынға көп дайындалғандықтан, сексеуіл ормандары сиреп кетті. Енді мүлде жойылып кету қаупі бар. Сондықтан сексеуілді қорғау шараларын күшейту қажет.

Қазақстанда 3 түрі өседі. Олар: қара сексеуіл (*Haloxylon aphyllum* (Minkw) Iljin.) саксауыл безлистый, ақ сексеуіл (*Haloxylon persicum* Vge.) саксауыл персидский және зайсандық сексеуіл (*Haloxylon ammodendron* (C.A.M.) Vge.) саксауыл зайсанский. Қара сексеуіл Торғай, Солтүстік Үстірт, Арал маңы, Қызылорда, Бетпақдала, Мойынқұм, Балқаш, Алакөл алқаптарында өседі. Биіктігі 6 метрге дейін жетеді, тұзды, сортаң топырақта өсетіндіктен, жасыл өркендері тұзды болады. Жапырақтары болмайды, діндері қисық, жиі бұтақталған, тамыры 8-12 м тереңдікке өсіп, жерастындығы тұзды суды сіңіреді. Фотосинтез үдерісі жас өркендерінде жүреді.

Ақ сексеуіл шөлдің құмды жерлерінде өседі (9-сурет). Өркендері майда, қою-жасыл түсті шырынды. Жапырақтары майда қабыршақ тәрізді, ұшы үшкір сабағына жанасып өседі. Ерте көктемде өркендерінде майда ашық-қоңыр түсті гүлдері жетіледі. Гүлдерінің өсуі тоқтаған,

өркендерінде жетіледі. Гүлқасы жапырақшалары бар. Гүлқоршауы жапырақшалары жарғақтәрізді ұшы доғал. Ақ сексеуілдің жас бұтақтары мүлде жапырақсыз болады. Өйткені жапырақтары өзгеріп редуцияға ұшырап кеткен, жапырақ қызметін жас өркендері атқарады. Ақ сексеуілдің гүлі ұсақ, қосжынысты бір үйлі, қабыршақ тәрізді гүл өркеннің қолтығында 4-тен жетіледі. Гүлқоршауы қабыршақтанған 5 жапырақшадан тұрады, жемісінде қанатша түзіледі. Көктемде гүлдейді. Жемісі - қанатты тұқымша, қыркүйек-қазан айларында пісіп жетіліп, қараша-желтоқсан айларында жерге төгіледі. Сексеуіл тұқымынан көбейеді, өркендерінен де өсіп жетіледі. Ол 30-60 жыл өседі. Бұлардың діңі қисық, мықты, морт сынғыш болып келеді. Бұжыр діңінің сүрегі ауыр, суға батып кетеді. Өте қатты болғандықтан, өңдеуге келмейді. Сексеуілдің жаққанда жылуды көп бөледі. Сондықтан отынға пайдаланады. Сүрегін жаққанда түскен күлді тыңайтқышқа пайдаланады. Сексеуілдің жас өркендерін қыста қой, түйе жейді. Ақ сексеуілді құм бекітуге пайдаланылады. Ақ Сексеуіл Арал маңы, Қызылорда, Бетпақдала, Мойынқұм, Балқаш-Алакөл, Қызылқұм, Түркістан, Шу-Іле таулары және Қаратауда өседі [14,15].



8-сурет. Ақ сексеуіл (*Haloxylon persicum* Vge.) саксауыл персидский

ҚОРЫТЫНДЫ

Алабұталар тұқымдасының түрлері экожүйелерде зат айналымына және энергия ағымына қатысады. Алабұталар тұқымдас тармағының кең таралған (азықтық түрлері бақша шпинаты (*Spinaciaoleracea* L.), кәдімгі қызылша (*Beta vulgaris* L.); жемшөптік түрлері көкпек (*Atriplex* L.), мүйізді теріскен (*Eurotiaceratoides* (L) С.А.М.), құм ебелек (*Ceratocarpus arenarius* L.), алабұта (*Chenopodium* L.) туысының бірқатар түрлері; дәрілік түрлері бақша шпинаты (*Spinaciaoleracea* L., кәдімгі қызылша (*Beta vulgaris* L.), жатаған изен (*Kochiaprostrate* L. Schrad); шаруашылық түрлері сексеуіл (*Haloxylon* L.), мүйізді теріскен (*Eurotia ceratoides* (L) С.А.М.)) түрлерінің биоэкологиялық ерекшеліктері талқыланды.

Сораң тұқымдас тармағының (*Salsoloides*) жемшөптік түрлеріне сораң (*Salsola* L.) туысының бірқатар түрі; дәрілік түрлеріне итсигек бұйырғын (*Anabasis aphylla* L.). Сонымен бірге бір қатары қызылша, шпинат азықтық; кейбір туыстары изень, ебелек, сораң, теріскен, күйреуік, итсигек, сексеуіл түрлері жемшөптік; асхана қызылша, хош иісті алабұта, бақша шпинаты дәрілік сексеуіл туысы түрлері, мүйіз теріскеннің шаруашылық маңызы бар.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. “Қазақстан”: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998
2. Қ. Құлжабаева «Өсімдіктер әлемі» оқу-әдістемелік кешені, Көкөністер: Дидактикалық материал.- Алматы, 2011. - 16 б
3. С.А. Арыстанғалиев, Е.Р. Рамазанов «Қазақстан өсімдіктері» Алматы 1977ж 70б.
4. Б.Қалиұлы «Өсімдік атауларының орысша-қазақша және қазақша орысша сөздігі» Астана: «1С-Сервис», 2005, 73б.
5. Жуковский П.М. «Ботаника» Москва 1964ж (473 бет)
6. Байтулин И.О., Котухов Ю.А., Синицына В.Г. «Народно лекарственные растения Восточного Казахстана» // Изв. АН КазССРю Сер. Биол. 1988.
7. Флора Казахстана 4 том (206бет)
8. Кукунов М.К. Ресурсы лекарственных растений Казахстанского Тянь-Шаня. - Алма-Ата: Наука, 1989. - 188 с.
9. А.А. ИONOBA, В. П. Мицьо «Большая энциклопедия народной медицины» Москва «Олма Медиа Групп» 2009 стр 497-498

10. Рейвн П., Эверт Р., Айхорн С., *Современная ботаника*. Перевод с английского под редак. А.Л.Тахтаджяна. Москва. МИР.1990.-129с.
11. Ә. Ескендіров «Қазақстанның дәрілік өсімдіктері» Алматы 1982ж
12. Гладкова В.Н. *Порядок розовые, или розоцветные (Rosales) Жизнь растений «Цветковые растения»* том четвертый Москва, «Просвещение» 1981.-116с.
13. Мухитдинов Н.М., Мамурова А.Т. «Дәрілік өсімдіктер» Алматы, 2013.-88с.
14. Г.В. Лавренова, В.К. Лавренов «*Полная энциклопедия лекарственных растений*» Издательство Сталкер» 2008 ISBN 978-985-16-4986-2(ООО «Харвест»)
15. Айдарбаева Д.К. *Қазақстанның пайдалы өсімдіктері. Монография.* Қарағанды, «Ақнұр» баспасы, 2014. 290 б.

АСХАНАЛЫҚ ҚЫЗЫЛШАДАН БӨЛІП АЛЫНҒАН ПЕКТИНДІ ҚОСЫЛЫСТАРДЫҢ ТАМАҚҚА ЖАРАМДЫЛЫҒЫ

б.ғ.д. М.Т.ВЕЛЯМОВ*

2 курс докторанты Ж.К. КЕНЖЕЕВА**
б.ғ.д., профессор Г.У. ДЮСКАЛИЕВА

Түйіндеме:

Бұл мақалада Алматы облысының Қайнар ауылынан алынған «Бордо» асханалық қызылшасының физикалық-химиялық параметрлерін (еритін қатты денелер, титрленген қышқылдар, рН, қант және пектин) анықтау нәтижелері сипатталған.

Асханалық қызылшаның құрамындағы сұйытылған қатты заттар, титрленген қышқылдар, ортаның рН, жалпы қант және пектиндер, сұйық фазаны, шикі және құрғақ паста сығындыларын талдау және физикалық-химиялық көрсеткіштерін анықтау арқылы орындалды. Сұйытылған қатты заттар, титрленген қышқылдар, ортаның рН, жалпы қант және пектин мөлшерін, сұйық фазаны, шикі және құрғақ паста сығындыларын талдау және физика-химиялық параметрлерін анықтау арқылы орындалды. Зерттеу келесі әдістермен жүргізілді: еритін құрғақ заттар ГОСТ Р51433 - 99, ГОСТ 28562 - 90 бойынша, қышқылдардың титрі ГОСТ 51434 - 99, ГОСТ 25555.0 – 82, ортаның рН ГОСТ 26188 – 84, жалпы қант мөлшері ГОСТ 8756.13 - 87 және пектин ГОСТ 29059 - 91 арқылы анықталды.

Тірек сөздер: пектин, асханалық қызылша, титр, қышқыл, сорт, қант.

THE STUDY OF THE SUITABILITY OF TABLE BEET AND THE PRODUCTION OF PECTIN CONTAINING EXTRACT FOR THE FOOD INDUSTRY

Abstract:

This article describes the results of the determination of physicochemical parameters (soluble solids, titrated acids, pH, total sugar and pectin) of table beet "Bordeaux", obtained from the Kainar village of Almaty region.

To determine the physico-chemical parameters of beet (soluble solids, titratable acid pH, total sugar and pectin), the analysis of the liquid phase, raw and dry pods of beetroot, physico-chemical indicators. At the same time, the studies will be conducted using the following methods: soluble dry substances were determined according to GOST R51433 - 99, GOST 28562 – 90, titrated acids GOST 51434 - 99, GOST25555.0 - 82 pH of the medium GOST 26188 - 84, total sugar GOST 8756.13 - 87 and pectin GOST 29059 - 91.

Keywords: pectin, beetroot, acid, varieties, sugar

КІРІСПЕ

Қазіргі таңдағы заманауи жағдайда биологиялық белсенді қосылыстарды сақтай отырып, көкөністерді өңдеу өте өзекті мәселелердің бірі. Қазақстан Республикасында көкөніс өнімдерін, соның ішінде қызылша өнімдерін өндіруге қажет климаттық және өндірістік жағдайлар барынша жоғары. Көкөністер, атап айтқанда, қызылшаның адамзат үшін өте қажетті өнім екені бұрыннан белгілі болған [1].

Асханалық қызылшаға тоқталатын болсақ, бұл ең көп кең таралған көкөністердің бірі және жемшөп немесе мал азығы және өнеркәсіптік техникалық дақыл.

Асханалық қызылша (лат. *Béta vulgaris L.*) – Амарантар туысына жататын біржылдық, екіжылдық (соңғы кезге дейін алабұталар тұқымдасына жатқан) немесе көпжылдық өсімдік. Қызылшаның ең танымал түрлері: кәдімгі қызылша, қант қызылшасы және мал азықтық қызылшасы. Бірінші жылы ол шырынды тамыр жемісті құрайды, әдетте оның түсі қоңырқай-қызыл түстес болады. Екінші жылы, асханалық қызылша гүлденіп, тұқым береді. Қызылша өсімдігінің жабайы және дақылданған сорттары бар. Егістік қызылшасы дақылданған және мал азықтық сорттарға бөлінеді. Басқа да тірі заттармен бірге, асханалық қызылшасының тамыр жемісінде пектиндік заттардың (100 грамға 1,1 г) айтарлықтай мөлшері бар. Асханалық қызылша азотты заттарға өте бай, олардың арасында басты орынды ақуыздар алады. Олар алмаспайтын аминқышқылдардың (валин, лейцин, изолецин, лизин және басқалары) құрамына сәйкес көптеген көкөністерден асып кетеді [2,3].

* ЖШС «Қазақ өнеркәсіпті қайта өңдеу және азықтық ғылыми-зерттеу институты»

** Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, janar1177711@gmail.com

Қызылша көптеген асқазан-ішек жолдарының, бауырдың, ұйқы безінің ауруларына пайдалы, емдік қасиетті бар. Қызылша шырынын тұмау болып, мұрыннан су аққанда қызылшаның қайнатылған суымен шаяды. Ол үшін қызылша шырынын 1 күн қойып, аздап ашытып алады. Мұрынға күніне бірнеше рет 2-3 тамшыдан тамызса, тыныс алу жеңілдеп, мұрыннан аққан су тоқтайтын болады. Сол сияқты қызылша шырынын балмен араластырып қолдануға болады. Ондай қоспаны күніне 4-5 рет 5-6 тамшыдан тамызады. Әсіресе, балаларды емдеуде осы әдіс түрін қолдану оң нәтиже береді. Шырынды шикі қызылшадан және қайнаған қызылшадан да алуға болады. Халық медицинасында қан-қысымының артуында және атеросклероз, тірек-қимыл мүшелерінің және ми жұмыстарының мүмкіндіктерін арттыруда алдын ала шаралар ретінде пайдаланады.

Қан қысымын төмендетуге де қызылшаның пайдасы бар. Бұл оның құрамындағы селитраға байланысты. Жүрек ауруын болдырмау үшін, күніне бір стакан шырын ішкен жеткілікті.

Қызылшаның қанды көбейту, қақырықты босату, сіңірлерді бекемдеу, денені қуаттандыру сияқты емдік қасиеттері бар.

Көк бауыр ауруы кезінде: қант қызылшасын сірке суымен, қышамен араластырып ішкізсе көк бауырдағы өзекшелері ашылады.

Қол-аяқтың қалтырауы кезінде қант қызылшаның суын балмен араластырып мұрынға таңса, ауру белгілері жеңілдейді.

Құлақ ауырғанда: қант қызылшасы жапырағының суын сығып алып, балмен қосып қайнатып, жылы күйінде құлаққа тамызады.

Шаштағы қайызғақты кетіруге қант қызылшасын жапырағының суымен шашты жуады.

Іш кебуі кезінде қант қызылшасын, қыша және сірке суымен қосып қайнатып ішсе ауырғанды басады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, осы өнімдерді тұтынушылардың күнделікті тұтыну диетасына пайдалану өте маңызды. Көкөністер, соның ішінде асханалық қызылша, өзінің өсу және сақтау кезеңінде 30% немесе одан да көп мөлшерде өзінің тағамдық құнарлығын жоғалтады. Оған себептердің бірі Қазақстанда осы көкөністерді өңдеудің тиімді жаңа технологиясы әлі анықталмағаны. Олардың сапалық көрсеткіштерін жақсартудың және тиімділігін арттыру аспектілерінің бірі оларды өңдеудің тиімділігін арту үшін жаңа технологияларды пайдалану, яғни технологиялық өңдеу үрдістерін тереңдету болып табылады.

Асханалық қызылшаның өнімдерінде (шырындар және сусындар да) пектин сияқты құнды өнім құрамында жоқ, бірақ ол қызылшаның құрамында өте көп мөлшерде кездеседі. Пектин денені радиоактивті және ауыр металдардың әсерінен қорғайды, ішекте зиянды микроорганизмдердің дамуын тоқтатады, холестериннің шығуына ықпал етеді. Бұған қоса, оның тамақ өнімдерінде болуы өмірлік маңызы бар витаминдер кешенін және микроэлементтерді тұрақты сақтау үшін, сондай-ақ тағамдардың толық қорытылуы үшін қажет. Сондықтан пектинді көкөністерден алу және олардан алынған өнімдерді осы заттармен байыту үшін тиімді технологияларды әзірлеу өте маңызды. Әдеби шолуларда сусындарды өндіру кезінде пектинді заттар ерімей толығымен көкөністердің сығындысына өтеді деген болжамдар бар[4].

Бұл мақалада Алматы облысының Қайнар ауылынан алынған «Бордо» асханалық қызылшасының физикалық-химиялық көрсеткіштерін еритін қатты денелер, титрленген қышқылдар, рН, қант және пектин анықтау нәтижелері сипатталған.

Асханалық қызылшаның құрамындағы сұйытылған қатты заттар, титрленген қышқылдар, ортаның рН, жалпы қант және пектиндер, сұйық фазаны, шикі және құрғақ паста сығындыларын талдау және физикалық-химиялық көрсеткіштерін анықтау арқылы орындалды. Зерттеу келесі әдістермен жүргізілді: еритін құрғақ заттар ГОСТ Р 51433 - 99, ГОСТ 28562 - 90 бойынша, қышқылдардың титрі ГОСТ 51434 - 99, ГОСТ 25555.0 – 82, ортаның рН ГОСТ 26188 – 84, жалпы қант мөлшері ГОСТ 8756.13 - 87 және пектин ГОСТ 29059 - 91 бойынша анықталды.

Сонымен зерттелген қызылша «Бордо» сорт үлгілеріндегі титрленген қышқылдық тиісінше 0,09%, жалпы қант - 18,02%, ерігіштігі - 18,4%, ортаны рН - 5,65% және пектин - 1,18% құрады. Шикі сығындыда осы көрсеткіштердің барлығы біршама азайды, атап айтқанда, қышқылдығы 0,01%-ға, қанттың жалпы көлемі 5,95%-ға, ерімейтін қатты заттар 2,0%-ға төмендеді. Бұл жағдайда ерітілген пектин шикізат қалдықтарындағы сұйық фракция ішіне енген (0,10%). Шикі сығындыда пектиннің жалпы мөлшері 0,91%, ал құрғақ ұнтақтағыштарда 0,86% құрады.

Алынған зерттеулердегі аздаған айырмашылықтар асханалық қызылшаның әртүрлі сорттарының қолданылуына байланысты. Қант қызылшасының шикі құрғақ және сығындыларындағы пектиннің жалпы мөлшерінің айырмашылығы – 0,05-0,11% шамасында болды, яғни пектин асханалық

қызылшаның кептірілген жағдайында көбірек сақталғаны анықталды. Пектин алуға арналған құрғақ асханалық қызылшаны бөлме температурасында 20-22°C сақтауға болады. Ол пектин алу технологиясын оңайлатып арзандатады және пектин алу жылдың әртүрлі маусымдарына тәуелді емес.

Осы алынған зерттеулер нәтижесі асханалық қызылшаның «Бордо» сортынан пектинді заттар алуға болатынын көрсетті және асханалық қызылшаның сұйық фазасына пектинді заттардың небәрі $0,10 \pm 0,02\%$ немесе $1/10$ бөлігі кететіні көрсетілді. Сондай-ақ қызылшаның ылғал және құрғақ сығындыларындағы пектиндік заттардың мөлшері бірдей шамада болатыны анықталды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда асханалық қызылшадан пектинді заттарды алу үшін жұмсақтау технологияны пайдалану арқылы оларды кептіруге және олардан пектинді заттар алуға болатыны анықталды. Сонымен қатар ол асханалық қызылшаның жақсы сақталуына және пектинді препараттар алу қорын көп мөлшерде жинақтауға мүмкіншілік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Кусаинова А.Б. (2008) *Текущее состояние и дальнейшие перспективы развития отраслей переработки сельхозпродукции //Пищевая и перерабатывающая промышленность Казахстана- №1. С.2.*
2. Скрипников Ю. Г. (2009) *Прогрессивная технология хранения и переработки плодов и овощей- М.: Агропромиздат, С.125-127*
3. Карпович Н.С., Донченко Л.В., Нелина В.В (2009). *Пектин. Производство и применение / Киев: Урожай - - 88С.*
- 4.Птичкина Н.М., Птичкин И.И. (2014) *Совершенствование технологии и оборудования для переработки сельскохозяйственной продукции,- Саратов: СГАУ, - 362с.*

ҚЫТАЙ БҰРШАҒЫНЫҢ АСА ҚАУІПТІ АУРУЛАРЫ

б.ғ.д. Ә.Ә. МӘУИ*

б.ғ.к. қауым. проф. м.а. Л.Е АНУАРОВА

Түйіндеме:

Мақалада Қазақстанның оңтүтік және оңтүстік-шығыс жағдайында қытай бұршағы алқаптарының септориоз және пероноспороз, немесе негізгі жапырақ дақ ауруларының қоздырғыштарымен залалдану нәтижелері келтірілген. Сонымен бірге аталған аурулардың алғашқы белгілері және осы патогендердің қоздырғыштарының биологиялық ерекшеліктері, қытай бұршағы егісінде кездесетін ең негізгі аурулардан қорғаудың агротехникалық және химиялық жолдары көрсетілген. Жоғарыда келтірілген тәсілдерді қолдану арқылы қытай бұршағының негізгі аурулары септориоз бен пероноспороз ауруларының таралуын азайтатыны және дақыл өнімділігін арттыратыны көрсетілген.

Тірек сөздер: қытай бұршағы, септориоз, пероноспороз, саңырауқұлақ, аурулар, қоздырғыштар, тиімділік, дәрілеу, ауыспалы егіс, агротехникалық, химиялық тәсілдер.

EXTREMELY DANGEROUS SOY DISEASES ANNOTATION

Abstract

The article contains data on the monitoring of soybean crops carried out in the South Kazakhstan, Zhambyl and Almaty oblasts on the distribution of septoriososis and peronosporosis. It has been established that the widespread disease of soy is septoriososis, where the prevalence of the disease was 2.5-70%, and peronosporosis is found in the foothill zone of Almaty and Zhambyl regions.

Keywords: Soybean, septoria, peronosporosis, pathogens, monitoring, prevalence, biological characteristics, precursors, chemical measures

Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік шығысында өте бағалы қытай бұршағы, өткен жылдың 70-ші жылдарынан бастап егіле бастады [1].

Бұл дақылдың өсіп – өніуіне Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарының ауа райы өте қолайлы. Аталған облыстардың егіс даласында қытай бұршағы орта есеппен 15-18 центнер және одан да жоғары өнім береді. Бірақ соңғы жылдары республикада агротехникалық шаралардың сақталмауы, әсіресе осы дақылды бір танапқа бірнеше жыл егуден, бұл дақылдың өнімінің түсімі күрт азайды. Ал егіс көлемі 100 мың гектардан 50 мыңға дейін кеміді, оның басты себебі қытай бұршағының егісінде әр түрлі аурулардың таралуы. Қазақстанда қытай бұршағы өсірілетін аудандарда аурулардың 15-ке тарта түрі кездеседі [2]. Олар ақ және сұр шіріктері, аскохитоз, ризоктониоз, мозаика, бактериоз, фузариоз, атракноз, фитофтороз, септориоз, пероноспороз және т.б. Осы көрсетілген аурулардың ішінде ең көп кездесетіні және зияндысына соңғы екі ауру жатады, яғни септориоз және пероноспороз аурулары. Бұл аурулар әсіресе Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарының қытай бұршағы егістерінде таралған. Қытай бұршағы егісінде кездесетін аурулар өсімдіктің ассимиляциялық қызметінің төмендеуіне, олардағы физиологиялық процесстердің бұзылынуына әкеледі. Саңырауқұлақ ауруларының қоздырғыштары қытай бұршағы дәміндегі крахмалдың және протеин мен эндоспермның синтез процесі мен жинақталуын тежеледі. Саңырауқұлақтар тудыратын аурулар ішінде септориоз осы дақыл өсірілетін барлық Алматы облысының аудандарында кең таралған және қауіпті аурудың бірі болып табылады. Бұл аурудың қоздырғышы- *Septoria glycines* Hemmi. Ауру қарқынды эпифитотиялық жағдайда дамығанда өсімдіктің дән өнімінің түсімі 20-30 пайызға азаяды. Қытай бұршағын септориоз ауруынан сақтау осы уақытта өзекті болып саналады.

Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарында суармалы жағдайда қытай бұршағы танаптарының тау бөктерлерінде осы аурудың таралуы жыл сайын артуда және кейбір фермерлік шаруашылықтарда эпифитотиялық деңгейге дейін жетуде. Сонымен бірге республикада шығарылған және аудандастырылған көптеген қытай бұршағы сорттарының жоғарыда аталған ауруларға төзімділігі төмен.

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, anuarova68@mail.ru

Аталған аурумен қатар бұл дақылда Қазақстанның суармалы жағдайында пероноспороз (*Peronospora manshurica* Naum) ауруыда жиі кездеседі. Әсіресе Алматы облысының таулы аймақтарында кең таралған. Мысалы осы облыстың Көксу және Ескелді аудандарында бұл ауруға ұшыраған өсімдіктер 2,5-5,0 пайыздай болса, Талғар, Еңбекші Қазақ аудандарының шаруашылықтарында пероноспороз ауруына шалдыққан өсімдіктер 30-40 пайызға дейін жетеді. Кейбір шаруашылықта 2016 жылы Талғар ауданы «Айыршир» ЖШС қытай бұршағы егісінің Эврика сортында пероноспороз ауруы 50 пайызға таралды, ал дамуы 4,7 пайызды құрады. Еңбекшіқазақ ауданында «Түрген» шаруашылығында аурудың таралуы 60-70 пайызға дейін жетті.

2017 жылы Жамбыл облысы Мерке және Қордай аудандарының қытай бұршағы егістерінде жүргізілген мониторинг барысында, осы ауданның шаруашылықтарында пероноспороз ауруы барлық танаптарда кездесетіні анықталды. Пероноспороз ауруының қоздырғышы Қазақстан ауа райы жағдайында, шілде айының екінші жартысында осы дақылдың жапырақтарының астыңғы бетінде және сабақтарында әр түрлі формасы бар күлгін түсті саңырауқұлақ жіпшелері мен конидияларынан тұратын сарғыш өңез пайда болады. Ал ауаның қызуы 24-26 С жеткенде, конидияның өсіп жетілуіне өте қолайлы жағдай туады. Ол, әсіресе жаз айлары жаңбырлы, ылғалды қоңыр жай салқын болған жылдары өте қатты өршиді. Пероноспороз ауруының қоздырғышы негізінен қытай бұршағының жапырақтарын залалдап, фотосинтез процессін тежейді, соның нәтижесінде осы дақылдың өнімділігі төмендейді. Ауру қатты дамыған кезде дақтар үлкейіп бір-бірімен қосылады да, жапырақтар түсіп қалады. Аурумен залалданған өсімдік өнімі 12-20 пайызға, ал тұқымның өңгіштігі 20-30 пайызға кемиді.

Аурудың қоздырғышы саңырауқұлақ мицелий күйінде және өсімдіктердің қалдықтарында топырақта және тұқымда сақталады. Негізінен Қазақстан жағдайында аурудың инфекциясы тұқымда сақталады, келесі жылы сепкенде, қытай бұршағының өскен кезде инфекция жапырақтарға тарайды.

Қытай бұршағы егісінде кездесетін септориоз және пероноспороз ауруларынан қорғау үшін агротехникалық және химиялық тәсілдер қолданылады. Аталған аурулар өсімдікке негізінен топырақтан жұғатындықтан қытай бұршағына жер бөлген кезде оның алғы дақылдан дұрыс таңдап алған жөн болады. Сонымен бірге қытай бұршағын септориоз және пероноспороз аурулармен залалдануын топырақты ойдағыдай өңдеу арқылы да азайтуға болады. Ғалымдардың мәліметтеріне байланысты жерді 20-30 сантиметр тереңдікке жыртқан жағдайда өсімдіктің аталған аурулармен ауруы 20-30 пайызға азаяды екен. Сонымен топырақты терең егіп сүдігер жыртудың маңызы зор, бұл дегеніміз қытай бұршағы егістік алқаптарын өсімдік қалдықтарында сақталатын инфекциялар көзін азайтады, ал қытай бұршағын қолайлы уақытта топырақ беті 12-14 С жылығанда (сәуір айының үшінші декадасында, немесе мамыр айының бірінші декадасында) еккен дұрыс. Көктем салқын және жауын шашынды болған жылдары тұқымның өсуі тежеленеді, оның үстіне бұл жағдай септориоз бен пероноспороз ауруларының күшейіп кетуіне себепкер болады. Қытай бұршағы егістерінің топырақ құнарлылығын жақсарту және осы топырақта көптеп жиналған аурулардың инфекциялық көздерін кемітуде, дақыл өнімділігі мен ауруларға өсімдіктің төзімділігінің арттыруда органикалық тыңайтқыштардың (көң, күздік бидай сабанын т. б.) қолданудың ролі ерекше. Ол үшін күзде топыраққа 5-10 т көң шашу қытай бұршағы егістігінің құнарлылығын арттырады. Ең басты агротехникалық тәсіл, ол ауыспалы егіс жүйесін сақтау аурулардың таралуын азайтып, дақылдың өнімін күрт арттырады.

Біз мынадай алғы дақылдарды сынақтан өткіздік: күздік бидай, үш жыл бір жерге егілген беде, жүгері, арпа, сұлы, бір жерге 3-4 жыл қатарынан егілген қытай бұршағы.

Жоғарыда көрсетілген аурулар алғы дақылдардың қай-қайсысынан кейін де кездесетіне көзіміз жетті. Дегенмен қытай бұршағы бұрын беде егілген жерге екенде өсімдіктің септориоз ауруымен зақымдану дәрежесі орташа есеппен небәрі 3,5, ал пероноспороз 0,3 пайыз болды. Сондай-ақ қытай бұршағы күздік бидай егілген жерге екенде өсімдіктің аталған ауруларымен зақымдану дәрежесі орта есеппен небәрі 7,0 және 1,5 болды, ал қытай бұршағын төрт жыл бойы бір жерге екенде (беде мен күздік бидай егістіктеріне қарағанда) 2,0-3,6 есе көп болды.

Бұл тәжірибеден шығатын қортынды: қытай бұршағының ауруға залалдану дәрежесін азайту үшін алғы дақыл ретінде беде мен күздік бидай егістерінен еккен дұрыс болады.

Сонымен жоғарыда көрсетілген дақылдар септориоз және пероноспороз ауруларын дамуын азайтып, топырақтың құнарлылығын артырып қытай бұршағының ауруларға төзімді болуына өте қолайлы жағдай жасайды.

Жоғарыда айтылғандай аурулардың ең негігі инфекциясының көзі болып қытай бұршағының тұқымы саналады [3]. Сондықтан осы дақылды көктемде бір апта бұрын себер алдында тұқымды жүйелі, немесе қоспа фунгицидтердің бірімен, яғни 4 кг ТМТД-мен, 6 кг тачигаренмен, 6 л апронмен, 6 кг сульфокарбатионмен, 3 л дерозалмен, 3 кг фундазолмен дәрілеген өте тиімді болады. Бұл аталған

шара тұқымның жоғарыда аталған аурулардың қоздырғыштарын тежеп, аурулардың таралуын 2-3 есеге дейін азайтады және қытай бұршағының өнімін 20-25 пайызға арттырады.

Сонымен бірге 2015-2017 жылдары қытай бұршағы танаптарын септориоздан және пероноспороздан сақтау үшін осы ауруларға жүйелі және қоспа фунгицидтерді қытай бұршағы егістеріне бүрку арқылы олардың тиімділігін анықтадық және осы фунгицидтердің ішінен өте тиімділерін өндіріске ұсындық. Негізінен сыналған фунгицидтер мыналар: колфугосупер 20% к.с.; фундазол 50% с.п.; поликарбацин 80% с.п.; полихом 80% с.п.; ридополихом 60% с.п.; хомицин 80% с.п.; алоцид 20% с.п.; ридомил 25% с.п.; арцерид 60% с.п. Эталон ретінде цинеб препараты пайдаланды. Аталған фунгицидтердің ішінен септориоз ауруына тиімдісі хомецин, фундазол, арцерид препараттары, осы көрсетілген препараттар аурудың дамуын 2-5 есе кемітті, бақылауға қарағанда. Ал пероноспороз ауруына тиімдісі полихом, ридомил және алоцид препараттары екені дәлелденді. Осы препараттармен қытай бұршағы егістерін дәріленгенде аурудың таралуы 45-62,7 пайызға төмен болды, эталонмен (цинеб) салыстырғанда.

Ауру ерте пайда болғанда және кең тараған алқаптарда қытай бұршағы егістігін 2 рет осы аталған фунгицидтердің біреуі мен дәрілегенде өсімдік жапырақтарын аталған аурулардан толық сауықтыруға болатыны байқалды. Жоғарыда осы ауруға сыналған фунгицидтердің биологиялық тиімділігі 95-100 пайызды құрады. Қытай бұршағының өнімділігі бір гектардан 2-5 центнерге артты.

Сонымен зерттеулер нәтижесінде республикамыздың оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймағындағы өсірілетін қытай бұршағы егісін өте зиянды аурулардан қорғаудың агротехникалық және химиялық жолдары келтірілді. Көрсетілген шараларды қолдану арқылы қытай бұршағы егісінде кездесетін негізгі аурулардың таралуын азайтуға және дақыл өнімін арттыруға толық болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ю.Г. Карягин. (1974) *Рекомендации по выращиванию сои на орошаемых землях юга и юговостока Казахстана*. Алма-Ата.. С.26.
2. А.А. Мауи. *Особо опасные болезни сои. Международной научно-практической конференции «Агроклиматические основы повышения продуктивности и устойчивости земледелия в XXI», посвященной 100-летию со дня рождения К.Б. Бабаева*. С. 222-225.
3. А.А. Мауи (2015) *Болезни семян сои и меры борьбы с ними*. Ж. Научный альманах №2 (4) Science Almanac Ucom. Г. Тамбов.

ЖАҢАШЫЛДЫҚТЫҚТАҒЫ ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ

Доц. Т.О. АБИШЕВА*

Түйіндеме:

Мақалада адами капитал-білім мен ғылымның дамуын басшылыққа ала отырып, бүгінгі таңда енгізіліп жатқан жаңартулар, белсенді әдістер, критерийлік бағалаулар т.б. жаңашылдықтарды пайдалану арқылы жүйелі білім беруге мүмкіндік туатындығы жөнінде айтылады. Жаңартылған бағдарламаның бірден бір ерекшелігі оқушыларды сабаққа белсенді қатыстыру ол оқушының іскерлігін арттыруға әсер етеді. Әсер күшті болса әрі жаңа болса іскерлікті сонша көп тартады. Қазіргі мұғалімдердің талап етіп отырған мәселесі оқушылардың іскерлігін арттыру үшін сабақты әр түрлі әдіс-тәсілдермен өткізу. Осы айтылған мәселелер арқылы оқушылардың сабаққа ынтыласын арттыру. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі білім мен білікті арттыруда білімді тақырыптар бойынша күрделендіру. Ол үшін Блум таксономиясын қолданады. Соған байланысты ғылыми болжамдар жасау, зерттеу әдістемесін белгілеу, алынған нәтижелерді талдау, қорытындылау оқушылар үшін өте маңызды.

Тірек сөздер: *блум таксономиясы, адами капитал, критерийлік бағалау, жаңартылған білім беру, зерттеу әдістемесі.*

THE BRIGHT FUTURE IN INNOVATION

Abstract:

The article focuses on the development of human capital-education and science through the introduction of modern-day updates, active methods, criteria-based assessments, and the use of novelty to systematic education. One of the peculiarities of the upgraded program is the active involvement of learners. The stronger and the younger the more attractive the business. The current issue of today's teachers is that the lesson Percentage of students to increase their motivation for the lessons. The peculiarity of the upgraded education program is to complicate knowledge and skills on topics that are relevant to them. It uses Bloom's Taxonomy to create scientific predictions, research methods, summarizing is very important for pupils.

Keywords: *bloom taxonomy, human capital, criteria assessment, updated education, research methodology.*

КІРІСПЕ

Барлық дәуірдің ең құнды байлығы-адами капитал. Білім беру саласындағы мемлекеттің басты саясаты-заманауи сапалы білімге қол жеткізетін, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау. Бүгінгі таңда орта білім беру жүйесіне енгізіліп жатқан жаңа тың жаңалықтар, ауқымды өзгерістер, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудағы белсенді өзгерістер, саралынған тапсырмалар, критерийлік бағалау санаға қонымды, айтуға тиімді болып тұр.

Елбасының Қазақстан халқына жолдауында «Ең алдымен білім беру жүйесінің рөлі өзгеруі тиіс» Біздің міндетіміз-білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айландыру. Оқыту бағдарламаларының сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет.

бикарбонаттардың бөлінуінен деп түсіндіреді. Дене еңбегі кезінде, біріншіден тыныс коэффициентінің 0,70-ке дейінгі аралықта оның түсуі байқалады соңында тыныс коэффициентінің сатылап жоғарылауы барлық кездегі деңгейдегі 3-4 минуттық жоғарылауы бұл зат алмасумен байланысы жоқ, $\dot{N}\dot{I}_2$ газының бөлінуі арасында (жалпы $\dot{N}\dot{I}_2 - 0,75 \cdot \dot{I}_2$) және қандағы сүт қышқылының құрамының өсуіне тәуелді болады. Бұлшықет қызметінде энергияның шығымымен оттегіні пайдалану жасалған жұмысына байланысты анықталады: оның басталуымен, қарқындылығымен, үнемділігімен, кейбір сыртқы жағдайларға байланысты (температура, ылғалдылық, барометрлік қысым т.б.). Жұмыстың орындалуына байланысты оттегіні пайдалану дене еңбегі кезінде пропорционалды уақыт аралығында өседі. Шаршау процесі басталғаннан оттегін пайдалану мөлшері пропорционалды емес тез өседі. Жұмыстың қарқыны оттегін пайдалану арасындағы қатынас күрделі. Көптеген жұмыс типіндегі оптималды тездікте бақыланушы аз мөлшерде оттегін жұмсайды. Ал жәй және тез темптегі жұмыста жоғары мөлшерде оттегін пайдаланғаны байқаған. Организмге оттегінің келіп түсуі, вентиляция қызметіне байланысты. Бұлшықет қызметінде өкпе вентиляциясының жоғарылауы жиілік пен дем алу тереңдігінің ұлғаюымен анықталады. Тыныс алу жиілігі жұмыстың ауырлығына пропорционалды ұлғаяды. Белгілі ауырлықтағы жұмыста тыныс алу жиілігі 2-4 минут аралығында өседі, содан соң белгілі деңгейде тұрақталады. Тыныс алу тереңдігі 3-5 минут аралығында өседі. Ауыр жұмыста дем алу тереңдігі төмендеген кезде тыныс алу жиілігі өседі. Қайталанған бұлшықет жұмысында, өкпе вентиляциясы шартты рефлекторлы түрде жоғарылайды. Орташа ауырлықтағы жұмыста минуттық қан көлемі 30-40л/мин (М.И. Виноградов 1958ж). Жоғары минуттық қан көлемі жүзушілерде байқалған. Минуттық қан көлемі жүрек соғу жиілігі мен жүрек соғу көлемімен сипатталады. Жүрек соғу жиілігі жұмыстың бас кезінде артады. Жүрек соғу жиілігінің алғашқы тез ұлғаюынан соң екінші фаза байқалады. Жеңіл жұмыста жүрек соғу жиілігінің ұлғаю кезеңі 1-2 минут, ал ауыр жұмыста 7-8 минут соғылады. Алғашқы жүрек соғу жиілігінің өсуі оттегіні пайдалануына байланысты. Бұндай параллельдік жүрек соғу жиілігі 1 минутта 170-180 рет соққанша байқалады. Шыныққан адамдарда жүрек соғу жиілігі шынықпаған адамдармен салыстырғанда төмен. Жүрек соғу жиілігі мен оттегіні пайдаланудың арасындағы тәуелділік «оттектік жүрек соғу жиілігінің негізін шығарады». Оттектік жүрек соғу жиілігі дегеніміз – әрбір жүрек соғу жиілігіндегі оттегі мөлшерінің жұмсалуын айтады. Жүректің минутына 80-100 рет соғылуында оттектік жүрек соғу жиілігі өзгермейді. Дене еңбегінің жүктемесі кезінде «Оттектік жүрек соғу жиілігі» өседі. Жүректің систолалық қан көлемі 200мл көрсетеді. Бұл теория жүзіндегі максималды систолалық қан көлемінің есебіне сай, ал шынықпаған адамдарда дене еңбегі жүктемесі кезінде систолалық қан көлемі 140-150мл-ге тең болған [6].

Зерттеу объектісі. Алматы қаласы мектеп-гимназиясында және Рахым Сәрсенбин атындағы №192 орта мектебінде оқитын 10-11 сынып оқушылары болып табылады.

Зерттеу объектісі және оларға сипаттама. Зерттеу жұмысы Алматы қаласы мектеп-гимназиясында және Рахым Сәрсенбин атындағы №192 орта мектебінде оқитын 10-11 сынып оқушыларына (15-17 жас) жүргізілді. Бұл мектеп оқушыларының жеке басының медициналық картасын қарағанда, дәрігердің тұжырымдауы бойынша, балалардың дені сау негізгі топқа жатқызылған.

Зерттелуге алынған оқушылардың сандық көрсеткіші 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1. Зерттелуге алынған оқушылардың сандық көрсеткіші

Жасы	Ұлдар	Қыздар	Жалпы
15	3	4	7
16	7	11	18
17	9	4	13

Осы жұмысты жүргізуде біздің алдымызға қойған мақсатымыз осы жастағы оқушылардың дене дамуының деңгейін анықтау арқылы және олардың жұмыс қабілетін физиологиялық тәсілдермен зерттеу арқылы денсаулықтарын бағалау. Физиологиялық деңгейдегі дамуды көрсететін тәсілмен анықталады. Оған Гарвард степ – тесті индексі және МПО жатады. Мұнда 10-11 сыныптардан 20 оқушыдан зерттелінді.

Зерттеу әдістемесі Физиологиялық тәсілдер ретінде: Гарвард степ-тесті индексі және кардиореспираторлық жүйенің көрсеткіші – максималды пайдаланылған оттегі (МПО) мөлшері жатады. Осы мақсатта, Гарвард «степ тесті» сұрақтамасы қолданылады. Бұл тұста денеге күш түсіруді орындау белгілі бір уақыт аралығында сатыға көтерілу түрінде беріледі. Саты биіктігі және күш түсіруді орындау уақыты зерттелер адамның жынысымен, жасымен және денесінің өсу – даму қалпымен байланысты болады.

Дене еңбегінің жүктемесі ретінде степ-тест жаттығуын жасату, максимальды пайдаланылған оттегіні (МПО) анықтау әдісімен сәйкес жүреді.

Зерттеушілер максимальды пайдаланылған оттегі МПО деңгейінен басқа, адамның жұмыс қабілеттілігіне баға беру критерилерін ойлап тапты. Адамның дене салмағының 1 кг-на есептегендегі шамасы (МПО/кг) оның дене еңбегіндегі жұмыс қабілетін көрсетеді (2-кесте).

Кесте 2. МПО/кг бойынша бағалау

МПО/кг		
Ұлдар	Қыздар	Баға
55-60	45-50	өте жақсы
50-54	40-44	жақсы
45-49	35-39	қанағаттандырарлық
44-одан да төмен	34- одан да төмен	қанағаттандырарлықсыз

Зерттеу нәтижелерін талқылау. Гимназияның 10-сыныбындағы оқушылардың соматикалық және физиологиялық жүйесінің көрсеткіштері 2- кестелерде келтірілген. Онда зерттелушінің жасы, жынысы, бойы, салмағы, кеуде шеңбері, тыныштық күйдегі пульс жиілігі – т/п, орташа мәні – о/м, жүктемеден кейінгі пульс жиілігі – ж/к/п, Гарвард степ-тест индексі– ГСТИ, максимальды пайдаланылған оттегі (МПО) және МПО/кг бойынша мәліметтер берілген.

Ең алдымен ұлдарға тоқталатын болсақ. Қ.Ә. жасы 15, бойы 179,5 см, кеуде шеңбері 99 см, таразыға өлшегендегі салмағы 83 кг, тиісті дене салмағын формулаға салып есептегенде 70 кг болды. Бұл оқушыда 13кг салмақтың артық екенін байқалды. Ал физиологиялық зерттеуімізден оның тыныштықтағы пульс жиілігі 1 минутта 96, орташа мәні 94, жүктемеден кейінгі әр минуттың алғашқы 30 секундындағы пульс жиіліктері 72, 66, 60, орта мәні 66, Гарвард степ-тесті индексі 60,6 (орта шеннен), максимальды пайдаланылған оттегі (МПО) 3839 мл, максимальды пайдаланылған оттегі/кг 46,2 (қанағаттанарлық) деген көрсеткіш. Екі тәсіл көрсеткіштері бойынша Қ.Ә. денсаулығында күдік тудыратын мәселе бар екенін айтуға болады.

Екінші ұл Қ.Н. жасы 16, бойы 178,5 см, кеуде шеңбері 95,5 см, таразыға өлшегендегі салмағы 75 кг, тиісті дене салмағын формулаға салып есептегенде 69 кг болды. Бұл оқушыда бкг салмақтың артық екенін байқалды. Ал физиологиялық зерттеуімізден оның тыныштықтағы пульс жиілігі 1 минутта 98, орташа мәні 96, жүктемеден кейінгі әр минуттың алғашқы 30 секунтындағы пульс жиіліктері 87, 72, 69, орта мәні 76, Гарвард степ-тесті 52,6 (жаман), максимальды пайдаланылған оттегі (МПО) 3146мл, максимальды пайдаланылған оттегі/кг 41,9 (қанағаттанарлықсыз) деген көрсеткіш. ГСТИ және МПО/кг нәтижелері бойынша оқушының денсаулығының қауыпты жағдайда екенін анықталды.

Үшінші ұл А.Ә. жасы 15, бойы 182,5 см, кеуде шеңбері 87 см, таразыға өлшегендегі салмағы 65 кг, тиісті дене салмағын формулаға салып есептегенде 72кг болды. Бұл оқушыда 7кг салмақ жетіспеушілігі байқалды. Физиологиялық көрсеткіштері бойынша: тыныштық күйіндегі пульсі 1 минутта 90, орташа мәні 92, жүктемеден кейінгі әр минуттың алғашқы 30 секунтындағы пульс жиіліктері 57, 54, 39, орта мәні 50, Гарвард степ-тесті 80 (жақсы), максимальды пайдаланылған оттегі (МПО) 4237 мл, максимальды пайдаланылған оттегі/кг 65,1 (өте жақсы) деген көрсеткіш. Бұл жерде А.Ә. Соматикалық зерттеу тұрғысынан ауытқушылықтар байқалды.

Ж.А. жасы 16, бойы 162,5 см, кеуде шеңбері 76 см, таразыға өлшегендегі салмағы 45 кг, тиісті дене салмағын формулаға салып есептегенде 57,9 кг болды. Бұл оқушыда 12,9 кг салмақ жетіспеушілігі байқалды. Физиологиялық көрсеткіштері бойынша: тыныштық күйіндегі пульсі 1 минутта 98, орташа мәні 94, жүктемеден кейінгі әр минуттың алғашқы 30 секунтындағы пульс жиіліктері 60, 60, 51, орта мәні 57, Гарвард степ-тесті 70,1 (орташа), максимальды пайдаланылған оттегі (МПО) 3359 мл, максимальды пайдаланылған оттегі/кг 74,6 (өте жақсы) деген көрсеткіш.

А.Н. жасы 15, бойы 173,5 см, кеуде шеңбері 85 см, таразыға өлшегендегі салмағы 62 кг, тиісті дене салмағын формулаға салып есептегенде 65 кг болды. Физиологиялық көрсеткіштері бойынша: тыныштық күйіндегі пульсі 1 минутта 96, орташа мәні 94, жүктемеден кейінгі әр минуттың алғашқы 30 секунтындағы пульс жиіліктері 57, 54, 39, орта мәні 50, Гарвард степ-тесті 80 (жақсы), максимальды пайдаланылған оттегі (МПО) 4138 мл, максимальды пайдаланылған оттегі/кг 66,7 (өте жақсы) деген көрсеткіш. ГСТИ мен МПО нәтижелері бірін-бірі қуаттайды.

Енді қыздардың көрсеткіштеріне назар аударсақ. Зерттелінуші Р.З. жасы 16, бойы 170 см, кеуде шеңбері 87 см, таразыға өлшегендегі салмағы 63 кг, тиісті дене салмағын формулаға салып есептегенде 57 кг болды. Бұл оқушыда бкг салмақтың артық екенін байқалды. Физиологиялық

көрсеткіштері бойынша: тыныштық күйіндегі пульсі 1 минутта 90, орташа мәні 92, жүктемеден кейінгі әр минуттың алғашқы 30 секундтыңдағы пульс жиіліктері 63, 60, 48, орта мәні 57, Гарвард степ-тесті 70,1 (орташа), максимальды пайдаланылған оттегі (МПО) 2830 мл, максимальды пайдаланылған оттегі/кг 44,9 (қанағаттанарлық) деген көрсеткіш. Тиісті салмағы мен таразыдағы салмағы арасында айтарлықтай айырмашылықтың бары байқалады.

Келесі оқушы Н.А. жасы 15, бойы 156,5 см, кеуде шеңбері 77 см, таразыға өлшегендегі салмағы 54 кг, тиісті дене салмағын формулаға салып есептегенде 48,7 кг болды. Бұл оқушыда 5,7кг салмақтың артық екенін байқалды. Физиологиялық көрсеткіштері бойынша: тыныштық күйіндегі пульсі 1 минутта 96, орташа мәні 94, жүктемеден кейінгі әр минуттың алғашқы 30 секундтыңдағы пульс жиіліктері 69, 63, 54, орта мәні 62, Гарвард степ-тесті 64,5 (орта шеннен), максимальды пайдаланылған оттегі (МПО) 2370 мл, максимальды пайдаланылған оттегі/кг 43,9(қанағаттанарлықсыз) деген көрсеткіш. ГСТИ және МПО/кг нәтижелері бойынша оқушының денсаулығының қауыпты жағдайда екенін анықталды.

Ә.А. жасы 15, бойы 160 см, кеуде шеңбері 76 см, таразыға өлшегендегі салмағы 50 кг, тиісті дене салмағын формулаға салып есептегенде 50,9 кг болды. Физиологиялық көрсеткіштері бойынша: тыныштық күйіндегі пульсі 1 минутта 92, орташа мәні 94, жүктемеден кейінгі әр минуттың алғашқы 30 секундтыңдағы пульс жиіліктері 75, 66, 51, орта мәні 64, Гарвард степ-тесті 62,5 (орта шеннен), максимальды пайдаланылған оттегі (МПО) 2153 мл, максимальды пайдаланылған оттегі/кг 43 (қанағаттанарлықсыз) деген көрсеткіш. ГСТИ және МПО/кг нәтижелері бойынша оқушының денсаулығының қауыпты жағдайда екенін анықталды.

А.А. жасы 15, бойы 162 см, кеуде шеңбері 73 см, таразыға өлшегендегі салмағы 47 кг, тиісті дене салмағын формулаға салып есептегенде 52 кг болды. Бұл оқушыда 5 кг салмақ жетіспеушілігі байқалды. Физиологиялық көрсеткіштері бойынша: тыныштық күйіндегі пульсі 1 минутта 90, орташа мәні 92, жүктемеден кейінгі әр минуттың алғашқы 30 секундтыңдағы пульс жиіліктері 75, 75, 54, орта мәні 68, Гарвард степ-тесті 58,8 (орта шеннен), максимальды пайдаланылған оттегі (МПО) 2087 мл, максимальды пайдаланылған оттегі/кг 44,4 (қанағаттанарлық) деген көрсеткіш. Тиісті салмағы мен таразыдағы салмағы арасында дерліктей айырмашылық, яғни салмақтың жетіспеушілігі байқалады.

Бұл сыныптың соңғы зерттелінушісі Т.А. жасы 15, бойы 162см, кеуде шеңбері 89 см, таразыға өлшегендегі салмағы 65 кг, тиісті дене салмағын формулаға салып есептегенде 52 кг болды. Бұл оқушыда 13кг салмақтың артық екенін байқалды. Физиологиялық көрсеткіштеріне тоқталар болсақ, тыныштық күйіндегі пульсі 1 минутта 90, орташа мәні 94, жүктемеден кейінгі әр минуттың алғашқы 30 секундтыңдағы пульс жиіліктері 63, 60, 48, орта мәні 57, Гарвард степ-тесті 70,1 (орташа), максимальды пайдаланылған оттегі (МПО) 2776 мл, максимальды пайдаланылған оттегі/кг 42,7 (қанағаттанарлықсыз) деген көрсеткіш. Соматикалық зерттеу мен физиологиялық зерттеулер бірін-бірі қуаттамайды. Тиісті салмағы мен таразыдағы салмағы арасында дерліктей айырмашылық, яғни салмақтың артық екені байқалады.

Жалпы 10-сынып оқушыларына жүргізілген зерттеулер мәліметтері бойынша, оқушылардың басым бөлігінде соматикалық көрсеткіштерінің бірі салмақ бойынша ауытқулар, яғни салмақтың жетіспеушілігі байқалды. Сонымен қатар салмақтың артуы да байқалды. Мысалы, А.Ә.-да 7кг, Ж.А.,-да 12кг тиісті салмағына жетпейді, ал Қ.Н., Р.З., Н.А.,-да бкг, Қ.Ә., Т.А.-да 13кг, тиісті салмағынан артық. Физиологиялық параметрлер: ГСТИ және МПО нәтижелері бойынша көпшілігінде ауытқушылықтар байқалды.

Енді, Рахым Сәрсенбин атындағы №192 орта мектебінің 10-сынып оқушыларының мәліметтері .

Ұлдардың көрсеткіштерінен бастасак: А.Қ.жасы 16, бойы 156 см, кеуде шеңбері 76 см, таразыға өлшегендегі салмағы 50 кг, тиісті дене салмағын формулаға салып есептегенде 53 кг болды. Ал физиологиялық зерттеуімізден оның тыныштықтағы пульс жиілігі 1 минутта 84, орташа мәні 86, жүктемеден кейінгі әр минуттың алғашқы 30 секундтыңдағы пульс жиіліктері 60, 60, 42, орта мәні 54, Гарвард степ-тесті 74 (орташа), максимальды пайдаланылған оттегі (МПО) 3540 мл, максимальды пайдаланылған оттегі/кг 70,8 (өте жақсы) деген көрсеткіш.

Екінші ұл бала Ә.А. жасы 16, бойы 170 см, кеуде шеңбері 83 см, таразыға өлшегендегі салмағы 56 кг, тиісті дене салмағын формулаға салып есептегенде 63 кг болды. Бұл оқушыда 7кг салмақтың жетіспеушілігі анықталды. Ал физиологиялық зерттеуімізден оның тыныштықтағы пульс жиілігі 1 минутта 96, орташа мәні 94, жүктемеден кейінгі әр минуттың алғашқы 30 секундтыңдағы пульс жиіліктері 63, 60, 48, орта мәні 57, Гарвард степ-тесті 70,1 (орташа), максимальды пайдаланылған оттегі (МПО) 3572 мл, максимальды пайдаланылған оттегі/кг 63,8 (өте жақсы) деген көрсеткіш. Бұл жерде біраз ауытқу салмақтың кемдігінде болып тұр.

Үшінші ұл бала Э.Е. жасы 16, бойы 180 см, кеуде шеңбері 96 см, таразыға өлшегендегі салмағы 80 кг, тиісті дене салмағын формулаға салып есептегенде 70 кг болды. Бұл оқушыда 10кг салмақтың артықтығы анықталды. Физиологиялық көрсеткіштері бойынша: тыныштық күйіндегі пульсі 1 минутта 90, орташа мәні 92, жүктемеден кейінгі әр минуттың алғашқы 30 секундтындағы пульс жиіліктері 75, 63, 54, орта мәні 64, Гарвард степ-тесті 62,5 (орта шеннен), максимальды пайдаланылған оттегі (МПО) 3656 мл, максимальды пайдаланылған оттегі/кг 45,7 (қанағаттанарлық) деген көрсеткіш.

Т.Н. жасы 16, бойы 169 см, кеуде шеңбері 88 см, таразыға өлшегендегі салмағы 69 кг, тиісті дене салмағын формулаға салып есептегенде 62 кг болды. Бұл оқушыда 7кг салмақтың артықтығы анықталды. Физиологиялық көрсеткіштері бойынша: тыныштық күйіндегі пульсі 1 минутта 96, орташа мәні 94, жүктемеден кейінгі әр минуттың алғашқы 30 секундтындағы пульс жиіліктері 72, 63, 51, орта мәні 62, Гарвард степ-тесті 64,5 (орташа), максимальды пайдаланылған оттегі (МПО) 3515 мл, максимальды пайдаланылған оттегі/кг 50,9 (жақсы) деген көрсеткіш. Бұл жерде біраз ауытқу салмақтың кемдігінде болып тұр.

Қ.А. жасы 16, бойы 161 см, кеуде шеңбері 81 см, таразыға өлшегендегі салмағы 45 кг, тиісті дене салмағын формулаға салып есептегенде 56,8 кг болды. Бұл оқушыда 11,8кг салмақтың жетіспеушілігі анықталды. Физиологиялық көрсеткіштері бойынша: тыныштық күйіндегі пульсі 1 минутта 90, орташа мәні 92, жүктемеден кейінгі әр минуттың алғашқы 30 секундтындағы пульс жиіліктері 66, 51, 42, орта мәні 53, Гарвард степ-тесті 75,4 (орташа), максимальды пайдаланылған оттегі (МПО) 3066 мл, максимальды пайдаланылған оттегі/кг 68,1 (өте жақсы) деген көрсеткіш.

Енді қыздар балалардың көрсеткіштеріне назар аударсақ. Зерттелінуші А.Г. жасы 16, бойы 151 см, кеуде шеңбері 68 см, таразыға өлшегендегі салмағы 45 кг, тиісті дене салмағын формулаға салып есептегенде 45 кг болды. Физиологиялық көрсеткіштері бойынша: тыныштық күйіндегі пульсі 1 минутта 96, орташа мәні 94, жүктемеден кейінгі әр минуттың алғашқы 30 секундтындағы пульс жиіліктері 60, 54, 45, орта мәні 53, Гарвард степ-тесті 75,1 (орташа), максимальды пайдаланылған оттегі (МПО) 2480 мл, максимальды пайдаланылған оттегі/кг 55,1 (өте жақсы) деген көрсеткіш. Г.-ның соматикалық және физиологиялық өлшеулер бойынша көрсеткіштері қалыпты екенін байқауға болады.

Келесі оқушы Л. С. жасы 16, бойы 155 см, кеуде шеңбері 76см, таразыға өлшегендегі салмағы 54 кг, тиісті дене салмағын формулаға салып есептегенде 47,8 кг болды. Бұл оқушыда 6,2 кг салмақтың жетіспеушілігі анықталды. Физиологиялық көрсеткіштері бойынша: тыныштық күйіндегі пульсі 1 минутта 90, орташа мәні 92, жүктемеден кейінгі әр минуттың алғашқы 30 секундтындағы пульс жиіліктері 60, 57, 48, орта мәні 55, Гарвард степ-тесті 72,7 (орташа), максимальды пайдаланылған оттегі (МПО) 2717 мл, максимальды пайдаланылған оттегі/кг 50,3 (өте жақсы) деген көрсеткіш.

С. М. жасы 16, бойы 167 см, кеуде шеңбері 72 см, таразыға өлшегендегі салмағы 59 кг, тиісті дене салмағын формулаға салып есептегенде 55кг болды. Физиологиялық көрсеткіштері бойынша: тыныштық күйіндегі пульсі 1 минутта 90, орташа мәні 92, жүктемеден кейінгі әр минуттың алғашқы 30 секундтындағы пульс жиіліктері 66, 63, 48, орта мәні 59, Гарвард степ-тесті 67,7 (орташа), максимальды пайдаланылған оттегі (МПО) 2648 мл, максимальды пайдаланылған оттегі/кг 44,8 (жақсы) деген көрсеткіш. Соматикалық та, физиологиялық та зерттеулер тұрғысынан С.М.-да ауытқушылықтар байқалмады.

Келесі оқушы Е. Ә. жасы 16, бойы 155 см, кеуде шеңбері 70см, таразыға өлшегендегі салмағы 50 кг, тиісті дене салмағын формулаға салып есептегенде 47,8кг болды. Физиологиялық көрсеткіштері бойынша: тыныштық күйіндегі пульсі 1 минутта 96, орташа мәні 94, жүктемеден кейінгі әр минуттың алғашқы 30 секундтындағы пульс жиіліктері 75, 66, 51, орта мәні 64, Гарвард степ-тесті 62,5 (орта шеннен), максимальды пайдаланылған оттегі (МПО) 2229 мл, максимальды пайдаланылған оттегі/кг 44,5 (жақсы) деген көрсеткіш. Е.Ә.-ның соматикалық және физиологиялық өлшеулер бойынша көрсеткіштері қалыпты екенін байқауға болады.

Б. Ә. жасы 16, бойы 150 см, кеуде шеңбері 77см, таразыға өлшегендегі салмағы 52 кг, тиісті дене салмағын формулаға салып есептегенде 44,7 кг болды. Бұл оқушыда 7,3кг салмақтың артықтығы анықталды. Физиологиялық көрсеткіштері бойынша: тыныштық күйіндегі пульсі 1 минутта 94, орташа мәні 92, жүктемеден кейінгі әр минуттың алғашқы 30 секундтындағы пульс жиіліктері 72, 63, 51, орта мәні 62, Гарвард степ-тесті 64,5 (орташа), максимальды пайдаланылған оттегі (МПО) 2338 мл, максимальды пайдаланылған оттегі/кг 44,9 (жақсы) деген көрсеткіш.

Жалпы, 10-сынып оқушыларының соматикалық мәліметтеріне назар аударсақ: Ә. А.-да 7 кг, Қ.А.-да 11,8кг салмақтың жетіспеушілігі, ал Т.Н., Л.С.-да 7кг, Б.Ә.-де 73кг, Э.Е.-де 10кг артық салмақ байқалды. Физиологиялық көрсеткіштеріне тоқталар болсақ, барлық оқушыда ГСТИ және МПО/кг нәтижелері бірін-бірі қуаттайды.

№59 мектеп- гимназиясының 11-сынып оқушыларының мәліметтеріне келер болсақ, бұл жөнінде 12-13-кестелерде көрсетілген.

Ұлдардың көрсеткіштеріне назар аударсақ: С.Р. жасы 17, бойы 147 см, кеуде шеңбері 81 см, таразыға өлшегендегі салмағы 62 кг, тиісті дене салмағын формулаға салып есептегенде 46,8 кг болды. Бұл оқушыда 15,2кг салмақтың артықтығы анықталды. Ал физиологиялық зерттеуімізден оның тыныштықтағы пульс жиілігі 1 минутта 84, орташа мәні 82, жүктемеден кейінгі әр минуттың алғашқы 30 секундтындағы пульс жиіліктері 63, 60, 54, орта мәні 59, Гарвард степ-тесті 67,7 (орташа), максимальды пайдаланылған оттегі (МПО) 3759 мл, максимальды пайдаланылған оттегі/кг 60,6 (өте жақсы) деген көрсеткіш. Бұл жерде біраз ауытқу салмақтың артықтығында болып тұр.

М.Ұ. жасы 17, бойы 180 см, кеуде шеңбері 89 см, таразыға өлшегендегі салмағы 67 кг, тиісті дене салмағын формулаға салып есептегенде 70 кг болды. Ал физиологиялық зерттеуімізден оның тыныштықтағы пульс жиілігі 1 минутта 96, орташа мәні 94, жүктемеден кейінгі әр минуттың алғашқы 30 секундтындағы пульс жиіліктері 78, 75, 69, орта мәні 74, Гарвард степ-тесті 54 (жаман), максимальды пайдаланылған оттегі (МПО) 3240 мл, максимальды пайдаланылған оттегі/кг 48,3 (қанағаттанарлық) деген көрсеткіш.

Д.Д. жасы 17, бойы 175,5 см, кеуде шеңбері 84 см, таразыға өлшегендегі салмағы 70 кг, тиісті дене салмағын формулаға салып есептегенде 67 кг болды. Физиологиялық көрсеткіштері бойынша: тыныштық күйіндегі пульсі 1 минутта 90, орташа мәні 88, жүктемеден кейінгі әр минуттың алғашқы 30 секундтындағы пульс жиіліктері 60, 60, 45, орта мәні 55, Гарвард степ-тесті 72,7 (орташа), максимальды пайдаланылған оттегі (МПО) 4189 мл, максимальды пайдаланылған оттегі/кг 59,8 (өте жақсы) деген көрсеткіш. Бұл оқушыда барлық зерттеулер бірін-бірі қуаттайды және денсаулығының қалыпты жағдайда екенін айтуға болады.

Ж.Ә. жасы 17, бойы 165 см, кеуде шеңбері 84 см, таразыға өлшегендегі салмағы 66 кг, тиісті дене салмағын формулаға салып есептегенде 60кг болды. Бұл оқушыда 6кг салмақтың артықтығы анықталды. Физиологиялық көрсеткіштері бойынша: тыныштық күйіндегі пульсі 1 минутта 84, орташа мәні 86, жүктемеден кейінгі әр минуттың алғашқы 30 секундтындағы пульс жиіліктері 78, 78, 75, орта мәні 77, Гарвард степ-тесті 51,9 (жаман), максимальды пайдаланылған оттегі (МПО) 3216 мл, максимальды пайдаланылған оттегі/кг 48,7 (қанағаттанарлық) деген көрсеткіш.

Қыздардың көрсеткіштерін талдап көрейік. Зерттелінуші Е. Т. Жасы 16, бойы 163 см, кеуде шеңбері 83 см, таразыға өлшегендегі салмағы 60 кг, тиісті дене салмағын формулаға салып есептегенде 52 кг болды. Бұл оқушыда 8кг салмақтың артықтығы анықталды. Физиологиялық көрсеткіштері бойынша: тыныштық күйіндегі пульсі 1 минутта 96, орташа мәні 94, жүктемеден кейінгі әр минуттың алғашқы 30 секундтындағы пульс жиіліктері 60, 54, 54, орта мәні 56, Гарвард степ-тесті 71,4 (орташа), максимальды пайдаланылған оттегі (МПО) 2864 мл, максимальды пайдаланылған оттегі/кг 47,7 (өте жақсы) деген көрсеткіш.

Ж.Ә.-ның жасы 17, бойы 165 см, кеуде шеңбері 81 см, таразыға өлшегендегі салмағы 50 кг, тиісті дене салмағын формулаға салып есептегенде 54 кг болды. Бұл оқушыда 4 кг салмақтың жетіспеушілігі анықталды. Физиологиялық көрсеткіштері бойынша: тыныштық күйіндегі пульсі 1 минутта 90, орташа мәні 92, жүктемеден кейінгі әр минуттың алғашқы 30 секундтындағы пульс жиіліктері 57, 54, 51, орта мәні 54, Гарвард степ-тесті 74 (орташа), максимальды пайдаланылған оттегі (МПО) 2718 мл, максимальды пайдаланылған оттегі/кг 54,3 (өте жақсы) деген көрсеткіш.

Келесі оқушы Ә. А. Жасы 16, бойы 166 см, кеуде шеңбері 83 см, таразыға өлшегендегі салмағы 53 кг, тиісті дене салмағын формулаға салып есептегенде 54 кг болды. Физиологиялық көрсеткіштері бойынша: тыныштық күйіндегі пульсі 1 минутта 84, орташа мәні 84, жүктемеден кейінгі әр минуттың алғашқы 30 секундтындағы пульс жиіліктері 63, 54, 48, орта мәні 55, Гарвард степ-тесті 72,7 (орташа), максимальды пайдаланылған оттегі (МПО) 2596 мл, максимальды пайдаланылған оттегі/кг 48,9 (өте жақсы) деген көрсеткіш. Бұл оқушыда барлық зерттеулер бірін-бірі қуаттайды және денсаулығының қалыпты жағдайда екенін айтуға болады.

С.А. жасы 16, бойы 165, кеуде шеңбері 81 см, таразыға өлшегендегі салмағы 50 кг, тиісті дене салмағын формулаға салып есептегенде 54 кг болды. Бұл оқушыда 4 кг салмақтың жетіспеушілігі анықталды. Физиологиялық көрсеткіштері бойынша: тыныштық күйіндегі пульсі 1 минутта 90, орташа мәні 88, жүктемеден кейінгі әр минуттың алғашқы 30 секундтындағы пульс жиіліктері 54, 48, 48, орта мәні 50, Гарвард степ-тесті 80 (жақсы), максимальды пайдаланылған оттегі (МПО) 2836 мл, максимальды пайдаланылған оттегі/кг 56,7 (өте жақсы) деген көрсеткіш. С.А-ның мәліметтеріне назар аударар болсақ: физиологиялық параметрлері МПО/кг және ГСТИ көрсеткіштері бірін-бірі қуаттайды.

11-сынып оқушыларының дене дамуының көрсеткіштерінен байқалатыны, олардағы салмақтың жетіспеушілігі мен артықтығы. Нақтырақ айтар болсақ: Ж. Ә., С.А-ға тиісті дене салмағына 4кг жетіспейді, ал С.Р.-ға 15,2кг, Ж.Ә.-ға 6кг, Е.Т.-ға 8кг артық салмақтың бар екені анықталды. Олардың соматикалық та, физиологиялық та өлшеулер бойынша көрсеткіштері қалыпты болды.

Енді, Рахым Сәрсенбин атындағы №192 орта мектептің 11-сынып оқушыларының мәліметтеріне келер болсақ, ұлдардың көрсеткіштеріне назар аударсақ. Ж.Ә. жасы 17, бойы 185см, кеуде шеңбері 89 см, таразыға өлшегендегі салмағы 75кг, тиісті дене салмағын формулаға салып есептегенде 73,9 кг болды. Ал физиологиялық зерттеуімізден оның тыныштықтағы пульс жиілігі 1 минутта 90, орташа мәні 88, жүктемеден кейінгі әр минуттың алғашқы 30 секундтындағы пульс жиіліктері 60, 57, 48, орта мәні 55, Гарвард степ-тесті 72,7 (орташа), максимальды пайдаланылған оттегі (МПО) 4336 мл, максимальды пайдаланылған оттегі/кг 57,8 (өте жақсы) деген көрсеткіш. МПО/кг және ГСТИ мәліметтері бойынша бағалары бірін-бірі қуаттайды.

Н.Т. жасы 17, бойы 170 см, кеуде шеңбері 91 см, таразыға өлшегендегі салмағы 70 кг, тиісті дене салмағын формулаға салып есептегенде 63 кг болды. Бұл оқушыда 7кг салмақтың артықтығы анықталды. Ал физиологиялық зерттеуімізден оның тыныштықтағы пульс жиілігі 1 минутта 96, орташа мәні 94, жүктемеден кейінгі әр минуттың алғашқы 30 секундтындағы пульс жиіліктері 60, 57, 51, орта мәні 56, Гарвард степ-тесті 71,4 (орташа), максимальды пайдаланылған оттегі (МПО) 4189 мл, максимальды пайдаланылған оттегі/кг 59,8 (өте жақсы) деген көрсеткіш.

С.Н. жасы 17, бойы 172 см, кеуде шеңбері 95 см, таразыға өлшегендегі салмағы 67 кг, тиісті дене салмағын формулаға салып есептегенде 64,7 кг болды. Физиологиялық көрсеткіштері бойынша: тыныштық күйіндегі пульсі 1 минутта 90, орташа мәні 92, жүктемеден кейінгі әр минуттың алғашқы 30 секундтындағы пульс жиіліктері 60, 57, 51, орта мәні 56, Гарвард степ-тесті 71,4 (орташа), максимальды пайдаланылған оттегі (МПО) 4098 мл, максимальды пайдаланылған оттегі/кг 61,1 (өте жақсы) деген көрсеткіш. МПО/кг және ГСТИ мәліметтері бойынша бағалары бірін-бірі қуаттайды.

Е.М. жасы 17, бойы 175 см, кеуде шеңбері 86 см, таразыға өлшегендегі салмағы 63 кг, тиісті дене салмағын формулаға салып есептегенде 66,8 кг болды. Таразыдағы дене массасы мен тиісті дене массасында айырмашылық айтарлықтай емес. Ал физиологиялық зерттеуімізден оның тыныштықтағы пульс жиілігі 1 минутта 84, орташа мәні 82, жүктемеден кейінгі әр минуттың алғашқы 30 секундтындағы пульс жиіліктері 60, 54, 48, орта мәні 54, Гарвард степ-тесті 74 (орташа), максимальды пайдаланылған оттегі (МПО) 3974 мл, максимальды пайдаланылған оттегі/кг 63 (өте жақсы) деген көрсеткіш. МПО/кг және ГСТИ мәліметтері бойынша бағалары бірін-бірі қуаттайды.

Е.Ж. жасы 17, бойы 176 см, кеуде шеңбері 94 см, таразыға өлшегендегі салмағы 68кг, тиісті дене салмағын формулаға салып есептегенде 67,5кг болды. Ал физиологиялық зерттеуімізден оның тыныштықтағы пульс жиілігі 1 минутта 96, орташа мәні 94, жүктемеден кейінгі әр минуттың алғашқы 30 секундтындағы пульс жиіліктері 54, 54, 48, орта мәні 52, Гарвард степ-тесті 76,9 (орташа), максимальды пайдаланылған оттегі (МПО) 4616 мл, максимальды пайдаланылған оттегі/кг 67,8 (өте жақсы) деген көрсеткіш. Бұл оқушыда барлық зерттеулер бірін-бірі қуаттайды және денсаулығының қалыпты жағдайда екенін айтуға болады.

Енді қыздардың көрсеткіштеріне назар аударсақ. Зерттелінуші Ө.А. жасы 17, бойы 153 см, кеуде шеңбері 96 см, таразыға өлшегендегі салмағы 58 кг, тиісті дене салмағын формулаға салып есептегенде 46 кг болды. Бұл оқушыда салмақтың(12кг) артықтығын байқауға болады. Физиологиялық көрсеткіштері бойынша: тыныштық күйіндегі пульсі 1 минутта 84, орташа мәні 86, жүктемеден кейінгі әр минуттың алғашқы 30 секундтындағы пульс жиіліктері 63, 60, 54, орта мәні 59, Гарвард степ-тесті 67,7 (орташа), максимальды пайдаланылған оттегі (МПО) 2716 мл, максимальды пайдаланылған оттегі/кг 46,8 (өте жақсы) деген көрсеткіш. МПО/кг және ГСТИ мәліметтері бойынша бағалары бірін-бірі қуаттайды.

Келесі оқушы А.М. жасы 17, бойы 146 см, кеуде шеңбері 79 см, таразыға өлшегендегі салмағы 42кг, тиісті дене салмағын формулаға салып есептегенде 42,2 кг болды. Физиологиялық көрсеткіштері бойынша: тыныштық күйіндегі пульсі 1 минутта 96, орташа мәні 94, жүктемеден кейінгі әр минуттың алғашқы 30 секундтындағы пульс жиіліктері 57, 54, 51, орта мәні 54, Гарвард степ-тесті 74 (орташа), максимальды пайдаланылған оттегі (МПО) 2491 мл, максимальды пайдаланылған оттегі/кг 59,3 (өте жақсы) деген көрсеткіш. Бұл оқушыда барлық зерттеулер бірін-бірі қуаттайды және денсаулығының қалыпты жағдайда екенін айтуға болады.

Д.Ш. жасы 16, бойы 158 см, кеуде шеңбері 74 см, таразыға өлшегендегі салмағы 51 кг, тиісті дене салмағын формулаға салып есептегенде 49,7 кг болды. Физиологиялық көрсеткіштері бойынша: тыныштық күйіндегі пульсі 1 минутта 96, орташа мәні 94, жүктемеден кейінгі әр минуттың алғашқы

30 секундтыңдағы пульс жиіліктері 66, 60, 54, орта мәні 60, Гарвард степ-тесті 66,6 (орташа), максимальды пайдаланылған оттегі (МПО) 2462 мл, максимальды пайдаланылған оттегі/кг 48,2 (өте жақсы) деген көрсеткіш. МПО/кг және ГСТИ мәліметтері бойынша бағалары бірін-бірі қуаттайды.

Н.А. жасы 16, бойы 153 см, кеуде шеңбері 83 см, таразыға өлшегендегі салмағы 57 кг, тиісті дене салмағын формулаға салып есептегенде 46,5 кг болды. Бұл оқушыда 8,5кг артық салмақтың бар екендігі анықталды. Ал физиологиялық зерттеуімізден оның тыныштықтағы пульс жиілігі 1 минутта 90, орташа мәні 92, жүктемеден кейінгі әр минуттың алғашқы 30 секундтыңдағы пульс жиіліктері 63, 54, 51, орта мәні 56, Гарвард степ-тесті 71,4 (орташа), максимальды пайдаланылған оттегі (МПО) 2692 мл, максимальды пайдаланылған оттегі/кг 47,2 (өте жақсы) деген көрсеткіш.

Е.Г. жасы 17, бойы 158 см, кеуде шеңбері 85 см, таразыға өлшегендегі салмағы 55 кг, тиісті дене салмағын формулаға салып есептегенде 49,7 кг болды. Бұл оқушыда 5,3кг артық салмақтың бар екендігі анықталды. Физиологиялық көрсеткіштері бойынша: тыныштық күйіндегі пульсі 1 минутта 84, орташа мәні 82, жүктемеден кейінгі әр минуттың алғашқы 30 секундтыңдағы пульс жиіліктері 60, 57, 51, орта мәні 56, Гарвард степ-тесті 71,4 (орташа), максимальды пайдаланылған оттегі (МПО) 2742 мл, максимальды пайдаланылған оттегі/кг 49,8 (өте жақсы) деген көрсеткіш.

Жалпы 11-сынып оқушыларының кейбірінде салмақтың артықтығы байқалды, мысалы Н.Т.-да 7кг, Ө.А.-да 12кг, Н.А.-да 9кг, Е.Г.-да 5,3кг артық салмақ. Өзге көрсеткіштері бойынша барлық оқушыларға қалыпты оң баға беруге болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Оқушылардың дене еңбегіне қабілетін, МПО және ГСТИ бойынша зерттегенде, бұл екі көрсеткіш бірін-бір қуаттады және біз зерттеген оқушылардың денсаулықтары жастарына лайық, қалыпты деңгейде деп ойлауға болады. Мектепте соматикалық өлшеулер жүргізу жұмысын кең ауқымда ұйымдастырса дұрыс болар еді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Дүйсембин Қ, Алиакбарова З. (2003) *«Жасқа сай физиология және мектеп гигиенасы»*. – Алматы.
2. Төленбек И.М. (2002) *«Сравнительное изучение некоторых показателей внешнего дыхания учащихся средних школ, расположенных в разных экологических зонах г.Алматы»*// Ж. Вестник АГУ им. Абая. Серия «Естественные науки» №1 С. 3-19.
3. Оразалиева Б. (2009) *«Әртүрлі қоғамдық тамақтану орындарындағы тағамдар сапасын энергиялық тұрғыдан салыстырмалы зерттеу»* Бітіру жұмысы.
4. Хрипкова А.Г, Антропова, Д.А.Фарбер (1990) *«Возрастная физиология и школьная гигиена»*, Москва
5. Маркосян А.А. (1951) *«Нормальная физиология»*. Санкт-Петербург, С. 14-16.
6. *«Ізденіс»*. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің ғылыми журналы. *Жаратылыстану және Техника ғылымдарының сериясы*. №2(1)/2012 ж. 45б.
7. *«Қазақстан халықаралық білім беру кеңістігінде»* жас ғалымдардың V халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. 4 сәуір 2013ж. 199б.
8. *«Валеология» денсаулық және өмірлік дағдылар* №2, 2010ж. 3-4б.
9. *«Валеология» денсаулық және өмірлік дағдылар* №3, 2012ж. 44-54б.
10. Набидоллина Ш.С. (2007) *«Бастауыш мектеп жасындағы балалардың анатомиясы, физиологиясы және гигиенасы»*. Астана, Фолиант. 7-30б.
11. Яхонтов С.В., Ласукова Т.В. (2007) *Физиология. Методы оценки функционального состояния сердечно-сосудистой системы: Учебно-методическое пособие* / Томск: Издательство Томского государственного университета. 38 с.

ҚҰМАЙ (*SORGHUM MOENCH*) ДАҚЫЛДАРЫНЫҢ БИОМАССАСЫН ӨНДІРІСТЕ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

б.ғ.д., профессор С.К. АБИЛЕВ*
2 курс докторанты Д.М. МУКАШЕВА**
б.ғ.к., қауым.проф.м.а. Е.А. КІРШБАЕВ

Түйіндеме:

Қарастырылып отырған мақалада құмай дақылдарын шаруашылықта қолдану мақсаттарына байланысты құмайдың барлық өсірілетін сортты дақылдарының классификациясына сипаттама және әдеби көздерді талдай отырып, құмай дәніндегі қоректік заттардың мөлшері, химиялық құрамы бойынша салыстырмалы кестелер мен мәліметтер берілген. Қайта қалпына келетін энергия көздерін пайдалануда құмай биомассасынан - биогаз, биодизель және биоэтанол алынатын отынның негізгі көзі екеніне салыстырмалы түрде дәлелдемелер келтірілген. Құмай – кеш жаздық дақыл. Ол жылусүйгіштігімен, құрғақшылыққа өте жоғары төзгіштігімен, тұзға төзімділігімен және пайдалану әмбебаптылығымен ерекшеленеді. Құмай дақылдары негізінен үш бағытта қолданылады: тамақ өнеркәсібінде, биоэнергетикада және жемшөп өндірісінде.

Тірек сөздер: дәнді құмай, қантты құмай, шөптесін құмай, судан шөбі, сытыртқылы құмай, құмай-судан будандары, каротин, сүрлем.

WAYS OF USING BIOMASS OF SORGHUM (*SORGHUM MOENCH*) GRAIN CROPS IN INDUSTRY

Abstract:

Analyzing the sources of literature and characteristics of classifications of all cultivated varieties of sorghum grain crops regarding the purpose of application sorghum grain crops in economy, this article provides information and comparative tables of chemical composition, content of nutrients in sorghum grains. Proofs that the main source of fuel – biogas, biodiesel and bioethanol is obtained from sorghum biomass used as renewable power source are provided in the form of comparison. Sorghum is a late type of grain crops. It is characterized by heat loving, high robustness to drought, salt and universality of application. In general sorghum is used in three directions: food industry, bioenergy and forage industry.

Keywords: grain sorghum, sugar sorghum, grassy sorghum, Sudan grass, sorghum broom, Sudan sorghum hybrid, carotene, silo.

КІРІСПЕ

Құмай - егіншаруашылығындағы ежелгі дақылдардың бірі. Оның Африка елдерінде таралуы, сондай-ақ осы континентте кездесетін жабайы түрлерінің сан алуандығы, дәнді құмайдың отаны Орталық, Батыс және Шығыс Африка екендігін дәлелдейді. Қазіргі таңда құмай маңызды астық, малазықтық және техникалық дақылдардың бірі болып табылады.

Шаруашылықта қолдану мақсаттарына байланысты құмайдың барлық өсірілетін сортты дақылдары төрт топқа бөлінеді.

1. Дәнді құмай салыстырмалы түрде қысқа, тік тұратын, дән беретін гүлшашақбасы жақсы жетілген (ұзындығы 35 см), буынаралықтары қысқа және аласа бойлы (150 см дейін) түптілігі аз. Дәнді құмайдың жемісі жалаңаш, гүл мен масақ қабықшалары оңай ажыратылады,

сабағының өзегі құрғақ немесе жартылай шырынды, жапырағының орта жолағы ақ, сарғылт-ақ немесе ақшыл жасыл болып келеді. Дәнді құмай негізінен жемшөп алу үшін өсіріледі, ал жапырақты сабақшалары кеш сүрлемді алу үшін қолданылады.

2. Қантты құмай буынаралықтары ұзын және ұзын бойлы (2,5-3 м дейін). Өсімдік жақсы шоктанады, оның сабақтары шырындылығымен және қанттылығымен ерекшеленеді (18-20% дейін), сыртқы реңі күңгірт-жасыл түсті. Жапырақтарының орталық жолағы сұр-жасыл. Дәні қабықшалы, қосыла өскен масақты қабықшалары қиын ажыратылады. Гүлшашақбастың биіктігі шамамен дәнді құмайдың биіктігі сияқты, 35 см дейін. Негізінен көк масса және сүрлемді алу үшін өсіріледі. Таза күйінде және басқа да дақылдармен араластырылып, жеңіл сүрлемденеді.

*М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Мәскеу, Ресей

**Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

3. *Шөптесін құмай* (судан шөбі және құмай-судандық будандары) сабақтарының түптілігі мен бұтақтылығы күшті дамыған және біршама басқаларына қарағанда жапырақты өсімдік, жапырағы жіңішке болып келеді, сабағы биік және жіңішке (2-2,5 м. дейін). Гүлшашақбастары бұтақты сопақша, дәні қабықшалы, сопақша. Сабағының өзегі құрғақ және шырынды, жапырақтың орталық жолағы ақ және күңгірт-жасыл. Шөп, пішендеме мен көк масса алуға қолданылады.

4. *Сыпыртқылы құмай* алдындағы топтардан қатты айырмашылығы бар, өзегі құрғақ, жапырақтың орта жолағы ақ, көбіне сағақсыз гүлшашақбасының ұзындығы (40-70 см дейін), бұтақтары жіңішке және иілгіш, бір жаққа қарай бүгіліп тұрады. Аласа бойлы (140 см дейін) және ұзын (2,8 м дейін). Дәнділігі көбіне бұтақтарының аяғында, дәні қабықшалы және қиын ажыратылады. Сыпыртқы және шөтке, ал дәні – жемшөп жасау үшін қолданылады.

Құмай көк масса, сүрлем, шөп, пішендеме, жайылымға, сондай-ақ мал азығы дақылдарын алуға қолданылады. Көк массаның жоғары өнімділігі мен сапасының ең жақсы үйлесімі егіннің шығысынан кейін 45-50-ші күнде жинағанда жетеді, кейінгі орым – 30-40 күннен кейін. Осылай қолданғанда құмай қарқынды өседі және суарылмайтын қыр жерлерге егілген егіс 2-3 рет береді, суармалы жерлерде 4-5 орым алуға болады [1].

Құмайдың қантты және құмай-судан будандары малдардың барлық түрлерін, әсіресе ірі қара малды жаю үшін де қолданылады. Ғылыми тәжірибелер көрсеткендей құмай жайылымдарында қойлардың тәуліктік қосқан салмақтары – 160 г, ал табиғи жемшөп алқаптарында – 70 г. Құмай өскеннен кейінгі 25-ші күні, шөптің қалыңдығы 20 см болған кезде шошқаларды бағады.

Құмайдың сүрлемін барлық мал жақсы жейді және ол жүгері сүрлеміне теңдестіріледі. Бір тәулікте мұндай шекті нормалары бір басқа ұсынылады: сиырларға – 24 кг, қойларға – 1,5, жылқыларға – 6, шошқаларға – 1,5 кг. Ең үздік құмай сүрлемі оны жүгерімен бірге жасағанда болады.

Қоректік сапасы жағынан құмайдың дәні арпа мен жүгеріге теңдестіріледі. Құмай дақылдарының сіңімділігі жоғары (кесте - 1).

Кесте - 1. Құмай дақылындағы құнарлы заттардың сіңімділік коэффициенті. %
(Н.А. Шепель Селекция и семеноводство гибридного сорго 1985 г.)

Зерттелетін жем	азық-зат	күрғақ зат	органикалық зат	протеин	май	жасұнық	АЭЗ
Құмайдың массасы	көк	72,7	76,4	77,0	69,6	70,3	76,9
құмай 50% + жүгері 50%;		72,9	75,8	76,1	74,6	68,8	80,4
құмайдан жасалатын сүрлем		66,8	69,4	59,6	81,2	53,2	75,7
Құмай + жүгері		64,8	67,4	62,7	70,6	56,0	72,0
Құмайдан шөп		70,2	73,1	65,6	62,5	61,5	79,0
судан шөбінен		70,6	73,7	67,7	63,4	59,3	79,9
құмай дәні		87,0	87,6	72,4	68,3	36,8	92,3

Әдебиеттерде құмай дақылдары: қант құмайы, судан шөбі және құмай-судан будандары азықтарының қоректілігі және қорытылуы мәселелері кеңінен зерттелген. Құмайдың бұл түрлері мен будандарын «малазықтық құмай» тобына біріктіруге болады.

Құмай дәніндегі қоректік заттар мөлшері, оның сортына және өсіру жағдайларына байланысты. Химиялық құрамы бойынша құмай дәні жүгері мен арпа дәніне жақындау. Құмай дәнінің құрамы жайлы әдеби мәліметтерді талдай отырып, оның құрамында 70-75% крахмал, 12-13% протеин және 3,5% май бар екені анықталған (1 кг дән 1,3 малазықтық өлшемге, ал 1 кг сүрлем – 0,24 мал азықтық бірлікке тең). Оны жарма, ұн және крахмал алу үшін өңдейді. Құмай ақуызының құрамы алмаспайтын аминқышқылдары жөнінен біркелкі емес, олардың ішінен лизин мен метионин жоғары биологиялық құндылыққа ие. Құмайдың ақуызында лизиннің мөлшері 1,81 ден 2,49%-ға дейін, ал метиониннің мөлшері 1,22-ден 1,97%-ға дейін ауытқиды. Жоғары мөлшерде ақуызы бар (19,3%-ға дейін) аминқышқылдық құрамы теңестірілген, лизиннің мөлшері 3%-дан асатын сортүлгілері анықталған [2].

Дәнде каротин, В тобы дәрумендері, рибофлавин және дубильді заттар бар. В тобы дәрумендері мөлшеріне байланысты құмай дәні бидайдан және басқа да дәнді дақылдардан кем түспейді [3].

Судан шөбі мен жасыл азыққа арналған құмайдың өнімділік әлеуетінің басқа малазықтық дақылдармен салыстырғанда, жоғары деңгейде екені Батыс Қазақстанда тіркелді. Мәліметтерге сәйкес, тәжірибеде зерттелген барлық малазықтық дақылдар арасынан, ең жоғары малазықтық өлшем судан шөбі нұсқасында (13,27 кДж/га) және құмай нұсқасында (9,76 кДж/га) алынған, яғни бұл көрсеткіш күздік кара бидайдан екі есе, арпадан үш есе жоғары болды.

Сорттар мен будандар селекциясы құмай дақылдарының жатып қалуға, ауруларға, құрғақ-шылыққа және басқа да сыртқы орта факторларына төзімді, жоғары өнімді, тез пісетін сорттарын шығаруда, оларға жаңа құнды белгілер береді. F₁ әдісімен реципрокты будандастыру селекциялық үдерісіне Қазақстанда аудандастырылған Қазақстандық 20 (қантты), Қазақстандық 3, Оранжевое 160, Ларец, Ростовский сорттарымен қатар, жүргізілген тәжірибелер нәтижесінде будандық тұқымдар алынды.

Ресей Федерациясының құрғақшылық аудандарында жүргізілген көпжылдық зерттеулер салыстырмалы түрде ылғалды үнемдейтін қант құмайы ең жоғары өнімді малазықтық дақыл екенін көрсетті. Құмай 1 мм ылғалға есептегенде 26,2 кг құрғақ зат, судан шөбі 25,2 кг, ал күздік бидай, жаздық астық дақылдары 1 мм ылғалмен 6,3 кг-нан 14,7 кг дейін құрғақ зат түзейтіні анықталды.

Құрамында 16-18% қантты бар бір гектар қантты құмайдан бір уақытта 15-20 ц. құмайдың балын алуға, 20-25 астық және сүрлем үшін 150-170 ц. сабақтарынан шырын сығуға болады. Сабақтардан алынған шырыннан қант шәрбаты араларды қоректендіру үшін қолданылады және құмайдан жасалған бал – кондитерлік өнеркәсіпте табысты пайдаланылады. Соңғы жылдары америкалық ғалымдар қантты құмайдың шырынынан кристалдық қантты алу технологиясын жетілдірді, ол сапасы бойынша құрақ қанттан айырмашылығы жоқ.

Бүкілресейлік құмай дақылдарын будандастыру және тұқым шаруашылығы ФЗИ-да орта есеппен 4 жылда (1978-1981) аудандастырылған будандардың астық өнімі 54 ц/га, жүгері – 36, сүрлем массасы – құмай бойынша 560 және жүгері бойынша - 250 ц/га құрады.

Құмай үлкен егін алқаптарында жүгерімен, соямен және басқа да дақылдармен бірлесіп егу өндіріске енгізілуде. Осылай, Николаев облысының Березанск ауданының 18 шаруашылығында жалпы көлемі 3007 га. жерде жүгері мен құмай 2:1 қатынасында егін массасының орташа өнімі 193 ц/га құрады, жүгері егістігінен 145 ц/га алынды, Херсон облысының Төменгі-Серогоск ауданының бірқатар шаруашылықтарында – құмай бойынша 198 және жүгері бойынша 142 ц/га. Аралас егістерді кеңінен өрістету Кубань және Ростов облысында өз орнын тапты, жүгерінің таза егісімен салыстырғанда көк массаның өніміне 50-80 ц/га дейін өнім қосты. Құрамында протеині бар көк массаның жоғары өнімін соямен араласқан құмайдың егіні қамтамасыз етеді.

Херсон облысының Белозерск сортты учаскесінде құмай мен сояны араластарып сепкен кезде 338 ц/га өнім алынды, ал тек құмайдың өзін сепкенде – 326 ц/га өнім алынды.

2:1 қатынасы бойынша дәнді құмайды соямен бірге себілген егістіктердің тиімділігі жоғары екені танылды. Бұл ретте ақуыз бойынша теңдестірілген құнарлы жем шығады. Бұндай егістіктер Дон және Кубаньда кеңінен таралуда [1].

Құмай шөптесін өсімдіктерінің негізгі биологиялық ерекшелігі – ылғалды үнемдеп пайдалану қабілеті. 1 кг құрғақ зат түзу үшін құмай өсімдігіне жүгеріге қарағанда 25% ылғал аз, ал бидайдан екі есе төмен ылғал қажет, сол себепті құмай өсімдігінің сорттары мен будандары қолайсыз ауа-райы жағдайында жүгеріге қарағанда өнімді мол береді. Құмай дақылдары құрғаққа төзімді болып, топырақтың қоректік заттарына жоғары талап қоймайды, сол себепті қолайсыз ауа райы болған құрғақ жылдарда сақтандыру дақылы ретінде жүгері егісін алмастыра алады. Жүгерімен салыстырғанда, құмайдың бәсекелестік артықшылығы – жоғары өнімділік, себу нормасының төмендігі және тұқым сатып алу шығындарының аздығы, жоғары экологиялық бейімділігі, мерзім бойынша кеш себу, механикаландыру тұрғысында жинау мүмкіндіктері, қайта өсуге жоғары қабілеттілігі. Бұл дақыл жасыл масса өнімділігі бойынша жүгері және басқа жаздық дақылдардан 18-25%-ға асып түседі, уақытылы жиналған жағдайда алынған мал азығының қоректілік құндылығы бойынша, олардан кем түспейді.

Дағыстанның Орталық тау бөктеріндегі табиғи ылғалдану жағдайында, малазықтық мақсатқа өсірілетін кеш жаздық дақылдар арасынан ең өнімділері дәндік және қант құмайы болып есептеледі. Олар өзінің өнімділік әлеуеті жағынан негізгі дәндік малазықтық дақыл – жүгеріден 1,7-2,4 есе асып түседі [4].

М.Ф. Томмэ мәліметі бойынша дәннің сүт-балауызданып пісу кезеңінде жиналған жасыл массада 14-20%-ға дейін қанттар болған, оны таза күйінде де, сабанмен, өсімдік қалдықтарымен сүрлемге басқанда жоғары сапалы сүрлем алынған.

Сүрлем массасының 1 кг-да 0,22-0,25 мал азықтық бірлік болады. Малазықтық құндылығы бойынша құмай сүрлемі ең жақсылар қатарында. Оның химиялық құрамында 20,02% құрғақ заттар, 1,74 – күл, 0,92 – протеин, 0,86 – май, 5,75 – жасұнық, 10,76% - азотсыз экстрактивті заттар бар. Өртүрлі қышқылдар құрамы бойынша сүрлем сапасы қалыпты: сүт қышқылы – 1,95%, сірке қышқылы – 0,50, май қышқылы – 0,02, ұшқыш қышқылдар – 0,5%.

Самара облысы жағдайында қант құмайы ең жоғары өнімді малазықтық дақыл болып саналады. Сүт-балауызданып және балауызданып пісу кезеңдерінде ол 20-30, ал ылғалды жылдары 50 т/га-ға дейін, құрамында қант протеин қатынасы бойынша малазығын қалыптастыруға өте маңызды 12%-ға дейін қанттары бар, жоғары сапалы сүрлемдік масса береді [5].

Құмайдың жасыл ұнынан шөп ұнын жасау тиімді бұл жағдайда бір гектардан алынатын қоректік заттар шығымдылығы сүрлем басуға қарағанда, қанттың толық сақталуына байланысты 30%-ға артық. Зертханалық мәліметтер бойынша мұндай 1 кг ұнда 68 г. шикі протеин, 29 мг каротин және 480 г. азотсыз экстрактивті заттар болады.

А.Б. Володиннің мәліметі бойынша Ставрополь АШҒЗИ тәжірибе танаптарында қант құмайының Галия сорты мен Алга буданның конкурстық сортсынауында, зерттеу жылдары бойынша (2009-2013 ж.ж.) жасыл масса өнімділігі тиісінше 46,86 және 70,24 т/га болды. Алтай республикасы жағдайында экологиялық сортсынау бойынша «Алга» сортының жасыл масса өнімділігі 64,8 т/га құрады.

Құмай дәнін әртүрлі ауылшаруашылық малдарының, құстардың, сондай-ақ балықтардың құрама жемдері құрамына қосады. Бұл белгілі қоректік құндылығына және арпа дәніне қарағанда, қант мөлшерінің жоғарылығына, каротин, кейбір микроэлементтер, дәрумендер В₁, В₂, Е мөлшерінің артығына байланысты.

«Россорго» Ресейлік құмай дақылдары ҒЗИ мәліметтері бойынша Поволжье құмай және жүгері ҒЗИ экспериментальдік фермасында мүйізді ірі қара малын азықтандыру бойынша ауқымды тәжірибелер жүргізілді. Олар екі жасар еркек малды бордақылау кезінде құмайды пайдаланудың жоғары тиімділігін көрсетті.

Құмайдың биологиялық ерекшелігіне байланысты оны түрлі ауылшаруашылық дақылдарымен бірге өсіруге болады. Құрамдас дақылдары дұрыс таңдау, егістікте олардың жақсы қатынасымен орналастыру – жоғары малазықтық сапасы бар бай өнімді алудың шешуші факторы. Заманауи техногендік егіншілікте дақылдардың біріккен және аралас егістері аса өзекті болып табылады [6].

«Солтүстік Қазақстан мал шаруашылығы және өсімдік шаруашылығы институты» ЖШС базасында 2006-2008 жылдары құмай дақылдарын таза күйінде және асбұршақпен аралас себудің, таза себуден қарағанда, жасыл масса өнімділігі бойынша құрғақ зат пен малазықтық өлшем жөнінен төмен екендігін көрсетті. Бірақ, қорытылатын протеин өнімі бойынша судан шөбі мен қант құмайының аралас егісі, осы дақылдардың таза егісіне қарағанда 0,7-0,15 ц/га-ға артық өнім берді.

Этанол алуда қантты құмайды қолдану. Өлемдік мұнай бағасының жылдам өсу қарқыны және оның қорларының тез сарқылуы, сондай-ақ мұнай өнімдерін тұтынудың артуы, әсіресе әлемнің ірі қалаларында экологиялық жағдайдың төмендеуіне байланысты экологиялық таза қалпына келетін энергия көздерін табу мәселесі қарастырылуда. Қайта қалпына келетін энергия көздерін пайдаланса адамзатқа мұнай, газ, көмірдің сарқылуына байланысты энергетикалық дағдарысқа қауіп төнбейді. Бұл жағдайда электр станциясынан және көлік қалдықтарынан қоршаған ортаны ластау мәселесі шешілетін болады. Биомассадан - биогаз, биодизель және биоэтанол алынатын отынның бірнеше түрі бар. Биоэтанол бензин қозғалтқыштары үшін сұйық отынның балама түріне айналады.

Биоотын автокөлігін тұтыну бойынша Бразилия елі көшбасшы болып табылады, онда әрбір екінші сатылатын автокөлік қант қамысынан алынған құрамында спирті бар жанармайды пайдаланады. Бразилия жыл сайын 16,0-ден 17,0 млрд. литр этанол өндіреді. Бүгінде ол осы елдің жанармай нарығының жалпы көлемінің шамамен 20%-ын құрайды. Сарапшылардың айтуынша, 2005 жылдан 2010 жылға дейін Бразилиядан этанол экспорты 2 есеге - 600 млн.- 1,3 миллиард АҚШ долларына дейін өскен [7].

Этанол өндіретін екінші ел - бұл АҚШ, оның 90%-ын жүгеріден және 8% құмайдан алады. Жыл сайын АҚШ 16-дан 19-ға дейін миллиард литр этанол өндіреді. Өндіріс арқасында АҚШ жыл сайын мұнай өнімдерін импорттауға 1,5 млрд доллар үнемдейді. Салыстырмалы түрде қарасақ Ресейде этанол өндіру жылына 0,6-0,7 млрд литр құрайды. 2020 жылға қарай болжам бойынша, этанол тұтынуы әлемде жылына 120 млн. тоннаға жетеді.

Үлкен табыстарға Канада, Үндістан және Қытай елдері қол жеткізді. Осы елдердің бәрі, сондай-ақ Еуропалық Одақ, биоотынға арналған ұлттық бағдарламаларға ие, оның шеңберінде агрохимия, биология және биохимия, генетика және биотехнология, машина жасау саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулерге қаржы бөлінеді. Нәтижесінде арзан тұратын отын алу технологиясы жақсарып келеді.

Құрғақ аудандарда қант өнімдерін және биоэтанолды өндіру үшін әлемдік егіншіліктегі ең құрғаққа төзімді дақыл қант құмайын өсіріп, пайдаланған жөн. Қант құмайы – табиғи қант түзуші, оның биологиялық ерекшелігі – сабақтарында көп мөлшерде суда еритін қанттарды жинауы, сол себепті тамақ өнеркәсібі және техникалық мақсаттар үшін шикізат көзі болып табылады, атап айтқанда, малазықтық сірне, тағамдық шырын және биоэтанол өндіріледі.

Қантты құмай - энергетикалық қолданыстың кең ауқымды спектрін қамтамасыз етуге қабілетті дақыл. Құмайда күкірт деңгейі төмен, жоғары энергетикалық құндылығы бар. Бензиннен алынған балама энергиямен салыстырғанда биоотынды пайдалану, CO₂ және SO₂ газдарының шығарылуын төмендетуге мүмкіндік береді, ландшафттарды сақтау, күл шығаруды азайтады, микроклиматты бақылауға ықпал етеді.

Қантты құмайдан алынған биоэтанол өндірісі бұл өнімнің басқа да – қант қызылшасы, жүгері, картоп, бидай дақылдарынан көлемі бойынша асып түседі. Бұдан басқа, шикізат ретінде құмайды пайдалану басқа дақылдармен салыстырғанда өндірілетін биоөнім құнын арзандатады [8].

Биоэтанол артықшылықтары:

- Бензинге 1 биоэтанол қосылған бөлігі мұнайдың 3 бөлігін үнемдейді;
- Атмосфераға парниктік газдарды және автокөліктен шыққан газдардың көлемін азайтады;
- Биоыдыратады және табиғи су жүйелерін ластамайды;
- Қалпына келетін қор болып табылады.

Басқа ауылшаруашылық дақылдарының ішінде құмай қуаттылығымен ерекшеленеді. – келесі көрсеткіштерді ескере отырып салыстыруға болады:

- Фотосинтетикалық потенциалы жоғары (қант қызылшасы, бидай, соя және т.б. қарағанда 2 есе жоғары);

- Суға деген қажеттілігі төмен (жүгері, күріш, бидайға қарағанда әлде қайда төмен). Құрғақ зат бірлігіне құмай - судың 300 бөлігін, жүгері – 388, бидай – 588, сұлы - 543, асбұршақ – 730, күнбағыс – 895 жұмсайды;

- Құрғақшылыққа өте жоғары төзімділігі бар (жоғары ксерофиттілігі, жоғары қабілеті бар қуатты тамыр жүйесі, саңылаулы аппаратының ерекше құрылысы, тығыз эпидермисі, жоғары температурадағы жапырақтардағы ақ балауызды қорғаны). Өсу мен дамуына қолайсыз жағдайлар туғанда құмай бойының өсуін тоқтата алады, қолайлы жағдайларға дейін анабиозда қалады;

- 1 га егіннен 5-6 м³ этанол алуға мүмкіндік береді. Құмайдың 1 т дәнінен - 0,5 т, арпадан - 0,33 т, бидайдан – 0,37 т, жүгеріден – 0,41 т этанол шығады;

- Егудің төмен нормасы (7-10 кг/га), ол жүгеріге қарағанда 3 - 4 есе аз;

- Жоғары өнімділікті береді (5-6 т/га және 60-8 т/га жасыл масса);

- Құмайдан қанттың өнімділігі 5-7 т/га, целлюлозаның өнімділігі 15 т/га және этанолдың өнімділігі 1 га егіннен 3-5 м³ [8].

Қазіргі таңда Ресей Федерациясының негізгі ауылшаруашылық аудандарында, соның ішінде Солтүстік-Кавказ, Поволжье, Орталық, Волго-Вят, Урал, Батыс-Сібір және Қиыр Шығыс экономикалық аудандарында, сонымен қоса Калининград және т.б биомассаның жоғары өнімділігін бере алатын құмайдың сорттары мен будандары шығарылған.

Дүниежүзі бойынша өзінің сапасы жағынан аналогы жоқ құмай СТМ-40ВС сорты ерекше, Солтүстік-Кавказ ауданында жылдық орташа ауа райы 400-450 мм-де 1 га 60 тонна биомассасын береді. Биомассаны арнайы өңдеген кезде 6-7 тонна этанол және 7-8 тонна биодизельді отын бере алатындығымен айрықша сорт [9].

Кесте - 2. Жасыл масса өнімділігі, сабақ шырынындағы қант мөлшері және қантты құмай сорттары мен линияларынан алынған спирттің өнімділігі (2005-2007 жж).

(Алабушев, Гиорпиниченко мәліметтері бойынша, 2008)

Бүкілресейлік өсімдіктану институты ФЗИ каталогы бойынша сорты, нөмірі	Жасыл масса өнімділігі, т/га	Сабақ шырынындағы қант мөлшері, %	Спирттің теориялық өнімділігі 1 га-дан л	дкл
Зерноградский янтарь	52	14	4288	42,9
Зерноградское 33	47	12	3322	33,2
к-3066	50	17	5006	50,1
к-1670	64	15	5654	56,5
к-470	62	17	6208	62,1
к-451	50	17	5006	50,1

Ростов облысынан алынған қант құмайы сорттарының сабақ шырынындағы қант мөлшері 14-15% және вегетациялық кезеңі 110-120 күн толғанда спирт өнімділігі 3,5-5,5 т/га (кесте - 2).

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келсек, құмай дақылдары өндірісі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуді нығайтады, малазықтық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді, биоотын өндірісі үшін азықтық дақылдарды пайдалану мәселесін шешеді және энергетикалық тәуелсіздікке қол жеткізеді. Құмайды экологиялық жағдайы қолайсыз аймақта өсіру, оның жоғары өнімділігі мен жан-жақты көп мақсаттарға пайдалануға болатын мүмкіндігінде.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Н.А. Шепель, (1985), Селекция и семеноводства гибридного сорго. Издательство Ростовского университета, 256 с.
2. Жукова М.П., Дридигер В.К., Гурская О.А., Есаулко Н.А. (2012), Выбор и обоснование элементов агротехнических решений возделывания сорго. КубГАУ. №3, С. 1-10.
3. Оказова З.П., Икоева В.А., Тедеева А.А. (2015), Оценка фотосинтетической деятельности посевов сахарного сорго в Республике Северная Осетия-Алания. Научный альманах. №8. С.1159-1162
4. Горпиниченко С.И. (2008), Сорго – культура для аридных территорий / С.И. Горпиниченко, П.И. Ляшев // Вестник Российской академии сельскохозяйственных наук. Перспективы развития аридных территорий РФ через интеграцию и практику. – М., С.232-236.
5. Антимонов К.А. (2006), Результаты работы по подбору и созданию высокопродуктивных, приспособленных к условиям Самарской области сортов и гибридов зернового сорго / К.А. Антимонов, Л.Ф. Сыркина, Л.И. Акимова, О.Н. Антиманова. – Кукуруза и сорго. №4.
6. Бекжанов С.Ж. (2016), Арал өңіріндегі күріш жүйелерінің тұзды топырақтарында құмай (сорго) дақылдың өсіру технологиясын әзірлеу: PhD док. ... дисс.: Қызылорда, 133 б.
7. Е.А. Кіршібаев, Г.А. Байсеитова, Э.Ж. Сарыбаева, Н.К. Нокербекова, М. Қамұнұр. (2013), Қант құмайы өсімдігінен биоэтанол алу // Хабаршы, әл-Фараби ат. ҚҰУ (Биология сериясы), Алматы, 3/1(59), 120-124 б.
8. Алабушев А.В., Горпиниченко С.И. (2008), Использование сорго для получения этанола // Кукуруза и сорго. №5. – С. 7-12.
9. Нагорный С.А. (2011), Биологические особенности и селекционная ценность образцов сахарного сорго для создания сортов и гибридов с повышенным содержанием сахара: дис. ... канд. сельс. наук. – Санкт-Петербург. 164 с.

ӨСІМДІКТЕР АНАТОМИЯСЫНАН ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗУ ҮШІН КҮРІШ МҮШЕЛЕРІНІҢ АНАТОМИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫН ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІН ПАЙДАЛАНУ

б.ғ.д., профессор **К.Н.ЖАЙЛЫБАЙ**
а.ш.ғ.к., профессор м.а. **Ғ.Ж.МЕДЕУОВА***
аға оқытушы. **Н.К. НҰРМАШ**

Түйіндеме:

Қазақстандық Арал өңірі жағдайында күріштің вегетативтік мүшелерінің анатомиялық құрылысының қалыптасуына және модификациялық өзгеруіне минералды тыңайтқыштар дозасының әсері зерттелді. Қолайлы мөлшерде тыңайтқыштар берілген жағдайда жоғары дән өнімінің қалыптасуына оң әсер ететін анатомиялық және морфофизиологиялық қасиеттер мен белгілер анықталды: сабақтағы “сыртқы” майда өткізуші шоқтар мен “ішкі” ірі өткізуші шоқтар саны көбейіп, алаңы ұлғайады, жапырақтың орталық жүйкесіндегі өткізуші шоқтар саны артады, жапырақ алаңы ұлғайып, ондағы фотосинтездеуші мезофильді клеткалар саны көбейеді. Бұл дән өнімінің артуына, сапасының жақсаруына себепкер болады. Жоғары дозада берілген тыңайтқыштардың теріс әсері: майда және ірі өткізуші шоқтар сабақтың сыртқы жиегіне жақын орналасады, ал бұл сабақтың ішкі ік анатомиялық құрылысын зерттеу нәтижелері Биология және Экология мамандығы студенттеріне өсімдіктер анатомиясынан зертханалық сабақтар жүргізгенде кеңінен пайдаланылуда.

Тірек сөздер: күріш, тыңайтқыштар, сабақ, жапырақ, тамырдың анатомиялық құрылысына минералды тыңайтқыштар әсері.

USE OF OUTCOMES OF STUDIES IN ANATOMICAL ORGANIZATION OF ORGANS OF RICE WITHIN CONDUCT OF LABORATORY WORKS INTO OF PLANT ANATOMY

Abstract:

The impact of increasing doses of mineral fertilizers on training and modification changes of rice vegetative organs anatomical structures in Kazakh PriAral conditions. When applying optimal high dose of mineral fertilizers, anatomical and morphological and physiological characters and properties are defined as positively affecting high yield training, number of small external conducting bundles, and internal large conducting bundles and their areas increase, number of conducting bundles increases in central leaves rib, the total leaf area and the number of mesophilic photosynthesizing cells increase. This contributes to increasing of grain yield and its quality. Adverse effects of high doses of fertilizers: small and large conductive bounds are closer to culm periphery resulting in (to an extent) ectasia of culm internal cavity. This contributes to (to some extent) degree of rice culm lodging. Outcomes of the studies are used within conduct of laboratory.

Keywords: rice, fertilizers, impact of increasing doses of mineral fertilizers on the anatomical structure of culm, leaves, root of rice.

КІРІСПЕ

Агроэкологиялық жағдайы өзгерген Қазақстандық Арал өңірінде күріш егісіне минералды, әсіресе азот тыңайтқыштары қолайлы мөлшерде берілгенде жоғары өнімнің қалыптасуына әсері зор. Дән өнімі 60-80%-ға, кейде 1,5-2,5 есе артады [1,2]. Атап айтқанда, жіңішке жапырақты Кубань 3, Ару және ірі жапырақты Маржан, Арал 202, Түгіскен, Янтарь, Титан сорттары өнімінің (45-55 ц/га) артуының “**бірінші эффектi**” күріш егісіне N120P90-120 кг/га ә.з. есебімен тыңайтқыштар берілгенде қалыптасты. Мұндай дозада күріш сорттары агроценозында өсімдіктер бірін-бірі көлең-келемейді, қолайсыз ценодикалық әсерлесу байқалмайды, фотосинтездің таза өнімділігі (Фт.ө., г/м²тәулік) деңгейі төмендемейді [2].

Жоғары дән өнімінің (70-78 ц/га) қалыптасуының “**екінші эффектi**” күріш сорттары егісіне N160-180P120 кг/га дозасында тыңайтқыштар берілгенде қалыптасты. Күріш агроценозына мұндай мөлшерде тыңайтқыштар енгізілгенде өсімдіктер арасындағы ценодикалық өзара әсерлесу

біртіндеп күшейе түседі, дегенмен, фотосинтездің таза өнімділігі (Фт.ө., г/м²тәулік) көрсеткіші әліде жоғарылау деңгейде болды, нәтижесінде өте жоғары дән өнімі қалыптасты. Бұл басқа ғалымдар зерттеулері нәтижелерімен сәйкес. Атап айтқанда, Ресей ғалымдарының (Краснодар өлкесі) және

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., medeuova.galiya@mail.ru


Өзбекстан ғалымдарының зерттеу нәтижелеріне қарағанда, “ең жоғары дән өнімі критерийі” бойынша азот тыңайтқышының оптимальды мөлшері – N178 кг/га э.з. Берілген азот тыңайтқышы мөлшері одан әрі көбейтілгенде (N240P180 кг/га э.з.) күріш агроценозында егістік жапырақ алаңы (ЖА, мың м²/га), фотосинтетикалық потенциал (ФП, млн. м²тәулік/га), жалпы биомасса (Өбиол, ц/га) өте жоғары деңгейде қалыптасты, бірақ дән өнімі (Өшар, ц/га) азайды, сонымен бірге фотосинтездің таза өнімділігі (Фт.ө., г/м²тәулік) және шаруашылық тиімділігі (Кшар, %) төмендеді [2].

Күріштің дән өнімінің қалыптасуы кезінде жоғарғы 2-5-ші жапырақтарының ұзындығы, ені, алаңы және бас сабақ пен жанама сабақтардың буынаралықтарының ұзындығы мен диаметрі елеулі деңгейде әсер етеді. Аталған күріш мүшелерінің қалыптасуына минералды тыңайтқыштардың, әсіресе азот тыңайтқышының дозасы, енгізу мерзімі мен әдістерінің елеулі әсері бар [1,2,3]. Осыған сәйкес, сабақтың жоғарғы буынаралығының, жапырақ пен тамырдың анатомиялық құрылысына минералды тыңайтқыштар дозасы мен енгізу әдістерінің және азотпен үстеп қоректендіру мөлшерінің әсері зерттелді.

Зерттеу әдістемелері. Ғылыми зерттеу жұмыстары 2001-2016 жылдары Ы.Жақаев атындағы Қазақ ғылыми зерттеу институтының агротехнология бөлімінде және Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде жүргізілді. Экспериментальды жұмыстар модельді (мөлтек алаңды- 5 м²), далалық және өндірістік тәжірибелер қою арқылы жүргізілді. Тәжірибелерді қою барысында белгілі әдістемелер қолданылды [4], Қызылорда облысында күріш өсіру методикалары басшылыққа алынды [5]. Тәжірибелер суармалы, гидроморфты, шалғынды-батпақты топырақтарда қойылып жүргізілді. Минералды тыңайтқыштарды беру дозасы және енгізу әдістемелері: 1- N0P0 (бақылау); 2- N60P90 (себу алдында) + N30 (үстеп қоректендіру) = N90P90; 3- N60P90 (себу алдында) + N60 (үстеп қоректендіру) = N120P90; 4- N60P90 (себу алдында) + N90 (үстеп қоректендіру) = N150P90 кг/га; 5- N60P90 (себу алдында) + N120 (үстеп қоректендіру) = N180P90; 6- N60P120 (себу алдында) + N90 (үстеп қоректендіру) = N150P120; 7- N60P90 (себу алдында) + N120 (үстеп қоректендіру) = N180P120 кг/га э.з. Зерттелінген сорттар: Маржан (стандарт), Арал 202, Ару (жаңадан аудандастырылған), себу нормасы – 5,6,7 млн. шығымды тұқым. Күріштің вегетативті мүшелерін алып фиксациялау, препараттар дайындау және анатомиялық құрылысын зерттеу белгілі әдістемелер [4,5,6,7] бойынша жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері. Күріш сабағының анатомиялық құрылысы. Сабақтың көлденең кесіндісінде төмендегідей ұлпалар анықталды (1 сурет): эпидермис (1), майда, жасыл ассимиляциялаушы паренхима (2), түссіз негізгі паренхима (3), «айналмалы» склеренхима талшықтары, екі қатар сыртқы (4) және ішкі (5) талшық-түтікті өткізуші шоқтар және сабақ ортасындағы қуыс (6). Кейбір жағдайларда сабақтың сыртқы қабырға клеткалары склерификацияланған және ішкі, орталық қуыс (6) жағында рексигендік (ауа өткізуші қуыстарды қалыптастыратын) зоналар бар. Бір қабат эпидермис (1) клеткаларының қабырғаларының құрылысы тор тәрізді, өте майда, қабырғалары қалындаған, әрі кремнийленген, үсті жұқа кутикуламен жабылған. Эпидермисте лептесіктер және бір немесе екі клеткалы түкшелер бар. Бұл түкшелердің пішіні домалақтау, томпақ, немесе шамалы ұзынша.

Тығыз орналасқан, ұзынша, майда клеткалы паренхима (2) эпидермиске жанаса орналасқан. Ішкі жаққа қарай майда паренхималық клеткалар негізгі ассимиляциялаушы (3), ірі клеткалы ұлпаларға айналады. Бұл клеткалардың қабырғалары жұқа, домалақтау, арасында ұзынша пішінділері де кездеседі, көптеген клеткааралық қуыстары бар. Сабақ қабырғаларында екі қатар орналасқан өткізуші шоқтар бар. Сыртқы өткізуші шоқтарды (4) қоршаған склеренхималық ұлпалар «айналымдық» қоршау склеренхима элементтерімен ұштасып орналасқан. Механикалық (арқаулық) ұлпалар іші арқылы өтетін сыртқы өткізуші шоқтардың (4) кейбіреулері бір-бірінен «алшак», ал кейбіреулері «жақын» орналасқан және клеткалары майда. Сабақтың қырлылығы осы сыртқы өткізуші шоқтарға байланысты. Орталыққа жақындау орналасқан паренхималық клеткалар арасында үлкен ішкі түтікті шоқтар (5) жүйесі бар, олар сабақта «дұрыс шеңбер» болып орналасқан, бірақ, бір деңгейде емес. Барлық өткізуші шоқтар жабық, коллатеральды (1 сурет).



1 сурет. Күріштің Арал 202 сорты сабағының анатомиялық құрылысы (А, жоғарыда 1-ші буынаралық және Б, төменде, 2-ші буынаралық); Нұсқа- 5 млн. тұқым себілген, тыңайтқыш берілмеген, бақылау. Белгілеулер: 1- эпидерма; 2- майда паренхималық клеткалар; 3- негізгі паренхималық клеткалар; 4- "сыртқы" өткізуші шоқтар; 5- ірі "ішкі" өткізуші шоқтар; 6- сабақ ішіндегі қуыс; 7- аэренхима; 8- флоэма; 9-ксилема түтіктері; 10- крахмал дәнишелері.

Шоқтар құрамында флоэма (8) және ксилема (9) бар. Флоэма және ксилема- бұлар су және онда еріген қоректік заттар мен синтезделген органикалық заттарды өсімдіктер денесінде жылдамдатып тасымалдайтын өте маңызды физиологиялық жүйе. Күріш сабағында ксилема 3-5 түтіктерден құралған, оның ішінде 1-3-уі ірілеу тесікті. Флоэма (8) көп қырлы елек тәрізді түтіктерден және кішкене «серік»- клеткалардан құралған. Флоэманың түрі тор секілді, оның үлкендеу қуыстары елек тәрізді түтіктердің көлденең кесіндісіне сәйкес. Протофлоэма өзгерген, шоқтың шеткі бөліктерінде орналасқан. Сабақтағы өткізуші шоқтар саны 10-нан 40-қа дейін (1 сурет). Сыртқы өткізуші шоқтарды қоршаған механикалық (арқаулық) ұлпалар бірнеше қатар, бір-бірімен тығыз орналасқан, клетка аралық қуыстары жоқ. Олардың клетка қабықшалары склерификацияланған, қалындау. Бұлар сабақты қоршаған арқаулық склеренхималық клеткалармен ұштасып орналасқан және де сабаққа белгілі дәрежеде мықтылық қасиет береді. Ішкі өткізуші шоқтарды қоршаған арқаулық склеренхималық клеткалар 2-3 қатарлы, тығыз орналасқан. Олардың сыртында, қабықшалары жұқа, майдалау паренхималық клеткалар қоршаған (1- сурет).

Тыңайтқыштар, оның ішінде азотпен үстеп қоректендіру мөлшері артқан жағдайда склеренхималық қоршау клеткалары бар өткізуші шоқтар (оның ішінде майда, сыртқы шеңбердегі және ішкі, ірі шоқтар) саны көбейеді. Үлкен, ішкі өткізуші шоқтардың көлемі де ұлғайған. Бұл флоэма арқылы көп мөлшерде ассимиляттардың, ал ксилема арқылы сіңген қоректік заттардың көбірек жылжуын туындатады. Жоғары дән өнімінің қалыптасуына мұның әсері үлкен.


Тыңайтқыштар *орташа* (N60P90+N60 кг/га ә.з.) және жоғары дозада (N60P120+N120 кг/га ә.з.) берілгенде зерттелінген сорттарда ішкі, ірі және сыртқы, майда өткізуші шоқтар саны көбейген. Осы шоқтарды қоршай орналасқан склеренхималық клеткалар сабақтың мықтылығын күшейтіп, сабақтың жатпайтын қасиетін біршама күшейтеді. Бірақ, тыңайтқыштар, әсіресе үстеп қоректендіру жоғары дозада енгізілгенде сабақтың орталық қуысы (6) кеңейіп үлкейген және сабақ ұзарған (1- сурет). Бұл сабақтың жатып қалу қасиетін күшейтеді.

Тыңайтқыштар берілмеген, бақылау нұсқасында зерттелінген сорттар сабағының буынаралығында ішкі, ірі өткізуші шоқтар паренхималық клеткалар Тұқым себу нормасы көбейіп, 7 млн. шығымды тұқым себілгенде және тыңайтқыштар жоғары дозада берілгенде сыртқы, майда өткізуші шоқтар сабақтың сыртына томпақ болып шығып, оның қырлылығын күшейтеді. Ал, ішкі, ірі өткізуші шоқтар сабақтың перифериясына, сыртқы қабырғасына жақындау орналасып, сабақтың ішкі қуысы шамалы кеңейген. Сонымен бірге сабақ буынаралықтары ұзарған. Бұл, әсіресе Арал 202 сортына тән қасиеттер және де сабақтың жатып қалу қасиетін шамалы болса да төмендетеді, азайтады деген пікір туындайды (1- сурет).

Күріш сорттары жапырағының анатомиялық құрылысы Зерттелінген күріш сорттары жапырағында төмендегідей ұлпалар бар: жабын ұлпалар (эпидерма, үстінгі және астыңғы бетінде), ассимиляциялаушы ұлпалар (хлорофильді паренхима, немесе хлоренхима), механикалық (арқаулық) ұлпалар және өткізуші шоқтар. Жүйкелердің флоэмалық және ксилемалық элементтері мен механикалық ұлпалардың құрылысы, арақатынасы және мөлшерлері (калибрі) бойынша жапырақтарда – орталық жүйке, ірі (бірінші) қатардағы және майда (екінші қатардағы) жанама

жүйкелер бар. Эпидерма клеткаларына: кремнийленген (1) және қысқа клеткалар (2), ұзын эпидермальды клеткалар (3), лептесіктер (4), дәнекерлік клеткалар (5), қыл тәрізді түкшелері бар клеткалар жатады (2 сурет). Эпидерма клеткаларының сырты кутикуламен жабылған және шығыңқы томпақтары бар. Жапырақтың беткі (адаксиальды) бетінде жүйкелер арасында веер тәрізді орналасқан, қабырғалары жұқа, хлоропластары жоқ, ірі клеткалар бар. Оларды ғалымдар әртүрлі атайды: моторлы, көпіршік тәрізді, жиырылғыш, шарнирлі (моторлы). Бұл клеткаларды біз, Е.П.Алешин, В.П.Власов [7] пікірлеріне сүйеніп **жиырылғыш клеткалар** деп атадық.

Эпидерма астында ассимиляциялаушы ұлпалар, яғни хлорофильды мезофилл клеткалары орналасқан. Олардың құрылысы күрделі, жапырақ тақтасының негізгі бөлігін құрайды. Көлденең кесіндісі бойынша, хлорофильды паренхима (3) біртекті, домалақтау хлоропластары бар, клетка пішіні сопақша немесе көп қырлы, қатпарлы, өскінше сияқты томпақтары бар. Көп қырлы қатпарлары, өскінше томпақтары біртекті емес әртүрлі және олар сорттық ерекшеліктеріне жатады. Клеткалар қырлары арқылы түйіседі де, клетка аралық қуыстар пайда болады, осы қуыстар арқылы ауа-жапырақтың ұзына бойына жылжиды (қозғалады). Аталған қуыстар сыртқы ортамен лептесіктер арқылы байланысады [2,7]. Арқаулық (механикалық) ұлпалар екі жағдайда (2- сурет): шоқтардың үстінде және астында склеренхималық талшық (4,4а) және шоқтарды қоршаған склеренхималық клеткалар (6) түрінде болады. Аталған склеренхималық клеткалар көп қырлы, бір-бірімен тығыз орналасқан, клетка аралық қуыстары жоқ. Шоқтардың екі жағында орналасқан паренхималық қоршау клеткалар (5) жақсы дамыған. Үш ірі ксилемалық түтіктер (9) арасында ың орталық жүйкесі томпақтау, онда 6-10 өткізуші шоқтар орналасқан, оның біреуі басқалардәнекерлік (жалғастырушы) склеренхималық клеткалар (8) бар. Күріш жапырағында флоэма және ксилемадан құралған өткізуші шоқтары бар орталық жүйке, жақсы дамыған, бірінші қатардағы ірі жүйкелер (x) және екінші қатардағы майда жүйкелер (y) бар. Жапырақтың үлкен. Орталық жүйкенің төменгі жағында орналасқан өткізуші шоқ механикалық (склеренхималық) клеткаларға флоэма бөлігімен қараған, ал жоғарғы өткізуші шоқ- ксилема бөлігімен қараған (2- сурет).




2 сурет. Күріштің Арал 202 сортының үстінгі екінші жапырағының анатомиялық құрылысы.

Сол жақта – 7 млн. тұқым себілген, тыңайтқыш берілмеген, бақылау нұсқасындағы күріш өсімдігі жапырағы; Оң жақта – 7 млн. тұқым себілген, оптимальды дозада (N60P120+N120 = N180P120 кг/га тыңайтқыш берілген нұсқадағы күріш өсімдігі жапырағы.

Белгілеулер: 1 – X бірінші қатардағы ірі жүйкелер; Y – екінші қатардағы майда жүйкелер; 1- эпидерма; 2- жиырылғыш клеткалар; 3- хлорофильды паренхималар; 4,4^A- өткізуші шоқтар склеренхимасы; 5- шоқтарды қоршаған клеткалар; 6- жүйкелерді қоршаған склеренхималық клеткалар; 7- флоэма; 8- дәнекерлік склеренхималық клеткалар; 9- ксилема түтіктері.

Орталық жүйкеде екі ірілеу ауа өткізуші қуыстар (3,3^A,3^B- сурет,1) орналасқан. Олардың жан-жағын паренхималық ұлпалар қоршаған (2). Екі қуыстың арасындағы паренхималық ұлпалар тыңайтқыш берілмеген жағдайда 1-2 қатарлы, ал тыңайтқыштар орташа және жоғары дозада берілгенде 3-5 қатарлы ірілеу паренхималық клеткалардан тұрады (2). Қуыстарды бөліп тұрған осы паренхималық ұлпалардың екі ұшында екеу (3) және қуыстардың екі бүйірінде екеуден (4) ірілеу өткізуші шоқтар бар. Тыңайтқыштар орташа (N60P90+N60кг/га) және жоғары (N60P120+N120кг/га) дозада берілген нұсқада өсірілген күріш өсімдігі жапырақтарындағы қуыстарды қоршаған ассимиляциялаушы хлорофиллді ұлпалар (5) арасында 6-8 майда өткізуші шоқтар (6) орналасқан, ал тыңайтқыш берілмеген жағдайда мұндай майда өткізуші шоқтар жоқ (3,3^A,3^B суреттер). Егістікте күріш жиі болып (7 млн. шығымды тұқым себілген жағдайда), тыңайтқыштар, әсіресе азотпен үстем қоректендіру мөлшері артқанда жапырақ алаңы көлемі ұлғаяды, сонымен бірге Арал 202 сорты жапырағы шамалы жұқарады. Бұл күріштің Арал 202 сортына тән өзгерістер (3,3^A,3^B суреттер). Ал,


күріштің бұрыннан (1986-1987 жылдардан) аудандастырылған Маржан сорты егісіне тыңайтқыш көп мөлшерде (N60P120+N120 кг/га э.з.) берілген жағдайда жапырағы жұқармайды, керісінше шамалы болса да қалыңдайды. Тыңайтқыштар орташа және жоғары дозада берілген жағдайда күріштің Маржан, Арал 202 сорттарының жапырақтары алаңының ауданы ұлғайды. Нәтижесінде осы аталған сорттар жапырақтарындағы фотосинтездеуші хлорофилді паренхима- мезофилл клеткалары саны және де өткізуші шоқтар саны артады. Бұл органикалық заттарды көбірек синтездеуге және саны көбейген өткізуші шоқтар арқылы басқа мүшелерге көп әрі жылдамырақ тасымалдауға мүмкіндіктер туғызады. Мұндай өзгерістер тыңайтқыштар мөлшері артқан жағдайда жоғары өнімнің қалыптасуының алғы шарты. Бірақ, Маржан сортының сабағында ірі ішкі және майда, сыртқы өткізуші шоқтар саны аз. Сонымен бірге, ірі, ішкі өткізуші шоқтары көлемі кішілеу. Осының әсері болуы керек, Маржан сорты масағындағы дәндердің толысуы әдепкі кезде баяу жүреді [2].



3,3^A,3^B суреттер. Күріштің Арал 202 сорты жапырағының орталық жүйкесінің анатомиялық құрылысы. Жоғарыдағы сол жақта – 5 млн. тұқым себілген, тыңайтқыш берілмеген, бақылау нұсқасы; жоғарыдағы оң жақта – 5 млн. тұқым себілген, оптимальды дозада (N60P120+N120 = N180P120 кг/га) тыңайтқыш берілген нұсқасы. Төмендегі – 7 млн. тұқым себілген, оптимальды дозада (N60P120+N120 = N180P120 кг/га) тыңайтқыш берілген нұсқасы. Белгілер: 1- аэренхима (воздухоносные полости); 2- аэренхиманы қоршаған паренхималық клеткалар; 3- аэренхима бөліп тұрған паренхималық клеткалардың екі ұшында орналасқан өткізуші шоқтар; 4- аэренхиманың екі бүйірінде орналасқан өткізуші шоқтар; 5- аэренхиманы қоршаған паренхималық клеткалар; 6- паренхималық клеткалар ішінде майда өткізуші шоқтар.

Күріш сорттары тамырының анатомиялық құрылысы. Күріштің тамыр жүйесі тармақталған шашақ тамырлар. Ол екі түрлі: ұрық (негізгі) тамыр және буын (қосалқы) тамырлары. Негізгі тамыр ұрықтан бір тал болып, төмен қарай өседі. Сосын ұрық тамыр жанынан 4-5 қосымша тамырлар өсіп жетіледі. Күріштің буынынан қосалқы буын тамырлар өседі. Түптену фазасынан бастап, бүкіл өсу дәуірі ішінде түптену буынынан жанама сабақтар санына байланысты 300-ге дейін қосалқы (буын) тамырлар өсіп жетіледі. Осы буын (қосалқы) тамырлар күріш дақылдың қоректену қызметін толық атқарады [1,2]. Сондықтан, буын, яғни жанама тамырлардың анатомиялық құрылысын зерттедік (4,4^A суреттер). Тамырдың көлденең кесіндісінде орталық өзек (цилиндр, 4) және қабық аймақтары (2) айқын көрінеді. Тамырдың сыртында эпидерма (1) бар. Оның клеткалары бір қатарлы, шамалы сопақшалау, қабықшасы жұқа. Оның астында қабырғалары жұқа экзодерма (5) клеткалары орналасқан. Содан кейін тамыр қабығының склеренхималық қоршау клеткалары (12) бар. Оның клеткаларының қабырғалары тығыз, целлюлозадан құралған. Содан кейін мезодерманың ірі, қабырғасы жұқа, қабықтың негізгі паренхималық ұлпалары (6) орналасқан. Негізгі паренхималық

ұлпалар (6) склеренхималық шеңберден (12) орталық өзекке (4) дейінгі кеңістікті толықтырады. Мезодермалық паренхима ұлпалары (6) арасында ірі, ұзынша, әртүрлі формадағы ауа өткізуші қуыстар-аэренхима (3) бар. Орталық өзектің (4) сыртындағы эндодерма (7) бір қатар, қабырғалары жұқа, домалақтау клеткалардан құралған. Эндодермадан кейін перицикл (8) клеткалары орналасқан. Тыңайтқыштар берілмеген нұсқада орталық өзектегі ірі ксилема түтіктері (9) негізінен төртеуден, ал метаксилема түтіктері (10) орташа алғанда 16-21 дана (4,4^A суреттер). Ал, тыңайтқыштар орташа дозада (N60P90+N60 кг/га ә.з.) берілгенде ірі ксилема түтіктерінің бесіншісі пайда бола бастады.



4,4^A- суреттер. Күріштің Арал 202 сорты тамырының анатомиялық құрылысы. Сол жақта – 7 млн. тұқым себілген, тыңайтқыш берілмеген, бақылау нұсқасы; Оң жақта – 7 млн. тұқым себілген, оптимальды дозада (N60P120+N120 = N180P120 кг/га) тыңайтқыш берілген нұсқасы.

Белгілер: 1- эпидерма; 2- тамыр қабығы; 3- аэренхима; 4- орталық цилиндр; 5- экзодерма; 6- негізгі паренхималық ұлпалар; 7- эндодерма; 8- перицикл; 9- ірі ксилемдік түтіктер; 10- майда, метаксилемдік түтіктер; 11- флоэма; 12- тамыр қабығының склеренхималық қоршау клеткалары; 13- дәнекерлік паренхиманың склеренхималық клеткалары.

Тыңайтқыштар жоғары дозада (N60P120+N120 кг/га ә.з.) берілген нұсқаларда ірі ксилема түтіктерінің бесіншісі толық қалыптасқан, ал майда, метаксилема түтіктері көбірек, орташа алғанда 21-26 дана болды. Метаксилема түтіктері (10) жанында флоэма (11) түтіктері топтасқан. Өзектің (цилиндрдің) ортасында склерифицияланған дәнекерлік паренхима клеткалары (13) орналасқан (4,4^A-суреттер). Тыңайтқыштар дозасы көбейген жағдайда (7.23 сурет) қабықтағы паренхималық ұлпалары (6) көбірек сақталады. Бұл су және оған еріген коректік заттардың тамырға сіңіп, өзектегі ксилема түтіктеріне (9,10) дейін жылжып жетуіне белгілі мөлшерде әсер етеді. Қазіргі кезеңде осы зерттеу нәтижелері Биология және Экология мамандығы студенттеріне зертханалық сабақтар өткізгенде пайдаланылуда.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1.Алешин Е.П.,Конохова В.П. (1986) - *Краткий справочник рисовода*. М.: Агропромиздат. 253 с.
- 2.Жайлыбай К.Н. (2015) *Рис (Монография на казахском языке)*. Алматы: Гылым.- 351 с.
3. Лизандр А.А.,Бровцына В.Л. (1964) *Физиологическая роль стеблевых листьев риса в формировании и созревании зерна //Физиология растений*. Т.11, № 3.-С.391-397.
4. Доспехов Б.А. (1979) *Методики полевого опыта*. М.: Колос.- 416 с.
- 5.*Система сельскохозяйственного производства Кызылординской области (Рекомендаций)*. Алматы: Бастау. 2002.- 412 с.
- 6.Барыкина Р.П. и другие. (2004) *Справочник по ботанической микротехнике. Основы и методы*. М.: Изд-во МГУ.- 312 с.
- 7.Алешин Е.П.,Власов В.П. (1992) *Анатомия риса*. Краснодар: Сов.Кубань.- 112 с.

ІЛЕ АЛАТАУЫ ШАЛҒЫНДЫҚТАРЫНЫҢ ӨСІМДІКТЕРІНЕ СИПАТТАМА

б.ғ.д., профессор **Ж.Ж.КОЖАНТАЕВА**
1 курс докторанты **А.А.КУЛБЕКОВА***

Түйіндеме:

Іле Алатауы өсімдік жамылғысына өте бай және ең ылғалды, орналасқан белдеулеріне қарай алуан түрлі болып келеді. Мақалада Іле Алатауында өсетін шалғынды өсімдіктердің жағалық, құрғақ шалғындық, орманда өсетін, табиғи жайылымдық және батпақтанған жерлердің өсімдік түрлерінің биоэкологиялық ерекшеліктері мен шалғындық өсімдіктердің өнімділігі талданған. Біржылдық және көпжылдық шөптесін өсімдіктерден арпабас, жатаған бидайық, су бетеге, шалғындық қоңырбас (астық тұқымдастары) т.б., беде, сиыржоңышқа, айкен (бұршақ тұқымдастары) түрлері кездеседі. Бұл шалғындықта әртүрлі шөптер күрделігүлділер (жұлдызгүлділер), ерінгүлділер, сарғалдақтар, сабын-көктер, шатыргүлділер, қалампырлар т.б. тұқымдастардың түрлері өседі.

Тірек сөздер: шалғынды өсімдіктер, вегетация, өркен, тамырсабақ.

DESCRIPTION OF MEADOW PLANTS OF ILE ALATAU MOUNTAINS**Abstract:**

Ili-Alatau is rich in vegetation and diverse in the most densely populated areas. The article analyzes the bioecological features of vegetation types in Ili-Alatau, coastal, dry meadows, forestry, natural pastures and wetlands, meadow plants. Annual and perennial grasses are found in *brōmus inērmis*, *elytrigia répens*, *festuca pratensis*, *poa pratēnsis* (*Poaceae*), *trifōlium*, *vicia*, *lāthyrus* (*Fabceae*). Varieties of grass consist of *grasses compōsitae*, *lamiáceae*, *ranunculaceae*, *digitalis lanata*, *apiaceae*, *caryophyllaceae* etc.

Keywords: meadow plants, vegetation, the sprouting, root.

КІРІСПЕ

Астықтар тұқымдасы (*Poaceae*). Табиғи шалғындықтарда көбіне астықтар тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдіктер түрлері өседі. Біржылдық жабайы өсетін астықтар көбіне шөл, шөлейт аймақтарда кездеседі. Шалғындықтарда көбіне көпжылдық астықтардың көп болып өсуі олардың вегетативті көбеюіне байланысты болады. Шөп ору және жайылым есебінде шалғындықты пайдалану көбіне өсімдіктердің тұқымдары пісіп жетілгенше жүреді. Сондықтан шалғындықтың өсімдіктерінің өсіп қайта қалпына келуі вегетативті жолмен жүреді. Шалғындықтың көпжылдық шөптесін өсімдіктері тығыз шым түзіп өседі. Сол арқылы топырақтың беткі қабатын өсімдіктердің тірі және өлі тамырлары, тамырсабақтары, өркендері тұтасып жауып өседі.

Шалғындықта көпжылдық астықтардың барлық вегетациясының ұзақтығы әртүрлі болады. Ұзақ жылдар бойы вегетациясы сақталатын астықтар тұқымдасына қылтанақсыз арпабас (костер безостый), су бетеге (овсяница луговая), қызыл бетеге (овсяница красная), шалғын түлкі құйрық (лисохвост луговой), жатаған бидайық (пырей ползучий), шалғындық қоңырбас (мятлик луговой) т.б. жатады.

Бұл түрлер бір орында 6-8 жыл өседі. Барлық вегетациясы қысқа өсімдіктерге шалғын атқонак (тимOFFеевка луговая), кәдімгі тарғақшөп (ежа сборная) т.б. жатады.

Көпжылдық астықтар топырақ беткі және топырақ асты өркендер (бұтақтануы) түзуімен ерекшеленеді. Көпжылдық астықтардың сабағының төменгі бөлімінде топырақ бетінде немесе оның жоғарғы қабатында түптену будандарының жиынтығы болады. Әрбір буынында жапырақтың бастамасы бар бүршігі болады. Олардан топырақ бетіне өркендер өсіп түп түзеді. Сөйтіп барлығы тұтасып шым пайда болады.

Түп түзу әр түрлі астық тұқымдасына жататын өсімдіктерде әртүрлі болады. Оларды төрт топқа бөледі: тамырсабақтылар, бостүптілер, тығызтүптілер, тамырсабақты-бос түптілер (В.Р.Вильямс бойынша).

1. Тамырсабақтылар. Топырақ астындағы түптену буындарынан ұзын бүйірлік өркендері – тамырсабақтары жетіледі. Оның буындарынан қосалқы тамырлары өседі. Шым түзілмейді. Бұларға жатаған бидайық (пырей ползучий), қош иісті тілқияр (зубровка душистая), қылтанақсыз арпабас (костер безостый) т.б. жатады. Бұлар өте бос түп түзетін өсімдіктер.

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., aiman-88k@mail.ru

2. Бос түп түзетіндер. Түп түзетін буындары топырақта болады. Көбею түп түзетін буындарындағы өсімтал бүршіктері арқылы жүреді. Бүйір өркендері доға тәрізді болып жоғары бағыттанып өседі. Бос түп түзетін астықтар тұқымдасына жататын өсімдіктерге шалғындық бетеге, кәдімгі тарғақшөп, шалғындық атқонақ т.б. жатады.

3. Тығыз түптілер. Түп түзетін буындары топырақ бетінде немесе топырақ бетіне жақын. Негізгі сабақтың төменгі бөлімінде жетіледі. Түп түзетін буындарындағы өсімтал бүршіктерінен бүйірлік өркендері тік болып өсіп, тығыз түп түзеді. Шалғындықтарда олар көбіне төмпешіктер түзеді. Тығыз түпті астықтарға көде селдіре (луговик дернистый, или щучка), ақ қылтан (белоусник), бетеге (овсяница) т.б. жатады.

4. Тамырсабақты – бостүптілер. Бұл топқа жататын жабайы өсетін астықтарда тамырсабақ және бос түп түзу түрі бір уақытта қатар жүреді. Бұл топқа шалғын түлкі құйрық (лисохвост луговой), шалғын қоңырбас (мятлик луговой), қызыл бетеге (овсяница красная), т.б. жатады. Тамырсабақты – бостүпті астықтардың тамырсабағы қысқа да, түп түзетін буындарында өсімтал бүршіктері болады.

Жемшөптік астықтардың өркендерінің биіктігі әртүрлі болады. Өркендерінің биіктігіне байланысты аласа, биік және жартылай биік деп шартты түрде үш топқа бөлінеді. Аласа өркенділердің биіктігі 30 – 60 см аспайды. Өркендеріндегі жапырақтары майда, аз төменгі бөлімінде болады. Шалғындықтағы бірліестіктер де бұл топтағы өсімдіктер төменгі ярусты түзеді. Оларға шалғын қоңырбас (мятлик луговой), су оты (полевица), қызыл бетеге (овсяница красная) жатады. Биік өркенділердің өркендері биік (80 – 150 см), жапырақтары көп болып жетілетін өркендері бар түрлер жатады. Бұларға шалғын атқонақ, кәдімгі тарғақшөп, қылтанақсыз арпабас, жатаған бидайық т.б. жатады. Бұлар шалғындықта жоғарғы ярусты түзеді.

Жартылай биік өркенділердің өркендерінің биіктігі аласа және биік өркенділердің арасында болады. Шалғын бетеге, шалғын түлкіқұйрық т.б. жатады.

Бұршақтар (*Fabaceae*). Шалғындық өсімдіктердің ішінде жемшөптік маңызы жоғары өсімдіктер бұршақтар тұқымдасына жататын беде (клевер), сиыржоңышқа (вика), айкен (чина) және басқа туыстарының түрлері. Олар жабайы өсетін астықтармен қосылып жақсы өседі. Себебі терең батып өсетін тамыр жүйесі суда еріген минералдық тұздарды топырақтың терең қабатынан сіңіреді. Тамырларында кездесетін түйнек бактерияларының атмосфералық азотты сіңіруіне байланысты азоттың тапшылығы байқалмайды. Бұршақтар тұқымдасына жататын өсімдіктердің тіршілігі тоқтаған кезде вегетативті мүшелері ыдырап азоттың табиғи тұздары топырақты байытады. Бұршақтардың астықтармен бірігіп өсуі топырақтың құрылымын жақсартады. Құнарлығын арттырады.

Қиякөлендер (*Carex*) тұқымдасы. Ылғалды шалғындықта мол болып өседі. Көпшілігі астықтар сияқты шым түзіп өседі. Жалпы көрінісі астықтарға ұқсайды. Бірақ олардан айта қаларлықтай айырмашылығы болады.

Шалғындықтардың түрін орналасқан орнын рельефне байланысты анықтайды. Құрлықтағы шалғындықтарды орналасқан орнына байланысты анықтайды. Олар су айрықтарындағы көтеріңкі жерлерде, өзендердің арасында орналасады.

Су басатын жағалықтағы шалғындықтар өзендердің аңғарларындағы әлсін-әлсін су тасып басатын орындарда қалыптасады.

Таудағы шалғындықтар тау бөктеріндегі әртүрлі биіктікте орналасады. Орналасқан орнына, экологиялық жағдайларына (климат, топырақ, рельеф) байланысты шалғындықтардың өсімдіктерінің ботаникалық құрамы, вегетациясының ұзақтығы әртүрлі болып өзгереді. Көбіне шалғындықтардың вегетациясының ұзақтығы 2 – 3 ай, кейбір аудандарда вегетация кезеңі 7 – 9 айға дейін болады.

Іле Алатаудың орманды – шалғынды - дала аймағындағы (Чупахин, 1978) шалғындықтардың 4 түрі бар: жағалық, құрғақ орындарда (суходольный), ойпатты (ойыс) жерлерде, ормандағы болып, түрлік құрамы бір – бірінен ажыратылады. Бұлардың әрқайсысы әртүрлі экологиялық жағдайлардың әсерінен шалғындық ассоциацияларға бөлінеді.

Шалғынның фитоценозының өсімдіктерінің ботаникалық құрамы. Жалпы алғанда табиғи шалғындықтарда 500-дей өсімдік түрі кездеседі. Оның ішінде кең таралғандарының саны 100-200 түр. Шалғындық шөптесін өсімдіктердің ішінде астықтар тұқымдасынан 40-тай түр, қиякөлендер тұқымдасынан 20-25 түр, бұршақ тұқымдасынан 15-20 түр, ал қалған 120-дай түр басқа тұқымдастардың түрлері. Өрбір тұқымдастың құрамында шалғынға тән өсімдіктер болады. Олар жем-шөптің сапасы бойынша бір - бірінен ажыратылады.

Шалғындарда біржылдық өсімдіктер көп болса әлі толық қалыптаспаған жас шалғын болып есептеледі. Шалғыннан әлсін-әлсін шөп шабылғанда біржылдық өсімдіктер тұқым түзіп үлгермейді. Көпжылдық өсімдіктер бұл жағдайда қарқынды вегетативті жолмен көбейеді де доминантты өсімдіктерге айналады.

Шалғынның ботаникалық құрамына оны мал жаюға пайдалану жағымсыз әсер етеді. Шалғынды қарқынды түрде мал жаюға пайдаланғанда шөптесін өсімдіктердің көптеген түрлері жойылып кетеді. Нәтижесінде шалғын өсімдіктерінің түрлері азайып тек шалғындық қоңырбас, бетеге, ақбас беде, суоты (полевица) сияқты өсімдіктер өседі.

Ботаникалық құрамының әр түрлі болуына байланысты қарапайым және күрделі шалғын болып бөлінеді. Әдетте көптүрлі шөптесін өсімдіктерден тұратын күрделі фитоценозды шалғындар басым болады. Құрамында 2-3 түрі бар қарапайым шалғындар сирек кездеседі. Кейде мұндай шалғындар вегетативті жолмен тез көбейетін жатаған бидайық, немесе айрауық (вейник) сияқты түрлерден тұрады.

Шалғындықта өсетін барлық өсімдіктер жем-шөптік маңыздылығына байланысты төрт шаруашылық топқа бөлінеді: астықтар, бұршақтар, қиякөлеңдер және әр түрлі шөптер болып. Табиғи шалғындықтарда көбіне бесінші топқа зиянды және улы өсімдіктерді жатқызады.

Шалғындықтануда мұндай классификация өсімдіктердің жемшөптік құндылығы туралы толық мағлұмат бермейді. Себебі, әрбір шаруашылық топта жемшөптік құндылығы бар өсімдіктер жеткілікті болады. Ол шаруашылық топтардың құрамындағы түрлер толық анықталғанда белгілі болады.

Жағалық шалғындықтардың өсімдіктері. Өзен аңғарының тікелей су тасып басатын жағасындағы орында жайылмалық шалғындық болады. Пойманың құрылысы құрамы бірдей болмағандықтан өсімдіктердің ботаникалық құрамы да әртүрлі учаскелерінде әртүрлі болады.

Арнамен жанасқан шалғындық ағын сумен шекараласып жатады. Бұл жағалыққа өзен суы жеңіл құрамды топырақты ағызып әкеліп тұнба түзеді. Жеңіл құмды топырақта қырықбуын, бұта тіршілік формасындағы талдар, шөптесін өсімдіктерден тамырсабақты астықтар: жатағанды бидайық, қылтанақсыз арпабас, айрауық т.б. өседі. Сонымен бірге әртүрлі шөптесін өсімдіктер өседі.

Өзен аңғарының орталық бөліміндегі орталық аңғар шалғындық аңғардың көп бөлімін қамтиды. Бұл орында балшық жиналып құнарлы топырақ түзіледі. Сондықтан жемшөптік маңызы бар өсімдіктер өседі. Кең таралғандары астықтар: атқонақ түлкіқұйрық, қылтанақсыз арпабас, бұршақтардан - беде, сиыржоңышқа, айкен т.б.

Орталық поймаға шекараласқан террасалық пойма өзеннен алшақ орналасып, өзеннің құрлықтағы жағасына жалғасады. Көбіне ойпатты орынды қамтып батпақтанады (қосымшада IX сурет). Бұл орында көбіне гигрофиттер (қамыс, қиякөлеңдер, қоға, ағашты өсімдіктерден жиде, қарағаш) өседі.

Су басатын шалғындықтың әртүрлі бөлігін нақтылап анықтау. Шалғындықтарда өсетін барлық өсімдік түрлерін жинап, шаруашылық топтарға бөлу. Содан соң төмендегі 5 - кестені толтыру.

Балдырлардың түрлері де арнай эксикаттарға жиналады. Камеральдық жұмыс кезінде түрлері анықталады.

Құрғақ шалғындықтың өсімдіктері. Құрғақ шалғындық қыратты жазықтықта, тау бөктерлерінде, су айрықтарында орналасады. Бұл орынды көктемгі су тасқыны кезінде су баспайды. Негізгі ерекшелігі су режимі тұрақты болмайды. Жауын-шашын суымен ылғалданады. Бірақ ол топыраққа сіңбей ойыс жерлерге ағып жиналады. Грунт суы терең орналасқан. Сондықтан ылғалдың жетіспеушілігі байқалады. Орналасқан орны және су режимі өсімдіктердің түрлік құрамына әсерін тигізеді.

Құрғақ шалғындықтың өсімдіктері құрғақшылыққа төзімді ксерофильді сипатта болады. Құрылысы ылғалдың тапшылығына бейімделген, аласа, майда жапырақтары болады. Мұндай сипаттағы өсімдіктер бетеге, саршатыр және басқалары. Құмды топырақта тіпті бозкілем сияқты суккуленттер өседі. Астықтардан аққылтан, суоты, жұпарбас, селдірек, қау, кермек сияқты өсімдіктер кездеседі. Өсімдік жамылғысы тұтас емес сирек болады. Өнімділігі жағалық шалғындыққа қарағанда төмен болады.

Орналасқан орнына байланысты құрғақ шалғындықтар қалыпты жағдайдағы және уақытша артық ылғалы бар болып екіге бөлінеді. Біріншісі жазық жерлерде және төбелердің беткейлерінде қалыптасады. Мұндай шалғындықтарда су ағысы баяу болып, топыраққа жақсы сіңіп, құнарлығын жоғарылатады. Өсімдіктердің түрлік құрамы мол, сапасы жоғары болады. Жасыл массасы көп, жемшөптік құнды астықтар өседі (атқонақ, қоңырбас, сирек қылтанақсыз арпабас, кәдімгі тарғақшөп), бұршақтардан, жемшөптік беденің орта, қызылбас беде және ақ беде, сиыржоңышқаның кейбір түрлері; әртүрлі шөптерден гүлкекіре, теңге жапырақ т.б.

Уақытша сулы шалғындық өзендердің арасындағы ойпат жерлерге су тасқыны, жаңбыр суы жиналып түзіледі. Ылғалдың жеткілікті болуының нәтижесінде қоңырбас, кәдімгі қоңырбас, суоты, көде селдірек; қиякөлеңдерден ұлпабас; бұршақтардан қызылбас беде мен ақбас беде; раушангүлділерден тобылғы, гравилаттардан тұратын бірлестіктер түзіледі. Бұл шалғындықтың өсімдіктері биік және тығыз болып өседі.

Ормандағы шалғындықтар. Орман алқабында шалғындықтар кең таралған. Орман ассоциацияларының әртүрлі болуына байланысты шалғындықтардың өсімдіктерінің ботаникалық құрамы да әртүрлі болады. Басқа шалғындықтарға қарағанда ормандағы шалғындықтар әртүрлі шөптерден, қиякөлеңдерден, астықтар араласқан бірлестіктерден тұрады. Бұршақтар тұқымдасына жататын түрлер сирек кездеседі.

Орман шалғындықтарында әртүрлі шөптерден кәдімгі бежір (сныть обыкновенная), орман қазтамақ (герань лесная), шегіргүлдер, сарғалдақтар, балшытырлар т.б. өседі. Жергілікті эфемерлерден желайдар, айдаршөптер, фикария т.б. кездеседі. Астықтардан кең таралғандары жалпақ жапырақты бидайық, қылтанақсыз арпабас, орман бетеге және еркек бетеге, кәдімгі тарғақшөп, шашыраңқы тарышық, қоңырбастардың кейбір түрлері өседі. Бұршақ тұқымдасына жататын беде (тау, орта, шалғын) сиыржоңышқа, орман айкен, шалғын айкен т.б. кездеседі. Қиякөлеңдердің де жалпақ жапырақты орман, түкті сияқты түрлері өседі.

Ормандағы шалғындықтарды көбіне мал жаюға пайдаланады. Ол шалғындыққа және ағашты өсімдіктерге зиянын тигізеді.

Табиғи жайылымдықтардың өсімдіктері. Өсімдіктердің ботаникалық құрамы, жайылымдық фитоценоздарды түзеді. Мал жайылудың нәтижесінде ол өзгереді. Жануарлар жайылымдықта жемшөптік құнды өсімдіктермен (астықтар, бұршақтар) қоректенеді. Зиянды, улы өсімдіктерді жемейді. Бір орында бірнеше жыл мал жайылғанда өсімдіктердің құрамы өзгереді. Өсімдіктердің ботаникалық құрамына, шөптің өсуіне жайылатын малдың түрлері әсерін тигізеді.

Батпақтанған жердің өсімдіктері. Батпақ жер бетінің қалыпты жағдайдан тыс ылғалданған учаскесі. Батпақтану жер бетінің ойыс жерлеріне су жиналу арқылы жүреді. Жиналған суда ыдырамаған өлі органикалық заттар көбіне өсімдіктер жиналып шымтезек түзеді. Ылғалдың мол болуына байланысты бұл қалдықтар ауаның өтуі қиындап жартылай ыдырайды.

Қазақстанда батпақ әртүрлі жағдайда түзіледі: су көздерінде өсімдіктердің қарқынды өсуі нәтижесінде шалғындықтар батпақтанады. Тоқтау сулар мен көлдердің батпақтануы өсімдіктердің көп болып өсуінен болады. Әсіресе көл таяз, жағасы жазық тегіс болғанда біртіндеп жағалық өсімдіктер көп болып өседі. Алдымен балдырлар, сосын шыландар (рдесты), мүйізжапырақ (роголистик) соңынан тұңғыық (кувшина) өседі. Бұл өсімдіктердің сабағы судың ішінде өседі. Суда жүзіп өсетін өсімдіктерден кейін биік қамыс, өлеңшөп (қамыш), қоға (рогоз) сияқты өсімдіктер өседі.

Шалғындықтың өнімділігін анықтау. Шалғындықты шаруашылық мақсатта бағалаған кезде, негізінен оның өнімділігі ескеріледі. Көбіне өнімділігін бағалағанда астықтардың гүлдеген кезіндегі орылған жас массасы есепке алынады. Немесе вегетациясының соңына дейін екі немесе одан да көп орылып жас массасы есепке алынады. Жас массасының жемшөптік құндылығы өнімділіктің негізін қалайды. Ол түрлік құрамына байланысты болады. Жемшөптік маңызы жоғары бұршақтар тұқымдасына жататын өсімдіктер. Олардың жасыл массасында басқа өсімдіктер түрлерімен салыстырғанда белок, дәрумендер көп. Сондықтан мал жақсы жейді, сіңімді болады. Жемшөптік құндылығы жөнінен екінші орынды астықтар алады. Бұлардың қоректік құнды бөлімі жапырақтары. Шөпті жинағанда, кептіргенде жапырақтары майдаланбай сақталады. Ал әртүрлі шөптерді орып кептіргенде жапырақтары майдаланып, жинағанда түсіп қалады.

Ең төменгі жемшөптік маңызы бар өсімдіктерге қиякөлеңдер жатады. Жасыл массасы құрамында кремнийдің болуына байланысты қасаң, қоректік құндылығы төмен. Сондықтан шалғындықтың жас массасының жемшөптік құндылығын шаруашылық топтарға бөледі: астықтар, бұршақтар, қиякөлеңдер, әртүрлі шөптер деп. Соңғысына барлық қосжарнақты өсімдіктерді жатқызады. Қиякөлеңдерге елекшөптерді (ситниковые) қосады.

Бірнеше учаскеден жіп арқылы 5-10 бір м² ауданды белгілейді. Учаскелердегі өсімдіктерді шаруашылық топтарға бөледі. Бірінші топқа астықтардың түрлерін, екінші топқа бұршақтардың, үшінші топқа қиякөлеңдер мен елекшөптерді, төртінші топқа әртүрлі шөптерді біріктіреді. Сосын барлық өсімдіктерді жерден 5-7 см биіктіктен орады, өлшейді. Шаруашылық топтары бойынша бөледі, өлшейді.

Әрбір шаруашылық топтың массасының жалпы массадан проценттік қатынасын шығарады. Сосын кептіріп әрбір шаруашылық топтың құрғақ массасын өлшейді. Әрбір топтың проценттік қатынасын анықтайды. Зерттелген учаскеден табылған зиянды және улы өсімдіктер түрлерін көрсетеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Табиғи шалғындықтар, Қазақстанның барлық аймақтарында кездеседі. Географиялық аймақтарға байланысты олардың шөптесін өсімдіктерінің ботаникалық құрамы әртүрлі болады. Шалғындықтар – да көпжылдық шөптесін өсімдіктер өседі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қожантаева Ж.Ж., Саурамбаев Б.Н., Ануарова Л.Е. *«Ботаникадан дала практикасы»* Алматы 2014 ж.
2. Абдрахманов О., Абдрахманова А.О., Назарбекова С.Т., Нуркенова А.Т., Гаврилькова Е.А. *Систематика низших растений. Учебно-методического пособие для студентов биологических факультетов высших учебных заведений.* Караганды 2009 г.
3. Әметов Ә.Ә. *Ботаника.* Алматы. 2005 ж.
4. Мухитдинов Н.М. *Геоботаника негіздері.* – Алматы, 1992.
5. Быков Б.А. *Геоботаника.* Алма-Ата. Изд. Наука. 1978 г.

ГЕОГРАФИЯНЫҢ ЖАНАРТЫЛҒАН МАЗМҰНЫНА СӘЙКЕС ОҚУЛЫҚ ҚҰРАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

п.ф.к., профессор м.а. **К.Н. МАМИРОВА***

п.ф.к., доцент **Г.С.САМИГУЛЛИНА****

1 курс магистранты **Қ. ЕРКЕБАЕВА**

Түйіндеме:

Мақалада география оқулығын жасаудың отандық және шетелдік озық тәжірибелері қарастырылған. Мектеп оқулығы мазмұнын жаңартудың жолдары мен принциптері ұсынылған. Оқулық білім мазмұны мен жаңа оқу процесінің жобасы ретінде қарастырылып отыр. Оқулық - оқыту процесінің тұжырымдалған стратегиялық моделі. Сондай-ақ, оқулық оқу материалдарын уақытқа сәйкес бөлінген және нақты меңгеруге бағытталған әдіс-тәсілдердің сценарийі, яғни шынайы оқу үдерісінің моделі.

Оқулық жасаудың шетелдік және отандық тәжірибесін салыстыра талдау нәтижесінде Қазақстан оқулықтар авторлары кіріктіру және жүйелілік-іс-әрекеттік әдістері көбірек қолданылғаны анықталды. Ал батыс авторларының оқулықтарында /Англия, Франция, АҚШ/ дискуссиялық және пікір-таластық әдіс-тәсілдер орын алған.

Тірек сөздер: география оқулығы, оқулық құрастырудың принциптері, отандық және шетелдік озық тәжірибелер.

Abstract:

The article considers the domestic and foreign experience of the working out of school textbooks. Ways and approaches to the updating of the contents of school textbooks are offered. The textbook is represented as the draft of the modern content of education and training process. The textbook is strategic model of process of training strength to its generalization. At the same time, as the textbook contains all training material distributed in time, and also methods and receptions of specific studying, it is the scenario i.e. model of real educational process.

The comparative analysis of foreign and domestic experience of modeling of textbooks which showed that at domestic authors and authors from the nearest countries when designing is used integrated and system research methods. In textbooks of the western authors (England, France, the USA etc.) are traced methods and receptions of discussions and polemic.

Key words: the textbook of geography, the principles of the design of the textbook, the best domestic and foreign experience.

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің жағдайын қарастырсақ алған бағытының бірі - құзіреттілік оқыту проблемасы екендігін байқаймыз. ҚР-ның білім беру жүйесінде тәуелсіздік алған жылдардан бастап бүкіл әлемдік білім кеңістігіне енуді мақсат еткен саяси және ресми құжаттар өмірге келді. Қазақстанның білім беру жүйесіндегі қазіргі бағыты – құзыреттілік оқыту жүйесі деп аталатын жаңалықтарға толы оқытуға бетбұрыс жасау.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздікке ие болғалы жалпы білім беретін орта мектептердің оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдарын жасап шығаруға ерекше мән беріліп келеді. Өткен ғасырдың соңында егемен Қазақстанның орта мектептерінің дамуына бағытталған алғашқы тұжырымдамалық, нормативтік құжаттар жасалып, өмірге енгізіле бастады. Олардың алғашқылары "Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептердің даму тұжырымдамасы", "Жалпы орта білім мазмұнының тұжырымдамасы", "Қазақстан Республикасының жалпы орта білім берудің мемлекеттік білім стандарттары туралы ереже", "Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептердің мемлекеттік базистік оқу жоспары". Осылардың негізінде бастауыш, негізгі және жалпы орта білімнің мемлекеттік стандарттары, пәндік оқу бағдарламалары мен алғашқы төл оқулықтар жазылып шықты. Осылайша дербес Қазақстанның алғашқы оншақты жылында білім беру саласындағы өзіндік саясаты мен соған сәйкес ресми құжаттар, оқу-әдістемелік құралдар көпшілікке танымал бола бастады. Алғашқы күннен бастап қоғамның білім беру жүйесіне жүктеліп отырған әлеуметтік тапсырыстардың жүзеге асырылуы бүкіл әлемдік деңгейдегі жетістіктерді ескере отырып

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, mamirova_kulash@mail.ru

** Қазан Федералдық университеті

жүргізілді. Бұрыннан қалыптасқан кеңестік жүйенің білім беруіндегі ұтымды жақтарымен қоса дамыған шетелдердің соңғы жылдардағы бетбұрыстарына да біршама көңіл бөлінді.

XXI ғасырдың алғашқы күндерінен бастап білім беру жүйесі озық елдердің көбісі жаңа педагогикалық парадигманың желісімен кетіп бара жатқаны көп елдерде көрініс тауып отыр. Ол – жалпы білім беру жүйесінде күзіреттік оқытуды іске асыру. Сан-салалы ғылымның, технология мен экономиканың, жалпы бүкіл адамзаттың және ұлттық өркениеттің даму қарқынына ілесетіндей ақпараттарды қамтитын оқулықтар жасап шығару, әрі оны әрбір мектеп шәкірті қызығып, ынталан-ып, өзбетінше игере алатындай етіп құрастыру – қазіргі заманғы педагогика ғылымының тездетіп шешімін табуға міндетті проблемалардың бастысы деп санауға болады. Осындай кезеңді даму жолына түскен әрбір елдің педагогикалық жұртшылығының өзіндік ізденістері мен қомақты табыстары да көпшілікке жария бола бастады.

Еліміздің жалпы білім беру жүйесіндегі жанартылған мазмұнды орта мектептің талап-тілегін қанағаттандыратындай жаңа төл оқулықтарды жасап шығару үшін, өзіміздегі жетістіктерді біле отырып, әлемдік деңгейдегі күзіреттік оқытуға біраздан бері бет бұрған дамыған елдердің ғылыми-теориялық, әдістемелік, практикалық жетістіктерін сараптап, озық идеялар мен ұстанымдарды танып, қажеттілерін ескеріп, тиісінше қолдану мүмкіндігін анықтау қажет [1]. Ол үшін озық білім беруге бет алған шетел және отандық тәжірибелерді қарастырайық.

Мысалы, Франция елінде мектеп оқулықтарын жасап шығару арнайы ғылыми-зерттеу институты жұмыс істегеніне жарты ғасырдай уақыт болғанына қарамастан, оның әйгілі ғалымдары мен ұстаздары үнемі ізденумен келе жатыр. Олардың айтуынша, білім беру құралдарының жаңа түрлері – компьютер, интернет, аудио және электрондық құралдар болса да, мектеп оқулығы әлі де ұзақ уақыттар бойы шәкірттерге білім берудің ең тиімді де, әсерлі де құралы болып қала бермек. Оқулықтың сыртқы келбеті, ішкі көркемдігі көз тартатындай түрленгенімен, оның педагогикалық процесте алатын орны біртіндеп эволюциялық жолмен айтарлықтай өзгерістерге ұшырап отыр. Француз ғалымдары қазіргі кездегі мектеп оқулығының анықтамасын былайша тұжырымдайды: оқулық – оқу процесінің тиімділігін жоғарылату мақсатында әдейілеп құрылымданып басылған құрал [2].

Олар оқулықты жасап шығарудың төмендегідей тұжырымдамалық негіздер ұсынды:

- Оқулықта қандай оқыту технологиясы қолданылады?
- Оқулық жасаудың қандай кезеңдері бар?
- Мектеп оқулығының нысаналары қандай?
- Оқу процесін жетілдіру үшін қандай іс-әрекет түрлері ұсынылады?
- Мектеп оқулығында оқытудың қандай әдіс-тәсілдері қолданылады?
- Мектеп оқулығы қандай функциялар атқарады?

Бұл тұжырымдық негіздер француз әдіскерлері мен мұғалімдерінің оқулық жасау ісіне алдынала үлкен дайындықпен жүйелі түрде кірісетіні көрсетеді. Арнайы дайындалған тұжырымдамада оқулық жасаушы авторларға, арнайы редакторларға және аудармашыларға ерекше талаптар қойылған. Автор оқулық жасайтын ғылым мен әдістеме саласында еңбек етіп келе жатқан жеке өзі де, ұжымымен де бірігіп іс атқаруға қабілетті маман болуға тиісті. Авторлар көбіне сұранысқа сай немесе өз ынтасымен оқулық жасаумен айналыса алады. Францияда авторлардың зияткерлік құқығы ежелден айқындалып заңдастырылған.

Оқулықтың тұжырымдамасын жасауға автор, редактормен қоса баспагер де араласады. Өндірістен шыққан оқулықты авторлар мен баспагер арасындағы келісім-шартқа сай көпшілікке тарату жан-жақты қарастырылып іске асырылады. Францияда оқулықтарды жасап шығарудың, оны таратудың кезеңдері алты жылға дейін созылуы мүмкін. Ол жасалатын оқулықтың қажеттілігін анықтаудан басталып, дайын болған кезде эксперименттен өткізуге дейін кезең-кезеңмен жалғасады.

География мектеп оқулығының мазмұнын құрайтын оқыту нысаналарына – жекелеген ұғымдар, түсініктер, теориялар, қатынастар, пікірлер, құрылымдар, жүйелер таңдап алынған. Осы нысаналар жүйесіне қолданылатын іс-әрекеттер қатарына имитациялық, когнитивтік және әрекеттік, мінез-құлықтық дағдылар жатады. Оқушылар қолдана алатын оқыту нысаналары мен іс-әрекеттер оқулықтың педагогикалық мақсаттарына сай келуі тиіс [3].

Франциялық білім беру жүйесінің мақсаттық тұғыры эксплициттік және имплициттік екі деңгейге сай келуін талап етеді. Бұл екеуінің біреуін ғана ескеру оқушыны біржақты тәрбиелеуге әкеледі. Жалпы алғанда оқулық жасауға қолданылатын мақсаттардың, әсіресе оның тұғырының талапқа сай келуі оның классикалық моделінен туындайды, яғни мазмұн мақсаттар, оның тұжырымы және иерархиялық деңгейінің өзара үндестігі сақталуы шарт.

Дегенмен, иерархиялық деңгейде баяндалатын ақпарат мақсатты толықтай қанағаттандыра алмайды. Оны әрмен қарай аралық деңгеймен жалғастырып, соңғы деңгейге дейін жеткізу міндеті туындайды. Мұндай моделденген иерархиялық деңгейлер ұғымы кіріктірілімдігі (интегративность) ұғымымен алмастырылып жаңаша кіріктірілген модельге айналады. Қорыта айтқанда, Францияда жалпы орта білім беретін мектептердің оқулығындағы мазмұнды құрайтын нысаналарды түсіну үшін белгілі бір әрекеттер түрін қолдану қажет. Осы екеуі біріккенде ғана нақты педагогикалық мақсаттар орындалатын болады.

АҚШ-да мектеп оқулықтарын бір жүйеге келтіріп, мемлекеттік деңгейде ортақ талаптар қойып, оны іске асыру мүмкін еместігі байқалады. Бұл проблеманың басты қиындығы әрбір штаттың өзінің білім беру ұстанымдары мен талаптарының шешуші рөл атқаруы болса, екінші жағынан, дамыған капиталистік елдердің, мысалы, АҚШ, Англия, Италия, Канада, т.б. оқу процестерінде қолданылатын оқулықтардың ортақ мақсатта жасалуы. Ғылыми негіздері ортақ пәндерден, айталық география, химия, биология, информатика, математика, т.б. дамыған одақтас елдердің орта мектептерге арналған оқулықтарын жасау кезінде арнайы педагогикалық зерттеулер жүргізіліп, бәріне де ортақ білім мазмұнын, игерілетін білік пен дағдының түрлерін анықтап, бәрінің тілегін қанағаттандыратындай оқулықтар және оқытушы кітабы (книга для учителя) деп аталатын жүйелі педагогикалық еңбекті бірге басып шығарып, тиісті сынақтан өткізеді.

АҚШ пен Ұлыбритания ғалым-ұстаздарының орта мектептің оқулықтарын жазуға орай көптен бері қалыптасқан ұстанымдары бар. Ол жоғары оқу орындары және университеттердің, әсіресе әлемге аты әйгілі Оксфорд, Кембридж, Гарвард, Массачусетс т.б. университеттердің ғалым – ұстаздары араласып, жалпы білім беретін жүйеге лайықты оқулықтарды жасау дәстүрге айналған. Мұның өзіндік себебі – өздеріне талапкер ретінде келетін мектеп түлектерінің білімі мен білігінің деңгейі, пәндік құзіреттіліктің қалыптасуын бірдей әдістемелік жолдармен іске асыруға жол ашу, көпдеңгейлі оқыту жүйесі арқылы күнібұрын әйгіленген университеттерге түсушілердің талабын қанағаттандырылғандай шәкірттер дайындау. Мәселен, Кембридж бен Оксфорд университеттері ағылшындардың жалпы білім беретін мектептеріндегі 9 деңгейлі оқытудан да жоғары 14–16 деңгейлі білім алуды мақсат етіп, соған сәйкес тапсырмалар жүйесін жасап, өздеріне талапкерлер таңдайды.

АҚШ, Ұлыбритания сияқты елдерде соңғы 10 жылдарда жасап шығарған оқулықтарының бағыт – бағдарын анықтап, мазмұнын құрылымдауда түбегейлі өзгерістер енді. Бұрынғысына пәндердің дәстүрлі атауы "география", "биология", "тарих" т.б. деп қысқа ғылыми мәнге ие болып қалмай, тікелей өмірмен, қоғаммен, өркениетпен байланысы айқындалып "География және қоғам", "География және өмір", "География және тіршілік", "География және денсаулық" сияқты бағдарлы атаулармен шыға бастады. Әдетте ондай атаулар жоғары сынып оқушыларына арналған оқулықтар мен оқу-құралдарына тән. Сөйте тұра, негізгі мектептің оқулықтарының атаулары бұрынғысына өзгеріссіз қалып отыр. Барлық жаратылыстану пәндері: физика, химия, биология, география, астрономия "ғылым негіздері" деген рубрикамен біріктіріледі. Ондағы өзіндік ұстаным – авторлардың оқушыларға бұл пәндердің ғылыми-практикалық негіздерін игертуді басты мақсат етіп алғандығы. Бағдарлы мектепке ауысқанда бүкіл материалдық дүниенің негізін зерттеуге бағытталған осы пәндердің мазмұны тікелей өмірмен, адамзат қоғамымен, табиғатпен, экологиямен байланыста болуына үлкен көңіл бөлініп, оқушыларға болашақ мамандықтарын саналы таңдауға мүмкіндік береді. Негізгі мектептегі пәндерде берілетін базалық білім, білік, дағдыны қалыптастыру үшін оқулық авторлары ең алдымен адам және қоғам үшін табиғатқа тәуелді тақырыптарды игеруден бастайды.

Ал мектеп оқулықтарының атқаратын функциясының түрі көп-ақ. Оқулықтың функциясы оны тұтынушыларға да, мазмұнына да тәуелді. Айталық, оқушылар үшін басты құжат оқулық болса, мұғалімдер үшін пәнді оқытуды баяндайтын оқыту кітабы. Оқушының қолындағы оқулық нақты функцияларға, мысалы, білім беруге жауапты болса, өз кезегінде оқытушы үшін білім беру деңгейін көтеруге әкелетін функцияға ие бола алады. Ал оқытушы кітабы өз пәнінен сабақты сапалы ұйымдастыруға жетелесе, екіншіден оқушының білімін жүйелеп кіріктіруге көмектеседі. Міне, осыдан-ақ кімге бағытталғанына қарамастан әдіскерлер мен мектеп ұстаздарының оқулыққа қатынасты функциясын аттыру үміті аз емес екендігін көруге болады.

Оқушыға қатынасты функциялар – оқулықтың кейбір функциялары мектептегі оқу үдерісіне қарай бағдарланған. Ал біразы оқу үдерісі мен күнделіктегі өмірдің немесе болашақ кәсіби қызметінің арасында байланыс табуға мүмкіндік береді.

Оқу үдерісіне қарасты функциялар – білімді жеткізу функциясы – бұл ертеден келе жатқан дәстүрлі әрі жұртқа танымал функция. Бір қарағанда білімді оқушыға жеткізудің құралы, әрі оқушылардың қызығуын есепке алмастан өзінің толық дедуктивті және жабық формада атқаратын функциясы. Соған бола оны жиі сынға ұшыратып отырады. Дегенмен мектеп оқулықтарының басқа да маңызды функцияларын атқаратынын айта кету қажет. Мысалы, ол үдерісін шектелген шеңберде

білім беруге жол бермейді. Жалпы алғанда зерттеулер бұл функция оқушының білім жетістіктеріне оң әсері бар екенін көрсетті. Мектеп оқулығы жекелеген ұғымдарды, ережелерді, формаларды, терминологияны, дәйектерді т.б. игеру кезінде білім беру үшін қолданылады. Оқушылар осы айтылған дәйектерді қайталап қана қоймай оны оқу процесінің контекстінде когнитивтік дағдылар түрінде қолдана алады.

Қабілеттер мен күзiреттiлiктердiң даму функциясы – мектеп оқулығы бiлiмнiң белгiлi бiр жиынтығын игерiп қоймайды, ол сонымен бiрге белгiлi әдiстер мен бiлiктердiң жиынтығын меңгеруге бағытталған. Яғни еңбектену мен өмiрлiк дағдыларға ие болуға бағытталған. Бұл тiлдi игерудiң дағдысы мен бiлiгiн дамытуға, дәл ғылымдарда зерттеу әдiстерiн меңгеруде, бiлiмдi құрылымдауда, ақпаратты iздеуге туындайды.

Жалпы алғанда қабілеттік пен күзiреттiлiк ұғымдарын өзара айшықты бөлу оңай емес. Сондықтан әртүрлi авторлар өзiнше топшылайды. Француз ғалымдарының зерттеулерiнде қабілеттiлiк пен күзiреттiлiкке мынадай сипаттамалар берiлген: қабілеттiлiк – қойылған мақсатты iске асыруға жетелейтұғын белгiлi бiр дағдыларды қолдану дегендi бiлдiредi. Күзiреттiлiк – бұл (алдынала дайындықсыз) жағдаятты бағалау және соған сәйкес азды-көптi әрекет етуге мүмкiндiк беретұғын қабілеттiктерiнiң кiрiктерiлген тобы. Мысал ретiнде оқыту үдерiсiн алайық: егер оны операция ретiнде қарастырып жазылғанның мәнiн ұғынуға мүмкiндiк беретiн деп анықтасақ, онда дара тұлғаның оқытуға күзiреттiгi бар деп айта аламыз, яғни нақты жағдаятты ол бұл операцияны алдынала дайындықсыз-ақ орындай алады. Ол бұл күзiреттiктi iске асыру үшiн бiр топ қабілеттiктердi белсендiруi тиiс, мысалы танымдық сферада (сөздi қабылдау қабілетiне ие болу), психомоторлық сферада (зейiндi белгiлi бiр бағытқа сай ұстап тұру немесе оны тез-тез ауыстыру), әлеуметтiк мiнез-құлықтық сферада (өзiн өзгелерден айыра бiлу, өзгелердiң сұрағын қабылдай алу). Оқу күзiреттiлiгi – белгiлi бiр жағдаятта осы барлық қабілеттiктердiң көмегiмен iске асыра алады. Кейбiр қабілеттiктер негiзгi болып есептеледi. Өйткенi олар көптеген басқа да қабілеттiктердiң түрiне ие болу үшiн қажет.

Ертеңгi орта мектеп бүлдiршiндерiне бiлiмдi көбiне өз бетiнше еңбек етiп алатындай күйге жеткiзу әр ұстаздың басты мiндетiне айналуы тиiс. Басқаша айтқанда, болашақ бiлiм беру жүйесiнiң оқытушыларының алдында әуелi өз шәкiрттерiн қажеттi ақпаратты iздеп тауып, ондағы жаңа материалды өздерi оқып, түсiнiп, өмiрге қодану дағдысын қалыптастыру мiндетi тұрады.

Жаңадан жасалып ұсынылатын оқулықтар мен кешендердiң арқалайтын жүгi бұрынғыдан да салмақтырақ бола түсуге тиiс. Әр пәннен алатын бiлiмi жеткiлiктi болып, оны орнымен өмiрде қолдануға дағдыланған шәкiрт тиiстi күзiреттiлiкке ие болуға да шамасы келедi. Олай болса ең басты бiлiм алу құралы ретiнде ұсынылатын жаңа оқулықтардың өне бойында кездесетiн теориялар, практикалық ақпараттардың көздегенi - сол пәнге орай күзiреттiлiктердiң түр түрiн бiртiндеп оқушыға дарытатындай болуы.

Әр пән оқулығының мазмұнын игерудiң сатыларының бiрiнен-бiрi бөлiнбейтiн, өзара байланыста, тәуелдiлiкте болатынын, оны оқушы өзi еңбектенiп, бiртiндеп меңгередiндей жағдайға жол ашатынын көреміз. Мұғалiмнiң мұндай жаңа мазмұнды игерудегi ролi мүлдем өзгеше - ол оқушының жұмысын басқарушы, ұйымдастырушы, керек жерiнде үйретушi, ақыл-кеңес берушi, қамқоршы тұлға ретiнде көрiнедi. Бiлiм беру процесi мақсатты ұйымдастырылған, өзара байланысты мұғалiм мен оқушы iс-әрекетiн қамтиды. Оқу процесiн ұйымдастыру қорыта келгенде үш тәсiлге сүйенетiн болады. Олар – дара тұлғаға бағдарланған iс-әрекеттiк, күзiреттiлiк, денсаулық сақтау тәсiлдерi. Соның iшiнде күзiреттiлiк тәсiлге келсек ол негiзгi күзiреттiлiктердi қалыптастыра отырып, дара тұлғаға тән сапалар кешенiн дамытуға бағытталған.

Күзiреттiлiкке бағдарланған оқу жүйесi көптен берi қалыптасқан Еуропа елдерiнде мектеп оқулығына жүктелетiн функциялар айшықты етiп жiктелген. Әдетте, оқушыға арналған кiтап пен оқытушыға деген кiтаптың мазмұнында, құрылымдануында, тiлi мен стилiнде айтарлықтай айырмашылық бар. Бұл екеуiнiң де ұстанған мақсаты бiр - шәкiртке сапалы бiлiм беруге қол жеткiзудiң тиiмдi құралы болу. Алайда мектеп оқулығында оқу процесiн ұйымдастыруға бағдарланған функция басым келедi, себебi ол сабақта алатын бiлiмдi күнделiктi өмiрмен, болашақтағы мамандығымен тығыз байланыс беруге ұмтылады. Ал мұғалiмдер үшiн дайындалған кiтапта оқыту сапасын жоғарылату функциясы айқын байқалады, себебi ол сабақта өтiлетiн жаңа тақырыпты тиiмдi ету үшiн саналуан әдiс-тәсiлдер, құралдар қолданып, бiрнеше түрлi формада өткiзуге көмектеседi.

Тұжырымдап келгенде, бiлiм алу, күзiреттiлiктерге ие болу дегенiмiз - белгiлi бiр туындаған жағдай (жағдаят) кезiнде қажеттi iс-әрекеттердi жасауға әкелетiн қабілетке баулу екен.

Жаңадан жазылып шығатын пән оқулықтарын оқу процесінің басты ақпараттық ядросына айналатындай етіп құрылымдануын талап етеді. Жанартылған білім берудің стандарттық, нормативтік, әдістемелік талаптарын ескере отырып құрастырылған жаңа оқулықтардың функциясы мынадай болуы мүмкін:

- әртүрлі сипатты ақпараттар орын алады;
- оқу процесін тиімді ұйымдастыруға негіз болады;
- оқушы - оқу материалдары - оқытушы арасында байланыс орнатады;
- оқу процесіне өз үлесін қосады;
- мазмұны арқылы білімді, білікті, құзіретті болуға жетелейді;
- оқушылардың дара, жұппен, топпен жұмыс істеуіне көмектеседі;
- мониторинг өткізуге және білім сапасын бағалауға жәрдемдеседі.

Бұл функциялардың ішінде бүгінгі дәстүрлі оқу процесі ішінде жиі кездесетіндері де, жаңаша сипатқа ие болғандары да бар. Мәселен, оқушының құзіретті болуы жеке өзі ғана емес, сыныптағы достарымен сабақ кезінде бірге жұмыс жасау, іс-әрекетке үйрену, жаңа материалды қаншалықты игергендігінді бақылап, бағалай білу – оқулық атқаратын аса маңызды функциялардың қатарына жатады.

Жаңа оқулықтардың мазмұндық және құрылымдық ерекшеліктеріне тоқталайық. Кез келген оқулық мазмұны ғаламдық және ұлттық құндылықтарға жататын адамзат қоғамының бейімделген әлеуметтік тәжірибесінен құралады. Кез келген оқулықтың басты құрылымдық төрт құрауышы элементтері болады, олар:

- нәтижесі білім кейпінде көрініс табатын танымдық әрекеттің тәжірибесі;
- үлгіге сай жасау кейпіндегі белгілі әрекеттер жасау тәсілінің тәжірибесі;
- дараланған бағдарлану кейпіндегі эмоциялық-құндылық қарым-қатынастарды іске асыру тәжірибесі;
- проблемалық жағдаяттарда тиімді шешу қабылдай білу кейпіндегі шығармашылық әрекеттің тәжірибесі.

Бұрынғы оқулықтардың мазмұнында мектеп шәкіртіне білім беріп, біліктілік пен дағды қалыптастыруға баса көңіл бөлініп келгені мәлім. Жанартылған оқу жүйесіне сай жасалған жаңа оқулықтардың оқушы алған білімді күнделікті өмірде, тұрмыста, кездейсоқ жағдаяттарда қолдануға жетелейтін мақсатта құрылымдануына баса көңіл бөлінуі тиіс.

Біздің ойымызша құзіреттілікке жеткізетін оқулық мазмұнының ерекшелігі - дәстүрлі білім, білік, дағдыға бағдарланған жаңа ақпараттардың бәрі де ендігі жерде әрі қарай нақты өмірде кездесетін жағдаяттармен жалғасып жатуы міндетті. Оқулықтан оқып алатын білімін, қалыптасатын білігін, практика түрінде іске асыруға машықтанған қабілетін күнделікті тұрмыста, өмірдің әр кезеңіндегі кездесетін проблемаларды шешуге арналған жағдаяттық тапсырмаларды орындауға бағыттауға тура келеді. Басқаша айтқанда, оқулықта берілетін теориялық әрі практикалық ақпараттар легін есте ұстап, тексеру кезінде ауызша айтып, үйреншікті жаттығулар орындап дәлелдеп берумен шектелмей, оқушыны қажетті сәтте тікелей өмірге байланысты проблеманың шешімін табуға дағдыландыруға міндетті болады.

Айта кетерлік бір жайт, құзіреттіліктің түрі өте көп, ол пәндік сипатқа тәуелді болып келеді. Оқушы әрбір пәнді игергенде соған сай пәндік құзіреттіліктерге жете алады. Ал Мемлекеттік білім стандарты талаптарындағы негізгі түйінді құзіреттіліктер болса сыныптың барлық пәндерінің игергенде пайда болатын құзіреттіліктерді біріктіре қолданып шешетін жағдаяттық тапсырмаларды орындағандығында көрінеді. Жалпы құзіреттікті біртіндеп жүйелі түрде қалыптастыру ғана мүмкіндігі бар. Ол үшін әр оқушы оқулықтағы ақпараттың негізін өзі еңбектеніп оқып, өзбетінше меңгеруге дағдыланудан бастауы тиіс. Мұндай ерекшеліктер күнделікті сабақты ұйымдастыруда ескеріліп, мұғалімнің оқу процесін құзіретті басқаруына тікелей тәуелді болып шығады.

Жаңа білім парадигмасы бойынша ұстаздың бұрынғыша оқулықта берілген ақпаратты өзінше айтып, түсіндіріп, оқушыны жетекке алып үйретем деуі мүлдем қате екенін есте ұстау қажет. Білім алушы – мектеп шәкірті екенін ескерсе, онда оқулықтардың жаңаша құрылымдауы да тек оқушыға, оның мүмкіндігіне сай бағдарлануы тиіс.

Жаңадан құрылданатын оқулықтардың ерекшелігі – әр тақырыптың мазмұнында теориялық ақпараттардан гөрі практикалық іс-әрекетке сүйенген ақпараттардың молдау болуында. Ең оңтайлысы – оқушы жаңа тақырыптың мазмұнын игеру кезінде нақты кішігірім тапсырмаларды орындап отыруын қамтамасыз ету. Олай болса, сабақ кезінде жаңа ақпаратты оқып үйренумен қатар тікелей жаттығулар орындауды оқулықтың мазмұнына кіргізуі керек. Авторлар бұл жайтты күні бұрын ескеріп, әр тақырыпты өткенде пайдаланатын оқу процесінің сценарийіне ұқсатып құрылымдаса өте ұтымды болады.

Жаңа оқыту жүйесіндегі тағы бір жаңалық – ол үйге берген тапсырманы келесі сабақ үстінде қайталаудың қажеттілігінің болмауы. Дидактикада жаңалықты игеру үнемі алға қарай жүріп, өткенмен жалғасын тауып отырса тиімді болатыны баса айтылған. Бір жаңалықты екі рет игеруге машықтандыратын өткен сабақтың мазмұнын қайталау, оқушыларды ширақтықтан босандыққа итермелейді. Кез келген меңгерген жаңа ақпаратты терең түсіну үшін оның теориясын қайталаудан гөрі соған сәйкес жаттығулар орындап, есептер шығарып, әртүрлі әрекет түрлерін қолданып, проекттер жасау орынды болып саналады. Ал үйге берілген тапсырманы әр оқушы өз бетінше шамасына қарай орындап келеді, оның нәтижесін жұмыс дәптері бойынша тексеріп, қорытынды шығарып отыру мұғалімнің міндеті. Қажет болса, мұғалімнің ескертуіне орай жұмыс дәптеріне толықтырулар енгізу содан соң іске асырылады.

Сабақ кезінде небәрі 4–5 оқушыдан үйге берілген тапсырманың орындалуын сұрау үшін көп уақыт жұмсалып, қалған шәкірттерді жүйелі еңбек студент тек тыңдаушыға айналдырудан пайдасынан зияны молдау болатыны түсіну қиынға түспейді. Сондықтан, сабақтың басынан аяғына дейін, әр оқушыға өзі еңбектеніп, өз міндетін өзі орындауға мүмкіндік беру қажет. Дұрысы мұғалім сабақ басында жаңа тақырыптың мазмұнын игеруге орай жалпылама қысқаша ғана бағыт-бағдар беріп, соңында жалпы қорытынды жасауды дәстүрге айналдыруы тиіс. Алайда, ол оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы кезінде туындайтын қиындықты дер кезінде шешуге, ақыл-кеңес беріп, түсінбеген тұстарын игеруге жәрдемдесуге міндетті.

Мемлекеттік білім стандарттарында айтылғандай мұғалім мен шәкірттің өзара белсенді қатынасы содан барып қалыптасады. Өткен тақырыптың игерілуін бірден емес, кейінірек, аралық бақылау кезінде барлық сыныптағы оқушылар бірдей жағдайда тексеруден өтіп, рейтингтік бағалануы тиіс. Сонда ғана оқушы өз еңбегіне сай шынайы көрсеткіштік жетістіктерге ие болады.

Осы айтылғандардан-ақ жаңадан құрастырылатын оқулықтардың, қазіргі қолданыста болатын дәстүрлі оқулықтардан өзгеше болатынына көз жеткіземіз. Әр оқушыға жетуге тиісті белгілі бір құзіреттіліктің түрін міндеттеріне бола өзі орындап, өзі алатын білімі, біртіндеп қалыптасатын білігі, көзімен көріп, қолымен жасайтын практикалық жасайтын дағдысы кепіл болады. Әрбір шәкірт білімді өмірде қолдануы үшін алатынын түсіндіру, сендіру мұғалімнің жауапты міндетіне айналуына тиісті.

Сонымен, құзыреттілік оқыту дегеніміз күтілетін нәтижелер үйреншікті білім, білік, дағдымен қатар құзіреттіліктер деңгейіне дейін жетуді көздейді. Ол үшін білім, білік, дағдыларды сараптап, күнделікті оқу үдерісінің беретін нәтижелерінің ең маңыздыларын өмірде кездесетін жағдаяттармен, әсіресе, болашақ мамандығына кәсіби жол ашатын құзіреттіліктер мен өзара кіріктіру проблемасы туындайды.

Құзыреттілік жүйесінің жалпы білім беретін нәтижелерін құрайтын мүмкіндіктердің тобы жаңа жүйені қолдану арқылы дәстүрлі жүйемен салыстырғанда әлдеқайда жоғары жетістіктерге жетуге болатыны көрсетеді. Шетелдік оқулықтар жасаудың өзіндік тұжырымдамалық, ғылыми-әдістемелік, мазмұндық-процестік негіздері бар екендігі айқындалды. Мысалы, оқулықтану ғылымының жетістіктерінен қазіргі заманның талап-тілегін ескере отырып, алдағы жылдардың үмітін ақтайтындай жүйеленген оқулық жасаудың дәстүрі қалыптасқан. Оқулықтың теориялық заңдылықтарын баяндауда, оны тым күрделендірмей, шәкірттің жас ерекшеліктеріне сай келетіндей стильде жазу кеңінен таралған [4].

Мектеп оқулықтары, олардың оқушыға немесе оқытушыға бағдарланғанына байланысты, әртүрлі функцияларға ие болады. Оқушыға қатынасты оқулық дәстүрлі деп аталатын функцияны орындауы мүмкін. Ол функция оқу үдерісінде білім беру, қабілеттіліктер мен құзіреттіліктерді дамыту, білімді бекіту, білімді бағалаумен тікелей байланысты болады. Сол сияқты оқулықтың күн-делікті және кәсіби өмірмен байланысты функциялары: білімді кіріктіруге көмектесу, референция, әлеуметтік және мәдени тәрбиеге көмектесуі.

Оқулық авторлары қай функцияға көбірек көңіл бөлсе, соған орай олар әртүрлі формаларға ие бола алады. Мұғалімге қатынасты функция – олардың сабақ беру деңгейін көтеру функциясы: ғылыми және жалпы ақпарат, біліктілігін жоғарылату, сабақ үдерісімен оны өткізуге көмектесу, білімді бағалауға көмектесу. Егер авторлар оқу процесіне және сабақты өткізуге ерекше көңіл бөлсе, онда мұғалімнің кітабы салыстыра алғанда жабық типті басылымға жатады. Барлық функцияларға бірдей көңіл бөле отырып жасалған оқулық мұғалім үшін ашық типтегі оқулыққа жатады.

Қорытынды

Қазақстан мектептеріндегі жоспарланған жаңа оқулықтар, оларды оқу үдерісінде қолдануы арқылы өзара байланысқан үш түрлі құзыреттілікке қол жеткізуге мүмкіндік беретін болады. Олар: ақпараттық құзыреттілік, проблеманың шешімін табу құзыреттілік және коммуникативтік құзыреттілік [5]. Олар мынадай ұстанымдарға негізделеді:

- оқулықтану ғылымының жетістіктеріне негізделген қазіргі заманның талап-тілегін ескерген, болашақ жылдары үмітті ақтайтындай етіп жүйеленген оқулық жасау;
- оқулықтың теориялық заңдылықтарын баяндауда, оны тым күрделендірмей, шәкірттің жас ерекшеліктеріне сай келетіндей стильде жазу;
- оқулықта мысал ретінде келтірілетін дәйектерді бүгінгі қоғам мен өркениеттің жетістіктерімен ұштастыра баяндау міндетті деп санап, оқушылардың игеретін ақпаратқа қызығуын тудыру.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Нурахметов Н.Н., Кусаинов А.К., Далабаева Н.С. Модернизация казахстанских школ на основе обновления содержания образования. Сборник материалы IV республиканской научно-практической конференции «Сравнительные исследования в образовании в контексте развития интеллектуального потенциала личности». Алматы, 11 мая 2012.123 с.
2. Франсуа-Мари Жерар, Ксавье Роже. Разработка и анализ школьных учебников. Будапешт: АВ ОВО,1998.372 с.
3. Коган Е.Я., Прудникова В. Как померить компетентность. Вестник образования. М. №2, 2006.
4. Мамирова К.Н. Учебник будущего как комплексное средство учителя 12-летней школы. Сборник расширенного заседания УМС РУМС высшего и послевузовского образования МОН РК по теме «Повышение статуса и уровня профессиональной компетентности педагога». А. КазГосЖенПУ. 12 мая 2012.32-35 с.
5. Мамирова К.Н. Критерии отбора и структурирования содержания учебника. Ж. Вестник Академии педагогических наук Казахстана, № 2, 2011. 11-14 с.

ӘОЖ. 91:373:372.8.

ТҰРАН ЖАЗЫҒЫНЫҢ ЛАНДШАФТ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

п.ғ.к., доцент **К.А.ТЛЕУБЕРГЕНОВА***
г.ғ.к., профессор **Н.Н.КАРМЕНОВА**
а.ш.ғ.к., доцент **Т.Т. АШИМОВ**

Түйіндеме:

Тұран жазығыныңқыратты жазығы, жалды рельефі, барханды, балшықты-құмдармен араласып жатқан қызғылт гранитті құздары, көктерек тоғайлары, шалғындық шөптері мол өңір. Осындай Балқаш өңірінің оазисі –туристерді қызықтырады, еліктіреді. Бектауата тау сілеміндегі үңгірлерге күн сәулесі терең бойлап түседі, сондықтан да мамандар бұл таудағы үңгірлерді "қоладан жасалған" немесе "хрустальды құдық" деп атайды. Сол себепті әсемдігі жағынан сирек кездесетін осындай көріністері бар өлкені халыққа, жастарға жан-жақты білдіріп, ұқтырып, тереңірек зерттеу қажет.

Тірек сөздер: *бархан, балшықты құмдар, гранитті құздар, саялы тоғайлар, "хрустальды құдық".*

FEATURES OF THE LANDSCAPE OF THE TURAN LOWLAND

Abstract:

The territory of the Turan lowland is rich in plateau, diverse relief, scarlet granite peak, which consists of sand dunes, displaced by clay sands, poplar forest and various field grasses. Such a locality of the Baikal Oasis attracts all, including tourists. Deep sunlight falls on the caves of the Bektauat Ridge, which experts call these caves "tin" or "crystal well". Therefore, there is a desire that the people, the youth, deeper and more fully knew, saw, studied and explored such landscapes with an unusual landscape.

Keywords: *barkhans, clayey sands, granite peaks, poplar forests, "crystal well".*

Торғай жазықтығының батысында, Торғай өзенін бойлай, адырлы құмдардың шағын алқаптары орналасқан. Құмдар жартылай бұта тектес өсімдіктермен орнықтырылған. Шалқар теңіз ойпаны Торғай өзені мен басқа да көптеген құрғақ және кеуіп бара жатқан арналардың ағатын жері болып табылады. Сордың бетінде тереңдігі 1 метрге дейінгі құрғақ арналар кездеседі, көбінесе олардың жағалаулары тік болып келеді. Торғайдың сағасында төбелі-ұяшықты құмдардың алқаптары кең тараған. Төбелі-ұяшықты құмдардың салыстырмалы биіктігі 4-5 метрден аспайды. Жайпақ, жайлы баурайлы жерлер шығыс және солтүстік шығыс бағытқа 10-20 шақырымға бет ұстаған. Эолды құмдар өсімдіктермен бекіген, бірақ елді мекендердің және мал суаттарының қасында тапталуының нәтижесінде дефляция процестері жүріп жатыр[1].

Зерттеушілердің көбі Торғайдың қабатты бедерінің түзілуі бүкіл төртінші кезең бойына неотектоникалық қозғалыстардың пайда болуына негізделген деген пікірге тоқтайды.

Оңтүстік Торғай жазықтығы үшін төбелі-ұяшықты бедері бар құмдақ алқаптардың болуы тән. Олар кварцтан, Торғай және Ырғыз өзендері бірінші жайылма үстіндегі терраса жауын- шашынын ұстап қалатын жентектелген және сұрыпталған құмдардан, сондай-ақ Торғай жырасының жоғарғы плейстоцендік аллювиалды-көлдік жаралымдарынан түзілген. Эолдық түзілімдерінің орташа қалыңдығы 2-3 метрге жетеді.

Тұран ойпатының батыс бөлігін құрылымдық – денудациялық Үстірт жоны алып жатыр. Үгілген тау жыныстарының көп бөлігі ешқашанда өз орнында қалмайды, тасымалдау агенттері арқылы (салмақ күші, ағын сулар, жел күші, мұздық әрекеті) бедердің төменгі аймақтарына және мұхиттарға барып шөгеді. Үгілу және үгіліске ұшыраған борпылдақ заттардың тасымалдануының және олардың шөгуінің жинақтық процестерін (лат.denudatio – ашылу, жалаңаштану деп атайды.) айтқанда, денудация– бұл тау жыныстарының бұзылуы, үгілуі және пайда болған үгілген заттардың көтеріңкі аймақтардан салмақ күші, су, жел, мұздық әрекетінен сырғып, тасымалданып, өңірлерге шөгуі болып табылады.

Үстірт Арал теңізімен, Каспий маңы ойысымен тік беткейлі кемерлер арқылы шектеледі. Оның беткі қабатын қалыңдығы бірнеше ондаған метрге жететін, қалың әктас қабатты, бастау жыныстар бұзылудан сақтайтын, қалқан қызметін атқарып тұрады. Құрылымдық денудациялық үстірттің беті

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, k.tleubergenova@mail.ru

біршама тегіс, әрі әлсіз көлбеу болып келеді. Сирек жағдайда солтүстік – батысқа бағытталған ірі жондармен, терең ағынсыз ойыстармен және беті тегіс күрделенген жондармен алмасып отырады.

Абсолюттік биіктігі 22 метрден (Солтүстік жон), 314 метрге дейін (Мұзбел) артады. Жондардың аралығындағы ойыстар табанының абсолюттік биіктігі 63 метрден (Барса келмес ойысы), 100 метрге дейінгі аралықта ауытқиды. Үстірттің беті астау тәрізді кристалды ойыстармен күрделенеді[1].

Мұндай ойыстардың көбінің табанында құмды-сазды делювиальды-элювиальды материалдар жинақталған. Шайылған топырақтарда қалың шөптесін өсімдіктер өседі. Солтүстік батыс бөлігі Үстірттің солтүстігіне қарай тілімденген. Иіннің біліктік бөлігін Қосбұлақ, Асамтай, Сам және Қаратөлей сяқты сорлы ойыстар алып жатыр. Тегіс беткейлі қалдық дөңдер ойыстарға қарай еңіс болып келеді. Еріген қар, жанбыр суларының әрекетінен терең тілімделген эрозиялық жыралар жүйесінің қалыптасуы, Үстірт бедерінің толқынды болып келуіне әсер етеді. Сам, Асамтай ойыстарының табаны жел әрекетінен өңделіп, жартылай бекіген, аласа құмды жалдар, су өткізетін әктастардың қалың қабаты үстірттің барлық бөлігінде түзілгендіктен, жер бедерінде Карстылы пішіндерінің қалыптасуына әсер еткен.

Мысалы, Өтебай қонысында тереңдігі 120 метрге, ұзындығы 190 метрге дейін жететін карстылы үңгір табылған. Қарныжарық ойысында гипсті карстылар табылған. Үстірт көршілес жатқан жазықтармен тік беткейлі кемер жасай отырып шектеседі. Солтүстігінде Шағырай үстіртімен шектесетін бөлігінде кемерлердің биіктігі 50 метрден, Солтүстік-батысы, батысы мен шығысында 200 метрге дейін жетсе, Қарныжарық ойысында кемерлердің биіктігі 370 метрге дейін жетуімен ерекшеленеді. Кемерлердің ерекшелігі- биіктігі артқан сайын, көлденең қимасы күрделене түседі.


Үстірттің қазіргі жер бедерінің қалыптасуы төменгі плиоценде басталған. Жер бедері әр түрлі жыныстардың қабаттасып шөгуінен түзілген қабатты жазықтардың қатарына жатады. Плиоценде солтүстік, оңтүстік үстірт және оңтүстік Маңғыстау иіні арқылы Ақшағыл, Абшерон алқаптарының шығанақтары қалыптасқан. Үстірттің орнына көлдік ойыс пайда болып, онда бос тау жыныстары шөге бастаған. Көл түбінде шөккен материалдар көршілес жатқан көтеріңкі жерлерде жинақталған. Климаттың аридтенуіне байланысты бұл жердегі төрттік дәуірдің шөгінділері өте жұқа болып келеді. Үстіртте жер бедерінің карстылы пішіндерінің кең таралуы плиоцен мен төрттік дәуірлердің белгілі бір кезеңдерінде аридтік климаттың ылғалды климатпен алмасып отырғандығын көрсетеді. Бірақ тау жыныстарының тасымалдануы көбінесе жел эрозиясының әсерінен жүрген[2].

Тұран жазығының батысында Каспий теңізі мен Үстірттің аралығында құрылымдық денудациялық Манғыстау Үстірті орналасқан. Үстірт эрозиялық – тектоникалық Қаратау, Ақтау, сияқты аласа таулармен күрделенген. Бозащы үстірті шығу тегі жағынан Каспий маңы ойпатына жақын. Манғыстау үстіртіне Түпқараған үстірті, оңтүстік Маңғыстау, Кендірлік, Шығыс Маңғыстау үстірті, Ақтау, Қаратау таулары мен Красноводск үстірті ерекшелігімен көзге түседі. Морфологиялық құрылымы неоген, төрттік дәуірлерде тектоникалық қарқындылықтың әр түрлі болуына байланысты қалыптасқан. Маңғыстау үстіртінің 80% алып жатқан оңтүстік бөлігі екі сатылы денудациялық Үстірт болып табылады. Оның бетінің қалыңдығы 5-10 метрден 40-50 метрге дейін жететін қалың, ұлу тасты, әк тасты қабат борпылдақ жыныстары, бұзылудан сақтайтын қалқан қызметін атқарады.

Қаратау тауының бір бөлігі плестоцен, палеоцендегі теңіз трансгрессиясы кезінде құрылым болып қалған. Тұран плитасы неотектоникалық қозғалыстың әсерінен көтеріліп, нәтижесінде Маңғыстау тұғырлы жазығына айналған. Таулы бөліктерінің қазіргі бедерінің қалыптасуы плиоценнің соңындағы жекелеген денудациялық үрдістердің әсерінен жүрген, бұл кезеңге дейін Маңғыстау мен үстірттің кемерлері түзілген. Ерте төрттік дәуірде оңтүстік Маңғыстаудың ірі, тұйық, ағынсыз ойыстары пайда болып, онда көлдік режим сақталған. Уақыт өте келе көл түбіне шөккен шөгінді тау жыныстары жел әрекетінен өзгерген[3].

Балқаш алды қыратты жазығы Балқаш көлінің оңтүстігінде, оңтүстік-шығыста Жетісу және Іле Алатауымен, оңтүстігінде Шу-Іле тауларымен шектесіп жатыр. Бұл жазықтың ерекшелігі оны қоршаған тауларға 350 метрден 700 метрге дейін биіктей береді. Балқаш алды қыратты жазығы Тауқұм, Сарыесік атырау құмды шөлдері мен Баканас тақырлы балшықты-құмды жазығында жатыр. Балқаш алды қыратты жазығы рельефіндегі жазықтар жалды құмдармен, барханды құмдармен және балшықты-құмдармен араласып жатады. Балқаштың солтүстігіндегі шексіз жатқан далада Бектау-Ата таулы массиві жатыр. Қызғылт гранитті құздары, саялы көктерек тоғайлары, шалғындық шөптері мол Солтүстік Балқаш өңірінің оазисі – Бектауата туристерді қызықтырады, еліктіреді Бектау-Ата тауы туралы аңыз өте көп. Соның бірі қазақтардың жоңғарлармен соғысы кезінде бір қарт адамды әулие Бектау-Ата деп атапты. Бірде ол қуғаннан қашып, таудағы ең үлкен үңгірге тығылыпты. Ыстықтан өліп бара жатқан ол құдайға сиыныпты. Құдай оны естіп, әулие қартқа деп сол үлкен үңгірге тұщы су жіберіпті. Жаулар болса, бұл үңгірді таба алмайды, себебі бұл шатқалдың бөктерінде емес, биік

шыңында болады. Содан бері бұл таудың аты Бектау-Ата, демек, «қарт әулие «Бектің» атымен аталған (Сурет 1, [4]).



Сурет 1 Бектау-Ата тауы

Мың метрден астам биіктікке бой созып жатқан Бектауата шыңын ашық күндері жүздеген шақырымнан көруге болады, сол себепті де оның Балқаш өңірінің маяғы деп аталуы да тегін емес. Бектауата тауы көлемі жағынан онша үлкен емес (4000 га), алайда оның қойнауы шатқалды келеді, мұнда әр алуан құбылыстағы шыңдар мен жартастар көп. Бұл таудың атына байланысты Әулие Атабек туралы аңыз бар. Бектауата тау сілемінде үңгірлердің пайда болуы табиғи құбылыс, өйткені желдің, жаңбырдың әсерінен тау жыныстары әр түрлі өзгерістерге ұшырап отырады.

Бұл үңгірлерге күн сәулесі терең бойлап түседі, сондықтан да мамандар бұл таудағы үңгірлерді "қоладан жасалған" немесе "хрустальды құдық" деп атайды. Әсемдігі жағынан сирек кездесетін осы көріністер және үңгірге кіретін жол тіктеме жартасты, гранитті құздардың арасында [4].

Бектау-Ата мемлекеттік қорығы Балқаш қаласынан солтүстікте, 60 км. қашықтықта жатыр. Бұл жерде палеозой эрасында, карбон мен пермь дәуірлері аралығында үлкен вулкан атқылаған. Ол тау жыныстарын күйдіріп, жарып жіберген, бірақ бұл таулы массив толығымен атқылынбаған. Нәтижесінде бұл жерде алып гранитті пробка пайда болып, сол ғасырлап сақталып қалған.

Бектауата жерінің қуандығына қарамастан, әр түрлі өсімдіктерге бай. Оқымысты-ботаниктер 500 га. жерде 300 түрлі шабындық және далалық өсімдіктердің өсетінін анықтаған және оның ішінде 50 түрлісі дәрілік өсімдіктер: шимұрын, тобылғы, долана, ырғай, қарақат т.б. Бұл жерде сирек кездесетін Кесслер таспашөбі сақталған, "Бектауата тиіні" деп аталатын өсімдік Қызыл кітапқа енгізілген. Табиғаттың құбылысына таң қалатын тағы бір жағдай мұнда жалаң таста арша өседі. Бұл ағаштың ерекшелігі сонда – ол айлап жаңбырсыз күндер болса да тас қуысынан ылғалды бойына тартады. Бектау-Ата тауында жергілікті халыққа киелі, емдік қасиеті бар деп саналатын, тұщы сулы бұлағы бар, «Әулие-тас» үңгірі бар. Қазақстандағы ең терең бұл Әулие-тас үңгірі Бектау-Ата тауының оңтүстік батыс өңірінде. Үңгірге кіретін жері 600 метр биіктікте. Кіретін жерде ұзындығы 7м., ені 5м. болатын, жазық алаң бар. Үңгірге кіре берістегі жер 15-16 метр көлденең бағытта жатыр, ол бірақ бірте-бірте жіңішкереді. 29 метрдей қашықтықта қайтадан үңгір енінің биіктігі 2 метрге жететін жерін су толығымен жабады. Үңгірдің жалпы ұзындығы 50 метр шамасында.

Бектауата тау қойнауында көгілдір тау хрустальдары (су тас) және сирек кездесетін минерал-кварцтың түрлері кездеседі. Табиғат құбылысынан өзгеріске ұшыраған тау жыныстары ғажайып формаларға айналып, қазір әр түрлі атауларға ие болған: "Саңырауқұлақ", "Сандық", "Тасбақа", "Үштік" және "Сарықұлжа". (Сурет 2, [4]).



Сурет 2 «Сандық» тасы (биіктігі 70метрлік)

Бұл жерде сирек кездесетін тырбиған көртышқан кездеседі, арқар бар. Кең даланың көгалды жерлері көптеген құстарға бай: кептер, алабұлбұл, сарғалдақ, сандуғаш, шақшақай, сарыторғай. Әрине осы табиғи байлықтарды қорғау керек, сақтау керек.

Тұран жазығының оңтүстік, оңтүстік-батыс бөлігін Қарақұм алып жатыр Қарақұм түрік тілінде кара түсті құм немесе құмды жер мағынасын білдіреді. Жер бедері ерекшелігіне сай ол екі үлкен бөлікке бөлінеді. Солтүстік шағын бөлігін Зангуз қарақұмы немесе Зангуз үстірті, биіктігі 60-80 метрге жететін тік беткейлі кемер сорлы Унгуза ойысына ұласады. Ол тектоникалық қозғалыстың әсерінен өзгеріске ұшырап, шөлдік континенті климат жағдайында өңделген, ежелгі құрғап қалған өзен арнасы болып саналады. Өзен аңғарының барлық морфологиялық элементтері жақсы сақталған. Амударияның Каспийге құйған ескі арнасы Узбой қарақұмының солтүстік батыс шеті арқылы өтеді[5].

Унгуз ойысының оңтүстігіндегі орталық, оңтүстік шығыс және оңтүстік қарақұмы Зангуз қарақұмына қарағанда аласа болғандықтан орталық қарақұмды Ойпатты қарақұм деп атайды. Оның оңтүстігі мен оңтүстік шығысы біртіндеп көтеріледі. Оңтүстік және оңтүстік шығыс қарақұмы Зангуз қарақұмына қарағанда теңіз деңгейінен биік. Екеуінің де беті тегіс, әрі біртіндеп батысқа қарай аласарады. Оңтүстік- шығыс қарақұмының көп бөлігін қазір Қарақұм каналы алып жатыр. Зангуз үстіртінің беткі қабатын плеоцен мен палеоцендегі аққан Амударияның құмды және құмды – сазды шөгінділері жауып жатыр. Зангуз үстіртінің кемері мен Копет-Дагтың шығысы аралығынан батысқа қарай төрттік дәуірде жалғасқан, оның алювиальды шөгінділері орталық және оңтүстік-шығыс Қарақұмның бетін жауып жатыр[6].

Қарақұмның оңтүстік бөлігінің беткі қабаты Теджен, Мургаб өзендерінің сағасында шөккен алювиальды шөгінділерден тұрады. Ең басым бөлігін Қарақұм шөліндегі жел әрекетінен түзілген құм жалдары алып жатыр. Ол оңтүстігінде аласа белесті – белді сусымалы құмдарға ұласады. Олардың аралығындағы кеңістікте тегіс сазды тақырлар кездеседі. Құмның басым бөлігі өсімдіктермен бекіген. Сусымалы құлаш құм жалдары бар бархандардың негізгі бөлігі оңтүстік шығыс Қарақұмда таралған .

Бетпақдала үстірті батысында Сарысу өзені мен шығысында Балқаш көлімен шектесіп жатыр. Солтүстігінде Сарыарқамен, оңтүстігінде Шу өзенімен шектеседі. Беті тегіс, біртекті. Кейбір жерлерінде шағын ойыстар мен сортаң шөпті тұрақсыз көлдер кездеседі. Бұл үстіртте ағынды су мүлде жоқ. Рельефтің абсолюттік орташа биіктігі 300-350 метр. Солтүстік-шығысы бірте-бірте 400-700 метрге биіктей түсетін Қазақтың ұсақ шоқылы аймағына өтеді. Бетпақдаланың шығыс бөлігі тақта тас пен гранитті ирелеңдеген жоталы рельеф. Оңтүстік-батыс бөлігі 200-300 метрлік биіктікті құрайтын құмды, балшықты, жазықты рельеф. Бұл теңіз бен құрылық жыныстарынан тұратын аласа бөлігі[7].

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1.«Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев «Тұран жазығы». – Алматы 2005ж. 8 т .431-432б.
- 2.Гельдыева Г.В., Веселова Л.К. Ландшафты Қазақстана. Алматы: «Ғылым», 2011.-178б.
- 3.Равнины и горы Средней Азии и Казахстана. – М.: Наука,2000, 139-158 с.
- 4.Савричевская З.А. Геоморфология Казахстана и Средней Азии – Л: 2001. – С.120 – 132
- 5.Равнины и горы Средней Азии и Казахстана. – М.: Наука,2000, 139-158
- 6.Чигаркин А.В. Памятники природы Казахстана. Алматы, 2008. – 143б.
- 7.Ердаuletов С.Р. География туризма Казахстана. Алматы.: «Ғылым», 2008.-220с.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ АУМАҒЫНДА КӨЛДЕРДІ ДАМУДЫҢ МАҢЫЗЫ

г.м., аға оқытушы **М.Е.ТОКСАБАЕВА***
г.м., оқытушы **Ж.Ж. ШЫНГЫСОВ**
2 курс магистранты **А.М.ӘБІШ**

Қазақстанның кең - байтақ аумағында ірілі - ұсақты 48 мыңнан астам көлдер бар. Климат жағдайына байланысты көлдердің көбі Қазақстанның солтүстігіне қарай орналасқан. Көлдердің барлығы дерлік тұйық көлдер. Олардың деңгейі өзгеріп отырады. Көбінің суы тұзды, сондықтан тұнба тұзды болады, олардан тұз өндіріледі. Қазақстанда ауданы 100 шаршы километрден астам 22 көл бар. Олар республикадағы көлдердің бүкіл ауданының 60%-ын алып жатыр. Қазақстан көлдерінің географиялық таралуында ерекшеліктер бар. Оның бірінші ерекшелігі көлдер Қазақстанның табиғат зоналарында біркелкі таралмаған. Әсіресе республиканың солтүстік бөлігінде көлдер көп.

Қазіргі таңда әлемнің көптеген елдерінде туризм саласы - экономиканың тірегі, қаржы көзі болып саналады. Туризм әлемдік экономикада маңызды орын алатын, еңбек ресурстарының ауқымды бөлігін іске қосатын, демалысты ұйымдастыратын сала. Сондықтан да отандастарымыз жылына бір келетін демалыстарында демалыс орындарына аттанып, таза ауада тынығып, мөлдір суына шомылып, жан рахатын бастарынан өткереді. Туризм ел экономикасын дамытудың және жақсартудың, әлемге танытудың ең басты жолы болып саналады. **Іле Алатауы тауының етегінде орналасқан Алматы облысы өзінің тарихымен ғана емес, ешбір жерде қайталанбас ерекше сұлулығымен де көрген жанды өзіне ерекше баурап алады.** Алматы облысы аумағында орналасқан көрікті көлдердің туризмді дамытудағы мүмкіншіліктері мол. Оның басты дәлелі табиғатымыздың сұлу әсемдігі, қайталанбас ерекшелігі, мөлдір суы, таза ауасы, халқымыздың қонақжайлығы туралы ерекше атап өтуге болады. Соның ішінде ең басты назар аударатын демалу және сауықтыру бағытында қарқынды дамып келе жатқан аймақтарды, мысалы *Көлсай көлі, Балқаш, Алакөл, Үлкен Алматы көлі, Есік көлі, Рай көлі* т.б. кездестіруге болады.

Көлсай көлі - Кыргыз мемлекетінің шекарасынан солтүстікке қарай 10 км, Іле Алатау жотасында теңіз деңгейінен 1000 м, 1200 м, 2500 м, 2700 биіктікте және Райымбек ауданының территориясындағы Саты елді мекенінен 7 шақырым қашықтықта тауаралық шатқалда, Алматы қаласынан оңтүстік-шығысқа 350 шақырым жерде орналасқан. Бұл жер лагерь, жаяу саяхат, атпен және тау велосипедтерімен серуендеуге арналған. Бұл көлді “Солтүстік Тянь-Шань маржаны” деп атайды. Табиғаты әсем, ауасы таза, суы мөлдір, мыңжылдық қарағайлары тау қойнауында ерекше көз тартады. Көл жан-жағынан биік тау сілемдерімен қоршалған, әсем ландшафтымен көрікті. Көлдерді Тянь-Шань шыршалары мен ормандар, алып таулар қоршаған. Күнгей Алатауының арқа жотасындағы беткейі тіп-тік қалың ну қарағайлы терең сайында тау биігінде арасы 7 шақырымнан Қайыңды, Саты, Өрікті өзендерінің бастау алар алабында 3 көл орналасқан Алатаудың Күнгейіндегі Көлсайдың 3 көлі мен Қайыңды көлі-Хантәңірінің солтүстігін нұрға кенелкен асыл жауһарлар.

Көлсай көлдері Жоғарғы Көлсай, Орта Көлсай, Төменгі Көлсай деп аталады. Сонымен қатар Көлсай көлін «Солтүстік Тянь-Шанның көгілдір алқасы» деп те атайды. Биік шыршалар бейнеленген Көлсай көлінің түсі қара - көк болып келеді, ал көлдің кейбір аймақтары көгілдір немесе жасыл түске боялғандай болады. Жоғарғы Көлсай теңіз деңгейінен 3 мың метрге жуық, оның ұзындығы – 1 км, ені 400 м, тереңдігі - 80 м. Орта Көлсай- 2600 м, ал Төменгі Көлсай көлінің су айдыны басқаларына қарағанда үлкен. Бұл көлдердің әрқайсысының тереңдігі де әртүрлі (24-85м аралығында). Мәселен ұзындығы 1,5 шақырымға созылып жатқан төменгі көлдің ең терең жері 80 м-ге жуық болса, жоғарыдан қарағанда жүректің пішініне ұқсас, ұзындығы 580 м болатын жоғарғы көлдің түбінен топырақ алу үшін 24 м тереңдікке түсуге тура келеді. Үшінші көл екінші Көлсайдан 5 шақырым алыста, Қырғыз шекарасына таман орналасқан. Зерттеушілер Көлсай көлдері орналасқан таулы - қарағайлы аймақ осыдан 25 млн. жыл бұрын пайда болғандығын айтады. Көлсай көлдері Күнгей Алатауында 1887 және 1911 жылдары болған жер сілкіністерінің нәтижесінде пайда болған. Көлсай көлдерінің тамылжыған табиғатын сақтауға ерекше ықылас көрсеткен Д.Қонаев және А.Асқаров.

Саты ауылының шығысындағы тау аңғарындағы кәдімгі кесе іспеттес Қайыңды көлі теңіз деңгейінен 1867 м биіктікте орналасқан. Саты ауылымен Қайыңды көлінің арақашықтығы 14 шақырым. Көлсайды қоршап тұрған таудан жоғарыда Қайыңды көлі мөлдіреп жатыр. Су ішінен істік тәрізді өсіп тұрған қайыңдары бар бұл көл шамамен 100 жыл бұрын, 1916 жылы болған үлкен жер сілкінісі кезінде ойпатты жердегі шағын шыршалы орманға су жиналуының нәтижесінде пайда

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, makpal_25071986@mail.ru

болған. Бұл көл Көлсай көлдерімен салыстырғанда жас саналады. Көлсай көлдері мен Қайыңды көлінің аумағын аю, барыс, сілеусін секілді жыртқыш аңдар мекендейді. Бұл көлдерге 1968 жылы Еуропадағы Чехия елінен арнайы бахтах (форель) балығы алдырылып, Көлсай көлдеріне жерсіндірілген. Бұл балықтың еті дәмді, өте бағалы болғандықтан кейде «патша балық» деп атайды. Олар таулы өңірдің таза суларында ғана кездеседі. Көлдердің төңірегін шырша, қарағай, қайың, т.б. тау ағаштары мен шалғындар көмкерген. Көлдің туристік маңызы зор.

Балқаш көлі - үлкендігі жағынан Қазақстанда үшінші орын алатын Балқаштың ұзындығы 614, ені 30 шақырым. Аумағы 18,2 мың шаршы метр. Балқаш көлі жағалай қоршап тұрған құлаған тау жыныстарымен бітелген тау аралық үлкен қазаншұңқырдың солтүстігінде жатыр. Бұл қазаншұңқырдың тек шығысынан ғана ұдайы ұйтқыған долы дауыл соғатын жіңішке Жоңғар қақпасы ашылады. Әлемде Балқаштан басқа ащыда тұщы көл жоқ. Суының 70% - ы Іле өзеніне құяды. Теңіз деңгейінен 342 - 600 м биіктіктегі Балқаш - Алакөл ойысы мұз құрсау дәуірінен кейін пайда болған. Балқаш аралдарындағы қалың қамыс құрақтың арасында Тұран жолбарысы мекендейді. Дүниежүзілік Қызыл кітапқа енген құстардың 20 түрі көл маңында өмір сүреді. Балқаш - өзіндік дара қасиеттері мол ерекше көл. Оның шөл даладағы Іле және Жоңғар Алатауларынан, Тарбағатайдан бастау алатын тау өзендері - Іле, Қаратал, Лепсі, Ақсу, Аягөз. Бұлардың барлығы дерлік көлге оңтүстіктен келіп құяды, ал өз арналарын 26 мың ұсақ өзендер мен бұлақтар арқылы біртіндеп толтырады. Көлдің аумағы ондағы судың деңгейіне байланысты күрт өзгеріп тұрады, ол 10-20 мың ш.ш. болады. Ал көлдегі су көлемі 100 миллиард текше метр.

Алакөл көлі - Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігінде Балқаш - Алакөл ойысының шығысында 350 метр төменде Алматы және Шығыс Қазақстан облысының аумағында орналасқан тұйық көл. Орта ғасырларда «Гурнебор», кейін «Алактогол», «Алатеңіз», «Алакта» деп те аталған. Алакөл-Жетісудың Балқаштан кейінгі үлкен көлі. Ол Алакөл ауданының солтүстік-шығыс бөлігін алып жатыр. Көл ағынсыз, солтүстік-батыстан оңтүстік-батысқа қарай созылып жатыр. Көлдің солтүстігі Тарбағатай, оңтүстігі Жетісу Алатауының етегіне ұласады. Шығысында Жалаңашкөл арқылы Жоңғар қақпасына жалғасады. Көршілес Сасықкөл, Ұялы, Жалаңашкөлдермен қосыла тізбектеліп Алакөл көлдер жүйесін құрайды.

Алакөл - миллиондаған жыл бұрын қазақ сахарасында ең бірінші болған бұл ойыс теңіз деңгейінен 242,3 м абсолют биіктікте орналасқан. Көлдің аралдарымен қоса есептегендегі аумағы 2696 ш.ш., ұзындығы 104 шақырым, ең шығыңқы ені 52 шақырым, жағалауларының ұзындығы 384 шақырым, орташа тереңдігі 22,1 м, ең терең жері 54 м, орта тереңдігі 22,1 м, жағалауының ұзындығы 384 км. көлдің су көлемі 58-60 км³. Су жиналатын алабы 47859 ш.ш. Климаты шұғыл континентті, қысы суық және көл беті қалың мұз құрсауында болады. Жазда ыстық, мамыр айының соңында су температурасы +7...+15°С, жазда +20...+25°С дейін көтеріледі. Жылына 300 күн бойы ашық ауа райы сақталынып, демалушылардың қуанышына шомылу маусымы - маусым айының ортасынан қыркүйек айының соңына дейін жалғасады.

Алакөл көлінің емдік қасиеттері «Алакөл» деп аталатын көптеген су «ойпаттарының» қасынан атақты Ұлы Жібек жолы өткені белгілі. Сол кездің өзінде - ақ саяхатшылар ауыр жолдан кейін көл жағалауында демалған кезде, көл суының қандай да бір таңғажайып жолмен күшті қалпына келтіретінін және денсаулықты жақсартатынын байқаған. Адамдарда өзінен-өзі аяқтарындағы жаралар кетіп, денелеріндегі жаралар тез жазылып, сауыққан. Алакөлдің теңіз тынысы даланың құрғақ та, ыстық иісімен араласып, қоршаған ортаға жағымды әсер етеді. Алакөл суында фтор мен бром көп. Көлдің тұзды суы адам бойындағы радиациялық қалдықтарды сылып түсіреді.

Көлдері құстар үшін нағыз жұмақ. Олардың ішінде шағала, қызғылт және бұйра бірқазандар, ақ құтандар, кара құтандар, аққулар сирек кездеседі. Алакөл жүйесін алабұға, шармай, көксерке, көкбас, сазан т.б. қорғалатын балықтардың түрі мекен етеді. Көл жағасында қамыс, қияқ, қоға, шалаң, су қарақұмығы, жебежапырақ, мүйізжапырақ, т.б. өседі. Көлден сазан, көксерке, алабұға және шармай ауланады. Көл маңы құсқа (жылқышы, аққу, шағала, көкқұтан, т.б.) бай. Сондай-ақ бұл көлді әлемде сирек кездесетін «Қызыл кітапқа» енгізілген *реликті шағала* мекендейді. Аңдардан: ондатра, қамыс мысығы, жабайы шошқа, қамыс түлкісі, су тышқандары бар. Жағалауында демалыс және емдеу мекемелері орналасқан. Жағасымен Қытайға дейін созылып жатқан темір жол өтеді. Сонымен қатар, бұл өлкеге денсаулығын түзеткісі келетіндер, көлде шомылуды және балық аулағанды ұнататындар келеді[.]

Есік көлі - Іле алабындағы көл. Еңбекшіқазақ ауданында, Есік қаласынан оңтүстікке қарай 17 шақырым жерде, Іле Алатауының теріскей баурайындағы әсем шатқалдардың бірінде теңіз деңгейінен 1759 метр биіктікте орналасқан. Аумағы 0,86 ш.ш, ұзындығы 1,8 шақырым, ені 600 м. Көл

шамамен 8 мың жыл бұрын тау жыныстарының тектоникалық ығысуынан пайда болған. Биік тау ішіндегі көл суы көкпеңбек. Айнала қоршаған көгілдір тау. Тау бауыры жақпар тас, қалың қарағай. Көлдің ар жағы қалың қарағай, ну орман. Мұндағы жақпар тасты тау шыңының ұшар басы теңіз деңгейінен 1800 м биіктікте. Табиғи жолмен қалыптасқан бөгетке тау мұздықтары, қар, жауын-шашын суы жиналып, тау аралығындағы әсем көлге айналған. Көлдің туристік маңызы зор.

Үлкен Алматы көлі - Іле Алатауындағы Үлкен Алматы өзені алабындағы көл. Теңіз деңгейінен биіктігі 2500 м. Шарасы тектоникалық қозғалыс әсерінен Үлкен Алматы өзенінің аңғары бітелуінен пайда болған. Алматы қаласынан оңтүстікке қарай 21 шақырым жерде теңіз деңгейінен 2510 м биіктікте орналасқан. Ұзындығы 1,5 шақырым, ені-0,75-1,0, ауданы-0,44 ш.ш. Жағалау сызығының ұзындығы 3 шақырым. Жағалауы көлді жарып ағатын Үлкен Алматы өзенінің табиғи аңғарлық бөгетімен қоршалған. Үлкен Алматы көлі-мұздық, жауын-шашын суымен қоректенеді. Көлдің батысындағы тау басында Астрофизика институты орналасқан. әрі бөгет салынған. Табиғаты көрікті, демалыс орындары, туристік база бар. Суы Алматы қаласы тұрғындары қажетіне пайдаланады. Ең терең жері 40 м (орташа тереңдігі 30 м), су көлемі 14 млн м³. Қазаншұңқыры солтүстікке қарай еңіс. Ең терең жері бөгет түбінде. Жағасы жарлауытты тік. Көлді Үлкен Алматы өзені жарып ағады. Деңгейі маусым-қыркүйек айларында жоғары болады.

The article considers the importance and role of distance learning technologies in the education system, process of distance learning technologies in educational institutions of the Republic of Kazakhstan.

Keywords: distance learning, information technology, telecommunication technologies, network systems.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың заманауи талаптарға сай дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесін уақытылы өзгертіп отыруды талап етеді. Осыған байланысты оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялар білім беру талаптарына байланысты жаңартылып отырады.

Оқу үдерісін ұйымдастырудың жаңа формасының бірі – қашықтықтан оқыту технологиялары арқылы оқыту. Қашықтықтан оқыту - ол оқу процесі кезінде осы замандық компьютерлерге және телекоммуникациялық технологияларға негізделіп дәстүрлі және инновациялық оқыту әдістерді қолданып, сырттай және күндізгі бөлімдерде білікті білім алудың ең негізгі түрі.

Қашықтықтан оқыту оқытушы мен студенттің территориялық алшақтығына қарамастан жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың көмегімен жүзеге асырылады.

Қашықтан оқытудың білім саласындағы мақсаты: Білім берудің біртұтас ақпараттық жүйесін құру арқылы оқушылар мен студенттердің білім деңгейін көтеру.

Қашықтан оқытудың білім саласындағы міндеттері:

-Бір-бірімен тығыз байланысты бола отырып, мемлекеттік (республикалық) деңгейдегі қашықтықтан оқытудың құрамына енуі;

-Оқу жоспарын құру кезінде мемлекеттің стандарт талаптарын сақтау.

Қашықтықтан оқытудың жергілікті жүйесі белгілі бір білім және жекелеген қала (университет) шеңберінде жұмыс атқарады, оның құрамына тек жоғары оқу орындары ғана емес, мектептер, гимназиялар мен колледждер де кіреді. Осындай жүйенің аясында жұмыс жасаудың алғашқы сатысында зиялылық потенциалын, компьютерлік техниканы ұтымды пайдалана отырып, үздіксіз білім беру принциптерін ойдағыдай іске асыру қажет. Осыған орай, мектептер мен жоғары оқу орындары жергілікті және аймақтық желіні пайдаланып, шығармашылық жұмыстарын таратып, оқыту үрдісінде әдістеме бойынша тәжірибе алмасуы қажет.

Осындай сан қырлы, әрі күрделі мәселелерді жүзеге асыруда оқытушының атқарар рөлі орасан. Оған әрі ауыр, әрі жауапты міндет жүгі жүктеледі: ол курстың бағдарламасының құрылымын дайындап, оны қашықтықтан білім беру жүйесімен ағастырып бейімдейді, оқу үрдісінің барысын қадағалап, тапсырмаларды орындау барысында, өз бетімен бақылау-пысықтау жұмыстарын орындау жөнінде ұсыныстар береді.

Қашықтықтан оқыту тәсілімен оқытатын оқытушыларға және осы істе мүдделі басқа да адамдарға бірнеше талаптар қойылады:

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, sdykova_zhanat@mail.ru

-Оқытушы компьютермен жоғары дәрежеде сауатты жұмыс істей білу;

-Қашықтықтан оқытудағы мақсаттары мен міндеттері, оның алдағы уақытта ақпараттық техно–логия және коммуникация құралдарының негізінде дамуы туралы білу;

-Қашықтықтан оқыту технологиясын жетік білетін, білім саласындағы қызметкерлерді, оқушыларды таныстыра білу;

-Оқытушының ақпараттық құралдармен жұмыс істеуге іс жүзінде дағдылану;

-Оқытудың телекоммуникациялық құралдарын қолдану ісіне дағдылануын қалыптастыру, атап айтқанда: тұтынушылар арасында ақпараттар алмастыру және ақпараттық жүйелердегі ресурстарды пайдалануға дағдылануын қалыптастыру;

-Жинақталған түрде оқу бағдарламасын құрайтын белгілі бір тәртіптегі модульдік курстардың әдістемелерін баяндай және курстарды өткізуді ұйымдастыра білу;

-Оқу үрдісін қашықтықтан оқыту шеңберінде жүргізу ісіне жан-жақты даярлау, қашықтықтан оқыту жүйесі бойынша сабақ өткізу үрдісінде үйлестіруші болу.

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың әр түрлі технологиялары бар:

Кейс-технология - оқытушы-тьюторлардың дәстүрлі және қашықтықтан консультацияларды ұйымдастыру кезінде мәтіндік, аудиовизуальды және мультимедиалық оқу-әдістемелік материалдарды жинау және оларды пайдаланушылардың өз бетінше меңгеруі үшін жіберуге негізделген.

Кейс-технологияға арналған материалдар түрлері:

1. Әдістемелік нұсқалар. Оқу құралдары мен глоссарий. Оқушыларға оқужоспарындағы пәндер бойынша электрондық тасымалдауышта (CD-ROM) оқу-әдістемелік материалдардың кешені (кейс) беріледі. Кешенді даярлауда ұжымдық әдістер, жобалау әдістері пайдаланылады. Мұндай әдістер тыңдаушылардың белсенділігін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін белсендіруге септігін тигізеді.

2. Жұмыс дәптері.

3. Анықтама.

4. Оқу, аудио, бейне материалдары.

5. Бақылау және емтихан материалдары.

Қашықтықтан оқытуға арналған кейстердің сапалық қасиеттері:

-курстың терминдер мен ұғымдарына арналған гипертекстік құрылымы;

-пайдаланушыға ыңғайлы құрылым – мұғалім материалды беру реті мен бейнелеудің бірнеше түрін таңдай алады. Сол арқылы бір оқу материалын әр түрлі аудитория үшін әдістемелік қажеттілік болса әр түрлі түрде беру мүмкіндігі бар.

Желілік –технология - білім алушы, оқытушылар, әкімшілік арасындағы интерактивті өзара әсері мен оның оқу-әдістемелік құралдармен жабдықталуын қамтамасыз етуде телекоммуникациялық желіні қолдануға негізделген.

Оқытудың желілік –технологиясына мыналар жатады:

- Интернет желісін пайдалану;

- Электрондық поштаны пайдалану;

- Телекоммуникациялық құрылғыларды пайдалану;

- Мультимедиамен жабдықталған, интернетке шығу мүмкіндігі бар желелік компьютерлік класс.

Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып оқу процесін ұйымдастырудың негізгі міндеттері:

-оқытуды даралау;

-оқытудың тиімділігін (сапасын) арттыру;

-дәстүрлі оқыту нысаны қолайсыз болып табылатын тұлғалар үшін білім беру қызметін ұсыну болып табылады.

Білім беру ұйымдарында қашықтықтан оқыту жүйесін ұйымдастыру және дұрыс қызмет етуі үшін мынадай функцияларды орындау қажет:

-оқу курстарын қолдау;

-білім алушыларға оқу материалдарын жеткізу;

-кеңестер беру;

-білім алушылармен кері байланысты ұйымдастыру;

-білім алушылардың білімдерін бақылау.

Білім беру ұйымдарында:

- а) білім алушылар үшін оқу-әдістемелік және оқу-әкімшілік ақпараттарынан тұратын беттері бар білім беру Интернет-порталының;
- б) телекоммуникациялық желіге шығатын (Интернет, спутниктік теледидар) жабдықтардың;
- с) әртүрлі терминалдардың: мультимедиялық сыныптардың, электрондық оқу залдарының;
- д) CD, DVD дискілеріне арналған оқу контентінің (жеке меншік және/ немесе сатылып алынған);
- е) желілік оқу мультимедиа контентінің (жеке меншік және сатылып алынатын);
- ф) тестілеу кешендерінің;
- г) тиісті дайындықтан өткен профессор-оқытушы, оқу-көмекші және техникалық персоналдардың;
- h) жеке меншік контентін (локалдық және желілік) құру үшін мультимедиа зертханаларының;
- і) желілік тестілеу кешендерінің;
- j) оқытуды басқарудың желілік жүйелері (Learning Management Systems - LMS);
- к) оқыту контентін басқару жүйелерінің (Learning Content Management Systems- LCMS) бар болуы қашықтықтан оқыту нысаны кезінде оқу процесін ұйымдастырудың қажетті шарттары болып табылады.

Білім алушыларды қашықтықтан оқытуға арналған оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету үшін қашықтық технологияларын қолданумен іске асырылатын білім беру бағдарламаларының пәндері бойынша электрондық оқу-әдістемелік кешен болуы керек. Электрондық оқу-әдістемелік кешенін дайындауды үлгілік оқу бағдарламаларына қатаң сәйкестендіріліп әзірленген, бекітілген оқу жұмыс бағдарламасы бойынша курсты әзірлеуші жүзеге асырады. Әрбір пәннің электрондық оқу-әдістемелік кешені міндетті және қосымша комплектілерден тұруы керек.

Міндетті комплект үлгілік оқу бағдарламасынан, яғни оқу жұмыс бағдарламасынан (пәннің мазмұны, күнтізбелік- тақырыптық жоспар, ұсынылатын әдебиеттердің тізімі, курстың модулдық бөлінуі, қашықтық кеңестерін өткізу кестесі), лекциялардың электрондық курсынан, практикалық және семинарлық сабақтардың материалдарынан, зертханалық практикумнан (тапсырмалар, мысалдар, әдістемелік нұсқаулар), студенттің өзіндік жұмысына және оқытушы-тьютордың жетекшілігімен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысына арналған тапсырмалардан, аралық бақылауды ұйымдастыру жөніндегі материалдардан (бақылау жұмыстары, тест тапсырмалары, жеке тапсырмалар және тағы басқа), қорытынды бақылауды ұйымдастыру жөніндегі материалдардан (емтихандық тестілеу тапсырмалары, емтиханға арналған сұрақтар, билеттер, емтихандық бақылау жұмыстары) тұрады. Осыдан келіп қашықтықтан оқытуды кадрлық қамтамасыз ету мәселесі туындайды. Қашықтықтан оқытуды кадрлық қамтамасыз ету – қашықтықтан оқыту, сондай-ақ процестерді техникалық қамтамасыз ету барысында оқытушылық, әдістемелік және әкімшілік қызметтерді жүзеге асыратын тұлғалар жиынтығы.

Қашықтықтан оқытуды жүзеге асыратын профессор-оқытушылар құрамы мен мамандар мынадай топтарға бөлінеді:

-қашықтықтан оқытуға арналған оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеуді жүзеге асыратын профессор-оқытушылар құрамы;

-сабақты жүргізетін және білім алушыларға кеңес беруді және олардың білімдерін бақылауды жүзеге асыратын профессор-оқытушылар құрамы;

-қашықтық курстарын ұйымдастыру жөніндегі мамандар (ұйымдастырушылар);

-қашықтықтан оқыту жүйесін техникалық қолдау жөніндегі мамандар (әкімшілер);

-тьюторлар.

Қашықтықтан оқытудың электрондық курстарын әзірлеушілер шешетін міндеттер:

-электрондық оқу-әдістемелік кешенін әзірлеу және уақытылы көкейкесті ету;

-тьюторларды дайындау және олардың қызметтерін ғылыми-әдістемелік қолдау.

Білім алушыларды қашықтықтан тікелей басқару тьюторлардың міндеті болып табылады.

Қашықтықтан оқытуда ақпараттық мәдениет деңгейі дидактикалық бағдарламалар білім саласында оқытуды басқару мен бақылауды автоматтандыру, студентке өз бетінше қайталанбайтын көпнұсқалы, көпдеңгейлі дидактикалық шарттар негізінде тапсырмалар беру, білім мен дағдыны объективті бағалау, ерекше ақпараттық материалдарды мультимедиялық формада беру, виртуалды өмірге енгізу т.с.с. жаңа мүмкіндіктер ұсынылады. Сонымен қатар, мұндай бағдарламалар қашықтықтан оқытудың материалды өз бетінше игеру жетілдірілген психологиялық педагогикалық әдістерді пайдалану, қашықтықтан оқытуды студенттің жеке психофизиологиялық ерекшеліктеріне қарай таңдауға мүмкіндік береді.

Қашықтықтан оқыту жүйесінің рөлі білім саласы үшін өте жоғары, себебі бұл жүйе арқылы мұғалімдеріміз бен оқушыларымыз әлемдік ақпараттармен байланысуга, ғылыми және шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге, әлемдік ақпарат кеңістігінде өздерінің білімдерін шындауға зор мүмкіндік алады. Қашықтықтан оқыту технологиясының дамуы - біздің білім беру жүйесінің болашағы болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі / Ахметова Г.К., Қараев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. // Алматы: АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013.

2. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы (18-19 бет. 38-39 бет. 118-119 бет. 460-461 бет).

3. Журнал «Мектеп» № 11 (6 бет)

4. Журнал «Информатика негіздері» № 1 – 2010 ж (11-14 б)

Интернет ресурстары:

1. <http://el.kz/>

2. <http://e.edu.kz/>

3. <http://stud.kz/>

4. <http://adilet.zan.kz/>

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ӨЛКЕТАНУ ЖҰМЫСТАРЫ

г.м., аға оқытушы **Л.Ш.КИЯСОВА***
1 курс магистранты **Р. АЛЫМБАЕВА**
1 курс магистранты **М.Г.ГАИТОВА**

Түйіндеме:

Қазіргі жалпы біртұтас педагогикалық үдерісте мұғалімдердің өлкетану жұмыстарын жүйелі түрде оқып білу, оны оқу – тәрбие үдерістерінде пайдалану ерекше орын алады. Мұғалімдер өлкетану жұмысын ұйымдастыруда іс-әрекет, тұлға, таным ілімдері әдіснамалық негіз болады. Себебі, іс-әрекет барысында жеке тұлғаның танымдық және тұлғалық қасиеттері дамиды.

Жалпы педагогикалық танымдық іс-әрекет – жеке тұлғаның білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті болып табылады. Мектеп оқушылары мен студенттердің танымдық іс-әрекетін жетілдіру проблемасына педагогтар, психологтар ерекше мән берген.

Тірек сөздер: *өлкетану, ғылыми білім, ғылыми-әдіснама, объективті дүние, жүйе компоненттері.*

EDUCATIONAL WORK IN EDUCATION**Abstract:**

A unique place in the entire pedagogical process is the ability to systematically study the local history of teachers and use it in educational and educational processes. Teachers will play an important role in organizing the work of local history, personality, cognitive learning. The reason is that in the course of activity the personality and personality of the individual develops.

General pedagogical cognitive activity is a very active mental activity of a person. Teachers and psychologists attached great importance to improving the cognitive activity of schoolchildren and students.

Key words: *regional studies, scientific knowledge, scientific methodology, objective world, system components.*

КІРІСПЕ

Танымдық іс-әрекет оқушының жеке тұлғасының қалыптасуына тікелей әсер етеді. Ол күрделі үдеріс болғандықтан, мұғалімдердің басшылығымен оқушылардың бірлесіп жасайтын тиімді, сапалы әрекетін керек етеді. Егер педагог оқыту жұмысын ұйымдастыруға, ғылыми білімді жүйелі түрде баяндауға, тыңдаушылардың белсенділігін арттыруға күш жігерін жұмсайтын болса, оқушылар білімді терең мағынада қабылдап, меңгеруге, өздігінен ізденіп, білімін толықтыруға байланысты белсенді түрде іс-әрекет жасауға үйренеді. Оқушының оқу үдерісіндегі іс-әрекеті оқу-танымдық сипатта болады.

Жеке адамның айналасын қоршаған өлке жайлы ұғым-түсініктердің жоғарғы сапасы - сенім. Жеке тұлғалардың алдында тұрған мұрат-мақсаттарының дұрыс - бұрыстығы да сенім деңгейіне байланысты, оларды іс-жүзіне асыру, әр жеке адамның қабілет-бейімдері көлемімен сипатталады.

Себебі, өлкетаным – ақиқатты рухани практикалық тұрғыдан игеру жүйесі. Соның ішінде, білім мен сенім жиынтығы адамдардың адамгершілік мұраттары мен әлеуметтік мінез-құлықтарын реттеп, олардың саяси бағдарларын, қоршаған ортаға деген психологиялық және эстетикалық көзқарастарын жүйелеп, қоршаған ортаны түсіну және дүниені өзгертуде өлкетаным түсінігінен қуат алады.

Өлкетануды зерттеудің ғылыми-әдіснамалық негізгі – диалектикалық заңдылықтар. Сол ілімге сүйене отырып, біз өлкетануды зерттеуде адам, қоршаған орта, қоғам тұтастығына негізделген диалектикалық, объективті дүниені танудың ғылыми заңдылықтарын басшылыққа алдық. Диалектикалық философияны зерттеудегі негізгі әдіснамасының бірі – оны жүйе түрінде қарастыру. Жүйе дегеніміз – өзара байланысты компоненттер тұтастығы.

Қоршаған ортаға көзқарас, оның шығу тегі мен адамның орнын анықтау, адам мен өлке арақатынасының сырын ашу, табиғат пен қоғамның негізгі заңдылықтарын танып білу – философиялық өлкетанымның негізгі мәселелерінің бірі.

Философияда адамның табиғатқа қатынасы жеке тұлғаның адамгершілік сапаларының қалыптасуы мәселелерімен байланыста қарастырылады.

Өлкетанымдық үдеріс әртүрлі пәндегі сабақ беру әдістемесінен берік орын алатындығын бірқатар педагогтар мойындады.

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, kiyasova_lyazzat@mail.ru

Өлкетану жұмыстары оқулықтан дайын білімді алу ғана емес, оның мағынасын терең түсініп білумен де байланысты. Өлкетану жұмыстарының білім сапасын көтерудегі ықпалы зор, ол өзіндік жұмыстарды, ізденіс-зерттеу әдістерін қамтиды.

Қазіргі кездегі педагогикалық теория мен практикада аймақтың мүддесін бейнелейтін және сол облыста қалыптасқан дифференциация мен интеграциялық үдерісті ескеретін жалпы білім беретін бағдарламаға көп көңіл бөлінеді.

Өлкетануға білім берудегі гуманизациялау принципін қамтамасыз етеді, оның міндеттері – тұлғаның қызығушылығына бағытталған оның құқығын сыйлау, жан-жақты дамуына жағдай жасау болып саналады.

«Туған өлке» түсінігі – барлық әлем мәдениетінің жан-жақты құндылығы, онсыз адам баласының тіршілік етуі мағынасыз болар еді, рухани және мәдени құндылықтардың қоғам жүйесіне енуіне ықпал етеді, шын мәніндегі азаматтық және патриотизмнің қалыптасуына әсер етеді. Әр адамның мәдениеті оны қоршаған барлық нәрсенің ықпалымен тәрбиеленеді.

Жеке адамның мәдениеті – ол көп жағдайда өмір мәдениеті, туған өлке адамдарының қатынасы, іс-әрекеті болып саналады. Мәдени мұраға және өз халқының салт-дәстүріне, өз аймағына, жанұяға құрмет – адамның ішкі мәдениетінің бірден-бір куәсі, оның рухани әлемінің байлығы саналады.

Туған өлкенің «адам – қоғам – табиғат» жүйесіне тарихқа, табиғатқа, дәстүрге, шаруашылыққа, адамға т.с.с. қандайда бір жауапсыз әрекетке ымырсыздыққа тәрбиелеу жүйесін реттеу қажет. Мәдениеттің негізі балалық шақта қаланады және ол тұлғаның барлық өмірінде дамып отырады.

Өлкетанудың гуманистік мәні мынадай мәселелерді шешуге мүмкіндік береді:

- Адамның табиғатқа қатынасын әлемнің жаңа ғылыми бейнесі арқылы үйлестіру;
- Интеллектуалды дамуды және ойлау жүйесін байыту арқылы жаңа танымды игеру арқылы ынталандыру;
- Адамды қалыптастыруда қолданылатын мәдени, сол сияқты, техногенді және ақпарат-тандырылған ортаға терендету арқылы табысты әлеуметтендіруге қол жеткізу;
- Ғылыми сауаттылықтың сұранысын жаңа деңгейде іске асыру, кең базалық білім алуға жағдай жасау.

Білім берудің өлкетанымдық құрамының мазмұны білімнің халықтық және ұлттық мінезін көрсете білуге мүмкіндік береді, жүйелі түрде біртіндеп жеке жанұялық, үйдің, ауылдың, қаланың, білім алушының жеке мәселесінің қалыптасу шегіне жетіп, аймақтық, отандық және ғаламдық мәселеге айналады. Бұл құрастырушы этноқауымдық көп ұлтты аймақта және ішкі социумда тұруының заңы мен ережесінің қалыптасуына ықпал етеді.

Өлкетану білімінің мазмұнындағы интеграциялық үдеріс әртүрлі деңгейде қарастырыла алады: пәнаралық байланыс деңгейінде; нормативтік пәндерді курсқа интеграциялау, оларды жетілдіру; әртүрлі іс-әрекет түрлерін; оқу және танымдық, оқу және практикалық; негізгі және қосымша білім беруді интеграциялау. Сонымен қатар, өлкетану мыналарды қамтамасыз етеді:

- Білімді интеграциялау, әртүрлі пәндерінде «шашыраңқы» басқа да әлеуметтік тәжірибенің формаларын, баланың тұтас ойлау әрекетіне сәйкес келуі;
- Білімнің хабарламалық ауқымын жоғарлатушы білім мазмұнын интеграциялау, ақпарат пен белсенділіктің өзара алмасуы. Ақпарат көздерінің атаулар тізімі кеңейеді (айнала, қоршаған орта, өзіндік тәжірибе, басқа адамдармен бірігіп жұмыс атқару);
- Әртүрлі жалпы білім беретін құрылымдағы мектеп және жанұялық тәрбиені интеграциялау.

Туған өлкенің өмірінің көпқырлылығы сияқты педагогика саласындағы өлкетану да көпқырлы: табиғат, тарих, өнер, дәстүр, әдебиет, өндіріс, ауылшаруашылығы т.б. Демек, пәнаралық өлкетанудың өзінің негізін қалаушы болады.

Оның мазмұны көптеген пәндердің мазмұнын меңгеру үдерісінде тұтастыққа ие болады, олардың әрқайсысы бұл жағдайда өзінің білім берушілік және тәрбиелік міндетін орындайды.

Қазіргі қоғамның дамуы тек қана әртүрлі ғылыми білім саласын дифференциациялау емес, сонымен қатар, олардың арасындағы органикалық байланыстың қажеттілігі, ғылымды интеграциялау.

Мектептегі пәндік жүйені оқыту оқушылардың белгілі бір деңгейде жаңа ғылыми біліммен қарулануын қамтамасыз етеді. Әрбір пән әлемдегі оқиғалар мен құбылыстарды біржақты қарастырып, бұл жүйе белгілі дидактикалық шектеуге ие болады. Оқушыларға мұндай білім беру оларды біржақты түсінік алуға қалыптастырады, пәннің қасиеті немесе құбылыстың өзара байланысы және өзара тәуелділігі ескерілмей, өзге әлемнен оқшау қарастырылады.

Өлкетанудың фундаментальды жаңа білім берудегі рөлі оқушылардың жалпы ғаламдық дайындығын тереңдету болып есептеледі, сол сияқты, оқушылардың теориялық, технологиялық және практикалық дайындығының бірлігін қамтамасыз етеді.

Жаңа әлеуметтік мәдениеттік ортаға бейімделу әлемді тұтас қалпында қарау насихатымен сипатталады.

Педагогикалық үдерістегі ғаламдық, аймақтық және жергілікті білім деңгейі тұтастай ғаламшар, әлем, Отан, туған өлке туралы ұғымды қалыптастыруға бағытталған.

Теориялық және практикалық іс-әрекеттің өзара байланыстылығы, білімнің шын қажеттілігі, оны өзіндік іс-әрекетте қолдану жергілікті мәселелерді сезінуге ықпал етеді. Практикалық іс-әрекеттің өлкетанудағы мазмұны ғылыми білімге негізделуі тиіс. Туған өлкені мұндай жоспарлы түрде танып білу, өлкетанымдық әрекеттегі зерттеу нысанына тәуелсіз шығармашылық жобалауды іске асыруға мүмкіндік береді. Өлкетанымдық жоба: қолданбалы, әлеуметтік, тарихи, фольклорлы, әдебиеттік т.б. бағыттарда болуы мүмкін. Өлкетанудың мектеп оқушыларына жаңа заманда білім берудегі мәнін графикалық түрде былай етіп көрсетуге болады.

Білім беру әлеуметтік-мәдени бағытта болып, өзінің мазмұнын мәдениет пен ғылымның мұралары арқылы толықтырады. Өлкетану жұмыстары білім берудің мазмұнының компоненті болып табылатынын тексере отырып, қазіргі білім берудегі жүріп жатқан үрдістер өлкетанудың жаңа бағытын негіздейді.

Өлкетану қазіргі білім беруді ізгілендіру принципін жүзеге асыруға ықпал етеді, себебі, жеке тұлғаның қызығушылықтарын ескереді және оның өзіндік дамуы қазіргі білім берудегі табиғат құраушы және мәдениет құрушы принциптерімен өзара байланыста жүзеге асырылады. Өлкетану білім берудің мазмұнын белгілі табиғи және әлеуметтік ортада, халықтық мәдениет пен дәстүрлер шеңберінде көрсетіледі.

XXI ғасыр – өркениет дамуының жедел даму кезеңі. Өркениеттің даму кезеңін ауыстыру білім жүйесін ауыстыру қажеттігін, білім үлгісін қайта қарауды алға тартады. Мұнда адамның білімі, тәжірибесі мен құндылық бағдарлары бастапқы фактор болады. Бұл – ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның рухани қабілетіне мұқият қарау дәуірі. Адамзат дамуының жаңа кезеңіне жаңа білім беру жүйесі, жаңа оқыту жүйесі, жаңа білім беру философиясы және жаңа тәрбие үлгісі сай келуі тиіс. Сондықтан жаңа заманда білім беруді ізгілендіру жағдайында оқушыларға патриоттық және адамгершілік тәрбие берудің мақсаты мен міндеттерін қайта қарайтын, оның білім беру жүйесіндегі орнын айқындайтын уақыт жетті.

Ел өмірінде қалыптасқан бірқатар мәселелерді шешу көп жағдайда азаматтық қоғамның даму деңгейін арттыруға, жастардың жоғары адамгершілік және патриоттық сана-сезімін қалыптастыруға, олардың бойына туған өлкесін мақтан тұту, құрметтеу сапаларын дарытуға, өз Отанының мүддесін қорғау үшін азаматтық борышын өтеуге даярлықты тәрбиелеуге байланысты. Сондықтан бүгінгі мектепте өлкетанымдық тәрбие беру жүйесі оқу-тәрбие жұмысында әлеуметтік мәні зор құндылықтар арқылы жоғары адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру мен дамытуды көздейді.

Қазақстанда оқушылардың Республикалық «Атамекен» өлкетану экспедициясы жұмыс жасайды. «Атамекен» экспедициясының мақсаты мен міндеттері, мазмұны:

- жалпы ұлттық және адамзаттық игіліктер негізінде тұлғаны туризм мен өлкетану құралдары арқылы қалыптастыру және дамыту;

- туған еліміздің тарихын, географиясын, табиғат ерекшеліктерін, экономикасын, мәдениеттің зерттеу;

- мектеп оқушыларының бос уақыты мен жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру және денсаулығын нығайту ретінде бұқаралық туризмді дамыту;

- еңбек және қоғамдық қызмет салаларының тиімділігін іздестіру және оқушылардың зерттеу жұмыстары мен кәсіби бағдарлау дағдыларын жан-жақты дамыту;

- Қазақстанның және өлкенің әлеуметтік-экономикалық дамуына еңбек сіңірген адамдардың өмірі мен қызметін зерттеу, мемлекеттік рәміздерін білуге тәрбиелеу;

- оқушыларға экологиялық тәрбие беруді жүзеге асыру мақсатында танымдық іс-шаралар жүргізіледі.

Сол кездің өзінде балалар мен оқушы жастар арасындағы патриоттық тәрбие жүйесі оқу мен тәрбие үдерісінде олардың қозғалыстары мен ұйымдарын одан әрі дамыту көзделген еді.

Азаматтық сана, дүниетанымдық, өлкетанымдық көзқарас, ниет тазалығы, еңбексүйгіштік, дене шыңдалуының жетілуі оқушыларға мектеп қабырғасынан беріледі.

Жеке тұлғаның туған өлкеге сүйіспеншілігі дегеніміз – өзінің туған елін, жерін, Отанын қорғау, қадірлеу, сүю және оның көркейіп дамуы үшін аянбай еңбек етуде көрініс беретін жоғарғы адамгершілік қасиеттерін айтамыз.

Қазақстан Республикасында білім беруді ұйымдастыру жүйесі мен білім жөніндегі заңдарын басшылыққа алып, өлкетану бойынша білім беретін мекемелердің типтік жүйесінің жалпы сипаты мынадай болу керек:

- Мектепке дейінгі өлкетанымдық тәрбие;
- Бастауыш мектептегі өлкетанымдық тәрбие;
- Орта оқу орындары; лицей, гимназия, жалпы орта мектеп, кәсіптік орта мектептердегі өлкетанымдық тәрбие;
- Жоғарғы оқу орындарындағы өлкетану жұмыстары.

Оқушылардың бойында жақсы мінез-құлықтың қалыпты нормаларын қалыптастыру үшін адамгершілік тәрбиесі ғасырлар бойы жүргізіліп келеді.

Өлкетану материалдары арқылы оқушылардың туған жеріне деген сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін қалыптастыруда нақты айғақтың, деректер мен тарихи құжаттардың шындықты дәлелдеп отыратынын айта келе, өлкетану материалдарын негізгі мазмұнын патриоттық тәрбиемен байланыстыру аса маңызды фактор болып табылады.

Мектеп мұғалімдері өздерінің өлкетану материалдары негізінде оқушыларға тәрбие беруді мынадай деңгейлер бойынша жүзеге асырса тиімді болады.

1-деңгей. Оқушыларға адамгершілік және патриоттық тәрбие беру мақсатымен туған өлке туралы білімді түрлі оқу құралдары мен бұқаралық ақпарат құралдары көмегімен ұсынуы.

2-деңгей. Оқушылардың өз бетімен танып білуі, мұндай білімнің қайнар көзі – оқу құралдарымен қатар, ғылыми-танымдық және ғылыми әдебиеттер, электрондық оқу құралдары, бұқаралық ақпарат құралдарындағы материалдар, мектеп және өлкедегі тарихи орындар, мұражай жәдігерлері, интернет материалдары болып табылады.

3-деңгей. Мұғалімнің басшылығымен оқушылардың терең зерттеулер жүргізуі барысында туған өлкенің құндылықтарын игеру. Мұнда оқушылар жас ғалым зерттеушілер ролін атқарады, олар көбінесе өлкетану үйірмелерінің және оқушылардың ғылыми қоғамдарының мүшелері әрі белсенділері болып табылады.

Өлкетану материалдарын оқу тәрбие үдерісінде пайдалану арқылы оқушылардың туған өлкеге, туған жерге деген дұрыс түсінігін қалыптастыру төмендегідей мақсаттарды көздеуі тиіс:

- 1) Мектеп оқушыларының әртүрлі пәндерді оқу барысында өлкетануға қатысты алған білімін жетілдіру, ынтасын арттыру;
- 2) Оқушылардың өз өлкесін жетік танып білуге қызығушылығын арттыру, жергілікті жердің тарихы, табиғаты, халқы, экономикасы туралы түсініктерді кеңейту;
- 3) Мектеп оқушыларын шығармашылық жұмыстарға, өлкені қорғап аялауға, жаңашырлыққа баулу.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мамирова К.Н., Киясова Л.Ш. Өлкетану. Оқу құралы. «Қыздар университеті» Алматы. 2016.
2. Мазбаев О.Б., Атейбеков Б.Н., Асубаев Б.К. Туризм және өлкетану негіздері. Оқу құралы. Алматы, 2006.
3. Мазбаев О.Б., Асубаев Б.К. Токпанов Е. Туризм және өлкетану негіздері. Оқу құралы. Алматы, 2013.
4. Исаев А.И. Тарихи өлкетану. Оқу құралы. А., 2015.
5. Орта мектепте «Өлкетану» курсының оқытудың әдістемелік негіздері. Әдістемелік құрал.– Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013.–44б.
6. Вуколов В.Н., Назарчук М.К. Основы туристско-краеведческой работы.–Алматы, 1997.
7. Никонова Г.Н. Краеведение. –М., 1984.
8. Краеведение: пособие для учителя // А. В. Даринский и др.–М., 1987
9. Краеведение: учебное пособие // А. В. Даринский и др.–М., 1985
10. Даринский А.В. Туристско-краеведческая работа в школе. –М., 1979.
11. Алматы. Энциклопедия. –Алматы, 2002.
12. Строев К.Ф. «Краеведение». –М., 1974.
13. Мешечко Е.Н. «Географическое краеведение».–Минск, 1986.
14. Иванов П.В. «Основы школьного краеведения».–Петрозаводск, 1977.

15. Следопыт. Библиотека туриста. –М., 1976.
16. Иванов П.В. Основы школьного краеведения.–Петрозаводск, 1977.
17. Ахметов Б.С. Историческое краеведение.–Алма-Ата, 1981.
18. Мешечко Е.Н. Географическое краеведение.–Минск, 1986.
19. Ердаuletов С. Р. Достопримечательные места Казахстана. – Алма-Ата: Знание, 1988.
20. Байзаков Т.Б., Дудукалова Л.Н., Глотов С.Н. Туристские ресурсы особо охраняемых территорий Казахстана //Актуальные вопросы теории и практики туризма.–Алматы: Қазақ университеті, 1999.–С. 134–138.
21. Чигаркин А.В. Геоэкология и охрана природы Казахстана.–Алматы: Қазақ университеті, 2006.–444 с.
22. Дуйсен Г.М. Национальные парки Казахстана и их роль в развитии туризма //Транзитная экономика.–1998.–№4.–С.50–55.

ГЕОГРАФИЯҒА ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ТАРАЛУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ МАТЕРИАЛДАРДЫҢ БЕРІЛУІ

Г.Ф.К., аға оқытушы **Д.М. БОРАНКУЛОВА***
П.Ф.магистрі, аға оқытушы **Е.С.НУРКЕЕВ****
Ж.Ф. магистрі, оқытушы **А.С.МУРЗИНОВА*****

Түйіндеме:

Пайдалы қазбалардың қалыптасуы мен кеңістік және уақыттық бойынша таралу заңдылықтары Жердің дамуы процесінің сенімді индикаторы және адамзат қоғамының өмір сүру үшін қажеттіліктерін қамтамасыз ететін маңызды ресурс болып табылатындықтан халық шаруашылығы үшін маңызды. Географияны оқытуда пайдалы қазбалардың қалыптасуы мен таралуы туралы материалдардың географиялық білім беру мазмұнында берілуі білім алушылардың пайдалы қазбалар туралы білімдерін жүйелеуге және олардың зерттеушілік жұмыстарын ұйымдастыруға, сонымен қатар география пәніне деген қызығушылықтарын, оқу сапасының тиімділігін арттырудың негізі болып табылады. Сондықтан да пайдалы қазбалар туралы тақырыптық материалдарды толығымен оқып-үйрену географиялық білім мазмұнын игеруді, оқытудың күтілетін нәтижелеріне жетуді қамтиды және пайдалы қазбалардың қалыптасуы мен таралу заңдылықтарын географияны оқытуда пайдаланудың әдістемесі қарастырылады.

Тірек сөздер: пайдалы қазбалар, ресурс, географиялық заңдылықтар, географиялық білім беру мазмұны.

THE GOVERNMENT'S REQUIREMENTS FOR THE TRANSMISSION AND PAYMENT OF THE USE OF GOODS IN THE GEOGRAPHY

Abstract:

Formation of minerals and space for life is an important resource of development of human society, ensuring requirements regularities of the process of distribution of the earth on and temporary the trust indicator and is important for the national economy. In training geography of formation and minerals and also about minerals and their research works of systematization of knowledge of distribution of materials in the table of contents of geographical students of education to be transferred to organize to replace interests, increases in efficiency of quality the subject of geography is a basis, educational Therefore thematic materials about minerals and minerals in training geography of use and distribution the expected results of studying geographical the content of education formation completely includes developments, training achievement is considered functioning a technique.

Key words: minerals, resources, geographical regularities, the content of geographical education.

КІРІСПЕ

Жер қойнауындағы пайдалы қазбалар адамзат қоғамының өмір сүру үшін қажеттіліктерін қамтамасыз ететін маңызды ресурс. Құрамында пайдалы қазбалар орналасқан (қатты, сұйық және газ тәрізді), топырақ қабатымен су айдындарының табанынан төмен жатқан жер қыртысының бір бөлігі. Жер және оның қойнауы, су, орман және басқа байлықтары мемлекеттік меншігі және ұлттық байлық болып есептеледі. Аталған табиғи ресурстарды адамдар өзінің шаруашылық игілігіне пайдаланады. Табиғи ресурс – адамдардың пайдаланатын табиғат құрамбөліктері (Каймулдинова, 2012: 146). Табиғи ресурстарды игеруіміз және болашақта тиімді пайдаға жаратуымыз – мемлекетіміздің даму болашағына өзіндік ықпалын тигізеді. Пайдалы қазбалар – қазіргі техниканың даму деңгейінде, табиғи түрінде немесе өңделгеннен кейін шаруашылықта пайдалануға болатын минералдар мен тау жыныстары (Бейсенова, 2013: 328).

Пайдалы қазбалардың жер қыртысында өздігінен қалыптасуы мен кенді заттардың мөлшерінің негізгі заңдылықтары Жердің жаһандық экология процесімен тығыз байланысты. Пайдалы қазбалардың кеңістік және уақыттық бойынша таралу заңдылықтары Жердің дамуы процесінің

* Абай атындағы ҚазҰПУ, dinaborankulova@mail.ru

** Абай атындағы ҚазҰПУ

*** Қазақ мемлекеттік қыздар университеті, murzinova_1993_kz@mail.ru

сенімді индикаторы болып табылатындықтан (Сорохтин, Ушаков, 2002: 506), «Пайдалы қазбалар» ұғымының анықтамасын қалыптастырайық (1-кесте).

1-кесте

«Пайдалы қазбалар» ұғымының анықтамасын қалыптастыру

Ұғым		Бұл не		Маңызды белгілері
Пайдалы қазбалар	=	<i>минералдар мен тау жыныстары</i>	+	адамның күнделікті өмірде және шаруашылық іс-әрекетінде қолданылады

Ұғым қалыптастырудың негізгі функциясы білім алушылардың жаратылыстану білімдерін білім процесінде танымал нысанының жаңа аспектілерін оның маңызды қасиеттері мен жеке сипаттамаларын қалыптастырып толық ашу (Симонов, Кружалин, 1993: 208). Қазіргі таңда білім алушыларға білім беру жеке тұлға дамытуға бағыттала жүргізілетін болғандықтан, бағдарламалық материалдарды оқытуда олардың ғылыми ұғымдарын қалыптастыру мәселесіне баса көңіл бөлудің керектігі туындап отыр. Ұғым арнайы ғылымдар шеңберінде туындап, түрлі іс-әрекеттер негізінде қалыптасады және білім алушылар танымының жоғарылауына, сонымен қатар меңгеруінде ең маңызды рөл атқарады. Ұғым – заттар мен құбылыстардың қарым-қатынасы мен жалпы маңызды ойлау нысаны болып табылады. Ұғымдардың қалыптасуы – оқытушының басшылығымен және білім алушылардың ақыл-ой кернеуінде өтетін күрделі үдеріс (Березовская, Глушкова, Коваленко, 2003: 87).

Пайдалы қазбалардың түзілу процесі тау жыныстарының қалыптасуымен, солар арқылы жер бетіндегі жер бедері пішіндерімен және тектоникалық қозғалыстармен тығыз байланысты. Кен орындары түпкілікті, яғни бастапқы қалыптасқан орнында жатуы немесе тау жыныстарының орын ауыстырып тасымалдауынан өзгеруі ықтимал. Осыған сәйкес жер қыртысының қалыптасуын үш оралыммен (циклмен) байланыстырады, олар: *магмалық, метаморфтық және шөгінді циклдер*. Бұлар барлық кен орындарының үш серияға бөлудің негізгілері болып табылады, атап айтсақ магмалық (*эндогендік*), метаморфтық және шөгінді (*экзогендік*) сериялар (Құсайынов, Боранқұлова, Бексейітова, 2011: 410). Сериялар топтарға бөлінеді. Олардың таралуы табиғи (геологиялық) заңдылыққа сүйенеді.

Магмалық немесе эндогендік сериялы пайдалы қазбалардың кен орындары жер қыртысының тереңдік өңірлерінде қалыптасады. Олар магмалық балқымалар есебінен суынып кристалдануы нәтижесінде қалыптасқан интрузиялық алқаптарға бейімделген. Кейінен әр биіктікке көтерілген интрузиялық блоктардың үстіңгі қабаттары денудациялық әсерінен бұзылып шайылған сайын, біршама тереңдікте жатқан интрузиялық алқаптар және олармен байланысты кен орындары жер бетіне біртіндеп шығып, ақырында жер бедерімен тығыз байланыста болады. Жер бетінде интрузиялық алқаптармен байланысты пайдалы қазбалар шоғырлануының өзіндік заңдылықтары бар (2-кесте).

2-кесте

Пайдалы қазбалардың қалыптасу ерекшеліктері

Тереңдігі (км)	Температура шамасы (С ⁰)	Қалыптасу зонасы	Пайдалы қазба түрлері
2-10 км	1000 ⁰	Батолит өңірінде	Платина, хромит, титан және т.б. элементтердің кен орындары
7 км-ге дейін	700 ⁰	Пегматиттік зона	Нефелин, апатит, уран және т.б. кен орындары
2-5 км	600 ⁰	Пневатолит зонасы	Молибден, қалайы, тантал кен орындары
0,5-2 км	50 ⁰ -500 ⁰	Гидротермальды зона	Вольфрам, алтын, мыс, мырыш, қорғасын, сынап

Тереңдігі 2-10 км және температурасы 1000⁰ шамасында батолит өңірінде платина, хромит, титан және т.б. элементтердің кен орындары пайда болады. 7 км-ге дейін тереңдікте, температурасы 700⁰ жағдайларда пегматиттік зонада нефелин, апатит, уран және т.б. кен орындары басымдау. Тереңдігі 2-5 км, 600⁰ дейінгі температурада пневатолит зонасында молибден, қалайы, тантал кен орындары түзеледі. Тереңдігі 0,5-2 км, температурасы 50-500⁰ жағдайындағы гидротермальды зонада түрлі пайдалы қазбалар-вольфрам, алтын, мыс, мырыш, қорғасын, сынап қалыптасады.

Литосфералық тақталар тектоникасы жаңа көзқарасты қалыптастырды және Жер бетінде пайдалы қазбалар таралуының негізгі заңдылықтары көрініс берді. Мәселен, көптеген эндогендік кен

орын–дары әдетте литосфералық тақталар шетінде қалыптасады. Бұл ретте тақталардың әр түрлі типті шекараларына кеннің түрлі кешендерінің сәйкес келуі пайдалы қазба кенорындары іздеуге және болжам жасауға қолданылады.

Литосфералық тақталар теориясы экзогендік пайдалы қазбаларды іздеуде жаңа мүмкіндіктерді ашады. Экзогендік пайдалы қазбалары қазіргі таңда жердің әр түрлі климаттық белдеулерінде де кездеседі, бірақ өздерінің жаралымы бойынша тек белгілі, әсіресе өте тар климаттық және тектоникалық жағдайларда қалыптасады. Литосфералық тақталар тектоникасының мәні, ең алдымен, мынада: оның көмегімен өткен геологиялық кезеңдерін палеогеологиялық қайта жаңғыртуға және олар арқылы экзогендік пайдалы қазбалардың жинақталып дамуына неғұрлым қолайлы климаттық жағдаймен және тектоникалық режиммен сипатталатын аудандарды табу (Сорохтин, Ушаков, 2002: 506).

Пайдалы қазбалардың қалыптасуы және таралуы жер қыртысының геологиялық құрылысы мен даму ерекшеліктеріне тығыз байланысты. Қатпар түзілу аймақтарына магмалық және метаморфтық, шөгінді жолмен рудалық, ал жазықты аймақтарға шөгінді жолмен байланысты рудалық және рудалық емес кен орындарының қалыптасуымен ұштасуы. Жер шарындағы пайдалы қазбалардың 3/4 бөлігінің қалыптасуы шөгінді тау жыныстармен байланысты. Таскөмір, мұнай, табиғи газ, минералды тұздардың кен орындары шөгінді таужыныстар таралған аудандарға ғана тән. Сол сияқты, темір, марганец, алюминий кендері, шашыранды күйіндегі алтын, платина және алмас та үгілу нәтижесінде шөгінді тау жыныстар арасында жинақталады (Сорохтин, Ушаков, 2002: 506).

Пайдалы қазбалардың таралуы геологиялық заңдылыққа сүйенеді. *Шөгінді пайдалы қазбалар* (көмір, мұнай, газ және т.б.) жазықтарда және олардың шеткі майысқан аймақтарында, тау алдындағы төмен майысқан жерлерде кездеседі. *Кенді (магмалық) пайдалы қазбалар* (темір, мыс, алюминий, алтын және т.б.) – қатпарлы облыстарда, ежелгі (кристалды) тау жыныстардың жер бетіне жақын орналасқан жерлерде кездеседі. Мәрмәр, тақтатас және т.б. метаморфты тау жыныстары таулы аймақтарда тараған.

Жер қыртысы құрылымының алуан түрлілігі және пайдалы қазбалардың таралуы геологиялық заңдылыққа сүйентіндіктен оның ұзақ геологиялық даму кезеңдерінен өтуімен түсіндіріледі. Мысалы архей эрасы пайдалы қазбаларға өте бай болған. Әсіресе, темір рудаларының кен орындары, алюминий шикізаты және марганец рудалары, ірі алтын және уран рудалары, негізді және қышқылды негізді тау жыныстары, ірі мыс кен орындары, никель және кобальт, карбонатты тау жыныстар, қорғасын және мырыш кен орындары кең таралған. Күшті магматизм әсерінен кембрийге дейінгі тау жыныстарында әр түрлі қымбат бағалы кендер: таза мыс, желілік алтын, қалайы, темір, мырыш, марганец, молибден, вольфрам, висмут түзілген. Кембрийге дейінгі тау жыныстары слюда, асбест, графит, нефрит, қымбат бағалы тастар, гранит және мәрмәр сияқты жоғары бағалы құрылыс материалдарына бай. Палеозой эрасының кең таралған пайдалы қазбалары: мыс, қорғасын, темір, марганец, қалайы, вольфрам, алтын, таскөмір, қоңыр көмір, әктастар, тақтатастар және т.б. Мезозой эрасында жер қыртысындағы қозғалыстардың әсерінен жер бедерінің қайта құрылуымен де тығыз байланысты пайдалы қазбалардан магмалық және шөгінді тау жыныстары басым болды. Кайнозойдың палеогендік құрылымдарда марганецтің шөгінді кендері, фосфориттер, калий тұзы бар. Әр түрлі құрылыс материалдарына бай. Пайдалы қазбалар климаттық жағдайға байланысты түзілген. Неогенде қоңыр көмір, мұнай, газ, янтарь, құрылыс материалдары, тұздар пайда болды. Төрттік шөгінділер кірпіштік саздар, гравий, құм, шымтезекке бай. Сондай ақ алтын, платина, вольфрам, монацит, алмас, рубин, изумрудтың шашыранды кен орындары кең таралған (Әбілмәжінова, Жангелдина, Бейкитова, 2011: 259).

Пайдалы қазбалардың қалыптасуы мен таралуын жергілікті компонент негізінде қарастырсақ, Қазақстан – алуан түрлі пайдалы қазбаларға бай мемлекеттердің бірі. Жер қойнауымызда 100-ден астам химиялық элементтердің бар екені анықталды. Кейбір пайдалы қазбалардың қоры жағынан дүние жүзіндегі алдыңғы мемлекеттердің біріміз. Пайдалы қазбалардың таралу заңдылығына сүйене отыра, шөгінді (экзогендік) пайдалы қазбалар (көмір, мұнай, газ және т.б.) жазықтарда және олардың шеткі майысқан аймақтарында, тау алдындағы төмен майысқан жерлерде кездесетіндігін жоғарыда атап өтілген. Жазықтарға және оның шеткі майысқан жерлеріне тән пайдалы қазбаларға тоқталайық.

Жазықтарға және оның шеткі майысқан жерлеріне тән пайдалы қазбалар. Жер қыртысының төмен түскен аймақтарда пайда болған және шөгінді қабаттармен көмкерілген жекелеген *мұнайлы-газды кен орындары* белгілі жер жер бедері пішіндерімен байланысты болып келеді. Мұнай мен газдың пайда болуы жайында бірқатар бейорганикалық және органикалық гипотезалар бар. Мәселен, Д.И. Менделеев мұнайдың шығу тегі туралы карбидтік гипотезасын ұсынған. Дегенмен, органикалық

болжам біршама кең тараған. Академик И.М. Губкиннің сапропель немесе лайлы деп аталатын болжамы бойынша жылы теңіздерде ұсақ ағзалар қалдықтары жаппай солғаннан кейін теңіз түбіне жинақталып лай қабаттарын түзеді. Лайдағы органикалық заттар аса зор қысым әсерінен теңіз шөгінділерінің қабаттар арасында ыдырап, кейінде мұнай мен газға айналады (Федоров, 2000: 6-36). Бүгінгі таңда мұнайдың генезисі органикалық аралас тұжырымдамамен толықтырылған аридті климаттық жағдайларда ұсақ ағзалар мен өсімдіктер теңіз алаптары мен шығанақтарының тұз-дануынан жаппай солуының нәтижесінде теңіз түбінде шөгеді. Бұл қалдықтар біршама жас тау жыныстары қабаттарымен көмкерілгеннен кейін олардан көмірсутектер бөлінген. Әрі қарай мұнай өзінің алғашқы жинақталу аймақтарынан тау жыныстары қабаттарының құрылымдық және литологиялық жағынан қолайлы аймақтарға көше бастайды.

Мұнай және газ кен орындарының тектоникалық құрылымдарына қатысты, сонымен қатар аймақтық және жергілікті морфоқұрылымдарына сай орналасуы бүгінгі таңда айқын анықталған. Платформалық аумақтардағы ойпаңдарда және орогендік алқаптардағы шеткі өңірде кен орындарының көп бөлігі құрылымдық белдер, күмбездер, брахиантиклиндер типті жергілікті тектоникалық құрылымдарға ұштасқан (бейімделген). Бұл құрылымдар қалай болған жағдайда да жер бетінде тікелей немесе жанама түрінде, жалғасымды (унаследованно) немесе жалғасымсыз (неунаследованно) болып келеді де, тура немесе айналмалы (обращенно), ашық немесе жабық түрінде көрініс беруі *мұнайлы-газды аймақтардағы морфоқұрылымдардың даму заңдылықтарымен* байланысты (Құсайынов, Боранқұлова, Бексейітова, 2011: 410).

Географияны оқытуда пайдалы қазбалардың қалыптасуы мен тарлау туралы материалдардың географиялық білім беру мазмұнында берілуі оқушылардың пайдалы қазбалар туралы білімдерін жүйелеуге және олардың зерттеушілік жұмыстарын ұйымдастыруға негіз болады, сонымен қатар география пәніне деген қызығушылықтары және оқу сапасының тиімділігін арттырады.

Зерттеу тақырыбымыз негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «География» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының «Физикалық география» бөлімі «Литосфера» бөлімшесінде қарастырылған (Қаратабанов, 2017:446). Бұл бағдарлама аясында жаңа «География» оқулықтары жарық көрді. Мысалы 7-сыныпқа арналған «География» оқулығы (авторы Қаратабанов Р.А., -Алматы. Алматы кітап баспасы. 2017. - 446 б.) (Әбілмажінова, Қаймулдинова, 2018: жоба), 8-сынып (Әбілмажінова С.А., Қаймулдинова К.Д. – Алматы. Мектеп баспасы. 2018. – 256 б.) (Білім мазмұнын жаңарту аясында (7-9 сыныптарда) «География» оқу пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсыныстар әзірлеу, 2017: 122).

«Физикалық география» бөлімінің «Литосфера» бөлімшесі бойынша 7-сыныпта литосфераның құрылысын, заттық құрамын, тектоникалық қозғалыстарын, 8-сыныпта жер бедерінің қалыптасуын, таралу заңдылықтарын, жіктелуін, адамзат тіршілігімен шаруашылығына тигізетін әсерін қарастыратын болса, 9-сыныпта 7-8-сыныптарда қарастырылған тақырыптарды Қазақстанға қатысты қарастырылатындығы жоғары атап өтік. Біз мұнда білім мен дағдылардың сыныптан сыныпқа ілгерілемелі дамуын қамтамасыз ететіндігін көруге болады.

Жергілікті компонент негізінде пайдалы қазбалар туралы білім қалыптастыру. Жердің ішкі геодинамикалық процестерге байланысты тау жыныстарының құрылымы мен минералдық және химиялық қасиеттеріндегі өзгерістер әр түрлі пайдалы қазбаларды қалыптастырады. Географиялық кеңістікте таралу заңдылықтары бойынша таулы (қатпарлы және қаптарлы-жақпарлы аймақтарда) және платформалы аймақтарда пайдалы қазба кен орындары көптеп кездеседі (Бейсенова, 2013: 328). Қазақстанның жер қойнауы пайдалы қазбаларға өте бай және олардың қоры бойынша алдыңғы қатарлы орындарға ие.

Ғылыми-техникалық жетістіктер жер қыртысында кездесетін көптеген химиялық элементтерді өндіріске пайдалану жолдарын іздестіруге мәжбүр етті. Мысалы *Қазақстандағы алтын кені*. Алтын алты мың жылдам астам уақыт адамзат үшін өте құнды металл болып келеді. Қазақстан алтын кені бар ежелгі өлкелердің бірі саналады. Ол алтынның нақтыланған қоры бойынша әлем елдерінің бірінші ондығына, ал өндірісі бойынша – үшінші ондығына кіреді. Қазақстанда 169 кен орын бар. Алтын Республиканың шығысындағы Алтайда, Қалба жотасы шеңберінде, солтүстік – батысындағы Жігітқара өңірінде өндіріледі. Орталық Қазақстанның солтүстік аймағындағы алтын шығатын кен орындары: кварцит желі, қайталама кварцит пен шашыранды алтын (Степняк, Ақсу, Майқайын) кездеседі. Қалба жотасында да кварцты желі және шашыранды алтын кен орындары шоғырланған. Шағын кварцты – желілі кен орындары Жетісу және Іле Алатауларында да бар. Алтын ақшалық құнды металл (валюта). Сонымен қатар ол әр түрлі әшекейлік-көркемдік істерде, зергерлік бұйымдарға, сондай-ақ қазіргі медицинада да алтын қоспалары кеңінен қолданылады. Осы мәліметтер негізінде білім алушыларға тапсырмалар құрастыруға болады.

Пайдалы қазбалардың қалыптасуы мен таралу заңдылықтарын оқып-білуде литосфераның құрылысы мен заттық құрамы, тау жыныстары мен минералдардың жіктелуі, пайдалы қазбалардың, тау жыныстары мен минералдардың қалыптасу заңдылықтарына байланысты таралуы, Тау жыныстары мен минералдардың қасиеттері, тектоникалық құрылымдар, жер бедері пішіндері және пайдалы қазбалардың арасындағы өзара байланысы, Қазақстанда минералды ресурстардың таралу заңдылықтары туралы тақырыптарына сабақтар жоспарланған. Сабақтың сауатты жоспарлануы – мұғалімнің кәсібилігінің көрсеткіші. Сабақты жоспарлау барысында мұғалімнің бүкіл сыныптың дайындығын, сондай-ақ олардың қызығушылықтарын назарға алу үшін әр оқушының деңгейін есепке алғаны жөн. Географиялық білім беру мазмұнына, әсіресе физикалық географияда география пәні мұғалімі пайдалы қазбалардың қалыптасуы мен таралу заңдылықтары туралы материалдарымен жұмыс жасауды ұйымдастыра және талдай алуы маңызды (Боранкулова, Калигуллаева, 2018: 141-144).

ҚОРЫТЫНДЫ

Пайдалы қазбалардың қалыптасуы мен таралу заңдылықтары материалдарын географияны оқыту үдерісінде пайдалану әдістемесінің тиімділігі пәнаралық байланыстарды ұйымдастыру, материалдарды меңгертуде белсенді оқыту әдістерін қолдану, география пәнінен меңгерген білімдерін оқу, зерттеушілік іс-әрекетте және күнделікті тұрмыста пайдалана алуға бағдарланған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Каймулдинова К.Д. (2012), *Басқарудың географиялық негіздері*, Алматы.
2. Бейсенова Ә.С. (2013), *Қазақстанның физикалық географиясы*, Алматы.
3. Сорохтин О.Г., Ушаков С.А. (2002), *Развитие Земли*. – Москва.
4. Симонов Ю.Г., Кружалин В.И. (1993), *Инженерная геоморфология*, Москва.
5. Березовская А. О., Глушкова А. Д., Коваленко С. Н. (2003), *Геологические понятия в школьном курсе географии*, Иркутск.
6. Құсайынов С.А., Боранқұлова Д.М., Бексейітова Р.Т. (2011), *Неотектоника*, Алматы.
7. Әбілмәжінова С.Ә. Жангелдина Д.І., Бейкитова А.Н. (2011) *Палеогеография*, Алматы.
8. Федоров С.Ф. Академик Иван Михайлович Губкин (2000), *Основоположник высшего нефтяного образования в нашей стране / Академик Иван Михайлович Губкин*, Москва, Серия «Выдающиеся ученые РГУ нефти и газа им. И.М. Губкина», Издательство «Нефть и газ» РГУ нефти и газа им. И. М. Губкина.,- с. 6-36.
9. Қаратабанов Р.А. (2017), *География*, Алматы.
10. Әбілмәжінова С.А., Каймулдинова К.Д. (2018), *География*, Алматы.
11. Білім мазмұнын жаңарту аясында (7-9 сыныптарда) «География» оқу пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсыныстар әзірлеу. Әдістемелік құрал. - Астана: Бі. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017. - 122 б.
12. Боранкулова Д.М., Калигуллаева А.Б. (2018), *Пайдалы қазбалардың қалыптасуы және таралу заңдылықтары* / Мерейтойлық жинақ, Абай атындағы ҚазҰПУ-дің жетекші кафедраларының бірі – «Елтану және туризм» кафедрасының 25 жылдығына және оқу орнының 90 жылдығына арналған, Алматы, бб.141-144.

УКУЧЫЛАРГА ЭКОЛОГИК ҺӘМ ӘХЛАҚЫЙ ТӘРБИЯ БИРҮНЕҢ ҰЗАРА БӘЙЛӘНЕШЕ

п.ф.д., профессор **И.Т. ГАЙСИН***
п.ф.к., проф.м.а. **К.Н. МАМИРОВА***
п.ф.к. **Р.И.ГАЙСИН**

Түйіндеме:

Бу мақаләдә укучыларға экологик һәм әхлақый тәрбия бирүнең ұзара бәйләнеше ачықлана. Экологик һәм әхлақый бәйләнешнең төп нигезе, тоташтыручы буынға бәйле. Шундый буын сыйфатында укучыларны табиғаткә һәм социаль-мәғнәле байлықларға ориентацияләүне күрсәтергә була. Ә укучыларға әхлақый тәрбия бирү аларны табиғый һәм социаль байлықларны өйрәнүгә ярдәм итә. Үзләренең фәнни-методик эшләрендә галим-педаголар Н.М. Мамедов, Р.Ш. Маликов, Ж.Г. Нигъматов, Я.И. Ханбиков, З.А. Хусаинов һәм башкалар әйләнә-тирә табиғый мохитны өйрәнгәндә, укучыларға әхлақый һәм экологик тәрбия бирүгә бик зур ихтибар бирәләр. Бу мақаләдә Казан шәһәренең 4,15,18-нче номерлы татар гимназияләрендә биология, табиғат белеме, география һәм экология укытуучыларының укучыларға экологик һәм әхлақый тәрбия бирү тәҗрибәсе яктыртыла.

Төп сүзләр: экология, әхлақ, экологик һәм әхлақый тәрбия, Казан шәһәре, укучылар, гимназия.

THE CONNECTION OF ECOLOGY AND FRUITFUL MORAL EDUCATION OF STUDENTS

Abstract:

This article discusses the relationship of ecology with moral education of students. The basis of the interaction of ecology and moral associated with the connecting generation. With this generation of students can focus on the protection of nature and socially significant wealth. Giving students moral education, we attach them to the study of natural and social resources. In their scientific and methodological research scientists teachers N.M.Mammadov, R.S.Malikov, D.G.Nigmatov, J.I.Khanbikov, Z.A.Khusainov, studying the world around us focus on moral and environmental education. Teachers of biology, the world, geography, ecology of Kazan schools № 4,5,18, Tatar high schools also recognize that without moral education it is impossible to study ecology and nature.

Key words: ecology, moral, ecology and moral education, school of Kazan, students, teachers.

Укучыларны экологик һәм әхлақый тәрбияләүнең ұзара бәйләнешен өйрәнү тәрбия теориясенен иң мөһим бурычларының берсе. Экология һәм әхлақый тәрбия табиғый бәйлеләр. Бу үзенчәлек экологик һәм әхлақый тәрбия мөнәсәбәтен ике яклы процесс кебек карарға мөмкинлек бирә: бер яктан, әхлақый тәрбия экологик тәрбиядән килеп чыгучы мәсьәләләрне тормышка ашыру чаралары сыйфатында чыга, ә икенче яктан – экологик тәрбия әхлақый тәрбия максатларын тормышка ашыруга булыша. Экологик һәм әхлақый тәрбиянең ұзара бәйләнешен исәпкә алу максаты булып, үзәндә экологик-әхлақый байлықлар белән дәлиләр китерә торган тәртипнең һәм йогынтының тотрыклы юнәлешен, экологик-әхлақый белемнәр һәм карашларны берләштерүче югары дәрәҗәле экологик-әхлақый культуралы кеше формалаштыру тора.

Табиғаткә сакчыл караш, нигездә, жәмьятьнең күптәнге ихтияжын, аның киләчәктәге алдынгы үсешен күрсәтә. Һәм, шуңа күрә, табиғатне үзгәртүгә юнәлдерелгән эшчәнлек, жәмәгәтчелек ихтияжына туры килерлек я әхлақый, киресенчә, я, әхлақсызлык кебек каралырга тиеш. Ләкин әхлақый бәяләү һәм жайга салу объекты булып, табиғат үзе тугел, ә аңа карата кеше мөнәсәбәте тора. Әхлақлылык өлкәсендәге бүгенге экологик таләпләр табиғат нигезеннән үзәннән-үзе түгел, ә аның кеше өчен әһәмиятлелегеннән куелалар. Шулай итеп кеше табиғый объектны танып аның чын асылын ачарга тырыша.

Күп кенә фәнни-методик китапларда һәм мақаләләрдә бу темага багышланган ап-ачык төп фикер күзәтелә: экологик культура нигезендә кеше һәм жәмгыятьнең әхлақлылыгы ята, чөнки табиғый мохитның хәле кешенең аңлы эшчәнлегә өлкәсенә керә, ә шулай булгач, әхлақый мәғнәсә бар дигән сүз[1,2,5].

Экологик белем бирүдә дәвамчылык принцибыннан чыгып, мәктәпкәчә яшьтән башлап: “Теләсә нинди хайванга (үсемлеккә) зыян китермә” дигән кагыйдәне, аларны зыянлы һәм файдалыларга

* Казан (Идел буе) федераль университеты. Татарстан, Россия

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

бүлмиңе, балаларға өйрәтерге кирәк. Билгеле, табигатьтә гел “файдалы” гына, гел “зыянлы” гына хайваннар һәм үсемлекләр булмый. Башлангыч сыйныфлардан башлап укучылар табигый бәйләнешләр, кешеләр тормышы һәм табиагтьнең бер-берсенә бәйлелеге турындагы башлангыч экологик мәгълүматларне һәм төшенчәләрне алалар. Бу экологик мәгълүматлар кече сыйныфлардан өлкән сыйныфларға акрынлап катлаулана барырга тиеш[2].

Үзләренең фәнни-методик эшләрендә галим-педаголар Н.М. Мамедов, Р.Ш. Маликов, Ж.Г. Нигъматов, Я.И. Ханбиков, З.А. Хусаинов һәм башкалар әйләнә-тирә табигый мохитны өйрәнгәндә, укучыларға әхлакый һәи экологик тәрбия бирүгә бик зур ихтибар бирәләр[1,2,5].

Экологик-әхлакай тәрбия тормышта конкрет мисаллар куллану, аларның конкрет экологик-әхлакый дәлилләрен һәм нәтижәләрен тикшерү белән табигый-фәнни цикл фәннәренә нигезләнәргә тиеш. Шулай булгач, бик күп нәрсәләр мәктәп укучыларына, аларның укуы һәм тәрбия процессына карта ижади мөнәсәбәтенә бәйле. Шуңа да карамастан, мәктәптә экологик белем бирү һәм тәрбиянең күп кенә мәсьәләләре берьяклы рәвештә - әйләнә-тирә мохиткә кешенең тәсир итү юнәлешендә өйрәнелә. Әйләнә-тирә мохиткә яшүсмерләренең әхлакый мөнәсәбәт мәсьәләләре һәрвакыт житәрлек яктырылмыйлар һәм ачылмыйлар. “Экологик-әхлакый тәрбия” төшенчәсе табигатьне саклау һәм аңа карата кеше эшчәнлегә белән бәйле мәсьәләләр бергә каралырга тиешлеген аңлата.

Экологик-әхлакый тәрбия – ул кешенең әйләнә-тирә дөньяга, табигый мохиткә карата карашын чагылдыручы, аңланган сыйфатларны, карашларны, тәртип кагыйдәләрен максатчан булдыру, аңа карата игътибарлы карашны һәм ихтыяжы, үзеңне һәм әйләнә-тирә дөнъяны экологик-әхлакый критерияләре буенча камилләштерү дигән сүз.

Боларны истә тотып, мәктәпләрдә, гимназияләрдә уку һәм тәрбия процесларында бу мәсьәләләрне табигый-фәнни цикл фәннәрен өйрәнгәндә, бигрәк тә география, биология, химия, физика дәресләрендә карарга кирәк. Экологик белем бирү өлкәсендәгә дәвамчылык принцибыннан чыгып фәнара элементләрне тормышка ашыру, экологик белемнәренң барлык дәрәжәләрнедә жәмгыятьнең табигать белән оптималь үзара бәйләнеш алымнарын, ысулларын һәм законнарын ачыклай һәм эчтәлеген үзара хәл итүне шарт итеп куя, кайсылары төрле уку фәннәрендә өйрәнеләләр. Теге я башка уку фәне эчтәлегенә керүче төп фикерләр һәм төшенчәләр үсеш логикасын экологик проблемаларны бер-бер артлы тулыландыру һәм гомумиләштерү белән бергә алып бару мөһим.

Соңгы елларда илдә барган үзгәртеп корулар, табигатькә карата булган уңай карашны киметтеләр һәм аңа карата әхлак законнарын бозу очраклары күбәеп китте. Шуңа күрә барлык уку йортларында укучы яшьләр арасында экологик тәрбия һәм белем бирүне киң жәелдереп жибәрергә кирәк. Бу эшләрне алып барганда экологик белем бирүне әхлак нормалары белән үзара бәйләп һәм экологик белем бирүнең дәвамчылык принцибыннан чыгып эш итү кирәк.

Соңгы елларда гомуми белем бирүче уку йортларында укучыларға экологик белем һәм тәрбия бирү зур әһәмияткә ия. Казан шәһәренең 4,15,18-нче номерлы татар гимназияләрендә укучыларға экологик һәм әхлакый тәрбия бирү буенча XXI гасыр башыннан бик күп эшләр алып барыла. Бу эшләрне гимназия житәкчеләре һәм укучылары Казан федераль университетының география һәм биология белем бирү теориясе һәм методиксы кафедрасы галимнәре һәм укучылары белән берлектә алып баралар. Ел саен гимназия укучылары һәм КФУ студентлары белән биология һәм әхлак темаларына багышланган күп төрле чаралар үткәрелә: конференцияләр, түгәрәк өстәлләр, табигатькә экскурсияләр, югары уку йортлары галимнәре белән очрашулар һ.б. Яз һәм жәй айларында гимназия яны бакчасында укучылар гәмәли эшләр башкаралар. Бигрәк тә жәй көннәрендә үткәрелә торган ял вакытында башлангыч сыйныф, биология, география укучылары укучылар белән биология темасына багышланган төрле чаралар үткәрәләр. Лагерьда эшләүче укучылар һәм тәрбиячеләр биология һәм әхлак темаларына багышланган әңгәмәләр, күренекле кешеләр, галимнәр һәм бигрәктә Казан шәһәренең химия заводларында эшләүче ата-аналар белән кызыклы очрашулар үткәрәләр.

Казан федераль университеты галимнәре И.Т. Гайсин, Р.Ш. Маликов, Г.Х. Хажиев, Л.М. Хакимов, Ж.А. Хөсәенов үзләренең фәнни-методик эшләрендә укучыларда табигатькә сакчыл караш тәрбияләү, нигездә, жәмгыятьнең ихтыяжын, аның киләчәктәгә даими үсешен булдырырга булышлык итә, дип санылар. Шуңа күрә, табигатьне үзгәртүгә юнәлдерелгән эшчәнлек, жәмгыятьчелек ихтыяжына туры килерлек булырга тиеш. Шуңа күрә табигатькә сакчыл караш тәрбияләү кече сыйныфлардан ук башланырга тиеш, бигрәк тә әйләнә-тирә дөнья, табигать белеме, гуманитар фәннәр дәресләрендә һәм дәрестән тыш чараларда үткәрелә. Күп кенә әдәбиятта һәм макаләләрдә бу темага ап-ачык фикер күзәтелә: экологик культура нигезендә кеше һәм жәмгыятьнең әхлаклылыгы

ята, чөнки табиғый мохитның хәзерге хәле кешенең аңлы эшчәнлеге өлкәсенә керә, ә шулай булгач, әхлакый мәгънәсе бар дигән сүз[1,5].

Экологик белем белән тәрбия тормышта конкрет мисаллар куллану, аларның конкрет дәлилләрән һәм нәтижеләрән тикшерү белән табиғый-фәнни цикл фәннәренә (биология, география, химия, физика) нигезләнәргә тиеш. Шулай булгач, бик күп белемнәр мәктәп укытучыларына, аларның укыту һәм тәрбия процессына карта ижади мөнәсәбәтенә бәйле. Шуна да карамастан, мәктәптә экологик белем бирү һәм тәрбиянең күп кенә мәсьәләләре берьяклы рәвештә - әйләнә-тирә мохитка кешенең тәэсир итү юнәлешендә генә өйрәнелә. Әйләнә-тирә мохиткә балаларның әхлакый мөнәсәбәт мәсьәләләре һәрвакыт житәрлек яктыртылмыйлар һәм ачылмыйлар. Үзләренең фәнни хезмәтләрендә И.Т. Гайсин, Ж.А. “Хәсәнов “экологик-әхлакый тәрбия” төшенчәсе табигатьне саклау һәм аңа карата кеше эшчәнлеге белән бәйле мәсьәләләрне бергә карау тиешлеген аңлата диләр. Шулай булгач экологик-әхлакый тәрбия – ул кешенең әйләнә-тирә дөнъяга, табиғый мохитка карата карашын чагылдыручы, аңлы сыйфатларны, карашларны, тәртип кагыйдәләрен максатчан булдыру, аңа карата игътибарлы карашны һәм ихтыяжны, үзеңне һәм әйләнә-тирә дөнъяны экологик-әхлакый критерияләр буенча камилләштерү дигән сүз. Боларны истә тотып, мәктәпләрдә, гимназияләрдә уку һәм тәрбия процессларында бу мәсьәләләрне география, биология, химия, физика дәрәсләрендә карарга кирәк. Экологик белем бирү өлкәсендәге дәвамчылык принцибыннан чыгып фәнәра элементләрне тормышка ашыру, экологик белемнәрнең барлык дәрәжәләрендә жәмгыятьнең табигать белән оптималь үзара бәйләнеш алымнарын, ысулларын һәм законнарын ачыклай башлауларын һәм эчтәләген үзара хәл итүне шарт итеп куя [1,2,5].

Казан шәһәренең 4,18-нче номерлы татар гимназияләрендә табигать белеме һәм география укытучылары өчен республика һәм регион күләмендә экология, география, биология фәннәрен укыту методикалары темасына багышланган күп санлы фәнни-методик конференцияләр, семинарлар уздырыла: “Актуальные проблемы эколого-географического образования в школе и вузе”(2011), “Яшьүсмеләргә экологик һәм әхлакый тәрбия бирү проблемалары” (2013), “Этнические аспекты географических исследований в школе и вузе” (2015). “Проблемы преемственности эколого-географического образования”(2016) һ.б. Бу семинарларда Казан шәһәренең һәм, республиканың Арча, Азнакай, Әгерҗе, Балык Бистәсе, Буа, Кукмара, Саба, Теләче, Тукай районнары мәктәпләренең география, биология, экология укытучылары, югары уку йорты галимнәре, аспирантлары һәм магистрлары катнашты.

Казан шәһәренең 4-нче номерлы гимназия укытучылары Зәйнуллина Р.Г., Вахитова И.А.”Укыту-тәрбия эшендәге халык педагогикасы” дигән мәкаләдә экологик белем бирүгә бик зур игътибар бирәләр. Алар дәрәсләрдә һәм дәрестән тыш чараларда укучыларга экологик белем биргәндә халык авыз ижаты әсәрләрен, мәкальләрен, әйтемнәрен, табышмакларын, риваятьләрен, легендаларын куллану кирәклегенә зур әһәмият бирәләр. Алар аша укучылар туган жирнең, туган илнең матурлыгын, табигатьне саклау чараларын тагын да тирәнәрәк тоялар[3]. Татар теле укытучысы Фәрдиева Х.Т. үзенең “Татар әдәбияты дәрәсләре һәм экология” исемле мәкаләсендә Гомәр Бәширов, Илдар Юзеев ижатларын өйрәнгән вакытта экология мәсьәләләренә, дәрәсләрдә һәм дәрестән тыш чараларда укучылар күңеленә табигатьнең кеше яшәешендә нинди зур роль уйнавы, аны саклау мәсьәләләренә киң туктала[4].

Казан шәһәренең күп кенә татар мәктәпләрендә һәм гимназияларында укытучылар дәрестән тыш вакытларда экология һәм әхлак темаларына багышланган күп төрле чаралар уздыралар: “Сабантуй”, “Нәүрүз”, “Каз өмәсе”, “Аулак өй”, “Сөмбелә”, “Карга боткасы”, “Боз озату” бәйрәмнәре һәм моннан тыш “Экологик атналык”, “Яшел чыршы айлыгы” үткәрелеп килә. “Табигать язмышы – безнең язмыш” дигән экологик кичәләр, “Планетаны чүптән арындырыйк”, “Урманнарны карыйк” дигән сыйныф сәгатләре күренекле урын алып торалар. Экология темасына багышланган рәсем, фотолар, экологик газеталар конкурслары шактый зур урын алып торалар.

Соңгы елларда илдә барган үзгәртеп корулар, табигатькә карата булган уңай карашны киметтеләр һәм аңа карата әхлакый законнарны бозу очраклары да күбәеп китте. Шуна күрә барлык уку йортларында укучы яшьләр арасында экологик тәрбия һәм белем бирүне киң жәелдереп жиберергә кирәк. Бу эшләрне алып барганда экологик белем бирүне әхлак нормалары белән үзара бәйләп һәм экологик белем бирүнең дәвамчылык принципларыннан чыгып эш итү максатка ярашлы булып тора

ӘДӘБИЯТ:

1. Галиева Г.М. Формирование экологической компетентности школьников: монография. -Казань: Отечество, 2015. -166с.
2. Гайсин И.Т. Эколого-нравственное воспитание школьников: монография. -Казань:Отечество,1996.-165с.
3. Зайнуллина Р.Г., Вахитова И.А. Укыту-тәрбия эшендә халык педагогикасы /Актуальные проблемы эколого-географического образования в школе и вузе. Материалы регион.науч. методич. семинара. //отв.ред.Г.С.Самигуллина.-Казань, 2011. -С.63-64.
4. Фәрдиева Х.Г. Татар әдәбияты дәрәсләре һәм экология /Актуальные проблемы эколого-географического образования в школе и вузе. Материалы регион.науч. методич. семинара. //Отв.ред. Г.С.Самигуллина.-Казань, 2011. -С.76-79.
5. Хусаинов З.А. Экологическая культура учащихся национальной школы. -Казань: Изд-во Казанск. ун-та, 2005. -264с.

VI -III СЕКЦИЯ.

ОҚУ ТАПСЫРМАЛАРЫН БАҒАЛАУДЫҢ НӘТИЖЕСІ РЕТІНДЕ ҚҰРАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қ. проф. м.а. А.Ө. ДӘУЛЕТҚҰЛОВА*

Түйіндеме:

Мектепте математиканы оқыту оқушылардың жаратылыстану-ғылыми пәндерді меңгеру үшін қажетті математикалық білім мен дағдылардың негіздерін игеруіне септігін тигізіп, оқушылардың алгоритмдік, логикалық және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Математиканы оқу барысында оқушыларда индукция және дедукция, жалпылау және нақтылау, анализ және синтез, жіктеу және жүйелендіру, абстракциялау және айқындау сияқты ойлау үдерістері дамиды. Математикалық оқу тапсырмалары олардың берілген есептің нәтижесіне жету үшін зерттеу жұмысын жүргізуіне мүмкіндік береді, пікірлерді тұжырымдауға, негіздеуге және дәлелдеуге дағдыландырады, берілген алгоритм бойынша әрекет етуге және жаңа алгоритмдерді құрастыруға, математикалық білімді меңгеруде және қолдануда өз бетінше әрекет етуге үйретеді. Ұсынылып отырған мақалада осындай оқу тапсырмаларын құрастыру жолдарын қарастырамыз.

Тірек Сөздер: жаңартылған білім мазмұны, оқу тапсырмалары, бағалау.

FEATURES OF EVALUATION AS A RESULT OF EDUCATION PROCESSES

Abstract:

Teaching mathematics in the school allows the students to devise the mathematical knowledge and skills, necessary for the natural science, the development of their algorithmic, logical and critical points. During the study mathematics develops the thinking processes, such as induction and deduction, communication and clarification, analysis and synthesis, classification and systematization, abstraction and definition. The purpose of the mathematical teaching is to enable researchers to find out how to research them to formulate, justify and prove their views, analyze algorithms and build new algorithms, to apply the process of teaching and using mathematical knowledge. In this article, consider ways of creation such training tasks.

Key words: updated essay, study assignments, appraisal.

КІРІСПЕ

Қазіргі кезде ы білім беру саласындағы өзекті құндылықтар мен мақсаттар мектеп оқушыларының жалпы үлгерімін арттыруды, сондай-ақ инновация мен көшбасшылықты енгізу үшін талап етілетін дағдыларды дамытуды, мектеп мәнмәтіні арқылы ұлттық сананы қалыптастырып, іске асыруды және ауқымды халықаралық тәжірибемен өзара әрекеттесуді көздейді. Жаңартылған білім беру бағдарламасы мен бағалау жүйесін енгізу аталған міндеттерді шешу үшін қабылданған шаралардың бірі болып табылады.

«Математика» пәні бойынша оқу бағдарламасы осы үдерістің құрамдас бөлігі ретінде математиканың практикалық маңызымен, адамның қалыптасуы мен ойлауындағы мүмкіндіктермен, қоршаған әлемді танудағы ғылыми әдістер туралы түсінікті қалыптастырумен айқындалады [1].

Оқушылардың математикалық тілді қолдануы олардың ықшам әрі ақпаратты тілді дамытуына, қажетті тілдік (атап айтқанда, таңбалық, графикалық) құралдарды тиімді таңдап қолдана білуіне мүмкіндік береді.

Жоғарыда аталған математикалық білімді жақсартудың мәселелерін ескере отырып, құзыреттілік тұрғы логикасында тапсырмалық тұрғы көзқарасынан білім мазмұнының өзгеруін сипаттайық.

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, aigldu@mail.ru

Қазақстан біліміндегі жаңалық метапәндік нәтижелер болып табылады, яғни қалыптасқан түйінді құзыреттіліктері, жетістіктерін біз түйінді бағдарланған тапсырмаларды жобалаудан көре аламыз.

Құзыреттілік тұрғыны жүзеге асырудың сәйкестігімен ең маңызды құрайтындардың бірі оқу тапсырмасы болуы тиіс. Тапсырма бар дегенді түсінудің әр түрлі тұрғылары бар. Мысалы, логика бойынша оқулықта: «Сұрақтың тапсырмадан айырмашылығы міндетті түрде шешімді түспалдамайды. Мәселе кәдімгі тапсырмадан маңыздылығымен және (немесе) күрделілігімен

ерекшеленеді» (Казаков А.Н., Якушев А.О., 1994 ж. 96 б.) [2]. Дидактика бойынша классикалық еңбекте: «Жалпы формада тапсырма нақты жағдай және белгілі заңдылықтар негізінде пәндердің құбылыстардың және үрдістердің дамуын табу талабы, осы мәліметтердің өзгеру нәтижесі, белгісіз шамаларды анықтау, сол немесе басқа ережелердің дұрыстығын дәлелдеу. Мұндай жалпы формада тапсырмалар көптеген оқу пәндерін оқытуда қолданылады» (Данилов М.А., Есипов Б.П., 1957 ж., 158 б.) [3]. Кейбір жұмыстарда ТАПСЫРМА терминін кеңінен түсінеді «Тапсырманың қызметі оның бөліктерінің арасында ақпараттық келіспеушілік бар белгілі тұжырымдалған ақпараттық жүйе түсінігінен шығады, оның пайда болу үрдістері мен келісуінде қажеттілікті тудырады. Тапсырманы психологиялық түсіну оның белгілі жағдайда функционалды сипатына мақсаты сияқты көңіл аударылады. Танымда кейбір тәжірибелік пайда болу талаптары бар немесе тапсырманың белгілі және белгісіз элементтері арасындағы қарым-қатынасты анықтайтын немесе теориялық сұраққа жағдайды іздеу арқылы келу, ойлауды анықтайтын «тапсырма» түсінігіне ойлау қызметінің нысаны сияқты кең мағына береді» (Соколов В.Н., 1995 ж., 74-75 б.) [4].

«Тапсырма» ұғымының кең түсініктері бар. Тапсырманың пайда болуы мәселелік жағдайдан ерекшелігі – енді алдын ала және шамамен мәлім нәрсені және белгісізді бөлшектеуге болады дегенді білдіреді. Бұл бөлшектеу тапсырманың сөздік тұжырымдамасында айтылады» (Петровский А.В., 1995 ж. 210 б.) [5].

В.В.Гузеваның пікірі бойынша тапсырма ұғымынан кез-келген операциялы және диагностикалық түрде білдірілген мақсатты түсіну керек. Шешімнің оңтайлы нұсқасын іздеуді, табуды және жүзеге асыруды болжайтын қызмет үрдісінде пайда болған мәселелік жағдайды тапсырма ретінде білу жеке тұлғаның субъектілік ұстанымының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Осындай тұрғының мәселелік жағдайына үйрету білім беру үрдісінің қажетті элементі болуы тиіс. Тапсырмалық тұрғының идеясын жүзеге асырудың бір нұсқасы оқу материалының мазмұнына шешімі сол немесе басқа жағдайда қызмет әдісін анықтаудан тұратын құзыреттілікке бағдарланған тапсырмаларды енгізу.

Біздің ойымызша, «оқу тапсырмалары» ұғымынан оқушының жеке нақты маңызды мәселелерін шешуге бағытталған, белгілі бір қызметтің азды-көпті әдеттегі нақты жағдайды суреттеуін түсіну керек. Оқу тапсырма мазмұны мәдени тәжірибеге бағытталған және шығармашылық түрде жаңа тәжірибені меңгеруге мүмкіндік беретін оқушылардың нақты тобының қызығушылықтары мен қажеттіліктерімен анықталады. Бұл сипаттама қызмет жағдайын баяндауды және нәтижені енгізеді. Тапсырманы шешу қызмет әдісін анықтаудан тұрады. Оқу тапсырмаларды жобалау оқу материалының мазмұнында жүзеге асырылады. Тапсырмаларды құрастыру логикасы:

- оқушыға білімнің қажет екендігіне көз жеткізуіне көмектесетін, жеке маңызды мәселенің тұжырымдамасын;

- мәтіндерді таңдау (бұл ақпарат анық, анық емес түрде берілген қарапайым мәтіндер болуы мүмкін; бұл күрделі мәтіндер болуы мүмкін; әр түрлі түр мен жанрдағы мәтіндер болуы мүмкін: көркем шығарма үзінділері, биографиялар, ойын-сауық сипаттағы мәтіндер, жеке хаттар, құжаттар, газеттер мен журналдардағы мақалалар, іскерлік нұсқаулықтар, жарнамалық хабарландырулар, тауарлық ярлықтар, географиялық карталар және тағы басқалар. Оларда әр түрлі ақпаратты таныстыру қолданылуы мүмкін: диаграммалар, суреттер, карталар, таблицалар, графиктер және т.б.);

- мәселелік сипаты бар мәтіндерге сұрақтар мен тапсырмалардың болуы, ақпаратты жалпылауды болжайды, мәтін мазмұнын өмірлік тәжірибемен салыстыру және өнімді алуға бағытталғандығы, мысалы жобаны жасауға.

Тапсырмалардың әр түрлі сипаты оқушыларға тек қана білімді қолдану ғана емес, берілген ақпаратты бағалау, гипотезаны болжау, қорытынды жасау, өзінің көзқарасын айту, шешімнің әр түрлі нұсқаларын ұсыну, тапсырманы шешу үшін бар білімді пайдалану маңызды жағдай болып табылады.

Оқу тапсырмаларының ерекше белгісі қызмет әдісін анықтауға бағытталғандығы мен ұғыну болып табылады, рұқсат етілетін шешімдердің көпшілігі оқу үрдісінің әр түрлі кезеңдерінде пайдаланылуы мүмкін. Қазір оқыту тәжірибесінде («case-study» әдісі) кең таралған, осы тапсырмаларды қолдану нақты жағдайды анализ әдісі ретінде қарастыруға болады (О.Е.Лебедев).

Оқу тапсырмаларын шешудің барлық жағдайында оқу пәнінің шеңберіне кіретін және қызметтің әр түрінде қолданылатын білім нәтижесіне қол жеткізуге болады. Жағдаяттық тапсырмалар кез-келген түрдегі оқу пәндерінде қолданбалы және кез-келген жастағы оқушы қолдана алады, олар шешімін табу қажет мәселелер сипатымен ерекшеленеді.

Жалпы түрде *тапсырма* [6] ақпараттық блок пен сұрақтар сериясынан (тәжірибелік тапсырмалар) тұрады. Ақпараттық блок мәтін, таңбалар жүйесі (шартты белгілер), таблицалар, диаграммалар, график, сурет, сызба, дыбыстық (видео) ақпарат пен оның үйлесуі. Мәселелер анықтау мен бағалауға бағытталған: 1) нақты білім; 2) дағды мен біліктілік тобы (соның ішінде қаралатын жағдайды жеке өмірлік тәжірибесімен (зерттеу) салыстыра білу; 3) субъектінің тапсырманың өзіне қарым-қатынасы мен оны шешу әдісі.

Тапсырма мазмұнының келесі құрылымы бар:

Уәждік-мәселелік блок. Бұл блоктың тағайындалуы оқушыны тапсырманы өздігінен даму жоспарындағыдай білім үрдісінің басқа қатысушыларының өзара әрекетін түсіну мен өзектілігін ұғынуға бағыттаудан тұрады. Бұл жағдайдағы негізгі санаттар қызығушылық, жеке және әлеуметтік мәнділік, маңыздылық; пайдалылық және т.б.

Шешімді іздеу (құрастыру) үрдісін ресурстық қамтамасыз ету блогы. Бұл блок оқушыны мәселенің мәніне терең енуін қамтамасыз етуге, барынша толық түрде ақпараттық ресурстармен жабдықтауға арналған. Ол алға қойған тапсырманы құрайтын аспектілерін барынша ашуы тиіс. Мәселенің жағдайын нақты суреттеу орын алса, соның ішінде құжаттық дереккөздерді тартумен, әдетте «кейс» туралы тапсырма мазмұнын баяндау әдісі туралы айтуға болады. Басқа нұсқа ретінде «инструктивті» модель деп аталатын оқушыға ізделіп отырған ақпараттың мүмкін болатын көздері хабарланады.

Дидактикалық блок (орындау мен жауапты талап ететін тапсырмалар мен сұрақтар). Бұл блоктың мазмұны барынша тапсырма шешімі үрдісінің қорытындысы болуы тиіс сол «өнімнің» түрін (зияткерлік, шығармашылық, зерттеу және т.б.) формасын нақтылауға мүмкіндік береді. «Өнім» жинақтап қорытылған ақпарат сұрағына жауап, (жауаптың толық дәрежесі сәйкес критерийлермен анықталады) мәселелік жағдайдан (коммуникативті) шығу нұсқасы (модельденген немесе нақты).

Критерийлік-бағалау блогы. Аталған блок оқушыға табылған (құрастырылған) шешім бірінші блокта қойылған мақсаттарға сәйкес келуі туралы ақпаратты хабарлау көзқарасы жағынан «педагогикалық конструктивті» аяқтауды өзінің мақсаты етіп қояды. Педагогикалық контекстке байланысты бұл критерийлер әр түрлі болуы мүмкін. Шешім, «өнімді» мысалы қандай да бір норманың сәйкестік/ сәйкессіздік критерийлері бойынша, ең тар шеңберлі критерийлер «толықтық», «жаңалық» бойынша бағалауға болады. Бағалау құралы «өнімді» мазмұны бойынша (ұсынылған шешім, идея мәні, табылған ақпарат сапасы және с.с.), және оны таныстыру формасы бойынша кешенді бағалау мүмкіндігін қарастыруы тиіс (ауызша айту, жазбаша мәтін және т.б.).

Құзыреттілікке бағытталған оқыту адамның тіршілік әрекетінің табысты қызмет етуінің жолын қамтамасыз ететін білімді кешенді түрде және тәжірибелік әрекеттің әдістерін меңгеруге бағытталған. Игерілетін білім белгілі фактілер мөлшерімен емес, оларды кәсіби салада, аралас салада қолдану дағдысы, тіпті пайда болған мәселенің байланысы мен пәндік білім егжей-тегжейлі

тексерілмейді. Сондықтан қазіргі заманғы білім беру үрдісі білім алушыларға пәндік білімді тек қана жеткізіп қоймай, білімді өзекті кәсіби және білікті кәсіби мәселелерді шешу үшін қолданып көрсету, сондай-ақ оқушылармен оқу үрдісі кезінде өз бетімен осындай мәселелерді шешу үшін жағдай жасау. Енді оның негізгі міндеті ақпаратты жеткізу емес, білім алушының өзіндік танымдық жұмысын жобалау, оны басқару, нәтижелерді бақылау. Бұл білім алушылардың құзыреттілігін дамытуға бағытталған құралдарды, оқыту түрі мен әдістерді құрылымдау мен таңдауға алып келеді.

Біз сөз етіп отырған, оқу тапсырмалары білім алушылардың құзыреттіліктерінің қалыптасуының тиімділігін қамтамасыз ететін оқыту мазмұны мен технологияларын, оқу орнында оқу үрдісінде оқушылардың сауаттылығын қалыптастыру мен бағалауды қарастырады.

Оқу тапсырмалары, гностикалық, тәрбиелік, аксиологиялық, уәждік-ынталандыру, басқару, бақылау-бағалау қызметтерімен қатар, үстемдік ету қызметі ретінде білім алушылардың кейбір пәндерді оқу кезінде алған танымдық, білікті кәсіби, кәсіби тапсырмаларды шешу кезінде білім мен дағдыны қолдана білуінде қалыптасатын қабілеті пәндік-іс-әрекет қатысады. Осындай оймен, оқу тапсырмалары білімді, дағды мен жеке қасиетті интегралдайтын, іс-әрекетті орындау үшін қажет иелік етудің қалыптасу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Негізгілер ретінде оқу тапсырмаларының келесі түрлерін бөліп көрсетуге болады:

1. Пәндік: пәннің әр түрлі бөлімінде оқытылатын, шартта пәндік жағдай сипатталған, оны шешу үшін пәндік мазмұнның байланысының кең спектрін қолдану мен орнату қажет; шарттың анализінің барысында әр түрлі нысанда берілген ақпаратты түсіну керек; шешу әдісін құрылымдау (белгілі әдістерді біріктіру жолымен). Алынған нәтиже шешімнің танымдық маңызын қамтамасыз етеді және басқа есептерді (тапсырмаларды) шешу кезінде қолданылуы мүмкін.

2. Пәнаралық: шартта жағдай пәндік саланың тілінде басқа пәндік саланың тілін анық немесе анық емес қолданумен сипатталған. Шешу үшін сәйкес саладан білімді қолдану керек. Шартты бөліп көрсетілген пәндік саланың көзқарасынан зерттеу керек, сондай-ақ жетіспейтін мәліметтерді іздеу, шешім мен жауап студенттердің таңдағандарына (тапқандарына) байланысты.

3. Тәжірибелік: шартта тәжірибелік жағдай сипатталған. Шешу үшін тек қана әр түрлі пәндік саладағы білімді ғана емес (міндетті түрде оқытылатын пәнді қарастыратын), сонымен қатар студенттердің тәжірибеде, күнделікті тәжірибеде алған білімдерін қолдану керек. Мұндайда тек қана сюжеттік желіні тапсыру жеткіліксіз, мұндай тапсырмада мәліметтер шынайылықтан ажыратылмауы керек. Мысалы, бөлшектердің өлшемі, бағалар, технологиялық үрдістер шынайылыққа сәйкес келуі тиіс.

Кез-келген оқу тапсырмаларын орындау әр түрлі негіздер бойынша типологиясы мүмкін болатын, құзыреттілік тапсырмалардың белгілі жиынтығын шешуді болжайды. Төменде келтірілген типология негіздеріне ақпаратпен жұмыс істеу дағдысы орналасқан, алайда әр түрлі жалпымәдени және кәсіби құзыреттіліктің құрамына енетін, кез-келген тапсырманы шешуге қажет, ақпараттық дағдылар сабақ үстіндегі болып табылады.

Оқу тапсырмаларының әр түрін нақты сипаттап берейік.

1. *Тапсырма-интерпретация* (мәтіндік, графикалық, таңбалық ақпарат) интерпретацияны қабылдауды қолдануға арналған, яғни басқа нысандар арасында нысанды оқып үйренуді айыра білу (мағыналарын ашу), немесе зерттелетін нысан туралы ақпараттың «жайылуы» барысында, олардың басқа нысандармен байланысы мен қарым-қатынасы, жаңа байланыстар мен қарым-қатынастар байқалған кезде, әр түрлі ұғымдар жоспарында нысанды қарастыру (мағынасын ашу).

2. *Тапсырма-салыстыру* (сапалы және мөлшерлі) салыстыру әдісін қолдануды қарастырады – қарастырылатын нысандардың ұқсас және әр түрлі қасиеттерін бөлу.

Сапалы салыстыру тапсырмасында талап байланысты болуы мүмкін:

- нақты сипаттамаларға ие, нысанның басқа нысандар арасында бөліп көрсетумен;
- бірнеше нысандар үшін салыстырудың сапалы негізін іздеумен;
- заңдылыққа сәйкес келмейтін немесе қатарға жетпейтінді қосумен элементті қатардан алып тастаумен;

- сапалы қасиеттердің негізінде, қалған нысандар салыстырылатын, жақсы танымал нысан «үшіншіні» қолданумен.

Мөлшерлі салыстыру тапсырмасының тұжырымдамасында талап мыналардан тұрады:

- кейбір өлшем шамаларының (жиі жанама) ең үлкен (ең кіші) маңызымен нысанды бөліп көрсету (таңдау);

- бірнеше нысандар үшін салыстырудың мөлшерлі негізін іздеу;

- заңдылыққа сәйкес келмейтін немесе қатарға жетпейтінді қосумен элементті қатардан алып тастаумен;

- мөлшерлі қасиеттердің негізінде, қалған нысандар салыстырылатын, жақсы танымал нысан «үшіншіні» қолданумен.

3. *Тапсырма-аналогия* болжал түрінде кейбір аз зерттелген нысанды жақсы белгілі нысанмен ұқсастықты орнату (аналогия) негізінде нысан туралы жаңа ақпаратты алуға бағытталған.

4. *Тапсырма-модель* (таңбалық-символдық, образдық) зерттелетін нысан туралы ақпаратты алу үшін модельдеу әдісін қолдануды тұспалдайды.

Модельдің таңбалық-символдық тапсырмасы үшін элементтер, қатынастар және модельделетін құбылыстардың құрамы табиғи және математика тілінің белгілі таңбаларының көмегімен (шартты белгілер, теңдіктер, формулалар) көрсетілетін, ақпараттың түрленуі тән.

Модельдің образды тапсырмасында нысандар мен олардың арасындағы байланыстар сызбалар, олардың байланысы мен қатынасы, талаптар бейнеленген суреттер мен схемалардың көмегімен негізгі зерттелетін нысандар көрсетілуі тиіс.

5. *Образды іздеу тапсырмасы* кейбір қасиетті немесе басқа нысандармен қарым-қатынасты дәйектейтін нақты нысанды немесе құбылысты іздеуді болжайды.

6. *Құрылымдау тапсырмасы* (сызықтық, иерархиялық, таблица) зерттелетін нысан туралы жаңа ақпаратты алу, нысан элементтерінің арасындағы жаңа байланысты ашу мақсатымен ақпараттың құрылымы бойынша түрленуіне бағытталған. Сызықтық құрылымдау тапсырмасы кейбір заңдылықты ашумен, ақпараттың көлденеңінен ретке келтірумен байланысты. Иерархиялық құрылымдау тапсырмасы үшін құрылым элементтері арасында қарым-қатынасты қатар бағынуды орнату болжалданады. Мұндай түрдегі тапсырманың тұжырымдалуы жиі байланысты:

- басқа нысандардың жиі жағдайларының кейбір нысандарын бөліп көрсетумен;

- нысандардың иерархиялық сызбасының толықтыруымен;

- нысандарды белгілі (немесе белгісіз) сапалы немесе мөлшерлі негіз топтарына бөлумен;

- нысандардың жіктемесін немесе типологиясын құрылымдаумен.

Иерархиялық және сызықтық құрылымның бірігуі жүзеге асатын кесте-тапсырмада ақпаратты құрылымдау талабы түрленеді: кестенің ұяшықтары жартылай (кейбіреулері толтырылуы мүмкін) немесе толықтай белгіленген бағандармен толтырылуы; қарастырылатын нысандардың қарым-қатынасы мен берілген қасиеттері бойынша таблицаны құру.

7. *Тапсырма-мүмкіндік* ақпараттың дұрыстығын бағалауға

- нысандардың бар немесе жоқ екенін, пікірдің ақиқат немесе жалған екенін орнатуға бағытталған.

Тапсырма-мүмкіндік талабының дұрыс екендігін анық бағалауы байқалады:

- бекітудің ақиқатын тексеру;

- кейбір қасиеттермен берілген, нысанның бар екенін тексеру;

- тапсырманы шешуде немесе жағдайда қатені іздеу;

- дайын ұсынылған шешімнің дұрыстығын тексеру;

немесе анық емес- негізгі қарама-қайшы ақпараттың күшімен шешуге мүмкін емес, құрастыруды, есептеуді, өзгертуді және с.с. орындау.

8. *Артықшылыққа арналған тапсырма* толықтыққа ақпаратты бағалау үшін қысқалық әдісін қолдануды болжайды.

9. *Жеткіліксіздікке арналған тапсырма* ақпараттың толықтығын бағалау барысында толықтыру әдісін қолданумен байланысты. Оқу тапсырмалары бірден ақпаратты өңдеу арқылы бірнеше әдістері жүзеге асырылуы мүмкін екенін ескерейік.

Оқу тапсырмаларының тапсырмалардың мазмұны келесі талаптарға жауап беруі тиіс:

1) оқу тапсырмаларының тұжырымдамасы немесе оның шешімінің нәтижесі білім алушыларға танымдық, кәсіби, жалпымәдени немесе әлеуметтік маңызды болып табылуы тиіс, оны шешу барысында білім алушылардың іс-әрекеті уәждік болуы керек;

2) оқу тапсырмаларын шешудің мақсаты жауап алумен емес, жаңа фактологиялық немесе әдіснамалық білімді беруден (әдіс, шешу тәсілі, амал), басқа аналогиялық жағдайларға ауыстырумен, жоғары кәсіби бәсекеге қабілетті маманға қажет білім алушының жеке қасиеттерін қалыптастырудан тұрады;

3) тапсырма шарты белгілі оқу пәндерінің құралдарымен шешу қажет (мұндай оқу тапсырмаларын пәндік деп атайды) мәселе немесе мәселелік жағдай сияқты тұжырымдалады, әр түрлі оқу пәндері (пәнаралық), тапсырма мәтінінде анық сілтеме жоқ, тәжірибеде алған білім көмегімен (тәжірибелік);

4) тапсырма білім алушының тапсырманы орындау кезінде іс-әрекетінің детерминделмеуін болжайды, яғни білім алушыға тапсырманың орындалу тәсілі толықтай белгісіз немесе оған белгілі әдістер қисындасуынан тұрады;

5) оқу тапсырмаларын шешу кезінде тапсырманы орындаудың әр түрлі тәсілдері қолданылуы мүмкін, білім алушының білімі мен жеке ерекшеліктеріне байланысты тапсырманы қайта тұжырымдау мүмкіндігі (нақтылау, жалпылау, қосымша шарттарды енгізу) рұқсат етіледі;

6) тапсырмадағы ақпарат артық, жеткіліксіз немесе қарама-қайшы болуы мүмкін. Білім алушы өзіне тапсырманы шешуге қажет мәліметті немесе жеткіліксіз жағдайда қосымша ақпаратты іздеуді жүзеге асыруы қажет. Тапсырмадағы мәліметтер әр түрлі формада берілуі мүмкін: сурет, таблица, сызба, диаграмма, график, мәтін, видео және т.с.с.;

7) оқу тапсырмаларын орындау нәтижесінде білім алушылар белгілі білім жиынтығын, дағдыны, иелік етуді, жеке қасиетке қол жеткізе алуы және көрсетуі тиіс;

8) оқу тапсырмаларынан алынған нәтижесінің орындалуы білім алушыларға маңызды болуы керек, сондықтан нәтижені қолдануды көрсетудің анық немесе жасырын аясы қажет.

Осындай оқу тапсырмаларының нәтижесінде алынған ақпараттың негізінде оқушылар оқу барысында өздерінің тапсырманы қаншалықты дұрыс орындағанын біле алады. Ал мұғалімдер оқушының қаншалықты ілгерілегені туралы мәлімет алып, соған сүйене отырып оқыту үдерісіне өзгеріс енгізіп, түзетіп отырады. Оқу тапсырмаларын бағалау кезінде оқушы оқу үдерісіне белсене араласып, одан қандай нәтиже күтілетінін түсінеді. Сонымен қатар, өз жұмысына өзі баға берумен қатар, сыныптастарын бағалау арқылы өзінің білімін жетілдіреді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Біз мақаламызда жаңартылған білім мазмұны жағдайында математиканы оқыту барысындағы оқушылардың білімін бағалау нәтижесінде қолданылатын оқу тапсырмаларының құрылымы мен түрлеріне тоқталдық. Қазіргі кезде математиканың қолданбалылығын көрсету үшін оқу тапсырмалары төңірегінде зерттеулер қызығушылық тудыруда. Осы саладағы зерттеулер біздің елде ғана емес, халықаралық деңгейде де қарастырылуда. Оның себебі, оқушылардың математикаға деген қызығушылығын теориялық негізден тәжірибелік, практикалық деңгейге көтеруге деген сұраныстың болуында.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Орта білім мазмұнын Назарбаев Зияткерлік мектептері тәжірибесі негізінде жаңарту. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2014.– 43 б.
2. Казаков А.Н., Якушев А.О. Логика-І. Парадоксология: пособие для учащихся старших классов лицеев, колледжей и гимназий.-М.:АО «Аспект Пресс».1994.-256 с.
3. Данилов М. А., Есипов Б. П. Дидактика.— М.: Изд-во АПН РСФСР, 1957.-158 с.
4. Соколов В.Н. Педагогическая эвристика. Введение в теорию и методику эвристической деятельности. М., 1995. (Программа: Обновление гуманитарного образования в России).-74-75с.
5. Петровский А.В Введение в психологию - М., 1995.-210 с.
6. Ғылыми-жаратылыстану циклы пәндері бойынша жобалық тапсырмалар. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2015. – 80б.
7. Peters, S. (1998). Playing games and learning mathematics: The results of two intervention studies [Ойын арқылы математиканы үйрену: екі өзгеріс енгізу үдерісінің нәтижелері]. *International Journal of Early Years Education*, 6(1), 49-58.
8. OECD Policy brief, November 2005.*Formative Assessment: Improving Learning in Secondary Classrooms* [Қалыптастырушы бағалау: орта мектепте оқуды жетілдіру]. <http://www.oecd.org/edu/cei/35661078.pdf>
9. Дәулетқұлова А.Ө., Досмайлова А.Б. Құзыретті бағдарланған тапсырмалар және олардың ерекшеліктері // Ұлы Жеңістің 70 жылдығына және Кеңес Одағының Батыры Қ.М.Сұрағановты еске алуға арналған «Математика: Ғылым мен Білімнің инновациялық әдістері»: республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. Алматы: «ҚазМемҚызПУ» баспасы, 2015. – 81-83 б.б.

**КӘСІБИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА СИНЕРГЕТИКАНЫҢ
ИДЕЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

п.ғ.к., профессор **Н. ИЛЬЯСОВ***
п.ғ.к., профессор **М.И.ЕСЕНОВА**

Түйіндеме:

Мақалада білім беру жүйесіндегі, сонымен қатар, оқу пәндерін оқыту әдістемесі саласындағы синергетикалық ағым тұлғаның танымдық іс-әрекетінің белсенділігін дамытудың жалпы заңдылықтарын ашумен тығыз байланыстылығы қарастырылады. Барлық негізгі элементтерінің бірге орындалуы және олардың өзара байланысы оқу және тәрбиелеу процесін синергетикалық заңдылықтар мен әдіс-тәсілдердің негізінде ұйымдастыру туралы болжам жасауға мүмкіндік береді.

Ғылыми зерттеулердің жаңа әдіснамалық бағыты, яғни, синергетика ерекше статуска ие. Біріккен іс-қимыл, үйлесе қарекеттену деген мағынаны білдіретін, бұл термин біртұтас құрылымдық түзілулерде, оның бөліктерінің бірлескен өзара әсерлесуіне айрықша назар аудартады, әртүрлі ашық жүйелерде түзілетін, пайда болатын және оларды қолдайтын өзін-өзі реттейтін (тәрбиелейтін, дамытатын, басқаратын) процестердің аса маңызды ролін айқындайды

Синергетикалық заңдылықтар педагогиканың жеке мәселелерін зерттеулерде де, әдіснамалық ұстанымдар (принциптер) ретінде де қызмет атқара алады.

Соңғы жылдары жүргізілген педагогикалық зерттеулер де осы тәріздес қорытындыларға келді: оқыту мен тәрбиелеудің негізгі мақсаты тұлғада өзін-өзі басқару, ұйымдастыру, дамыту, тәрбиелеу және өздігінен білім алу қабілеттері мен дағдыларын қалыптастыру. Синергетиканың ендігі ролі тұлғаның іс-әрекеттеріндегі өздігінен ұйымдасудың себептері мен шарттарының пайда болу мүмкіндіктерін анықтау және пайдалану болып табылады.

Түйін сөздер: оқыту, әдіснама, синергетика, информация, энтропия.

**THEORETICAL BASES OF USE OF IDEAS OF SYNERGETICS AT STUDYING OF IS
PROFESSIONAL-PEDAGOGICAL SUBJECTS****Abstract:**

The article deals with the closely related synergetic flow in the educational system, as well as the teaching methodology of teaching disciplines, with the disclosure of the general laws of the development of cognitive activity of a person. Together with all of the key elements and their interrelationships make it possible to forecast the organization of education and upbringing on the basis of synergetic patterns and methods.

The new methodology of scientific research, that is, synergetics has a special status. The term "cohesive action", meaning "cohesion," is a term that emphasizes the interconnectedness of its constituent parts in the unified structure, the most important processes of self-regulating (educating, developing, and controlling) emerging, emerging and supporting them in various open systems. the role of

Synergetic laws can serve as a methodological principle in the study of personal problems of pedagogy.

Pedagogical research in recent years has come to this conclusion: the main purpose of education and upbringing is to develop self-management, organization, development, upbringing and self-education skills. The role of synergetics is to identify and utilize the possibility of occurrence of causes and conditions of self-organization in the person's actions.

Keywords: teaching, methodology, synergetic, information, entropy.

КІРІСПЕ

Қазіргі кезде ашық күрделі жүйелерді зерттеуге, оны түсінуге мүмкіндік беретін эмбебап (универсал) заңдарды тұжырымдаудың ең тиімді, негізгі жолы ретінде синергетика (материя және оның қозғалысының өздігінен реттелу теориясы) саналады. Термодинамика жылулық тепе-тең күйлердегі жүйелерді қарастыратыны белгілі, ал синергетика жылулық тепе-теңдіктегі күйден қашық жүйелерді зерттейді. Яғни, термодинамика тұйықталған, ал синергетика ашық жүйелерді қарастырады. Бірақ, ашық күрделі жүйелерді, олардағы энергия немесе зат ағындары белгілі бір шектерде нөлге ұмтылады деп санап, тұйық жүйе ретінде қарастыра отырып зерттеуге болады.

* Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, nizan@mail.ru

Осылардан, термодинамиканың бастамалары мен негізгі қағидалары синергетика тағайындаған жалпы заңдар мен заңдылықтардың шекті жағдайлары болып табылады

Синергетика (грекше үйлесу, бірлесе қимыл жасау, әрекеттену деген мағынаны білдіреді) - физикалық, биологиялық, химиялық, экономикалық, әлеуметтік жүйелер мен құрылымдардың арасындағы байланыстарды, оларды тепе-тең емес процестерде, жүйенің өзін қоршаған ортамен зат, энергия және информация алмасуы тұрғысынан зерттейтін тұрғысынан ғылымның жаңа әдіснамалық бағыты.

Ашық күрделі жүйелерді зерттеуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, осы аталған теорияның негізгі қағидалары мен одан шығатын салдарлар, маңызды қорытындылар атақты ғалымдар - М.Пригожин [1], Г.Хакен [2], Г.Николис [3], З.Ж.Жаңабаев [4] және т.б. еңбектерінде тұжырымдалған. Олар әртүрлі тепе-теңсіз күйдегі табиғи физикалық, биологиялық, химиялық құбылыстарды зерттеулер арқылы ашық күрделі жүйелерде өздігінен даму процестері жүзеге асатынын анықтаған.

Қазіргі ғылымда энтропия ұғымы әлемдік құбылыстарды түсінуде үлкен роль атқарады. Физикалық зерттеулердің нәтижелері оқшау тепе-теңсіз күйдегі жүйелерде байқалатын процестердің барлығы олардағы энтропияның өсуімен қабаттаса жүретінін дәлелдеген. Осыдан, ғалымдар, энтропияның өсуі тұйық жүйелердің тепе-тең күйге келуін білдіреді деген қорытындыға келген. Статистикалық физикада энтропияны жүйенің берілген күйде табылу ықтималдығының өлшемі ретінде қарастырады (Больцман). Олай болса, жүйе энтропиясының артуы, оны бейберекеттікке әкеледі деген қорытынды жасалады. Соңғы жылдары қарқынды даму үстіндегі синергетиканың (материя мен оның қозғалысының өздігінен реттелу теориясы) жетістіктері, керісінше, табиғи жүйелерде жүретін көптеген құбылыстар мен процестерде, олардың энтропиясының кемитіндігі тағайындалып отыр. Мұның басты себебі, ғалымдардың пікірінше, жүйені құрайтын элементтердің өз бетінше үйлесе, ұйымдаса әрекеттенуінің нәтижесі. Кездейсоқ процестер теориясында, тепе-тең емес процестер термодинамикасында, сызықты емес толқындар мен тербелістер теориясында жүргізілген зерттеулердің нәтижелері және одан туындайтын қорытындылар бұның басты дәлелі болып табылады.

Физик И.Пригожин күрделі физикалық және химиялық құбылыстар мен процестерді талдау негізінде, тепе-тең емес стационар жүйелердегі энтропия өнімінің минимумы (ретсіздік, бейберекеттік өлшемінің өсу қарқынының баяулауы) жөніндегі теореманы дәлелдеді. Басқаша айтқанда, ол сыртқы әсерлердің нәтижесінде нақты процестерде үнемі орын алатын, бейберекеттіктен реттіліктің түзілу мүмкіндігі байқалатынын тағайындады.

Кеністік-уақыт, функционалдық сипаттамалық құрылымдар түрінде түзілген реттілік сыртқы факторлар ғана емес, сонымен қатар, көп жағдайда, күрделі объектілердің ішкі қасиеттерінің сипатына байланысты болатыны анықталды. Сондықтан, бұл заңдылық жүйенің өздігінен реттелу (саморганализация) теориясы деп аталды және физика, биология және т.б. ғылым салаларында ғалымдардың белсенді зерттеу жұмыстарының нәтижелері, аталған құбылыстың әмбебап сипатын айқындады.

Қоршаған ортамен, өзін құрайтын элементтердің өзара үйлескен іс-қимылдарының арқасында, қарқынды түрде зат, энергия және информация алмасу негізінде дами алатын, ашық күрделі жүйелер қатарына жататын физикалық, химиялық биологиялық, әлеуметтік, экономикалық және т.б. жүйелер мен объектілер үшін И.Пригожиннің энтропия өнімінің минимумы теоремасы мүлтіксіз орындалады. [1; 4]. Жүйеде тепе-тең күйдің орнауына кедергі жасалатын сыртқы шарттарда оның стационар күйі энтропияның ең кіші мәніне сәйкес келеді.

Қазіргі кезеңде, синергетиканың заңдылықтарын тағайындауда және оларды физикалық, экономикалық, экологиялық, әлеуметтік, педагогикалық жүйелерді зерттеуде қомақты нәтижелерге қол жеткізіліп отыр. Жоғарыда аталған ғылым салаларында осы бағытта жүргізіліп жатқан зерттеу жұмыстарында синергетика – құралатын элементтері өздігінен үйлесімді іс-қимылдар жасау арқылы әсерлесетін, және соның негізінде дамитын, күрделі ашық жүйелерде түзілетін процестердің жүзеге асу заңдылықтарын тағайындайтын – комплексті пән және жаратылыстану ғылымдарының әдіснамалық негізі бола алатын ғылыми бағыт ретінде тұжырымдалып жүр.

Әлемде, жүйені, материяны құрайтын элементтер мен бөлшектердің өзара ұйымдаса әрекет жасап, сыртқы, өзін қоршаған ортамен, энергия және информация алмасу арқылы жаңа, көп ретте, өзіне ұқсас құрылымдарды түзуі жиі кездеседі. Мұндай жалпы заңдылықтар тек қана микродүниелерде ғана емес, сонымен қатар, макроскопиялық жүйелерде жүретін процестерде әлемдік деңгейлерде де байқалады.

Жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектерінен синергетикалық заңдылықтардың тек табиғи бейсызық процестерге ғана тән еместігін, оларды әлеуметтік, қоғамдық және экономикалық құбылыстар мен процестерді зерттеуге, талдауға қолдана отырып, солардың негізінде әрі қарай дамытуға пайдалануға болатындығы көрінеді. Көптеген ғалымдар, ашық күрделі жүйелерді зерттеуді тиімді жүзеге асыруда, оны өздігінен реттелуге, өздігінен дамуға әкелетін негізгі шарттар тағайындалатын басты факторлар айқындалуы тиіс деп санайды.

Қазіргі кезеңде, бұл бағыттағы ғылыми зерттеу жұмыстарының көбі синергетиканы экономикаға қолдану мүмкіндіктерін қарастырады. Бірақ, экономика дамуының негізгі белгілерін дәл анықтау көптеген объективті және субъективті қиыдықтар тудырады, олар өндірістік, саяси қоғамдық өзгерістерге өте-мөте тәуелді. Көп жағдайда, бұл қиыншылықтар, экономиканың дамуына зор ықпалын тигізетін, жеке тұлғаның мінезін, психологиялық ерекшеліктерін, білімі мен біліктілігін ескерсек арта түседі. Дегенмен, материя мен оның қозғалысының өздігінен реттелу теориясының жалпы заңдылықтарын, саяси тұрақтылық орнаған, мақсаты, салыстырмалы тұрғыда, ұзақ уақыт өзгермейтін мемлекеттердің экономикасын дамыту үшін қолдануға, оны қандай үкімет басқармасын, толық мүмкіндік бар.

Гуманитарлық ғылымдардың ішінде синергетикалық заңдылықтарды қолдануға аса қолайлы күрделі жүйе ретінде педагогика ғылымын алуға болады. Педагогика жас ұрпақты қоғам талабына сай оқытуды, тәбиелеу мен дамытуды жүзеге асыратын ғылым және ол арнайы ұйымдастырылатын білім беру жүйелерінде жүргізіледі. Соңғы жылдары, педагог-ғалымдардың еңбектерінде педагогикалық процесс ашық күрделі жүйе ретінде қарастырылып жүр. Олардың пікірі бойынша, педагогиканың жалпы заңдарын, дидактикалық принциптерін терең әрі саналы меңгерудің әдіс-тәсілдері мен білім беру процесі құралатын сан алуан ахуалдарды талдау арқылы, оқытудың синергетикаға негізделген, жаңа заңдылықтарын тағайындау мүмкіндігі бар [5; 6].

Табиғатта, қоғамда, техникада күрделі жүйелер жиі кездесетіні жоғарыда айтылды. Бірақ күрделі жүйелер деп қандай құрылымдарды айтады? деген сұраққа бірімәнді жауап жоқ. Сонымен қатар, күрделі жүйені құрайтын элементтердің өзара әсерлесуі мен өздігінен реттеуі нәтижесінде жүзеге асатын даму процесі мен жолдары байқалатын құбылыстардың да нақты анықтамасы берілмеген. Бұларға, тепе-теңсіз күйдегі күрделі жүйенің функционалдық қаракетінің өздігінен реттелу процесін синергетикалық заңдылықтардың негізінде модельдеу жолымен ғана, ғылыми негізделген жауап табуға болады.

Бұл тығырықтан, күрделі жүйелерде орын алатын өздігінен реттелу процесінің, теориясының нақты тұжырымдалған анықтамасын емес, оның жүйелі түрде құрылған қасиеттерін пайдалану арқылы шығуға болады. Табиғаты әртүрлі ашық күрделі жүйелердің атқаратын қызметтеріне, даму мүмкіндіктеріне талдау жасау, олардың өздігінен реттелген күйге көшуі төменде келтірілген қасиеттер, заңдылықтар мен процестер арқылы жүзеге асатынын көрсетті. Ашық күрделі - өздігінен реттелетін жүйе сызықты емес, динамикалы және стохасты (яғни, уақыт бойынша бейберекет жүйе). Аталмыш жүйенің бейсызықтығы, оны құрайтын бөліктердің өзара тұрақты түрде әсерлесетінін және олардың әрбірінің қасиеттерінің осы жүйеде жүретін процестердің сипатына тәуелділігін білдіреді. Реттеуші параметрлерінің ролі артқанда сызықты емес динамикалық жүйе күйінің сипаты бірімәнді болмайтындықтан, ол уақыт бойынша бейберекет. Ескерте кетейік, бұл кезде, өздігінен реттелу процесінің нәтижесінде жүзеге асатын динамикалық бейберекеттіктің өзіндік құрылымы, яғни, ішкі тәртіптілігі болады.

Сыртқы ортамен энергия және информация алмасатын күрделі ашық жүйе бейберекеттіктен реттелген күйге өтуі үшін, ол, біріншіден, сызықты емес, екіншіден, тепе-теңсіз күйде (процесс сипатының уақыт пен кеңістікке тәуелділігі), ал, үшіншіден, тұйықталмаған болуы тиіс. Жаңадан түзілген құрылымдар статикалы емес, олар барлық уақытта үздіксіз қозғалыста және өзара ұжымды әсерлесу жағдайында болады. Осы жүйедегі бейберекеттіктен түзілген жаңа құрылымдар қайсыбір мезеттерде бірігіп, ал кейбір жағдайларды, өзіне-өзі ұқсас (самоподобный) элементтерге ыдырап жатады.

Сәйкес таңдалып алынған кеңістік-уақыт масштабында, тұтас жүйенің қасиеті, оны құрайтын бөліктердің қасиеттерімен сипаталады, яғни, бөліктердің толеранттығы орын алады. Құрылымның өзіне-өзі ұқсас элементтерге бөліну процестерінің жүру сатылары статистикалық, ықтималдық заңдылықтары арқылы өзара байланысқан және оларда информацияның берілуі иерархиялы (сатылы) түрде жүзеге асады. Өздігінен реттелетін жүйе квазистационарлы - онда құрылымдардың туып отыруы мен жоғалуының тепе-теңдігі кезкелген уақыт мезеті үшін тұрақты сақталады.

Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінде басты, маңызы жоғары мәселелері педагогикалық процесті басқарудың ғылыми негізіне тіреледі. Мысалы, педагогикалық жүйені басқару мүмкіндігі,

онда белгілі функционалдық заңдылықтардың түзілуінен туындайды. Кезкелген әлеуметтік жүйені басқару, оның міндеті мен мақсатын орындауға, оны дамыту мен жетілдіруге бағытталған іс-әрекеттерді білдіреді.

Бірқатар педагог-ғалымдардың еңбектерінде ұстаздық қызметтің теориясы мен практикасын зерттеулер мен талдаулар, оны педагогикалық процесс түріндегі біртұтас жүйе ретінде қарастыру қажеттігі жөнінде қорытынды жасалған. Педагогикалық процесс – оқытушы-оқушы, оқушы-оқушы, сынып жетекшісі-оқушылар және т.б. микроқұрылымдардан тұратын күрделі жүйе және оның мынадай маңызды белгілері мен заңдылықтары тағайындалған:

- жүйенің әлеуметтік сипаты бар және ол өзара әсерлесе алатын бөліктерден құралады;
- жүйе іс-әрекеттермен, информация алмасу есебінен жұмыс жасайды;
- жүйе, өзінің жұмысын атқаруды қамтамасыз ете алатын қорға ие;
- жүйенің ішкі құрылымы оның деңгейлерінің иерархиялық сипатын және қоршаған ортамен байланысын ашады;

- жүйе информация берілуі, таратылуы арқылы басқарылады;

- педагогикалық процесс- элементтерінің ішкі байланыстары бар, өздігінен реттеле алатын жүйе болғандықтан, оның дамуы аталған элементтердің күйіне, олардың араларында туындайтын өзара әсерлесулер мен қарама-қайшылықтарға тығыз байланысты.

Осы келтірілген негізгі белгілер мен заңдылықтар педагогикалық оқу орындарындағы оқу-тәрбие жұмыстарын талдауға, ғылыми-әдістемелік нұсқамалар әзірлеуге мүмкіндік береді. Сонымен, синергетика жүйе мен педагогикалық процестің қасиеттерін салыстыру, олардың әдіснамалық негізінің бір екендігін білдіреді және оның бірлігін дәлелдейді.

Синергетикалық заңдылықтар педагогиканың жеке мәселелерін зерттеулерде де, әдіснамалық ұстанымдар (принциптер) ретінде де қызмет атқара алады. Мысалы, құрылымдық-логикалық сұлбалар, проблемалық ахуалдар, тірек белгілері түріндегі оқытудың әртүрлі жолдары мен әдістемелік тәсілдердің педагогикалық жүйені өзін-өзі реттеуге бағытталған құрылымы, оқу мазмұнын синергетикалық тұрғыда талдауға, іріктеуге жатады. Студенттер мен оқушылардың білімін, біліктілігін мен дағдыларын бақылауда, тексеру мен бағалауда, яғни, үнемі қадағалап отыруда статистикалық заңдылықтардың бейсызықтық сипаты орын алатындығы дәлелденген. Ізденімпаздық пен шығармашылық қабілеттерінің қалыптасуын тұлғаның өзін-өзі дамыту, басқару мен тәрбиелеу процесі, оның өз бетінше даму процесі деп қарастыруға болады.

Педагогикалық процестің тұлғада әртүрлі қасиеттер мен қабілеттерді қалыптастыруға мүмкіндік беретін кейбір іргелі заңдылықтары, өздігінен реттелетін жүйелердің, жаңа теориялық модельдерін құруда аса зор пайдасын тигізуі мүмкін. Біздің ойымызша, бұл кезде, мұғалімнің ізденімпаздығын, оның оқу-тәрбиелеу процесін атқарудағы іс-әрекеттері мен оны басқарудағы ролін зерттеудің үлкен маңызы бар.

Кәсіпкерлік іс-әрекет «синергетикалық қасиеттерге ие динамикалы, полиқұрылымды, көпдеңгейлі, иерархиялы жүйелердің қатарына жатады. Ол барлық уақытта өзін дамытуға немесе, керісінше, баяулатуға нақты жағдай тудыратын, белгілі қоғамдық қатынастағы жүйелерде жүзеге асады. Педагогикалық мамандықтардың негізгі ерекшеліктерінің бірі мынада- кезкелген білім беру жүйесінің синергетикалық қасиеттері, педагогикалық процестің мүшелері ретінде, ондағы жүретін динамикалық процестердің дамуы және қоршаған ортаның, яғни, қоғамдық қатынастардың әсерінен тұрақты өзгерістерге ұшырап отырады» [2].

Білім беру жүйесіндегі, сонымен қатар, пәнді оқыту әдістемесі саласындағы синергетикалық идеялар тұлғаның танымдық іс-әрекетінің белсенділігін дамытудың жалпы заңдылықтарын ашумен тығыз байланысты. Барлық негізгі элементтерінің бірге орындалуы және олардың өзара байланысы оқу және тәрбиелеу процесін синергетикалық заңдылықтар мен әдіс-тәсілдердің негізінде ұйымдастыру туралы болжам жасауға мүмкіндік береді.

Ғылыми зерттеулердің жаңа әдіснамалық бағыты, яғни, синергетика ерекше статуска ие. Біріккен іс-қимыл, үйлесе қарекеттену деген мағынаны білдіретін, Г.Хакен ұсынған бұл термин біртұтас құрылымдық түзілулерде, оның бөліктерінің бірлескен өзара әсерлесуіне айрықша назар аудартады, әртүрлі ашық жүйелерде түзілетін, пайда болатын және оларды қолдайтын өзін-өзі реттейтін (тәрбиелейтін, дамытатын, басқаратын) процестердің аса маңызды ролін айқындайды [7].

И.Забудский еңбектерінде, әртүрлі мазмұнды есептерді шығаруда бірегей синергетикалық әдісті қолдану қажеттігі туралы қорытындыға келеді. Оның пікірінше, "Сызықты емес математикалық және физикалық есептерді шығаруға қолданатын синергетикалық әдісті, математикалық және физикалық мазмұнды теңдеулер жүйесінде қойылатын, ақылға сиятын

сұрақтардың шешімін алу үшін, кәдімгі сараптау мен сандық машиналы математиканы бірге пайдалану деп анықтауға болады" [8].

Жалпы тұрғыда синергетика (материя және оның қозғалысының өздігінен реттелу теориясы) материяның эволюциялық проблемаларын қарастырумен және соған сәйкес, оның өзіндік қозғалысының, өзіндік дамуының, өзін-өзі реттеуінің ұйымдастырушылық және функционалдық аспектілерін зерттеумен айналысады. Бұл ғылымның әдіснамалық бағытының негізгі міндеті, табиғаты сан-алуан әртүрлі жүйелерде: физикалық, биологиялық, экономикалық, экологиялық және т.б. жүретін өздігінен реттелу процестерінің негізін қалайтын, жалпы заңдылықтар мен ұстанымдарды танып-білу және оларды тағайындау болып табылады.

Аталған концепцияға сүйенетін оқытудың әдіс-тәсілдері, қазіргі білім беру процесінде қалыптасқан көзқарастар тұрғысынан қарағанда, өте бай мүмкіндіктерге ие. Өздігінен реттелетін жүйелерді құрайтын элементтер жиынының, нәтижесінде макроскопиялық деңгейде құрылым және оның, соған сәйкес, атқаратын функциясы пайда болатын, бірлескен іс-қимылы, қаракеті зерттеледі. Екінші жағынан, өзін-өзі реттейтін жүйелерді басқарудың жалпы ұстанымдарын тағайындау үшін көптеген әртүрлі пәндердің бірлескен, үйлесімді іс-әрекеті қажет [7].

Синергетиканы зерттеуші ғалымдардың пікірінше, "синергетика идеяларын қолдану мүмкіндігінің үш варианты бар. Бірінші екеуі - классикалық, олар күрделі ашық термодинамикалық жүйелерді сипаттауда және синергетика қарастыратын, сызықты емес дифференциалдық теңдеулермен сипатталатын жүйелерді (экологиялық, экономикалық, әлеуметтік), зерттеулерде пайдаланылады. Үшінші вариант – алдыңғы екі жағдайда сипатталған жүйелердің жалпы заңдылықтарын жаңа жүйені зерттеуге қолдануды жүзеге асырады. Жаңа жүйені зерттегенде алынған эмпирикалық материалдардың, алдыңғы екі жағдайда байқалған мінездік, сипаттамалық ерекшеліктерінің сәйкестігін ашып көрсету керек, себебі, бұл зерттелген жүйенің бұрынғы, синергетика сипаттаған жүйелермен бір топқа жататынын білдіреді [9].

Біздің жағдайда үшінші вариант орын алады деп санауға болады, өйткені, синергетика қарастыратын жүйелердің жалпы және негізгі қасиетінің бірі, олардың даму барысында өзін-өзі реттеу қабілеті болып табылады. Өздігінен реттелу процесінің мәні мынада: "жүйеге берілетін сыртқы әсер, қайсыбір шекті, критикалық мәннен артқан кезде, осы зерттелетін жүйеде пайда болатын құрылымының күрделенуінде. Бұл кезде жүйеде жаңа құрылымдық элементтер пайда болады немесе ескі құрылымдар жаңа функциялар атқаратындай болып қайта түзіледі. Осыған байланысты, жүйенің атқаратын "жұмысының" тиімділігі, қоршаған ортаның өскелең талаптарын қанағаттандыратындай, жалпы түрде артады. ... өздігінен реттелу процесі жүйенің симметриялық дәрежесінің кемуімен органикалық байланыста болады. Басқаша сөзбен айтқанда, синергетика қарастыратын жүйелердің ең жалпы заңдылығы, шекті жағдайларда, критикалық нүктелерде оның құрылымының секірмелі сипатта күрделенуі болып табылады" [10, 120].

Keң мағынада, өздігінен реттелу теориясы -синергетика, қоршаған ортамен информациялар ағыны арқылы алмасатын жүйелерді зерттейді. Мұндай жүйелерге педагогика ғылымдарының зерттеу пәнін жатқызуға болады. Олай болса, бұл тұжырым, жоғарыда атап өтілгендей, синергетиканың жалпы заңдылықтарын педагогика мен оның салаларына көшірудің қажеттілігін сипаттайды және соның негізі болып табылады. Әрине, мұндай ауыстырулар синергетика идеялары тікелей қолданылған, классикалық ашық термодинамикалық жүйелерге жатпайтын ғылымдар мен объектілердегі (экономика, социология, экология), көшіру тәжірибелерін ескеруді қажет етеді.

Сонымен, жоғарыда айтылғандардан мынадай қорытынды жасауға болады: материя және оның қозғалысының өздігінен реттелу теориясы қарастыратын жүйелердің жалпы заңдылықтарын педагогикалық және дидактикалық зерттеулерде кеңінен қолдануға, оларды жалпы педагогика ғылымына ауыстыруға болады, себебі, бұл педагогика зерттейтін объектілердің ерекшеліктерін есепке алатын, меншікті абстракциялық модельдердің қалыптасуын ғылыми негізде әрі қарай дамытуды оңайлатуға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезеңде, материя және оның қозғалысының өздігінен реттелу теориясының әдіснамалық идеялары физикада, химияда, биологияда, әлеуметтік ғылымдарда кеңінен қолданылуда және бірнеше ғылым салаларының араласуымен жүргізіліп жатқан көптеген зерттеу жұмыстарының арқауы болып отыр. Өздігінен реттелу процестері, жоғары деңгейлі күрделілікке ие, өте көп элементтерден тұратын және олардың араларындағы байланыстар қатаң емес, ықтималдық сипаты бар ашық жүйелерде байқалады.

Өзін-өзі реттейтін жүйелер құралатын элементтердің күйі мен құрылымы, қоршаған ортадағы өзгерістерге сәйкес қайта түзілуімен және оларда жаңа қасиеттердің, байланыстардың пайда болуымен анықталады, бірақ, сонымен қатар, ондай процестер белгілі мөлшерде егеменді және салыстырмалы тұрғыда сыртқы ортаға тәуелсіз болады. Бұл, атқаратын қызметі, функциясы күрделі ашық

жүйелерде, тұтас құрылымда, оларды құрайтын жеке бөліктердің сипаты мен дамуына әсер ететін, ерекше сипатқа ие басқару механизмдерінің болатынын білдіреді.

Материя мен оның қозғалысының өздігінен реттелу теориясы оқу-тәрбиелеу және даму процестерінде аса маңызды роль атқарады, себебі, ол тұлға құрылымының қайта түзілуіне жағдай жасайды және оқу-танымдық іс-әрекеттің жаңа субъектісінің пайда болуын қамтамасыз етеді. Жалпы түрде, жаңа түзілімдердің қалыптасуы оқу процесін реттеуші жаңа күйді және соған сәйкес құрылымды, тұлғаның дамуына тән ішкі сұраныстарына байланысты көзқарастар тұрғысында тиімді, жетілдірілген басқа құрылымдармен алмастырушы қызметін атқарады.

Біздің ойымызша, оқушыларға білім беру міндеттерін шешуде, пайда болатын және даму үстіндегі жаңа құрылымдарды нақты өмірде кездесетін өздігінен реттелу процестерінің жеке түрлері ретінде қарастыру керек сияқты. Жаратылыстанудағы классикалық дәстүрлі аналитикамен салыстырғанда, синтез немесе бірігу процестері басты роль атқаратын, жүйелілік ұстанымы мен синергетикалық заңдылықтар болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығының сапасын аттыру мәселесін нақтылауға және оқытудың жаңа технологияларын қамтуға қатысты, оның мазмұнын сапалы тұрғыда өзгертуге мүмкіндік береді. Бұның өздігінен реттелу құбылысына сәйкес екендігі көрінеді, яғни, жүйеде бұрынғыдан өзгеше, оның жеке компоненттеріне тән емес, жаңа қасиеттер және қызмет атқару функциялары пайда болады.

Жоғары педагогикалық шеберліктің, авторлық әдістемелердің мысалдары "синергетикалық әдісті қолданудың ең ұтымды үлгілері болып табылады, бірақ, мәселе бірыңғай әдістеме құруда емес, мәселе оқытушыны, адам туралы ғылыми көзқарас негізінде, саналы түрде өзінің, тек қана өзіне тән әдістемесі мен стилін құруға үйрету болып табылады. Бұл жерде ең маңыздысы "білім берудегі жүйелілік ұстанымы емес, білім беру кеңістігіндегі субъектілердің өзін-өзі реттеу механизмдері мен динамикасын, демократия жағдайында білім беру ісін басқару мен білім беру кешендерінің инициативаларын, тұтас креативті жүйе ретіндегі білім беру мен тәрбиелеудің бірлігін есепке алу" [11] болып табылады.

Сондықтан, синергетикалық концепцияның "инженер, жаратылыс танушы және гуманитарлар үшін бір метатіл" деп аталғаны кездейсоқтық емес және соның негізінде, ғылыми танымдық процесінде жаңа қатынас орнатуға, жоғарғы білімнің, ғылымның және техниканың жеке салаларының арасында қалыптасқан, тағайындалған, арнайы және кәсіби терминдер түріндегі тосқауылдарды бұзуға болады.

Әлемнің қазіргі даму сатысында, яғни, информация ағынының қарқынды артуы мен компьютерлендіру, күрделі әлеуметтік және табиғи процестерді және компьютерлік есептеу экспериментін математикалық модельдеудің табысты өркендеуі заманында, сызықтық ойлау мен сызықтық жуықтау үлгілеріне негізделген бұрынғы ескі әдістерді, модельдерді пайдалану дұрыс нәтиже бермейді. Себебі, олар модельдерді еш қисыны жоқ күрделендіруге итереді, оны сипаттайтын параметрлердің санын көбейтуге және соның бәрін ескеруге тырысады. Сонымен қатар, күрделі әлеуметтік процестерді модельдеуге мүмкіндік беретін бұрынғы әдіснамалық бағыттар келешектің бірімәнді еместігін, ондағы эволюциялық процестердің бүліну (детерминациялық) факторларын, эволюциялық процестердегі бейберекеттіктің конструктивтік сипаты мен тез жүретін процестердің күрделілікті дамытудағы ролін және көптеген басқа мәселелерді ескермейді.

Біз, өздігінен реттелетін жүйелі біліммен қамтамасыз ететін басты объект деп "оқытылатын, тәрбиеленетін және өзін-өзі оқытатын, тәрбиелейтін жүйені" оқушыны, студентті санаймыз.

Қазіргі жалпы білім беретін орта мектептерде оқу процесін жетілдіру, оқушылардың интеллектуалдық деңгейін көтеру, ой-өрісін, шығармашылық қабілетін дамыту проблемалары, олардың оқу-танымдық, ізденімпаздық және жасампаздық потенциалын арттыру мәселесімен тығыз байланысты. Сондықтан, жастарда осы аталған қасиеттерді қалыптастыру білім беру ісінің ең соңғы табысты нәтижесі және оқу процесінің тиімділігін жоғарылатудың маңызды құралы ретінде қарастырылуда.

Елімізде білім беру жүйесінде жүргізіліп жатқан реформалар оқу процесін жеке оқушының білімін, біліктілігі мен дағдыларын жоғары деңгейге көтеру мәселесін қамтамасыз етуге, яғни, оларда тұлғаға тән қасиеттер мен қабілеттерді (өз бетінше білімін толықтыру, өзін-өзі басқару, дамыту мен тәрбиелеу) қалыптастыруды жүзеге асыруға бағытталған. Бұдан, әрбір оқушының өзіне тән тұлғалық ерекшеліктері және оны дамыту заңдылықтары мен жолдары мектептің кезкелген пәнін оқытудың ұтымды, тиімді әдістемелік жүйесін құрудың негізі ретінде алынуы тиістігі туындайды.

Қазіргі кезде оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеттерін басқаруда, оның қайсыбір сатысында ашық, ал кейбір жағдайларда циклді түрде жүзеге асырылатын аралас дидактикалық жүйелер қолданылады. Информацияның берілу сипатына байланысты, білім беруде, оқу-тәрбиелеу процестерінде бағытталған және шашыраған дидактикалық жүйелерді айырады. Басқарудың бағытталған

дидактикалық жүйесінде информация коммуникатордан, танымдық ерекшеліктері ескерілетін қайсы-бір оқушыға (реципиентке) арналады.

Соңғы жылдардағы педагогикалық және әдістемелік зерттеулер, информация берудің шашыраған дидактикалық жүйесін қолдануда оқушылардың білім деңгейі, оның бағыттала берілу жүйесімен салыстырғанда біршама төмен болатынын, яғни, алғашқысының, оқушылардың білімін, біліктері мен дағдыларын, оларда тұлғалық қасиеттер мен қабілеттер қалыптастырудағы, дамытудағы атқаратын ролі нашар екендігін дәлелдеп отыр. Сондықтан, қазіргі кезде педагогика ғылымында, оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеттерін басқарудың тікелей емес қосалқы, жанама тәсілдеріне көшудің әртүрлі жолдарын айқындау көзделуде және оның әдіс-тәсілдерін қолдану қарастырылуда. Мұнда, ғылым мен техниканың ең соңғы жетістіктерін пайдалануға бағытталған оқытудың жаңа технологияларына (бағдарламалық оқыту, оқу-әдістемелік кешендері, компьютерлік техниканың мүмкіндіктері, оқытудың кредиттік жүйесі және т.б.) сүйенеді. Қазіргі кезеңде қолданысқа енгізіліп жатқан, оқытудың кредиттік технологиялық жүйесін қосалқы оқыту түрлерінің жетілдірілген, дамыған түрі болып табылады деп қабылдау керек.

Педагогикада білім беру міндеттерін, мектепте өтілетін пәндерге арналған оқулықтар, оқу құралдары мен әрүрлі дидактикалық материалдар табысты шешуді қамтамасыз етеді деген пікір бұрыннан қалыптасқан. Бірақ, оқушының білім деңгейі, оның даму дәрежесі тек оқулықтар мен оқу құралдарының сапасына емес, мұғалімнің кәсіби дайындық деңгейіне, шеберлігіне байланысты болатыны дәлелденген және осы бағытта көп ізденістер жүргізілуде.

Сонымен, оқу процесін басқаруда басты роль оқытушының өз пәнінің мазмұнын жеткілікті дәрежеде терең әрі саналы игеруін, оны оқушыға қарапайым түрде жеткізуге, түсіндіруге мүмкіндік беретін пән тілін жақсы меңгеруін талап етеді. Мысалы, пән тілі - сөз, терминология және символика сияқты компоненттерден тұрады. Осыған сәйкес, пән бойынша информациялық сөздік, аналитикалық және графикалық формаларда беріледі. Жалпы айтқанда, оқытушы өзінің негізгі мақсаты – әрбір оқушының пәні бойынша сауаттылығын толық қалыптастыру нәтижесіне қол жеткізу бағытындағы шеберлігін көтеруге, жетілдіруге міндетті. Ал осының негізінде әдіснамалық идеяларды тиімді пайдалана алу екенін есте ұстау қажет.

Әдіснама ғылыми зерттеулердің, оқу процесін дамыту мен жетілдірудің әдіс-тәсілдері, принциптері туралы ілім болғандықтан, ол, танымдық процесс ғылымның қандай саласында жүзеге асырылмасын, оның барлығына ортақ сипаттары, заңдылықтары мен кезеңдері болады деген болжамға негізделеді. Олай болса, әдіснаманың басты міндеті ғылыми ойдың белсенді қызмет атқаруы мен дамуының, барлық ғылым салаларына сәйкес жалпы заңдылықтарын тағайындау болып табылады. Нақты зерттеу әдістерін жасамағанымен, әдіснама оларды эмпирикалық материалдар ретінде жаңа таным заңдылықтарын ашуға және жетілдіруде кеңінен пайдаланады.

Сондықтан, ғылыми-танымдық процестің жалпы заңдылықтары болашақ зерттеушілерді дайындауда, жастарды оқу-зерттеу жұмысына тартуда, оларды оқу-танымдық іс-әрекеттің қыры мен сырына үйретуде маңызды рол атқарады. Техникалық және экономикалық тұрғыда ең тиімді нәтижелерге қолданыстағы технологиялар мен технологиялық процестерді жетілдіру емес, аса ірі іргелі жаңалықтарды енгізу арқылы жетуге болады. Ал осы іргелі заңдарды ашу,

проблемаларды шешу, ғылыми ойдың даму жолын, яғни, барлық ғылым салаларына ортақ зерттеу мен танымдық процестің әдіснамасын игеру арқылы ғана жүзеге асырылады.

Синергетикалық ұғымдар мен идеялар жалпы білім беретін орта мектептің оқулықтарына енгізіле бастады. Синергетика әдістерін магистратурада оқылатын арнайы курстарда жүйелі түрде өту қажет деп санаймыз. Философия докторы ғылыми дәрежесін (PhD) алуға бағытталған ізденушілер ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізумен қатар ғылымның ең соңғы және әмбебап әдістерін, соның ішінде, ғылымның әдіснамалық бағыты- синергетиканы игергені дұрыс болар еді.

Педагогикалық технология оқыту мен тәрбиелеу процесінің тиімділігін арттыруды, педагогикалық процесті болжауды және жоспарланған нәтижелерге міндетті түрде қол жеткізуді мақсат тұтады. Оқытудың жаңа технологияларының нақты түрлерінің мысалына оқытуды жандандырудың бұрын тексерілген, сынақтан өткен, әдістері мен жолдары - тірек белгілер (символдар, схемалар, таңбалар, формулалар және т.б. мәтінді қысқаша белгілеу арқылы саналы игеру тәсілдері), проблемалық ахуалдар (диалектикалық қарама-қайшылық түріндегі сұрақтар), құрылымды-логикалық жүйелер (жана материалдың түйінді мәселелерінің өзара байланысын тағайындау), ойындық ахуалдар - берілген шарттарда көп факторлы құбылыстарды модельдеу). Осы жоғарыда келтірілген дидактикалық тәсілдер әртүрлі оқыту әдістерін (репродуктивтік, іздену-эвристика, оқу-зерттеу) орнықты жүзеге асыру жолдары болып табылады.

Синергетикалық көзқарас бойынша жоғарыда келтірілген оқытудың жаңа технологияларының мысалдары информацияны “сығу” (концентрация) тәсілдеріне жатады. Білімділік білімсіздіктен сапалы жаңа сипаттамамен - адамның информацияны қабылдау, өңдеу, сақтау қабілетіне тән өзқауым процесімен өзгешеленеді. Педагогикалық зерттеулерде құбылыстың мәнін түсіну, таным мен зерттеудің әдіснамалық қағидаларын меңгеру “синергетикалық аттрактордың” ролін атқарады. Қармап алу қасиетіне ие орнықты жиын аттрактор деп аталады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Өте көп мәселелер педагогикалық процесті басқарудың ғылыми негізіне тіреледі. Мысалы, педагогикалық жүйені басқару мүмкіндігі онда белгілі функционалдық заңдылықтардың болуынан туындайды. Кезкелген әлеуметтік жүйені басқару оның міндет-мақсатын орындауға, оны дамытуға, жетілдіруге бағытталған іс-әрекетті білдіреді. Ғылымға белгілі өзқауым (синергетикалық) жүйе мен педагогикалық процестің мынадай құрылымдық сәйкестіктері байқалған: макроскопиялық - педагогикалық жүйе элементтерден, бөліктерден құралады; бейсызықтық - жүйенің барлық элементтері өзара әсерлеседі; тепе-теңсіздік - элементтердің даралық ерекшеліктері; ашықтық - информация алмасу; стохастылық - педагогикалық заңдылықтардың статистикалық сипаты; құрылымдық - жаңа сапалық функционалды сипаттамалардың түзілуі; иерархиялық- педагогикалық процестің көп деңгейлігі; квазистационарлық (виртуалдық)- педагогикалық жүйе күйінің сатылылығы; өзара үйлесімділік- педагогикалық процесте алынған нәтижелердің, оның жүру жолына тигізетін кері әсері.

Педагогикалық басқарудың мақсаты аталған заңдылықтарды ескеріп, тұлғаның өзі-өзі дамыту процесін жүзеге асыру. Күрделі жүйені синергетикалық басқару жүйені белгілі бағдармен дамытуды көздейтін кибернетикалық басқаруға қарағанда әлдеқайда мазмұнды. Синергетикалық басқару, өзқауым процесінде тағайындалған, жүйенің өзіндік қасиеттеріне тәуелді сипаттамалар мен көрсеткіштерге, яғни, демократиялық принциптерге, ынтымақтастық педагогикасына негізделген Оқытудың әртүрлі деңгейін, пәннің көлемін, оқу ісінің орындалуы жөнінде есеп беру түрлерін таңдау және т.б. педагогикалық процесті синергетика идеяларының негізінде басқарудың жеке фрагменттері.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Пригожин И., Стенгерс И. Порядок из хаоса. /Пер. с англ. М.: Прогресс, 1986. – 357 с.
2. Хакен Г. Информация и самоорганизация. М.: Мир, 1991. – 240 с.
3. Николис Дж. Динамика иерархических систем. Эволюционное представление. М.: Мир, 1989. -486 с.
4. Жаңабаев З.Ж., Ильясов Н., Темірқұлова Н.И. Бейсызық физика практикумы: Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 122 бет.
5. Жаңабаев З.Ж., Ильясов Н.И., Тынтаева Ш.Б. Физиканы оқыту теориясы және әдістемесі. – Алматы: ТОО «Полиграфия сервис и КО», 2006. – 169 б.
6. Зорина А.Я. Отражение идей самоорганизации в содержании образования. //Педагогика, 1996, №4. – С. 105-109.
7. Хакен Г. Синергетика. М.: Мир, 1973. - 404 с.
8. Забудский И. Nonlinear partial differential equations. – N.Y. Acad.press, 1967.- P.223.
9. Шевелева С.С. К становлению синергетической модели образования. //Общественные науки и современность. 1997. – С. 125-133.
10. Ильясов Н., Есенова М.И. Совершенствование профессиональной подготовки учителя в процессе изучения спецдисциплин. //В книге Проблема формирования профессионального мастерства учителя. – Алма-Ата: КазПИ им. Абая, 1995. – С. 118-125.
11. Жаңабаев З.Ж., Ильясов Н. Статистические методы контроля учебно-педагогической деятельности. //Материалы МНПК «Управление организациями образования на основе синергетического подхода. Алматы, 2006. - 62-68 б.

ШЕТЕЛ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

аға оқытушы **Л.А.ИСЕМБАЕВА***

аға оқытушы **З.Р.ҰЛТАРАҚОВА****

Түйіндеме:

Мақалада оқытушының кәсіби қызметіндегі шет тілін оқытуда коммуникативтік әдіс арқылы студенттердің танымдық қызығушылығын арттыру жолдары қарастырылған.

Түйін сөздер: *технология, коммуникативтік, мотивация, жоба, оқыту әдістемесі, қарым-қатынас.*

WAYS OF DEVELOPMENT OF COMMUNICATIVE COMPETENCE IN FOREIGN LANGUAGE LESSONS

Abstract:

The article is deals the communicative methods in teaching English language. The communicative approach helps to improve the skills of speaking in foreign language.

Key words: *technology, communicative, motivation, project, methods of teaching, interaction.*

КІРІСПЕ

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев 29 қаңтар 2011 жылы Қазақстан халқына жолдауында «Мен қазіргі заманғы қазақстандықтар үшін үш тілді білу әркімнің дербес табыстылығының міндетті шарты екендігін айтып келемін. Сондықтан 2020 жылға дейін ағылшын тілін білетін тұрғындар саны кемінде 20 пайызды құрауы тиіс деп есептеймін» деді. Сондай ақ, Елбасымыз өзінің дәрісінде қазіргі отандық білім беру жүйесі халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті, үнемі өз білімін жетілдіріп отыруға ынталы мамандарды даярлауға бағытталып отырғанын атап өтті. Білім беру білімді кәсіби мамандандырылған адам дайындау ғана емес, рухани дүниесі бай, және адамгершілігі зор, қоғамдық өмірдің барлық аясында ұлттық құндылықтарды бағалауға және дамытуға қабілетті тұлға қалыптастыру. Білім берудің алғы шарты бүгінгі қоғамға лайықты білікті де білгір азамат тәрбиелеу. Мұндай тұлға өз ұлтының және өзге ұлт өкілдерінің мәдени құндылықтарын қастерлейтін, саналы деңгейде пікірлесе алатын дәрежеде болуы керек.

Тәрбиелеу мен оқыту жүйесінде білім арқылы ең озық мәдениет пен дүниетаным қалыптасады. Осы орайда шет тілін оқыту өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Өйткені білім берудегі өзгерістер адамның ерікті дамуына, шығармашылық ынтасына, дербестігіне, бәсекеге қабілеттілігіне, болашақ мамандардың икемділігіне айқын бағыттап отыр. Тіл мен мәдениетті үйрену тек тәжірибелік, жалпы білім беру және дамытпалы мақсатқа тиімді қол жеткізуді емес, сонымен қатар үйренушілерді шақыруға және мотивациясын қолдауға мүмкіндік береді. Оқытушы тіл үйрету барысында оң мотивация қалыптасуын міндет деп қарауы тиіс. Мотивация тудыру үшін оқытушы студенттердің қызығушылығын тудыратын әдіс тәсілдерді дұрыс таңдай білуі қажет. Студенттердің біліктілігін арттыру қазіргі оқыту үрдісі мазмұнының басты нысанасы. Түрлі пәндер бойынша берілетін білім мазмұнының меңгерілуі, сол білімді пайдалану арқылы студенттің өмірлік дағдысы мен іскерлігі өлшенеді, ендігі жерде білімнің сапасы нәтижеге бағытталады. Іскерлік қатынасты көтеру мақсат етіледі. Осыдан қазіргі білім беру жүйесіндегі құзыреттілік (біліктілік) ұғымы туындайды.

Шет тілі сабағының өзіндік ерекшелігі бар, оның басқа пәндерден айырмашылығы студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру шет тілін үйретудің басты мақсаты болып

* Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, isembaeva.latipa@mail.ru

** Қазақстан-Ресей медициналық университеті, aitbek58@mail.ru

табылады. **Коммуникативтік құзыреттілік** – әртүрлі әлеуметтік топтардағы адамдармен қарым – қатынас жасау үшін өзінің ана тілі мен өзге тілдерді меңгеруге, өмірлік жағдаяттарды шешу мақсатында әртүрлі коммуникация нышандарын қолдана білуге, мемлекеттік тіл – қазақ тілінде ұлтаралық, шет ел тілдерін меңгеруге үйретеді [2].

Коммуникация қарым- қатынас, өзара байланыс деген ұғымды білдіреді. Коммуникативтік оқыту шет тілі сабақтарын қарым- қатынас негізінде оқыту. Шет тілін оқытудың басты мақсаты студенттің дұрыс сөйлеу, сауатты жазу дағдыларын қалыптастырып, шетел тілін әртүрлі технологиялар арқылы игерту. Осы орайда оқытушының міндеті - сабақты мазмұны мен форма жағынан қызықты, тиімді етіп өткізу, яғни коммуникативтік тәсіл қолдану. Сонымен, бұл пәннің ерекшелігі неде? Біріншіден, ана тілі немесе шет тілі болсын сөйлесу құралы, қоғамдық өмірде қоршаған ортадан ақпарат қабылдау және беру екіншіден, тіл арқылы шет мемлекеттердің мәдениеті туралы ұғым кеңейе түседі, жалпы көзқарас қалыптасады. Үшіншіден, тіл сөйлесу құралы болғандықтан, кез- келген уақытта қолданысқа дайын болуы тиіс. Коммуникативтік құзыреттілік - екінші тілді үйренуші оқушыларға тілдің заңдылықтарын жаттанды үйретпей, сол тілді тілдік және қатысымдық тәсілдерді орынды қолданумен байланыстыру. Коммуникативтік құзыреттілік жеке тұлғаның рухани өсуін қалыптастырады, адамдарды түсіне білуіне көмектеседі. Коммуникативтік құзыреттілік ұжым мүшелері мен білім алушылар арасында позитивті қатынас орнатады. Мұғалімнің өзара түсінушілік, тыңдай білу, түсіне білу, көмек көрсету қабілетін айқындайды. Сәттілік ситуациясын туғыза білген жағдайда оқушылардың өз мүмкіндігіне деген зор сенімі туады. Коммуникативтік құзырет – бірлесіп жұмыс істеуді бағалау, адамдар арасындағы сенімділік, бірін-бірі түсіну, тыңдау, сыйлау, этикет сақтау, дәстүрді білу, дау жанжалды шеше алу, бұзылған қатынастарды түзету, өз қателігін түсіне білу, топпен жұмыс жасай алу, орындаушылардың жұмысын дұрыс ұйымдастыру, басқару шешімдерін таба алу және қолдана білу қабілеттері Коммуникативтік құзыреттілік – адамдармен өзара әрекет пен қарым – қатынас тәсілдерін білуді, түрлі әлеуметтік топтарда жұмыс істеу дағдыларын, қоғамдағы түрлі әлеуметтік рөлдерді орындауды, өмірдегі нақты жағдайларда шешім қабылдау үшін байланыстың түрлі объектілерін қолдана алу білігін, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуын қарастырады.

Заманауи бағдарлама бойынша, шет тілін үйрету үдерісінің негізгі мақсаты ретінде үйренушіге шет тілінде қарым-қатынасқа түсу және шеттілдік тұлғаны қалыптастыру мен дамыту болып есептеледі. Шетел тілін үйрету үдерісінде коммуникативті бағытталған әдіс үйренуші бойында коммуникативті құзіреттілікті қалыптастыру мен дамытуға мақсатталған, яғни ол өз кезегінде тілдік бірлікті қолдану барысында контексті орындылықты есепке ала отырып қолдану дегенді білдіреді.

Коммуникативті құзірет төмендегі қабілеттіліктерді қамтиды:

- қарым- қатынасқа түсетін коммуникативті жағдаятқа әлеуметтік психологиялық болжам жасай білу;
- жағдайға сүйене отырып, қарым қатынас үдерісіне әлеуметтік психологиялық болжам жасай білу;

Шет тілін үйренудің ғаламдық мақсаты басқа мәдениетке қосу және мәдениеттер диалогына қатынасу . Бұл мақсат мәдениет аралық қарым- қатынасқа қабілеттіліктің қалыптасумен жүзеге асырылады. Коммуникативтік сипаттағы тапсырмалар негізінде ұйымдастырылған оқыту, осы тапсырмаларға қажетті шет тілі коммуникациясын қолдана отырып үйрету тәсілдері шет тілі сабағының ерекше өзгешелігі . Коммуникативтік сөйлеу әрекетінің қай түрі болса да лексикалық грамматикалық білімі болуымен қатар оны сөйлеу әрекетінде қолдана білуі керек. Шет тілін коммуникативті бағытта оқытудың гуманистік ықпалы арқылы жүзеге асырылады. Оқытудың бұл түрі студенттің белсенді және ерікті дамуына әсер етеді, студент сөйлесу кезінде өз ойларын еркін жеткізе алады. Шет тілін үйрену және үйрету жеке тұлға мен қоғамның заманауи қажеттілігінен туындайды. Шет тілін оқытуда заманауи техниканы меңгерген әдістемелік сауатты оқытушы шешуі тиіс. Шет тілін оқытудың басты мақсаты – дұрыс сөйлеу, сауатты жазу дағдыларын қалыптастырып,

тілді жаңа технологиялар арқылы игерту. Оқу, сөйлеу, тыңдау, жазу арқылы коммуникативті оқыту әдісі жүзеге асады. Оқытудың нәтижелі болуы үшін өзара түсіністік, өзара көмек атмосферасын құру, студенттің өз іс әрекетінің нәтижесіне қызығушылығын ояту, коллективтік әрекеттестік (жеке, жұптық, топтық) жұмыстар, жеке басқа бағытталған жұмыстар (сөйлесу), қарым- қатынас тығыздығы (сабақты нақты жоспарлау, сабақтың жүрісі), сабақтағы коммуникативті ахуал, психологиялық жайлылық, қарым қатынасқа түсу, сөйлесу тақырыбының қызықтылығы. Коммуникативтік оқытуда ынтымақтастықпен оқыту әдісі, жобалау әдісі, модульді әдістердің ішнен ынтымақтастық оқыту ерекше орын алады. Бұл әдістің мақсаты студенттердің әртүрлі жағдайларда бірлескен жобада белсенді оқып ізденуге үйрету, тілді үйретуде жаңа тәсіл болып саналады және мынадай оң жақтарын көруге болады. Біріншіден, студенттердің жалпы мотивациясының жоғарылауы яғни студенттер өздеріне қызықты тақырыпты таңдай отырып, тақырып бойынша жұмыс түрлерін орындауды қажет етеді. Жұмыстың бұл түрі студенттің сөйлеу деңгейі әртүрлі болғанмен жобаға түгел қатынасады. Екіншіден, ағылшын тілінің тілдесу құралы ретінде маңыздылығының жоғарылауы кез келген тақырыпта ағылшын тілінде сөйлеп, тілдің халықаралық тілдесу құралы екенін түсінеді. Жобалық жұмыс оларды осыған дайындайды. Жобалық жұмыстар студенттерге ғылымның басқа салаларының тәсілдерін және білімін тәжірибе жүзінде іске асыруға мүмкіндік береді. Жобалық жұмыстарды бағалағанда тілді дұрыс қолдануына мән берумен қатар, жобаның шығармашылық деңгейіне назар аудару керек. Бұл тәсіл тіл мәдениетін қалыптастыруға, дербес шешім қабылдауға септігін тигізеді. Студенттер зерттеу жұмыстарын жасауды үйренеді, шығармашылық деңгейі артады. Жобалық жұмыстар жобаға қатысушы әрбір студенттің белсенділігіне байланысты екендігін түсінеді. Оқытудың бұл әдісі студенттердің өзара пікір алмаса отырып тақырып бойынша талқылау арқылы тілдесудегі шеберлік дағдыларын қалыптастыруға үйретеді. Оқытушының міндеті жобаға қатысушыларды басқарып, бағалау және жұмыс түрін бірте-бірте қиындатып студенттердің ынтымақтасын арттыру. Оқытушы мен студенттің ынтымақтастығы, шығармашылық микроклимат құру гумандық жеке тұлғалық технологиялардың міндетті негізі. Педагогикалық ықпал тек бір бағытта студент - оқытушы болып жүретінін ескеру қажет, ал ынтымақтастыққа, өзара әрекеттестікке әртүрлі бағыт себеп бола алады. Бұл технология студенттердің бір- бірімен және оқытушымен қарым қатынас жасау қажеттілігін қанағаттандырады. Оқытушының мақсаты студенттерді таңдау еркіндігін сақтай отырып, ынтымақтастыққа бағыттау, оқу процесінде студенттің өзіндік дамуы мен жан жақты дайындығына жағдай жасау, алған білімдерін тәжірибеде жүзеге асырып пайдалану, тілдік білім сапасын жоғарылату, ағылшын тілін шынайы тілдесу құралы ретінде пайдалану.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл мақалада шетел тілін меңгеру қоғамның қойған талаптарына, қажеттілігіне айналғанын және шетел тілі адамдардың мәдени деңгейінің өсуіне ықпал ететіні айтылған. Өскелең ұрпақтың шет тілін оқытуда жаңа әдістемелік технологияларды қолданып, тілге деген ынтымақтасын, көзқарасын, біліктілігін арттыру қажеттілігі баяндалған. Бәрімізге мәлім шет тілін оқытудың өзінің ойын жеткізе алатын, негізгі мақсаты- коммуникативтік қатынасты дамыту. Сондықтан **заман талабына сай білімді, шет тілінде (ағылшын) еркін сөйлеп** белсенді, мәдениетті тұлға қалыптастыруда коммуникативтік оқыту әдісінің маңызы өте зор екендігіне шолу жасадым.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Н.Ә.Назарбаев. «Болашақтың іргесін бірге қалайық». Қазақстан халқына Жолдауы// Егемен Қазақстан, 29.01.2011.
2. .И.Ю.Павловская. Методика преподавания иностранных языков. Обзор современных методик преподавания 2-е изд, Изд- во С- Петербург 2003. С.3-4
3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Алматы – 2008
4. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.

5. Б.А. Тұрғанбекова «Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе» Алматы – 2005
6. К.Құдайбергенова «Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерийі»
7. (ғылыми – практикалық конференция материалдары) Алматы – 2008
8. «Қазақстан мектебі» журналдары, 2010 жыл

DEVELOPMENT OF CRITICAL THINKING OF STUDENTS IN THE IMPLEMENTATION OF THE INTERNATIONAL BACHELOR'S CURRICULUM

Associate professor, **M.Zh. BALABEKOVA***
Associate professor, PhD **A.A. RYSKELDINA****

Abstract:

At the heart of all technologies is the idea of creating adaptive conditions for each student. In accordance with the philosophy of the International Bachelor program, it is necessary to ensure the conditions for the formation of the intellectual potential of students, the development of individual abilities, the formation of tolerance and civil responsibility, motivation for the desire for continuous learning.

Keywords: *critical thinking skills, trainings, thinking.*

СТУДЕНТТЕРДІҢ КРИТИКАЛЫҚ ОЙ ӨРІСІН ДАМУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАКАЛАВРИАТТЫҢ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНА ЕНДІРУ

Түйіндеме:

Барлық технологияның негізінде әрбір студентке арналған жаңа жағдайларға бейімделу идеясы жатады. Халықаралық Бакалавриат бағдарламаның философиясына сәйкес, оқушылардың интеллектуалдық потенциалының қалыптасуына, жеке қабілеттерін, критикалық тұрғыдан ой ойлап машықтануын, толеранттық және азаматтық жауапкершіліктерін, үздіксіз білім алуға талпынуын мотивациялаудың қажеттілігін дамытуға жағдай жасау жолдарының негіздемелері.

Тірек сөздер: *критикалық тұрғыдан ойлау, сабақтар, тренингтер, ой ойлау.*

INTRODUCTION

By now, there have been a significant number of diverse educational technologies. At the heart of all technologies is the idea of creating adaptive conditions for each student, i.e. adaptation to the characteristics of the student content, methods, and forms of education and maximum orientation to the independent activity or work of the student in a small group. Today, a pedagogically competent specialist, including a computer science teacher, must possess an extensive arsenal of educational technologies.

1. For schoolchildren and junior schoolchildren aged 3-12 years.
2. For primary school students 11-16 years.
3. Diploma program for senior pupils of 16-18 years.

The main goal of the International Bachelor Program is the development of students' independent work skills, the ability to plan and conduct individual and collective experiments and research. The program is aimed on the comprehensive development of the creative abilities of students, the formation of their personality. The PYP program is aimed at ensuring that the child enjoys the learning process, shows a keen interest in new information and ideas, and constantly develops his natural curiosity. This, bright and fast thought, the ability to reason [1].

In accordance with the philosophy of the International Bachelor program, it is necessary to ensure the conditions for the formation of the intellectual potential of students, the development of individual abilities, critical thinking skills, the formation of tolerance and civil responsibility, motivation for the desire for continuous learning.

Methodical recommendations are based on coaching experience and include 100 different methods and exercises, through which you can make your teaching inclusive and affective for each listener or student. It is recommended for use in planning classes or trainings for school teachers, school coaches and trainers for refresher courses. There 13 big sections in the program.It:

1. Introduction
2. Workouts
3. Brainstorming
4. Video analysis

* Kazakh State Women's teacher training University, maskura2012@mail.ru

** Karaganda training University named E.A. Buketov, anar-ryskeldina@mail.ru

5. The Cinematophore
6. Tests
7. Formation of small groups and pairs
8. Thematic exercises
9. Sociometry
10. Role playing games
11. Schering
12. Working with a large audience
13. Methods for developing multimodal skills

What is thinking and critical thinking? Thinking is the highest stage of cognition of objective reality in representations, judgments, concepts.

Critical thinking is an intellectually ordered process of active and skilful analysis, conceptualization, application, synthesis and / or evaluation of information obtained or generated by observation, experience, reflection or communication, as a guide to persuasion and action...

the ability to argue in difficult choice situation

Thinking for critical situations

.thinking is not necessarily in terms of criticism [2].

What skills should a person have to succeed in the 21st century?

Basic skills	Competencies	Personal qualities
What helps to solve everyday tasks	What helps to solve more complex problems	What helps to cope with changes in the environment
<ul style="list-style-type: none"> – Reading and Writing Skills – Mathematical literacy – Financial literacy – Natural scientific knowledge – ICT literacy – Cultural and civil literacy 	<ul style="list-style-type: none"> – Critical thinking – Creative thinking – Ability to communicate – Ability to work in a team 	<ul style="list-style-type: none"> – Curiosity – Initiative – Perseverance – Ability to adapt – Leadership – Social and cultural awareness

So, there are only ten basic skills, the mastering of which is necessary to devote time to a modern person.

- Ability to select information
- Ability to think outside the box and flexibly
- Ability to understand meanings
- Social Intelligence
- Ability to work with modern media
- Universality of skills and thinking
- Ability to think in a projective way
- Ability to calculate
- Cooperation in the virtual space
- Intercultural competence [3]

To achieve the above, various methods and forms of training, modern technologies are used in the classes: it includes training in cooperation, and problem training, gaming technologies, level differentiation technologies, group technologies, developmental learning technologies, modular training technology, technology of project training, technology of development critical thinking of students. The novelty of our work is that no one has ever adapted the technology of critical thinking to the employment of information technology. First, the educational process is based on scientifically substantiated patterns of interaction between the individual and information. Secondly, the phases of this technology (challenge, reflection, reflection) are instrumentally provided in such a way that the teacher can be as flexible and adequate as possible in every learning situation at any given time. (We are talking about a variety of visual forms and strategies for working with the text, organizing discussions and project implementation processes.) Thirdly, the technology in question allows all training to be conducted on the basis of principles of cooperation, joint planning and sensibility. So, critical thinking contributes to the formation of research intuition, the culture of reading and the general development of the thinking personality. Critical thinking is a system of thinking

strategies and communicative qualities that allow one to interact effectively with information reality. The application of the method of forming critical thinking leads to a change in the structure of classes. There are three main stages: challenge, comprehension, reflection (reflection). The main task of the call stage is to arouse interest, prepare students for the forthcoming work. At this stage, the goal of the lesson is announced; students accept it, motivation for their further activity occurs. At the stage of comprehension, students are confronted with new information; they try to solve the problem posed by relying on the information provided by the teacher, the text of the textbook or the document. At the stage of reflection, the students' views are adjusted on the basis of the new information they have received, the appropriation of new knowledge. Students express their own ideas and argue them [4].

Rules for conducting classes on the formation of critical thinking:

– All students must be involved in the work. For this, for example, use methodical method short speeches when discussing a topic.

– Take care of the psychological preparation of students. To do this, it is useful to conduct warm-ups, encourage students for active participation in the work, and provide them with opportunities for self-realization.

– Students must be no more than 30 people, then they can be divided into groups of 5-6 people. Only under this condition can productive work in groups. It is very important that everyone be heard; each group had the opportunity to speak on the issue.

– The procedure and the rules of the procedure should be discussed at the beginning of the lesson and not violate them.

– Students can be divided into groups voluntarily, but it is necessary to ensure that the groups are approximately equal in strength.

– Methods and techniques working on this technology through the lesson "Algorithms and programming languages".

Brainstorm. Allows you to find a solution to the problem by applying special discussion rules. At work it is necessary to pay attention to hierarchy of questions which accompany each stage of "Brainstorming":

At work it is necessary to pay attention to hierarchy of questions which accompany each stage of "Brainstorming":

- I level - what do you know?

- Level II - how do you understand this? (application of other knowledge, analysis)

- Level III - application, analysis, synthesis

Sample task: When studying the topic "Algorithms and their types"

During the week you should write down in the books where you met in life algorithms and determine their appearance.

Heffele's notebook method

A week before the group discussion, students are given notebooks and a topic is reported, according to which they should make notes within a week. Records are made by the dates of the week, and they must be at least 7.

Examples of tasks: "Round table on the topic" Antivirus programs»

In advance, some students are given the task: "Prepare information about a certain type of antivirus." Classes are held in discussion. Conclusions are drawn. INSERT. In the second phase of the study, an active study of the new material is underway and the sign table "Insert" is filled (from the English-information scorecard for information labeling, for effective reading and reflection).

Goal: Go from intuitive to informative and link intuitive with information. After that, work is done on the records. The problem is highlighted, and then it is resolved with the help of facts. Students work with various sources of information. The technology of applying critical thinking can be reflected on the Minto Pyramid (Figure 1)

Expected results are presented in the form of a system of learning goals based on the thinking skills "know," "understand," "apply," "analyze," "evaluate," "synthesize" (taxonomic approach).

Evaluation

Present arguments, defend the point of view, prove, predict

Synthesis

Create, develop, design, compose

Analysis

Analyze, test, conduct an experiment, organize, compare, identify




Figure 1 - Expected results

The article highlights the methods and techniques of critical thinking technology that can be used in the specialty information systems. These techniques allow students to attract interest in the subject, develop logical and creative thinking.

SOURCES:

1. <http://www.school2zel.ru/mezhdunarodnyj-bakalavriat-ib/>
2. https://ru.wikipedia.org/wiki/Критическое_мышление
3. <https://4brain.ru/blog/навыки-человека-xxi-века/>
4. Попыванова О.А. Application of technology of critical thinking at computer science lessons // Modern scientific research. Issue 1. - The concept. - 2013. - ART 53057. - URL: <http://e-koncept.ru/2013/53057.htm> - The state. reg. El No. FS 77- 49965. - ISSN 2304-120X.

**БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ КӘСІБИ ДАЙЫНДАУДА БАҒДАРЛАМАЛЫҚ
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚҰРАЛДАРЫН ЖОБАЛАУҒА ОҚЫТУ**

қауымд.проф.м.а. **Ж.Ж.ҚОЖАМҚҰЛОВА***
магистр, аға оқытушы **М.А.СЫДЫБАЕВА****
магистр, аға оқытушы **А.НАУРЫЗБАЕВА*****

Түйіндеме:

Мақалада болашақ оқытушыларды кәсіби дайындауда бағдарламалық жабдықтау ортасын жобалау негізінде оқыту мәселелері қарастырылған. Ақпараттық технологиялардың құралдарын жасау және қолдану үдерістерінің біз қарастырған аспектілері, бір жағынан осы пән саласын оқыту проблемаларының бір көзі болса, екінші жағынан осы проблемаларды шешу құралдарының бірі болып табылады. Ұсынылып отырған оқыту технологиясының басты құраушылары пәндік сала идеологиясына баламалы оқыту мазмұнын құрылымдауға және оқыту үдерісін іске асыру үшін дистанциялы формаларды қолдануға негізделеді.

Тірек сөздер: ақпараттық технология, бағдарламалық жабдықтау, болашақ, маман, кәсіби даярлау.

**TRAINING FOR THE DESIGN OF SOFTWARE TOOLS IN THE PREPARATION OF
FUTURE TEACHING STAFF****Abstract:**

This article deals with stated training bases on designing of software means at vocational training of the future teachers. Consequence of existence of a contradiction between a level of development of information technology and level of their application in education to special disciplines is a search problem at this conjuncture more effective educational technologies. One of the problem solutions is connected with creation of a teaching method of object-oriented systems on the basis of datalogical modeling. Informational model is exact description of subject, study by natural and special languages, based on sensational and theoretical thinking. Computer moder considered as result of generalization of professional knowledge about subjects and phenomena presented in informational model.

Keywords: *information technology, software, future, specialist, vocational training.*

КІРІСПЕ

Қазіргі кезеңде өндірістік және әлеуметтік саладағы жылдам өзгерістерге байланысты жаңа мамандықтардың қажеттіліктері мен олардың тұрақты түрдегі өзгерістерін қанағаттандыруға бағытталған білім беру жүйесіне үлкен талаптар қойылуда. Бұл қазіргі білім беру саласында орын алып отырған өндіріс пен білім беру аймағының арасындағы байланыстың жеткіліксіздігін және дәстүрлі білім беру жүйесінің (өзгерістерге жылдам бейімделуге қабілетсіз және қымбатқа түсетін) тиімділігінің жеткіліксіздігін айқындай түседі.

Жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді информатика және информатиканы оқытудың әдістемесі курстарының шеңберінде заманауи технологияларға және бағдарламалау жүйелеріне, қолданушы ортаға және электронды құралдарға, оларды оқыту әдістемесіне оқыту ұсынылады. Атап айтқанда, оқыту мазмұнын таңдау және қандай да бір ортада оқыту әдістемесін жасау барысында, оны құрастырушылардың қолданған ыңғайларын назарда ұстау мақсатқа сай келеді.

Болашақ мұғалімдерге оқытылатын информатика оқу пәні әлемдік қоғамдастықтың неғұрлым динамикалы дамытын білім қоры ақпараттық технологиялармен тікелей байланыста. Информатиканы оқыту үдерісінде бұл ақпараттық технологиялардың оқып-үйрететін құралдарының нұсқаларының тұрақты түрде жаңарауымен, мұғалімге белгісіз жаңа қолданушылар ортасының және бағдарламау жүйелерінің пайда болуымен көрініс тауып отырады.

Ақпараттық технологиялардың дамуының қазіргі кезеңі АТ барлық құралдарының жылдам дамуымен, жаңа теориялық аппараттарды жасаумен және оларды пайда болған мәселелерді шешу

*Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, ekojaz@mail.ru

**М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникация академиясы, turlen_a@mail.ru

***М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникация академиясы arshin@mail.ru

барысында практикалық тұрғыда қолданумен; АТ құралдарын қолдану аймағының кеңейе түсуімен, олардың кәсіби іс-әрекеттің барлық салаларына ендірілуімен сипатталады.

Осы жоғарыда айтылғандардың барлығы да ақпараттық технология мен оның құралдарының жылдам дамуы туралы куәлендіреді. Бұл сөзсіз, шындық. Дегенмен, ақпараттық технологияның бір құралы ретіндегі *бағдарламалау* туралы пікірталастар баяуламай келеді, яғни оның даму бет алысын әртүрлі мамандар түрліше қарастырады. Атап айтқанда, бұл мәселе мен қарама-қайшылыққа деген мамандардың қызығушылығы ақпараттық технологиялардың бұл құралының мәнділігі және көпқырлылығы туралы куәлендіре түседі.

Жоғары білім беру кезеңінде біз қолданған технология негізінде үздіксіз даярлаудың мақсаты - болашақ мұғалімдерде ақпараттық технология құралдырына, соның ішінде бағдарламалауға оқыту мазмұнын объектілі-бағдарлы жобалау бойынша білім, іскерлік, дағдылар жүйесін және білім беруді ақпараттандыру жағдайында кәсіби әрекеттерін іске асыруға дайындығын қалыптастыру болып табылады.

Бағдарламалық қамтамасыз етуді жасау саласынан белгілі маман Д.Воастың «БҚ ету сапасы: сегіз аңыз» (Воас Д.,1999) еңбегінде сапалы бағдарламалық қамтамасыз етуді (БҚЕ) жасаудың негізгі өзекті мәселелері қарастырылады және олардың көпшілігі шешімнен алшақ екендігі туралы пікір айтылады. Дербес түрде бағдарламалаудың даму үдерістерін сипаттайтын келесі бағыттар атап көрсетіледі: БҚЕ жасау барысында формальды әдістерді қолдану; объектіге-бағытталған жобалау БҚЕ жасаудың замани құралы ретінде; БҚЕ сапасын бағалау үшін әртүрлі өлшемдер мен метрикаларды қолдану; БҚЕ жасау барысында әртүрлі стандарттарды (ISO, IEEE, IEC) қолдану; неғұрлым жоғары сапа мен сенімділікті қамтамасыз ету үшін CASE – технологияларды қолдану.

Бұл құралдардың ешқайсысы да осы спецификаларға толыққанды жауап беретін, сенімділігі жоғары БҚЕ құруға «гарант» бола алмайды деген автордың пікірімен келісеміз: «индустрияның дәстүрлі салаларында дәл анықталған сапаны басқару әдістемесіне сүйену шындығында, жемісті болады. Дегенмен өндірістік бағдарламалау белгілі бір анықталмаған элементтері бар жеке шығармашылық үдеріс болып қалады және басқа жағдайларда шындалған әдістемелерді тікелей қолдану қателікке ұрындырады». Аталған пікірлер сапалы және сенімді БҚЕ жасауға нақты көмекті қамтамасыз етеді, егер сыни талдау кездесетін болса, деп қорытындылайды. Зерттеушілер өз жұмыстарын практикаға оның пайдасы туралы сенімді дәлелдеулер алған соң ғана ұсына алады, олар өз пікірлерінің тиімділігін нақты есептер арқылы демонстрациялауы тиіс. (Вирт Н.,1998; Пешио К.,1998) бағдарламалау классигі өзінің еңбектерінде қалыптасқан жағдайға сыни бағалайды, яғни БҚЕ жасау, ендіру, тасымалдау «оқыту курстарының және жүйелі түрде жүргізілетін құжаттаманың үйлесуіндегі жүйесі тұжырымдамаға» негіздеу қажет деп есептейді. Сонымен қатар көптеген бағдарламалар көрсетілген талаптарға жауап бермейді: «Мен бөгеліп отырмын – бұл қандай жетекшілік және құжаттар – көлемі жүздеген беттен тұратын. Әрбір қолданбалы бағдарламаларға, бағдарламалау тілдеріне және операциялық жүйелерге серіктесіп отыратындай! Бұл өз кезегінде, нақты дәл тұжырымдамалық қордың болмауынан жауыздықпен жобалау туралы және қолданушының миын қатыруға ұмтылу туралы хабар береді».

Н.Вирт бағдарламалық қамтамасыз етуді жобалау кезеңінің маңызын және осы үдерістегі замани аутоматтандырылған құралдардың рөлін атап көрсетеді. Сонымен қатар ол «тәжірибе жинаудың жалғыз тәсілі – ол жеке бағдарламашылық практика» деп нақтылайды.

Сонымен қатар, көптеген мамандар БҚЕ жасау технологиясы саласындағы соңғы жылдардағы жетістіктерді неғұрлым оптимистік тұрғыда бағалайды.

Мына (Щляго А.Н., 1999:318) еңбекте объектілі технологияның мәнділігі бағдарламалау технологиясының жаңа кезеңі ретінде атап көрсетіледі, объектілі-бағдарлы жобалау мен бағдарламалауды болашақтағы дамуы мен қолданылу болашағы қарастырылады. Автордың пікірі бойынша бұл технологияның болашағы ыңғайдың табиғилығында: «Біз объектілерді өзіміздің жеке түсінігімізге сәйкес түрде құра білдік, енді олар біздің қалауымызша әрекеттесетін болады». Ал объектілі технология болашақта ақпараттық технология саласына қатысы жоқ мамандарға қарапайым жарлықтарды компьютерге орындату мүмкіндігін береді: «ДК пайда болуымен басталған төңкеріс, осы ДК-лар тиесілі адамдар өзінің кәсіби міндеттерін атқару тәсілдерін өзгерту үшін оларды қолданғанға дейін жалғаса береді».

Ақпараттық технологиялардың құралдарын жасау және қолдану үдерістерінің біз қарастырған аспектілері, бір жағынан осы пән саласын оқыту проблемаларының бір көзі болса, екінші жағынан осы проблемаларды шешу құралдарының бірі болып табылады. Келесі факторлар АТ құралдарына оқыту үдерісін жасау мен іске асырудың күрделілігін анықтайды:

- әртүрлі бағыттағы АТ құралдарының жылдам даму қарқыны;
- кез-келген жылдам дамитын жас салаға тән болатын, олардың жекелеген бағыттарының дамуына қатысты мамандар пікіріндегі қарама-қайшылықтар;
- АТ саласында пән саласынан білікті мамандарды тиімді пайдалануды талап ететін, адамзат іс-әрекетінің әртүрлі салаларында АТ құралдарын қолдану аймағын кеңейту.

Бір жағынан бұл факторлар АТ қазіргі жетістіктері мен олардың даму динамикасын ескеретін, АТ құралдарына оқытудың жаңа жолдарын іздеу қажеттілігін анықтап береді. Біздің зерттеуде АТ замани құралдарын қолдану ұсынылады, яғни – объектілі-бағдарлы жобалау негізінде оқыту үдерісінде ұсынылатын пән саласының идеологиясына баламалы болатын және оның даму динамикасын бақылайтын құрал ретінде ұсынылады. Жоғары оқу орнында оқыту үдерісін объектілі-бағдарлы жобалау арқылы білімді ұсынудың дидактикалық негіздері мен болашақ мұғалімдердің танымдық әрекеттерін ұйымдастыру жолдары қарастырылады.

Көптеген мамандар қазіргі мезеттегі кәсіби бағыттағы құралдарда кеңінен қолданылатын жобалауды аутоматтандырудың әртүрлі құралдарының маңыздылығын атап көрсетеді. Атап айтқанда, UML (Unified Modeling Language) тілін Rational Software фирмасы және оның серіктестері корпоративті деңгейде бағдарламалық жүйелер жасайтын фирмалар жасады (Hewlett-Packard, IBM, Microsoft, Oracle және т.б.). UML-Booch'a, OOSE/Jacobson және OMT бағдарламалық архитектураларды визуальды модельдеу тілдерінің ұрпағы. Бірқатар үлкен компаниялар UML тілін ауқымды бағдарламалық жүйелерді жасау барысында үлгі ретінде қолданады. UML тілі бизнес-модельдеу жүргізу үшін, талаптарды басқару үшін, жүйе архитектурасын талдау және жобалау үшін, бағдарламалау және тестілеу үшін қызмет етеді.

Көптеген мамандардың назары бүгінгі таңда ақпараттық жүйелерді жасау мәселелеріне арналады. Ашық жүйелердің әдіснамасын қолдану сыртқы әсерлерге бейімдеуге қабілетті иілгіш (икемді) жүйелерді жасауды ұсынады. Қазіргі заманғы ақпараттық жүйелер әртүрлі бағыттағы өзара әрекеттесетін ішкі жүйелерден: білімді басқару ішкі жүйелері, шешімді талдау және қабылдау ішкі жүйелері (DSS – decision support system), ресурстарды жоспарлау ішкі жүйелері (ERP – enterprise resource planing), сыртқы ақпараттық жүйелермен ақпарат алмасу блогынан тұратын күрделі интеграцияланған кешен болып табылады.

Оқыту үдерісінде ақпараттық технологияларды тиімді қолдануға байланысты қарастырылған мәселелер, АТ қарқынды дамуы жағдайында оның құралдарына оқыту, оқыту пәні ретінде үлкен өзектілікке айналуға. Microsoft фирмасының бағдарламаларының шеңберінде студенттер мен оқушыларды замани бағдарламалауға оқытуға арналған Internet Distanse Education (IDE) жобасы жасалуда. Серверлерде Visual C++, Visual I++ курстары бойынша қосымша ақпараттар келтіріледі.

Ұсынылып отырған оқыту технологиясының басты құраушылары пәндік сала идеологиясына баламалы оқыту мазмұнын құрылымдауға және оқыту үдерісін іске асыру үшін дистанциялы формаларды қолдануға негізделеді. Оқыту мазмұны тәжірибелі оқытушылар мен кәсіби бағдарламашылардың қатысумен жасалады және мыналарды қамтиды: оқулық материал (textbook); студенттің жұмыс дәптері (workbook); оқыту жоспары (study-guide); тестер жинағы (test-engine).

Оқытудың қашықтан оқыту формасы студенттер мен оқушыларға келесі мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді: кәсіби бағдарламашылардың басшылығымен бағдарламалау дағдыларын және қашықтан оқыту бағдарламасында жүзеге асырылған олардың тәжірибелерін жетілдіру; қандай-да бір ой қорытуды талап ететін бағдарламалау тілін таңдау; замани аспаптық орталарда жұмыс істеу, оқыту үдерісі оқушылардың білім деңгейін тексерумен қатар, қандай да бір құралдың көмегімен нақты шешілетін есептер класы туралы түсінік қалыптастыру мүмкіндігін беретін бақылау тапсырмаларымен толықтырылады. Microsoft фирмасының мамандарынан бағдарламалау тілдері бойынша қосымша көмек алуға болады.

Қазіргі ақпараттық технологиялардың қарқынды даму кезеңін революциялық немесе эволюциялық тұрғыда бағалауда бағдарламалық қамтамасыздандыруды жобалау және жасау саласынан мамандардың пікірлерінің (В.А.Попков, А.В.Коржуев., 2004:428; М.Т.Громкова., 2003:415; М.В. Буланова-Топоркова., 2002:544) бір-біріне сәйкес еместігі байқалады. Дегенмен олардың барлығы да, соңғы онжылдықта бағдарламалық жобалау әдіснамасының, жобалауды аутоматтандыру құралдарының, стандарттарды жасауда, ақпараттық технологияларды қолдану аймағының ауқымды түрде кеңеюінің дами түсіндегі үлкен серпілісті мойындайды. Сонымен қатар, қоғамды ақпараттандыру жағдайында ерекше көкейкесті болып табылатын сапалы бағдарламалық қамсыздандыруды жасау және оны бағалау технологияларына байланысты мәселелер ашық түрде қалып отыр. Мына (М.В. Буланова-Топоркова, 2002:544; Скаткин М.Н.,1971) еңбекте қарастырылған, техникалық құрал–

дардың дамуындағы төңкеріс кезеңі, бір жағынан маңызды кейбір мәселелерді шешуге ықпал жасайды, ал екінші бір жағынан жобалау мен байланысты ақпараттық технологиялардың дамуына бағдарламалық қамсыздандыруды жасау мен қолдануға түрткі болып табылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сондықтан қазіргі заманғы бағдарламалау жүйелерінің жылдам даму қарқыны, олардың алуан түрлері, АТ құралдары саласында болып жатқан өзгерістерге жеңіл икемделетін элективті оқу курстарын жасау мәселесін қойып отыр және бұл жоғары оқу орынында болашақ мұғалімдерді кәсіби дайындау үдерісінде ақпараттық технология құралдарына оқыту мазмұнын объектілі-бағдарлы жабалау негіздерінің қажеттілігін арттырады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Воас Д. Качество ПО: восемь мифов // Открытые системы, 1999. -№9-10. –<http://www.osp.ru>.
2. Вирт Н. Долой «жирные» программы // Открытые системы, 1998. -№6 –<http://www.osp.ru>.
3. Пешио К. Никлаус Вирт о культуре разработке ПО // Открытые системы, 1998. -№1. –
<http://www.osp.ru>.
4. Щляго А.Н. Информатика. Практическое введение: Учебное пособие. –СПб.: Спец. лит., 1999. -318 с.
5. В.А.Попков, А.В.Коржув. Теория и практика высшего профессионального образования. М.: Академический проект, 2004. -428с.
6. М.Т.Громкова. Психология и педагогика профессиональной деятельности: Учебное пособие для вузов. М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2003. -415с.
7. М.В. Буланова-Топоркова. Педагогика и психология высшей школы: Учебное пособие. – Ростов н/Д:Феникс, 2002. -544с.
8. Скаткин М.Н. Совершенствование процесса обучения. –М., 1971.
9. Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. Учеб.пособие для студ.пед.вузов и системы повыш. пед. кадров.- М.: Издательский центр “Академия”, 2001-272б.

ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

п.ғ.м. аға оқытушы **Б.А.ПАЗИЛОВА**
п.ғ.к. аға оқытушы **Н.С.БАЙМУЛДИНА**

Түйіндеме:

Сапалы білім беру ісі адамдардың санасындағы капиталдың сапасына айналып, білім сапасы біздің экономикамыздың дамуына жаңа жол ашпақ. Жаңа әлеуметтік-мәдени талаптар мен Қазақстанымыздың экономикалық деңгейінің өсуі жан-жақты жетілген, білімді де білікті, шетел тілдерін меңгерген, бәсекеге қабілетті тұлғаны қажет етеді. Бұл заман талабы. Елбасымыз тіл мәселесіне көп көңіл бөліп, онда мемлекетіміздің халқы үш тілде сөйлеу керектігін атап өтті. Ал осы шетел тілін жеделдете және жетілдіре оқытуда педагогикалық біліктілігі мол, инновациялық технологияны меңгерген, өз мамандығының шебері ұстаздар қажет. Білім берудің барлық саласында жаңа білім жүйесі жасалынып, жаңаша көзқарас, әлемдік білім берудің кредиттік жүйесіне кіріп жатыр. Соңғы уақытта әлемдік тілді оқыту әдістемесінде мультимедиа-инновациялық технологияларды қолдану кең етек жайып келеді. Берілген мақалада қазіргі заман талабына сәйкес шет тілін оқытуда мультимедиялық инновациялық технологияларды қолдану жайы, олардың маңыздылығы, тиімділігі жөнінде қарастырылады.

Тірек сөздер: мультимедиа бағдарламалары, компьютер технологиясы, ақпараттық технологиялар, шетел тілі

APPLICATION OF MULTIMEDIUM-INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN TRAINING PROCESS

Abstract:

Quality education is the quality of capital in the minds of people, and quality of education will open a new way for our economy. The new socio-cultural requirements and the economic growth of Kazakhstan require a competent person who has a well-educated, knowledgeable and competent foreign language. This is a requirement of time. The President paid great attention to the problem of language, where the people of our country should speak in three languages. And in the accelerated and advanced learning of this foreign language, there is a pedagogical qualification, mastering the innovative technology, master of their specialty, teachers. A new system of education has been created in all areas of education, with a new approach, into the global educational system. Recently, the use of multimedia-innovative technologies has been widely used in the world language teaching methodology. This article deals with the use of multimedia innovation technologies in teaching foreign languages according to modern requirements

Keywords: multimedia programs, computer technology, information technology, foreign language

КІРІСПЕ

Кредиттік оқыту үрдісінде білімге жаңаша көзқарас қалыптасуы тиіс, яғни білім адамдардың санасы арқылы қоғамдағы байлыққа, адамдық капиталға айналғанда экономиканың дамуына жаңа жол ашпақ. Ал бұл ұзақ уақытты қамтиды. Білім беру ісі адамдардың санасындағы капиталдың сапасына айналып, білім сапасы біздің экономикамыздың дамуына жаңа жол ашпақ. Жаңа әлеуметтік-мәдени талаптар мен Қазақстанымыздың экономикалық деңгейінің өсуі жан-жақты жетілген, білімді де білікті, шетел тілдерін меңгерген, бәсекеге қабілетті тұлғаны қажет етеді. Бұл заман талабы. Білім берудің барлық саласында жаңа білім жүйесі жасалынып, жаңаша көзқарас, әлемдік білім берудің кредиттік жүйесіне кіріп жатыр. Оқытушылардың біліктілігі олардың педагогикалық қарым- қатынас жағдаятында көбірек көрінеді. Онда оқытушылар мен студенттер таңдау және бақылау мүмкіншілігіне ие болады. Инновация тек ғана жаңалық енгізу емес, ол жаңа әдістерді дәстүрлі оқу- тәрбие үрдісіне қолдану болып табылады.

Білім беру үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану мәселесі өзекті мәселелердің болып табылады. Шетел тілін оқытудың мақсаты мәдениетаралық қарым-қатынас біліктілігін қалыптастыру болса, онда сол шетел тілін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану шетел тілін оқытудың мақсатынан туындаған қажеттілік.

Білім беру үрдісін ақпараттандыруда мынадай әдістемелік-педагогикалық міндеттердің шығатынын айтпаса болмайды :

- білім беруде көлемді ақпаратқа қол жеткізу; білім алуға құлшынының артуы ; өз бетінше жұмыс істеу; өзін-өзі бақылау т. б.

- жеке тұлғаны жетілдіру (тұлғаның ой-өрісі, эстетикалық тәрбие, зерттеу жұмысымен шұғылдануын қадағалау, ақпараттық мәдениетін қалыптастыру т. б.

- әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру (компьютерлік біліктілікті қалыптастыру, белгілі бір сала бойынша маман дайындау және т. б.)

- оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру (білім берудің сапасы мен тиімділігін арттыру, танымдық әрекеттің мотивін қамтамасыз ету, пәнаралық байланыстарды тереңдету және т. б.

Соңғы уақытта әлемдік тілді оқыту әдістемесінде мультимедиа-инновациялық технологияларды қолдану кең етек жайып келеді. Мультимедиа ақпараттық технологиялардың ең жас саласы. Мультимедиа сөзі сөзбе-сөз аударғанда

« көптеген орталар » (« multi»-«көп»,» media»-«орта») дегенді білдіреді. Мультимедиа бұл бір мезгілде дыбыспен, анимациялық компьютерлік графикамен, видеокамерамен, мәліметтік бейнелер және мәтіндермен қамтамасыз етілген интербелсенді (диалогтық) жүйелер. Бұл термин қолданушыға біраз ақпараттық каналдардың бір уақытта әсер етуі. Қолданушыға ережеге сай белсенді роль бөлінеді. Мультимедиа компьютерде дыбысты, ақпаратты, тұрақты және қозғалыстағы бейнелерді біріктіріп көрсету үшін жинақталған компьютерлік технология. Ол ақпараттарды кешенді түрде бейнелеуді, мәліметтерді мәтіндік, графикалық бейне, аудио және мультипликациялық түрде шығаруды жүзеге асырады. Қазіргі заманғы компьютерлік үйрететін бағдарламалар, ережеге сай, мультимедиа технологиясында қарастырылады. Бір мезгілде оқушының көзбен көруі және дыбыстық ақпараттық каналдарды қолдануы оған жақсы түсінуге және оқу материалын есте сақтауға көмектеседі. Одан басқа интербелсенді жұмыс істеу оқушының өзіне тез үйренуіне, материалды қаншалықты меңгергендігін, сабақтың түсініксіз бөліктерін қайталауға септігін тигізеді. Олардың арасында электрондық анықтамалар, энциклопедиялар, көркем және музыкалық альбомдар, мультимедиялық технологияларында құрастырылғандары-атақты. Олар ақпараттарды түрлі-түсті иллюстрациялармен, анимациялық фильмдермен, видеороликтермен қамтамасыз етеді. Мультимедиялық жүйе арқылы адам белгілі бір жерден шет елге персоналды видеоконференция өткізуіне болады.

Мультимедиялық оқыту құралдарының бір түрін компьютерлерге енгізілген POWER POINT программасы арқылы жасауға болады. Бұл бағдарлама «слайд-шоу» көрсетілімдерін жасау үшін құрылған. Бағдарламаның атқаратын басты бір қызметі белгілі бір жобаны, семинарды, лекцияны, дәрістерді және де шет тілі сабағының бір кезеңін осындай бағдарламалар бойынша ұйымдастыру. « Слайд шоу » көрсетілімдері әртүрлі мәтін, сурет, кесте, графика, диаграмма және видео материалдарын қолдану арқылы ұйымдастыруға болады. Аталған материалдарды оқытушы өзінің тақырыптық жоспарына сай, талғамына сай анимациялық жолдармен жасауына болады. Қазіргі таңда « слайд-шоу » көрсетілімдері электрондық көмекші құрал ретінде сабақтың бір кезеңінің жүйелі, бағыт бағдарлы және ұтымды пайдалануға көмек беретін бірден бір оқытудың көмекші құралы. Сонымен қатар бұл көмекші құрал эстетикалық жағынан да оқыту кезеңінің қызықтыра түседі. Қазіргі жаңа мультимедиялық оқыту құралдары оқу процессін оңай, шебер және ұтымды ұйымдастыруға барлық мүмкіншіліктерді тудырып отыр.

Мультимедиа арқылы оқытудың және үйренудің артықшылықтарын шетелдің білімгерлері төмендегідей сипаттайды.

« Мультимедианың мүмкіншіліктері »:

- Әртүрлі орындарда және жоғарғы оқу орындарында оқытуды сапалы түрде жетілдіреді;

- Әртүрлі салада жұмыс істейтін студенттерге мүмкіншіліктер туғызады;

Басқа студенттердің қолдауынсыз, шаршамай қайталауды қамтамасыз етеді, қайталау олардың пайдалы іскерліктерін және білімдерін шыңдауға негіз болады; Аз уақытта жоғары мектеп студенттеріне және шектеулі үйретілген, тәжірибелі оқытушыларға- шебер оқытушылардың дамыту-шылық инициативасын және оқытушылардың жұмыс істеу жағдайындағы жақсартулармен қамтамасыз етеді.

Қазіргі заманда оқытушылар мен студенттердің мультимедиялық технологиялармен жұмыс істеуіне жақсы жағдай жасалынған. Олар өз білімдерін өз бетінше жетілдіре алады, ақпараттық ресурстарды өз бетінше тауып, пайдалана алады. Мультимедиялық технологиялар мәтіндік құжаттарды, дыбыс және бейне көріністерді, графикалық суреттерді пайдалануға мүмкіндік береді. Олар тілді меңгеру жылдамдылығының артуына мүмкіндік береді. Мультимедиядағы графикалар мен анимациялық бейнелер ағылшын тілін оқытуда студенттердің қызығушылықтарын тудырып, тілді үйренуде үлкен маңызға ие болады. Олар студенттердің барлық сезім мүшелеріне әсер етеді, олар көзбен көріп, бейнелік қабылдайды, ойлау қабілеттері артады, оқыту үрдісінде танып, біледі. Қытай мақалы «Айтып берсең ұмытып қалармын, көрсетіп берсең есте сақтармын, өзіме істетсең, үйреніп алармын» деген мақалы еріксіз еске түседі. Студенттер мультимедиялық технологияларды қолданып, оқыту үрдісіне өздері белсене араласса нәтиже шығады. Ең бастысы студенттің қызығушылығы, ынтасы мен талап болуы керек. Қ.Ж.Жұмабекова өз мақаласында ақпараттық құралдарды қолдану барысында оқытушы мен оқушының өзара әрекетінде компьютерлік даярлықтарын байқағандығын, мультимедиядағы бейнелер мен графикада шетел тілін сазды кескіндемелік, анимациялық иллюстрациялар арқылы бере отырып, шетел тілін оқытуда үлкен маңызға ие болатындығын аңғарғанын жазған. Олар барлық сезім мүшелеріне әсер етіп, үйренушілердің ойлау қабілеттерін арттырып, есте сақтауының барлық түрлеріне қозғау салып, оқу ақпаратын толыққанды қабылдауына және тануына негіз болатындығын байқаған. Мультимедия студенттердің оқу ақпаратын қабылдаудағы көру және есту бейнелерін өзара үйлестіреді. Мультимедиялық бағдарламалар оқушының ақпарат алмасу жағдайында мультимедиялық жүйемен интерактивті диалог орнату сияқты көптеген жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Шет тілін оқыту үдерісінде компьютер, мультимедиа, мультимедиялық оқу бағдарламаларын қолдану ағылшын тілін оқытудағы сән-салтанат көрінісі емес, өткен материалды қайталау мен жаңа ақпаратты қабылдаудың аса қажетті құралы болып табылады. Шет тілін меңгеруде оқушының танымдық, әдеби-көркем және әлеуметтік ақпаратты игеруінде компьютер, мультимедиа мен интернеттің рөлі артып, оқу материалын және қосымша тақырыптық материалдарды мәнерлеп, көрнекілеп беруде иллюстративті құрал ретінде маңызы ұлғайады. Мультимедиа, презентациялар, видеофильмдер сонымен қатар оқушының оқу мазмұнын анықтап, жақсы меңгеру үшін, шетел тіліндегі экстралингвистикалық ақпаратты игеруге көмегін тигізеді. Бұл ақпарат шетел тіліндегі грамматикалық ерекшеліктер мен лингвистикалық ақпараттарды айқын да дәл қабылдауға ықпалын тигізеді. (Қ.Ж.Жұмабеков 115-118).

Ендігі сөз арқауы компьютерлік технологияны пайдалана отырып, шетел тілі сабағында интернет жүйесін қолдану мәселесі болмақ. Жаһанданған интернет жүйесін қолдану негізінде, тіл үйренушілердің сөз әрекетінің төрт түрінде де біліктілігін қалыптастыруға болады, жүйе материалдарын қолдану арқылы олардың оқу, жазу іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыруға, сөздік қорын байытуға мүмкіндік туады. Интернет жүйесін пайдалана отырып, тілін үйренуші елдің өкілдерімен байланысқа түсе алады.

Студенттердің шетел тілдерін үйренуге деген ынтасын арттыру олардың төмендегі шараларға қатысуы негізінде жасалынады: диспуттар, байқаулар, олимпиадалар және т. б.

«Интернет» деген термин ағылшынның «international net» деген сөзінен, аударғанда «халықаралық байланыс» деген ұғымды береді. Интернет жүйесі арқылы тіл үйренуші тіл өкілімен тура, тікелей байланысқа түсе алады, шетел тілі сабағында Интернетке қосылу арқылы шынайы қарым-қатынас үлгісін жасауға болады. Табиғи тілдік ортада тіл қарым-қатынас құралы ретінде қолдана отырып, тіл үйренушілер айтылымдарға спонтанды түрде, түрлі тілдік формулаларды қолдана отырып, жылдам жауап беруге дағдыланады.

Интернет жүйесінің келесі ақпараттық қоры мен ресурстарын шетел тілі сабағында пайдалану бірден-бір тиімді болмақ:

- электрондық пошта(e-mail), телеконференция, видеоконференция;
- жеке ақпараттарды жарыққа шығару мүмкіндігі немесе басқаша айтқанда Web
- серверге жеке шығару;
- ақпараттық каталогтар (Yahoo, InfoSeek) Ultrasmart, Galaxy) іздеу жүйесі (Allta, Vista, HotBob, Open), жүйе ішіндегі әңгіме(Chat).

Шетел тілі сабағында компьютермен жұмыс жасай отырып, студенттер психологиялық тұрғыдан да жеңілдіктерге ие болады. Атап айтқанда, студенттердің жасаған әрбір жұмысына берілетін бағаның, олардың жасаған қатесін қайталаулар негізінде көрсете отырып, яғни жұмыс нәтижесін мақұлдап немесе белгілі бір дәрежеде қоштамай, өз пікірін білдіріп отыратын оқытушының тікелей қатыспауы, студенттерге өз бетінше жұмыс жасап, өзіне сенімділік болуын қамтамасыз етеді. Бұдан оқытушының шетел тілі сабағындағы орнын жоққа шығару деген түсінік туындамауы керек.

Керісінше, оқытушы тіл үйренушілердің жеке тұлғаның өзіне берілген тапсырмаларын орындап, жұмыс қортындысын белгілейтін әлеуметтік-психологиялық жағдай туындата алатын, олардың жұмысына бағыт-бағдар беретін бірден-бір субъект екені белгілі.

Шетел тілін оқыту технологиясының тиімділігінің көрсеткіштері мыналар:

- Студенттердің моральдық психологиялық, интеллектуалдық және жас ерекшеліктерін ескеру;
- Оқуға жағымды көңіл күй қалыптастыру.
- Ұстаз бен студент арасында сөз алмасу, ғылыми қарым-қатынас және әріптестік принципін орнықтыру.
- Студенттердің еске сақтау қабілеті мен творчестволық деңгейін көтеру арқылы белсенділігін арттыру.

• Оқуды игеруге мультимедиялық және басқа да техникалық арсеналды кең іске қосу.

• Сабақтардың бітуімен студенттердің келешекке қанағаттануының қорытынды нәтижесі.

• Студенттер әртүрлі ақпарат көздерін, ресурстарын пайдалану арқылы компьютерлік технологияның көмегімен өздерінің дербес ізденуі арқылы тілді игеруге кәсіби шеберлігін шындайды. Жаңа ақпараттық технологияға әртүрлі ақпараттарды электрондық әдіспен енгізу, сақтау және беру болып табылады. Оларды оқу процесінде пайдалану ерекшелігіне сай төмендегідей топтастыруға болады:

• Компьютерлік оқу бағдарламалары (электрондық оқулықтар, тренажерлар, тьюторлар, лабораториялық жаттығулар, тест жүйесі). Мультимедиялық технологияға сай оқу жүйесі компьютер, видеотехника, оптикалық дискінің жиындысын пайдалану арқылы жүргізіледі. Интеллектуалдық және эксперттік жүйе. Ақпарат жиынтығы базасының қалыптасуы. Электрондық пошта, телеконференция, шоғырлы не аймақтық байланыс жүйесін біріктіретін телекоммуникациялық қондырғылар. Электронды кітапханалар. Бұл технологиялар білім саласында оларды пайдаланудан гөрі тезірек дамиды. Жоғары оқу орындарында көбіне – көп электрондық почталар жиі пайдаланылады. Қазіргі кезде аудиоақпарат алмасу, видеоақпарат алмасу, виртуалды аудиторлық тақта, тақырыптық ақпарат енгізілген клавиатуралар, файлды алмасу, көпжақты конференциялар өткізу кеңнен таралған көпке белгілі компьютерлік видеоконференция байланыстың әдістемесіне жатқызылады. Бұл технологиялар ағылшын тілін біршама меңгерген студенттің еншісі болып табылады. Өйткені бұл материалдар тек ағылшын тілінде ғана беріледі. Компьютер жүйесі оқу процесін жетілдіру құралы болып табылады. Дегенмен, Интернет жүйесіндегі оқуға байланысты ақпараттар сирек, аз, жүйеленбеген. Оқу процесін аралық байланыс арқылы басқару электрондық почта арқылы материалдар қабылдау, жіберу, курс және диплом жұмыстарын көшіру, интерактивтік алмасу арқылы жүргізіледі. Бүгінде бұл технологиялар оқытудан гөрі жаңа дамушылық маңызға ие. Дегенмен, түрлі ақпараттық ағымды пайдалану арқылы шетел тілін меңгеруге талпыныс келешек студенттерге өздерінің жан-жақты дамып, сауатты маман ретінде қалыптасуына игі ықпал етеді. Студенттердің техникалық білімінің кәсіби бағдарламаға сәйкес шет тілін меңгере отырып игеруі, олардың осы мақсатта жүйелі түрде технологиялық ақпараттарды және педагогикалық технологияны пайдалана отырып үнемі дайындығын арттыруына, ізденуіне байланысты. Жаңа педагогикалық технология студенттерді шет тілін меңгеруге жеке бағыттап, даярлық кезінде олардың қарым – қабілетін ескеруге мүмкіндік береді. Технологияның методикаға қарағанда айырмашылығы мынада: оқуды жобалау, тәжірибені қортындылау негізінде емес, оқуды ғылыми тұрғыдан негіздеуге бағытталған.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі заманғы мультимедиялық технологиялар ақыл-ой еңбегін оңтайландыру жағдайында түрлі әдіс-тәсілдерді ұсынады. Компьютерлік бағдарламалармен шет тілі сабағында жұмыс істеудің түрлері сөздерді, дыбыстарды дұрыс айтуды, монологты және диалогты дұрыс сөйлеуді, жазуға үйретуді, грамматиканы оқытуды енгізеді. Ағылшын тілі сабағында материалды Интернеттен пайдалана отырып, көптеген дидактикалық мәселелерді шешуге болады. Студенттерге мультимедиялық технологияларды пайдалануға, оқып жатқан құбылыстар мен объект жайында толық және дәл ақпарат береді. Бұл білім сапасын арттырады, студенттердің танымдық қызығушылықтарын қанағаттандырады және оқытудың көрнекіліктерін жетілдіреді, тіпті қол жеткізе алмайтын материалды пайдалануға мүмкіндік береді. Студенттердің жұмысы қарқынды болады, олардың оқу-материалдарын оқып-үйренуде жылдамдықтары артады, сабақта және сабақтан тыс өз бетінше жұмыс істеуіне мүмкіншіліктері болады. Қорытындылай келе мультимедиялық технологияларды шет тілі сабағында

қолдану біріншіден еңбек өнімділігін арттыруға, екіншіден студенттердің барлық іс-әрекетіне бақылау жасау үшін кері байланыс орнатуға, үшіншіден тілді оқуға қызығушылықтарын туғызу керек. Мультимедиялық технологияларды қолдану оқытушының көмегінсіз жақсы әсер бермеуі мүмкін, бұл технологиялар- тек қана оқытудың тәсілдері, олардың әсері және нәтижесі оқытушының өзінің педагогикалық белгілі бір мақсатына қолданған кезде нәтиже беруі мүмкін.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Шет тілін оқыту әдістемесі Қ.Ж.Тұрсынбаева, Б.Р.Құлбекова « Шетел тілін оқытуда техникалық құралдарды қолдану» -22-24 б.
2. Қ.Ж.Жұмабеков «Мультимедиялық инновациялық технологияларды қолдану барысы » -115-118 б.
3. Ермакова Ю.В. «Инновационный подход в изучения английского языка с использованием мультимедийных технологий» -1б.
4. *Пассов Е.И. «Технология коммуникативного обучения иноязычной культуре».*
5. Қалыбаева Т.Р. Ағылшын тілі сабақтарында ақпараттық технологияларды қолдану

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОО СТУДЕНТТЕРІНІҢ АҚПАРАТТЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ

п.ғ.к., доцент С.Н.ИСАБАЕВА*
т.ғ.к., доцент м.а. Қ.Е.ТҮРҒАНБАЙ**
аға оқытушы Б.А. АБСАТАРОВА***

Түйіндеме:

Мақалада педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің ақпараттық-технологиялық құзіреттілігін қалыптастыру жолдары қарастырылған. Ақпараттық-технологиялық құзірет, тіректі құзіреттілік туралы мәліметтер талданып, оларды қалыптастыру туралы ақпараттар беріледі.

Кілттік сөздер: ақпараттандыру, құзіреттілік, ақпараттық-технологиялық құзіреттілік, тұғыр

METHODS OF EFFECTIVENESS FORMICOLGY INFORMATION COMMUNICATION INSTITUTION STUDENT PROFESSIONAL EFFECTIVE

Abstract:

The article provides ways of formation of information and technological competence of students of pedagogical higher educational institutions. Information and technological competence, data on competency competence are analyzed and information on their formation is provided.

Key words: informatization, competence, information and technological competence, platform

КІРІСПЕ

Қоғамның барлық сфераларын ақпараттандыру, оқу іс-әрекетін жеделдету білім беру саясатының мақсатты бағдарларын қайта қарастырудың қажеттілігін талап етеді. Модернизация үдерісін және негізгі жалпы білім берудің ролін жаңаша қарастыруды анықтайды. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама-сында көрсетілгендей, студенттердің қоғам талабына сай жоғары оқу орнында дайындалуында кәсіби сапаларына мән беру қажеттілігі атап көрсетілген [1].

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында жоғары оқу орындарының басты мақсатын әлемдік стандарт деңгейінде білім беру, дүниежүзілік деңгейге көтерілетіндей баспалдақ-тардан өтуге бағыт берумен қатар, қоғам талабына сай жоғары кәсіби сапаларды, біліктілік пен құзырлығын қалыптастыру, біліммен қаруландыруды ұсынған [2].

Білім беруді модернизациялаудың үкіметтік саясаты, тұлғалық тұрғыдан құзыреттіліктер ретінде көрінетін, «тіректі құзыреттіліктер» негізінде білім берудің мазмұнын жаңартуды болжайды. Ақпаратты іздеу және таңдау жүргізу біліктері, ХХІ ғасырдағы білім берудің маңызды құрамдастары ретінде анықталады. Алайда, БМБ-нің, халықаралық зерттеулердің нәтижелері, ақпаратпен жұмыс білігінің болуын көрсетеді. Студенттердің ақпараттық-технологиялық құзыреттілігіне қоғамның талаптарының артуы, бір жағынан және екінші жағынан да оның шынайы күйі зерттеу жұмысының өзектілігін әлеуметтік-педагогикалық деңгейде анықтайды. Осылайша, білім беру мекемелерінің алдында білім беру тәжірибесіне ендіру міндеті, ал педагогика ғылымының алдында – жалпы білім берудің барлық сатыларында студенттердің ақпараттық-технологиялық құзыреттілігін қалыптас-тырудың ғылым негізделген үдерісін құрастыру міндеті тұрады.

Біздің елімізде және шетелде мектеп информатикасының дамуының теориясы мен тәжірибесін ретроспективті талдау көрсеткендей (А.А.Кузнецов, М.П.Лапчик, И.Г.Семакин, И.Г.Семакин, Е.К.Хеннер және т.б.) әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың өзгеруі, техника мен технология-

*Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, sulu.74@mail.ru

**Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, kuralai_12@mail.ru

*** Алматы байланыс және энергетика университеті, abiba_72@mail.ru

лардың дамуы, ақпараттық білім берудің нәтижелерінің терминологиялық көрінісіндегі өзгерістерді анықтайды; компьютерлік сауаттылық-ақпараттық мәдениет-АКТ-құзыреттілік ұғымдарының мазмұнын кеңейту және тереңдету, өзекті аспектілерге барлық зейінді жинақтау.

Қазіргі заманғы зерттеулерді талдау (А.Г.Бермус, И.А.Зимняя, Д.А.Иванов, В.В.Краевский, С.Г.Молчанов, Е.Ю.Никитина, А.В.Хуторский, Ж.С.Сардарова және т.б.) көрсеткендей, «құзірет», «құзіреттілік», «ақпараттық құзіреттілік» ұғымдарының алуан түрлі түсініктемелері бар, бірақ олардың барлығы негізгі бір көріністі ұстанады: 1) тұлғаның даму деңгейі; 2) білім беру нәтижесі.

Бұл екінші бағытты қабылдауға негіз болады және негізгі ұғымдарды өзіндік түсіндіруге мүмкіндік береді. Студенттердің ақпараттық-технологиялық құзіреттілігі деп, біз ақпараттық-технологиялық құзіреттердің жиынтығын меңгеруде көрінетін білім берудің нәтижесін атаймыз. Ақпараттық-технологиялық құзірет деп, біз оқушыларға білім берудің нәтижесіне қойылатын әлеуметтік талаптарды атаймыз, оның мазмұнына енетіндер: ақпараттық технологиялар негізінде студенттердің тиімді іс-әрекетіне қажет, өзара іс-әрекеттің нысаны және онымен жұмыстың тәсілдері туралы теориялық көріністер мен іс-әрекет тәсілдерін меңгеруде, студенттердің мақсатты бағытталған басқарылатын қозғалысын атаймыз. Студенттердің ақпараттық-технологиялық құзіреттілігін қалыптастыру үдерісін педагогикалық қамтамасыз ету деп, біз студенттердің ақпараттық-технологиялық құзіреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін, педагогикалық шарттар, соған сәйкес құралдар, әдістер, формалар, мазмұн кешенін атаймыз. Ақпараттық құзіреттерді қалыптастырудың номенклатурасы мен кезеңдеріне арналған материалдарды талдау (С.А.Бешенков, А.В.Вишнякова, И.А.Зимняя, А.А.Кузнецов, Г.К.Селевко, Е.К.Хеннер, Еуропа Кеңесі, Е.Ы.Бидайбеков, Т.О.Балықбаев және т.б.), пікірлердің вариативтілігін, оқытудың әртүрлі сатылары үшін аталған құзіреттіліктің нақты құрылымының болмауын және құзыретті іздеу және ақпаратты қайта құруды анықтаудағы тұғырлардың ұқсастығын, ақпараттық технологияларды қолдануды, ЖОО-да оқудағы аталған құзіреттілікті қалыптастыру кезеңдерін анықтауын көрсетті.

Жоғары оқу орындары студенттерінің ақпараттық-технологиялық құзіреттілігі, біздің пікіріміз бойынша, келесі деңгейлері бар иерархиялық құрылымнан тұрады: 1) ақпараттық-технологиялық құзіреттілік; 2) құзіреттің кеңейтілген блоктары; 3) әрбір блок бойынша қалыптастыруды қажет ететін құзіреттің нақтыланған тізімі. Жоғары оқу орындары студенттерінің ақпараттық-технологиялық құзіреттілікті іздеумен, құрылымдау және бағалаумен толықтырдық және тіректі ақпараттық-технологиялық құзіреттіліктің жиынтығы арқылы дәл анықтау, оқытудың аса ерте сатыларында студенттердің ақпараттық-технологиялық құзіреттілігін қалыптастыру үдерісін жетістікпен жүзеге асыруға және модельді құрастыруға мүмкіндік берді.

Қалыптастыру үдерісінің күрделілігі мен көпфакторлығы мәселесі, күн тәртібіне бара-бар теориялық-әдіснамалық қамтамасыздандыру мәселесін қояды. Жұмыс барысында, біз зерттеу мәселесін шешу үшін аса тиімді тұғыр ретінде, құрылымдық өзара байланыс пен тұжырымдамалы бірліктің есебінен, әдіснамалық көпдеңгейлілікті қамтамасыз ететін, құзіретті, әрекеттік, модульды және міндетті тұғырлардың синтезін немесе бірігуін алдық, олар: 1) құзыреттілік және әрекеттік тұғырлар жалпы-ғылыми деңгейді анықтайды және студенттердің қазіргі қоғамдағы функцияларын тиімді жүзеге асыруын тиімді қамтамасыз етеді; 2) модульды тұғыр нақты ғылыми деңгейді анықтайды, құзіреттілікті біртұтас қалыптастыруға ықпал етеді; 3) міндетті тұғыр әдістемелік-технологиялық деңгейді көрсетеді және студенттердің ақпараттық-технологиялық құзіреттілік жиынтығын меңгеруге ықпал ететін жұмыстың формалары мен әдістерін таңдауға, студенттердің субъектілі позициясын белсендіруге және туындайтын ақпараттық мәселелерді тиімді шешуге ықпал ететін, жұмыстың формалары мен әдістерін таңдауға ерекше назар аударады. Теориялық-әдіснамалық негіздің иерархиялық құрылымы, білім беру үдерісінің тұтастығын қамтамасыз етеді.

Зерттеу жұмысы көрсеткендей, жалпы-ғылыми деңгейді көрсететін құзіреттілік тұғыры, студенттердің зейінін ақпараттандыруға емес, олардың ақпараттық мәселелерді шешудегі өзіндік жеке тәжірибесін құрастыруға аударады. Ғылыми әдебиеттерді талдау, бізге құзіреттілік тұғырының келесі жетекші идеяларын анықтауға мүмкіндік берді: стандарт бойынша «нәтижеден» құралатын, білім берудің мазмұнын интерпретациялау; білім берудің нәтижесін құрудың тәсілі ретінде,

«құзірет», «құзіреттілік» ұғымдары алынады. Біздің пікіріміз бойынша, «ақпараттық-технологиялық құзіреттілік», тіректі құзіреттілік – бұл интерактивті немесе кіріктірілген табиғаты бар жүйелі ұғым болып табылады. Себебі, ол кез келген сферада ақпараттық мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін, іс-әрекеттің кең аясына жататын, тіректі ақпараттық-технологиялық құзіреттілікке сәйкес келетін, студенттердің іс-әрекет тәсілдері мен теориялық көріністер жиынтығын меңгеру негізінде қалыптасады; ақпараттық білім берудің мазмұны стандартта негізі қаланған, ақпараттық-технологиялық құзіреттің жиынтығын өзектілеу арқылы сипатталуы мүмкін; оның іргелілігімен қатар, әрекеттік сипаты болады; құзіреттілік тұғырында ақпараттық білім берудің негізгі нәтижесі ретінде, құрылымға сәйкес студенттердің ақпараттық-технологиялық құзіреттілігін қалыптастыру алынады.

Іс-әрекеттің қалыптастырушы және дамытушы мәні туралы, қазіргі заманғы мәдениеттің жетістіктеріне бара-бар, іс-әрекетті жүзеге асыруда студенттердің өзіндік белсенділігі үдерісінде, білім берудің мазмұнын меңгеру туралы, әрекеттік тұғырдың қағидалары, бізге студенттердің ақпараттық-технологиялық құзіреттілігін қалыптастыру үдерісін жобалауға мүмкіндік берді, соған сәйкес ақпараттық және педагогикалық технологияларды таңдауда бағдар қызметін атқарды. Ғылыми әдебиеттерді талдау, бізге модульды тұғырдың келесі негізгі қағидаларын айқындауға мүмкіндік берді: құрылымдау, мазмұнның динамикалығы, әрекеттік оперативтілік, перспективаның саналылығы, өзара іс-әрекеттің паритеттілігі және жан-жақтылығы, бұлар өз кезегінде аталған құзіреттілікті біртұтас қалыптастыруға, қзбетінділікті дамытуға, студенттердің субъектілі позицияларын өзектілеуге ықпал етеді.

Зерттеудегі ақпараттық-технологиялық құзіреттілікті қалыптастыру үдерісінің әдістемелік-технологиялық деңгейін міндетті тұғыр анықтайды. Алынған ғылыми нәтижелер негізінде біз аталған құзіреттілікті қалыптастырудағы міндетті тұғырды қолданудың келесі жетекші идеяларын анықтаймыз: 1) студенттердің ақпараттық-технологиялық құзіреттілікті меңгеруі, бірқатар кешенді проблемалық- танымдық тапсырмалардан тұратын модульды практикумдарды орындау арқылы жүзеге асырылады; 2) кешенді проблемалық-танымдық тапсырмалар деп, біз ақпараттық-технологиялық құзіреттілікті қалыптастыруға бағдарланған, студенттердің оқу материалының үзіндісін меңгеруге бағытталған, белгілі жағдайларда ақпараттық білім берудің мақсатын атаймыз 3) оқу міндетінің дәстүрлі сызықты құрылымы, аталған құзіреттіліктің иерархиялық құрылымына сәйкес келмейді, сондықтан бара-бар құрылымдар мен тапсырмаларды толықтыру қажет болады 4) кешенді проблемалық-танымдық тапсырмаларды қолдану, құзіреттерді кешенді қолдану арқылы, аталған құзіреттілікті бірте-бірте күрделендіру арқылы қалыптастырудың сабақтастығы мен тиімділігін қамтамасыз етеді; өзбетінділіктің алуан түрлі дәрежесі арқылы ақпараттық-технологияларды меңгеруге ықпал етеді, мәселені шешудің вариативті жолдарын табуға ықпал етеді, тапсырмаларға аталған құзіреттілікті қалыптастыру үдерісін қадағалауға мүмкіндік беретін жоғары диагностикалық сапалар тән болады.

Қазіргі кезде ақпараттық білім берудің нәтижелерін белгілеу ретінде, «ақпараттық мәдениет» термині қолданылады, алайда соңғы жылдардағы зерттеу жұмыстарында (Е.Бединская, Н.Гнедина, С.Т.Гераськина, Т.Н.Ле-Ван және т.б. қосымша білім берудің мүмкіндіктері, кітапханалар, интернет-клубтар, жарнамалық мәтіндерді талдау және т.б. аясында студенттердің ақпараттық мәдениетін қалыптастырудың тенденциялары, ақпараттық мәдениетті құрайтын ақпараттық-технологиялық құзіреттілікке аударылғаны байқалады). Алғашқы бағыт бізге шектеулі түрде беріледі, себебі білім беретін және технологиялық аспектілер жеткілікті түрде ескерілмейді, ал екінші жағынан – екі бағыт та заңды болып саналады, себебі әлемдік қауымдастық техника мен технологияның дамуының қазіргі деңгейіне сәйкес, білім берудің нәтижелерін бағалау үшін басқа категориялар анықталды. Сонымен, жоғарыда айтылғандар студенттердің ақпараттық мәдениеті тұрақты даму барысындағы компоненттермен толықтырылып, ұдайы даму үстінде болатындығын «ақпараттық мәдениет» ұғымының мазмұнына коммуникациялық технология туралы түсінікті енгізу, қазіргі қоғамдағы әрбір адамның жалпы мәдениетінің міндеті екендігін көрсетті.

Ақпараттық құзіреттілік педагогтарды дайындауда түйінді құзіреттіліктің компоненті ретінде ақпараттық технологияларды пайдалануға негізделген адамның ақпараттық іс-әрекетінің (жинақтау, іздеу, сақтау, өңдеу) жалпыланған түрлерін меңгеруді ұсынады. Педагогтың ақпараттық құзіреттілігінің төмендегідей деңгейлерін ерекшелеуге болады:

- қарапайым (репродуктивті іс-әрекет);
- функционалдық (шығармашылық іс-әрекет элементтері бар репродуктивті іс-әрекет);
- жүйелілік (дербес шығармашылық іс-әрекет). Мұнан ақпараттық технологиялардың тұрақты дамуымен білім беру үдерісінде оларды пайдалану мәселелері бойынша педагогикалық ғылымның дамуымен бір деңгейден басқа деңгейге көшу ұсынылады. Сөйтіп, құзіреттілік тұғыры әдіснамалық негіз ретінде қоғамның жаңа ақпараттық мәдениетіне сәйкес педагог пен студенттің ақпараттық-технологиялық құзіреттілігінің қажетті деңгейін қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Диссертация–

лық зерттеулердегі ақпараттық құзыреттілікті, ақпараттық-технологиялық құзыреттілігін қалыптастыру мәселелерінің зерттелуіне көз жүгіртейік.

Құзыреттілікке, ақпаратқа және ақпараттық технологияларға қатысты отандық және алыс-жақын шет елдердегі 2000-2009 жылдар аралығындағы диссертациялардың кең ауқымына талдау жасалынды. Олардың ішінде ақпараттық құзыреттілік, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік, ақпараттық-технологиялық құзыреттілікті қалыптастыру мәселесі мектеп білім алушыларының және педагог мамандардың білімін жетілдіруге қатысты қарастырылып, педагогикалық жоғары оқу орны студенттерінің ақпараттық-технологиялық құзыреттілігін қалыптастыруға байланысты зерттеу жұмысы жеткіліксіз екендігі тұжырымдалды.

Аталған зерттеу жұмыстарында ақпараттық құзыреттілік ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы қалыптасатындығы келтірілген, оның негізінде тұлғаның ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыруға тиісті біліктіліктер мен дағдылар жүйесі құрылымының негізгі бөліктері төмендегіше анықталды:

- ақпаратты іздеуі, жинауы және құра білуі;
- жұмыстың мақсатына сәйкес графикалық және дыбыстық ақпаратты таңдауы;
- файлдың көлемін азайту тұрғысында, электрондық түрде берілген графикалық ақпаратты құрастыруы;
- ақпараттық-коммуникациялық-ұйымдастырушылық біліктіліктері;
- негізгі және қолданбалы компьютерлік бағдарламаларды (мәтіндік және кестелік процес-сорлар, мәліметтер қорын басқару жүйелері, Интернет желісі және т.б.) пайдалана білуі;
- өздігімен ақпараттық-коммуникациялық білімін жетілдіру.

Технологиялық тұғырдың жоғарыда аталған ережелерін біз студенттердің ақпараттық-технологиялық құзыреттілігін диагностикалау бағдарламасын құруда ескердік, педагогикалық шарттарды анықтау аясында студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетте жүзеге асырудың мазмұнын жобалауда, сонымен бірге нәтижелердің сенімділігін дәлелдеуде, эксперименталды зерттеуді ұйымдастырудың логикасын құруда ескерілді.

Сонымен қатар зерттеу мәселесіне технологиялық тұғырмен келуде технология ұғымының мәнін ашуда педагогика ғылымына өндіріс саласынан келгенін атап өтуге болады. Біз ғылымда жалпы қабылданған түсініктемелерге қосыламыз және «технологияны» қалаған нәтижені алу үшін ақпаратты, құралды қолданудың және қайта құруға арналған, белгілі бір саладағы әдістер мен үдерістердің жиынтығы ретінде түсінеміз. Тапсырылған сападағы өнімді алуға кепіл беретін, қолданылуы алдын ала күтілетін нәтижелерге алып келетін алгоритмдер, тәсілдер мен құралдар жүйесі ретінде қарастырамыз.

«Технология» термині гректің «техне»- өнер, шеберлік, біліктілік және «логос» - сөз, оқыту, ғылым сөзінен шыққан. Ежелгі Грецияда «техне» терминімен реті бойынша ең жақсы деп танылатын, жоғары сапалы нәтижеге қол жеткізетін іс-әрекеттің барысын және нәтижесін белгілеген. Эрнст Капп техникалық жетістіктің философиялық аспектісін зерттей отырып, мұндай нәтижеге ие болу үшін адам табыс көзін және өнімді қайта өндірудің оңтайлы тәсілдерін табуға ұмтылады, сондықтан адамзат тарихын толығымен қарастыратын болсақ, барлық жақсы еңбек құралдарын ойлап табу тарихы ретінде қарастыруға болады деп атап көрсеткен.

Өндірістің материалдық саласының дамуымен қатар, техниканың пайда болуы табиғатты пайдалану көздерін кеңейтті. Оның негізін өндірістік үдерістер құрайды. Өндірістік үдерістердің жиынтығын технология деп атайды. «Технология» ұғымы осы кезеңге дейін материалдарды өңдеу мен қайта өңдеу тәсілдері және үдерісі туралы білім жиынтығы ретінде қарастырылып келді. Қазір «технология» ұғымы адамзат әрекетінің барлық аясына таралғандықтан мұндай анықтама нақты емес.

А.В.Бердышев философиялық деңгейде «технология» ұғымын оңтайлы іс-әрекет туралы білім – ең жақсы нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беретін үдеріс ретінде анықтайды. Д.А.Махотин «технологияны» мәдениеттің бөлігі ретінде қарастыра отырып, қазіргі таңда, адамзат әрекетінің әртүрлі аясындағы «технология» ұғымының кеңінен интеграциялануымен байланысты, оны материя

мен қозғалыс деңгейінде қарастырады. Бұл деңгейде технология дамуға бағытталған қозғалыс ретінде, адам әрекетімен орындалатын жана сапалы деңгейге көшу ретінде түсіндіріледі. А.В.Бердышев пен Д.А.Махотин көзқарастары бірін-бірі жоққа шығармайды, керісінше бірін-бірі толықтырып отырады.

Технология өндіріс аясында көп кездеседі, сондықтан технологияны пәнаралық деңгейде де қарастыруға болады. Соңғы уақытта технологияны қолдану аясы кеңейуде деп жоғарыда атап көрсеткенбіз, сондықтан объективті нақтылық ретінде технология адам мен қоғамды өміршен-дендірудің интеграцияланған жүйесі болып табылады. Ол жеке технологиялардың жиынын барлық бөлшектерімен қамтиды. Егер бұрын, технология арқылы материалдарды өңдеу мен қайта өңдеуді түсіндіретін болсақ, қазір материалдық әлемге және оны түрлендіруге әсер ететін барлық әдістер мен құралдардың жиынтығын қарастырамыз.

Педагогикалық әдебиеттерден «технология» ұғымына берілген келесі анықтамаларды кездестіруге болады: бұл – өнер, шеберлік, біліктілік, жағдайды өңдеу, өзгерту әдістерінің жиынтығы (В.М.Шепель); ұйымдастырушы-әдістемелік инструментарий (Б.Т.Лихачев); студенттер үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ететін оқу үдерісін жобалау, ұйымдастыру және жүргізу бойынша бірлескен педагогикалық іс-әрекеттің барлық жағынан ойластырылған үлгісі (В.М.Монахов); педагогикалық міндеттерді шешуге бағытталған педагогтың бірізді және өзара байланысқан әрекет жүйесі, сонымен бірге педагогикалық әрекеттің жетістігін қамтамасыз етуді дәл қайта жаңғырту немесе алдын ала жобаланған педагогикалық үдерісті практикада жоспарлы және бірізді қайта жаңғырту (В.А.Сластенин); аталған ұғымды технология негізіндегі құралдар, инструменттер, аппараттарды, адамның меңгерген білім, білік, дағдыларын қолданудағы күрделі жүйе (В.А.Кальней), белгілі бір қасиеттері бар тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған, өзара байланысты педагогикалық элементтердің жиынтығы (Ж.А.Қараев, Ж.У.Кобдикова) ретінде анықтайды. Жоғарыда берілген анықтамалардан педагогикалық технология білім алушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына қолайлы жағдай туғызады, өз бетімен білім алып, өзін-өзі басқару арқылы өзін-өзі өзектендіреді; жеке қабілетіне сәйкес шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай туады; оқыту үдерісінің барысында әр білім алушының белгілі бір мерзім аралығындағы дамуын үздіксіз қадағалайтын мониторинг жүргізуге мүмкіндік туады; «өмір бойы білім ала алатын тұлғаға» айналады. Аталған талаптар педагогикалық жоғары оқу орны студенттерінің технологиялық құзыреттілігінің қалыптасуын қажет етеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде, ақпараттық-технологиялық құзіреттілікті қалыптастыруда, жетекші ретінде, формальды емес, оның функционалды жағы алынады, бұл өз кезегінде ақпараттық мәселелердің кең ауқымын шешу қабілетін қамтамасыз етеді. Партисипативтік принципі (Е.Ю.Никитина), ақпараттық іс-әрекетпен байланысты, белгілі бір мәселені оқытушы мен оқушының өзара іс-әрекеті арқылы, бірлесіп шешуін жүзеге асыруға негізделеді. Осындай іс-әрекеттің механизмі студенттердің белсенділігін қамтамасыз етуге және бірыңғай келісілген шешімді қабылдаудағы келісімге жақын болады. Бірлестік принципі, жеке және жалпы мақсаттарға жетудегі, бір-біріне белсенді өзара әрекеттесу типін анықтайды. Бұнда студенттер білім беру үдерісінің толыққанды қатысушылары болып табылады, сенімді қарым-қатынастар туындайды, бірлескен іс-әрекет жүзеге асырылады, шығармашылық атмосферасы құрылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік тұжырымдамасы. - Алматы, 2016ж.
2. Кандыбаевич Л.А. Психологические проблемы готовности к деятельности/ М.И.Дьяченко, Л.А.Кандыбаевич. – Белорусский гос.унив.им. Ленина., 1976.
3. Таубаева Ш.Т. Научные основы формирования исследовательской культуры учителя общеобразовательной школы.-Алматы, 2001.

MODERN TRENDS IN THE DEVELOPMENT OF SCIENCE AND EDUCATION: KAZAKHSTAN AND WORLD PRACTICE

PhD, Associate professor **B.A. TASHEV***
Master of pedagogical and natural sciences **B. SABIT****

Abstract:

The article considers general trends in the development of international education systems. Identified and analyzed the invariants of the organization of education, an objective representation of the strategies for its development in the 21st century is drawn up. With the aim of further synthesizing knowledge about the ways of managing innovative updating of this level of education. Based on the analysis of the theoretical and methodological foundations for the development of higher education, the trends in the development of higher education in international practice, the content of the paradigmatic characteristics of education as guidelines for the development of higher education in Kazakhstan was determined.

Keywords: *modern trends, education, educational system, science*

INTRODUCTION

The last decade of the XX century became for the international educational systems as a whole a period of intensive search for new conceptual ideas, ways of development, since social development required timely changes from the education systems that contribute to improving the organization of the educational process in accordance with pre-set goals.

Education and science as social sectors are based on the development of scientific and technical potential, which should be viewed not as an accompanying factor, but as one of the sectors of the economy that has the same features, rules and regulated methods. It is necessary to recognize that Kazakhstan has stepped on the stage of industrial-innovative development. According to Kazakh scientists, this stage is characterized by reprogramming the scientific system in accordance with modern economic requirements, therefore, the development of science regulated by the relevant regulatory indicators, structural, organizational, personnel, infrastructure and financial security, should lead to fundamental changes.

Let us analyze the possibilities for the development of Kazakhstan's science. At present, 455 state, public and private research institutes, design and construction organizations, higher educational institutions and enterprises performing scientific and technical functions that produce intellectual products are functioning in Kazakhstan. More than 80% of this complex is made up of scientific and technical institutes, and 20% is projected) - and experimental and design, as well as service organizations. (Vanyurikhin G.I., 2000:380)

Thus, at the end of the last decade, in many advanced economies, the share of domestic expenditure on research and training of highly qualified specialists for the country's economy in the total GDP (Gross Domestic Product) was approximately 3% (in Sweden - 3.8%, in Finland - 3.5%, in Japan - 3.04%, in Switzerland - 2.73%, in the US - 2.84%, in Germany - 2.44%).

In the world market of science-intensive products of advanced countries, the costs for the development of science in the general volume. Gross domestic product, taking into account such priorities as preferential taxation, low customs duties, budget support, investment promotion, leasing of scientific equipment, are strictly controlled. As the experience of developed countries shows, new or improved technologies, products, equipment, which have new knowledge or solutions, account for 70 to 85% of GDP growth. Russia's science-intensive products on the world market are 0.3-0.5%, EU countries 35%, the USA 25%, Japan 11%, Singapore 7%, South Korea 4%, China 2%. (Zhalmagambetova B.C., 2011:108).

Macroeconomic analysis conducted on issues of scientific and technological development shows that in recent years in Kazakhstan, the share of scientific and technical products in GDP that meet modern world

*Kazakh State Women's Teacher Training University, bekbolat.tashev@gmail.com

**Kazakh State Women's Teacher Training University, sabit_botakoz@mail.ru

requirements does not exceed 1.1%. The degree of activity of the enterprise for the production of scientific products does not exceed 2.3%. This shows that the scientific and technical function for economic development of the country is not yet the basis. In the same order, it is possible to track indicators of a low degree of activity.

State-owned enterprises accounting for 0.6%; whereas higher activity is typical for private enterprises (3.7%), and for enterprises with joint participation of foreign countries this figure is 5%. Thus, it turns out that science has remained outside the process of reforming the country's economy. (Mironov V.B., 1990: 136).

As for the scientific and technical potential of Kazakhstan, it should be noted that it is formed from the fundamental sectors of science, scientific and technical institutes in the field of industry, which should together work with design and engineering laboratories of enterprises and institutions, including other research units, who are engaged in production activities.

The scientific and technical potential is determined by the total volume of scientific knowledge, the degree of preparation of their practical application, the qualitative and quantitative indicators of scientific personnel and engineering and technical personnel.

In Kazakhstan, an important part of the modern scientific and technical sphere is the formation of a network of national and intersectoral scientific centers. Along with applied research, they must expand research of a fundamental nature. It is known that the industrial program should influence the growth of the scientific, technical and production potential of post-industrial development. In the modern world economy, intellectual potential is given more attention than material values. The ability of the nation to maintain a system of modern and effective education, to increase the potential of the labor force through training and preparation to ensure the high competitiveness of the nation is an extremely important factor in world management practice. A new technological production has been created in the world, which is deeply and comprehensively based on the processing of natural resources. As a result of achieving a high level of knowledge in the management of the production of natural raw materials and effective use of scientific and technical products for Kazakhstan, the opportunity to achieve leadership roles in the information communications markets in the regions of Central Asia is increasing. (Borisov P.P., 2003:58).

Given the specifics of the development of the economy of Kazakhstan, it is necessary to pay attention to qualified specialists for promising scientific and technical directions, among which:

- development and deep processing of mineral raw materials with the help of physical, chemical and information technologies, the possibility of producing pure metals that are needed for emergency use;
- development of information technology;
- the creation of new high-molecular substances, the production of pure materials and alloys of a certain structuring, the production of nanotechnologies with certain functional properties;
- Development of scientific and technological biology, product development in biotechnology and genetic engineering.

Summarizing the conclusions, it is possible to say with confidence that Kazakhstan has real conditions for the creation of high technology and high-tech production and that the republic is able to offer its software products to the world market. (Zhadrina M.Zh., 2003: 3)

The concept of the World Declaration on Education for All (Jomtien, 1990) includes among the key aspects and principles of education:

- universal access to training;
- emphasis on equality;
- Focus on learning outcomes;
- Expansion of the means and scope of basic education;
- Enriching the learning environment;
- Strengthening partnerships.

In accordance with the Jomtien Declaration, the scale of the needs for basic education and the methods of meeting them vary from country to country and from culture, and they inevitably change over time.

"Integration into society depends on the nature of this society. Therefore, education has a national character, and in some cases a subnational character". (Convention on the Recognition of Qualifications concerning Higher Education in the European Region. - Lisbon, 1997). In general, the education system and some important principles of the organization of the educational process in foreign countries show significant differences, and the general tendencies are manifested, as a rule, in peculiar national forms.

The United Nations Development Program uses the Human Development Index (HDI), an integral indicator calculated annually for intercountry comparison and measuring living standards, literacy, education and longevity as the main characteristics of the human potential of the study area.

The scientific and technical community should know the names of the winners of republican contests, tenders, and, most importantly, the real results of competitive studies and their effectiveness from implementation in production. (Ginetsinsky V.I., 1997:10). Different economic sectors of Kazakhstan should be competitive, and for this, private and joint projects should be created. In Kazakhstan there are directions together with foreign firms, providing with the scientific position of opportunities for occupying leading positions in the international markets. The problem of structural inconsistency in the organization of scientific and technical work has practically led to the lack of demand for the results of R & D.

For example, one of the characteristic features of the science of Kazakhstan is the costs mainly for financing scientific and theoretical research (71%), and only 8% are allocated for development work. At the same time, the cost of basic science is about 21%, which in general corresponds to the world average.

Kazakhstan has highly qualified scientific specialists and intellectual cadres, as well as production potential. It is important to know how to properly use these resources for economic services. The fact that with economic growth in the country at enterprises and scientific institutions will increase the need for highly professional and qualified specialists for such industries as highly developed information technology, bioengineering, ecology, microbiology, space research, medicine and other areas of scientific knowledge.

First of all, it is necessary to develop a powerful motivational mechanism for the development of the scientific sector, its structure, the definition of priority areas, and the construction of pilot experimental bases. In order to deliver promising results of scientific research on priority scientific areas before the introduction stage, it is necessary to update existing obsolete equipment, use pilot production facilities and build new ones. Otherwise it is too early to expect the real impact of domestic science for the development of the real sector of the economy.

The issues of the development of innovative science and the introduction of its results into practice are closely linked with the training of relevant highly qualified specialists, in particular, starting with the level of professional education.

In the system of higher professional education there is a tendency to widen the gap in the interaction of universities with the academic sector of science, production and experimental bases, which, accordingly, leads to a decrease in the quality of the educational process and the practical training of future specialists.

In addition, in the training of personnel with higher education there is a "washing out of costly specialties," in particular, of the natural sciences and technology, without which the scientific and technological development of society is impossible.

In addition, there is insufficient research on this problem, on the basis of which conditions should be created that ensure the flexibility, renewal and productivity of the educational process, the transfer of the necessary knowledge and skills that take into account the requirements of a changing labor market, the current trends of which are conditioned by such circumstances as:

- an increase in demand for highly qualified engineering and technical specialists,
- the emergence of an elite layer of employees who own new technologies of professional activity, as well as capable of servicing complex electronic and automatic equipment engaged in the design, maintenance, marketing.

Training of specialists of the new formation will be carried out according to the model corresponding to the Bologna Declaration "On the European Higher Education Area and the International Standard Classification of Education".

After the adoption of the new concept, universities can take on the functions of awarding scientific degrees.

Under the credit form of education, students will be able to choose not only a university, a specialty, but also about 50% of curriculum subjects and teachers.

The implementation of the concept in the event of its adoption, scientists and university rectors believe, will require in the near future cardinal processing standards of education at all levels, the preparation of a new generation of scientific and pedagogical personnel, the introduction of a management and quality control system, and further democratization of the entire education system.

State control over education is very important, because it directly affects the future development of the country and its security.

In this regard, in the issues of reforming the educational process, special attention is paid to the problems of education management and its financing.

However, the reform of this sphere should not be limited only to economic issues, at the same time, it is necessary to take into account the issues of the relevance of education to the modern requirements of time and its quality. One example of direct government regulation of higher education in the formation of sources of funding, domestic scientists believe the introduction of a corporate training principle with higher education. In general, this mechanism determines the point of intersection of interests of universities and corporations.

Thus, a flexible environment can be created that corresponds to measures for the effective use of limited budget funds and measures to improve the quality of education and management of the institution of education.

CONCLUSION

Formation and use of funds of enterprises for training specialists belongs to the category of investment in human resources, which forms the intellectual capital of the nation.

Such investments must necessarily be harmoniously linked with the progressive development of the production sector and with the economic policy of the state.

LITERATURE:

1. Vanyurikhin G.I. Developmental learning at the present stage. // The quality of education: concepts, problems: Materials of the III International. scientific-method. Conf. Under the Society. Ed. AS Vostrikova. - Novosibirsk: Publishing house of NSTU, 2000. - 380 p.
2. Education focused on the outcome: international experience in the development of the national curriculum of basic and secondary general education: Conference materials. - Astana, 2003. - [ER]. Access mode: <http://www.inca.org.uk>
3. Mironov V.B. Education in the West at the end of the XX century // Soviet pedagogy. - 1990. - № 2. - P. 136-142.
4. Borisov P.P. Competent-activity approach and modernization of the content of general education // Standard and monitoring. - 2003. - No. 1. - P. 58-61.
5. Zhadrina M.Zh. The results of education: traditions and new trends // Creative Pedagogy. - 2003. - No. 4. - P. 3-10.
6. Convention on the Recognition of Qualifications concerning Higher Education in the European Region. - Lisbon, 1997.
7. The concept of 12-year secondary general education in the Republic of Kazakhstan. Approved by the Board of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan. The Decree of the Ministry of Defense of the Republic of Kazakhstan of December 21, 2005. - No. 31. - Astana, 2006. - 42 p.
8. Ginetsinsky V.I. The problem of structuring the world educational space // Pedagogy. - 1997. - No. 3. - P. 10-15.

9. Zhalmagambetova B.C., Shakurova N.Sh. Development of professional mastery of the teacher: the experience of Singapore. - Pavlodar: BrandPrint, - 108 p.

10. Bettel J. Reform of the system of examinations and assessment: a review of the experience of countries in Central and Eastern Europe. - [ER]. Access mode: www.osi.hu/esp/ / Materials for the meeting of the Working Group on the Formation of New Approaches to the Development of State Obligatory Standards for Secondary General Education of the Republic of Kazakhstan. - Almaty: FSK, 2003.

11. Williams A. Development of the educational process on the basis of the personality-oriented approach in teaching // Pedagogical dialogue. - 2013. - No. 2. - P. 211-217.

МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

П.Ф.М. Ж.Д. АЙНАБЕК*
Ж.Ф.М. Ш.М. АСЫЛБЕКОВА**

Түйіндеме:

Математика сабақтарында оқушылардың есеп шығаруға деген қызығушылығын арттыру маңызды болып есептелінеді. Танымдық қызығушылық - бұл мектеп оқушысының бойындағы ең маңызды алға итермелеуші себеп болып табылады. Танымдық қызығушылық әсерінен әлсіз оқушылардың өздерінде алға дамушылық байқалады. Оқу-әдістемелік материалдарының қаншалықты түсініктілігі және қабылдауға ыңғайлылығы балаларға әсер етеді. Математиканы оқытуда балалардың танымдық қызығушылығын арттыру мақсатында ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану. Әдістердің әртүрлілігі мен сәйкестігі маңызды рөл атқарады. Мүмкіндігі шектеулі оқушылардың сабақ барысында шаршауларын төмендету, жұмыс істеу қабілеттерін арттыру, түрлі әдістер оқушылардың әртүрлі деңгейде қабылдауына мүмкіндік береді. Деңгейлеріне қарай тапсырмаларды талдау, әр тапсырманы шешуге мүмкіндігі жететін, деңгейі сәйкес балаға беру, балаларға өз дағдыларын ұғынуға мүмкіндік берілуі керек.

Тірек сөздер: ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, математика пәні, мүмкіндігі шектеулі балалар, есептер шығару, әдіс - тәсілдер.

IMPORTANCE OF THE APPLICATION OF INFORMATION COMMUNICATION TECHNOLOGIES IN THE LESSONS OF MATHEMATICS

Abstract:

In the lessons of mathematics to increase the interest of students in solving problems are considered the most important. Cognitive interest is the most important reason for the student's progress. Under the influence of cognitive interest there is progress among the weak pupils. In the education of children, clarity and convenience of materials affect children. In order to improve children's cognitive interest in teaching mathematics, it is necessary to use information and communication technologies. Plays an important role in various methods and requirements. During the lesson, students with disabilities to improve the ability to work, allows the adoption of various methods at various levels of students. Depending on the level of analysis that is able to solve each task, the tasks, according to the level of the child, children should be able to understand their skills.

Key words: information and communication technologies, mathematics, children-invalids, problem-solving, methods.

КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда қоғамда мүмкіндігі шектеулі балалардың санының көбеюі бір мәселе болып отырса, екінші жағынан олардың қоғамға сіңісіп кетуіне жасалып жатқан жаңа мүмкіндіктердің мәселелері өзекті болып отыр. Қоғам дамуының қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайында, педагогикалық ғылым мен тәжірибесінің алдында әртүрлі білім беру мұқтаждықтары бар және қабілетті балаларды оқыту мен тәрбиелеу үшін ең оңтайлы жағдайлар табу мәселелері тұр.

Мұғалімдердің алдында тұрған бірқатар мәселелер:

- логикалық ойларды қабылдаудың жүйесіздігі;
- компьютерлік сауаттылықтың төмендігі;
- білімді үйренуге қызығушылық болмауы;
- оқу-әдістемелік тапсырмаларды шешуде репродуктивтік әдістерді қолданудың басым болуы.

Математика пәні адамның ой - өрісін, ойлау, талдау қабілетін дамытады және білім қазынасын игеру, әсіресе математиканы оқыту, оқып -үйрену дәйектілікті, табандылықты, сонымен бірге қажырлы еңбекті талап етеді. Сондықтан, барлық оқушыларды жүйелі дайындықсыз жоғары нәтиже көрсету мүмкін емес .

Оқушыларды сырттай мемлекеттік бақылауларға дайындауда пән мұғалімі математика пәніне деген өзінің көз қарасын түсіндіріп жеткізуі және математиканы санақ жүйесі немесе қандайда-бір өлшеуші құрал ретінде қана қарастырмай, біріншіден ғылым екендігін түсіндіріп, ал екіншіден кез

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, jaxa_01@mail.ru

** Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, aiaspan_91@mail.ru

келген оқушы жігерлік танытып, бар күш-қайратын салып талаптанса ғана меңгеретіндігі туралы бойларына сезім тудыру қазіргі кезеңдегі мектептің ең күрделі психологиялық мақсаты деп білу өте орынды.

Математика арқылы оқушыға мұғалім күнделікті іс-әрекетін ғылыми стильмен жеткізу, оларды адамгершілікке, өз-өзіне сын көзімен қарауға, сонымен қатар, жауапкершілік пен адалдыққа бейімдейді. Бұл қасиеттерді бойына сіңірген оқушы келешекте қиындыққа және уақытша психологиялық қолайсыздыққа төзімді болады.

Білім беру жүйесін ақпараттандырудың бағыты жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаға бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді.

Математика сабақтарында оқушылардың есеп шығаруға деген қызығушылығын арттыру маңызды болып есептелінеді. Танымдық қызығушылық - бұл мектеп оқушысының бойындағы ең маңызды алға итермелеуші себеп болып табылады. Танымдық қызығушылық әсерінен әлсіз оқушылардың өздерінде алға дамушылық байқалады. Оқу-әдістемелік материалдарының қаншалықты түсініктілігі және қабылдауға ыңғайлылығы балаларға әсер етеді. Математиканы оқытуда балалардың танымдық қызығушылығын арттыру мақсатында ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану. Әдістердің әртүрлілігі мен сәйкестігі маңызды рөл атқарады. Мүмкіндігі шектеулі оқушылардың сабақ барысында шаршауларын төмендету, жұмыс істеу қабілеттерін арттыру, түрлі әдістер оқушылардың әртүрлі деңгейде қабылдауына мүмкіндік береді. Деңгейлеріне қарай тапсырмаларды талдау, әр тапсырманы шешуге мүмкіндігі жететін, деңгейі сәйкес балаға беру, балаларға өз дағдыларын ұғынуға мүмкіндік берілуі керек.

Білім беру процесінде маңыздышарттардың бірі - мектеп оқушыларының бойында қызығушылық қабілетін дамыту. Танымдық қызығушылық - бұл мектеп оқушысының бойындағы ең маңызды алға итермелеуші себеп болып табылады. Танымдық қызығушылық әсерінен, тіпті әлсіз оқушылардың өздерінде алға дамушылық байқалады. Бойында мүмкіндігі шектеулігі бар балалардың дамуы көптеген факторларға байланысты болады, солардың ішінде оқу-әдістемелік материалдарының қаншалықты түсініктілігі және қабылдауға ыңғайлылығы да әсер етеді. Электрондық оқыту материалдарды білім беруде қолдану тек пәндік білімін жоғарылатып қана қоймай, ақпараттық құзыреттілігі мен түзетушілігінің дамуына мүмкіндік береді. Математиканы оқыту жүйесінде балалардың танымдық қызығушылығын арттыру және әдістердің әртүрлілігі мен сәйкестігі маңызды рөл атқарады; мүмкіндігі шектеулі оқушылардың сабақ барысында шаршауларын төмендетеді; жұмыс істеу қабілеттерін арттырады; түрлі әдістер оқушылардың әртүрлі деңгейде қабылдауына мүмкіндік береді. (Коваленко В. Г. 1995:158)

Математиканы оқыту жүйесінде балалардың танымдық қызығушылығын арттыру және әдістердің әртүрлілігі мен сәйкестігі маңызды рөл атқарады; мүмкіндігі шектеулі оқушылардың сабақ барысында шаршауларын төмендетеді; жұмыс істеу қабілеттерін арттырады; түрлі әдістер оқушылардың әртүрлі деңгейде қабылдауына мүмкіндік береді. Математика сабағында АКТ-ның келесі түрлерін қолдануға болады:

Ø Сабақ кезінде жаңа материалды өтуде презентацияны ,видео-сабақтарды қолдану;

Ø Жаңа сабақты өту кезінде электронды оқулық, интернет материалдарының бірнеше фрагменттерін қолдану;

Ø Оқыған материалды бекіту немесе білім мен білікті қолдану сабағында.

түрлі тапсырмаларды орындауда флипчарттарды қолдану;

Балалардың танымдық қызығушылықтарын дамыту үшін мынадай шарттарды қанағаттандыру қажет болып табылады:

- оқу-әдістемелік күнделікті, бірқалыпты, солғын, ақпараттық кедейшілік, баланың жеке тәжірибесінен бөлу стилінде болдырмау;

- шектен тыс тапсырмалар, балалардың шаршауына жол бермеу;

- түрлі әдістерді (астарлы әңгіме, ойын, кроссвордтар, проблемалар, эзіл, қызықты жаттығулар т.б.) ойын-сауықтар арқылы танымдық қызығушылығын арттыру, ынталандыру;

- арнайы ақыл-оймен жұмыс істейтін оқыту әдістерін қолдану, психикалық қызметінің және тәрбие жұмысы әдістерін үйрету. Егерде оқушылар білімі жаттанды болмаса, оқу материалдарымен жұмыс істеп, өздері шығармашылықпен айналысып және нәтижелерін өз көздерімен көрсе, оқушылардың білімі мықты болады.

Қазіргі заманғы сабаққа қойылатын талаптар:

Мүмкіндігінше, тұрақты «кері байланысты» жүзеге асыру, яғни, бірнеше рет оқушыны сабақта көңіл бөлу, кем дегенде 3-5 рет түсініксіз немесе дұрыс түсінбеген жерлерін сұрау; оқушының бір ғана сұраққа жауап беруіне байланысты бағаламау, балаларды сабақтың түрлі кезеңдерінде қойылған сұрақтарға жауап беруіне байланысты бағалаған дұрыс;

тұрақты және мақсатты түрде танымдық қабілеттерін дамыту, назар аудару жылдамдығы, жад, көңіл мен қиял барлық түрлері т.б барлығын назарда ұстау.

Әрбір мұғалімнің басты міндеті - оның пәнін жақсы үйрету ғана емес, сол арқылы баланың ойлау қабілетін дамыту. Мүмкіндігі шектеулі балалардың денсаулығы ақпаратты алу жолдарының өзгергенін қалайды. Мысалы, тапсырмаларды орындаудың жаңа тәсілдерін, оларды орындау жиіліктері сияқты арнайы жағдайларды қамтамасыз ету қажет. Оқу үрдісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану - оқу мотивациясын арттыру тәсілдерінің бірі. АКТ адамның негізгі қажеттіліктерін іске асыруға көмектеседі - байланыс, білім беру, өзін-өзі іске асыру сынды дүниелерді. Оқу процесіне АКТ енгізу, оқу процесінде сабақтың әсерлілігін жоғарылатады, мұғалімнің уақытын үнемдейді, тапсырмалардың жаңа түрлерін ойлап табу және қарсы байланысты түрлендіруге мүмкіндік береді. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны сабақ барысында қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады және оның бірнеше артықшылықтары бар. Осы артықшылықтарды сабақ беру барысында да, сабақ нәтижелерінен де көруге болады.

- Оқушыларға оқылатын құбылыстар мен объектілер туралы толық және дәл ақпарат бере отырып, оқу сапасын арттырады;

- Оқытудың көркемділігі артады, яғни оқушыларға қиын да күрделі материалдарды көрнекі түрде түсіндіруге қол жеткізеді;

- Оқытудың тиімділігі жоғарлайды және оқыту материалын түсіндіру мүмкіндігі артады;

- Оқушылардың ғылыми-дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастыра отырып, олардың білімге құштарлығын, табиғи сұранысын қанағаттандырады;

- Мұғалімдерді техникалық жұмыстан босата отырып, үнемденген уақытта олардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай жасайды;

- Мұғалім мен оқушының жұмысын жеңілдетеді.

«Сізге айтса – ұмытып қаласыз. Сізге көрсетсе – есте сақтайсыз. Өзіңіз жасасаңыз – сіз түсінесіз» - бұл нақыл тағы да бір рет АКТ – ды білім беру процесінде қолдану керек екендігін дәлелдейді. Қабылдауға дайындалу, енгізу және жаңа ақпарат туралы алғашқы пікірлер сынды: үш негізгі кезең бар. Жаңа материалды оқытуды әр түрлі тәсілдермен түсіндіруге болады, олар мыналар болып табылады: жаңа материалды оқытушы түсіндіреді немесе оқушылардың өз-ара талқылауының нәтижесінде бір – біріне түсіндіру. Мұндағы әр бір әдісті таңдау тікелей мұғалімге байланысты.

Осы әдістердің әрқайсысы таңдау, және оны оқушыларға көрсететін уақытын мұғалім өзі белгілейді, оқушылардың білім дәрежесіне, мүмкіндігіне орай талаптар қойылады. Мұғалімнің айта-тын тақырыбына сай демонстрациялық материалдар, презентациялар тақырыптан ауытқымай өз ретімен көрсетілуі қажет. Жаңа апараттар мүмкіндігі шектеулі балаларға өте ыңғайлы болуы шарт, және балаларды жалықтырып алмауы тиісті. Білім беру процессінде балалар тек білімді алып қана қоймай толық түсінуіне барлық мүмкіндіктерді жасау керек. Сабақтағы жұмыстар тірі қозғалыстар, балалардың қызығушылығы бірінен соң біріне тоқтамай ауысып отыруы қажет. Жаңа тақырыпты түсіндіру үшін жасаған презентацияда сондағы алған мағлұматтарды болашақта өз өмірінде қолдануға, дағдыландыруға да үйретіп үлгеру керек. Сөзсіз, жаңа дүниелерді үйренген кезде ғана сұрақтардың шешімі пайда болып, меңгере бастайсың, түсінесің, есте сақтайсың және өмірде қолданасың. (Мохаммад Н.В. 2015:208)

Ақпараттың үлкен көлемі балаларды ақпаратты қабылдауына қиындық туғызады, сондықтан жеңіл түрде маңызды ақпараттарды мысалдармен жеткізу керек. Үйренген тақырыбындағы ақпараттарды балалар бірнеше тапсырмалар әдістерімен шеше білуі қажет. Сондықтан презентациямен түсіндірілген жаңа тақырып жаттығу жұмыстарымен және баланың бойында шығармашылық қабілетін дамытатын тапсырмалармен жалғасын табуы керек. Мультимедиялық презентацияларды қолданған кезде мұғалім балалардың іс-әрекеттерін, көңіл күйлерін

назардан тыс қалдырмай болған жағдайларға қарсы іс –әрекетті дер кезінде жасап отыруы қажет. Әсіресе мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істеу барысында мұқият болуыңыз шарт, өйткені мұндай балалардың жұмыс істеу қабілеттері төмен, есте сақтау қабілеттері нашар дамыған, ылғида өзгелердің назарын қажетсініп тұрады.

Ерекше назарды талап ететін балалар үшін тақырыптарды түсіну, ақпараттарды қабылдау, болып жатқан құбылыстарды ой елегінен өткізу үшін қарапайым балаларға қарағанда жаңа ақпаратты бірнеше қайталап түсіндіруді қажет етеді. Компьютерлік дидактикалық материалдар, ойындар бірнеше рет қайталаса да өз эмоциясын жоғалтпай, бір тонда бірнеше рет қайталай алады. Қазіргі таңда кей мұғалімдердің өз сабақтарында қолданып жүрген бірнеше компьютерлік ойындары, олар: оқыту, танымдық-бақылау, сюжетті-рөлдік және шығармашылық бағыттарда. Мұндай оқу-ойындарын жүзеге асыратын компьютерлік технологиялар педагогикада қолданылатын дәстүрлі коррекциялық әдістердің жаңа түрлерінің пайда болуына мүмкіндік береді.

- 1) Деңгейлеріне қарай тапсырмаларды талдау; әр тапсырманы шешуге мүм
- 2) кіндігі жететін, деңгейі сәйкес балаға беру; Баланың дамуында «көрінетін» мәселелерді дәстүрлі оқыту әдістерінде анықтау қиын; бұл мәселелерді арнайы оқу тапсырмаларына айналдыру;
- 3) балаларға өз дағдыларын ұғынуға мүмкіндік беру;
- 4) компьютерде жасалатын тапсырмалар ыңғайлы және тапсырмалардың сәтті шығуына қолайлырақ ету;
- 5) оқушы жасаған қателіктерін өз көзімен көріп, қатені түзетуге ұмтылады; өзімен жұмыс жасай бастайды; өзін-өзі бақылау әдістерін іздейді;
- 6) балалар аз шаршап, ұзағырақ жұмыс жасайды;
- 7) бала экранға қарап, өз жұмысының нәтижесін өзі көреді.

Әр түрлі пән сабақтарында жаңа технологияны пайдалану білім мазмұнын жаңартумен, ақпарат–тық ортаны қалыптастыруымен, сондай-ақ сапалы білім беру мүмкіндігінің жоғары болуымен ерекшеленеді. АКТ сабақ барысында қолдану, компьютерлік ойындармен жұмыс істеу балаларды алдыға жылжытып, қызығушылығын арттырып қана қоймай, мақтауды тек мұғалімдерден ғана емес, компьютерден де мақтаулар есітуіне мүмкіндік береді. Бұл әртүрлі шығармашылық және дамытушылық жаттығулар, АКТ пайдалану арқылы жасалатын тесттік тапсырмалар, балалардың танымдық белсенділігін арттырып, әлеуеттік қабілеттерін дамытып, оқушылардың негізгі құзыреттілігін қалыптастырады.

Арнайы білім беру жүйесінде міндеттердің жетістік құралдарының бірі түзеу – дамыту жұмысында – интерактивті технологияларды-компьютерлік ойындарды қолдану болып табылады. Дефектология саласындағы зерттеулер арнайы білім беру жағдайларында негізгі міндеттерді шешу үшін педагогикалық процессінде ИКТ тиімділігі арнайы педагогпен келесі бағыттары бойынша жұмысты өткізудің сапасынан тәуелді деп анықталды:

- дамуында ауытқушылықтың, интерактивті құралдарды – компьютерлік ойындарды қолданудың барлық кезеңдерінде әрекет субъектілерінің әлеуетті және іс жүзіндегі мүмкіндіктердің кешенді психологиялық-медициналық-педагогикалық диагностикасы (алғашқы, ағымдағы және қорытынды диагностикасы; әрекет нәтижелерінің бақылауы болжамдалады)

- өзара әрекеттесу кезеңдерінің компьютерлік ойынмен құрылымдалануы:

*педагогикалық әрекеттің жоспарлануы, мақсаттары, міндеттері;

*компьютерлік ойын өнімінің мазмұның іріктеу;

*өзара әрекеттесудің ұйымдастырушылық нысандарын тандау және арнайы педагогтың позицияларын анықтау;

*әрекеттің нәтижелерін бөліп қою.

- қойылған міндеттерді шешу үшін компьютерлік ойындардың әлеуетті және іс жүзіндегі мүмкіндіктерді анықтау:

*дамуында ауытқушылығы бар тұлғаларды түзеу, компенсациялау және абилитациялау;

*үйрету;

*оптималды қолайлы жағдайларды ұсыну арқылы активті социумға оларды әлеуметтендіру және интеграциялау.

- арнайы білім беру мекемесінің жағдайларында интерактивті технологиялармен жекешелендіру мен дифференциациялау өзара әрекеттесуі:

*ойын мазмұның және психофизикалық даму ерекшеліктерін іріктеу кезінде бұзушылықтарды есепке қою;

*әрекет қарқындарын тандауға ұсыну.

-интерактивті технологиялармен тікелей өзара әрекеттесу жағдайында дербес әрекеттесу мен әлеуметтік маңызды нәтижеге қол жеткізу мүмкіндігін ұсыну, негізгі мақсаты ретінде баланың жетістігін ұсынуымен әлеуметтік модельдерді шамалылық ойын шындық социумға ауыстыру;

-өзара әрекеттесу жүйесін құрастыру: педагог-бала, интерактивті технология-әлеуметтік серіктестіктің принциптерінде компьютерлік ойыны:

ұйымдастыру функцияларын табыстау, позитивті әлеуметтік белсенділіктің дағдыларын қалыптастыру мақсатында баламен ойын әрекетіне басшылық жасау.

Қазіргі заманның кезеңінде ойын, білім беру оқыту ресурстарының молдығына қарамастан мүмкіндігі шектеулі баланың, әсіресе күрделі бұзушылықтарымен балалардың жеке ерекшеліктеріне жауап беретін компьютерлік ойынның оптималды тандауын істеу қиын.

Аталмыш мәселенің шешімі: түзеу-педагогикалық процессін оптимизациялауына, дамуында бөгеті бар балалардың оқытуын жекешелендіруіне мүмкіндік беретін компьютерлік техниканы қолдану болып табылады.

Педагогтың балалардың әрекетін түрлендіру, сабақтарды одан да қызықты және танушылық істеу тілегі олардың жаңа сөйлесу айналымына, өзара түсіністігіне шығарады, онда аса маңызды рөлін жеке компьютерлік ойындардың, баланың психологиялық физикалық жай-күйі есепке алына отырып ойын сабақтардың әзірлемесі болып табылады.

Компьютерлік техниканың мультимедиялық мүмкіндіктерін қолдану есебінен:

*ақпаратты меңгеру процесінің сапасы, көрнекілігі және тартымдылығы арттылады;

*психологиялық танушылық процесі ретінде түсінудің барлық компоненттеріне ықпал етуі жүзеге асырылады.

*баламен оқу материалын түсінуі жақсартылады.

*ойын сюжеті және оның барысы бойынша әрекеті деп айтылған сөз сөйлеудің стимуляциясына және балалардың өз тәжірибесінен эмоционалды түсініктемесіне ықпал етеді;

*білім беру – тәрбиелеу процесіне қарқындылығы мен эмоционалды тартымдылығы қамтамасыз етіледі.

Логикалық қойылған міндеттері мен мультимедияның оптималды тандалған құралдары кезінде баланың психофизикалық дамуының жетіспеушіліктерін түзету мен компенсацияның тиімді нәтижелеріне қол жеткізу болады.

Осымен, мүмкіндігі шектеулі балаларға білім берудің актуалды міндеттерін шешу үшін компьютерлік ойынды пайдалануымен түзету-дамыту жұмысының ұйымдастырылуы мәдени-білім беру ортасын кеңейтуіне және баланың белсенділігін және дербестілігін көрсету үшін, қазіргі замандағы социумға интеграциялау үшін қосымша жағдайларды жасауына мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. В. Г. Коваленко. Дидактические игры на уроках математики: Кн. для учителя. – М.: Просвещение, 1990г. – 96с.
2. М. Ю. Шуба. Занимательные задания в обучении математике: Кн. Для учителя. – 2-е изд. – М.: Просвещение, 1995г. – 222с.
3. Я. И. Перельман. Живая математика. Математические рассказы и головоломки. М. , “Наука” 1970 – 159с.
4. “ИКТ в образовательном процессе” доклад Мохаммад Н. В. <http://pages.marsu.ru/iac/school/sc11/ikt>. Н

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ГЕОГРАФИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ МАҢЫЗЫ

Тех.ғ.д., профессор **М.Е.ЕСКАЛИЕВ***
А.Ж. ТҮЙҒЫНБАЙ

Түйіндеме:

Мақалада осы заманғы географиялық білімді ізгілендіру, демократияландыру, таңдау, салалау, топтастыру, аймақтандыру, интеграциялау, компьютерлендіру, экологияландыру, саясаттандыру, әлеуметтендіру, елтану тарихымыз тәріздес өзекті мәселелерге көңіл бөлу, жүзеге асыру мақсатында өскелең ұрпақтың назарына, қызығушылығына айналдырып, болашақта қоғам талаптарына сай қалыптастырып, таңғажайып ғылым саласына білімгерлерді үйрету көрсетілген.

Мақалада экологиядағы математикалық модельдеудің жалпы принциптері мен кейбір элементтері берілген және олардың ерекшеліктері айқындалған. Математикалық модельдеу үдерісінде мақсатты функцияны және айнымалы параметрлерді таңдап алуының байланысы сипатталған.

Тірек сөздер: географиялық білім, экологиялық модель, математикалық модель

IMPORTANCE OF ENVIRONMENTAL RESEARCH IN GEOGRAPHICAL EDUCATION IN SENIOR CLASSES

Abstract:

The article focuses on topical issues such as humanization of modern geographical knowledge, democratization, selection, distribution, classification, regionalization, integration, computerization, ecology, politicization, socialization, history of the country, the purpose of the future generations, , and shows students in the field of astounding science. In the article some general principles and some elements of mathematical modeling in ecology are given and their features are singled out. In the modeling process, the relationship between the modeling process and the choice of the objective function and variable parameters is described.

Keywords: geographical education, ecological model, mathematical model


КІРІСПЕ

Сапалы білім беру қазіргі уақытта, білім алушылардың жұмысын ұйымдастыруда жаңа әдістер мен технологияларды кеңінен пайдалануды, білім беруді ақпараттандыруды талап етеді. Ақпараттық-коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді.

Географиядан білім берудің мақсаты — «географиялық орта-адамның мекендейтін орны» деп білетін көзқарастар мен ұстанымдар жүйесін қалыптастыру арқылы білімгерлерге география ғылымы, жер ғаламшары, оның табиғаты және халқы, географиялық карта туралы бастапқы түсініктерді және алғашқы географиялық-экологиялық білім мен біліктерді беріп, үйретіп, дәріс беріп отыру қажет. Соңғы он жылдай шамасында қоршаған орта жағдайының бұзылуына байланысты экологиялық үрдістерді оқып үйренуге қызығушылық зерттеушілерді математикалық модельдеуді қолдануға итермеледі. Экологиялық құбылыстардың соншама күрделене беруіне байланысты модельдеу қазіргі заманда элетронды есептеу машиналары арқылы жүргізіледі.

Экологиядағы модель – бұл аралас модельдер (логика-математикалық, математика-графикалық), белгілі бір математикалық тәуелділіктің, логикалық құрылымдардың, схемалардың, матрицалардың т.б. белгілі бір жиынтығы. Экология-математикалық модель, объектінің схемалық моделі түрінде берілуі мүмкін (1 сурет) және $\phi(t) = f(X, A, G, Y, \Omega, t)$

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, yeskaliyev@mail.ru



Сурет - 1

Уақытқа байланысты функционалдық дәлділік түрінде объектінің күйін көрсетеді. Осы сияқты объектілерді немесе оның кейбір бөліктерін модельдеуде әртүрлі мақсатта әртүрлі модельдеу әдістері қолданылады.

Бірақ қандай бір модельдерді құрғанмен, біз нақты объектімен салыстырумыз керек. Ол үшін әр түрлі эксперименттер жүргізіледі. Сонымен экологиялық процесстерді модельде ең бастысы ақпараттық модельдеу болып табылады.

Экологиялық объектілерді модельдеудегі басты принцип, ол интегрализм принципінің анықталмағандықтан, инварианттықтан өзгермеушілік іс-әрекеттің (деятельность) басты көрінісі.

Интегрализм принципі бүтіннің және бөліктердің өзара қатынасы үш элементтің жиынтығымен анықталады.

бірінші - өзара әсерлесу жүйенің пайда болуы – бүгінге тиісті бөліктердің байланысы.

екінші – бөліктердің бүтінге кірудегі кейбір қасиеттерін жоғалтуы

үшінші – құрамдас бөліктердің келісілгендік қасиетінен бүтінде жаңа қасиеттің пайда болуы.

Анықталмағандық принципі, «жиік» бойынша экологиялық процесстер ыдыраңқы және анықталмаған. Инварианттық принцип бойынша кез келген регион үшін жүйенің моделі инвариантты болуы керек. Іс-әрекеттің басты көрінісі стандартты деп бөліп қарастыруға болатын әртүрлі экологиялық жүйеде «ұқсас» көріністі әрекеттен құралады.

Математикалық модельдің экспериментпен салыстырғандағы артықшылығы төмендегі үш ерекшелігіне байланысты:

біріншіден, бұл географиялық эксперименттің қойылуы және жүргізілуіне қажет материалдық ресурстарды үнемдеу; екіншіден, эксперимент жүргізушінің еркі бойынша экологиялық өзгеру жүйелерді апробациялау мүмкіндігі; үшіншіден, аз ғана мерзімнің ішінде ұзартылған өмірлік циклды жүйенің жұмысқа қабілеттілігін бағалау.

Зерттелініп отырған объектіге байланысты экологиядағы модельдеуді бірнеше дәрежеге бөліп қарастыруға болады: микродеңгейлі (кішігірім аудан деңгейінде экологиялық үрдістерді зерттеу), макродеңгейлі (географиялық аудан көлемінде), мегодәрежелі (барлық планеталар деңгейінде).

Модельдеудің қазіргі теориясы мамандарға кері есептерде экологиялық үрдістердің жуықталған моделін құру кезінде модельдеудің көрнектілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Модельдеу үрдісі бірнеше процедурамен байланысты, мысалы, арнаулы функцияны, айнымалыларды, параметрлерді және т.б. таңдау.

Айнымалыларды таңдау. Айнымалылар жағдайы, фактор жылдамдығы және т.б. болып ажыратылады. Олар өз кезегінде қосымша және басқарушы болып бөлінеді.

Кез келген берілген уақытта айнымалылар жағдайы жүйенің жағдайын анықтайды (фазалық айнымалылар). Қарапайым мысалға лақтырымдардың көлемі және оның маңыздылығы жатады. Айнымалылар өлшемді түрде берілуі тиіс. Егер жүйе x_1, x_2, \dots, x_n айнымалылар жағдайының көмегімен берілсе, онда t уақытта жүйе жағдайы бірғана әдіспен анықталады.

Жылдамдық айнымалылары (өсу) – бұл берілген уақытта жүйеде жүріп өтетін берілген үрдіске сипаттама. Бұл үрдістерді түрлендірулер немесе жылжулар деп атауға болады.

Қосалқы айнымалылар объектіні тереңірек түсінуге, жекелеген жағдайларда бақылау нәтижелерін салыстыруды ықшамдауға жәрдемдеседі, мысалы атмосфераға лақтырылатындардың екпінді қарқындылығын

$$R_n = \frac{1}{\Pi} \frac{d\Pi}{dt},$$

Мұндағы Π – лақтырылатындардың көлемі, $d\Pi - dt$ уақыт ішінде лақтырылатындардың өсімшесі.

Басқарушы айнымалылар – бұл математикалық модельдеуге кіретін мөлшерлі көрсеткіштерге және коэффициенттерге тәуелсіз.

Берік және дәл есептелінген мәндері өзгермейтін сандық шамалар тұрақтылар болып түсіндіріледі.

Тұрақтыларға қарағанда сан мәндері азырақ айырмашылықпен ажыратылып сипатталатын термин «параметрге» жатады.

Пармерлерді және тұрақтыларды белгілеу үшін P символы енгізіледі, ал параметрге тиісті шамаларды c индексменжазамыз, мысалы, S_c – шығын айнымалылары тағы с.с.

Модельді ықшамдау параметрлер мәндерін және бастапқы шарттарды X_i ($i = 1, n$) кооректировка жасаушы модельді нақты сипаттайтын және базалық теңдеулерді сақтаумен байланысты. Мысалы, t_1, t_2, \dots, t_n белгілі бір уақыт аралығында нақты жүйеде Y_n конкретті сипаттама өлшенсін, осыған сәйкес y_1, y_2, \dots, y_n мәндерін белгілейміз. Осы шарттарда модель бойынша Y_1, Y_2, \dots, Y_n күйлерін белгілейміз, мұндағы Y_i - сипатталатын жүйедегі болжанатын шамалар. Егерде y_n және Y_i арасында айырмашылық бар болса, онда ол шаманы үйлеспеушілік деп аталады және былайша белгіленеді

$$r_i = y_i - Y_i \text{ немесе } r_i = \ln\left(\frac{y_i}{Y_i}\right).$$

Үйлеспеушіліктің квадраттарының қосындын есептеуге болады

$$R = n \sum_{i=1} a_i r_i^2,$$

Мұндағы a_i - кейбір салмақты коэффициент, r_i үйлеспеушіліктің әртүрлі сапалы маңыздылығында қолданылады.

$$\text{Сонымен } a_1 + a_2 + \dots + a_n = 1$$

Үйлеспеушіліктің қосындысы модельдердің прототипке жақынырақ болғанда пайдаланылады және екі құраушыға бөлінеді

$$R = R_{ag} + Re$$

Мұндағы R_{ag} - модельдің түп-тұлғаға (прототип) сәйкес еместігін білдіреді;

Re - экспериментте берілгендердің қателігі.

R -дің шамасы P_1, P_2, \dots, P_k жүйенің параметрлеріне тәуелді ретінде қарастырылады, сондықтан R_e -нің болашақ мәні мына формула бойынша анықталады:

$$R_e = (n - k)\sigma^2,$$

Мұндағы n - өлшемдер саны;

k - параметрлер саны;

σ^2 - қателіктердің дисперсиясы.

R -дің P_i ($i= 1, k$) параметрлеріне тәуелділігі былайша жазылуы мүмкін

$R=R(P_1, P_2, \dots, P_k)$.

$R(P)$ функцияның минимумын анықтау үшін ең кіші квадраттар және градиентті, т.б. әдістер пайдаланылады.

Модельдің сезгіштік критеріінің сапасы ретінде берілген уақытта Y_i шамасы болжанады, осы шамаға байланысты болатын параметрлер белгілі жәнемынадай өлшемсіз шама ұсынылады

$$S(Y_i P_i) = \frac{\delta Y_i}{\delta P_i} \frac{Y_i}{P_i} \approx \frac{\delta Y_i}{Y_i} \frac{P_i}{\delta P_i},$$

Мұндағы δP_i - параметрлердің аз өсімшесі;

$\delta Y_i - P_i$ параметрлерінің өзгеруіне тиісті Y_i өсімшесі

$S(Y_i, P_i) > 1$ болғандағы параметрлер шығу көрсеткішіне күшті әсер етеді және керісінше.

Қорытынды

География пәнін оқытуда заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамыту, экологиялық функционалдық сауаттылық дағдыларын қалыптастыру.

Теориялық білімдерін өмірде қолдануға бағытталған тапсырмалар мен тәжірибелерді мәні бар зерттеу жұмыстарын шешу үшін, игерген білім және білігін қолдану үдерісінде танымдық қызығу-шылығын, зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

- Сыныпта күрделі материалды тікелей пайдаланып, сөйлеу дағдылары мен оқу, түсіну біліктерін дамытуға;

- Интернет желісінен алынған материалдармен мәселелік талқылаудың негізінде монологтық және диалогтық сөйлеу біліктілігін жетілдіруге;

- Мұғалімнің тәжірибелі әрі тиімді сабақ өткізу үшін қандай да бір ауқымды материалды таңдай алу мүмкіндігі;

- Тәжірибелік сабақ өткізу үшін жаратылыстану бағыты бойынша анықтамалар алу, сөздіктерден алынған материалдарды пайдалану.

Бір сөзбен айтқанда әлемдік деңгейде салыстырылатын білімді де білікті және меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білетін оқушыларды тәрбиелеу.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 www.issl.dnttm.ru — сайт журналы “Исследовательская работа школьника”. Публикуются основные материалы проекта, избранные тексты.

2 Куртяник М.А. "Формирование коммуникативных компетенций учащихся на основе внедрения информационных технологий"

3 Леонтович А. В. Учебно-исследовательская деятельность школьников как модель педагогической технологии //Школьные технологии, 1999. № 1-2.

4 Белгібаев М., Бисенова А. География және табиғат. – Алматы, 2015ж

5 Монахов В.М. Технологические основы проектирования и конструирования учебного процесса. Волгоград: Перемена.-1995.

ФИЗИКА ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРУДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

тех.ғ.д., профессор **М.Е. ЕСКАЛИЕВ***
А.М. АҚБАЕВА

Түйіндеме:

Мақалада педагогикалық жоғарғы оқу орындарындағы физика мамандығы студенттеріне ақпараттық технологияларды оқытудың маңызы мен алатын орны туралы мәселелер қарастырылған. Дәстүрлі оқыту әдісімен қатар, мультимедиялық ресурстар мен компьютерлік технологияларды оқыту процесіне енгізу мамандар даярлау сапасын арттыратындығы жайлы айтылған. Инновациялық типтегі презентацияларды, виртуалдық демонстрацияларды, мини фильмдер мен практикумдарды қолдану қажеттілігі баяндалған.

Тірек сөздер: ақпараттық технология, оқыту технологиясы, бағдарлама, тәжірибе, құралдар.

THE IMPORTANCE OF INFORMATION TECHNOLOGIES IN IMPROVING THE EDUCATION OF STUDENTS OF PHYSICS TRAINING

Abstract:

The article considers the importance of teaching information technologies for students of physical and pedagogical universities. In addition to the traditional teaching methods, the introduction of multimedia resources and computer technologies in the learning process will improve the quality of teaching. The need to use innovative presentation presentations, virtual demonstrations, mini-films and seminars.

Keywords: information technology, teaching technology, software, experience, tools.

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік программасы: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және азаматтық құндылықтар мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алуға қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желіге шығу» - делінген [1:20].

Бүгінгі таңда қоғамның дамуы ақпараттандырумен қатар жүріп жатыр. Мұны біз адам өмірінің барлық салалары мен кәсіби қызметтерінен көрініс тапқанын байқаймыз.

Қазіргі уақытта қоғамды ақпараттандыру адамдарға жана талаптар қоюда, ақпараттық ортада бағдарлай алуы, жетілдірілген технологияларды тез меңгеруге дайын болулары керек. Ақпараттандыру үрдісі бірінші кезеңде білім беруге әсер етті. Еліміздегі білім беру саласын ақпараттандыру тұжырымдамаларына сәйкес білім беруді ақпараттандырудың негізгі мақсаттарының бірі – ақпараттық технологияларды пайдалану негізінде еліміздегі білім беру сапасын арттыру болып табылады. Осы мақсатқа жетудегі негізгі шарт – қазіргі мұғалім қоғамды, білім берді ақпараттандыру жағдайында білім беру үрдісін тиімді құруға қабілетті болуы керек. Бүгінгі қоғамның қоятын талабы – мектеп пен жоғарғы оқу орындарында қазіргі жағдайда тиімді қызмет жасауға қабілетті мамандарды дайындау болып табылады. Мұғалім өзінің кәсіби қызметінде ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білім беру сапасы мен оған қолжетімділікті арттыруға әсер етеді.

Білім беру жүйесі білім алушыларды ақпараттық қоғамда өмір сүруге дайындауға, оларды осы ортада әрекет жасауға үйретуге, оның барлық мүмкіндіктерін кәсіби қызметте толық пайдалануға бағыттайды. Ақпараттық технологиялардың үнемі күрделенуі және технология түрлерінің өзгеруіне байланысты қазіргі мамандардың оны меңгеруі тиісті білім көлемі, біліктілік және дағдылар үздіксіз

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, yeskaliyev@mail.ru

өсуде. Бұл күндері қоғам білім беруді заманауи әлемге бейімдеу жолдарын іздеуге аса қызығушылық танытуда.

Оқыту уақыт ағымына сай ақпараттық әлемнің кеңеюімен қатар жүруі керек. Компьютерлік және ақпараттық технологиялар оқытудың мазмұны, әдістері мен нысандарына әсер ете отырып, оқу үрдісіне тереңірек енуде. Ақпараттандыру құралдарының, ақпараттық және ақпараттық технологиялардың дамуы, кез келген пәндік қызметтің ақпараттық ортасын құруға алып келеді. Бұл жалпы және жоғары педагогикалық білім берудегі физика пәнін оқытудың мақсаттарын, мазмұнын, формалары мен әдістерін қазіргі қоғам сұранысына сай қайта қарастыруды талап етеді.

Педагогикалық жоғары оқу орындарының оқытушыларына қойылатын талаптар қазіргі қоғам қажеттілігінен туындайды. Жаңа қоғам мұғалімі тек кәсіби шеберлігі жоғары адам ғана емес, рухани дамыған, шығармашыл, мәдениетті, білім құндылығын түсінетін, педагогикалық технологияларды меңгерген, ғылым мен техника жетістіктері негізінде кәсіби даярланған болу тиіс. Осындай талап деңгейіндегі маманды даярлау жоғарғы оқу орындарының үлесіне тиеді. Педагогикалық мамандық – білім беру нәтижесінде алынған және берілетін біліктілікке сәйкес кәсіптік – педагогикалық міндеттерді алға қоюды және шешуді қамтамасыз ететін білім, іскерлік және дағдылардың жиынтығынан тұратын күрделі үрдістің жемісі, осы кәсіптік топ шеңберіндегі қызмет түрі [2.12].

Жалпы физикадан білім берудің мақсаты – терең білім, дағдылар мен икемділіктер негізінде, өзін – өзі дамытудағы жауапты шешімдерді қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру, соның ішінде, ақпараттық технологияларды терең меңгерген, бүгінгі жылдамөзгермелі қоғамға лайықты, жаңашыл тұлғаны қалыптастыру.

Физиканы оқыту технологиясы мен әдістемесі бір – бірімен тығыз байланысты. Физиканы оқыту әдістемесі «Нені оқыту керек?», «Не үшін оқыту керек?» «Қалай оқыту керек?» деген сұрақтарға жауап іздесе, оқыту технологиясы «Қалай нәтижелі оқытуға болады?» деген мәселенің шешімін іздейді. Олардың мақсаты бір, оқытудың тиімді жолдарын қарастыру. Оқытудың тиімді жолдары оқытудың әр түрлі әдістері арқылы анықталады [3:15].

Жаңа технология бойынша оқыту құралдарында студенттердің өздігінен танымдық іс – әрекетін жүргізе алатындай болуы қажет. Оқулықтағы теориялық және практикалық материалдардың берілу жолы осы мақсатты қанағаттандыра алатындай, студенттердің өз бетімен білім алуына бейімделіп жасалуы осы мүмкіндіктерді жүзеге асырады.


Ақпараттық технологияларды сабақта пайдаланудың негізі мақсаты: Қазақстан Республикасында біртұтас білім беретін ақпараттық ортаны құру, жаңа ақпараттық технологияны пайдалану, Қазақстан Республикасындағы ақпараттық кеңістікті әлемдәк білім беру кеңістігімен байланыстыру.

Ақпараттық технологиялардың негізгі міндеттері:

- Сабақта ақпараттық технологиялар құралдарын қолдану;
- Практикалық тапсырмаларды анықтап, оны орындау;
- Ғылыми-ізденушілік және оқу-әдістемелік жұмыстарды жүргізу.

Ақпараттық технологиялардың қағидалары:

- Жеке тұлғаның интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- Технологиялық құралдар арқылы игерілетін тапсырмалар мен мәліметтердің түсініктілігі;
- Білімділік пен тәрбиенің бірлігі;
- Жалпы компьютерлік сауаттылық;
- Оқыту мен тәрбиелеудің жылдамдығы.



Сурет 1. Оқыту технологиясы.

Физика пәнінен ақпараттық технологияларды жүзеге асырудағы жұмыс түрлеріне тоқталып өтейік. Ақпараттық технологияларды пайдаланудың негізгі құралдарының бірі – интерактивті тақта, мұнда мультимедиялық және онлайн сабақтарын өткізуге болады.

«Интерактивті» сөзін ағылшын тілінен аударғанда «бірлесіп әрекет жасау» деген мағынаны білдіреді. Білім берудегі интерактивті технология – бұл сабақ барысында студенттердің ұжымдық жұмыс жасауын қамтамасыз ететін, бірін – бірі толықтыратын және барлық студенттердің қатысуын ұйымдастыратын оқыту технологиясы. Бұл құрылғы компьютер, мультимедиялық проектор және ақпараттарды енгізуге арналған активті қаламнан, интерактивті қаламнан тұрады. Интерактивті тақта интернеттен ақпаратты алуға мүмкіндік жасаумен бірге, оқытушылар үшін керемет көрнекі құрал да бола алады. Физика бойынша сабаққа қажетті материалдарды алдын-ала дайындап қойып, сабақ барысында пайдаланудың тиімділігі өте жоғары болатыны белгілі. «Activstudio және «Smart Notebook» программаларында физика пәнінің оқытушылары өзінің сабағында қолданатын материалдарды алдын-ала компьютерге енгізіп, сақтап қоя алады. Дәрістік, практикалық тапсырмалар, топпен жұмыс істеу, ақпараттық технологияларды қолдана отырып, сабақта презентацияларды құру, графикалық, мәтіндік, кестелік редакторларда еркін жұмыс істеу, жаппай студенттерді пән сабақтары бойынша сұрақ – жауаптармен тестілеу, электронды оқулықтарды, видео, аудио, фото нысаналармен жұмыс жүргізу жолдарын қолдануға болады.

Жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі – бұл студенттердің өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз – өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жетістігінен ләззат алға мүмкіндік береді. Ол үшін оқытушы өткізетін сабағының түрін дұрыс таңдай білуі қажет.

Жаңа ақпараттық технологияның басты тиімділігі – бұл оқытушыға физика сабақтарындағы оқу үрдісін түбегейлі өзгертуге, оқытудағы пәнаралық байланысты күшейте отырып, әрі сабаққа қажетті тарихи материалдарды пайдаланып, оқушылардың дүниетанымдарын кеңейтуге және қабілеттерін көре білуге, оны дамытуға толық жағдай жасайды.

Сабақта компьютерді пайдаланудың тиімділігін былац саралап көрсетуге болады.

1. Студент пен оқытушының оң қатынаста болуына ықпал етеді. Олай дейтініміз, студенттер компьютермен тікелей қатысты болғандықтан өзін еркін сезінеді.

2. Компьютермен жұмыс барысында студенттердің белсенділік, жауапкершілік және өзіндік шығармашылық қабілеттері қалыптасады, Студент өз бетінше еңбектенеді. Өз еңбегінің нәтижесін көреді. Өзін – өзі қадағалауға мүмкіндік туады. Тапсырмаларды оқытушының көмегінсіз орындайды. Сол арқылы ойлау және есту қабілеттері дамиды.

3. Берілген материал бірсарынды болып, тек оқытушы ғана сөйлейтін болса, студенттер тез жалығады, сабақ сәтсіз аяқталады. Осындай көңілсіз жағдайларды болдырмау үшін физика сабағында компьютер арқылы студенттердің белсенділігін арттыратын элементтер қолданылады. Мысалы, іргелі теориялардың құрылымын көрсететін кестелер:

1. Электронды оқулықтың тиімділігі;
2. Жалпы теорияның құрылымы;
3. Классикалық механика теориясының құрылымы;
4. Мектеп физикасындағы теорияның құрылымы;
5. Классикалық механика теориясының құрылымдық жүйесі;
6. МКТ және термодинамика негіздерінің құрылымдық жүйесі;
7. Электродинамика бөлімінің құрылымы;
8. Классикалық электрондық теорияның құрылымдық жүйесі;
9. Максвеллдің электрмагниттік өріс теориясының құрылымдық жүйесі;
10. Салыстырмалылықтың арнаулы теориясының құрылымдық жүйесі;
11. Кванттық физика теориясының құрылымдық жүйесі.

Дидактикалық үлестірмелер (жалпы физика бөлімінен тест, бақылау жұмыстары), түрлі ребустар, суреттер мен жұмыс, кроссвордтарын жатқызуға болады. Сондай – ақ, мини фильмдер; Джеймс Максвелл; Эрстед тәжірибесі; Майкл Фарадей; фотоэффект; Генрих Герц және радиотолқындар; Фуко тогы және т.б. бар.

Ақпараттық технологияның оқытушы жұмысына тиімділігі – студенттердің біліміндегі олқылықтарына үнемі зерттеу жүргізіп, түзету жұмыстарымен айналысуға пайдасы бар.

Қазіргі қоғамның даму қарқыны оқытушылар шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді. Сондықтан ХХІ ғасыр – информатика ғасыры, ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпаққа заман талабына сай білім беріп, жан-жақты дамуына ықпал ету оқытушыдан шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді.

Компьютер және ақпараттық технологиялар негізінде ұйымдастырылған оқыту үдерісі студенттердің жаңаша ойлау қабілетін қалыптасырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға, нәтижесінде – өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашады.

білім жүйесіне енгізу. Осы тұрғыдан алғанда авторлар ұсынып отырған мақаланың көкейкестілігі күмән туғызбайды.

Қорытынды

Қорыта келгенде, оқыту үдерісінде ақпараттық технологияларды қолданып оқыту арқылы дүниенің тұтастығын түсінеміз, жалпы интеллекттің артуына ықпал жасаймыз. Ал біздің жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді кәсіби дайындау үдерісінде заманауи ақпараттық технологияларды оқу үдерісінде қолдану жаңа оқу пәндерінің пайда болуына алып келеді және осыған байланысты Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы студенттердің ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі жоғары деп есептейміз.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі педагогика мамандардың кәсіби даярлаудың сапасын арттыру болып табылады. Педагог мамандардың кәсіби даярлығының сапасын арттыру көптеген факторларға тәуелді. Атап айтқанда, оқыту әдістемесін жетілдіру, жаңа оқыту технологияларын оқытудың жаңа формалары мен тәсілдерін қарастырудың өзектілігі артады. Компьютерлік коммуникация – білім беру және оны жеткізу мен қамтамасыз ете отырып, жоғарыда аталған технологиялардың барлығының ажырамас құрамы болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік программасы. – Астана, 2012.
2. Кузьмина Н. В. Педагогическое мастерство учителя как фактор развития способностей учащихся.// Вопросы психологии. -№1, 2009. – С.20.
3. Акитай Б.Е. Физиканы оқытудың теориясы және әдістемелік негіздері. – Алматы: Қазақ университеті. 2006.
4. Садықов Б.Қ. Интерактивті тақта – ғажайып құрал.//Алтын ұя газеті. –2008.№02(178) - 24 қаңтар.

ПАРАМЕТРІ БАР ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕНДЕУЛЕР ҮШІН БАСҚАРУ ЕСЕПТІ ШЕШУДІҢ ӘДІСТЕМЕСІ

ф.-м.ғ.к., профессор м.а. **Э.А. БАКИРОВА***
А. ЧАЕВА

Аннотация:

Шектелген аралықта параметрі бар сызықты жәй дифференциалдық теңдеу үшін басқару есебі қарастырылады. Аралықты бөлу мен қосымша параметрлер енгізу арқылы қарастырылып отырған сызықты басқару есебі параметрлері бар эквивалентті көпнүктелі шеттік есепке келтіріледі. Енгізілген параметрлерді анықтау үшін шешімнің ішкі бөліктеу нүктелерінің үзіліссіздік шарттарымен шеттік шарт пайдаланылады. Параметрлердің бекітілген мәнінде жәй дифференциалдық теңдеулер үшін Коши есептері шешіледі. Коши есептерінің шешімдерін шеттік шартқа және шешімнің үзіліссіздік шарттарына қою арқылы енгізілген параметрлерге қатысты сызықтық алгебралық теңдеулер жүйесі құрылады. Осы жүйенің шешілімділігі бастапқы басқару есебінің шешімінің бар болуын қамтамасыз етеді. Сызықтық алгебралық теңдеулер жүйесінің шешімі жәй дифференциалдық теңдеулер үшін ішкі интервалдағы матрицалық және векторлық Коши есептерінің шешімдері көмегімен жүзеге асырылады. Бастапқы басқару есебінің шешімін табудың жәй дифференциалдық теңдеулер үшін Коши есептерін шешуге арналған төртінші ретті Рунге-Куттаның әдісіне негізделген сандық әдісі ұсынылады.

Кілттік сөздер: параметрі бар шеттік есеп, дифференциалдық теңдеу, шешілімділік, әдістеме.

METHOD FOR SOLVING THE CONTROL PROBLEM FOR DIFFERENTIAL EQUATION WITH PARAMETER

Abstract:

On a finite interval, a control problem for a linear ordinary differential equations with a parameter is considered. By partitioning the interval and introducing additional parameters, considered problem is reduced to the equivalent multipoint boundary value problem with parameters. To find the parameters introduced, the continuity conditions of the solution at the interior points of partition and boundary condition are used. For the fixed values of the parameters, the Cauchy problems for ordinary differential equations are solved. By substituting the Cauchy problem's solutions into the boundary condition and the continuity conditions of the solution, a system of linear algebraic equations with respect to parameters is constructed. The solvability of this system ensures the existence of a solution to the original control problem. The system of linear algebraic equations is composed by the solutions of the matrix and vector Cauchy problems for ordinary differential equations on the subintervals. A numerical method for solving the origin control problem is offered based on the Runge-Kutta method of the 4-th order for solving the Cauchy problem for ordinary differential equations.

Key words: boundary value problem with parameter, differential equation, solvability, methodology.

КІРІСПЕ

Дифференциалдық теңдеулер курсы – мектеп мұғалімі болсын, ЖОО оқытушысы немесе физика-математикалық бағыттағы мамандарды дайындауда негізгі курс. Оның идеялары мен әдістері өзінің бейнесін мектептегі математикалық курста байқатады. Дифференциалдық теңдеулер курсы педагогикалық, экономикалық және техникалық ЖОО -да оқылады және осы жоо-ның бітіруші-мамандарын дайындауда маңызды рөл атқарады. Дифференциалдық теңдеулер студенттің математикалық мәдениетінің белгілі бір деңгейін, ғылыми көзқарасын қалыптастыруға, оқытудың қолданбалы және іс-тәжірибелік бағытталуының болмысын түсінуге, математикалық сұлбелеу әдістерін

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, bakirova1974@mail.ru

игеруде, пәнаралық байланыстарды іске асыруды білуге жағдай жасайды. Дифференциалдық теңдеулер теориясының есептерінің түпкілікті шешімдерін алу үшін, едәуір қиын да ұзақ жолдан өту қажет. Дифференциалдық теңдеулер курсына тек қана дайын теңдеулер ғана емес, сонымен бірге (көп жағдайда) механиканың, физиканың, техниканың, экономиканың, биологияның, химияның және де басқа ғылымдардың, математикалық сұлбалері дифференциалдық теңдеулер болып табылатын есептер шешіледі. Курстың бұл қолданбалы бағыттылығы көкейкесті есепті - математикалық сұлбені құру, қолданбалы және іс-тәжірибелік мазмұндағы есептерді құру және шешу дағдыларын қалыптастыру. Сондықтан курсты жүргізудің кәсіпқойлық-педагогикалық және іс-тәжірибелік бағытталғандығын күшейту, пән аралық және пәнішіндегі байланыстарды ашу, спецификалық қасиеттерді, курстың жүзеге асырылмаған мүмкіндіктерін ашу бітіруші мамандардың дайындық деңгейінің көтерілуіне деген дәйекті құрал болып табылады.

Қазіргі таңда, дифференциалдық теңдеулер жүйесі үшін шеттік есептер теориясы маңызды мәселелерінің біріне айналып отыр, оған себеп – табиғат пен қоршаған ортада болып жатқан көптеген құбылыстардың математикалық моделін құру кезінде аталған есептерді шешуді қажет етеді. Осыған байланысты, ұсынылып отырған жұмыста дифференциалдық теңдеулер жүйесі үшін шеттік есебі параметрлеу әдісімен зерттеледі.

Параметрі бар дифференциалдық теңдеулер үшін сызықты басқару есеп $[0, T]$ кесіндісінде қарастырылады:

$$\frac{dx}{dt} = A(t)x + B(t)\mu + f(t), \quad x, \mu \in R^n, \quad t \in (0, T), \quad (1)$$

$$x(0) = x^0, \quad x^0 \in R^n, \quad (2)$$

$$x(T) = x^1, \quad x^1 \in R^n, \quad (3)$$

мұндағы $A(t)$, $B(t)$ – $(n \times n)$ - өлшемді $[0, T]$ кесіндісінде үзіліссіз матрица, $f(t)$ – n - өлшемді $[0, T]$ кесіндісінде үзіліссіз вектор-функция.

(1) - (3) есебінің шешімі деп $[0, T]$ аралығында үзіліссіз дифференциалданатын $\mu = \mu^*$ болғанда (1) дифференциалдық теңдеулер жүйесі мен (2), (3) шеттік шартын қанағаттандыратын n өлшемді $(\mu^*, x^*(t))$, жұбын айтамыз.

$t_0 = 0 < t_1 < \dots < t_{N-1} < t_N = T$ нүктелерін алып $[0, T]$ аралығын N бөліктерге бөліп $[0, T] = \bigcup_{r=1}^N [t_{r-1}, t_r)$ және оны Δ_N арқылы белгілейміз. $x(t)$ функциясының $[t_{r-1}, t_r)$, аралығына сығылуын $x_r(t)$ деп белгілейік. Онда (1)-(3) есебі келесідей есепке келтіріледі:

$$\frac{dx_r}{dt} = A(t)x_r + B(t)\mu + f(t), \quad t \in [t_{r-1}, t_r), \quad r = \overline{1, N}, \quad (4)$$

$$x_1(0) = x^0, \quad (5)$$

$$\lim_{t \rightarrow T-0} x_N(t) = x^1, \quad (6)$$

$$\lim_{t \rightarrow t_s-0} x_s(t) = x_{s+1}(t_s), \quad s = \overline{1, N-1}, \quad (7)$$

$\lambda_1 = \mu$, $\lambda_p = x_p(t_{p-1})$, $p = \overline{2, N}$ белгілеулер енгізіп және келесідей алмастыруларын жасасак $u_1(t) = x_1(t) - x^0$, $u_p(t) = x_p(t) - \lambda_p$, $t \in [t_{p-1}, t_p)$, $p = \overline{2, N}$, онда пара пар көпнүктелі есепке көшеміз

$$\frac{du_1}{dt} = A(t)(u_1 + x^0) + B(t)\lambda_1 + f(t), \quad t \in [t_0, t_1), \quad (8)$$

$$u_1(t_0) = 0, \quad (9)$$

$$\frac{du_p}{dt} = A(t)(u_p + \lambda_p) + B(t)\lambda_1 + f(t), \quad t \in [t_{p-1}, t_p], \quad p = \overline{2, N}, \quad (10)$$

$$u_p(t_{p-1}) = 0, \quad p = \overline{2, N}, \quad (11)$$

$$\lambda_N + \lim_{t \rightarrow T-0} u_N(t) = x^1, \quad (12)$$

$$x^0 + \lim_{t \rightarrow t_1-0} u_1(t) = \lambda_2, \quad (13)$$

$$\lambda_s + \lim_{t \rightarrow t_s-0} u_s(t) = \lambda_{s+1}, \quad s = \overline{2, N-1}. \quad (14)$$

(4)-(7) және (8)-(14) есептері пара пар болады. Егер $(\lambda, u(t))$ жұбы (8) – (14) есебінің шешімі болса, мұндағы $\lambda = (\lambda_1, \lambda_2, \dots, \lambda_N)$, $u[t] = (u_1(t), u_2(t), \dots, u_N(t))'$, онда $(\mu, x(t))$, жұбы, мұндағы $\mu = \lambda_1$ және $x(t) = x^0 + u_1(t)$, $t \in [t_0, t_1]$, $x(t) = \lambda_p + u_p(t)$, $t \in [t_{p-1}, t_p]$, $p = \overline{2, N}$, $x(T) = \lambda_N + \lim_{t \rightarrow T-0} u_N(t)$ теңдіктерімен анықталатын $x(t)$ функциясы бастапқы (1)- (3) есебінің шешімі болып табылады. Керісінше, егер $(\tilde{\mu}, \tilde{x}(t))$ – есебінің шешімі болса, онда келесі жұптар $(\tilde{\lambda}, \tilde{u}[t])$, мұндағы $\tilde{\lambda} = (\tilde{\mu}, \tilde{x}_2(t_1), \dots, \tilde{x}_N(t_{N-1}))$, $\tilde{u}[t] = (\tilde{x}_1(t) - x^0, \tilde{x}_2(t) - \tilde{x}_2(t_1), \dots, \tilde{x}_N(t) - \tilde{x}_N(t_{N-1}))$, $t \in [t_{r-1}, t_r]$, $r = \overline{1, N}$, (8)-(14) есебінің шешімі болады.

$\Phi(t)$ матрицасы дифференциалдық теңдеудің

$$\frac{dx}{dt} = A(t)x, \quad t \in [0, T]$$

фундаменталдық матрицасы болсын.

Онда $\lambda = (\lambda_1, \lambda_2, \dots, \lambda_N)$ параметрлердің бекітілген мәндерінде (8)- (11) Коши есептерінің жалғыз шешімі келесідей болады

$$u_1(t) = \Phi(t) \int_{t_0}^t \Phi^{-1}(\tau) B(\tau) d\tau \cdot \lambda_1 + \Phi(t) \int_{t_0}^t \Phi^{-1}(\tau) [A(\tau)x^0 + f(\tau)] d\tau, \quad t \in [t_0, t_1], \quad (15)$$

$$u_p(t) = \Phi(t) \int_{t_{p-1}}^t \Phi^{-1}(\tau) A(\tau) d\tau \lambda_p + \Phi(t) \int_{t_{p-1}}^t \Phi^{-1}(\tau) B(\tau) d\tau \cdot \lambda_1 + \\ + \Phi(t) \int_{t_{p-1}}^t \Phi^{-1}(\tau) f(\tau) d\tau, \quad t \in [t_{p-1}, t_p], \quad p = \overline{2, N}. \quad (16)$$

(15), (16) теңдіктерінде $\lim_{t \rightarrow t_r-0} u_r(t)$, $r = \overline{1, N}$ тауып сәйкес келетін (12) - (14) шарттарына қойып λ_r , $r = \overline{1, N}$ параметрлерге қатысты сызықтық алгебралық теңдеулер жүйесін аламыз

$$\lambda_N + \Phi(T) \int_{t_{N-1}}^T \Phi^{-1}(\tau) A(\tau) d\tau \lambda_N + \Phi(T) \int_{t_{N-1}}^T \Phi^{-1}(\tau) B(\tau) d\tau \cdot \lambda_1 + \Phi(T) \int_{t_{N-1}}^T \Phi^{-1}(\tau) f(\tau) d\tau = x^1, \quad (17)$$

$$x^0 + \Phi(t_1) \int_{t_0}^{t_1} \Phi^{-1}(\tau) A(\tau) d\tau \cdot x^0 + \Phi(t_1) \int_{t_0}^{t_1} \Phi^{-1}(\tau) B(\tau) d\tau \cdot \lambda_1 + \Phi(t_1) \int_{t_0}^{t_1} \Phi^{-1}(\tau) f(\tau) d\tau = \lambda_2, \quad (18)$$

$$\lambda_s + \Phi(t_s) \int_{t_{s-1}}^{t_s} \Phi^{-1}(\tau) \{A(\tau)\lambda_s + B(\tau)\lambda_1\} d\tau + \Phi(t_s) \int_{t_{s-1}}^{t_s} \Phi^{-1}(\tau) f(\tau) d\tau = \lambda_{s+1}, \quad s = \overline{2, N-1}. \quad (19)$$

(17)- (19) теңдеулер жүйесінің сол жақ бөлігіне сәйкес келетін матрицаны $Q(\Delta_N)$ арқылы белгілеп және осы жүйені төменгідегі түрде жазамыз

$$Q_*(\Delta_N)\lambda = -F_*(\Delta_N), \quad \lambda \in R^{nN}, \quad (20)$$

мұндағы

$$F_*(\Delta_N) = \left(-x^1 + \Phi(T) \int_{t_{N-1}}^T \Phi^{-1}(\tau) f(\tau) d\tau, x^0 + \Phi(t_1) \int_{t_0}^{t_1} X^{-1}(\tau) A(\tau) d\tau \cdot x^0 + \Phi(t_1) \int_{t_0}^{t_1} X^{-1}(\tau) f(\tau) d\tau, \right. \\ \left. \Phi(t_2) \int_{t_1}^{t_2} X^{-1}(\tau) f(\tau) d\tau, \dots, \Phi(t_{N-1}) \int_{t_{N-2}}^{t_{N-1}} \Phi^{-1}(\tau) f(\tau) d\tau \right).$$

(1) - (3) шеттік есептің шешілімділігі (20) жүйесінің шешілімділігіне пара пар екендігін оңай анықтауға болады.

(20) жүйесінің $\lambda^* = (\lambda_1^*, \lambda_2^*, \dots, \lambda_N^*)$ шешімі (1) - (3) есебінің шешімдерінің бастапқы бөліктеу нүктелерінің мәндерінен тұрады, яғни, $\lambda_1^* = \mu^*$, $\lambda_p^* = x_p^*(t_{p-1})$, $p = \overline{2, N}$.

Егер (20) жүйесінің шешімі белгілі болса, онда (1) - (3) есебінің шешімі келесі теңдіктермен анықталады

$$x^*(t) = \Phi(t) \Phi^{-1}(t_{r-1}) \lambda_r^* + \Phi(t) \int_{t_{r-1}}^t \Phi^{-1}(\tau) [B(\tau) d\tau \cdot \lambda_1^* + f(\tau)] d\tau, \quad t \in [t_{r-1}, t_r), \quad r = \overline{1, N}, \quad (21)$$

$$x^*(T) = \Phi(T) \Phi^{-1}(t_N) \lambda_N^* + \Phi(T) \int_{t_{N-1}}^T \Phi^{-1}(\tau) [B(\tau) d\tau \cdot \lambda_1^* + f(\tau)] d\tau, \quad (22)$$

Осылайша, бұл жағдайда параметрі бар дифференциалдық теңдеулер үшін сызықты есептің шешімін (21), (22) аналитикалық түрде аламыз. (17) - (19) теңдеулерінен көріп отырғанымыздай, (20) жүйесінің коэффициенттері мен оң жағы Коши есебінің шешімдері арқылы құрылады

$$\frac{d\Phi}{dt} = A(t)\Phi + A(t), \quad \Phi(t_{r-1}) = 0, \quad r = \overline{1, N}, \quad (23)$$

$$\frac{d\Phi}{dt} = A(t)\Phi + B(t), \quad \Phi(t_{r-1}) = 0, \quad r = \overline{1, N}, \quad (24)$$

$$\frac{d\Phi}{dt} = A(t)\Phi + f(t), \quad \Phi(t_{r-1}) = 0, \quad r = \overline{1, N}, \quad (25)$$

4-ретті Рунге-Кутта әдісімен (23) - (25) Коши есептерін шешуге негізделген параметрлеу әдісінің сандық жүзеге асырылуы ұсынылады.

Әрбір $[t_{r-1}, t_r)$ ішкі интервал N_r , $r = \overline{1, N}$ бірдей бөліктерге бөлінеді, коэффициенттер мен (20) жүйесінің оң жақтары $h_r = (t_r - t_{r-1})/N_r$ қадаммен матрицалық және векторлық Коши есептерін шешу арқылы табылады. Онда келесі есепті аламыз

$$Q^{\tilde{h}}(\Delta_N) \lambda = -F^{\tilde{h}}(\Delta_N), \quad \lambda \in R^{nN}, \quad \tilde{h} = (h_1, h_2, \dots, h_N) \quad (26)$$

(26) жүйені шешіп $\lambda^{\tilde{h}} = (\lambda_1^{\tilde{h}}, \lambda_2^{\tilde{h}}, \dots, \lambda_{m+1}^{\tilde{h}})$ аламыз.

Мұнда $\lambda_r^{\tilde{h}}$, $r = \overline{1, N}$ параметрлері $t = t_{r-1}$, $r = \overline{1, N}$ нүктелеріндегі (1)- (3) есебінің жуық шешімі болып табылады. Ішкі интервалдағы басқа нүктелердегі шешімнің мәндерін келесі Коши есептеріне

$$\frac{dx}{dt} = A(t)x + B(t)\lambda_1^{\tilde{h}} + f(t), \quad t \in [t_{r-1}, t_r), \quad x(t_r) = \lambda_r^{\tilde{h}}, \quad r = \overline{1, N}.$$

төртінші ретті Рунге-Кутта әдісін қолданып табамыз.

Параметрлеу әдісінің ұсынылған сандық нұсқасы ретінде келесі мысалдарды қарастырамыз.

Мысал 1. $[0, 1]$ кесіндісінде дифференциалдық теңдеулер жүйесі үшін параметрі бар сызықтық басқару есебі қарастырылады

$$\frac{dx}{dt} = A(t)x + B(t)\mu + f(t), \quad t \in [0, 1], \quad x \in R^2, \quad (27)$$

$$x(0) = x^0, \quad x^0 \in R^2, \quad (28)$$

$$x(1) = x^1, \quad x^0 \in R^2. \quad (29)$$

$$A(t) = \begin{pmatrix} 0 & 1 \\ 2 & 1 \end{pmatrix}, B(t) = \begin{pmatrix} t+1 & 1 \\ t & 2t^2 \end{pmatrix}, f(t) = \begin{pmatrix} -t^3 - 9 \\ -t^3 - 7t^2 - 2t - 7 \end{pmatrix}, x^0 = \begin{pmatrix} 1 \\ 3 \end{pmatrix}, x^1 = \begin{pmatrix} 2 \\ 2 \end{pmatrix}.$$

Қарастырылып отырған есепте (27) теңдеудің дифференциалдық бөлігінің фундаменталдық матрицасы $\Phi(t) = \begin{pmatrix} e^{2t} & e^{-t} \\ 2e^{2t} & -e^{-t} \end{pmatrix}$ болып табылады.

(27)–(29) есебін шешуде параметрлеу әдісі қолданылады. $\lambda_1 = \mu$, $\lambda_2 \hat{=} x\left(\frac{1}{2}\right)$ қосымша параметрлер енгізіп және келесідей алмастырулар жасап $u_1(s) = x(s) - x^0$, $s \in \left[0, \frac{1}{2}\right]$, $u_2(s) = x(s) - \lambda_2$, $s \in \left[\frac{1}{2}, 1\right]$, төмендегі параметрі бар шеттік есепті аламыз

$$\frac{du_1}{dt} = \begin{pmatrix} 0 & 1 \\ 2 & 1 \end{pmatrix} (u_1 + x^0) + \begin{pmatrix} t+1 & 1 \\ t & 2t^2 \end{pmatrix} \lambda_1 + \begin{pmatrix} -t^3 - 9 \\ -t^3 - 7t^2 - 2t - 7 \end{pmatrix}, \quad t \in \left[0, \frac{1}{2}\right], \quad (30)$$

$$u_1(t_0) = 0, \quad (31)$$

$$\frac{du_2}{dt} = \begin{pmatrix} 0 & 1 \\ 2 & 1 \end{pmatrix} (u_2 + \lambda_2) + \begin{pmatrix} t+1 & 1 \\ t & 2t^2 \end{pmatrix} \lambda_1 + \begin{pmatrix} -t^3 - 9 \\ -t^3 - 7t^2 - 2t - 7 \end{pmatrix}, \quad t \in \left[\frac{1}{2}, 1\right], \quad (32)$$

$$u_2(t_1) = 0, \quad (33)$$

$$\lambda_2 + \lim_{t \rightarrow 1-0} u_2(t) = \begin{pmatrix} 2 \\ 2 \end{pmatrix}, \quad (34)$$

$$\begin{pmatrix} 1 \\ 3 \end{pmatrix} + \lim_{t \rightarrow \frac{1}{2}-0} u_1(t) = \lambda_2, \quad (35)$$

$\Phi(t)$ фундаменталдық матрицаны қолданып (30)–(33) Коши есептерінің шешімдерін келесі түрде жазамыз

$$u_1(t) = \begin{pmatrix} \frac{1}{3}(e^{2t} - e^{-t}) & -1 - t^2 + t + \frac{e^{2t} + 2e^{-t}}{3} \\ -1 - t + \frac{2e^{2t} + e^{-t}}{3} & -\frac{2}{3}(3t - e^{2t} + e^{-t}) \end{pmatrix} \lambda_1 + \begin{pmatrix} 5t^2 - 4t + 5 - \frac{7e^{2t}}{3} - \frac{8e^{-t}}{3} \\ t^3 + 10t + 2 - \frac{14e^{2t}}{3} + \frac{8e^{-t}}{3} \end{pmatrix}, \quad t \in \left[0, \frac{1}{2}\right], \quad (36)$$

$$u_2(t) = \begin{pmatrix} \frac{1}{2}(e^{2t-1} - e^{-t+\frac{1}{2}}) & -1 - t^2 + t + \frac{e^{-t+\frac{1}{2}} + 7e^{2t-1}}{6} \\ -1 - t + \frac{e^{-t+\frac{1}{2}}}{2} + e^{2t-1} & -\frac{1}{6}(12t - 7e^{2t-1} + e^{-t+\frac{1}{2}}) \end{pmatrix} \lambda_1 + \begin{pmatrix} \frac{e^{2t-1}}{3} + \frac{2e^{-t+\frac{1}{2}}}{3} - 1 & -\frac{1}{3}(e^{-t+\frac{1}{2}} - e^{2t-1}) \\ -\frac{2}{3}(e^{-t+\frac{1}{2}} - e^{2t-1}) & \frac{2e^{2t-1}}{3} + \frac{e^{-t+\frac{1}{2}}}{3} - 1 \end{pmatrix} \lambda_2 +$$

$$+ \begin{pmatrix} 5t^2 - 4t + 6 - \frac{41e^{2t-1}}{8} + \frac{e^{-t+\frac{1}{2}}}{8} \\ t^3 + 10t + 5 - \frac{82e^{2t-1}}{8} + \frac{e^{-t+\frac{1}{2}}}{8} \end{pmatrix}, \quad t \in \left[\frac{1}{2}, 1 \right]. \quad (37)$$

34), (35) шарттарына (36) және (37) теңдеулерінің оң жақ бөлігін қойып λ_1, λ_2 параметрлеріне қатысты алгебралық теңдеулер жүйесін аламыз:

$$Q\lambda^* = -F, \quad \lambda^* \in R^4, \quad (38)$$

мұнда

$$Q = \begin{pmatrix} \frac{1}{2} \left(e - e^{-\frac{1}{2}} \right) & \frac{1}{12} \left(7e - 12 + 2e^{-\frac{1}{2}} \right) & \frac{1}{3} \left(e + 2e^{-\frac{1}{2}} \right) & \frac{1}{3} \left(e - e^{-\frac{1}{2}} \right) \\ \frac{1}{2} \left(e^{-\frac{1}{2}} - 4 + 2e \right) & \frac{1}{6} \left(7e - 12 - e^{-\frac{1}{2}} \right) & \frac{2}{3} \left(e - e^{-\frac{1}{2}} \right) & \frac{1}{3} \left(2e + e^{-\frac{1}{2}} \right) \\ \frac{1}{3} \left(e - e^{-\frac{1}{2}} \right) & \frac{1}{12} \left(8e^{-\frac{1}{2}} + 4e - 9 \right) & -1 & 0 \\ \frac{1}{6} \left(2e^{-\frac{1}{2}} + 4e - 9 \right) & \frac{1}{3} \left(2e - 2e^{-\frac{1}{2}} - 3 \right) & 0 & -1 \end{pmatrix}, \quad F = \begin{pmatrix} \frac{1}{8} \left(40 - 41e - e^{-\frac{1}{2}} \right) \\ \frac{1}{8} \left(112 - 82e + e^{-\frac{1}{2}} \right) \\ \frac{1}{12} \left(63 - 28e - 32e^{-\frac{1}{2}} \right) \\ \frac{1}{24} \left(243 - 112e + 64e^{-\frac{1}{2}} \right) \end{pmatrix}.$$

Сондықтан параметрлердің мәндерін табымыз: $\lambda^* = (\lambda_1^*, \lambda_2^*) \in R^4$, мұндағы $\lambda_1^* = \begin{pmatrix} 2 \\ 5 \end{pmatrix}$, $\lambda_2^* = \begin{pmatrix} \frac{3}{2} \\ \frac{17}{8} \end{pmatrix}$.

Сонда (27) - (29) есебінің шешімі $(\mu^*, x^*(t))$ жұбы болып табылады, мұнда $\mu^* = \lambda_1^* = \begin{pmatrix} 2 \\ 5 \end{pmatrix}$

параметрі мен $x^*(t)$ вектор-функциясы (21), (22) формулалар арқылы келесі түрде анықталады:

$$\begin{aligned} x^*(t) &= \begin{pmatrix} \frac{1}{3}(4e^{2t} - e^{-t}) \\ \frac{1}{3}(8e^{2t} + e^{-t}) \end{pmatrix} + \begin{pmatrix} e^{2t} & e^{-t} \\ 2e^{2t} & -e^{-t} \end{pmatrix} \int_0^t \begin{pmatrix} -\frac{1}{3}(2\tau^3 + 7\tau^2 + 2\tau + 16)e^{-2\tau} \\ -\frac{1}{3}(\tau^3 + 11 - 7\tau^2 - 2\tau)e^\tau \end{pmatrix} d\tau + \\ &+ \begin{pmatrix} e^{2t} & e^{-t} \\ 2e^{2t} & -e^{-t} \end{pmatrix} \int_0^t \begin{pmatrix} \frac{1}{3}(2\tau + 1)e^{-2\tau} & \frac{1}{3}(1 + 2\tau^2)e^{-2\tau} \\ \frac{1}{3}(\tau + 2)e^\tau & \frac{2}{3}(1 - 2\tau^2)e^\tau \end{pmatrix} d\tau \cdot \begin{pmatrix} 2 \\ 5 \end{pmatrix} = \begin{pmatrix} t + 1 \\ t^3 - 2t + 3 \end{pmatrix}, \quad t \in \left[0, \frac{1}{2} \right], \\ x^*(t) &= \begin{pmatrix} \frac{1}{24} \left(29e^{2t-1} + 7e^{-t+\frac{1}{2}} \right) \\ \frac{1}{24} \left(58e^{2t-1} + 7e^{-t+\frac{1}{2}} \right) \end{pmatrix} + \begin{pmatrix} e^{2t} & e^{-t} \\ 2e^{2t} & -e^{-t} \end{pmatrix} \int_{\frac{1}{2}}^t \begin{pmatrix} -\frac{1}{3}(2\tau^3 + 7\tau^2 + 2\tau + 16)e^{-2\tau} \\ -\frac{1}{3}(\tau^3 + 11 - 7\tau^2 - 2\tau)e^\tau \end{pmatrix} d\tau + \\ &+ \begin{pmatrix} e^{2t} & e^{-t} \\ 2e^{2t} & -e^{-t} \end{pmatrix} \int_{\frac{1}{2}}^t \begin{pmatrix} \frac{1}{3}(2\tau + 1)e^{-2\tau} & \frac{1}{3}(1 + 2\tau^2)e^{-2\tau} \\ \frac{1}{3}(\tau + 2)e^\tau & \frac{2}{3}(1 - 2\tau^2)e^\tau \end{pmatrix} d\tau \cdot \begin{pmatrix} 2 \\ 5 \end{pmatrix} = \begin{pmatrix} t + 1 \\ t^3 - 2t + 3 \end{pmatrix}, \quad t \in \left[\frac{1}{2}, 1 \right], \\ \text{яғни } x^*(t) &= \begin{pmatrix} t + 1 \\ t^3 - 2t + 3 \end{pmatrix}, \quad t \in [0, 1]. \end{aligned}$$

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Keller H.B. Numerical solution of two point boundary value problems. Soc. Indus. Appl. Math., Philadelphia. 1976.
2. Kurpel N.S., Marusyak A.G. On a multipoint boundary-value problem for a differential equation with parameters // Ukrainian Mathematical Journal, 1980. № 2. P. 223-226.
3. Luchka A.Yu. Application of iterative processes to boundary for datachamens for differential equations with parameters // Dokl. Academy of Sciences of Ukraine. Sulfur. Phys.-Math. and techn. science. - 1989. № 10. P.22-27.
4. Goma I.A. The method of successive approximations in a two-point boundary value problem with a parameter // Ukrainian Mathematical Journal, 1977. Vol. 29, №6. P. 800-807.
5. Edelman Yu.S. Boundary value problem for a differential equation with a parameter // Differential equation. 1978. Vol.14, №7. P. 1335-1337.
6. Tieshan He, Fengjian Yang, Chunyong Chen, Shiguo Peng. Existence and multiplicity of positive solutions for nonlinear boundary value problems with a parameter, Computers and Mathematics with Applications 61(2011). P. 3355-3363.
7. Stanek S. On a class of functional boundary value problems for second order functional differential equations with parameter. Czechoslovak Math. Journal, 1993. 43(118). P. 339-348.
8. Jankowski T., Kwapisz M. One the existence and uniqueness of solutions of boundary value problem for differential equations with parameters. Math. Nachr. 1976. 71. P. 237-247.
13. Minglibayeva B.B. Coefficient features of the unique solvability of linear two-point boundary value problems with a parameter, Mathematical journal, 2003. Vol. 3. № 2. P. 55-62. (in Russian)
14. Dzhumabaev D.S., Minglibayeva B.B. Correct solvability of a linear two-point boundary value problem with a parameter, Mathematical journal, 2004. Vol. 4. № 1. P. 41-51. (in Russian)
15. Dzhumabaev D.S., Bakirova E.A. Solution of a linear boundary value problem for the Fredholm integro-differential equation with parameter, News of the Khoja Akhmet Yassawi kazak-turkish international university, Vol. I. № 1(4). 2018. P.35-39. (in Russian)

ҒАЛАМТОРДЫҢ ЖАСТАР САНАСЫНА ӘСЕРІ

Т.ғ.к., доцент **К.К.ШУКЕТАЕВА***
Т.ғ.к., доцент **Г.И.САЛГАРАЕВА****
аға оқытушы **Ж.К.ДАУЫТОВА*****

Түйіндеме:

Мақалада бұқаралық ақпарат құралдарының пайдасы мен зияндары қарастырылған. Оның жасөспірімдердің мінез-құлқына жағымсыз әсерлері талданған.

Түйін сөздер: қашықтан қарым қатынас, психологиялық әсер, ғаламтордың жағымды және жағымсыз тұстары, жастар, онлайн режимі, әлеуметтік желілер, виртуальды әлем, виртуальды дос, тұйықталу, тәуелділік, девиантты мінез-құлық.

Summary:

The article discusses the benefits and dangers of media. Teenagers, its behavior is analyzed for adverse effects.

Keywords: remote communication, psychological impact, positive and negative aspects of the Internet, youth, mode, online, social networking, virtual world, virtual friend, circuit, dependency, deviant behavior..

Бүгінде Ғаламтор барлық дерлік ісіміздің тез жылжу, қозғалу механизміне айланған. Көліксіз ешқайда шыға алмайтынымыз сияқты Ғаламторсыз еш ісіміз алға жылжымайтын қалге жеткенбіз. Бала бақша сәбиінен бастап зейнет жасынан асқан қарттарға дейін-бәріміз ғаламторға тәуелдіміз.

Осы тәуелділік- Ғаламторды пайдаланғанда оның біздің өмірімізге деген қандайда бір оң немесе теріс әсері туралы ойланбаймыз. Қоршаған ортадан алыстап бара жатқанымызды байқамаймыз. Күнделікті өмірде бетпе-бет өзара қарым-қатынас жасайтын адамдармен салыстырғанда, біз виртуалды «достармен» көбірек араласамыз.

Facebook, Twitter, Pinterest, Google+, Tumblr, Instagram, ойын сайттары және жеке блогтар секілді сайттардың пайда болуымен біздің тәуелділігіміз де күшейе түсуде. Сонымен қатар қауіптер саны артып күшейе түсуде. Олардың саны мен түрі асқан сайын біз шынайы өмірден алыстап виртуалды әлемге етене еніп барамыз.

Айта берсек, Ғаламтор ақпаратының шексіздігі сияқты оның пайдасы мен зиянында да шек жоқ. Компьютер, ғаламтор, ондағы түрлі сайттар, компьютерлік ойындар, теледидар, толығырақ айтқанда бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ) пайдасынан көрі зияны асып бара жатқаны соңғы жылдардың өзекті мәселесі болып отыр.

Компьютерге отырған кезде адам жай ғана отырмай интернет пайдаланады. Ғаламтордан өмірге керектінің бәрін таба алады. Қазір, тіпті, өзіне керекті интернетте отырып-ақ сатып алуына болады (киім, жиһаз, тамақ, дәрі-дәрмек, әшекей-бұйымдар т.б.). Әрине, бұл адамға пайдалы. Бірақта әрбір заттың өз уақыты, өз орны болу керек. Ал қазіргі жастар күні-түні монитор алдында отыруға бар. Ол бір жағынан денсаулыққа зиян, ал бір жағынан санаға әсер етеді. Әрине, ғаламтордан көп нәрсе білуге болады, бәрінен хабардар болып отырасың-оның қорында шек жоқ. Бірақ сол кеніштен жақсы мен қатар не бір сұмдықтар да шығып жататынын бәрімізге мәлім.

Бала күннен компьютерді игеріп өскен бала жинақы, ширақ, әлемнің көп жаңалығымен хабардар болатыны рас, бірақ ол жақсы мен қатар жаманмен де хабардар болуы мүмкін. Қазіргі ата-аналар ғаламторды балаларына қосып беріп жатады. Өзі білмесе де баламның көзі ашық болсыншы, білсін, оқысын деп. Ал бала болса құр ойнаумен уақытын өткізеді. Ал сабақ жайында қалады.

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, kamila191160@mail.ru

** Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, gulnaz_sal@mail.ru

*** Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, gulnaz_sal@mail.ru

Қазір ғаламторда дені дұрыс ойын да жоқ, кілең атыс-шабыс-өлтiру, қатыгездiк. Мiне, осының бәрi бала санасына, бала ағзасына әсер етедi. Компьютер психологиялық қана емес, физиологиялық – тұрғыдан да әсер етуi мүмкiн. Компьютер мониториның кескiндерi адам көзiнiң көру өткiрлiгiн нашарлатады. Бiр мезгiл спорт, қара жұмыспен айланысу орнына жеке дара бұрышқа тығылып, бүгiнгi жастар, тапжылмастан компьютер алдында тәулiк бойы отыруға дайын. Ұзақ қисық отыру бұлшық еттердi қажытады және де омыртқаға зиян болады. Еш ойлауды қажет етпейтiн-санаулы функциялардан тұратын ойындарды қайталаумен уақыт өткiзумен, не виртуалды әлемдi шарлап не бiр - адам шошырлық «сұмдықтарға» кенелiп жатуы мүмкiн. Ғаламтордан бәрiн көрiп өскен бала бұл өмiр ғажаптарына селт етпейдi. Компьютер берерi көп, бiрақ ол адам қажетiнiң бәрiн бере алмайды. Мысалы: мейрiм, өмiр, ден-саулық, т.б.

Шынайы өмiрдегi қоршаған орта, онда болып жатқан оқиғалар виртуалды өмiрдегiмен салыстырғанда түкке тұрғысыз болып көрiнiп, еш бiр терең ойлаусыз тәулiктеп, апта, айлап санаулы фнкциялардан тұратын ойындарды сансыз қайталаумен уақыт өткiзетiн баланың ойлау өрiсi нашарлап, психикасы ауытқиды.

Бала әр бiр 2-4 сағаттан кейiн пайдалы iстермен айланысып тұру керек. Компьютерде жұмыс iстеу уақыты баланың жасына да байланысты болуы керек.

Экран алдында күндiз-түнi ұзақ уақыт отырғаннан адам, атын көздiң барлық көру қабiлетi белгiлерiн бiрiктiрiп, мамандар қойған, компьютерлiк көру қабiлетiнiң синдромы, ауруымен аурады екен.

Жалпы, бейне монитордың, жазу столының, отыратын орындықтың, тағы да басқаларының орналастырылуы дұрыс болуға тиiстi. Орындықтың биiктiгiн, арқалығының дұрыс тұруын, клавиатураның тұрған орнын, дисплейдiң көлемiн, экранмен ара қашықтықта жұмыс iстейтiн адамның өзiне ыңғайластырып қойғаны абзал. Өмiр тәжiрибесi көрсеткенiндей, көп жағдайда дис-плей өте жоғары тұрады, жүйелiк блоктың үстiне қойылады. Соның салдарынан, басты үнемі көтерiп отыруға тура келедi де, мойын омыртқа тұсы ауыратын болады. Бастың желке тұсы, мойын мен иық, жауырын, бiлек ауырады.

Жарыққа да мән берген жөн. Мамандар бөлмеге жарықтың 300-500 люкс шамасында бiркелкi түсуiне ақыл-кеңес бередi. Негiзiнен, жарықтың қапталдан түскенi қолайлы және бөлменiң төбесi қабырғасына қарағанда ашық, ақ болуы шарт.

Компьютерден шығатын электромагниттiк сәуленiң адам ағзасына зиянды екендiгi жөнiнде көптен берi айтылып келедi.

Монитор ғана емес, мамандар клавиатураның одан да қауiптiрек екенiн дәлелдеген. Клавиатурадағы төмен диапозаннан тарайтын электромагниттiк сәулелер саусақ арқылы ағзаға әсер етедi. Нәтижесiнде, компьютермен көп жұмыс iстеген адам жүйке ауруына ұшырайды.

Интернеттiң зиян тұстарын тiзiп, атап көрсетiп дабыл қаққандар көп-ақ. Бiрақ олардың бәрi ешкiмге әсер етпейдi, өйткенi қазiр адамдар тәуелдiлiгiн, оларды ойын ойнауға және әлеуметтiк желiлерде отыруна кедергi болатын, ешқандай күш жоқ.

Соңғы уақытта девиантты мiнез-құлықты жеткiншектер саны артып барады.

Девиантты мiнез-құлық мәселесi қазiргi таңда бiздiң қоғам үшiн ең маңызды мәселелердiң бiрi болып отыр, себебi оның салдарлары әртүрлi келеңсiз жағдайларды тудыруда. Жеткiншектердегi девиантты мiнез-құлықтың қалыптасуына әсер ететiн бiрден-бiр фактор бұқаралық ақпарат құралдары болып отыр. Бұқаралық ақпарат құралдарының бастапқы мақсаты ағартушылық, сонымен қатар дұрыс өмiр сүру әдеби мен салтын насихаттау болатын. Ал бүгiнде бұқаралық ақпарат құралдары агрессивтi, жағымсыз, әлеуметке қарсы мiнез-құлықтардың көрiнуiне әсер ететiн, қоғамға қауiп төндiретiн аса күштi құралдардың бiрiне айланып барады.

Бұл мәселе қазiргi кезде алаңдататын мәселелердiң қатарында, себебi ақпарат құралдарын қолданушылардың көпшiлiгiн құраушылар жастар.

Өйткенi жасөспiрiмдiк кезең психологиялық сипаты жағынан түрлi әсерлердi қабылдауға аса сезiмталдылығымен сипатталады. Ол тұлғаның, күрделi физикалық және психикалық өзгерiстермен сипатталатын, 11 мен 18 жас аралығындағы даму кезеңi. Ол кез психиканың дамуы эмоционалдылық пен қозушылықтың аса жоғарылығымен және көңiл-күйдiң құбылмалылығымен сипатталады. Осы жас аралығында жасөспiрiмнiң мiнез-құлықында девиантты ауытқу қауiпi бар.

Девиантты мінез-құлықтың көрсеткіштеріне: агрессия, демонстрация, оқудан, еңбектен бет бұру, үйден кету, алкоголизм, наркомания, қоғамға жат қылықтар, жыныстық жат мінез-құлық, суицид т.б. жатады. Заң бұзушылықпен аяқталуы мүмкін.

Бұл ауытқушылықтар жүйелік-психикалық ауруларда, психопатияда, неврастенияда т.б. көрінеді. Акцентуациялық сипаттағы мінезді балалар өте ашушаң, дөрекі болады. Баланың әрбір даму сатысында, олардың психикалық қасиеттері, тұлғалық және мінездегі ерекшеліктері қалыптасып, дамып отырады. Бала даму барысында элеуметтік ортаға бейімделуі немесе керісінше бейімделмей, жатсынып кетуі мүмкін.

Невротикалық реакциялар, қоршаған ортамен қатынастың бұзылуы, сезімдік (эмоционалдық) тепе-теңсіздік және суықтық, ашуланшақтық, психикалық аурулар және психологиялық патологиялар сияқты жағымсыз мінез-құлықтың пайда болуына жол ашылады.

Жасөспірімнің мектепке дайындығы жоқ, үйге берілген оқу тапсырмаларына және бағаларға парықсыз қарауы-баланың жалпы мектепке деген қызығушылығының (оқудағы декомпенсацияның), мектептік бейімсіздік (дезадаптация) – бала сабаққа үлгермеуімен қатар, оның мінез-құлқы өзгеріп, мұғалімдермен, сыныптастарымен қарым-қатынасы бұзылып, сабақтан қалуы көбейеді немесе мектептен біртіндеп қол үзе бастайды.

Элеуметтік бейімсіздік – бала қалыпты түрде даму көрмей, қоршаған ортаға бейімделе алмай қалу, соның әсерінен, бала өзін жаман, керексіз сезіну қаупі тууы мүмкін.

Белгілі психолог Л.С.Выготский жасөспірім жастағы кезеңде (14-18 жас) екі үлкен өзгеріс болады: ол ағзадағы жыныстық жетілу және өзінің “Мен” мәдениетінің ашылуы, тұлғасының және дүниетанымының қалыптасуы деп көрсеткен. Жасөспірім бұл жас кезеңінде жақсы мен жаманның арасын толықтай ажырата алмайды, сондықтан кез-келген сырттан келген әсерлер оның қандайда бір әрекетті жасауына итермелейді [1].

Көп уақытын теледидардың алдында өткізу жасөспірім тұлғасының психикалық құрылымының барлық деңгейіне әсер ететін негативті жағдайларға алып келуі мүмкін. Ол әрине ақырындап жүзеге асады. Жағымсыз теле бағдарламаларды көру - жасөспірімдердің бағдарлама кейіпкерлеріне ұқсамақ болуына, олардың жағымсыз қылықтарын игеруіне, мәселені шешудің агрессивті тәсілдерін меңгеруіне әкеледі. Нәтижесінде жасөспірім девиантты мінез-құлық көрсетеді.

Девиантты мінез-құлық белгілі бір қоғамдағы қалыптасқан элеуметтік нормалардан ауытқу және артынан құқықтық және қоғамдық шараларды ілестіруші адамдардың іс-әрекеті.

Бұл жаста жасөспірім киноларда, телебағдарламаларда, интернетте көрсетіліп жатқандарды үлгі ретінде қабылдайды. Ол өзінің сөздерін, әрекеттерін, қылықтарын көгілдір экраннан көргендерімен байланыстырып, өз өмірінде құрбыларымен, ата-анасымен қарым-қатынаста немесе қандайда бір мәселе туындағанда қолданады.

Ал БАҚ-та көрермендер бұрындары көрсетілетін тәрбиелік мәні бар ертегілер немесе көркем фильмдер емес, керісінше атыс-шабыс, қылмыс, зорлық-зомбылық, ұрлық т.б. Сонымен қатігез әрекеттерді бақылау жауыздықпен байланысты ойлардың туындауына себепші болады [2].

Бүгінде көрсетілетін телебағдарламалар, сериалдар көрермендердің эмоционалды күйлеріне әсер етіп, белгілі бір мінез-құлық нышандарының қалыптасуына ықпал етеді [3].

БАҚ девиантты мінез-құлықтың қалыптасуына едәуір ықпал етеді. Ал егер бұл әсерлерге қарсылық көрсетпейтін болсақ, девиантты мінез-құлықтың көрініс беруі өсе түсетіні мәлім.

Сондықтан біздің алдымызда тұрған міндет девиантты мінез-құлықтың қалыптасуына бұқаралық ақпарат құралдарының әсер ету күшін төменгі деңгейге жеткізу үшін алдын-алу шараларын жүргізу. Ал алдын-алу шаралары тиімді болу үшін ол жан-жақты сипатта болуы қажет, оған ата-алар, педагогтар, әрине сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдары да атсалысуы керек.

Жалпы ата-аналар балалары оларды үлгі тұтатындай жағымды әрекеттер жасауы керек, мысалы балаларының өміріне белсенді араласуы, болашақ жоспарлары мен мақсаттарын дұрыс құруға көмектесу. Сонымен қатар ата-аналар балаларына көп көңіл бөліп, теледидардың алдында қанша уақыт отыратынын қадағалап, сондай-ақ қандай компьютерлік ойындарды ойнайтынын, интернетте оны не қызықтыратынын бақылап отыруы керек. Егер ата-ана балаларымен көп уақытын бірге өткізетін болса, онда олардың да бұқаралық ақпарат құралдарына жүгінуі азая түседі. Онымен қоса қазіргі қоғамда компьютер мен теледидарды алмастыратын басқа да нәрселер көп, атап өтсек театрға, музейге, сауықтыру орталықтарына, мәдени орталықтарға бару және отбасымен бірге уақыт өткізуді айтуға болады.

Педагогтарда жасөспірімдердің дұрыс тәрбиесіне ықпал ете алады. Мұғалімдер жасөспірімдердің оқуға, спортқа, мәдени іс-шараларға деген қызығушылығын оятып, сол арқылы өз өмір жолын таңдауына және оны жүзеге асыруына жағымды ықпал ете алады. Жасөспірімге өмірлік ұстанымдар мен құндылықтарды айқындауға көмектесу керек.

Өз кезегінде БАҚ алдарына білімділікті көтеру, көрермендердің дүниетанымын дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау, ақыл-ой деңгейін, мәдениеттілікті дамыту сияқты өзгеше мақсаттар қоюлары керек.

Қорыта келгенде, девиантты мінез-құлықты балаларды түзету күрделі әрі қиын әрі ұзақ процесс. Оны іске асыруда көп шыдамдылық пен белсенділік қажет. Қазіргі, осы саладағы әлеуметтік, педагогикалық талаптар мен жүзеге асырылып жатқан тәжірибелер негізінде, бұл саладағы тәрбие міндеттерін жүзеге асыруда девиантты мінезге ие балалардың білім алуы мен бос уақытын пайдалы іс-әрекеттермен өткізу жолдарын қарастыратын жаңа кешенді бағдарламалар, арнайы ұйымдастырылған тәрбиелік жұмыстар қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бабанский, Ю.К. Оптимизация учебно-воспитательного процесса (методические основы) / Ю. К. Бабанский. - М.: Просвещение, 2012. - 192 с.
2. Черкасова Ю.М. Информационные технологии управления.-М.: Инфра-М, 2001.
3. Балафанов Е.К., Бурибаев Б., Даулеткулов А. Новые информационные технологии, Алматы, Джагамбек, 2002 г, 442с (на русском и на казахском языках)
4. Джапарова Г.А. Основы информатики. Алматы, Экономика, 2004 г.

FORMATION OF LEARNER'S RESEARCH COMPETENCE BASED ON USING MULTIMEDIA TECHNOLOGIES

Associate professor, PhD **N.S. KATAEV***
R.I. MAMETOVA

Abstract:

All members of educational system are now trying to open new informational educational environment where the determinant is integration of educational and informational approaches to educational content, methods and learning technologies. One of the fast growing spheres of human activities is multimedia technologies. Using multimedia technologies on lessons can fix a huge gap in learner's research competence which is relevant today. The proper using of this aid opens new possibilities for future generation and allows them to be competitive in society. We as educators have to move with the times and everyone has to find its own unique way to navigate learners and develop their skills.

Keywords: *research competence, educational competence, multimedia technologies, critical thinking, problem solving, analytical skills, multimedia equipment*

During the last few years Ministry of Education has implemented main changes and corrections in educational system. Nowadays traditional ways of lesson planning and teaching are yesterday's day. It means teachers should be able to teach by using new teaching techniques and methods. There is no doubt that the government gives a huge support in order to educate our teachers for learning new methods of teaching.

The back-to-basics traditional education method, also known as conventional education, is still widely used in schools. The old-fashioned way of teaching was all about recitation, for example learners would sit in silence, while one learner after another would take it in turns to recite the lesson, until each one had been called upon. The teacher would listen to each learner's recitation, and they were expected to study and memorize the assignments. At the end of the module a written test or oral examination would be conducted; this process was called an Assignment Study Recitation Test.

The way in which traditional methods were taught ensured that learners were rewarded for their efforts, used class periods efficiently and exercised clear rules to manage learners' behavior. They were based on established customs that had been used successfully in schools over many years. The teachers communicated the knowledge and enforced standards of behavior. [1]

Thereby the most important task for many teachers is to give learners enough support to make them think and create. The problem that teacher faces every day that learners cannot fully work with materials and tasks without teachers help. Many years there were made attempts to build educational activity at schools on the basis of research training ideas for a long time. However, it hasn't led to their active use in practice. In 1999 experts noted "shortcomings of formation of all-educational abilities (ability to carry out the analysis of a problem statement, control of the actions, and assessment of the received results)". Therefore, there is a strong need to form learner's research competence.

Let us make it clear what does research competence mean? Competence is awareness, authority in any area. Competence is also as a circle of questions in which a certain person has credibility, knowledge, experience.

The Educational competence is the level of development of the learner's identity connected with high-quality development of content of education. High-quality development is defined by "requirements to level of training of learners" and also "an obligatory minimum of contents of educational programs". Educational competence allow to learners to use adequate knowledge skills in a concrete situation.

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, k_nazbek@mail.ru

The educational competence is a consequence personally the focused training as treats the identity of the learners and is formed only in the course of performance of a certain complex of actions by him. The competence approach in teaching does not imply educational activity on the basis of the content of education but on the contrary, the selection of the content necessary for the formation of key competencies to graduate school:

- civil competence (political, social, economic);
- communicative;
- subject;
- multicultural;
- information;
- cognitive;
- axiological (value).

Based on the practice of personally - oriented learning the key competencies of modern learners should be:

- use the acquired knowledge in different life situations;
- competently work with the information;
- independently obtain the necessary knowledge;
- critical analysis and comprehension of specific information of the situation, social and political processes;
- to conduct a discussion on the designated range of problems.

In order to achieve any results in the formation of learner's competence we do not need to forget about ability of learners to recognize problems.

The problem is difficulty, uncertainty. To eliminate the problem, there are required following actions, first of all, first of all there are should be actions directed to a research of everything that is connected with this problem. Searching for problems is not an easy task. It is often more difficult and instructive to find a problem than to solve it. Carrying out this part of the research work with the child, you should show flexibility and do not necessarily require a clear understanding and formulation of the problem or clear indication of the purpose. The general and approximate characteristics are enough. The ability to see a problem is the integrated property which describes the way of thinking of the person. It develops for a long time in a variety of activities. Here are some tasks that will help in solving this complex pedagogical task. One of the most important properties in identifying problems is the ability to change own point of view, to look at the object of research from different angles. After all, if you look at the same object from different aspects, you will necessarily see something that escapes from the traditional view and is often not noticed by others.

Eventually, all what I mentioned above is the basic notions in pedagogical meaning. Since, I am an ICT teacher I prefer to use all benefits that technological progress gives us. It is well known fact that every lesson besides computer science use at least interactive board. This is a pure result of how computer technologies penetrated into all spheres of human activity. Let us draw attention to the using multimedia technologies on lessons. But first what does multimedia technologies mean? What is the role of multimedia on the studying subject?

One of the leading trends in the ICT knowledge of society is the development of multimedia technologies. Their penetration into various spheres of social life: production, business, science, education, mass consumer culture. It is all goes with providing wealth content and form a combination of various types of text, graphic, speech, music, video, photo information and a variety of ways to extract them. Those technologies form multimedia perception of the world. [2]

Modernization of teaching methods requires expanding the use of multimedia technologies in education. This approach allows us to create a completely new higher and secondary school, significantly increase the effectiveness of classes and individualize the process of obtaining knowledge. It has long been

known that people are divided into several types according to the method of perception of information - visually, with the help of hearing or practical application, but there are other finer facets of personalities that are not considered when creating equal conditions and in fact the inclinations and speed of processing incoming information all different.

Use of multimedia technologies opens new opportunities in the organization educational process and also development of creative abilities of learners.

Media means communication that is perceived by only one sense organ. For example, newspapers, books, pictures, audio recordings and so on, which carries information that you can hear or see, but neither one at a time. Multimedia has the same concept, supplemented by a universal Latin prefix, denoting multiplicity or universality - is a combination of different types of influence or simply the ability to work with them alternately with the help of the same device.

For effective introductions of methods of active training big and serious work is necessary on equipment in enough the computer equipment and also in preparation methodical and information base in the organization of educational process. It will provide realization methods of active training in improvement of quality of training of specialists taking into account the increased requirements in the conditions of the market.

The first task is to create such models of knowledge representation, in which it would be possible to represent monotonous means as objects, characteristic for logical thinking, and images with which figurative thinking operates.

The second task is the visualization of that human knowledge for which it is not yet possible pick up text descriptions.

The third is the search for ways to change from the observed images of the pictures to the formulation of some hypothesis about those mechanisms and processes that are hidden the dynamics of the observed paintings.

Education courses, skills and knowledge are often taught in a context. To overcome this, the use of multimedia as education aids help to provide a real world example using a computer with high quality content. The various type of software available on the market can also help to provide a friendly interactive method of learning. Multimedia and tool such as the internet can provide teacher an instant excess to millions of resource available. These materials can help the teacher to provide the learners with cooperative learning, critical thinking, discussion, and problem solving. So, multimedia approach in education provides many advantages over the traditional method.

There are many advantages in applying multimedia elements in education. One of it is that multimedia enable learners to represent information using several different media. This prove to be helpful when learners need to do their project. By using multimedia elements, they can present their project in a much more creative ways. Moreover, multimedia approach also provide flexibility of where and when can they learn. This is because by using multimedia approach such as audio and video, learner can record or make connection with one another for discussion or listening to the previous topic that they have recorded. Multimedia approach also helps the learners to develop a higher order thinking skills. By using the multimedia elements, learners use their own idea and creativity to combine the elements of multimedia to produce something fresh and new. Furthermore, multimedia approach are also much more engaging compare to the traditional one. [3] With multimedia, interactive learning can be done with live-action video, feedback, questions and answers to keep the learners interested and help enhancing their skills. Next, with multimedia simulation technique can be effectively applied. By using simulation, learner can grasp a better understanding about the step and producer to make or do a certain project. This can improve their understanding and also help improving their skills.

Use of multimedia technologies is obliged by the efficiency to comprehensive influence on the systems of perception of the person. Interactive multimedia systems simultaneously send:

- voice;
- video;

- animation;
- graphics;
- texts.

Particularly effective such types of lessons with using this approach: where the learner is assigned not the passive role of the observer but the main participant directly influencing the course of events. However, multimedia classes are those in which the teacher uses, at least, a projector with a presentation or audio recording of important information.

The learner no longer has a chance to get distracted from the material, as in the case of a standard lecture. Now it is he who solves the problem, directly contributing to the technique, and the teacher only supports him if necessary. Accordingly, with this increases the effectiveness of evaluation: the computer is more difficult to "deceive", and the methods for this require much deeper knowledge of the subject, which is in itself a result. In addition, the technique does not show any personal sympathy.

It is especially important to note that today it is not so important to know much, it is much more important to understand where this "lot" can be found and how to use it. Previously, this is how engineers were trained, and today such a system is used from the preschool age. The development of logic for everyone is the main advantage that multimedia technologies have brought in training.

In ordinary classes pedagogical multimedia technologies at lessons are applied in the following forms:

- Creating presentations. It is effective during the study of new topics to attract learners' attention. It also allows you to display the dynamics of processes on different scales. To date, you can find a ready presentation on almost any topic, and the teacher can create it himself, optimizing the time and material for submission.

- Assessment of knowledge. Test tasks, including those illustrated ones, as well as the implementation of practical work on the computer, allows monitoring the effectiveness of training to a fundamentally new level. Plus for the teacher, it is easier to take into account the general and average points of all learners using specialized programs.

- Learner's projects. Independent work with presentation maker software or video editors is a powerful start for the learner. It allows you to learn how to structure information; select logically correct components of various types of perception and at the same time and increase the skills of direct program management. The development of the creative approach is thus only stimulated. Perhaps, it's not possible to draw beautifully to everyone, but to create a collage of ready-made elements is a simpler task, which nevertheless involves more intellectual resources.

The study of multimedia technologies by itself requires logic, creativity and the ability to control processes with available tools. In order to qualitatively write music using technology, it requires knowledge of not only solfeggio, but at least in general features of each instrument, that is, what is taught in specialized schools plus additionally setting up a huge amount of equipment and software. The same can be said about drawing. There are creative people who created not only entirely new trends in art, but also developed unique educational programs that combine:

- all kinds of information;
- specifics and clarity;
- authentic materials;
- independent development;
- effective feedback;
- non-standard feed. [4]

However, unreasonable, arbitrary and excessive use of multimedia technologies in class can give a negative effect. In this regard, consider a number of conditions that must be respected when using multimedia as a means of clarity:

1. compliance with age, psychophysical characteristics of learners;
2. gradual demonstration, only at the appropriate moment of the lesson;
3. clear identification of the main and essential;

4. a detailed thought-out of the management of the perception of learner (passing explanations, highlighting the main, commenting, etc.);
5. consistency with the content of the material;
6. involve the learners themselves in finding and analyzing the desired information in a visual aid or demonstration device;
7. rational combination of various forms and methods of communication of educational material and educational work of learners taking into account the content and specificity of benefits.

There are examples of using multimedia at various stages of computer science lessons. Let us consider the step of checking the homework. At this stage, the following activities are used:

- preparation of messages by learners on the themes, executed with the help of a word processor, using hypertext, graphic objects, sound information and video clips.

- performance of creative works: presentations, web - projects, video clips related to the lesson topic with the aim of generalization and systematization learner's knowledge.

The stage of assimilation of new knowledge. To optimize the educational process an explanation of the new material occurs using a computer presentation as a source of educational information and visual aids. Multimedia in this case, allow:

- due to a bright, imaginative demonstration, to objectively specify the spatial representations of learners when presenting abstract material;

- create clear ideas about the external properties, the type of the object, its structure, structure and constituent parts;

- a fragmentary display of film materials to concentrate the attention of schoolchildren on the key issues of objectively complex educational material;

- to recreate the historical situation, corresponding to the time of the great scientific or technical discovery.

To sum up, traditional ways of learning are in the past. Educators need to create conditions for learners to let them develop their critical thinking, problem solving skills and analytical skills. Appropriate use of multimedia technologies can open the doors for many learners to their college, job and be creative in general. Research competence of learners will allow them to be competitive and successful in modern world.

RESOURCES:

1. Cambridge Centre for Sixth-form Studies. 2017. [<https://www.ccss.co.uk/news/traditional-vs-modern-teaching/>]. Accessed 26 June 2018.
2. G.V. Knyazeva. 2009. Application of multimedia technologies in educational institutions, p.2
3. Tay Vaughan(2010), Multimedia: Making It Work Eight Edition, Appleton , McGraw-Hill.
4. 26th International Specialized Exhibition. 2018.[<http://www.reklama-expo.ru/ru/articles/2016/multimedijnye-tehnologii-obrazovani/>]. Accessed 10 September 2018.

ПОЛИМОРФИЗМ ЖӘНЕ ИНКАПСУЛЯЦИЯНЫҢ ОБЪЕКТІГЕ-БАҒЫТТАЛҒАН ПРОГРАММАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНДА АЛАТЫН ОРНЫ

ф.-м.ғ.к., қауым.профессор **О.Ә.ӘУЕЛБЕКОВ***
магистрант **Н.М.АСИЛБАЕВА**

Түйіндеме:

Мақалада объектіге - бағытталған программалаудың ерекшелігін сипаттайтын полиморфизм мен инкапсуляция қарастырылады.

Түйін сөздер: полиморфизм, инкапсуляция, объектіге-бағытталған программалау.

THE ROLE OF POLYMORPHISM AND ENCAPSULATION IN AN OBJECT-ORIENTED PROGRAMMING

Abstract:

The article deals with polymorphism and encapsulation that characterize the features of object-oriented programming.

Keywords: polymorphism, encapsulation, object-oriented programming.

КІРІСПЕ

Мақалада объектіге-бағытталған программалаудың екі принциптері қарастырылады. Олар: полиморфизм және инкапсуляция. Олардың объектіге-бағытталған программалауда атқаратын қызметі, алатын орны және артықшылары көрсетілді. Сонымен қатар, полиморфизм және инкапсуляцияның C# программалау ортасында пайдалануына қысқаша шолу жасалынды.

Визуалды объектіге-бағытталған программалау (ОБП) – бұл нақты әлемнің объектісін, оның мінез-құлқын сипаттайтын кейбір құрылым ретінде объект түсінігі негіз болатын программаларды әзірлеу әдістемесі. ОБП әдістемесін пайдалана отырып шешілетін міндет объектілер мен оларға жасалатын операциялар терминдерінде сипатталады, ал программа мұндай тәсілде объектілер мен олардың арасындағы байланыстар жиынтығы болып табылады. Визуалды программалау кластар сияқты ұғымдармен жұмыс істейді. Кластар - бұл жиі кездесетін тапсырмаларды орындауға арналған арнайы код блоктары. Объектілер кластардың нақты іске асырылуы (даналары) болып табылады. Объектіге-бағытталған программалауды жүзеге асыратын программалау орталарына Visual Basic, C++ Builder және т.б. жатады. ОБП-дың мағынасы мынада: программаның құрамындағы көптеген элементтер (мысалы, терезелер, мәзірлер, батырмалар және т.б.), программаға тұтастай қойылатын және программистің басқаруына ыңғайланған белгілі бір объектілер ретінде қарастырылады. Бұл объектілердің полиморфизм және инкапсуляция принциптеріне негізделген ерекше қасиеттері, әдістері және әрекеттері болады. Объектіге- бағдарланған программалаудың негізін құрайтын да осы полиморфизм және инкапсуляция принциптері. [1]

Полиморфизм – екі немесе одан да көп ұқсас, бірақ айырмашылықтары бар есептерді шешу үшін интерфейстері бірдей объектілерді типі мен ішкі құрылымы туралы ақпаратсыз –ақ қолдануға мүмкіндік беретін принцип, яғни «бір интерфейс, көптеген әдістер » идеясы жүзеге асырылады. Полиморфизм кезінде аталық кластың кейбір бөліктері (әдістер) берілген ұрпаққа тән әрекеттер жасайтын жаңа бөліктермен ауыстырылады. Осылайша, кластар интерфейсі бұрынғы болып қалады, ал атаулары және параметрлер жиыны бірдей әдістерді жүзеге асыру айрықша болып келеді. [2] Бұл тіл байланысты нысандарды ұқсас мәнерде түсіндіру қабілетін білдіреді. Атап айтқанда, ОБП-ның бұл принципі базалық класқа барлық мұрагерлерге қол жетімді мүшелер жиынтығын (формальды түрде полиморфты интерфейс деп аталатын) анықтауға мүмкіндік береді. Кластың полиморфты интерфейсін виртуалды немесе дерексіз мүшелердің кез келген санын пайдалана отырып құрастырылады.

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, omirlan@mail.ru

Шын мәнінде, виртуалды мүше - бұл туынды сыныпта өзгертілуі мүмкін (немесе, ресми түрде, қайта анықталған) әдепкі бойынша іске асыруды анықтайтын базалық сынып мүшесі. Оған қарағанда, абстаркті әдіс - бұл әдепкі бойынша іске асыруды көздемейтін, тек сигнал беруді ұсынатын базалық сынып мүшесі. Сынып абстрактілі әдісті анықтайтын базалық сыныптан кейін, бұл әдіс міндетті түрде туынды сыныпта қайта анықталуы тиіс. Кез келген жағдайда, туынды сыныптар базалық сыныпта анықталған мүшелерді қайта анықтаған жағдайда, олар өз реакциясын бір сұрау салуға қайта анықтайды.

Мысалы, "соңында келді - бірінші қызмет көрсетілді" принципі бойынша жұмыс істейтін жады саласын қарастырайық. Программада үш түрлі әйнек түрі қажет: біреуі — бүтін мәндер үшін, екіншісі — қалқымалы нүктелі мәндер үшін, үшіншісі-символдық мәндер үшін. Осы мысалда әртүрлі деректер сақталғанына қарамастан, осы барлық стектерді іске асыратын алгоритм өзгеріссіз қалады. Объектілі-бағытталған емес тілде бұл мақсат үшін әртүрлі аттары бар үш түрлі стек кіші жиынтығын құруға тура келеді. Бірақ полиморфизмнің арқасында C# - да барлық үш түрін жүзеге асыру үшін тек бір ғана программа жиынтығын жасау жеткілікті

Жалпы мағынада полиморфизм ұғымы келесідей: "бір интерфейс-көптеген әдістер". Бұл өзара байланысты әрекеттер тобы үшін Ортақ интерфейс жасауға болады дегенді білдіреді. Полиморфизм жалпы әрекет класын сипаттау үшін бірдей интерфейссті пайдалануға мүмкіндік бере отырып, программаны жеңілдетуге көмектеседі. Әрбір жеке жағдайда нақты әрекетті тандау (яғни әдіс) — бұл компилятордың міндеті. Программалаушы мұны өзі жасаудың қажеті жоқ. Оған жалпы интерфейссті есте сақтау және дұрыс пайдалану жеткілікті. [3]

Инкапсуляция дегеніміз – қолжетімді интерфейсстің артында өтілімін жасыратын жалғыз абстракция шеңберінде қасиеттер мен мінез – құлқының оқшаулығы («қара жәшік» ретінде қарастырылады). Инкапсуляция - объектінің ішкі құрылымының сыртқы құрылымынан бөлінуі. Объектілі әдіс нысанның ішкі ресурстарының сыртқы ресурстарынан жасырынғанын айқындайды. Абстракция–лау мен инкапсуляция бірін-бірі толықтырушы принциптер болып табылады.[4] Сонымен қатар, инкапсуляция-бұл сыртқы араласуды және деректерді дұрыс пайдаланбауды қоспағанда, ол манипуляциялайтын код пен деректерді біріктіретін программалау механизмі. Объектіге-бағытталған тілде деректер мен код мүлдем автономды қара жәшікке біріктірілуі мүмкін. Мұндай жәшіктің ішінде барлық қажетті деректер мен код бар. Код пен деректер ұқсас жолмен байланысқан кезде объект құрылады. Басқаша айтқанда, объект-инкапсуляцияны қолдайтын элемент. Яғни, инкапсуляция-бұл объектінің пайдаланушысынан артық іске асыру бөлшектерін жасыруға тіл қабілеті. Мысалы, екі негізгі әдісі бар `databaseReader` атты сынып қолданылады деп болжаймыз: `Open()` және `Close()`.

Фиктивті класс `DatabaseReader` деректер файлын табу, жүктеу, манипуляциялар және жабудың ішкі бөлшектерін инкапсуляциялайды. Программистерге инкапсуляция ұнайды, себебі ОПП-ның бұл принципі кодтауды жеңілдетеді. `DatabaseReader` класын іске асыру үшін "кулисадан тыс" жұмыс істейтін көптеген код жолдары туралы алаңдаудың қажеті жоқ. Барлық қажет-дананы жасап, оған тиісті хабарларды жіберу (мысалы, " файлды `AutoLot` аты бойынша ашу. `mdf`, дискіде орналасқан:").

Программалық логиканың инкапсуляциясы идеяларымен деректерді қорғау идеясы тығыз байланысты. Ең дұрысы, объектінің жай-күйі `private` (немесе, мүмкін, `protected`) кілт сөзін пайдалана отырып, арнайы болуы тиіс. Осылайша, сыртқы әлем негізделген мәнді өзгертуді немесе алуды қаласа, сыпайы сұрау керек.

C# инкапсуляцияның негізгі бірлігі-объектінің нысанын анықтайтын класс. Ол деректерді, сондай-ақ олар қолданатын кодты сипаттайды. C# класс сипаттамасы класс даналары болып табылатын объектілерді құру үшін қызмет етеді. Демек, класс мәні бойынша объектіні салу тәсілінің бірқатар схемалық сипаттамасынан тұрады.

Кодты және топты құрайтын деректерді мүшелер деп атайды. Класспен анықталатын деректер өрістер немесе ауыспалы даналар деп аталады. Ал деректерді басқаратын код функцияларда-мүшелерде бар, олардың ең типтік өкілі әдіс болып табылады. C# әдісі программа аналогы ретінде қызмет етеді. (Басқа мүшелердің қатарына қасиеттер, оқиғалар және конструкторлар жатады.) Осылайша, класс әдістері осы класпен анықталатын өрістерге әсер ететін кодты қамтиды. [3]

Жоғарыда айтылғандай, қазіргі заманғы объектіге-бағытталған программалау тілдерінде әрбір объект белгілі бір класқа жататын мән болып табылады. Класс программалаушымен жарияланған деректердің құрамдас түрі болып табылады.:

Объект параметрлері (тек программа үшін қажеттері), оның күйін (пәндік аймақ объектісінің қасиеттері) анықтайды. Кейде осы объектінің өрістері объектінің қасиеттері деп аталады, себебі шатасуы мүмкін. Шын мәнінде өрістер класқа тиесілі деп жарияланған мәндер (айнымалылар, константтар) болып табылады.

Класспен байланысты процедуралар мен функциялар. Олар осындай түрдегі объектіге орындауға болатын және объектінің өзі орындауға болатын әрекеттерді анықтайды.

Класс өрістері жалпы жағдайда сырттан қол жетімді болмауы тиіс, өйткені мұндай қол жеткізу объектілердің ішкі жай-күйін ерікті түрде өзгертуге мүмкіндік берер еді. Сондықтан өрістер әдетте жасырын болып жарияланады (немесе тіл, негізінен, класс өрістеріне сырттан кіруге мүмкіндік бермейді), ал өрістердегі деректерге қол жеткізу үшін рұқсат әдістері деп аталатын арнайы әдістер қолданылады. Мұндай әдістер қандай да бір өрістің мәнін қайтарады немесе бұл өріске жаңа мән жазылады. Жазу кезінде қол жеткізу әдісі жазылатын мәнің рұқсат етілуін бақылай алады және қажет болған жағдайда объектінің деректерімен, олар дұрыс (ішкі келісілген) қалуы үшін басқа да манипуляцияларды жүргізе алады. Қол жеткізу әдістері аксессорлар деп аталады (ағылш. access-қол жеткізу), ал жеке — геттер (ағылш. get-оқу) және сеттерлер (ағылш. set-жазу). [5]

Қасиеттері сыртқа көрінетін өрістері ретінде пайдаланылатын ұқсас қол жетімді өрістер (кейбір артықшылықтарымен) іс жүзінде кіруге рұқсат берген кезде оларға шақыру әдістеріне қол жеткізіледі. Осылайша, сипаттарды "ақылды" деректер өрісі ретінде қарастыруға болады, ол объектінің ішкі деректеріне қандай да бір қосымша әрекеттермен (мысалы, объектінің координаталарын өзгерту жаңа жерде оны қайта суреттеумен бірге жүреді). Қасиеттер, шын мәнінде, синтаксистік қант сияқты емес, өйткені олар ешқандай жаңа мүмкіндіктерді қоспайды, тек кіру әдістерінің шақыруын жасырады. Нақты тілдік қасиеттерді жүзеге асыру әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы, C# хабарландыру сипаттар тек қана қасиеттермен жұмыс істеу кезінде пайда болатын қатынау әдістерінің кодын тікелей қамтиды, яғни тікелей қоңырау үшін қол жетімді жеке қол жеткізу әдістерін талап етпейді.

ОБП-ның тұжырымдамасын қолдану программаларды жазу процесін айтарлықтай жеңілдетуге мүмкіндік берді және күрделі программалық кодтарды құру мүмкіндіктерін кеңейтті. ОБП-ның негізгі артықшылықтарының арасында келесілерді атап өтеміз.

Барлық объектіге-бағытталған программалар өте жақсы құрылымдалған, бұл олардың оқылуын жақсартады, сондай-ақ осындай құрылымдалған программалық кодпен жұмыс істеу әлдеқайда жағымды.

Объектіге-бағытталған программалаумен өңдеу және тестілеу оңай, өйткені жұмыс программаның жеке блоктарымен орындалуы мүмкін.

Объектіге-бағытталған программалар қажет болған жағдайда оңай пысықталады және кеңейтіледі. Бұл ерекшелік үлкен жобаларды жасау кезінде өте маңызды.

Осының бәріне қарамастан, ОБП-ның тұжырымдамасы әңгіме үлкен және күрделі программалар туралы болған жағдайда ғана тиімді екенін нақты түсіну керек. Қарапайым программаларды жасау үшін қарапайым тәсілдерді қолданған жөн. [4]

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Вайсфельд, М. Объектно-ориентированное мышление / М. Вайсфельд.-М.: Питер, 2014. - 338с
2. Грэхем И. Объектно-ориентированные методы. Принципы и практика. Object-Oriented Methods: Principles & Practice. –М.: «Вильямс», 2004.– 3-е изд., С. 880.
3. Буч Г. Объектно-ориентированный анализ и проектирование с примерами приложений на C++: Пер. с англ.-2-е изд.-М.: «Издательство Бином»; СПб.: Невский диалект, 1999.
4. <http://ru.wikipedia.org/wiki/>
5. C. J. Date, Introduction to Database Systems, 6th-ed., Page 650

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУДЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ТӘСІЛДІҢ ОРНЫ

ф.-м.ғ.к., доцент **Н. КУРМАНБЕККЫЗЫ***

Түйіндеме:

Қазақстандық жоғары оқу орындарында үшінші буын стандарттары енгізілуде, яғни білім беру жүйесінің бағытын басты бағдары оқытуда құзыреттілікті ескеру болып табылатын Болон келісімінің қағидаларына сәйкес жүзеге асырылуда. Бұл мәселе болашақ мұғалімдерді даярлауға қатысты, соның ішінде информатика мұғалімдерін даярлауға.

«Құзыреттілік» ұғымы педагогикада жаңалық емес. Ғалымдардың ғылыми еңбектерінде оның анықтамасы мұғалімдерді даярлау саласына қатысты нақтыланып келесі түрде келтірілген: кәсіби білім, білік және дағды жүйесін жүзеге асыру тәсілі; мұғалімнің тұлғалық мінездемесі; мұғалімнің білімділігінің көрсеткіші; анықталған құндылық. Яғни құзыреттілікті авторлар түрлі ғылыми тұрғыдан қарастырады: тұлғалық, ісәрекеттік, білімділік, жүйелі-структуралық, психологиялық, мәдениеттілік және т.б. Құзыреттілік деп белгілі бір салада сәтті қызмет ету үшін білім, білік және жеке тұлғалық қасиеттерді пайдалану қабілетін қабылдаймыз. Бұл мақалада болашақ информатика мұғалімінің ақпараттық технологиялар саласындағы пәндік құзыреттіліктерінің мәндік-мазмұндық мінездемесі қарастырылған.

Тірек сөздер: білім беру жүйесі, құзыреттілік, педагогикалық іс-әрекет, информатика.

COMPETENCE APPROACH IN VOCATIONAL TRAINING OF FUTURE TEACHERS OF COMPUTER SCIENCE IN HIGHER EDUCATIONAL INSTITUTIONS

Abstract:

The Kazakhstani universities carried out the introduction of the third generation of standards, due to reorientation of the education system for the implementation of the Bologna agreement, one of the priorities of which is the competence approach in teaching. This also applies to the preparation of future teachers, including teachers of informatics.

The concept of "competence" in the new pedagogy is not. The scientific works of scientists carried out instantiation of this definition in the field of teacher training: as a way to implement a system of professional knowledge and skills; both the personal characteristics of the teacher; as an indicator of teacher education; as a certain value. In other words, competence is considered by the authors from different scientific approaches: personality, the activity, knowledge, system-structural, psychological, cultural, and others under the competence we mean the ability to apply knowledge, skills and personal qualities to be successful in a particular field.

Key words: education system, competence, pedagogical activity, informatics.

КІРІСПЕ

Информатика пәні мектептің оқу жоспарына енгізілгеннен кейін бастап информатиканың болашақ мұғалімдерін дайындауды төрт негізгі кезеңге бөлуге болады:

Бірінші кезеңде (1984-89 жж.) мазмұндық-әдістемелік жүйені құру, апробациядан өткізу және енгізу жұмыстары жүргізілді, ол өз кезегінде педагогикалық жоғары оқу орындарында (физика-математика факультеттерінде) информатика мұғалімдерін үнемі дайындауда отырудың бастамасы болды. Сонымен қатар, бұл кезеңде мектепті ақпараттандырудың ағымдық қажеттіліктеріне сәйкес келетіндей етіп мамандандырудың арнайы бағыттары әзірленді. Бұл зерттеулер М.П.Лапчик пен Э.И.Кузнецовтың жетекшілігімен жүргізілді. Бірінші кезеңнің аса маңызды ерекшеліктерін атап өтейік:

- техникалық құралдарды оқыту курсына «Оқытуда ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдалану» тақырыбы енгізілді;

- біліктілікті көтеру жүйесінде информатика мұғалімдерін даярлауға бағытталған оқу бағдарламалары құрастырылды;

- білім беру үдерісінде компьютерді пайдалану мүмкіндіктерімен таныстыруға бағытталған пән мұғалімдерінің біліктілігін көтеру бағдарламалары дайындалған;

- білім беру жүйесінде «компьютерлік сауатсыздықты жою» үдерісі жүріп жатты. Бұл мәселе білім беру мектептері мен педагогикалық кадрларды дайындау жүйесіне тікелей қатысты болды.

Екінші кезеңде (1986-91 жж.) информатика мұғалімдерін дайындаудың концепциясын, нормативтік-ұйымдастырушылық құжаттары мен оқу-әдістемелік материалдарын құрастыру

жұмыстары басталды. Бұл кезеңде де М.П.Лапчик пен Э.И.Кузнецовның жетекшілігімен информатика мұғалімдерін дайындау мазмұнамасында информатика мен есептеуіш техника компоненттерін жүзеге асыру бойынша оқу-әдістемелік қамтамасыздандыруды тәжірибелік тексеру және енгізу жұмыстары орындалды. Пән мұғалімдеріне сабақта компьютерді пайдалану мүмкіндіктері ұсынылды. Бірақ бұл бастама қолдау таппады, себебі ол уақытта мектептерде КОРВЕТ және УКНЦ деңгелі компьютерлер болды.

Үшінші кезеңде (1992-2005жж.) мектепті ақпараттандыруды қамтамасыз етуге кадрлар дайындаудың барлық бағыттары анықталды және бекітілді. Бұл стандарттар білім беру жүйесін ақпараттандырудағы тәжірибелер мен перспективаларды және алдыңғы кезең зерттеулерінің нәтижелерін ескере отырып әзірленді.

Төртінші кезеңде (2005г. - 2011г.) информатика мұғалімдерін дайындау саласында екінші бұын стандарттарын жобалау ісі қолға алынады. «Информатика» пәні айтарлықтай өзгерістерге ұшырады, бұл өзгерістер оқу жоспарларының құрылымына және информатиканы оқитудың әдістемелік жүйесіне өз ықпалып тигізді. Сонымен қатар, «информатиканың» шекарасы айтарлықтай кеңейіп, оны бір пән ретінде ғана қарастыру қиындай бастады. Екінші кезеңнің өзінде «информатика» өзіндік педагогикалық спецификасы бар бір қатар жекеленген пәндірен тұратындығы күмән тұғызбады.

Информатиканың болашақ мұғалімін даярлауда екінші бұындағы ЖМББС қолданылуы қажет, онда информатика мұғаліміне қажет білім мен біліктіліктер анықталған, соның ішінде пәндік дайындық бойынша да.

Қазақстан Республикасында информатиканың болашақ мұғалімдері 5В011100 «Информатика» мамандығы бойынша даярланады.

Информатиканың болашақ мұғалімдерін кәсібі даярлаудың негіздерін құрастыру үш бағытта орындалады: психологиялық-педагогикалық, әдістемелік және пәндік. Олар өзара байланыста болуы керек, олардың бірлігі мен бүтіндігі студенттерді оқыту мен тәрбиелеудің кәсіби-педагогикалық бағытталғандығының қажетті шарты болып табылады.

Құзыреттілік пен құзырет ұғымдарының мазмұнын анықтайық, олар білім берудегі құзыреттілік тәсілді жүзеге асырудың теориялық негізінің басты құраушыларының бірі болып табылады.

Түрлі ғалымдардың құзыреттілік ұғымына берген анықтамаларын қарастырайық. Бұл ұғымға түрлі және көп анықтамалардың берілуі авторлардың түрлі ғылыми тәсілдерді пайдаланатындығына байланысты. 2-кестеде «құзыреттілік» ұғымының анықтамалары келтірілген.

1-кесте - «Құзыреттілік» ұғымының анықтамалары

Автор	«Құзыреттілік» ұғымының мазмұны
А.И. Башкирский	Тұлғаның қандайда бір іс-әрекетті орындауға дайын болуы дәрежесі (жағдайы)
Д.А. Иванов, К.Г. Митрофанов, О.В. Соколова	Қоғам үшін маңызды болып есептелінетін белгілі бір мәселелерді шешуге бағытталған іс-әрекеттерінің тиімділігін бағалау нәтижесінде адамға берілетін мінездеме.
В.Г. Горб	Кәсібі жұмысында мемлекеттік, әлеуметтік және жеке уәкілдіктерін орындаудағы адамның кәсібі мүмкіндіктері
Н.Ф. Талызина, А.И. Щербаков	Оқу үшін қажет білім, білік және дағдылар
Н.С. Розов	Құндылық
А.С. Белкин, В.В. Нестеров	Қалыптасқан қабілеттерді түрлі жағдайларды қолдану мүмкіндігі
И. А. Зимняя	Маманның жұмысының тек қана нәтижесі немесе бағалануы емес, сонымен қатар оның сана сезімі мен жұмысының жоспарлы қадамдары
Е. В Арцишевская	Қолданбалы білім, білік, тәжірибе
Э. Эриксон	Адамның өзіндік даму үдерісінде қоршаған ортамен білсенді қарым қатынаста болуы

Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі-оның жан-жақты білімінен ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен өлшенеді. Мұғалім қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның құзыреттілік аясы да соғұрлым кең болмақ. «Құзыреттілік» ұғымы педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзырлылық- белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді шешім шығара алады дегенді білдіреді. Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігінің негізгі шарттары:

1. Тұлғааралық және еңбектегі байланыс.

2. Қызметтің экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, адамгершілік, психологиялық аспектілерін меңгеруі.

3. Қызметті жаңа жағдайға бейімдеудегі, басқару шешімін қабылдаудағы дайындығы.

4. Практикалық кәсіби тапсырмаларды орындаудағы дайындық әлеуеті

5. Нақты жағдайларға байланысты қандай да бір әдістерді пайдалану біліктілігі.

6. Тиімді шешім қабылдау қабілеті.

«Құзырлылық – тек кәсіби білімі емес, тұлғаның жалпы мәдениеті мен шығармашылық әлеуетін дамыту қабілеті»- деп түйіндейді белгілі оқымысты Т. Г. Браже. Сондықтан бүгінгі ұстаз тек кәсіби білімін толықтырып қана қоймай, үнемі шығармашылықпен жұмыс жасауы қажет.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген, бұл білім мекемелерінің мұғалімдеріне өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педогогикалық процесті кез келген үлгімен, тіпті авторлық үлгімен құруға мүмкіндік береді. Қазіргі оқытудың жаңаша технологиясын меңгерудің өзі ұстаздан шығармашылықты талап етеді. Ал шығармашылықпен жұмыс жасау үшін мұғалім өзінің кәсіби біліктілігін арттырып отыруы қажет. Мұғалімнің өз кәсіби қызметтерін шығармашылықпен атқаруына әр деңгейдегі әдістемелік жұмыстарды инновациялық бағытта ұйымдастырып өткізудің ықпалы мол. Біліктілігін арттырушы мұғалім өзінің білімін, жалпы дүниетанымын кәсіби және әдіснамалық деңгейін жоғарлатады, психологиялық – педогогикалық сонымен қатар әдістемелік сауаттылығын жетілдіреді. Ең бастысы бұл білімдер мен білік дағдыларды құзырлылық ұстанымдарының талаптарына сәйкес өздерінің меңгеруі және сол жолдар арқылы өздерінің ойлау жүйесін, шығармашылығын өнертапқыштығын, рефлексиялық машығының дамуына жол ашады.

Сол кезде ғана мұғалімнің өзіне-өзі бағ баға беру деңгейі артып, өзін-өзі анықтап, үздіксіз өзін-өзі дамытуға деген қажеттілік туады.

Білім-тоқтаусыз толассыз үрдіс. ХХІ ғасыр білімін біз адамның қызығушылықтарының дамуы, оның өзінің дамуы деп түсінеміз. Бұл әр адамның өзін-өзі жасампаздықпен қайта құра алуы, қоғамдық талаптар тұрғысынан өзіне сыни баға бере алуы, айналаны өзгерте алуға қатыса алуы. Ол арқылы адамның интеллектуалдық, рухани күші дамып, тұлғалығы қалыптасады. Білім – мұғалім үшін оның шығармашылық әлеуетін дамытудың үрдісі.

Даму да, білім де ешбір адамға қолдан беріле салмайды. Кімде кім оған қол жеткізгісі келсе әрекет етуі, күш салуы қажет. Бұл тұрғыдан алғанда кез келген білім-ол өз бетінше білім алу. Шығармашылық әлеуеттің дамуы өз білімін көтеруге негіз болады. Мұғалім шығармашылық әлеуетін дамыта отырып, өзінің құзіреттілік аясын кеңітеді. Кәсіби құзіреттілік маманның әлеуметтегі дәл осы уақыттағы қабылданған стандарттар мен нормаларға сәйкес өзінің кәсіби педагогикалық қызметін атқаруға дайындығы мен қабілетін анықтайтын кәсіби білімдер жиынтығы немесе жекелік-кәсіби сипаттама. Кез келген елдің болашағы білім беру жүйесінің және зиялылар қауымының деңгейіне байланысты болғандықтан, Қазақстан халқына да әлемнің дамыған елдерімен тең дәрежеде білім беру қажеттігі күмән тудырмайды. Жастардың ақыл-ой әлеуетін барынша дамыту үшін білім беру жүйесін тиімді құра білген ұлттың еңсесі биік, абыройы жоғары болмақ. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің реформалаудың бастапқы кезеңі аяқталды. Бүгінгі күні білім беру саласының тиісті заңды базасы жасалды.

Елбасы Н.Назарбаев өзінің «Қазақстан – 2030» жолдауында: «оқушыларды қазақстандық патриотизм мен шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу аса қажет. ұлттық мінез-құлық, биік талғампаздық, тәкәппарлық, тектілік, білімділік, биік талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыруымыз керек» дегені мәлім. Елбасының осы алға қойған зор міндеттерін іске асырушылар - әрине, жастар. Олай болса, сол жастарға сапалы білім мен салауатты тәрбие беру қажет. Ол, Мағжан айтқандай, мектеп пен ұстаздарға байланысты.

Еліміздің дамуының алғы шарты білім дедік, яғни «Үшінші мыңжылдықтың жастары қандай болмақ?» деген сұрақ туындайды. Жауапкершіліктің биігінен көрінуі де жас ұрпаққа берілетін білім

сапасын мейлінше арттыруды қажет етеді. Ал, білім сапасын арттыру, оның деңгейін әлемдік білім кеңістігіндегі стандарттарға сай келтіру түптеп келгенде, мұғалімге, оның кәсіби құзырлығына, әдістемелік біліктілігі мен шеберлігіне тікелей байланысты. Жас ұрпаққа жоғары сапалы білім беру ісін тек қана көп мәдениетті, шығармашыл, жаңашыл, инновациялық тұрғыда ойлап, қызмет жасай білетін ұстаз ғана мүлтіксіз атқара алады.

Құзыреттілікті қалыптастыру – білім беру саласының өзекті мәселесі. Күн сайын адамға көптеген ақпарат тасқыны келеді. Ал оқу мазмұны мен оқыту әдістері ескі сарында қалып қоюда. Сондықтан білім берудегі әлеуметтік қажеттілік пен ол қажеттілікті қанағаттандырудың арасындағы қарама –қайшылық білім беру саласының дағдарысына әкеліп соғуда. Сол себепті мектеп мұғалімдерінің әдістемелік шығармашылығын дамытуды педагог-мамандардың біліктілігін жетілдіру жүйесінде ұйымдастыруды олардың кәсіби құзыреттілігі кезінде жүзеге асыру қажеттігі туындайды.

Құзыреттілік тәсіл идеясы – «қоғамға қандай, жеке тұлғаға қандай білім қажет және ол қоғамның қандай қажетін өтей алады» деген сұраққа жауап береді. Мұғалімнің құзыреттілігін қалыптастыру – бүгінгі білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі. Құзырлылық тәсіл, білім сапасын арттыруды дәстүрлі тәсіл мен білім мазмұнын ұлғайту арқылы шешудің арасындағы қарама-қайшылықтан туындаған дағдарыстан шығудың бір жолы деп қарастыруға болады. Бұл тәсіл білім берудің нәтижесіне басты орын береді. Оның сапасы алған білімнің көптігінен емес, сол білімді қолдана білумен маңызды.

Мұғалімнің басты рөлі – тұлғаның жеке дамуына негізделген, жан-жақты зерттелетін, сараланған білім беру үлгісінің басым бағыттарын айқындау, нәтижесінде еліміздің әлемдік өркениетке негізделген білім саясатының стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру. Осыған орай, нәтижеге бағытталған жалпы орта білім берудің жаңа жүйесіне ауысу білім беруді басқару жүйесіндегілерден мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыруда жаңаша көзқарасты, ал мұғалімдерден негізгі кәсіби құзырлылықтарын дамытуды талап етеді.

Білім беру саласын ізгілендірудің басты бағыттарының бірі - белсенді оқыту түрлері мен әдістерін жетілдіру. Ескі мазмұнды ығыстыра отырып, елімізде білім берудің ұлттық үлгісі қалыптасуда. Әлемнің оқыту технологиялары жоғары дамыған елдерінің (Жапония, Германия, Голландия) тәжірибесіне назар аударсақ, түпкі мақсаты-баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыру, яғни, бірінші орында баланың білім, білігі мен дағдысы емес, жеке тұлғаның білім алу арқылы дамуын қояды. Осы мақсатқа орай, бүгінгі педагогика ғылымында жаңа оқыту технологиялары: дидактикалық біліктерді шоғырландыру, ізгілікті-тұлғалық бағдарламалар, дамыта оқыту, мәселелік, тірек сигналдары арқылы, деңгейлеп саралап оқыту, өздігінен ізденіп даму, оқытудың компьютерлік, модульдік технологияларды ғылыми тұрғыда дәлелдеп, баламен бірге жұмыс жүргізіп жүзеге асырушы мұғалім.

ҚОРЫТЫНДЫ

Кез келген білім ордасының білім сапасын арттырудағы туындайтын кейбір проблемалардан шығу үшін: нәтижеге бағытталған жалпы орта білім беруде мұғалімнің кәсіби құзырлығын дамытуды талап етеді. Әрбір мұғалімнің кәсіби дайындық сапасына қойылатын талап немесе кәсіби теориялық білімі мен практикалық біліктілігі –құзыреттілік пен кәсіби шеберлігінің сапасы ретінде қаралады.

Құзыреттілікті нәтижеге бағытталған білім беру жүйесінің сапалық критеріі ретінде қарау, зерттеу, бүгінгі күн талабы.

•Әр ұстаз оқытудың жаңа технологиясындағы тиімді пайдаланылған әдістердің бәрі бала дамуына қарай бағытталатындығын ескеруі керек. Әлемдік тәжірибеде бар электронды оқу құралдарын пайдалану шенберін ұлғайту.

•Мектептің тәжірибесін зерттеп қорыту, тарату.

•Мектепшілік бақылау – басшылық жұмыстарын жандандыру, себебі бұл оқушының білім сапасының деңгейін анықтап, ұстаздың жеке жауапкершілігін көтереді.

•Мектептің материалдық базасын нығайту.

•Мемлекеттік тілде жазылған әдістемелік құралдарды шығару.

Оқыту деңгейін халықаралық стандартқа жеткізуге қадам жасау.

Осындай биік нәтижеге қол жеткізуді – кәсіби құзыреттілігі жоғары мұғалім ғана жүзеге асырмақ

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Новиков, А.Г. «Логика в социальных парадоксах» (в соавторстве) / А.Г. Новиков // Якутск, 1993.
2. Заславская, О.Ю. Развитие управленческой компетентности учителя в системе многоуровневой подготовки в области методики обучения информатике. Автореф.дисс. докт.пед.наукЛ 3.00.02// - Москва, 2008.
3. Никитин, П.В. Междисциплинарная методическая система формирования профессиональной компетентности у будущих учителей информатики / П.В. Никитин // Вестник Чувашского государственного педагогического университета им. И.Я. Яковлева - 2010. - № 3(67) т.2. - С. 127-135.
4. Никитин, П.В. Мультимедийные технологии как образ мышления, средство коммуникации и представления знаний / П.В. Никитин // Вестник Марийского государственного университета, Йошкар-Ола, 2007. - С. 120-124.

УДК 622.011.4+622.023

ТАУ КӨШКІНІ ҮДЕРІСІНІҢ ПАЙДА БОЛУ СЕБЕПТЕРІН ЗЕРТТЕУ**Н.К.МОЛДАКУНОВА*****Түйіндеме**

Тау бөктерінің орнықтылығын зерттеу мәселесі рельефі таулы қыраттардан тұратын аймақтар үшін көкейтесті болып келеді. Тау бөктерінде топырақ эрозиясы орын алған ұшыраған жерлерде тау көшкіні үдерісі жиі орын алады. Олардың орын алуына тау бөктеріндегі топырақ орнықтылығын төмендеуі себеп болады, атап айтсақ, төмен жағының сумен шайылуы, топырақ беріктілігінің желдерден әлсіреуі, жауын сулары мен жерасты суларының сіңуі, жерсілкінісінің салдары, геологиялық шарттарды елеместен құрылыстық және шаруашылық жұмыстарды жүргізу. Аса үлкен таукөшкіндерінің болуына көбінесе бірнеше фактордың бірлесіп себепші болуы мүмкін, мысалы топырағы қатпарлы тау бөктеріне су сіңіп, қатпарлар арасында жарық пайда болуынан таукөшкіні орын алады. Адамдар тіршілігінде қажет болған арнайы жасалған шахталар мен карьерлер маңы да таукөшкіні үдерісіне душар болуы мүмкін. Қазақстан мен Қырғызстанның көптеген елді мекендері таулы аймақтарда орналасқандықтан таукөшкіні үдерісін болжау және апат салдарын алдын алу үшін әліде көптеген зерттеулерді жүргізілуі керек.

Кілттік сөздер: *топырақ көшкіні, тектоникалық қозғалыстар, рельеф, геологиялық құрылым.*

STUDY OF THE CAUSES OF LANDSLIDE FORMATION**Abstract**

The question of sustainability of mountain slopes is relevant for regions with mining and sludchatym relief structure. Landslides are common in those areas where erosion is actively manifest slopes. They occur in the case when the mass of rocks that form the mountain slopes lose support vrezultate disequilibrium rocks caused by water washing away, weakening the strength of rocks by weathering and wetting precipitation and groundwater due to seismic effects, as well as construction and economic activities carried out without taking into account the geological conditions. Large landslides occur most often as a result of a combination of several of these factors: for example, on the slopes, composed of alternating waterproof (clay) and water-bearing rocks, especially if these layers are tilted in one direction or crossed cracks directed the slope. Almost the same risk of landslides pose a created man dumps rocks near the mines and quarries. Since many towns in Kyrgyzstan and Kazakhstan are located in mountainous areas, the manifestation of landslides and prevention requires a careful study of this process for these regions.

Keywords: *landslide, tectonic movement, terrain, geological structure.*

Қазақстан мен Қырғызстан планетарлық масштабта екі үлкен литосфералық плиталардың қиылысуында орналасқан - Евро-Азиялық және Индо-Австралиялық плиталар, олар өз кезегінде таулардың өсу процессіне әсерін тигізеді, ал соның нәтижесінде бір қатар табиғи апаттар мен катастрофалар туындап отырады.

Таулар жүйесі орналасқан аймақтарда табиғи, техногендік, экологиялық және әлеуметтік-биологиялық сипаттағы төтенше жайғдайлар орын алу қауіпі өте жоғары. Биік таулы елді мекендерде жерсілкінулер жиі орын алады, ал жерсілкінудің әсерінен жер көшкіні, тастардың құлауы, сель, қарлардың көшкіні, тау көлдерінің бөгеттерінің қирауы, мұнай қоймалары мен газ кубарларының жарылып өртенуі, байланыс, электр, су, канализация жүйелерінің істен шығуы, химиялық кәсіп

* Касым Тыныстанов атындағы Ыстықкөл мемлекеттік университеті

орындардың, атом электр станциялардың қирап радиоактивті заттардың су мен ауаға тарауы сияқты апаттар туындауы мүмкін.



1-сурет. Жерсілкіну салдарынан болған тау көшкіні. Жапония. 2008 ж.

Бүкіл әлемде жыл сайын орта есеппен миллион жерсілкіну процессі тіркеледі, олардың бір екеуінің магнитудасы 8 ге жетеді, жыйырма шақтысының күші жер ғаламшарын толық дірілге келтіретіндей болады, жүзден екіжүзге дейінгісі көлемді қиратуларды тұғызады, мыңы кіші залалдар әкеледі және үш жүз мыңы жайғана сезіледі. ЮНЕСКО ұйымының пайымдауынша, жер сілкіністерден болған жылдық шығындар бірнеше миллиард долларды құрайды, және көптеген елдердің ұлттық табысының қомақты бөлігін ысырапқа салады. Бір апаттық жерсілкініс миллиондаған адамдардың өлімі мен өте үлкен қаржылай шығындар туындатуы мүмкін.

Табиғат апаттары - алапат табиғи құбылыс: дауыл, дауылды қарақұйын, құйынды дауыл, субасу, жер сілкінісі, жанартаудың атқылауы, кенеттен қалың қар жауы, цунами, қар кешкіні, құрғақшылық, тағы басқа. Бұл табиғи алапаттар тірі организмдерге, соның ішінде адамға тікелей әсер ететін экологиялық фактор болып саналады. Сондықтан 1994 жылдың мамыр айында Йокогамада (Жапония) тілсіз қияпат қауіптілігін азайту проблемалары қаралған. Тілсіз апаттардан (немесе табиғи алапаттардан) 3,6 млн адам қаза тауып, 3 млрд-тан астамы зардап шекті. Ал жалпы экономикалық шығын 340 млрд доллар болды. Жер сілкінісі эпицентрдің айналасынан едәуір қашық жерлерде басқа да табиғи құбылыстарды күшейтеді. Мысалы, Эквадордағы (1987) жер сілкінісі кезінде трансэкватор газқұбырының 6 мильден астамы жаппай жылжу себебінен бұзылды. Табиғи алапаттардың жиілеуі, халық тығыздығының артуы және Жердегі техносфераның кеңеюі күрделі инженерлік имараттар көп орналасқан аумақтардың табиғи қияпатқа ұшырауына себепші болады. Мұндай имараттарға АЭС-тер, химия кәсіпорындары, мұнай және газ құбырлары, суқойма бөгеттері, көлік жүйелері, тағы басқа жатады. Сондықтан табиғи және техногендік сипатты экологиялық алапаттарды бір-бірімен байланыстыра зерттеп-білу қажет.

Табиғаттағы апатты құбылыстарды шығу тегіне қарай эндогенді (ішкі) және экзогенді (сыртқы) деп бөлуге болады. Эндогенді құбылыстар жер қыртысындағы өзгерістерден (жер сілкіну) туады. Қазақстанның оңтүстігіндегі биік таулар әлі қалыптасып бітпеген жас таулар болғандықтан, сейсмикалық ауданға жатады. Сондықтан бұл аймақта жиі жер сілкінулер болып тұрады. Мысалы, Алматыда 1889, 1911 жылдары апатты жер сілкіну болған.

Экзогенді апаттарға көбінесе адам әрекеті себепші болады. Республикамызда таулы аудандардың болуына байланысты сел, қар көшкіндері құбылыстары байқалады. Біздің оңтүстік және

оңтүстік-шығыс биік таулы аймақтарда **2724 мұздық** бар. Осылардың еруінен және қардың қалың түсуіне байланысты күшті селтасқындары болып тұрады. Апатты сел тасқындары 1921 жылы Алматыда, 1963 жылы Есікте, 1977 жылы Медеуде, 2009 жылы Талдыбулақта, 2010 жылы Алматы облысысы Қызылсуда, 2011 жылы Оңтүстік Қазақстанда, Шығыс Қазақстан аумақтарында болды. Олардың алдын алу үшін шаралар жасалмаған жағдайда зор материалдық және адам шығыны болуы мүмкін. Алматы қаласын селден сақтау үшін Медеу бөгеті салынған және таулы аймақтарда сол жөнінде дер кезінде хабар беретін кондырғылар орнатылған. Жер сілкінуі алдын ала болжау үшін арнайы сейсмологиялық институт жұмыс істейді. Мұнда ең жаңа құралдармен бірге үй жануарларының көмегімен (мінез-құлықтарының өзгерістеріне негізделген) жер сілкінуге болжам жасалады.

Республиканың климат ерекшеліктеріне байланысты жазда аңызак (ыстық құрғақ) желдер жиі болады. Аңызак Желдер егістіктерге зиянын тигізеді, күшті дауылдар тұрғын үйлерді, байланыс жүйелерін, жолдарды қиратуы мүмкін. Ғарыштық метеорологиялық зерттеулер арқылы алдын ала болжанады. Табиғаттағы апат құбылыстарын алдын алу үшін тұрғын үйлерді апатқа төтеп беретіндей етіп салу, елді мекендерді орналастыруда табиғат ерекшелігін ескерудің маңызы зор. Табиғаттағы заңды түрде жүретін ырғақтық (циклдық) апат әкелетін өзгерістерді (теңіз деңгейінің көтерілуі, жұттардың болуы және т.б.) ескерген жөн.

Қоғам мен табиғат бір-бірімен тығыз байланысты болғандықтан, қоршаған орта мен адамның жеке-дара тіршілік етуі мүмкін емес. Табиғат байлықтарын тиімді пайдалану, табиғатқа сүйіспеншілікпен қарау қоғамның да алға қарай дамуына негіз болады. Қоршаған ортаның қолайлы болуы адамның дұрыс білім алып, еңбек етуіне, материалдық жағынан қамтамасыз етілуіне ықпал етеді. Сондықтан әрбір адам табиғатты аялап сақтауға өз үлесін қосуы тиіс. Әрбір отырғызылған ағаш, тазаланған бұлақ сол табиғаттың бір бөлшегі екенін ұмытпаған жөн. Өзіміз тұрған жердің табиғатын сақтаймыз. Табиғатқа аялы көзқарасты қалыптастыру үшін туған өлкеге туристік саяхат жасаудың, оның табиғат ерекшеліктерімен, экологиялық жағдайымен танысудың маңызы зор.

Жерсілкінуі табиғи апаттар арасында, біріншіден өзінің кенеттен болуымен, екіншіден – оның зардабынан тұрғын үйлер мен өндірістік құрылыстардың қирауымен, қоршаған ортаға келтіретін жағымсыз экологиялық салдарымен алдыңғы қатарда тұр.

Кейінгі кезде бірсыпыра жер беті сілкіністерінің пайда болуына осы ауданда жүргізіліп жатқан күрделі инженерлік жұмыстардың себепші екендігі белгілі болып отыр. Кейбір кезде мұндай сілкіністер жер бетінде анағұрлым күшпен болып, Пұрылыстарды зақымдауы, тіпті адам Пқазасына әкеліп соқтыруы да мүмкін. Бұл құбылысты зерттеуші ғалымдардың пікірінше, мұндай "жасанды" сілкіністер табиғи тектоникалық П сілкіністердің бір түрі, олар адамзаттың белсенді істері салдарынан шағын үлескілер аумағында жер ойнауының тектоникалық Птепе-теңдігі бұзылуының салдарынан пайда болады

Техногендік жерсілкінулері әлемнің әр түкпірінде кезеседі. Мұндай оқиға ірі су қоймаларын салу барысында: Тәжікстанда – Нүрек су қоймасы, Өзбекстанда – Шарвак су қоймасы, Қазақстанда – Бартоғай су қоймасын; ірі мұнай-газ кен орындарын қарқынды игеруде: Ресейде – Оңтүстік Сахалинде, Өзбекстанда – Газли жерінде, Дағыстанда және басқа да аудандарда; жерасты ядролық сынақ жүргізу барысында АҚШ-та Невада полигонында болған.

Қазақстан жері мұнай мен газға бай өңір. Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қызылорда облыстарында мұнай кен орындарын игеру қарқынды түрде жүреді. әзірше бұл аймақтарда жоғарыда айтылғандай оқиғалар кездескен жоқ. Дегенмен, ғалымдардың ойынша олардың болуы ықтимал деген болжам бар.

Техногендік жерсілкінулерінің пайда болуына ірі су қоймалары, мұнай-газ кен орындарын қарқынды пайдалану, жерасты ядролық Пжарылыстары және т.б. әсер етеді. Бұл мәселенің әлі де болса белгісіз түйіндері көп. Оларды жан-жақты зерттеп шешімін табу - елімізді көптеген ысырап-шығыннан азат етер еді. Қазақстан үшін бұл өте маңызды мәселе!

Тау бөктерініндегі жер көшкіндері көбінесе аса қиратушы әсерге ие және де көптеген шығындарға әкеледі. Елді мекендер, өзендер, көлдер, көліктік магистральдар «үстінен төніп тұрған»

жер көшкіндері ерекше қауіпті. Бірінші жағдайда адамдар өлімі мен үйлердің қирауы мүмкін, екінші жағдайда су тасқыны мен селдер орын алса, ал үшінші жағдайда ұзақ мерзімге көліктік магистральдар мен темір жолдардың жабылып қалуы мүмкін.

Жер көшкіні процесстері әртүрлі болып келеді. Кейбірлері ерекше жағдайларда туындап бірнеше секундта ғана орын алады, олардан келген шығындардың орнын толтыру қиындыққа соқпайды. Бірақ көбінесе болатын жеркөшкіндер геологиялық, топографиялық және ауа райы факторлары әсерінен туындайды, олар үлкен көлемді аумақтарда орын алады. Бұл жағдайда себептерді зерттеп түсіну керек, сонда ғана аларды алдын ала болжауға болады.

Таукөшкінін туындататын жалпы жағдайларды (геологиялық құрылым, тектоникалық қозғалыстар, рельефтік шарттар) және белсенді себептерді (топырақ қабатындағы кернеулік күйдегі өзгерістер, жерасты және жербетіндегі сулар, жауын шашындар, жерсілкінісі, адам тіршілігінің кейбір түрлері) бөліп қарау керек.

Геологиялық құрылым. Топырақтың құрылымына қарай таукөшкінін болжауға болады, егер тау денесі саз топырақтан немесе сазбен кезектесіп қабатталған басқа топырақ түрлерінен құралса, онда бұл жерде таукөшкіні қауіпі бар деп болжауға болады.

Рельефтік шарттар, яғни аймақтың биіктігі, тік орналасуы, таулардың бөлшектеніп орналасуы белгілі мөлшерде таукөшкіні пайда болуын айқындайды. Тау қаншалықты биік және тік болса, соншалықты топырақ опырылу қауіпі бар.

Жерасты сулардың қозғалысы, яғни топырақ қабатындағы жарықтардан су жоғары көтеріліп беттік қабаттағы топырақты ылғалдап, беріктілігін төмендетеді, нәтижеде таукөшкіні қауіпі жоғарылайды.

Теңіздегі толқындар теңіз жағалауындағы тау бөктерін сумен шайып, тастарды қиратып уақтап, үлкен көлемді топырақ опырылуына әкеліп соғады.

Өзен ағыстары маңайындағы тау бөктерін ылғалдап, тау етегін шайып босатып бөктердің беріктілігін төмендетеді.

Жауын шашындар көп мөлшерде орын алған кезде тау бөктерінде топырақ қабаты ылғалданып, жарықтарға су толып, ауырлап таукөшкінін туғызады.

Адамдардың тіршілігі тау бөктерін тігінен ойып қазу, ауырлатып үстіне жүктер орналастыру, тау баурайларында көлік магистральдарын, темір жолдарды салу, кең орындарын игеріп қазба жұмыстарын жүргізу, жарылыс жұмыстарын жүргізу, топырақты канализация суларымен ылғалдау, ағаштарды есепсіз қию, өсімдік қабатын тамырларымен бірге жою, дұрыс емес егістік жұмыстар жүргізу, жер игеру жұмыстары таукөшкінін туғызатын себептер болып есептелінеді.

Жерсілкінісі, яғни сейсмикалық дүмпулер тау бөктерінің беріктілігін төмендетіп топырақ опырылуына әкеліп соғуы мүмкін. Түрлі балдық жерсілкіністер көптеген кішікірім, орташа, аса үлкен тау көшкіндеріне себепші болды.

Тарихқа шолу жасап, белгілі ақпараттарды анализдеу арқылы Орта Азия аумағында таукөшуі жиі орын алатындығына көз жеткіздік. Солардың ішінде аса үлкен көлемді және көп шығындар әкелгендерін атап өтейік:

1. 15 тамыз 1950 жыл. Гималай тауларының 70 елді мекенін тау көшкіні толығымен жалмап кетті. (Ассам мен Тибет шекарасы).
2. 28 шілде 1976 жыл. Пекиннен алыс емес жерде орналасқан Тяньшань қаласында жерсілкіністен кейін орын алған алапат тау көшкіні 242 мың адамның өмірін алып кетті.
3. 9 мауысым 1887 жыл. Верненское (Алматы) жерсілкінісінен кейін көптеген тау бөктерінде топырақтың опырылуы тіркелген.
4. 4 қаңтар 1911 жыл. Кемин жерсілкінісінен кейін Иле Алатау мен Кунгей Алатау баурайларында тау көшкіні салдарынан 390 адам қайтыс болып, 400 ден астам адам жарақат алған.

5. 1911 жыл. Памир тауларында 2,5 км³ көлемде топырақ опырылып Усой ауылын басып қалған. Муграб өзенінде пайда болған 600-700 метрлік топырақ бөгеті, ені 4 км және ұзындығы 6 км болған көлді пайда қылды, ол көл өсе келе бөгетті қиратып манайындағы Сарез ауылын ағызып кетті. 90 адам қаза тапты.
6. 2 қараша 1946 жыл. Қырғызстанның Чаткал тауларында таукөшкіні салдарынан аулдарда қираулар болды.
7. 1949 жыл. Таджикистанда Чоқурак тауында болған Хаит қалашығы мен 30 кишлақты басып қалған.
8. 25 наурыз 1978 жыл. Жаланаш–Тюп жерсілкінісінен кейін тауларда үлкен топырақ көшуі, қар көшуі, тас құлауы орын алған.
9. 19 тамыз 1992 жыл. Иссык-Куль көлінің маңындағы Суусамыр жерінде болған таукөшкіндері көптеген үйлердің қирауына әкелген.
10. 21 қыркүйек 1999 жыл. Тайваньнің Тайчжун және Наньтоу елді мекендерінде орын алған тау көшкіндері 2 мың адам қайтыс болып, 9 мың адам жарақаттанған, 12 мың үй қираған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дранников А.М., Стрельц Г.В. Оползни на автомобильных дорогах. –М.: Транспорт, 1964, стр. 15-21.
2. Денисов Н.Я. О природе деформации глинистых пород. Издательство Министерства речного флота СССР, 1951, стр. 45-49.
3. Семенов М.П. Деформации оползневого типа в скальных горных породах. // «Гидротехническое строительство», №6, 1954, стр. 25-31
4. Кожоголов К.Ч., Никольская О.В. и др. Методические рекомендации по оценке оползневой опасности на горных участках автомобильных дорог. Бишкек, 2007, стр. 81-95.
5. Дранников А.М. Оползни. Типы, причины образования, меры борьбы. –Киев, 1956, стр. 23-41.
6. Оползни. Исследование и укрепление. Под ред. Р.Шустера и Р.Кризика. Перевод с английского под ред. Г.С.Золотарева. Москва “Мир” 1981. стр.61-67.
7. Айтматов И.Т., Кожоголов К.Ч., Никольская О.В. Прогноз техногенных катастроф при освоении горных территорий. В сб.Горный журнал, №10, 2001, 17-20 стр.

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ФИЗИКА ПӘНІНЕН ӘЛЕМДІК ДЕҢГЕЙДЕ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

П.ғ.к., қауым.проф. м.а. **Н.Ә. СӘНДІБАЕВА***
PhD доктор, аға оқытушы **Г.А. КАПТАГАЙ****
Магистр **Д. О. КАСЕНОВ*****

Түйіндеме:

Мақалада еліміздің жетекші мамандары білім беру жүйемізге енгізіп жатқан «Кембридж білім беру» бағдарламасы арқылы физика пәнін оқытып, терең түсінік қалыптастырып, алған білімдерін кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуге дағдыландыру жолдары қарастырылған. Жан-жақты дамыған, қазіргі қоғам талаптарын қанағаттандыра алатын оқушыларды дайындау – әр ұстаздың қызметі.

Тірек сөздер: Кембридж оқыту әдістемесі, ақпараттық технологиялар, инновациялық өркендеу

METHODICAL BASES OF TEACHING SCHOOL PHYSICS ON THE WORLD LEVEL

Abstract:

The article presents an opportunity of teaching the physics is formulate a deeper understanding of the state of knowledge obtained with the help of the Cambridge Education program, which is implemented by the leading specialists of educational system of our country. The purpose of the each teacher is the development of students who are able to response to the demands of modern society.

Key words: Cambridge Education program, Information Technology, innovative development

КІРІСПЕ

Бүгінгі ақпараттар ағыны басым болған, Төртінші өнеркәсіптік революция белең алған, алдыңғы қатардағы елдердің өздері үлкен экономикалық күйзеліске ұшыраған заманда біздің еліміздің дамуында, атап айтқанда білім беру саласында көптеген өзгерістер мен жаңа бастамалар орын алуда.

2018 жылдың 10 қаңтарында жарияланған Нұрсұлтан Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауы мақсатты міндеттер мен биік межелерді қойып, «**цифрлық дәуір**» инновациялық дамытудың дара жолын меңзейді [1].

Қазақстан қуатты да іргелі мемлекетке, қазақ халқы – шаңырағы биік, босағасы берік, тәуелсіз елге айналды. «**Мақсат - жетістіктің желкені**» - деп, халық айтқандай, дұрыс жүргізілген саясат еліміздің шоқтығын биіктетті.

Бүгінгі таңда қоғамның дамуын жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беріп, ғылымға баулу – Әлемдік дамудың перспективасы екенін нақтылап отыр. Қыздар университеті бірегей оқу орны ретінде, қыздарымыздың озық ойлы, парасатты, өзіндік ұстанымды, Әлемдік стандарттарға сай маман ретінде танылуына ықпал етеді. Өз кезегінде Физика кафедрасы білім беру қызметімен қатар, кафедраның даму стратегиясында жоспарланғандай ғылыми-зерттеушілік жұмыстарын дамытып, білімпаздарымыздың сапалы білім алуы мен ғылыммен тұрақты шұғылдануын қатар дамытып келеді.

Қазіргі таңда білім беру мазмұнының жаңартылуы білім алушылардың әлеуетін көтеріп, оларды жалпы білімге тартып, кәсіби-техникалық оқытуды ең жоғары деңгейде ұйымдастыруға тиіспіз. Сондай-ақ қолданбалы біліктілікке оқытып, индустрия мен қызмет көрсету саласындағы өзгерістерді басқаруды үйренуі қажет. Сонда ғана Елбасы тапсырмалары негізінде еліміздің білім саласын жаңарта отырып, «Мәңгілік ел» құру мақсатына қол жеткізе аламыз [5].

Физика пәні – бізді қоршаған ортамен тікелей байланысты сондай-ақ **IT** және **инжинирингтік қызмет көрсетуді** дамыту негізі болғандықтан, оны оқыту маңызы да өте зор болып табылады. Жан-

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, nazira_s@mail.ru

** Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, gulbanu.kaptagai@mail.ru

*** Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

жағымызда болып жатқан бүкіл дерлік құбылыстардың барлығы осы физика заңдылықтарының негізінде зерттеліп, дәлелденіп отыр. Қазіргі уақытта физика ғылымының алар орны ерекше. Күнде әр түрі пайда болып жатқан нанотехнологиялар (ұялы телефон, компьютер, планшет, электронды микроскоптар және т.б.) және графен тәрізді жаңа материалдардың пайда болуы, техника саласындағы әртүрлі құрылғылар, барлығы да физиканың ролінің басымдығын көрсетеді.

Ғылым дамуының бүгінгі таңдағы кезеңі олардың өзара байланысының әлдеқайда күшейіп, бір-бірімен араласуының едәуір үдей түскендігімен сипатталады [2].

Ғылым ретінде физиканың зерттеліп, дәлелденген жетістіктері техниканың, өндіріс салалары мен медицина және т.б. әр салаға ене отырып, олардың теориялық негізін байытуға, практикалық қолданылуын кеңітуге мүмкіндік береді [8].

Физиканың зерттеулері Индустрия 4.0, инновациялық өркендеу, жаратылыстану ғылымдарында қарқынды қолданылуда. Бұдан пәндік тұрғыдан физиканың маңызы арта түсуде.

Бұдан физика ғылымын зерттеуде, сонымен бірге оқытуда көптеген жаңаша инновациялық әдіс-тәсілдер қажеттілігі заман талабынан туындап отыр. Физика ғылымын мектеп бағдарламасында оқытуда қолданылатын сондай әдістердің бірі болып саналатын Кембридж оқыту бағдарламасын қарастыру арқылы физикалық ұғымдар мен дәлелдемелерді жеткізу жолын қарастыралық.

Білім беруді дамыту мақсатында, еліміздің білім жүйесіне Кембридж университетінің Білім беру факультетінің әлемдік білім беру жүйесінің ең озық әдіс-тәсілдерін меңгерген ғалымдарымен бірлесе отырып, жасақталған педагогтердің білімін жетілдірудің үш деңгейлі бағдарламасы енгізілуде. Осы бағдар бойынша физика пәнін Кембридж тәсілімен оқыту арқылы оқушыларға физика пәнін терең түсіну қабілеттіліктерін дамытып, алған білімдерін теорияны практикалық ұштастыруда, білік, білік, дағдысын қалыптастыруда қолдану аса маңызды болып отыр. Соның ішінде сыныптан тыс, кез келген жағдайда игерген білімді тиімді пайдалана білуге дағдыландырып, Кембридж тәсілімен оқытудың маңыздылығын ескеруіміз шарт.

Бағдарламаның әдістемелік негізі мұғалімнің қадағалауымен оқушының жаңа тақырыптың мәнін өз бетінше түсінуі, меңгеруі мен өзін бағалай алуы болып табылады. Бұл оқушының өзінің де оқыту үдерісіне атсалысып, белсене қатысуын талап етеді. Осылайша оқушы да өзінің оқуы үшін қандай да бір дәрежеде жауапты болады.

Шығыстың ұлы ойшыл данасы Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың бүгін де өзекті болып отырған: «Ұстаз – тумысынан өзіне айтылғанның бәрін жетік түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселерінің бәрін жадында сақтайтын, олардың ешбірін ұмытпайтын, алғыр да зерек ақыл иесі, өте шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны таза және әділ, жұртқа жақсылық жасап, үлгі көрсететін, қорқу мен жасқануды білмейтін батыл, ержүрек болуы керек», – деген тұжырымы бәсекеге қабілетті тұлға даярлаудағы білім сапасын көтерудегі ұстаздың ролінің қаншалықты жоғарылығын көрсетеді [7].

Білім беру бағдарламасындағы ұлттық стандарттарға, бағалауға, оқулықтар мен оқыту әдістеріне қатысты білім беру саласындағы өзекті құндылықтар мен мақсаттар мектеп оқушыларының жалпы үлгерімін арттырады, сондай-ақ инновация мен көшбасшылықты енгізу үшін талап етілетін дағдыларды дамытады. Сонымен қатар, ұлттық сананы қалыптастыруды және ауқымды халықаралық тәжірибемен өзара әрекеттесуді көздейді.

Физика ғылымы адамзаттық мәдениеттің маңызды құраушысы ретінде тек ғылыми-техникалық қана емес, гуманитарлық потенциалға ие болып отыр. Сөйтіп, мектеп физикасы дүниетанымдық қызметпен қатар, дамытушылық және тәрбиелеушілік қызметтерді де бірге атқарады. Бұлар мектептегі физика курсынан білім берудің ең басты мәнін анықтайды [4].

Сондықтан да физика пәні мұғалімдерінің алдында тұрған басты міндет-оқушылардың шығармашылық білім дағдысын қалыптастыру. Оқушылардың ғылыми ойлау және танымдық қабілеттерін дамыту да - физика пәні мұғалімінің маңызды мақсаттарының бірі. Білім берудің маңызды шарты оқу үрдісінде оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттыру, өздігімен білім алуға құштарлығын таныту. Оқушыларды танымдық қабілетке жетелеу, олардың оқу еңбегін арттыру үшін дидактикалық материалдарды көбейту, күрделі физикалық есептерді шығару үшін, сұрақтарға жауап беру үшін негізгі формулалары мен заңдылықтарды пайдалана білуге үйрету. Оқушыларды физика пәнінен эксперименттік жұмыстарды бақылау және оларды сипаттайтын негізгі заңдылықтарды айқындау тапсырмалары арқылы:

– оқушылардың жеке пікірін тыңдау, меңгерген білім, білік, дағдыларын дамыту үшін бұларды үнемі қолданудың маңыздылығын ашып көрсету;

– тапсырмалар мен әрекет арқылы оқушыларды ынталандырушы оқыту;

– проблемаларды модельдеу және оқушыларға оларды шешу мысалдарын көрсету;

– бағалау арқылы оқушылардың білім алуын қолдау;
– зерттеушілік әдіске негізделген белсенді оқыту стратегиялары арқылы қалыптастырып дамытады.

Осылайша оқушының білім деңгейін саралау мақсатында қолданылып жүрген әдістерін физика сабақтарында да орынды қолдануға жол ашамыз.

Кембридж бағдарламасының оқыту жүйесі балаларды жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану негізінде дамыта оқытуға үлкен мән береді:

1. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер;
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету;
3. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау;
4. Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану;
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту;
6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту;
7. Оқытуды басқару және көшбасшылық;

Біліктілікті арттыру бағдарламасының негізгі мазмұны оқушының жеке тұлға және әлеуметтік нысан ретінде келешегіне негізделген. Модульдер оқу барысында бірін-бірі толықтырып, үйлесімді байланыста болады. Физика пәнінің мұғаліміне жаңа тәсілді меңгерту мен қатар сыни тұрғыдан оқушыларды ойлауға үйрету көзделеді. Физика сабағына ғылыми ізденіс элементтерін енгізу мұғалімнің оқыту үрдісіне жаңаша көзқараспен қарауына және әрекеттерді оқушылармен бірігіп іске асыру қажеттілігі туындайды[6].

Физика сабағында әртүрлі логикалық тапсырмалар, сапалық есептер арқылы оқушылардың білік, дағдысын бағалай аламыз. Әсіресе топтық, жұптық жұмыстарда жаңа материалды меңгеруде тиімді болып табылады. Соның салдарынан шәкірттердің сөйлеу, өз ойлары мен пікірлерін ашық жеткізе алулары, сыныптасының пікірімен санасу, талдау, тұжырымдар жасап үйренуіне жағдай жасаймыз. Бұған кепіл әр физика сабағында қолданып жүрген әдіс-тәсілдер мыналар: «Фишбоун» (балық қаңқасы), «Айналмалы бекет», «Он сұрақ», «Серпілген сауал», «Миға шабуыл», «Ойлан тап» және т.б. «Фишбоун» (балық қаңқасы) әдісінде топтық жұмысқа тапсырма беріледі. Басы-тақырып, Қаңқасы-себеп-салдары, Құйрығы-қорытындысы. «Серпілген сауал» әдісінде тақырыптың түсіну деңгейін арттыруға және талқылау дағдыларын дамытуға қол жеткізу үшін сыныптағы оқушылардың арасында сұрақтарды лақтырамыз.

Физика пәнінен топтық жұмыста оқушылар жылдам, ұйымшыл, жинақы жұмыс жасай алады. Сондай-ақ осы зерттеу барысында оқушыларды дәстүрлі сабақтан гөрі дәстүрлі емес сабақтар қызықтыратыны анықталды. Олардың алған әсерлері жазған эсселерінен көрініп, көп сөйлемейтін оқушылардың ашылып, өз ойларын еркін айтып, топпен аралас жұмыс жасағаны тиімді болды. Оқытуда бағалау мен оқуды бағалау модулі бағдарламаның басқа модульдерімен тығыз байланысады. Оқыту үшін бағалау мен оқуды бағалау модулі оқушылардың білім деңгейін анықтауға, алдағы жұмыстарды қалай жоспарлау керектігін көрсетеді.

Әлемдік стандарттарға қол жеткізуде «ақылды технологияларды» игеріп, сандық сапалы білім, белсенділік пен шеберлікті ғана емес, ақылдылықты да талап ететін білім беру жүйесі дамытуға атсалысуымыз қажет. Инновациялық білім беру өз кезегінде жасампаз жастарға сапалы білім, саналы тәрбие беру арқылы ғылым көкжиегін кеңітіп, жаңа бағыттарға жол ашып, тәуелсіз еліміздің тұғырын нықтай түседі.

Шет тілі - жаһандық экономикаға тездетып сіңісу тілі, орыс тілі мемлекетімізде ресми тіл болып бекітілді. Орыс тілін қалай жақсы игерсек ағылшын тілін де үйренуге белгілі тең функционалды жағдай жасалуда. 2015 - 2016 жылдардағы тілдер туралы жарғы бойынша мектептер мен университеттерде орыс және ағылшын тілдерін енгізу мәселесі өзекті деп танылды. Алға қойылған жоспар бойынша «100 нақты қадам» яғни 79 жалпы орта мектепте және университеттерде ағылшын тілін оқытуға кезеңдік көшу реті анықталады.

Үштілділікке көшу үшін сол саланы жақсы меңгерген мамандар қажет болады. Басты міндет - кадрлардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және білім беру саласында қолжетімді бағдарламалар санын арттыру. Бұл дегеніміз, біздің елімізде үштілді меңгерген мамандар даярлау қажет екендігін түсіндіреді. Біріншіден, арнайы көптілді білім берудің бірыңғай тәсілін жүзеге асыру, университет пен жоғары оқу орындарында ғылыми нұсқауларды, оқу бағдарламаларын дайындау қажет. Тілдердің үштұғырлылығының жүзеге асыру халықтың интеллектуалды әлеуетін қалыптастырудың басты элементі болады.

Орыс немесе ағылшын тілін білу қазақ тілінде сөйлеу ниет жоғалту емес. Тәуелсіз мемлекеттік тілді дамытуға және де дамыта отырып өз үлесімізді қосу. Үштілділікке өту реформасы 2014жылдың наурыз айының 2-сі күнінен бастап жүзеге асты. Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бірінші пән Қазақстан тарихы болып табылды. Бұдан басқа, ағылшын тілінде информатика, химия, биология және физика сияқты пәндерді де оқыту қолға алынып жатыр. Көлемін біртіндеп арттыру жоспарланып отыр. Келесі жылы бастауыш мектепте аптасына бір сағатқа арттыру туралы шешім қабылданды.

Осылайша, педагогикалық бағытта білім беретін жоғарғы оқу орындарында жекелеген пәндерді ағылшын тілінде оқыту жүйелі түрде қолға алынуда. Осы орайда Университеттің ағылшын тілінде білім беру бағдарламасына тоқталсақ. Университетте құрамында 6 факультет. Ар факультетте пәндер шет тілінде жүргізіледі. Оның ішінде, физика - математика факультеті құрамында 4 кафедра.

Информатика кафедрасында 2-ші курсты бітірген студенттер арнайы дайындалған бағдарламаға қатысып, ағылшын тобына өтуге мүмкіндік алады.

Ағылшын тобына өту екі кезеңнен тұрады. 1 - ші бөлімде тест арқылы жауап беру. 1 - ші бөлімнен өткен студенттер бірнеше күндер аралығында 2 - ші бөлімге шақырылады. Бұл бөлімде студенттердің ағылшын тілінде сөйлеу, түсіну дәрежелері анықталады. Егер де студенттерде арнайы ағылшын курстарынан өткен сертификаттары болса, автоматты түрде қабылданады. Биылғы оқу жылында кафедрада 15 студент ағылшын тобында білім алууда. Оқытушы- профессор құрамы арнайы 1 айлық немесе 6 айлық курстық сабақтарды тәмәмдаған. Оқытушы құрамы арнайы ағылшын тілінен көптеген семинар сабақтарға қатысып өз білім дәрежесін үздіксіз көтереді. Студенттерге 3 - курс бойынша тек өз оқытушыларымыз сабақ берсе, 4 - курс кезінде арнайы шет елден шақырылған оқытушы 2 - 3 апта, аптасына 4 сағаттан өз тәжірбиелерімен бөліседі. Информатика пәнін жетік меңгеріп шығуға жол ашылған.

Қорытынды

Студенттер өз білімдерін жоғары деңгейде көрсетіп жатса, шет ел мемлекеттерімен келісім шартқа отыру арқылы, студенттерді жарты семестірлік оқу курсына жіберуге болады. Топта білім алған студенттерге магистратураға түсу өте оңай жүзеге асады деуге болады. Шет тілін толыққынды қамтыған мамандар бізге ауадай қажет. Оқытушы құрамының арасынан Базаева Жұлдыз апайды ерекше атап өсек.

Екінші, Математика кафедрасы. Кафедрада ағылшын тобы бар. Топта ар жылы студент саны арқалай өзгеріп отырады. Оқытушылар құрамы арнайы курстардан өтіп, біліктіліктерін жетілдірген.

Кафедра Польша, Мисисипи сынды көптеген шет ел университеттерімен келісім шартқа отырған. Студент математиканы ағылшынша жетік меңгерсе аталған шет ел мемлекеттерінде білім алуға жыберіледі. Жыл сайын бірнеше студенттеріміз аталған университеттерде өз білімдерін толықтыруда.

Үшінші, Физика кафедрасы. Кафедрада ағылшын тобы былтырғы оқу жылында ашылды. Кафедрада 5B011000-физика мамандығы бойынша 1,3,2 курс студенттері мамандану сабақтарын және университеттік сабақтарды толығымен ағылшын тілінде оқыса, 2 курс студенттері поли тілдік топ болып, мамандану пәндерін ағылшын тілінде өтеді. Ағылшын тобына өту негізінен 2 кезеңнен тұрады. 1 - ші кезең тест. 2- ші кезең ауызша жауап беру. Бұл топта білім алатын студенттердің болашағы жарқын деп ойлаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. <http://stan.kz/kazakhstan-prezidentinin-khalykka-zhol/>
2. <https://infourok.ru/fizika-pnin-oituda-zhaa-tehnolgiyali-disterdi-paydalanu-405689.html>
3. <http://orleuastana.kz/2017/11/01/shtildilik-bilim-beru-ma-y-zy-men-zektiligi/>
4. ИФМ. Р. Башарұлы., Ә. Түркіменбаев. Физика және астрономия оқулығын жасаудың жалпы ұстанымдары мен қағидалары жайында. №4. 1999
5. «Қазақстанның білім және ғылым әлемі». Н. Мейірбек. Кембридж әдіс-тәсілдерінің тиімділігі. №7 2014
6. «Педагогика мәселелері. Вопросы педагогики» Н. Жайманова. Жеті модуль бағдарламасын сабақта қолдану арқылы оқушы құзіреттілігін қалыптастыру №1. 2016
7. Қазақстанның білім және ғылым әлемі. Г. Кенжебекова. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау. № 12 2014
8. «Физика және Астрономия» журналы. С. Оразбаева. Оқытудың жаңа технологиясын пайдалану – сапалы білім негізі. №1-2 2010.

ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТЕ АСПАН ӘЛЕМІН ЗЕРДЕЛЕУДІҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Х.Ғ.К., доцент **Г.Т. ТҮГЕЛБАЕВА***

П.Ғ.К., доцент **Б.С. ХАНЖАРОВА**

физика магистрі, аға оқытушы **Л.С. БАЙКАДАМОВА**

Түйіндеме:

Мақалада, қазақтардың ерте кезден бастап аспан әлемі туралы ұлттық түсініктерінің болуы; астрономиялық ұғымдардың қалыптасуы; әдебиеттегі аспан шырақтарының шынайы мәнін ашатын өлең, жыр шумақтары, ауыз әдебиетіндегі мақал-мәтелдер, әр түрлі аңыз әңгімелер арқылы, табиғат құбылыстарының мәні мен маңызының сипатталуы; Айға байланысты наным-сенімдер мен ырымдар, Айға қарап ауа райын болжау, жан-жануарлардың қылықтарына қарай, аспан денелерінің орналасуына қатысты, жыл мезгілдері арқылы ауа райын болжау тәсілдері келтіріліп, халық астрономиясын өскелең ұрпаққа қазақтың салт-дәстүрін одан әрі жалғастырып, дүниетанымдық сипатын кеңейту мақсатында ұлттық ой-сананы жетілдіру жолдары көрсетілген. Сонымен қатар, алаш арыстарының бірі - Әлихан Бөкейхановтың қазақтың тұңғыш астрономы болғаны келтірілген.

Тірек сөздер: аспан шырақтары, жұлдыздар, табиғат құбылыстары.

THE WORLD OUTLOOK CHARACTER OF STUDYING OF THE UNIVERSE IN THE KAZAKH LITERATURE

Abstract:

In the article, the presence of the Kazakh people from the ancient times of the national idea of the heavenly world; the formation of an astronomical concept; description of natural phenomena in literature with the help of a song revealing the true meaning of heavenly bodies, poems, proverbs and sayings of oral folk art, different legends; the customs and foundations associated with the moon, The weather forecast accordingly to the moon. The ways of development of national thinking for the younger generation with the help of people's astronomy are shown, indicating, as an example, the customs and customs associated with the moon, the weather forecast for the moon, seasonal behavior of animals. Moreover, the fact that the first Kazakh astronomer was one of the outstanding Alashovites Alikhan Bokeikhanov is taken into account.

Key words: heavenly bodies, stars, natural phenomena.

КІРІСПЕ

Қазақтар ерте кезден бастап, Күн мен Айдың көрінерлік қозғалысын бақылап, көптеген жұлдыздардың және аспан шырақтарының туатын және бататын кездерін, көрінетін орындарын жақсы біліп, ауыз әдебиетінде тиімді шоғырлаған. Ежелден мал шаруашылығымен айналысып, «аспан астында, аттың жалында, түйенің қомында өмір сүріп келе жатқан халықтардың бірі – қазақ халқы» болғаны белгілі. Оның тағдыры малға, ал малдың тағдыры шөбі шүйгін, суы мол жайылымға байланысты болған. Мысырлықтарды Нилдің тасуы күйзелтсе, көшпелілерді «жеті ағайынды» жұт күйзелтіп отырған. Сондықтан көшпелілер байтақ далада жол табуды, жыл мезгілдерін айыруды, мал төлдету, бие байлау, күзем алу, күйек алу мерзімдерін білуге мәжбүр болған. Астрономияға байланысты аңыздар, ертегілер, жырлар, жұмбақтар, мақалдар мен мәтелдер қазақ әдебиетінде көп кездеседі. Қазақта «алтын Күн, күміс Ай, маржан жұлдыздарды» жырға, өлеңге қоспаған ақын жоқ шығар. Қазақ халқының астрономия туралы ілімі арғы ауызша әдебиетпен сабақтас десе болады.

Қазақ халқы табиғат құбылыстарын бақылай отырып, көпжылдық тәжірибелеріне сүйене келе, ауа-райын болжап астрономиялық түсініктері мен білімдерін жинаған. Ел болып еңсесін көтерген ежелгі заманнан-ақ біздің ата-бабаларымыз өздері өмір сүріп отырған өңірдің табиғатын, ауа-райын бақылап, әрбір құбылысын зерделеп, жан-жануарлардың да қылықтарын, Ай, Күн, жұлдыздардың да сипатын назарынан тыс қалдырмаған. Осының бәрін сараптай келіп, алдағы жыл мезгілдеріне болжам жасаған. Қазақтардың негізінен, мұндай адамдарды жұлдызшылар деп атағаны мәлім. Қазақ

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Tugelbayeva@mail.ru, laura83-askar@mail.ru

жұлдызшылары неше түрлі ырымдарды да ауа-райын болжауда кеңінен пайдаланды. Сөйтіп, халқымызда Ай санау, Күн санау, Жыл санау деп аталатын мерзім өлшемдері өмірге келді. Қазақтардың барша тіршілік болмысы табиғатпен тамырлас жүрген. Жыл маусымдарымен санаса отырып, бойлық бойынша тербеліп көшіп қонуға бейімделген көшпелі қазақтың материалдық өндіріс жүйесі шаруашылықтың біртұтас құрылымын қалыптастырып, мұның өзі бір-бірімен өзара біте қайнасқан әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-мәдени жүйені қалыптастырған.

Әлеуметтік өмірдің қажеттерінен туған аспан шырақтары туралы әңгімелер еліміздің бай ұлттық әдебиетінде жиі кездеседі. Соның ішінде аспан шырақтарының шынайы мәнін ашатын мысалдарға тоқталайық.

Атақты әнші Жамал Омарова апамыз шырқаған келесі әннен сұлулықты Шолпанмен теңестіргені көрінеді:

Шолпандай жарқыраған таң алдында
Құрбым – ау саған теңеу таба алдым ба
Көркіңнен көрген сайын нәр аламын
Бір өзін Күн көзінен нәр алдың ба?

Шолпан, яғни Венера ғаламшары грек мифологиясына сәйкес «Сұлулық пен махаббат» құдайының құрметіне қойылғаны мәлім.

Ақын Қ.Аманжолов [1] мына өлеңдерінде жылқының өріп жайыла бастайтын кезі – таң ата, Шолпан туа болатынын былай білдіреді:

«Қызылжал», «Қаракөмер», «Қызбел», «Құсак»,
Баурында жылқым бұлттай жатыр жусап,
Өргізем гүрілдеген көк өзенге
Жарқырап маңдайымнан Шолпан туса-ақ.
Сол сияқты
Күндей шалқып күлгенің —

Шаттығыңның нұры ғой;

Шат боп өмір сүргенің

Заманыңның сыры ғой.

Тұрмыс керегі үшін халық күн мен түннің, жыл мезгілдерінің алмасуы сияқты табиғат құбылыстарының арасындағы байланыстарды ескеріп, олардың сырын білуге тырысты, аспан шырақтарының туып, батуы сияқты құбылыстар мен жердегі өзгерістерді салыстырып, олардың арасындағы байланыстар мен ұқсастықтарды іздеді.

Даланы қара түнек басқан кезде,
Үстем боп алпауыттар, тасқан кезде,—
Саз беріп күншығыстан таң белгісі —
Дүниеге қызыл нұрын шашқан еді.

Сүмбіле жұлдызы туған кезде шөп, егін пісіп, түн ұзарып, маса шыбын азайып, малдың қатты семіре бастайтын кезіне сәйкес келеді. Осыдан келіп:

Сүмбіле туар жылтиып,
Ат семіреп құнтиып,

Деген мақал туған. Жылқы ерте кезден-ақ қазақтың тұрмысына сай ең қадірлі малы болған.

Енді мына мақалдарға көңіл аударайық:

Үркер үйден көрінсе,
Үш ай тоқсан қысың бар;
Үркер іңірде жамбасқа келсе,
Жаз шықпағанда несі бар.

Немесе:

Таразы туса таң суыр,
Сүмбіле туса су суыр.

Мазмұны мынадай: іңірде Үркерді ашық шаңырақтан көрсең – онда қыстың (желтоқсанның) басы, ал күнбатыстан «жанбаста» (жерге таяу, төмен) көрсең – онда жаздың басы екенін білдіреді. Келесі мақалдан: ең әуелі Таразының, содан кейін Сүмбіленің туатыны, Таразы туған кезде шілде

өтіп, күннің күзге қарай бет алатынын, ал Сүмбіле туған кезде күн суытып, ызғар көріне бастайтынын аңғарамыз.

Үркер көкке шығып, жоғары өрлеген сайын күн суытып, ол төмендеген сайын – жылына береді. Халықтың «Үркерлі айдың бәрі қыс» дейтіні осы.

Үркер «жерге түскен» кезде (мамыр, маусым айлары), «жерде жатып, көк шөпті айдап, шығарып жатады» екен. Сонымен, ел жыл мезгілдерін Үркердің, Таразының, Сүмбіленің орнына қарап айырған. Үркер туғаннан кейін шөп те, егін де өрлейді, малға содан кейін шөп күйедей жұғады. «Таразы туғанда, тары піседі» - дейді қазақтар. Ал, мынадай үзінді келтіріп, Жетіқарақшы, Темірқазық, Ақбозат пен Шолпан сияқты шырақтардың аттары елге жақсы мәлім болғанын көреміз:

Күн батып, жоғалды, нұрыңнан ұялып,
Жұлдыз бен Ай қалды сәулеңнен нәр алып.
Жетіқарақшы сені іздеп, айналып жүр,
Бәрі де сені ойлап, мас болып сандалып.

Үркер мен Таразы шашылды шашуға

Шолпан қарады, мауқын басуға

Темірқазық арқандап Ақбоз атын,

Жаратып ойы бар тойыңа қосуға.

Ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров «Аһ дүние» өлеңінде былай деген:

Қарақшы жеті жұлдыз шеттеп жүріп,
Құр сырттан жылтырайды алдап күліп..

Төрт жұлдыз екі-екіден босағада

Соларды аңдығандай тұр үңіліп.

Айқайлап: «Таң мынау» деп Шолпан туып,

Өзгеден алты Үркердің түсі суық.

Бұдан біз қазақтардың арасында Жетіқарақшы жеті жұлдыздан, Босаға – төрт жұлдыздан, ал Үркердің алты жұлдыздан тұратыны туралы мәліметтер болғанын көреміз.

Халықтың ауыз әдебиетінен өте ескі уақыттағы жоқтау жырынан:

Таудан асқан сұңқарым,

Топтан асқан тұлпарым,

Бұланай^{*}(Гималай) таудың аржағы,

Бұлттан шыққан Шолпаным.

Халықтың жақсы көретін адамын, жер жүзіне нұр шашып, қараңғылықты сырып келе жатқан Күннің хабаршысы – сұлу Шолпанмен теңеуі де заңды. Абай ең жақсы көретін Әбдірахман деген баласының қысқа өмірін бейнелеген мынадай шумағында дәл теңеу тапқан:

Құйрықты жұлдыз секілді, туды да көп тұрмады....

Көрген, білген өкінді, мін тағар жан болмады.

Шынында құйрықты жұлдыз – комета – өзге жұлдыздан ерекше жарқырап, бірақ тез алыстап кетеді де, көзге көрінбей қалады.

Сыртқы форма жағынан алғанда фольклор түрінде тараған қазақтың астрономиялық ұғымдарында әсемдік, поэзиялық сарын күшті. Ашық, жылы түндерде сұлу табиғаттың ортасында жүрген адамның поэзияға икем көңілі көкті шарлап, сайраған жұлдыздардың түрін, қозғалыстарын нобайлап, олардың ішінен қиялмен батырларды, сұлу әйелдерді, мергендерді, қарақшыларды, жүйрік қыран аттарды, арқарларды тауып, қисындырып бейнелерін ойлап шығарған. Аспан денелері жайындағы әңгімелердің мазмұны жердегі адамның өзіне таныс тұрмысының айнасы. Олардың мазмұны практикалық өмірге керектігі – қай мезгілде, қай жұлдыздар аспанның қай жерінде болады деген маңызды мақсаттар шешіледі. Мысалы, ертегі-аңыздардың мазмұнынан Жетіқарақшы, Ақбозат, Көкбозат жұлдыздарының батпайтынын, олардың Темірқазықты айналып жүретінін аңғарамыз. Үркер туралы әңгімелер Жердің Күнді айнала қозғалуының әсерінен жыл бойында жұлдызды аспанның түрі қалай өзгеретіндігін бейнелейді.

Үркер туралы әңгімелер Жердің Күнді айнала қозғалуының әсерінен жыл бойында жұлдызды аспанның түрі қалай өзгеретіндігін бейнелейді. Темірқазық – қаққан қазықтай қозғалмайтынын

білдірсе, жұлдыздардың түр-сипатын: Сұлусары (Альдебаран) – жұлдызының түрі сарғыш екенін, Көгалдаймергеннің Көкшакпағы (Ригель) деген атаулары – түсі көк екенін сипаттайды. Сол сияқты «Қызыл жұлдыз» немесе Марс ғаламшарының түсінің қызарып көрінетінінен қойылған. Бақылаудан алынған бұл мәліметтер ғылыми мәліметтермен дәл үйлесіп тұр. Мысалы, қызған дененің температурасын оның түсі бойынша анықтауға әбден болатынын біз физикадан білеміз. Сонымен, жұлдыздардың маңызды сипаттамасының бірі – оның түсі. Халық поэзиясында Шолпанды мадақтау, сұлуларды Шолпанмен теңеу көп кездесетін ырым. Мысалы, көпшілікке танымал ауыз әдебиетіндегі бір дастанның бас кейіпкерлері, әрі ақылды, әрі пысық тетелес екі сұлу Айман мен Шолпан болған. Поэзиялық лебіздерден Шолпанға беретін сипаттама мынадай еді:

Үркер Айдың жарығы, Шолпан қызы

Қауыспенен қатады Сырдың мұзы,

Жамалына қарасам жан жетпейді

Бір келбетің ұқсайды қордың қызы

Ал, мына шумақтарда Шолпанның таң алдында туып, Күн шығарда бататынын, оның өзге жұлдыздардан ерекше екендігі мәлім болады:

Таң сарғайып атқанда,

Шолпан жұлдыз батқанда...

Шолпанның артынан Олпан (Меркурий) туады. Меркурий Шолпаннан кейін дәл күн шығар алдында шығыста (не Күн батысымен батыста) – көрінеді де, оны Күнге ең жақын орналасқан ғаламшар болғандықтан оны бақылау өте қиын. Оңтүстік ендіктерде – эклиптика аспанда тіктеу тұрады да, Күн горизонтқа тіктеу келіп шығады, сондықтан таң жарығы мен іңір жарығы қысқа болады да, Меркурийді аспанның қараңғылау жерінде көру оңай болады. Асығыс жол жүретін жолаушылар «Шолпан туа жүріп кетіп, Олпан туа қайтып келу керек» дейді екен [2].

Ұлттық ой-сананың дамуында алаш арыстары жазған еңбектерінің маңызы зор болды. Оның ішінде, «Қыр баласы» (Әлихан Бөкейхановтың лақап аты) деген атпен Мәскеуде 1926 жылы «Кеңес Одағындағы елдердің кіндік баспасында» төте жазумен жазылған «Дүниенің құрылысы» (Астрономия) оқулығы жарық көреді [3]. Ә. Бөкейханов бұл оқулығында орыстың академик жазушысы Д.Грабенің еңбегін қазақшаға аударған. Оқулық кейіннен толығымен төте жазудан қазіргі кирилл графикасына көшірілген. Бұл еңбекті таза аударма деуге де болмайды. Автор оны сол кездегі қазақ оқырмандарының талап-тілегіне лайықтап жазған ең алғашқы астрономиялық оқулық болып саналады. Бұл оқулықта «қыр баласы» аспан әлімін өзіндік дүниетанымы мен қазақ халқының дүниетанымына тән түсініктер арқылы баяндап келтіреді. Сол кезеңдегі қазақ оқырмандарының деңгейлік білімін ескере отырып, ол ғылыми мағлұматтарды қазақ дүниетанымына жақын ұғымдармен, түсініктермен беруге тырысқан. Күнделікті өмірде жиі кездесетін, айналадағы қоршаған ортадағы мысалдар арқылы түсінікті болатындай етіп сипаттаған. Мысалы: «Бұлт жоқ ашық түнде жазық далаға шығып аспанды қарастырсақ, тозған қараша үйдің жыртығындай күн, жарық жұлдыздарды көреміз. Осылардың ішіндегі ең жарығы қашан қарасаңда бір орыннан көшпеген сықылды көрінеді. Ең жарық, ең сұлу жұлдыздар қозғалса да матаулы түйедей матауын жазбайды. Осындай матаулы жұлдызды, жұлдызшаларды «ұялы жұлдыз» немесе шоқжұлдыздар» - дейді [3]. Ұялы жұлдыздар аспан кеңдігінде шашып тастаған асықтай, шашылып жатыр». Осы мәтіндегі қараша үйдің жыртығындай, матаулы түйедей матауын жазбай, шашып тастаған асықтай деген теңеу сөз тіркестері қазақтың қай баласына да түсінікті еді әрі ғылыми ұғым дәл берілген, көзге елестетуге де қолайлы еді. Ә. Бөкейханов («Қыр баласы») Жер өз білігінен өзі айналады деген түсінікті беру үшін «Жер өзінен өзі ұршықтай айналады» немесе «Жер Күннен дөңгелек жолымен, арқандағы аттай айналады» деп қазаққа етене жақын таныс, күнде үй тіршілігінде көріп жүрген ұршық пен арқандаулы атты еске түсіре отырып түсіндіреді. Бұл оқырмандардың құбылысты ұғынықты, оңай, әрі тез қабылдап алуына тиімді әдіс еді. Ә. Бөкейханның бұл еңбегін ғарыш туралы жүйелі ғылымды қазаққа алғаш рет танытқан кітап деуге болады. Ш.Уәлиханов бастаған зиялылар көбінде қазақтың аспан әлемі туралы мифологиялық ұғымдарын айтқан. Ауыз әдебиетіндегі «Елентай мен қыз

Болықтың» айтысында қазақтың жерді «көк өгіз көтереді» деген ұғымдары айтылған. Өгіздің мүйізі талып бірінен-біріне ауыстырған кезде жер сілкінісі болады деп түсіндірген, халық соған сеніп келген. Ә.Бөкейхановтың оқулығы алғаш рет астрономияны қазаққа Ұлықбектен кейін ғылыми негізде кәсіби деңгейде таныстырған алғашқы еңбек болды. Егеменді еліміздің тұңғыш ғарышкерлері: Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев, Айдын Айымбетовтардың ғарыш кеңістігін бағындыруы да біз үшін зор мақтаныш, демек «Қыр баласы – Әлихан Бөкейханов» ілімінің ақталуының жалғасы деп санаймыз [8-10].

Қазақтар табиғат құбылыстарына, қоршаған ортаға қарсыласы ретінде қарамаған. Неғұрлым табиғат сырын терең тануға, табиғатпен бірге өмір сүруге бейімделген. Олар табиғатты бағындыру арқылы емес табиғатпен тіл табысу арқылы бақытты өмір сүруге болатынын таным-тәжірибе деңгейінде ғана біліп қоймай, мұның өзін өздерінің моральдық-эстетикалық қалыптарына айналдырған. Ғасырлар бойы қоршаған орта мен табиғат құбылыстарының қасиет-болмысын қалт жібермей бақылау арқылы қазақтар өздерінің білік-тәжірибесін шыңдап отырған. Көшпелі жұрттың аспан әлемі туралы ілімге қосқан үлесі де ерекше. Көшпелі тұрмыс әр айдың ерекшелігіне, онда туатын жұлдыздарға байланысты ауа райының құбылуына айрықша мән беріп, аспан шырақтарына көшпелі ел өміріне байланысты ат таққан. Ұлан-байтақ кең далада мал бағып, күндерін кең табиғат құшағында мал өрісінде, түндерін жұлдызды аспан астындағы мал күзетінде өткізген қалың қазақ, табиғат құбылыстарын бақылаудан туған халықтың көп жылдық тәжірибелерін қорытып, жұлдызды аспан туралы астрономиялық түсініктер мен ілімдер жинаған.

Табиғат құбылыстарының айналып келіп отыруын, күн мен түннің, жыл мен маусымдардың, ай жаңалануының айналып келіп отыруын мұқият бақылап, есептеп ұғынудың қазақ халқының шаруашылық өмірі үшін орасан зор тіршілік тұрмыстық маңызы болды. Қазақтар осы есеп арқылы жайлауға қай уақытта көшу, күзеу мен қыстауға қай уақытта келу, қойды қай уақытта қырку, қашан күйек салу, қай мезгілде көктеуге барып мал төлдету, соғымды қашан сою, егінді қай мезгілден бастап салу, шөпті қашан шабу сияқты шаруашылық мезгілдерін белгілеп отырды. Бұл есептен жаңылу оларды ауыр шығынға ұшыратты. Табиғат құбылыстары: айналаны, жұлдызды, аспанды бақылаудан туған, халықтың көп жылдық тәжірибесінде жинақталған астрономиялық түсініктер мен білімдер негізінде байырғы қазақ күнтізбесі жарыққа шықты [4]. Шексіз-шетсіз кең далада мал бағу, үдере көшу, жолаушы жүру, жоқ қарау және аң аулау, төрт жағын анық айыруды, қараңғы түндерде жұлдызды аспанға қарап бағыт-бағдарды белгілеп, өткел, суат, қоныс, құдықтарды дәл табуға үйретті. Аспан – жердегі адамдардың қимыл-әрекеттерінің бейнесі болса, жұлдыздардың, ғаламшарлар мен жұлдыздар тобының атауларында да біздің арғы аталарымыз өмірінде болған маңызды оқиғаларды түсіндірген. Аспан шексіз дала кеңістігінде, көшпендінің жолында бағдарлаушы ретінде ғана емес, куәгер мен төреші, көмекші мен құтқарушы ретінде болған. Диканшы аспанда өзінің ауыр еңбегі мен тұрмысының бейнесін көрсе, көшпенді халық жұлдызды аспандан өзінің ауыр жорық өмірінің бейнесін көрген. Адамдар аспанға өз өмірлерінің маңызды шындығын көшіріп, осылайша халық жадында өз тарихын қалдырған.

Қазақтардың жұлдыздарға қойған аттары да көшпелі шаруашылыққа байланысты қойылған. Түңгі ашық аспанға зейін қойып қарағанда кез келген адам – Сүмбіле, Таразы – Шідер – Үшарқар, Үркер (Торпақ шоқжұлдызы), Персей, Аққу, Бүркіт, Жылан, Мерген және Бүйі шоқжұлдыздарының бойымен қоса қабаттаса ұзыннан-ұзақ түйенің ақ шудасындай созылып жатқан тұмандықты байқар еді. Бұл ақ тұмандықты халқымыз ежелден Құс жолы деп атаған. Расында да, көктемде жыл құстары осы ақ тұмандық бойымен жерімізге ұшып келіп, күзде осы жолмен кері қайтады. Ал шын мәнінде бұл ақ тұмандық шоғырланған сан миллиард жұлдыздардың алыстан көрінген өте әлсіз сұлбасы болып табылады. Құс жолы аталып кеткен бұл тұмандық (еуропалықтар «Сүт жолы») деп атайды.

Ертедегі адамдардың астрономия туралы білімі әр түрлі ертегі, аңыздармен ұштасып жатады. Оларға аспан әлемі толып жатқан аңдар мен құстардың, адамдар мен құдайлардың мекені болып елестейтін. Тарихи дәстүр бойынша астрономияда қолданылып жүрген көптеген атаулар ертедегі грек мифологиясынан алынған. Аспан денелері туралы қазақ аңыздарының сарыны гректердің

мифологиясына ұқсас келеді екен. Тарихтың атасы Геродоттың айтуынша, «киіз туырлықты, шошак бөрікті, бие сүтін ашытып ішетін» біздердің арғы скиф-сақ бабаларымыз б.з.б. V II - V I ғасырларда Эллада (Грекия) елімен де етене араласып тұрған. Бұл Алтай мен Алып (Альпі) тауларының арасындағы скиф-сақ мәдениетінің дәуірлеген кезеңіне сәйкес келеді. Оның дәлелі ретінде археологиялық зерттеулерден табылған аса құнды материалдық-мәдени айғақтарды келтіруге болады. Мысалы, Алматы маңындағы қорғаннан табылған «Алтын адам» да, жоғарыда айтылған «астрономиялық қорғандар» да осы кезеңге тұспа-тұс келеді [5].

Алайда, қазақтың астрономиялық білімдері ұзақ уақыт ғалымдардың назарынан тыс қалып отырған. Бұл жөнінде нақты материалды жинауды өткен ғасырда Шоқан Уәлиханов бастаған болса, одан кейін бұл бағытта Г.Н.Потанин, В.В.Радлов, Э.А.Диваев, Б.А.Куфтин, С.Сейфуллин т.б. зерттеуші-этнографтар еңбектерінде танымал болды. Халық аузындағы өлең, мақал-мәтелдер, тақпақтар мен аңыздар, жұмбақтар мысалдарын мектептегі көптеген пәндер әдебиетінде де кездестіреміз. Мысалы, қазақтың Күн, Ай, жұлдыздар жайындағы ұғымына жоғарыда аталған этнографтар үлкен мән беріп, әр уақытта жинап-теріп, жазып қалдырған екен.

Алайда XX ғасырда қазақ халқының астрономиясына қажетті көңіл бөліп, «ат басын бұрған» ғалымдар да бар. Солардың ішінде П.Полатбеков, геолог А.Машанов, Х.Әбішев ел арасынан көптеген деректер жинаған ірі ғалымдар [6].

Сарыарқадай шексіз жазирада, Қызылқұм, Бетпақдала сияқты шөлдерде малды жайлауға, сулы құдыққа қарай түнде өргізгенде малшылар Темірқазықты, Үркерді, Үшарқар-Таразыны, Құсжолын белгілеп, адаспай жол табады екен. Жердегі барлық қозғалыстың негізгі көздерінің бірі Күн. Ауа райының өзгерістері де Күндегі үрдістер мен өзгерістерге байланысты екенін қазақ халқы ертеден байқаған. Қазақ тілінде «ауа-райы» дегенді «күн» деген сөзбен алмастыруы тегін емес. «Күн қандай, күн жауын, күн боран» деген сөз тіркестері осыны білдіреді. Мал шаруасымен айналысқан қазақ халқының өміріндегі Күннің рөлі ерекше – ертеңгі күн, осы ай, осы қыс қандай болып өтетіні жанға батарлық мәселелер туғызған [7].

Күннің ғаламат күрделі сипаттарының сырын ашу – ғалымдар үшін көкейкесті мәселелердің бірі. Астан-кестен сапырылысып, қайнап жатқан плазмалық мұхиттың ұшығына жетіп, суреттеу қиын. Сонда да ғалымдар Күн бетіндегі байқалатын (көзге көрінетін және көрінбейтін) өзгерістерде заңдылық бар екенін ашты. Күн бетіндегі дақтардың, оталыстардың, жалын шудаларының саны бірде азайып, бірде көбейеді. Шамамен 11 жыл сайын дақтар мен оталыстар көбейіп, күш алып отырады, оны максимум жылдар дейді. Сол кездерде Күннен тараған радиация (ультрақұлгін сәуле, электрондар, протондар ағыны) күшейетіні анықталған.

Күннен тараған радиация Жерді қоршаған ауаға келіп жетіп, оның күйіне әсерін тигізетіндігі анықталды. Нәсер жауындардың, полярлық шұғылалардың саны, компастың магнит тілшесінің ауытқуы, радиотолқындардың таралуы сияқты жер бетіндегі бірсыпыра геофизикалық құбылыстар дүркін-дүркін өзгеріп, әлгі Күннің әрекет – қимылы күшейген жылдар сонымен сабақтасып, бұлардың өзгерістері де күшейе түседі. Жердегі көп құбылыстарда қайталанушылық бар екенін және олардың Күндегі әрекет-қимылымен сәйкес екендігі дәлелденіп отыр. Қазақ даласында болған ірі жұттар 12 жыл сайын қайталанып, Қоян жылдарына сәйкес келгендігі мәлім болып отыр. Қыс кезінде жаңбырдың жаууы, артынан аяз болғанда, жайылымда мұз қатып, малдар шөп жей алмай қырылған. Мұндай жылдарды халық «Көкқоян» деп атаған. Ал, құрғақшылық болған жылдары, жаңбыр жаумағандықтан шөп өспеген жылдарды «Тақырқоян не Аққоян» деп атаған. Ақтабан шұбырынды аталған жылдарда – Күн бетіндегі дақтардың қимылының өршіген қарсаңымен сәйкес келгендігі анықталып отыр.

ҚОРЫТЫНДЫ

Біз мақаламызда қазақтардың ерте кезден бастап аспан әлемі туралы ұлттық түсініктерінің және астрономиялық ұғымдардың халық әдебиетіндегі өлең, жыр шумақтары мен ауыз әдебиетіндегі мақал-мәтелдер, әр түрлі аңыз әңгімелер арқылы, табиғат құбылыстарының мәні мен маңызының сипатталуы келтірілді. Сонымен қатар, алаш арыстарының бірі – Әлихан Бөкейхановтың қазақтың тұңғыш астрономы болғаны көрсетілді.

Қорытындылай келе, «Рухани жаңғыру» аясында халық астрономиясының өскелең ұрпаққа қазақтың салт-дәстүрін одан әрі жалғастыру, жаңғырту, дүниетанымдық сипатын кеңейту мақсатында ұлттық ой-сананы жетілдіру жолдары келтірілді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. <https://www.zharar.com/> Қ.Аманжолов өлеңдері
2. Х.Әбішев (1966), *Аспан сыры*, Алматы.
3. Ә.Бөкейханов (1926), *Дүниенің құрылысы (Д.Граведен аударған)*, Мәскеу: Кеңес Одағындағы елдердің кіндік баспасы.
4. М.Ө.Исқақов (1980), *Халық календары*, Алматы.
5. П.И.Мариковский (1977), *Древние астрономические сооружения на территории Казахстана*, «Вестник АН Каз ССР», № 5.
6. А.Машанов (1958), *Аспан ертегілері*, «Жұлдыз», №7.
7. Г.Т.Түгелбаева (2015), *Астрономия*, Қазмемқызпу баспасы, б. 378.
8. <http://alashainasy.kz/omir/aubakrov-toktar-ongarbayulyi--52615/>
9. https://ru.wikipedia.org/wiki/Мусабаев,_Талгат_Амангельдиевич
10. https://ru.wikipedia.org/wiki/Аимбетов,_Айдын_Аканович

КӨП ТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ - ЗАМАН ТАЛАБЫт.ғ.д, профессор **А.ЖАМАЛОВ***Педагогика ғылымдарының магистрі **А. УТЕБАЕВА****«6M01000-Физика» мамандығының 2 курс магистранты **Б. ӘЛІМХАН*******Түйіндеме:**

Көп тілді білу – өмірлік қажеттіліктен туындаған құбылыс. Қай заманда болсын, бірнеше тілді меңгерген мемлекеттер мен халықтар өзінің коммуникациялық және интеграциялық қабілетін кеңейтіп отырған. Халықтың рухани, мәдени құндылығымен сусындау үшін ана тілін білу керек. Әрбір адамның өз тілінде сөйлеп, білім алып, азамат болып қалыптасуы маңызға ие. Қазіргі жаһанданған, ақпараттың дамыған ғасырында болып жатқан түрлі өзгерістер мен жаңашылдықтар еліміздің экономика саласына да, білім беру жүйесіне де тың ізденістерді енгізіп отыр. Қазіргі заманның талабы — көптілділік. Адам баласының рухани байлығы, тәрбиесі, білімі — бәрі де тіл арқылы жетіледі. Болашақ ұрпағымызға үштілділікті қажетті деп ұғындыру ұстаздың ең басты міндеті болып саналады.

***Тірек сөздер:** көп тілді білім беру, альтернативті энергетика, гидроэнергетика, жел станциялары, Күн фотоэлементтері*

MULTILINGUAL EDUCATION - THE REQUIREMENT OF MODERN TIMES**Abstract:**

Multilingualism is a vital necessity. In times of history, multilingual countries and nations have expanded their opportunities for communication and integration. It is important to know your native language in order to satisfy the spiritual and cultural value of people. It is important for everyone to speak and learn in their native language and become a citizen. Various changes and innovations that occur in the modern globalized, rapidly developing world of information, make new research in the economy and education system of our country. The modern requirement is multilingualism. Spiritual wealth, education and education of the human race are transmitted by language. The main task of the teacher is to make our future generations understand that these three languages are necessary.

***Keywords:** multilingual education, alternative energy, hydropower, wind power plants, solar cells*

КІРІСПЕ

«Бір тіл білсең - бір адамсың, екі тіл білсең - екі адамсың». Көп тілді меңгергеннің білімі мен дүниетанымы да кеңейе түсетіні рас. Тарихтан белгілі ғұламалардың өзі мұны сол заманның өзінде қолға алып, келер ұрпаққа ой тастаған. Мәселен, ғұлама Әбу Насыр Әл-Фараби жетпіске жуық тіл білгені тарихтан белгілі. Өйткені, ғылым мен білімнің дамуы да тілді үйренумен тікелей байланысты.

Үштілділік мәселесі – тек біздің елімізде ғана емес, көптеген елдерінің алдында тұрған көлемді проблеманың бірі. Қазіргідей технология мен индустриалды дамыған кезеңде, жаһандану кезеңінде жылдам шешім күттіретін тілдік серіктестік болып табылады. Еліміз бүгінгі таңда жедел түрде даму үстінде. Елбасымыздың алға қойған тапсырмасы бойынша, 2030 жылға дейін дамыған 30 елдің арасына ену.

Қазіргі таңда әлемнің алпауыт мемлекеттері көп тілді, әсіресе халықаралық тілдерді меңгеруді маңызды міндет деп санайды. Сондықтан біз де өз халқымыздың қарыштап дамып, өркениеттен кемде қалмау үшін көп тілді меңгеруіміз қажет. Бұл заман талабынан туындап отырған қажеттілік. Себебі, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін маман бәсекеге қабілетті тұлғаға айналатыны сөзсіз. Осы ретте, президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың: «Қазір біз балаларымыз қазақ тілімен қатар орыс

*Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, kz-zhamalov@mail.ru

**Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, 5678arda@gmail.com

***Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, balim_alimhan95@mail.ru

және ағылшын тілдерін де белсенді меңгеру үшін жағдай жасауға шаралар қабылдап жатырмыз. Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек», – деген болатын 2012 жылы 14 желтоқсандағы Жолдауында.

Қазіргідей жаһандану заманында көп тілді меңгерген адамның шығар белесі биік. Қазіргі уақытта көптілділік глобализация кезеңінің әсерімен кеңінен тараған әлеуметтік феномен. Әлемдік деңгейде «көптілді білім беру» идеясын ЮНЕСКО ұйымы қолдап отыр, ал тілді сақтау және дамыту Евро ұйымның ресми тілдік саясаты ретінде жарияланған. Қазақстанның тілдік саясатының концепциясында көптілді білім беру жылдан жылға өзекті мәселе болып келеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстандағы тілдердің үш тұғырлығы туралы ойды алғаш рет 2006 жылы Қазақстан халқының Ассамблеясында айтқан. 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдамасында Елбасы «Тілдердің үш тұғырлығы» – «Триединство языков» мәдени жобасын кезеңдеп іске асыруды ұсынды. Ал 2008 жылғы ақпандағы Қазақстан халқына Жолдауында: «Үкімет «Тілдердің үш тұғырлығы» мәдени жобасын іске асыруды жеделдетуі тиіс. Бүкіл қоғамымызды топтастырып отырған мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқыту сапасын арттыру қажеттігіне ерекше назар аударғым келеді», – деді [Солташұлы Ы, 2012: 14-16].


Тілдердің үш тұғырлығы идеясында Елбасы оған нақты анықтамасын берген, қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі, ал ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кіруге тілі. Қазақстанның қазіргі кезеңдегі қарқынды даму жолындағы елді демократияландыру, әлеуметтік өркендеу саласындағы талпыныстары білім беру жүйесін жаңаша өркендетіп оқыту, тәрбие үрдісін жетілдіруді талап етіп отыр. Егемендік алған еліміздің жаңа даму кезеңінде, оның дүниежүзілік аренаға шығып, басқа елдермен саяси-экономикалық, мәдени қатынастарды қалыптастыруы, Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болуы, әр түрлі дипломатиялық қызмет атқаруы шетел тілінің ролін көтеруді қажет етеді. Қоғамдағы геополитикалық, коммуникациялық, технологиялық өзгерістер және интернет жүйесі арқылы тілдесу әр түрлі мамандықтағы, әр түрлі жастағы, әр түрлі қалауы, қызығушылығы бар адамдардың санын мейлінше көбейте түсуде. Осыған байланысты шетел тілдерін пайдалану қажеттілігі де артып келеді. Тіл – тек қатынас құралы емес, тілін үйреніп жүрген елдің рухани байлығын меңгеруде де үлкен рөл атқарады. Тәуелсіздікке қол жеткізген жылдардан бері әлемдегі көптеген елдермен саяси-әлеуметтік, экономикалық және мәдени байланыс жасауға кеңінен бет бұрдық. Бұл қарым-қатынастың нәтижелі болуы, ел мен елдің, халық пен халықтың өзара ынтымақтасқан бірлігін өркендеуге тіл білудің мәні күн сайын арта түсуде. Көптілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік. Қазақстанда білім саласында қазақ, орыс, ағылшын тілдері оқу тілі ретінде де қолданылады. Неміс, француз, қытай, корей, парсы, араб, т.б. тілдері негізінен пән ретінде қолданылады. Қазақстан Республикасының дамуындағы экономикалық, әлеуметтік саяси өзгерістер мектеп алдына жаңа міндеттер жүктеуде. Қазіргі оқыту жүйесі дәстүрлі білім беру қызметін атқарумен шектелмейді, оның қызметі кеңейіп отыр. Атап айтқанда, жоғарғы оқу орындарында тұлғаны рухани қалыптастыруға, жоғары басымдылық берілді.

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың «Үш тұғырлы тіл саясаты» біздің пәнімізде жүзеге асырылады. Қазақ мектебінің балалары білімді ана тілі – мемлекеттік тілде алса, сонымен қатар орыс, ағылшын, неміс тілдерін де сол деңгейде меңгеруде. Ел мен ел, халық пен халық жиі араласып, халықаралық қатынастар ерекше көтеріліп жатқан қазіргі таңда дүние жүзінің әлеуметтік мәдени талап тілегіне орай бірнеше тілді қатысымдық құзыреттілікті дамыту күрделі міндеттердің бірі болып табылады. Адамдар ең бірінші бір-бірімен тіл арқылы қарым-қатынас жасайды дейтін болсақ, сол тіл арқылы түрлі мәдениеттер арасындағы тілдесу диалогпен өркендейді. Тіл-әр ұлттың дәстүрлі мәдениетімен астасатын күрделі қарым-қатынас құралы. Қазіргі заманғы инновациялық технология бүгінгі күні еліміздегі орта мектепте білім алып жатқан оқушылардың барлығымен тілдесуге мүмкіндік беріп отыр. «Адам өмірінің шегі бар, ал білімнің шегі жоқ» – деп атап өткен Елбасы оқушы жастарды


ғұмыр бойы білімнің тұнғығына терең үңілуіне шақырды. «Мен бүгінгі ұрпақтың үш тіл білуін қолдаймын [Пассов Е.И, 199: 116].

«Тілдердің үштұғырлылығы» атты ұлттық мәдени жоба қабылдағаннан кейін біздің республикада үш тілді (қазақ, орыс, ағылшын) бірдей және толық меңгеруге және пайдалануға барлық қажетті жағдайлар жасалды. Осының негізінде көптілді білім беруді дамыту концепциясының қалыптасты және 2011-2020 жж.Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының стратегиялық міндеттерін анықтады.

Көптілді білім беру Концепциясының мақсаты, міндеттері және де принциптері



Кесте 1: Көптілді білім беру концепциясының мақсаты



Кесте 2: Көптілді білім беру концепциясының міндеті

Қазақстандық білім беру кеңістігінде орта және жоғары мектеп жүйесінде көптілді білім беруді жүзеге асырудың тәжірибесі жинақталды. Бұл тәжірибе Назарбаев зияткерлік мектептерінде, қазақ-түрік лицейлерінде, және дарынды балаларға арналған «Дарын» мектептерінде пайдаланылуда. Ал көп тілді білім беруді жүзеге асырудың экспериментальды алаңдары болып Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті және т.б. болып табылады. Сонымен қатар елімізде үш тілділікті дамыту мақсатында ауқымды іс-шаралар атқарылуда. Атап айтқанда Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде барлық мамандықтар оқыту бағдарламасына өз кәсіби саласы бойынша ағылшын тілін меңгерту мақсатында «Кәсіби бағытталған шетел тілі» және «Кәсіби орыс/ қазақ тілі» пәндері ендірілген, сәйкесінше бұл пәндерге 6 кредит және 4 кредит сағат бөлінген. Бұл пәндерді өз саласы бойынша арнайы тіл меңгерту курстарын тамамдаған, IELTS, TOEFL сертификаттарына ие және шетелде тіл курстары бойынша тағылымдамадан өткен оқытушылар жүргізеді.

Алға қойылған міндеттерді өз уақытында орындасақ, оқу - әдістемелік құралдарды жоғары дәрежеде жеткілікті түрде қамтамасыз ете отырып болашақ студенттердің пәнге деген қызығу-

шылығын ашамыз. Ең бірінші талаптарды ұстаздарға қоя білуіміз қажет. Ұстаздар қауымы өз пәндерін шет тілінде жетік меңгерсе, онда студенттердің де болашағы зор.

Қазақстандағы көптілді білім беру механизмін жұмыс істеуіне негізгі себепші студенттердің академиялық ұтқырлық бағдарламаларының қаржыландырылуы. Аталған бағдарлама бойынша студенттер белгілі уақыт аралығында шет елде білім алады. Қазіргі кезеңде Қазақстан – академиялық ұтқырлықты қаржыландыруды қамтамасыз ететін бірден-бір ел. Академиялық ұтқырлық аясында білім беру бағдарламасы сөзсіз көптілді дайындық жүйесіне кірістірілуі керек. Бұл – көптілді меңгерген кадрларды дайындаудың тиімді жолы, өйткені академиялық ұтқырлық бағдарламасына факультеттің барлық мамандық студенттері тартылған.

Ағылшын тілінде білім беруде туындаған мәселелерге тоқталсақ,

- студенттердің ағылшын тілін жетік меңгермеуі;
- ағылшын тілінде сабақ беретін мамандардың жеткіліксіздігі;

2014-2015 оқу жылында физика пәні бойынша оқитын студенттер үшін жаңартылатын энергия көздері зертханасы ашылды. Зертхананың мақсаты – күн сәулесінен жылу жүйесін, ғимараттар мен құрылыстарды ыстық сумен қамтамасыз ету. 2 күн коллекторы және күн жылу жүйесі станциясы бар. Зерттеудің екінші бағыты автономды тұтынушылардың басым бөлігін электр қуатымен қамтамасыз етуге арналған би-трот типті жаңа микро-гидроэлектр станциясын құру және құру болып табылады. Кішігірім өзендердің гидроэнергетикалық әлеуетін тиімді пайдалану өте тартымды және перспективалы болып көрінеді. Қыс мезгілінде жылыту ғимараттары үшін жылу энергиясына және жазда ыстық сумен қамтамасыз ету үшін күн энергиясын күн коллекторларын қолдана отырып, күн жылу беру жүйесінің жаңа тұжырымдамасын зерттеу [Әшиева Р, 2008:25].

Студенттерге «баламалы энергия көздері» курсы ағылшын топтарында оқыту үрдісі жоғары деңгейде жүргізіліп отыр. Негізінен «Баламалы энергия көздері» курсы көптілде оқыту кезінде сабақта қолданылатын жаңа ұғымдарды ана тілі және қарастырып отырған тілдерде таныстыру қажет. Сабақ барысында қосымша берілетін физика-техникалық терминдер сөздігі студенттің сөздік қорын қалыптастырады. Зертханалық жұмыстарға баса көңіл бөлінеді.

Қорытынды

Жаңартылатын энергия көздері зертханасында студенттер зертханалық жұмыстарды орындау оқушының зерттеушілік және танымдық дағдыларын қалыптастыру кезеңдері. Физика пәнін көп тілде оқыту студенттің сөздік қорын кеңейте отырып ойын толық жеткізе білуге, әртүрлі бақылаулар мен тәжірибелер жүргізуге, физикалық құбылыстарды емін-еркін сипаттай білуге құлшындырады. Қарапайым көрсетулер студенті өздігінен ізденуге, танымдық және шығармашылық икемділіктерін дамытуға бағыттайды. Сонымен қатар, алған білімі өмірге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгерілуі қажет екендігі оқушы санасына сіңіріледі. Ең бастысы студенттің көп тілді меңгерудегі сөздік қоры толығыады, сөйлеу дағдысы қалыптасады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Солташұлы Ы. Заман Талабы –көптілді болу. // Ақиқат. 26 қараша- 2012 ж. № 11. 14-15 б.
2. Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению, 2-е изд. – М.: Просвещение, 1991. – 116 б.
3. Әшиева Р. Энергетика мәселесін «май шаммен» қарау керек //Қазақстан - Заман газеті №5. 17 қаңтар, 2008 жыл.

**ТОЛҚЫНДЫҚ ОПТИКА ҚҰБЫЛЫСТАРЫНЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ
БАЙЛАНЫСТАР АЛГОРИТІМІН FLASH-CC, JAVA SCRIPT БАҒДАРЛАУ ОРТАЛАРЫНДА
ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ВИРТУАЛДАУ**

ф-м.ғ.к., профессор **А.М.ТӘТЕНОВ***
Т.ғ.м. **А.С. ЖҮНІСБЕКОВА**
ф-м.ғ.к., доцент **Н.ШАМБУЛОВ**

Түйіндеме:

Толқындық оптика-Гюйгенс принципіне сүйене отырып, энергетикалық қатынастар арқылы өтетін, жарықтың кеңістікте таралуын қарастырады. Оптикалық құралдар көмегімен, оптикада қарастырылатын барлық толқындық құбылыстар, толқындық оптика заңдарына негізделген. Мысалы, интерференция және дифракция құбылыстары. Оптикалық қондырғылардың көптеген теориялық есептеулері толқындық оптика заңдарына сүйенген. Осы жұмыста, толқындық оптиканың математикалық байланыстарының алгоритмі, яғни, жарықтың интерференция, дифракция заңдары компьютерде, виртуалды-интерактивті зерттеу қондырғысында жарық сәулесі Френельдің биризмасы арқылы және дифракциялық решетка арқылы өткенде зерттеліп қарастырылады, тура, реалды эксперименттік қондырғыдағы сияқты. Интерференция және дифракциядағы оптикалық процесстер, Adobe Flash-CC-компьютерлік бағдарлама ортасында көрнекіленіп, интерактивті түрде виртуалданған. Толқындық оптика процесстерін зерттейтін, жасалынған осы лабораториялық жұмыс, осы курсты меңгеруде өте құнды болып есептеледі, ал компьютерде виртуалды-интерактивті зертхана (ВИЗ) жасау технологиясы басқа пәндерден ВИЗ жасауға өте қолайлы және актуалды. Мақалада келтірілген- виртуалды-интерактивті зертханалық жұмыс Евразия технологиялық университетінің оқыту процессіне енгізіліп, студенттердің білім саласында қолданылуда.

***Тірек сөздер:** Алгоритм, виртуалды интербелсенді, толқындық оптика, интерференция, дифракция, дифракциялық решетка, монохромат, когерентті толқын, математикалық функционалды байланыстар.*

INTERACTIVE VIRTUALIZATION IN THE ENVIRONMENT OF FLASH-CC, JAVA SCRIPT OF ALGORITHMS OF MATHEMATICAL COMMUNICATIONS THE PHENOMENON OF WAVE OPTICS.

Abstract:

The wave optics – considers light distribution, by means of Huygens' principles which pass through the power relations. Nevertheless, the considered in optics, all wave phenomena, by means of optical instruments are based on laws of wave optics. For example, the interference and the diffraction. Many tasks of the theory of optical installations are based on laws of wave optics. In this work, algorithms of mathematical communications of wave optics, i.e. laws of interference, diffraction of light rays, are considered on the studied virtual and interactive installation on the computer when passing light through a bi prism of Frenel and the diffraction grating, etc., as in an actual pilot unit. Optical processes of an interference and diffraction are visualized and interactively virtualized by means of the computer program Adobe Flash-CC environments . The laboratory work was made on a research of processes of wave optics is very effective at development of this course, and the technology of creation of VIL described in this article, is very relevant for creation of the similar virtual and interactive laboratories (VIL) in other objects. This virtual interactive laboratory development is introduced in educational process of the Eurasian technological university and is successfully applied in tutoring.

***Keywords:** Algorithm, the virtual interaktivization, wave optics, interference, diffraction, experiment of Young, coherence, mathematical functions*

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

КІРІСПЕ.

Толқындық теория Гюйгенс принципіне негізделеді: толқын келіп жететін әрбір нүкте келесі толқынның көзі болып табылады. Гюйгенс бойынша ортадағы жарық жылдамдығы вакуумдағы жарық жылдамдығынан кіші ($v < c$) болды [1].

Осылайша 18 ғ.басында жарықтың табиғатын түсіндіретін бір-біріне қарама-қайшы екі көзқарас

дамды. Ол екеуі де жарықтың түзу сызықты таралу заңын, шағылу және сыну заңдарын түсіндірді. 18 ғ.осы екі теорияның күресу ғасыры болды. 1851 ж толқындық теорияның дұрыстығын Э.Фуко (және одан тәуелсіз Физо) жарықтың суда таралу жылдамдығын есептеп, экспериментальды дәлелдемесін берді. 19 ғ басында корпускулярлық теория теріске шығарылып, толқындық теория уақыты болды. Ол және де Т.Юнг пен Френель зерттеген жаықтың интерференция және дифракция құбылыстарына негізделді. Бірақ толқындық теория мойындалғанмен де, оның да кемшіліктері көп болды. Мысалы, интерференция, дифракция және поляризация құбылыстары егер жарық көлденең болса ғана түсіндірілер еді. Онда оларды тасымалдайтын эфир қатты дене қасиетіне ие болуы керек. Кейінірек жарықтың жылдамдығы түрлі ортада әр түрлі болатыны анықталды. Сонымен қатар толқындық теория жарықтың түстерін түсіндіре алмады.

Жарықтық, электрлік және магниттік құбылыстардың байлынысын дәлелдейтін тәжірибелік мәліметтерге сүйеніп 1870 жылдары Максвелл жарықтың электромагниттік теориясын жасады.

Максвелл теориясы жарықтың дисперсиясын түсіндіре алмады. Бұл қиындықты 19 ғсоңында электрондық теорияны ұсынған Лоренц шешті.Ол бойынша ортаның диэлектрлік өтімділігі түскен жарықтың толқын ұзындығына байланысты. Бірақ Максвелл теориясы мен Лоренц теориясының үлкен жетістіктеріне қарамастан, олардың да кемшіліктері болды. Мысалы Максвелл теориясы жарықтың жұтылуы мен шығарылуын, фотоэффетіні, ал Лоренц теориясы қара дененің жылулық сәуле шығаруы кезіндегі энергияның толқын ұзындықтар бойынша таралуын түсіндіре алмады.


Бұл қиындықтарды неміс физигі 1900 ж М.Планк шешті. Ол бойынша жарықтың шығарылуы немесе жұтылуы үздіксіз емес, дискретті түрде белгілі порциялармен(кванттармен) шығарылады, ол энергия мына формуламен анықталады. $\varepsilon_0 = h\nu$..

1905 ж Эйнштейн жарықтың кванттық теориясын ұсынды. Ол жарық бөлшектері фотон деп

$$\text{атады. } m_\delta = \frac{\varepsilon_0}{c^2} = \frac{h\nu}{c^2} = \frac{h}{\lambda c}.$$

Бұл өрнек жарықтың екі түрлі табиғатының да дұрыс екендігін дәлелдеді.

Юнг тәжірибесі (1802 ж.) тарихи жарықтың толқындық теориясының негізінде түсіндірілген бірінші интерференциялық тәжірибе болып табылады. Юнг тәжірибесінде жарық жіңішке саңылаудан өтіп S_1 және S_2 екі жақын орналасқан саңылаулары бар экранға түседі (1сур.). Әр саңылаудан өткен жарық шоғы дифракция нәтижесінде кеңейеді және сондықтан ақ экранда жарық шоқтары қабаттасады [1]. Жарық шоқтарының қабаттасқан аумағында жарық және кара-қоңыр жолақтардан тұратын интерференциялық бейне байқалады.



1 сурет. Юнгтың интерференциялық тәжірибесінің сұлбасы.

Екі тәуелсіз жарық көздерінен шығатын толқындардың интерференциясын байқау мүмкін емес екендігін Юнг бірінші болып түсінеді. Сондықтан тәжірибедегі Гюйгенс принципі бойынша екінші реттегі толқындар көзі болып табылатын S_1 және S_2 саңылауларына бір жарық көзінен шығатын S сәулелер түседі. Симметриялы орналасқан S_1 және S_2 саңылауларынан шығатын екінші реттегі толқындардың фазалары бірдей болады, бірақ бұл толқындар P бақылау нүктесіне дейін әртүрлі r_1 және r_2 қашықтықтар жүреді. Олай болса S_1 және S_2 жарық көздерінің P нүктесіндегі толқындарының фазалары әртүрлі болады. Сонымен толқындардың интерференциясының мәселесі жиіліктері бірдей, ал фазалары әртүрлі толқындарды қосудың мәселесіне әкеледі. S_1 және S_2 жарық көздерінен толқындар бір біріне тәуелсіз таралады, ал бақылау нүктесінде жай қосылады деген тұжырымдама эксперименттік факт болып табылады және *суперпозиция принципі* деп аталады. \vec{r} радиус-векторының бағытында таралатын *монохромат толқын* келесі түрде өрнектеледі $E = a \cos(\omega t - kr)$, Бұл жерде a – толқын амплитудасы, $k = 2\pi/\lambda$ – толқындық сан, λ – толқын ұзындығы, $\omega = 2\pi\nu$ – циклдқ жиілік. Оптикада E - толқынның электр өрісі кернеулігі векторының модулі болып табылады. P нүктесінде екі толқын қосылғанда қорытқы тербелістің жиілігі ω тең болады, ал амплитудасы A шамасына және фазасы φ шамасына ие болады:


$$E = a_1 \cdot \cos(\omega t - kr_1) + a_2 \cdot \cos(\omega t - kr_2) = A \cdot \cos(\omega t - \varphi).$$

Оптикалық диапазондағы жарық толқыны өрісінің өзгерулерін тіркей алатын құралдар жоқ, ал байқалатын шама толқын электр өрісінің амплитудасының квадратына тура пропорционал болатын жарық ағыны. Толқын электр өрісінің амплитудасының квадратына тең шаманы *интенсивтік* деп атайды: $I = A^2$.

Тригонометриялық түрлендірулерден P нүктесіндегі қорытқы тербелістің интенсивтігі :

$$I = A^2 = a_1^2 + a_2^2 + 2a_1a_2 \cos k\Delta = I_1 + I_2 + 2\sqrt{I_1I_2} \cos k\Delta, \quad (1)$$

бұл жерде $\Delta = r_2 - r_1$ – *жол айырымы* деп аталады. Осы теңдеуден интерференциялық максимум (жарық жолақ) байқалу үшін келесі шарт орныдалу қажет $\Delta = m\lambda$ ($m = 0, \pm 1, \pm 2, \dots$). Бұл кезде $I_{\max} = (a_1 + a_2)^2 > I_1 + I_2$. Интерференциялық минимум (қара-қоңыр жолақ) байқалу үшін $\Delta = m\lambda + \lambda/2$ тең болу керек. Интенсивтіктің минимал мәні $I_{\min} = (a_1 - a_2)^2 < I_1 + I_2$. 2 суретте интерференциялық бейнедегі жарық интенсивтігінің жол айырымына тәуелді үлестірілуі көрсетілген.



1- сурет. Интерференциялық бейнедегі интенсивтіктің үлестірілуі. m - бүтін саны интерференциялық максимумның реті.

Екі толқынның интенсивтіктері тең болатын $I_1 = I_2 = I_0$ дербес жағдайда (1) теңдеудің түрі:

$$I = 2I_0(1 + \cos k\Delta) \quad (2)$$

Бұл жағдайда $I_{\max} = 4I_0$, $I_{\min} = 0$.

(1) және (2) формулалары универсал болады. Оларды жиіліктері бірдей болатын екі монохромат толқындардың қабаттасуында қандай да болсын интерференциялық сұлба үшін қолдануға болады. Айырмашылығы жол айырымының бақылау нүктесінің орналасуына тәуелділінде байқалады. Егер Юнг тәжірибесінде бақылау нүктесінің симметрия жазықтығынан ығысуын y деп белгілесек, онда $d \ll L$ және $y \ll L$ шарттары орындалатын жағдай үшін (кәдімгіде оптикалық эксперименттерде бұл шарттар орындалады) жуықтап келесі теңдеуді алуға болады:

$$\Delta \approx d \cdot \theta \approx \frac{d \cdot y}{L} \quad (3)$$

y координаталық осі бойынша **интерференциялық жолақтың еніне** Δl тең қашықтыққа ығысқында, б.а. бір интерференциялық максимумнен көрші максимумге ауысқанда жол айырымы бір толқын ұзындығына өзгереді. Олай болса,

$$\frac{d \cdot \Delta l}{L} = \lambda \quad \text{или} \quad \Delta l = \frac{L \cdot \lambda}{d} \approx \frac{\lambda}{\psi}, \quad (4)$$


бұл жерде ψ - P бақылау нүктесіндегі сәулелердің жиналу бұрышы. Сан жағынан бағалайық. S_1 және S_2 саңылауларының арасындағы d қашықтық 1 мм тең болсын, ал саңылаулардан экранға дейінгі қашықтық $L = 1$ м болса, онда $\psi = d/L = 0,001$ рад. Жасыл жарық үшін ($\lambda = 500$ нм) $\Delta l = \lambda / \psi = 5 \cdot 10^5$ нм = 0,5 мм тең болады. Қызыл жарық үшін ($\lambda = 600$ нм) $\Delta l = 0,6$ мм. Осындай әдіспен Юнг ең алғашқы рет жарық толқындарының ұзындықтарын өлшеген, бірақ ол өлшеулердің дәлдігі аз болған.

Нақты жарық толқындары дәл монохромат болмайды. Сәуле шығарудың сипатты іргелі физикалық себептер бойынша статистикалық болады. Жарық көзінің атомдары кездейсоқ уақыт мезеттерінде бір бірінен тәуелсіз сәуле шығарады, әр атомның сәуле шығару процесі аз уақытқа өтеді ($\tau \leq 10^{-8}$ с). Жарық көзінің қорытқы сәулелері әр уақыт мезетінде көптеген атомдардың үлестерінен қосылады. τ тең уақыттан кейін сәуле шығаратын атомдардың жиіні өзгереді. Сол себептен қорытқы сәулелердің амплитудасы мен фазасы басқа болады. Нақты жарық көзінің шығаратын толқынның фазасы шамамен τ тең уақыт аралығында ғана жуықтап тұрақты болады. Ұзақтығы τ тең сәулелердің бөлек “үзінділері” **цугтар** деп аталады. Цугтың кеңістік бойынша ұзындығы $c\tau$ тең болады, c – жарық жылдамдығы. Әртүрлі цугтардағы тербелістер бір бірімен байланыспаған. Сонымен нақты жарық толқыны фазалары ретсіз өзгерегін толқындық цугтардың тізбегі болып табылады. Әртүрлі цугтардағы тербелістер **когерентті емес** болады. Тербелістер фазасы жуық шамамен тұрақты болатын τ уақыт аралығын **когеренттілік уақыты** деп атайды. Интерференция тек когерентті толқындардың қабаттасуынан пайда болады, б.а. бір цугқа қатысты тербелістердің қабаттасуынан. Осы тербелістердің әр қайсысының фазалары да уақыт бойынша кездейсоқ өзгерістерге ұшырап отырады, бірақ ол өзгерістер бірдей болады, сондықтан когерентті тербелістердің фазалар айырымы тұрақты болады. Бұл жағдайда орнықты интерференциялық бейне байқалады және өрістердің суперпозиция принципі орындалады. Когерентті емес толқындар қабаттасқан кезде фазалар айырымы уақыт бойынша кездейсоқ функция болады. Интерференциялық жолақтар ретсіз орын ауыстырып отырады және оптикалық эксперименттердегі тіркеу уақыты

когеренттілік уақытынан көн үлкен болғандықтан ($\Delta t \gg \tau$), Δt уақытында толық орташалау болады. Тіркеуші құрал (көз, фотопластика, фотоэлемент) бақылау нүктесінде екі тербелістің интенсивтіктерінің қосындысына тең $I_1 + I_2$ орташаланған шамасын тіркейді. Бұл жағдайда интенсивтіктердің қосылу заңы орындалады.


Интерференцияны бақылау әдістері [1].

Лазерлер ойлап табылғанға дейін барлық құралдарда когерентті жарық шоғын толқындарды бөлу арқылы алатын. Ол толқындар бір жарық көзінен таралып екі бөлікке бөлініп, әр түрлі оптикалық жол жүргеннен кейін бір-бірімен қабаттасу нәтижесінде интерференциялық сурет бақыланатын.




1. Юнг әдісі. Жарық S саңылаудан шығып когерентті жарық көздерінің міндетін атқаратын екі S_1 және S_2 саңылауға түседі. BC интерференциялық суреті \mathcal{E} экранда бақыланады

2. Френель айналары. S жарық көзінен шыққан жарық шашырайтын шоқ болып екі A_1O және A_2O жазық айнаға түседі. Бұл айналар аз φ бұрыш жасай орналасқан. S -тің жорамал бейнелері, S_1 және S_2 , когерентті жарық көздерінің қызметін атқарады. Интерференциялық бейне экранда бақыланады. Ал \mathcal{E} экранға жарық тікелей түспеу үшін оның алдына B бөгеті қойылған.



3. Френель бипризмы. S жарық көзінен шыққан жарық призмдан сынып өткенде екі S_1 және S_2 жорамал когерентті жарық көзінен шыққандай таралады.



Flash-CC, Java-script-бағдарлау ортасында геометриялық оптика заңдылықтарын компьютерде көрнекілеп интерактивтендіру.


Қазіргі күштің талабына сай, интернет арқылы үлкен көлемді ақпаратпен алмасу, соның ішінде анимациялық (қозғалыстағы бейнелер қатары) ақпаратпен жұмыс істеу үлкен көлемді жадыны қажет етуіне байланысты, мәліметтердің көлемін қысқартуға мүмкіндік беретін Flash технологиясын пайдалану тиімді болып табылады. [2,3,4] Flash технологиясының негізгі векторлық графикалық форматынан Shockwave Flash (SWF) құрылды. Бірақ бұл ең алғаш векторлық формат емес, SWF құрушылары ойдағыдай тапқан графиканың бейнелеу мүмкіндігі арасындағы үйлесімді, онымен жұмыс жасайтын инструментальді құралдар және қорытындысында Web – парақтарының қосылуының механизмі. SWF қосымшасының артықшылығы оның жеңіл тасымалдануында, яғни бұл формат әртүрлі аппараттық – программалық платформада қолданылады (сонымен қатар, ОЖ – сі Mac OS Macintosh компьютерлер және Windows ОЖ – мен жабдықталған IBM компьютерлері). Тағы бір SWF – тың ерекшелігі: құрылған негізгі бейнелер тек анимацияланып ғана қоймай, сонымен қатар олар қосымша интербелсенді элементтер мен аудио құрылғылардың болуына мүмкіндік туғызады. Кейбір физикалық процесстердің математикалық байланыс формулаларына сәйкес интербелсенді элементтер жасау, олардың өзгерістерін басқару, виртуалды зерттеулер жасауға мүмкіндік береді..

Интербелсенді мультимедиялық қосымшалардың тасымалдауы мен құру мүмкіндігінің күрт өсуі танымал SWF форматының Web – дизайнерлердің ортасында орындалады. Сондықтан бұл форматтың пайда болуы Macromedia фирмасында Plug_In компонентінің қоса салынған 2 негізгі желі браузері үшін құрылған: Internet Explorer және Netscape Communicator. SWF форматының тарауына

Бүкіләлемдік компьютерлік желі көп әсерін тигізді. SWF форматының танымал болуының тағы бір себебі, Macromedia фирмасы бұл форматтың жеңіл және оңай құрал – саймандармен қолданылуы. Мультимедиялық презентациялар құру үшін - Macromedia Director Shockwave Studio, ал графикалық бейнелерді салу үшін - Macromedia Freehand, Macromedia Fireworks, интербелсенді оқытушы курстарын құру үшін - Macromedia Authorwave, Macromedia Course Builder. Сондықтан да Web – публикациясының ішінде ең танымал, әрі жеңіл қолдануына ыңғайлы болып келетін - Macromedia Flash болып табылады. Macromedia Flash Web – парақтарын толық құруға және әрбір сайттың анимация–сымен безендірілуіне мүмкіндік береді. Action Script Tools – бұл Web –қосымшаларды эффективті, әрі маңызды құрылуына, оның жаңа тілдердің JavaScript сценарийіне ұқсас, Action Script және Debugger редакторының көмегімен, сонымен қатар SmartClips функциясы – элементтерінің жиі қолданылатынын шешімін құрады. Flash Mx-пен жұмыс жасағанда сіз құрылған клипті салып немесе графиканы импорттайсыз, оны жұмыс өрісінде өңдеп және монтажды сызғыш арқылы тірілту эффектісін қолданасыз (TimeLine)[4]. Бұндай клип немесе фильм интерактивті болып жасалуы мүмкін, яғни анықталған бейнелер өзгеріп және оқиғаларға әсер етеді. Бұны сіз Flash форматында экспорттап, бетін қосып, оны бетіне Веб-сервер ретінде аударасыз. Flash жүйесінде құрал- саймандармен құрылған әрбір клип немесе фильм түріне қарай түрленуі мүмкін және Интернет браузері арқылы көруге болады.

Іс жүзінде, тәжірибе қондырғысын және құралдарын компьютерде басқаратындай етіп көрнекілеу үшін компьютерлік бағдарлама көмегімен іске асыру мақсат етілген. Мысалы, төмендегідей операцияларды орындауға жазылған бағдарлама Flash-CC-ортасында орындалған [5].


ИНТЕРФЕРЕНЦИЯ ҚҰБЫЛЫСЫН ЗЕРТТЕУГЕ АРНАЛҒАН ҚОНДЫРҒЫ



Құралдарды бұру. Жарық фильтрлерінің, жалғыз саңылаудың және Юнгтің қос саңылауларының бейнелерінде маустың оң кнопкасын басып бұл құралдарды 90° градусқа бұруға болады. Жарық фильтрін (көк, жасыл, қызыл, сары) таңдау үшін жарық фильтрі аумағынды маустың сол кнопкасын басу керек. Жалғыз саңылаудың параметрлері өзгермейді. Юнг саңылауын бұрғанда параметрлер терезесі ашылады, оның ішінде саңылаулардың арасындағы қашықтық пен жарықтың толқын ұзындығын өзгертуге болады. Ол параметрлер метрмен берілген. Параметрлерді таңдаған соң “принять” деген кнопканы басу керек.

Юнг саңылауын орындық бойынша ығыстыру. Маустың көрсеткішін оптикалық орындықтағы саңылаудың бекітілген винтіне дәлдеп қояды (қол пайда болады). Маустың сол кнопкасын басып тұрып маусты оңға немесе солға ығыстырады.

Қондырғы жұмыс істеу үшін құралдардың барлығы орындықта орналасу керек және лабораторияда жарық сөніп туру керек.



Жарық интенсивтігі графигінің масштабын өзгерту. Графиктің үлкейтілген түрін көру үшін сол аумақтың жоғарғы сол жақтағы бұрышына маустың көрсеткішін қояды. Маустың сол кнопкасын басып тұрады. Көрсеткішті жоғарыдан төменге және солдан оңға қарай қажетті нүктеге дейін жылжытады. Кнопканы жібереді. Экраннан үлкейтілген бейнені көреді.

Қорытынды талдаулар. Ақпаратты технология құрамында жаңадан дамып келе жатқан сала, ол көптеген түсінуге қиын, физика, химия, биология және басқа да пәндердің тақырыптарын виртуалдап көрнекілеу [5]. Ал, осы аталған пәндерден виртуалды интерактивті зертхана жасау жұмыстары тіптен аз кездеседі, сондықтан да осы мақалада келтірілген виртуалды интерактивті зертхананы физика пәнінің оптика бөлімінің толқындық оптикадан жасау технологиясы келесі сатыдағы басқа пәндерден жасалынатын виртуалды-интерактивті зертханаларға өте актуалды. Компьютерде жасалынатын осындай зертханалық жұмыстар оқушылардың өз бетінше зерттеу қабілетін дамытып, творчестволық ізденуге жетелейді.

Жасалынған зертханалық жұмыс толқындық оптиканы игеру нәтижесінде көрнекілігі және интерактивті түрде қалауынша өзгерту арқасында, физиканың тақырыптарын түсінуге зор пайда келтіреді. Аталынған зертханалық жұмыс Еуразия технологиялық университетінің оқу процесіне ендіріліп, қолданыста пайдаланылуда.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Татенов А.М., Савельева В.В. Учебное пособие по физике для технических специальностей. Алматы, Медет групп, 2017.
2. Татенов А.М. Информационные технологии в моделировании процессов в нефтяных пластах и энергетических установках // Труды Международной конференции «Высокие технологии - залог устойчивого развития».- Алматы: КазНТУ, 2011.- С.312-315.
3. Дронов В. Macromedia Flash MX. Экспресс-курс; БХВ-Петербург - Москва, 2003.-344с.
4. Никифорова Н. Г., Федоровская Р. А., Никифоров А. В. Работа в среде MacromediaFlash5; ИВЭСЭП-Москва, 2008.- 899 с.
5. Tatenov A.M., Askarova Sh.M. Virtual and Interactive Information Technology in Modeling Researches of Processes of Applied Problems of a Science. World Applied Sciences Journal, -30.(Management, Economics, Technology), 2014.pp.-144-148. ISSN.1818-4952.

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Т.Ғ.К. Н.Д.ЗАУРБЕКОВА*
2 курс магистранты А.НЫШАН

Түйіндеме:

Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұсы - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Үшінші (негізгі) деңгей бағдарламасындағы жаңаша білім алу үрдісі оқытушы мен оқушыны шығармашылықпен жұмыс жасауға итермелейді. Жаңартылған білім беру бағдарламасы - озық технологиялардың барлық қыр-сырларын білуге жетелейді.

Тірек Сөздер: жаңартылған білім беру бағдарламасы, модуль, физика.

THE ARTICLE DISCUSSES THE GOALS, OBJECTIVES, FEATURES OF THE NEW PROGRAM IN SECONDARY EDUCATION

Abstract:

School is a learning environment and her heart is a teacher. Features in the work of the teacher innovator-his ability to diversify the lesson, to find a way in the heart of the individual. The process of learning the new program of the third (main) stage requires search methods in the learning process not only from the teacher, but also from the students. To implement a new training program, it is necessary to know advanced technologies.

Keywords: education reform program, module, physics.

КІРІСПЕ

«Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек. Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс, оларды оқыту нәтижесі сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру қажет» [ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауы, 2012].

Н.Ә. Назарбаев

Білім беру стандартына сәйкес Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіне жанартылған бағдарлама енгізілуде. Жанартылған оқу бағдарламасы Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың нұсқаулығымен білім беру жүйесін жанарту мәселесін қолға алынып отыр. Осы нұсқаулық негізінде барлық аймақтардағы мектеп мұғалімдерін жанартылған бағдарлама аясында оқытуда.

Қазақстанның өркендеуі, болашағының кемел болуы, гүлденуі қазіргі жастарға, олардың білім деңгейі мен бәсекеге қабілеттілігіне тікелей байланысты. Бүгінгі таңдағы ең басты мақсат – жан-жақты дамыған, алдыңғы қатарлы елдермен теңесу. Ал оған жетудің басты жолдарының бірі–әлемдік білім кеңістігінен орын алу. Мұның өзі ұлттық білім беру жүйесінің даму бағыттарын айқындап, оны тың арнаға, жаңа сапаға жеткізу қажеттілігін міндеттейді. Осыдан шығатын нәтиже - білім мазмұнын байыту, оқыту үдерісін жетілдіру, инновациялық технологияларды дүниеге әкелу, жан-жақты дамыған, рухани бай, өз елін, халқын жанымен сүйетін тұлға қалыптастыру өз шешімін қажет ететін, кезек күттірмей, іс жүзіне асыратын мәселе болып отыр. Ал бұл мәселені шешу білім берудің жаңа сапасына көшуді талап етеді. Мемлекетіміздің болашағы бүгінгі мектептегі жас буын өкілдерінен басталады және оларға талап қою арқылы дамыған алдыңғы қатарлы отыз елдің қатарына кіру басты мақсатымыз. Ел тағдыры болашақ жастарымыздың қолында, осы мақсатта «100 балабақша, 100 мектеп» бағдарламасы бойынша көптеген жаңа нысандар салынып жатыр.

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, nurbike_zh@mail.ru

Қазіргі кезде білім беру жүйесінде дәстүрлі педагогикалық, әдістемелік және дидактикалық жүйелерге қарағанда оқытудың жаңа технологияларын пайдалану барған сайын неғұрлым үлкен мәнге ие болуда. Жаңа оқыту технологияларын білім беруге пайдаланудың тиімділігі бірнеше компоненттерден құралады, олардың ең негізгілері денсаулық сақтаушы орта және топ, ұжымдағы қарым-қатынастың нәтижелілігі және білімді бағалауды қамтитын, яғни оқыту үдерісінің тиімділігін арттыратын технологиялар болып табылады.

Заманауи жаңа педагогикалық міндеттердің, дағдылы көзқарастардың пайда болуының келесі елеулі негіздері бар.

Біріншіден, білім беру кенеттен постиндустриалдық қоғам саясатына сай көпшілік сипат алуына және пайдаланушы сұранысының артуына орай берілетін білім деңгейінің сапасын жақсартылуды талап етеді.

Екіншіден, жаңа оқу саясатының қалыптасуы адамзат өмірінің барлық саласында, оқытудың әдіс-тәсілдері мен оқыту құралдарында көрініс табады. Былайша айтқанда, қазіргі заманғы педагогикалық парадигма танымның гуманистік-рефлексивтік әдістері түріндегі ғылыми дүниетанымдық көзқарасқа негізделеді.

Үшіншіден, қазіргі заманғы ақпараттық құралдар мен телекоммуникация құралдары білім алушыларға әр пәннің күрделілік дәрежесі мен олардың өмірге көзқарасы сабақтастығын анықтап, болашағын таңдауға мүмкіндік береді.

Заманауи мұғалімнің басты мақсаты – инновациялық педагогикалық технологияларды меңгеру, оны өз тәжірибесінде пайдалану. Болашақ мұғалімдердің инновациялық белсенділігіне олардың осы технологияларды күнделікті іс-тәжірибесінде ұтымды қолдана алуын, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды өзінің кәсіби іс-әрекетінде орынды пайдалана білуін және т.б. жатқызуға болады.

Білім беруді дамытудың қазіргі тенденцияларынан туындайтын оқытуды модернизациялау талаптарымен қатар, педагогикалық жоғары оқу орындарында оқу курстарындағы физикалық құбылыстарды, процестер мен заңдылықтарды қарастырғанда, оларды зерделеудегі мазмұндық және әдіснамалық сабақтастықты қамтамасыз ету қажеттілігі дәстүрлі түрде өзекті болып қала береді. Педагогикалық жоғары оқу орындарының оқыту үдерісіне талдау жасау, оқу материалын формальді түрде баяндау мен студенттердің оқу-зерттеу әрекетін алгоритмдеу пәннің физикалық мәнін түсінуден гөрі дайын білімді меңгеру мен дағдылар санын арттыруды алға шығарады. Алайда, физикадан білім берудің қазіргі тенденциялары үздіксіз өзгеріп отырған көпфакторлы жағдайларда кәсіби және әлеуметтік қызметті үздік ұйымдастыру үшін білім алушылардың өзіндік әлеуетін анықтай алуына, коммуникативтік қабілеттерін қалыптастыруға қарай бағытталған.

Физика өзінің іргелілік сипаты мен қолданбалылық маңызына байланысты базалық оқу пәндерінің бірі болып табылады. Эксперименттік және теориялық физиканың жетістіктері табиғатты танып білудің және оның құбылыстарының заңдылықтарын түсінудің негізі ретінде қызмет етеді, ал қолданбалы физикалық зерттеулердің көрнекті нәтижелері ғылымның осы мүмкіндіктерін адамның практикалық қызметінде мақсатты түрде пайдалануды қамтамасыз етеді.

Физиканы оқытуда заманауи білім беру технологияларының мүмкіндіктерін жүйелі түрде пайдалану оқытушыларда заманға сай тәжірибенің жоқтығынан, ақпараттық мәдениеттің жеткіліксіздігінен және әлемнің ақпараттық бейнесі мен ондағы адамның орны туралы көзқарастың қалыптаспауынан кешеуілдеп отыр [ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2016ж.].

Педагогикалық қызметтің инновациялық бағыттылығы – білім берудегі оқытушылардың кәсіби қызметінің көрсеткіші іспеттес. Жаңа енгізілген әдістеме немесе инновация адамның кәсіби қызметінің барлығына тән болғандықтан, ол зерттеудің, талдаудың және тәжірибеге енгізудің нысанына айналды. Бұл маңызды мәселе, әсіресе, педагогикалық жоғары оқу орындарында болашақ физика мұғалімдерін кәсіби бағытта даярлау үшін құнды. Аталмыш мәселе көптеген ғылыми зерттеулерге негіз болды.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар, өзгерістер мен жаңалықтар қауымның әрбір педагогының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен, жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болып отыр. Қазіргі қоғамда оның дамыған ақпараттық мәдениеті мен ақпараттық білім беруді ұйымдастыру аса маңызды болып табылады. Оқу – тәрбие үрдісінде оқушылардың оқу – танымдық белсенділіктері мен оқуға деген көзқарастары өз дәрежесінде емес. Осы проблеманы жаңа ақпараттық технологияны тиімді пайдалану арқылы шешуге болады. Олардың құзыреттіліктерін қамтамасыз ету үшін электрондық оқыту жүйесін пайдаланушыларды ұйымдастыру және даярлау, сонымен қатар, олардың біліктілігін арттыру қажет» деп көрсетілген [ҚР Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, 2012 ж].

Бүгінгі күн білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериялды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ – ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) қолдану болып табылады.

Білім берудің жаңа бағдарламасы бойынша оқушылардың білімін критериялды бағалаудың тәртібі бекітілген. Критериялды бағалау жүйесі негізгі баға мен жиынтық бағадан тұрады. Қолданылатын жиынтық баға екі факторға тәуелді, яғни, оқушы пәннің қандай да бір бөлімін немесе ортақ тақырыпты оқып бітірген соң бір баға, ал тоқсан аяғында жалпы пәнді игеруіне байланысты екінші баға қойылады. Білімі балл түрінде және дәстүрлі баға түрінде бағаланады. Ал, жарты жылдық пен жыл соңында оқушыдан сынақ алынады. Осылайша, бір бөлімді игеруіне және тоқсандағы біліміне қатысты балаға 50% де 50% принципі бойынша қорытынды жылдық баға қойылады. Аталған әдістеме оқушыларды еркіндікке, өз ойын толық жеткізуге мүмкіндік береді, білімді өзі іздеп табуға үйретеді.

Жаңартылған білім мазмұны арнайы кестеге сәйкес кезең-кезеңмен енгізіледі. 2020 жылға қарай 12 жылдық құрылыммен жаңартылған білім мазмұнына көшу барлық сыныптарда аяқталады.

Жаңартылған бағдарлама – мұғалімдердің тиісті педагогикалық тәсілдерді қолдана алатын нәтижелерге қол жеткізетін негізгі құрал болуы керек. Оның мақсаты - білім алушылардың оқу нәтижелерін жетілдіру. Орта білім мазмұнын жаңартудың көптеген компоненттері, соның ішінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы осы мақсатқа бағытталған. Қазіргі заман талабына сай ұрпақтарымызды парасатты да, білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеп, олардың дүниетанымын адамзаттық деңгейде дамытатын болсақ, алға қарай жылжуымыз қажет, мектептер түбегейлі өзгеруі тиіс және жаңа жүйеге көшу керек. Ұстаздар алдындағы міндет: ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес оқушыдан білімі терең, іскер және ойлауға қабілетті, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Мұндай талапқа сай қызмет істеу үшін ұстаз кәсіби білікті әрі үздіксіз ізденісте болуы тиіс.

Жаңартылған білім беру бағдарламаларының мазмұндық ерекшеліктері:

– пән мазмұнын жобалаудың күрделілік ұстанымы, яғни білім мен біліктерді арттыруда оқу материалын тігінен, сондай-ақ көлденеңінен біртіндеп кеңейту (білімді тақырыптар бойынша және сыныптар бойынша күрделендіру);

– таным заңдылығы мен пәндік операциялардың неғұрлым маңызды түрлері бойынша ойлау дағдысының деңгейлік жіктелімдеріне негізделген Блум таксономиясы бойынша оқыту мақсаттарының иерархиясы;

– білім беру деңгейлері және тұтас оқыту курсы бойынша педагогикалық мақсаттардың пәнішілік байланыстарды барынша ескеруге мүмкіндік беру;

– бір білім саласы пәндері арасында, сондай-ақ пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру барысында «ортақ тақырыптардың» болуы;

– бөлімдер мен ұсынылған тақырыптар мазмұнының уақыт талабына сәйкес болуы, әлеуметтік дағдылардың қалыптасуына назар аудару;

– оқу процесін ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарлар түрінде технологияландыру болып табылады (Ұлттық білім академиясы, 2016).

Оқушылардың әлемдегі жаратылыстанымдық-ғылыми бейнесін тұтастай қабылдау, ғылыми көзқарастарын қалыптастыру, бақылау қабілеттерін дамыту және табиғат құбылыстарын талдау және таңдау арқылы өмірге қажетті практикалық есептердің шешімдерін таба білуге дағдыландыру «Фи–зика» пәнінің мақсаты болып табылады. Осы мақсатқа сәйкес физика пәнін оқытудың негізгі міндеттері:

– оқушылардың әлемнің қазіргі физикалық бейнесінің негізінде жатқан заңдылықтар мен принциптер туралы білімді алуына, табиғатты танудың ғылыми әдістерін меңгеруіне ықпал ету;

– оқушылардың зияткерлік, ақпараттық, коммуникативтік және рефлексиялық мәдениетін дамытуға; физикалық экспериментті орындау және зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдыларын дамыту;

– оқу және зерттеу қызметіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;

– алынған дағдыларды табиғат ресурстарын пайдалануда және қоршаған ортаны қорғауда, адамды және қоғамды қауіпсіз өмір сүрумен қамтамасыз етуге қолдану.

Оқушыларды оқытудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз етуде мұғалімдердің қолданатын педагогикалық әдістемелерінің маңызды зор. Осы орайда, Хэтти (Hattie, 2011) білім беру шараларының оқушыларға әсерін талдау үшін 9000-нан аса метаталдау әдісін пайдаланып, 60155 педагогикалық зерттеу жүргізген. Мұғалімдер пайдаланатын әдіс-тәсілдер оқудың тиімділігіне елеулі әсерін тигізеді. Педагогикалық әдістемелерді жетілдірмей тұрып, білім беру бағдарламасын өзгерту білім беру стандарттарына қатысты реформалау шараларының мүмкіндіктері мен нәтижелілігін төмендетіндігіне көз жеткізген.

ҚОРЫТЫНДЫ

Білім және ғылым министрлігі биылғы жылы жаңа реформаны «Білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» жүзеге асырамыз деп жоспарлаған. Бағдарламада мектептердің бес күндік оқу аптасының енгізілуі, білім берудің үштілді жүйесіне көшу және оқу жылының ұзартылуы сияқты өзгерістер енгізілді. 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатындағы жаңартылған білім мазмұнына кезең-кезеңмен көшу жұмыстарын бастады. Жаңа оқу жылынан бастап еліміздің барлық мектептеріне Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесі бойынша жаңартылған білім мазмұны бірінші сыныптан бастап енгізілді. Үш тілде оқыту жүйесі жоғары сыныптан басталады, ағылшын тілінде өтетін пәндер жоғары сыныптарда енгізіледі [6]. Оның өзі 2019 жылдан басталады деген жоспар бар. Биылғы өзгеріс - бірінші сыныпқа арналған бағдарламаның мазмұны басқа болмақ. Егер бұрын белгілі дәлелдерді, жаңа тақырыптарды оқушыға мұғалім жеткізген болса, енді жаңа тақырыптарды түсіну үшін бала өзі ізденеді. Бұл қызық әрі оқушы үшін жемісті болады деп ойлаймын. Бұрын мұғалім жалғыз ақпарат көзі деп есептелсе, қазір балалардың көп ақпарат алуына мүмкіндік бар. Мұғалім оқу процесін қадағалап отырушы болмақ, ол да оқушымен қатар ізденіс жұмыстарымен айналысады. Мұғалімдердің білімін жетілдіру мақсатында «Өрлеу» және тағы басқа біліктілікті арттыру орталықтарында курстардан өтіп, білім берудің жаңа түрлері мен әдістерін жаңартуымыз қажет. Ал бұл міндеттерді жүзеге асыру оқытушылардың басты міндеті.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы (14.12. 2012 ж.) Астана
Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. №319-III ҚРЗ, // Астана. 27.07.2007 ж.
2. Қазақстан Республикасының Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. № 1080 қаулысы 23.08.2012 ж.
3. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» // Астана. 31.01.2017 ж.
4. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, «Физика» пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдаламасы; НЗМ, ДББҰ; ПШО, 2016.
5. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Астана қ., 2016ж.
6. «Орта білім беру мазмұнын жаңарту бағдарламаның ерекшеліктері», «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚБАИ.

UNPREDICTABLE SOLUTIONS FOR LINEAR DIFFERENTIAL EQUATIONS

Madina TLEUBERGENOVA^{a,c}

Candidate of Physical and Mathematical Sciences, Associate Professor

Roza SEILOVA^{b,c}

Candidate of Physical and Mathematical Sciences, Associate Professor

Akylbek ZHAMANSHIN^{a,c}

PhD student

Abstract:

In the paper the problem of existence and uniqueness of the unpredictable solution for a non-homogeneous linear system of ordinary differential equations is considered. The hyperbolic case is under discussion. New properties of unpredictable functions are discovered. The presence of the solutions confirms existence of Poincare chaos. Simulations illustrating the chaos are provided.

Keywords: *Unpredictable solutions, Poincare chaos, Differential equations.*

INTRODUCTION

The concept of the unpredictable functions was introduced in the paper [1]. The description of the functions relies on the dynamics of unpredictable points first time determined in paper [2,3]. Considering unpredictable points the authors extended boundaries of the theory of classical dynamical systems, which were founded by H. Poincare and G. Birkhoff. The definition in [1] considers the functions as points of the Bebutov dynamics [7]. The metric of the dynamics is not convenient for applications in theory of differential equations. This is why, in paper [4], it was suggested to utilize the topology of uniform convergence on compact subsets of the real axis. This proposal possibly is most effective for methods of qualitative analysis. The article [4] is devoted to research of sufficient conditions for existence of unpredictable solutions of quasilinear differential and discrete equations, when matrices of coefficients admit all eigenvalues with negative real parts.

Our present study has two principal novelties with respect to the previous results in the field. The first one is that we consider hyperbolic case, when the eigenvalues can admit both positive and negative real parts. In particular, the unpredictability investigation request more deep analysis, than for the stable matrix of coefficients. The second is that we propose more simple and comprehensible proof of the unpredictability property this time. This make our paper to be interesting not only from the theoretical but methodological point of view. As it is confirmed in all papers by Akhmet and Fen [1]-[4], the proof of existence of unpredictable solutions simultaneously means existence of Poincare chaos. That is, unpredictable solutions are “irregular”. This makes the subject attractive for applications. Finally, we consider new properties of the functions. Sufficient conditions are defined such that a linear transformation of an unpredictable function is unpredictable, and it is proved that the sum of an unpredictable function and a periodic function is an unpredictable function.

The main object of the present paper is the following system of linear differential equations,

$$x'(t) = Ax(t) + g(t), \quad (1)$$

where $x \in R^n$, n is a fixed natural number and R is the real axis. Moreover, we assume that A is a constant

real valued $n \times n$ matrix and all eigenvalues of the matrix have nonzero real parts and the function $g: R \rightarrow R^n$ is uniformly continuous and bounded.

It is known that looking for oscillations to the equation (1) one can consider $g(t)$ to be a constant, periodic, quasi-periodic, almost periodic function. They are most popular for applications. One can prolong the line with recurrent and Poisson stable functions. For the functions the following diagram is valid,

$$E \subset P \subset AP \subset R \subset PS,$$

^{a,c}Aktobe Regional State University, Aktobe, Kazakhstan, madina_1970@mail.ru; akylbek78@mail.ru

^{b,c}Baishev University Aktobe, Aktobe, Kazakhstan, roza_seilova@mail.ru

^{a,c}Institute of Information and Computational Technologies, Almaty, Kazakhstan.

where E, P, AP, R , and PS are sets of equilibriums, periodic, almost periodic, recurrent and Poisson stable functions respectively.

The proposal of unpredictable functions by Akhmet and Fen in [2]-[4] extends the diagram to the following one,

$$E \subset P \subset AP \subset R \subset PS \subset U, \quad (2)$$

where U denotes the set of all unpredictable functions.

In the paper, we will make use of the usual Euclidean norm for vectors and the norm induced by the Euclidean norm for square matrices.

We use the next definition.

Definition 1. A uniformly continuous and bounded function $v: R \rightarrow R^n$ is unpredictable if there exist positive numbers ε_0, δ and sequences $\{t_p\}, \{u_p\}$ both of which diverge to infinity such that $\|v(t + t_p) - v(t)\| \rightarrow 0$ as $p \rightarrow \infty$ uniformly on compact subsets of the axis and $\|v(t + t_p) - v(t)\| \geq \varepsilon_0$ for each $t \in [u_p - \delta, u_p + \delta]$ and $p \in N$.

We will call the convergence of the function's shifts on compact subsets as *Poisson stability* and the existence of the number ε_0 as *unpredictability property* of the function. Thus, a function is *unpredictable*, if it is *Poisson stable* and admits the *unpredictability property*.

It deserves to mention that a large number of results are obtained for periodic, quasi periodic and almost periodic solutions due to the mathematical and application circumstances. Much more less papers exist for recurrent and Poisson stable solutions [5,7]. The proposal by Akhmet and Fen can revive interest of specialists in differential equations theory to the whole spectra in (2). There are two reasons for that. The first one is a methodological, since the verification of the unpredictability request more developed technique than for recurrent and Poisson stable solutions. Another crucial reason is that the presence of unpredictable solutions is necessarily accompanied by existence of chaos, which is called *Poincare chaos* in papers [2]-[4]. Consequently, the research of differential equations with unpredictable solutions will definitely help to activate study and applications of chaos.

Assume that $Re \lambda_i < 0, i = 1, 2, \dots, m$, and $Re \lambda_i > 0, i = m + 1, \dots, n, 1 \leq m < n$, where $\lambda_i, i = 1, \dots, n$, are eigenvalues of the matrix A . It is known that one can find a regular matrix B such that the transformation $x = By$ changes the system (1) to the equation

$$y' = B^{-1}ABy(t) + B^{-1}g(t), \quad (3)$$

with the diagonal matrix of coefficients. This is why, without loss of generality one can assume that the matrix A is equal to $\text{diag}(A_-, A_+)$, where eigenvalues of matrices A_- and A_+ are with negative and positive real parts respectively. From the equation (3), it implies that the following auxiliary assertions will be needed.

Lemma 1. The function $f(t) = B^{-1}g(t)$ is unpredictable.

Lemma 2. Assume that $g(t)$ is an unpredictable function, and a function $f(t)$ is continuous and periodic. Then the sum $g + f$ is an unpredictable function.

In what follows we will denote $g = (g_-, g_+)$, where vector-functions g_- and g_+ are dimension m and $n - m$ respectively.

As is known from the theory of differential equations, the system (1) under the conditions admits a unique bounded on R solution where

$$\varphi_-(t) = \int_{-\infty}^t e^{A_-(t-s)} g_-(s) ds, \quad \varphi_+(t) = - \int_t^{-\infty} e^{A_+(t-s)} g_+(s) ds, \quad (4)$$

if the function $g(t)$ is bounded. The solution is periodic, quasi-periodic or almost periodic if the perturbation function g is of the type respectively.

The following theorem is the main result of our paper.

Theorem 1. If all eigenvalues of the matrix A admit non-zero real parts, and the function $g(t)$ is unpredictable, then the system (1) possesses a unique unpredictable solution. If additionally, all the eigenvalues are with negative real parts, then the unpredictable solution is uniformly asymptotically stable.

The next example is taken from [4].

Let us denote $\{\varphi_i\}, i \in \mathbf{Z}$, an unpredictable solution of the logistic map

$$\lambda_{i+1} = \mu \lambda_i (1 - \lambda_i), \quad (5)$$

where $i \in \mathbf{Z}$ and with $\mu = 3.91$ inside by the unit interval $[0, 1]$, and consider the function

$$\Theta(t) = \int_{-\infty}^t e^{-2(t-s)} \Omega(s) ds, \quad (6)$$

where the function $\Omega(t)$ is defined by $\Omega(t) = \varphi_i$ for $t \in [i, i + 1]$, $i \in \mathbf{Z}$. It can be verified that the function $\Theta(t)$ is the unique globally exponentially stable solution of the differential equation

$$\vartheta'(t) = -2\vartheta(t) + \Omega(t).$$

Moreover, $\Theta(t)$ is bounded on the whole real axis such that $\sup_{t \in \mathbf{R}} |\Theta(t)| \leq \frac{1}{2}$, and it is uniformly continuous since its derivative is bounded. In [4] it was proven that the function $\Theta(t)$ is unpredictable one.

It is still difficult to simulate this unpredictable solution, but there is chaos because of unpredictability, and this is why in what follows we visualize the chaotic behavior.

Let us take into account the differential equation

$$\vartheta'(t) = -2\vartheta(t) + \tilde{\Omega}(t), \quad (7)$$

where the function $\tilde{\Omega}(t)$ is defined by $\tilde{\Omega}(t) = \lambda_i$ for $t \in [i, i + 1]$, $i \in \mathbf{Z}$, in which $\{\lambda_i\}$, is the solution of (5) with $\lambda_0 = 0.4$.




Figure 1. Chaotic behavior of equation (7). The initial data $\vartheta(0) = 0.37$ is utilized.

We depict in Figure 1 the solution of (7) corresponding to the initial data $\vartheta(0) = 0.37$. The choice of the parameter $\mu = 3.91$ of the logistic map (5) and the value $\lambda_0 = 0.4$ were considered for shadowing in the paper [8]. It is seen in Figure 1 that the dynamics of (7) is chaotic, and this supports that the function $\Theta(t)$ is unpredictable.

Acknowledgement

The authors were supported in parts by the MES RK grant No. AP05132573 "Cellular neural networks with continuous/discrete time and singular perturbations." (2018-2020) of the Committee of Science, Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

The authors thank Marat Akhmet for his valuable consultations.

REFERENCES

- Akhmet m, fen mo. *poincare chaos and unpredictable functions*. commun nonlinear sci nummer simulat2017;48:85-94
- Akhmet m, fen mo. *unpredictable points and chaos*. commun nonlinearsci nummer simulat 2016;40: 1-5.
- Akhmet m, fen mo. *existence of unpredictable solutions and chaos*.turk jmath2017;41:254-66.
- Akhmet m, fen mo. *non-autonomous equations with unpredictable solutions*. commun nonlinear sci nummer simulat (59)2018;657-670.
- p.r. bender. recurrent solutions to systems of ordinary differential equations. j. differential equations, 5 (1969),271-282.
- c.corduneanu. *principles of differential and integral equations*. chelsea publishing co., bronx, nj,1977.
- grsell. *topological dynamics and ordinary differential equations*. london: van nostrand reinhold company;1971.
- s.m. hammel, j.a. yorke, c. grebogi. do numerical orbits of chaotic dynamical processes represent true orbits? j. complexity 3 (1987) 136– 145.

VII-СЕКЦИЯ.

ТҮРКІ ТІЛДЕС МЕМЛЕКЕТТЕРДЕГІ ГЕНДЕРЛІК БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

КІШІ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНДА ГЕНДЕРЛІК СӘЙКЕСТІКТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Пс.ғ.к., аға оқытушы **Л.К.ЕРМЕКБАЕВА***
психология магистрі, аға оқытушы **М.И. БАГИБАЕВА**

Түйіндеме:

Бұл мақалада кіші мектеп оқушыларындағы гендерлік сәйкестіктің қалыптасуының психологиялық ерекшеліктері мен осы үрдіске жақын қоршаған ортаның ықпал ету мүмкіндіктері қарастырылған.

Гендерлік сәйкестік отбасы мүшелері мен жақын айналадағылармен сәйкестенуінің әсерінен; өзінің және қарама-қарсы жыныстағы құрбыларымен қатынастарынан, қоғамның орнатқан әлеуметтік-мәдени күтулері мен дәстүрлерінен қалыптасатын тұлғаның жүйелік қасиетін бейнелейтін ерекше құрылым.

Гендерлік сәйкестіктің қалыптасуы қыздар мен ұлдарда бірыңғай жүйемен жүреді, бірақ сапалық өзгешелігімен ерекшеленеді. Гендерлік сәйкестіктің қалыптасуының маңызды шарты, баланы ата-анасымен ұқсастыру болып табылады. Сонымен, қыздарды тәрбиелеу жағдайлары, олардың өзін сол жыныстағы ата-анасымен (анасы, әжесі) ұқсастыру едәуір жеңіл болғандықтан, қоғамның, жақын ортасының үміт артуы, айрықша құндылықтарды меңгеру және мінез-құлыққа қойылатын талаптар (тіл алу, тәуелді болу) бір-біріне қайшы келмейді.

Ұлдарда гендерлік сәйкестіктің қалыптасу үдерісі, екі жыныстағы балаларға фемининдік ортаның қоятын талабы (бағыныштылық, тіл алғыштық) мен қоғамның оларда нақты психологиялық қасиеттер (белсенділік, бәсекелестік, көшбасшылық) жиынтығы көріністерінің маскулиндік үміттері арасындағы ұдайы болып тұратын қайшылықтармен жүріп отырады. Осы жастағы баланың барлық өмірі айрықша қамқорлығында болатын анасына деген эмоциялық бауыр басуының маңызды рөлін атап өткен дұрыс.

Сонымен, екі жыныстағы балалардың гендерлік сәйкестігінің қалыптасуы сапалы өзгешеліктермен, ұлдарда «гендерлік құндылықтар шиеленісін» бастан кешіру үшін алғышарттардың болуымен және қыздардың әлеуметтенуінің анағұрлым икемді контекстімен ерекшеленеді.

Түйін сөздер: *гендер, сәйкестік, кіші мектеп оқушы кезеңі, таптаурын, маскулинді, фемининді, андрогинді.*

PSYCHOLOGICAL PECULIARITIES OF FORMING GENDER IDENTITY IN YOUNG SCHOOL AGE

Abstract:

The distinctive patterns of ideas, beliefs, and norms which characterize the way of life and relations of a society or group within a society. Culturally determined gender ideologies define rights and responsibilities and what is appropriate behavior for women and men.

The Gender Roles framework focuses on describing women's and men's roles and their relative access to and control over resources. Sex refers to the biological characteristics that categorize someone as either female or male; whereas gender refers to the socially determined ideas and practices of what it is to be female or male. That's why boys are not sufficiently emotionally stable and strong, and girls comes humility, gentleness, tolerance.

These are intended to help you explore some of the key ideas and issues in Gender and Development and their implications for policy and practice. The succinct explanations here are neither comprehensive nor definitive.

Gender analysis is a valuable descriptive and diagnostic tool for development planners and crucial to gender mainstreaming efforts. The methodology and components of gender analysis are shaped by how gender issues are understood in the institution concerned.

Specially, men's productive roles have been ignored or under-valued, particularly in the informal sector and subsistence agriculture. This has led to misconceived development projects; for example the services of extension agents and agricultural inputs being targeted at men. Because women's labor is undervalued, it is often assumed by mainstream development policies to be infinitely elastic. For example, policy makers expect that women can take on roles previously fulfilled by public services, such as care for the sick and elderly, when cutbacks are made. The use of the psycho-pedagogical programme for the

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, l.ermekbaeva@mail.ru

formation of a gender-parity shows the socially determined ideas and practices which define what roles and activities are deemed appropriate for women and men.

Key words: *gender, identity, junior school age, stereotypes, masculine, feminine, androgynous.*

Қазіргі қоғам жыныстар арасындағы қарым-қатынастарда құндылық-адамгершілік бағдарлардың өзгеруімен сипатталады, қоғамымызда әйелдер мен ерлердің әлеуметтік рөлдері ауысып, жыныстардың бір-бірінен айырмашылығы жойылып бара жатқаны, қыздардың өшпенділігін, ұлдардың үрейін ушықтыратын жағымсыз ақпараттық ортаның әсері байқалады. Осыған байланысты кіші мектеп оқушыларының гендерлік сәйкестігін зерттеу, оның қалыптасу ерекшеліктерін анықтау қажеттігі туындайды.

Жыныстық-рөлдік сәйкестік пен әлеуметтену мәселелеріне көңіл бөлмеудің салдарынан қазіргі қоғамда көптеген проблемалар пайда болды. Шынымен де, назар аударар болсақ, «жыныссыз» педагогика мен психологияның нәтижелері көп күттірген жоқ: ұлдардың бойында ерлерге тән орнықтылық, батылдық, табандылық сияқты қасиеттер жойыла бастаса, қазіргі қыздардың бойында нәзіктік, ибалық, жұмсақтық, ұстамдылық жетіспейді. Сондықтан назарымыздан тыс қалған гендерлік мәселелермен арнайы айналысу бүгінгі күннің талабы болып отыр.

Аталмыш мәселенің зерттелу жай-күйіне тоқталар болсақ, гендерлік сәйкестік проблемасы біршама жаңа болғанына қарамастан, бұл салада жүргізілген біраз эксперименталды және теориялық зерттеулер (Ш.Берн [1], Л.Игли, К.Бьерквист, К.Дьюкс, Д.Фаррингтон, К.Уэст, Л.В.Попова, Е.А. Здравомыслова, А.А.Темкина [2], У.А.Воронина, Л.П.Репина және т.б.) бар екендігін айтуымыз қажет.

Қазіргі кезде гендерлік сәйкестікті қалыптастыру тақырыбына арналған бірқатар теориялар мен тұжырымдамалар бар: дұрыс гендерлік сәйкестікті меңгерудің әлеуметтік үлгілерін (модельдерін) пайдаланатын жыныстық-рөлдік әлеуметтену теориясы (R.W.Concill, J.Slacey and B.Thorne); гендерлік таптаурынның қалыптасуын баланың жалпы зияткерлік дамуымен байланыстыратын теория (Л.Колберг, И.С.Кон [3]); ересектердің ұлдардың ер мінезін және қыздардың нәзік қыз мінезін мадақтауы негізінде гендерлік сәйкестікті қалыптастыру теориясы (Я.Л.Коломинский, М.Мелтсас [4]); тұлғаның психикалық жынысын қалыптастыру теориясы (В.С.Агеев, Т.А.Репина [5], Y.Tajfel, J.Turner, Б.Я.Ядов) және т.б.

Аталған авторлардың көпшілігі гендерлік сәйкестікті тұлға сәйкестігінің ішкі құрылымдарының бірі деп санайды. Гендерлік сәйкестікті адамның өзін-өзі танып-білуі, өзін-өзі сезінуі, әйелдер немесе ерлер тобына жатқызуы тұрғысынан сипаттап, әлеуметтік және мәдени үлгілерді, мінез-құлық ережелері мен қалыптарын меңгеру негізінде қалыптасатын және рөлдік аспектімен қатар тұтас адам бейнесін қамтитын феномен ретінде қарастыруға болады.

Қазіргі кезде мектепте білім беру саласында гендерлік теорияны пайдалану қажеттігі туындап отыр, өйткені бұл теория бала тұлғасының табысты дамуына кедергі болатын таптаурындарды жоюды және баланың жеке қызығушылықтары, қажеттіліктері мен құндылықтарына негізделген әлеуметтік мінез-құлық үлгілерін қалыптастыруды көздейді.

Кіші сынып оқушылары алдыңғы жас кезеңімен салыстырғанда осы қоғамда қалыптасқан қарым-қатынастар жүйесінде ерекше орын алады. Өйткені нақ мектеп алды жасында балалардың мінез-құлық ережелері, құқықтары мен міндеттерін саналы меңгеру үдерісі белсенді жүреді, үлкендердің берген бағасының ықпалымен балалардың қағидалы білімдері мен адамгершілік сезімдері жүйелі қалыптаса бастайды. Бала рөлдік мінез-құлқын іске асыру барысында өзін танытуға тырысады.

Осы аталған жағдайлар кіші мектеп оқушыларында гендерлік сәйкестіктің қалыптасуының психологиялық ерекшеліктерін зерттеу өзектілігін анықтайды.

Зерттеу мақсаты – кіші мектеп оқушыларында гендерлік сәйкестіктің қалыптасуының психологиялық ерекшеліктерін және осы үрдіске жақын қоршаған ортаның ықпал ету мүмкіндіктерін анықтау.

Эмпирикалық зерттеу Алматы облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласының №2 А.В.Луначарский атындағы мектеп-гимназиясының 1-3 сынып (7-9 жас, 42 бала) оқушыларына жүргізілді.

Кіші мектеп оқушыларында жеке гендерлік сәйкестік типінің қалыптасуы туралы ақпараттар жинау барысында Л.Холл және Х.Халберштаттың «Гендерлік жеке қасиеттер бойынша балаларға арналған сұрақнама» әдістемесі қолданылды.

1-3 сыныптың ұлдары мен қыздарында гендерлік сәйкестіктің андрогиндік және фемининдік типтері басым болып табылады. Аталып өткендей, жалпы гендерлік сәйкестіктің андрогиндік типі маскулиндік және фемининдік белгілердің тепе-теңдігімен сипатталады. Жалпы гендерлік

сәйкестіктің феминдік типтегі ұлдар мен қыздардың жоғары пайыздық қатынасын, сонымен қатар, барлық ұлдардың 3,3% сәйкестіктің маскулиндік типіне ие болуын ескере отырып, кіші мектеп оқушыларының барлығы феминдік құндылықтарға (тұлғалық, әлеуметтік) бейімделуін тұжырымдауға болады. Жоғарыда аталғандарды жалпылай келе, көбінесе, ұлдардың өзін-өзі сипаттауында көрінетін, белгілі бір «гендерлік құндылықтар шиеленісі» ерекшеліктерін тудыратын феминдік тип пен бастауыш мектеп оқушыларын оқыту (анасы мен оқытушы әйел беделінің әсері) құндылықтарының жағымды ықпалының айрықша рөлін атап өткен жөн.

Жақын қоршаған ортаның гендерлік таптаурындары, баланың жеке гендерлік сәйкестігінің қалыптасуына қалай әсер ететінін түсіндіру үшін, біздер Ф.И.Захаровтың жақын ортадағы ересекпен баланы сәйкестендіру типін болжайтын сұрақнамасын пайдаландық.

Зерттеу барысында жыныстық-рөлдік сәйкестіктің қалыптасуына әсер ететін төрт басты құрамды бөлік анықталды:

- өзін маңызды ересек адаммен сәйкестендіру;
- отбасындағы беделі зор ересек адамды мойындау;
- баланың өз жынысындағы ересектің тәрбие үлгісіне көзқарасы;
- ата-ананың біреуіне деген эмоциялық бауыр басушылық.

Сонымен, кіші сыныптың барлық оқушылары көбіне анасының қамқорлығы мен маңызы бар ортасындағы әйел өкілінің (әжесі, мұғалімі) сүйеніш болуына қарамастан, осы жастағы екі жыныстағы балалар үшін беделді ересек адам әкесі болып табылады. Біздіңше, мұндай айғақ, қазіргі қазақстандық қоғамдағы гендерлік стандарттардың (соның ішінде, тәрбиенің) екі жақтылығының айқын көрінісі. Феминдік орта мен феминдік типтегі құндылықтардың орнатылуы баланы қоғамның патриархалдық мәдениетінен басым барынша қатаң үлгісінде тәрбиелеу жағдайында болады. Мұндай қайшылық баланы отбасында тәрбиелеудің стильдік (үлгілік) ерекшеліктеріне байланысты.

Аталмыш мәлімет қоғамдағы тәрбиелеу таптаурындарының екі жақтылығын (кеңірек айтқанда, жеке тұлғаның әлеуметтенуін) көрсететін біздің бақылауымызды тағы да растайды. Балалар негізінен, әкесінің беделін мойындайды, бірақ эмоциялық тұрғыда анасына үйірлігі басым және феминдік типтің әлеуметтік және жеке тұлғалық құндылықтарын табысты меңгереді.

Гендерлік таптаурындарды тереңірек зерттеу үшін, біз кіші сынып оқушыларына өз жынысының «нағыз» өкілі бейнесін суреттеуді өтіндік. Балаларға мынадай нұсқау берілді: «Сенің пікірің бойынша, «нағыз» қыз бала немесе «нағыз» ұл бала қандай болуы тиіс?».

1 сыныпта оқитын ұлдар «нағыз» қыз бала бейнесін тартымдылықпен (35%) сәйкестендіреді, яғни, олардың сыртқы келбеттеріне қатысты нышандарды: сұлу, әдемі көйлегі бар, шаштары ұзын т.б. атап өткен.

«Нағыз» ұл бала бейнесі күшпен, батырлықпен байланысты болады. Осы ретте, тыйым мотивімен байланысты: «төбелеспеуі керек», «жүгірмеуі керек», «қыздарды ренжітпеуі керек» сияқты сипаттардың үлестік салмағының басым болуы байқалады.

2 сынып ұлдары «нағыз» қыз бала бейнесін суреттеу кезінде тек сыртқы нышандарды ғана емес, сонымен қатар, мейірімділік, нәзіктік, тіл алғыштық, яғни, феминдік үлгіге тән белгілі бір ішкі сипаттамаларды атап көрсетті.

Екінші сынып қыздарына «нағыз» ұл бала бейнесін күш, батырлық, ержүректік, шыншылдық, жауапкершілік сияқты маскулиндік типке тән ішкі сипаттармен сәйкестендіру беталысы тән.

Үшінші сынып ұлдарының «Нағыз» қыз бала бейнесінен көргісі келетін сапалар көлемі 1 және 2 сыныптың ұлдарына қарағанда едәуір кең. Тиістілік мотивтерімен байланысты сипаттардың үлестік салмағының жоғарылауы байқалады: «тамақ пісіре алатын», «кір жуа алатын», «еңбекқор болуы керек». Осы сияқты көрініс үшінші сынып қыздарының «нағыз» ұл бейнесін сипаттау кезінде де байқалады: «қыздардың қорғаушысы болуы керек», «әлсіздерге көмектесуі керек» және т.б.

Сонымен, гендерлік сәйкестіктің қалыптасуы қыздар мен ұлдарда бірыңғай жүйемен жүреді, бірақ сапалық өзгешеліктермен ерекшеленеді. Гендерлік сәйкестіктің қалыптасуының маңызды шарты, баланы ата-анасымен ұқсастыру болып табылады. Сонымен, қыздарды тәрбиелеу жағдайлары, олардың өзін сол жыныстағы ата-анасымен (анасы, әжесі) сәйкестендіру едәуір жеңіл болғандықтан, қоғамның, жақын ортасының үміт артуы, айрықша құндылықтарды меңгеру және мінез-құлыққа қойылатын талаптар (тіл алу, тәуелді болу) бір-біріне қайшы келмейді.

Ұлдарда гендерлік сәйкестіктің қалыптасу үдерісі, екі жыныстағы балаларға феминдік ортаның қоятын талабы (бағыныштылық, тіл алғыштық) мен қоғамның оларда нақты психологиялық қасиеттер (белсенділік, бақталастық, көшбасшылық) жиынтығы көріністерінің маскулиндік үміттері

арасындағы ұдайы болып тұратын қайшылықтармен жүріп отырады. Осы жастағы баланың барлық өмірі айрықша қамқорлықта болатын анасына деген эмоциялық бауыр басуының маңызды рөлін атап өткен дұрыс.

Сонымен, екі жыныстағы балалардың гендерлік сәйкестігінің қалыптасуы сапалы өзгешеліктер—мен, ұлдарда «гендерлік құндылықтар шиеленісін» бастан кешіру үшін алғышарттардың болуымен және қыздардың әлеуметтенуінің анағұрлым икемді контекстімен ерекшеленеді. Осыған орай ұлдармен қыздар арасында гендерлік эгалитарлық (тең құқылы) мәдени өзара қатынасын мақсатты түрде қалыптастырудың қажеттілігі туындап отыр.

Гендерлік мәдениетті қалыптастыру проблемасы бүгінгі білім беруде мынадай мәселелерді көтереді: ұлдар мен қыздардың өзара қарым-қатынас мәдениетінің болмауы; ер мен әйел идеалы туралы түсініктің бұлыңғыр болуы; ерлердің бала тәрбиесіндегі енжарлық танытуы; жыныстық білім мәселелеріне көңіл бөлу жеткіліксіздігі; бұқаралық ақпарат құралдарының кері әсері; қыздардың маскулинденуі мен ұлдардың фемининденуі.

Мектеп қызметі, негізінен, білім беруге шоғырландырылған. Сонымен қатар, мектептің негізгі міндеті баланың жеке тұлғасының кешенді қалыптасуынан (құрамды бөлігінің бірі – гендерлік мәдениет) құралатын әлеуметтенудің басты институттарының бірі болып саналады.

Осыған орай біздің құрастырған «Мен өсемін, мен өзгеремін» түзету-дамыту психологиялық бағдарламасында оқушылардың гендерлік тең құқылы қатынастарының қалыптасуына, жағымды, қайшылықсыз гендерлік сәйкестіктің қалыптасуына, гендерлік агрессия мен зорлықты ескеруге, карама-қарсы жыныс өкілдеріне құрметпен қарау және т.б. мәселелерге басым назар аударылған.

Бағдарлама әрқайсысы 40-60 минут уақытқа 15-18 психологиялық дамыту сабақтарынан тұрады (кесте 1).

Кесте 1 - «Өсіп келемін, өзгеріп келемін» психологиялық дамыту бағдарламасының мазмұны

Бағдарламаның мазмұны	Сағаттар саны		
	1 сын.	2 сын.	3 сын.
1 топтама			
«Нағыз» ұл және «нағыз» қыз дегенді қалай түсінесің? Әлеуметтік рөлдер. Не істей аламыз және не білеміз? Достық пен ынтымақтастық ережелері.	1	1	1
Біздің ұлдарымыз бен қыздарымыз неден құралған? (айырмашылықтар мен ұқсастықтар). Жақсыны көре білу. Сырт келбет пен мінез. Қыздар мен ұлдарға арналған сән үлгісі деген не? Не маңызды – ақыл ма, жүрек пе, сұлулық па, күш пе? Жан сұлулығы деген не?	1	1	2
«Қиын» ұл, «қиын» қыз дегенді қалай түсінесің? Ата-анамен қарым-қатынас жасау неліктен күрделі болады? Менің мінез-құлқымның жағымды және жағымсыз сипаттары.	2	2	2
2 топтама			
Қалай қарым-қатынас жасаймыз? Достық деген не? Менің нағыз досым кім. Менің досым... ұл (қыз). Қарым-қатынастағы теңдік деген не?	2	2	2
Сыпайылық деген не? Тыңдай және ести біл. Сөзіңде тұра біл. Басқаға қамқорлық деген не? Басқаға орын бере білу.	2	2	2
«Иә» және «жоқ» деп айта біл. Өз пікірін қорғай білу деген нені білдіреді? Және білу өнері. Өзіме қымбат нәрсені қалай қорғаймын? Ауыр сөз айтпа. Өсек деген не және онымен қалай күресу керек? Тән, киім, ой тазалығы.	2	3	3
Отбасындағы құқығым. Кімді жақсы көремін, кімге сенемін. Оқушының – қыздың, ұлдың құқығы деген не?	2	3	3
3 топтама			
Мен – бұл қызықты. Менің атым, ол нені білдіреді, оның несі арқау? Менің бірегей «Мен»-ім. Егер менің өзім болсам...	2	3	3
Мен қандай бола аламын, қандай болғым келеді? Өз идеалыңды қалай қорғауға болады? Өз-өзіңе сенімді болу деген не? Өзім жасайтын кедергілер. Өзіме ұнайтын және ұнамайтын жақтарым қандай?	2	3	3
Сын мен оның пайдасы туралы. Бағалаудан қорықпа. Мен және			

сыныптас ұлдар мен қыздар. Біздің құқықтарымыз бен міндеттеріміз. Біз өсеміз және өзгереміз.			
Сынып бойынша барлығы	19	23	24

Қалыптастырушы эксперименттен кейін ересектердің пікірлері бойынша сыныптағы шиеленістердің, әсіресе, қыздар мен ұлдар арасындағы қақтығыстардың жалпы саны едәуір азайғаны; ұлдар мен қыздардың бір жынысты топтарында пайда болатын шиеленістер саны да төмендегені анықталған. Ол көбінесе 3 сынып оқушыларында көрініс берген. Шиеленістер болғанымен, бұрын жиі байқалатын физикалық агрессия болмаған. Вербалды агрессия, қорқыту, мазақтау, әдепсіз сөздерді қолдану саны да азайған. Ересектер сексисттік сипаттағы «Қыз сияқты жылайсың», «Түрің еркек сияқты» және с.с. сөздерді қолданатын көріністердің де азайғанын ерекше атап көрсеткен. Оқушылар ересектердің сөйлеу мәнерінде қолданылған сексисттік сөздерге де қарсылық білдірген.

Зерттеу нәтижесінде педагогтар үшін бірқатар нұсқаулықтар жасалды, өйткені олар әлеуметтенудің негізгі агенттері болып табылады:

1. Гендерлік мәдениетті қалыптастыру бойынша жұмыс ата-аналармен бірлесе отырып жүргізілуі қажет және өзіндік қатаң гендерлік таптаурындарды игеру қажеттілігін, сондай-ақ жынысы бойынша қыздар мен ұлдарды кемсітуді жоюға себеп болуын ескеру қажет.

2. Оқу-тәрбиелеу үрдісінде педагогтар, қыздар ұлдармен салыстырғанда жауапкершілігімен ерекшеленетінін есте сақтауы қажет және ол төменгі сыныпта оқуда табысты болуына әсер етеді. Сондықтан екі жыныстағы балаларға оқу тапсырмаларын орындауға бірдей талаптар қою және ұлдардың оқуда өздерін көбірек жетелеу үшін жағдайлар жасау қажет. Қыздарға шығармашылық мүмкіндіктерін басымдау жүзеге асыру үшін жағдайлар тудыру ұсынылады.

Біздің жүргізген зерттеу жұмысымыз мынадай қорытындылар жасауға мүмкіндік берді:

Сәйкестік түсінігін талдау кезінде гендердің теориялық құрылымын анықтау өте маңызды, өйткені, ол жыныстық және жыныстық-рөлдік сәйкестікке қарағанда биологиялық жетілу, жеке тұлғалық қалыптасу, әлеуметтік даму сияқты сатылармен қатар, бала, қоғам мәдениеті детерминдеген нормаларды, мотивтерді және құндылықтарды меңгеру сатыларын көрсетеді.

Гендерлік сәйкестік отбасы мүшелері мен жақын айналадағылармен сәйкестенуінің әсерінен; өзінің және қарама-қарсы жыныстағы құрбыларымен қатынастарынан, қоғамның орнатқан әлеуметтік-мәдени кутулері мен дәстүрлерінен қалыптасатын тұлғаның жүйелік қасиетін бейнелейтін ерекше құрылым.

Гендерлік сәйкестіктің қалыптасуы қыздар мен ұлдарда бірыңғай жүйемен жүреді, бірақ сапалық өзгешелігімен ерекшеленеді. Гендерлік сәйкестіктің қалыптасуының маңызды шарты, баланы ата-анасымен ұқсастыру болып табылады. Сонымен, қыздарды тәрбиелеу жағдайлары, олардың өзін сол жыныстағы ата-анасымен (анасы, әжесі) ұқсастыру едәуір жеңіл болғандықтан, қоғамның, жақын ортасының үміт артуы, айрықша құндылықтарды меңгеру және мінез-құлыққа қойылатын талаптар (тіл алу, тәуелді болу) бір-біріне қайшы келмейді.

Ұлдарда гендерлік сәйкестіктің қалыптасу үдерісі, екі жыныстағы балаларға фемининдік ортаның қоятын талабы (бағыныштылық, тіл алғыштық) мен қоғамның оларда нақты психологиялық қасиеттер (белсенділік, бәсекелестік, көшбасшылық) жиынтығы көріністерінің маскулиндік үміттері арасындағы ұдайы болып тұратын қайшылықтармен жүріп отырады. Осы жастағы баланың барлық өмірі айрықша қамқорлығында болатын анасына деген эмоциялық бауыр басуының маңызды рөлін атап өткен дұрыс.

Сонымен, екі жыныстағы балалардың гендерлік сәйкестігінің қалыптасуы сапалы өзгешеліктермен, ұлдарда «гендерлік құндылықтар шиеленісі» бастан кешіру үшін алғышарттардың болуымен және қыздардың әлеуметтенуінің анағұрлым икемді контекстімен ерекшеленеді.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы ұлдар мен қыздардың теңдігі, тең құқылы өзара қатынастарына негізделген берік пікірлер, мотивтер мен құндылықтар жүйесін қалыптастыруға, топшілік қарым-қатынастарды оңтайландыруға, өзіндік «Мен»-ін жалпы «Біз»-дің бөлігі ретінде саралауға, толық өз орнын табу үшін, яғни, адамдар арасындағы эгалитарлық (тең құқылы) гендерлік мәдениетті қалыптастыруға жағдай жасауға бағытталған психологиялық-педагогикалық жұмыстардың қажеттігін дәлелдейді.

Ұлдар мен қыздардың гендерлік-паритеттік өзара әрекеттестік мәдениетін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық бағдарламасын пайдалану толыққанды, қарама-қайшылықсыз гендерлік сәйкестіктің қалыптасуына әсер етеді. Мектепте оқыту мен тәрбиелеу тәжірибесіне гендерлік тәсілдерді енгізудің әдістемелік маңызын атап өткен жөн. Мәселені зерттеудің алдағы келешегін осы тұрғыда көре аламыз.

Зерттеу нәтижелерін кіші сынып оқушыларын педагогикалық-психологиялық қолдау және психологиялық әсер ету жүйесінде ата-аналар, мұғалімдер, мектеп психологтары пайдалана алады.

Зерттеу жұмысының нәтижесінде төменгі сынып оқушыларының гендерлік сәйкестігі мен тұлғаның гендерлік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған психологиялық-педагогикалық бағдарлама құрастырылған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Берн Ш. Гендерная психология. - СПб. Прайм-ЕВРОЗНАК, 2001. - 320 с. (Секреты психологии).
2. Здравомыслова Е.А. Темкина А.А. Социология гендерных отношений и гендерный подход в социологии // Социс. - 2000. - №11. - С. 76-79.
3. Кон И.С. Половые различия и дифференциация социальных ролей // Соотношение биологического и социального. - М., 1975. - 205 с.
4. Коломинский Я.Л., Мелтсас М.Х. Ролевая дифференциация пола у дошкольников // Вопросы психологии. -1985. - №3. - С. 165-171.
5. Репина Т.А. Анализ теорий полоролевой социализации в современной западной психологии // Вопросы психологии. 1987. № 2. - С. 158-165.

ҚЫЗДАРДЫҢ БОЙЫНДАҒЫ «ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖЫНЫСТЫҚ» СИПАТ ПЕН АГРЕССИЯНЫҢ АРА ҚАТЫНАСЫ МЕН КӨРІНІС БЕРУІӘлеуметтік ғылымдар магистры, аға оқытушы **С.Т. БАПАЕВА*****Түйіндеме:**

Мақалада қоғамдағы ерлер мен әйел адамдардың әлеуметтік рөлдерінің өзіндік ерекшеліктері, қыздардың бойындағы «психологиялық жыныс» ерекшелігі мен «агрессиясының» көрініс беру ерекшеліктері қарастырылған. Студент-қыздардың «психологиялық жынысы» мен агрессия көрінісінің өзара байланысын анықтау мақсат етілген. Сонымен бірге қыздардың «психологиялық жыныстық» сипат пен агрессия қатынасының көрінуінің психологиялық ерекшеліктерін теориялық тұрғыда айқындау; «психологиялық жыныс» және «агрессия» ұғымдарын нақтылау; қыздардың бойындағы «психологиялық жыныс» ерекшелігін эмпирикалық тұрғыда анықтау; эмпирикалық тұрғыда қыздардың бойындағы агрессия көрінісін, индексын анықтау; алынған нәтижелер бойынша студенттердің психологиялық жынысының ерекшеліктері мен агрессияның көрінісі арасындағы байланысты анықтау міндеті қойлып жүзеге асырылған.

Түйін сөздері: ер, әйел, психологиялық жыныс, маскулиндік, андрогиндік, феминдік, агрессия

MANIFESTATION AND CORRELATION OF AGGRESSION AND PSYCHOLOGICAL GENDER IN GIRLS**Abstract:**

The article outlines specific features of social roles of men and women in the society, features of "psychological gender" and "aggression" of girls. The aim of our research is to determine the relationship between "psychological gender" and student aggression. Theoretical definition of the psychological features of the attitude of girls to the psychological-sexual nature and aggression; Clarification of concepts of "psychological gender" and "aggression"; empirical definition of the "psychological gender" of girls; identifying the aggression and index of girls in empirically; the results of the research have focused on identifying the relationship between the psychological gender of students and the manifestation of aggression.

Key words: male, female, psychological gender, masculine, androgyne, femininity, aggression

Қазіргі заманғы әлеуметтік кеңістіктің өзгермелілігі адамның жоғары белсенділігін талап етіп, тұлғасын жетілдірудің жаңа өрістерін ұсынуда. Адам әлеуметтік, кәсіби, шығармашылық және өзге де мақсаттарды жүзеге асыру үшін өзіндік құндылығын жоғалтпаған, интеграцияланған тұлға күйін сақтай отырып, өзгермелі жағдайларға жылдам бейімделе білуі керек. Елбасы, Н.Ә.Назарбаев: «Қыз – бесік иесі. Демек, қыздардың жайы түзелмей, бесігіміз түзелмейді, бесігіміз түзелмей – еліміз толық түзелмейді» - деген.

Әйел мен ер адамдар табиғатынан ерекше жаратылыстар. Біреуі ісімен нәзік болса, басқалары жүрегімен нәзік. Әйел адамдар батылдылығын сыртқа көрсете бермейтін болса, ер адамдар нәзік болып көрінуден қорқады. Осындай жағдайлардың орын алуы адамның психологиялық ерекшеліктеріне байланысты болады.

Студент-қыздар өзінің даралығын тұрақты құндылықтар мен бағдарлар, әлеуметтік рөлдер мен нормалардың жүйесінде орын алған шұғыл өзгерістер жағдайында жүзеге асыруға мәжбүр болуда. Яғни, жас ұрпақтың алдында барлық өмірлік маңызды аумақтарда табысты болуы үшін қоршаған әлеммен тиімді өзара әрекеттестікті қалыптастыру қажеттілігі туындауда.

Қоғамдағы ерлер мен әйел адамдардың әлеуметтік рөлдерінің өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы, қазақ халқында әйел адамды қашанда шаңырақ шырақшысы, отбасы ұйытқысы, баланы тәрбиелеуші деп көрсеткен. Қазақ халқы қыздарды ерекше құрметпен тәрбиелеген. Қызды әрқашан төрге отырғызып, қыз отырған жерде ешқашан дөрекі, ерсі қылықтар көрсетпеген.

Біз әу бастан-ақ, жанның сұлулығын тән сұлулығынан жоғары қойып өскен елміз. Қыздар мен келіндер жасы үлкендерге сонау жерден сәлем беріп, тіпті, дастархан басында тура қарамай, бір қырындап отырған. Ер-азаматтар отырған жерде дауыс көтеріп сөйлемеген, ретсіз күлмеген. Қыздың бойындағы нәзіктік оның жан дүниесінің табиғатын ерекше нұрға бөлеп тұрары хақ. Белгілі абайтанушы Омар Жәлел: «әйел күші нәзіктігінде» деген екен. Қыз-қарындас, қыз-ана, қыз-болашақ жар. Қыздың жатжұрттық екенін кішкентайынан құлағына құйып, тәрбиесіне сіңіретін қазақ үшін

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, saya_bapaeva@mail.ru

қыздың орны әрқашан бөлек. Тіпті, ер адамның ауыр жұмысына да жақындатпай, аялап өсіргені белгілі.

Бүгінгі таңда тағдырдың ауыртпалығына төтеп беру үшін қыздар ердің жұмысын атқарса, ол таңсық емес. «Нәзіктігімен қатар бойында қайсарлық та бар екен» дейміз. Ал қыздардың арасындағы кикілжінді шешу үшін қара күш пен төбелеске жүгінуі жағдаяттары да кездесуде. Қыздардың арасындағы төбелестің түр-түрі жасөспірімдердің қолдарындағы ұялы телефондарда да, сайттарда да жиі ұшырасатын көрініске айналды. Тіпті, телеарналарда да кейде ондай бейнежазбаларды «жаңалық» етіп көрсетуге құмар. Міне осындай қоғамдағы келеңсіз өзекті мәселелердің орын алу себептерінің бірі, қыздардың бойындағы «психологиялық жыныс» ерекшелігі мен «агрессиясының» көрініс беру ерекшеліктеріне байланысты.

Зерттеудің мақсаты: Студент-қыздардың «психологиялық жынысы» мен агрессия көрінісінің өзара байланысын анықтау.

Зерттеудің міндеттері:

- Қыздардың «психологиялық жыныстық» сипат пен агрессия қатынасының көрінуінің психологиялық ерекшеліктерін теориялық тұрғыда айқындау;
- «Психологиялық жыныс» және «агрессия» ұғымдарын нақтылау;
- Қыздардың бойындағы «психологиялық жыныс» ерекшелігін эмпирикалық тұрғыда анықтау;
- Эмпирикалық тұрғыда қыздардың бойындағы агрессия көрінісін, индексын анықтау;
- Алынған нәтижелер бойынша студенттердің психологиялық жынысының ерекшеліктері мен агрессияның көрінісі арасындағы байланысты анықтау;

Зерттеудің нысаны: «Қыздардың психологиялық жынысы» мен «агрессиясы».

Зерттеудің пәні: Қыздардың бойындағы «психологиялық жыныстық» сипат пен агрессия қатынасы көрінуінің психологиялық ерекшеліктері

Зерттеудің ғылыми болжамы: Студент-қыздардың бойындағы «психологиялық жыныс» пен агрессия көрінісінің өзара байланысы болады әрі ол студенттердің өмірлік бағдарына, тәрбиесі мен мамандығына байланысты.

Адам даму барысында белгілі бір психологиялық және мінез-құлық ерекшеліктеріне ие болады. Сол ерекшеліктерді зерттеудің психология ғылымында сан-қырлы бағыттары бар. Осыған байланысты адам бойындағы кейбір ерекшеліктердің сипаттамасы жыныстық ерекшеліктерімен сипатталады.

Адам мінезіндегі кейбір ерекшеліктер «жыныссыз», эмбебап, ал кейбір ерекшеліктерді дәстүрлі бір үлгіде ер адам немесе әйел адам психологиясымен байланыстырады. Кейбір бір үлгідегі ер адамға немесе әйел адамға тән сипаттамалар өзіндік эволюциялы-гнетикалық және физиологиялық негіздері мен алғышарттарын құрайды. Мысалы, бір үлгідегі ер адам ерекшеліктеріне тән сипатталатын агрессивтілік пен доминанттылық деңгейін, ер адам ағзасына тән андроген гормонының шоғырлану деңгейімен анықталады. Ал қалған мінез-құлық ерекшеліктері элеуметтену, тәрбиелеу, тұлғаның даму процестерінде қалыптасады. Қазіргі таңда «маскулинді» және «фемининді» деп аталатын элеуметтік таптаурындар бар. Ер адам немесе әйел адам психологиясына тән өзіндік сипаттамалардың, адам бойындағы биологиялық және элеуметтік факторлардың әсерінен қалыптасуы басты назарды талап етуде.

«Психологиялық жыныс» туралы алғашқы негізгі түсініктер Карл Густав Юнгтың еңбектерінде кездеседі. Карл Густав Юнг «анима» және «анимус» архитиптерін анықтап, сипаттайды. Анима ер адамдағы әйелдің бейнесін білдірсе, «анимус» әйелдегі ер адамның ішкі бейнесі. Карл Густав Юнгтың пікірінше, «анима және анимус архитиптері көптеген жылдар бойында қарама-қарсы жыныспен өзара әрекеттестігінің нәтижесі ретінде ұжымдық бейсаналылықта эволюциаланған». Яғни, анима – ер адам тұлғасының бейсаналы түрде әйелге тән қыры, ал анимус – әйел тұлғасындағы бейсаналы ер адамның бейнесі.

Осы тұрғыда «психологиялық жыныс» «биологиялық жыныстан» түбегейлі ерекшеленеді. Карл Густав Юнгтың идеясы С. Бем сауалнамасының сипаттамасын анықтайды. Бұл әдістемені 1974 жылы ағылшын психологі Сандра Бем ұсынған болатын. Сандра Бемның идеясына сәйкес, бір адамның бойында ер мен әйел адам психологиясына тән ерекшеліктер, сипаттамалар қатар кездеседі. Сандра Бем сауалнамасының басты мақсаты, тұлғаның «психологиялық жынысын» анықтау. Бұл сауалнамада «психологиялық жынысты» анықтау және «психологиялық жыныс» феноменін түсіндіруде үш негізгі ұғым қолданылады. Олар: **маскулинділік, фемининділік және андрогинділік**. Әрқасысына жеке-жеке тоқталайық. Маскулинділік ұғымы әдетте, ер адам психологиясына тән ерекшеліктерімен сипатталады. Маскулинділік (латын тілінен аударғанда

masculinus «аталық» деген мағынаны білдіреді) – ер адамның әйел адамнан денесі, психикалық, іс-әрекеттік ерекшеліктерінің кешенімен ажыратылуы. Маскулинділіктің эссенциалистіктен әлеуметтік-конструктивистілікке дейінгі түрлі-түрлі тұжырымдамалары бар. Эссенциалистік тұжырымдама бойынша, маскулинділік – ер адамның әйел адамнан биологиялық айырмашылығы, ал әлеуметтік-конструктивистілік тұжырымдама маскулинділікті гендрлік болжамдар терминологиясымен түсіндіреді.

Сандра Бем сауалнамасында маскулинділік адамның бойындағы бірақатар психологиялық ерекшеліктерімен сипатталады. Яғни, маскулинділікке ер адамға тән қайсарлық, доминанттылық, тәуекелге икемділік, дербестілік, өзіне деген сенімділік және тағы басқа ерекшеліктер жатықызылады. Зерттеу жұмысының барысында 191 адамның бойынан маскулинділік деңгейге жалпы өзін-өзі қадірлеу және академиялық жетістіктері мен келбеті - физиологиялық «Меніне» қатысты жоғары бағалау қасиеті тән екендігі анықталған (Lau Sing, 1989).

Феминділік, маскулинділікке қарағанда, әйел жынысына, психологиясына тән ерекшеліктерімен сипатталады. Феминділік (латын тілінен аударғанда *femininus* «аналық» деген мағынаны білдіреді) – әйел адамды ер адамнан соматикалық, психикалық, іс-әрекеттік айырмашылықтары арқылы сипаттайтын, әйел адамға тән психологиялық ерекшеліктердің кешені.

Сандра Бем сауалнамасында феминділік әйел адам психологиясына тән шегінудің, жұмсақтық, сезімталдылық, ұялшақтық, нәзіктік, бауырмалдылық, мазасыздану және т.б. ерекшеліктерімен сипатталады. Феминділіктің әлеуметтік таптаурынға сәйкес эмоциялы қырларына көп көңіл бөлінеді.

Маскулинділік пен феминділік ұғымы жайлы алғашқы ой-пікірлер ерте кезеңде қалыптасқан десек қателеспейміз. Мифологиялық дерекнамаға сүйенсек, көптеген аңыздарда, мифологияда ер адам – белсенді, әлеуметтік шығармашылықтың бастауы ретінде бейнеленсе, әйел адам – енжар табиғи күш ретінде бейнеленеді. Көне Қытай мифологиясында әйел адамның бастауы «Инь», ал ер адамның бастауы «Янь» - бүкіл адамзаттың жойылмай өмір сүруіне көмектесетін полярлы ғарыш қуаты. «Инь» - енжарлықтың белгісі болса, «Янь» - белсенділіктің, тұрақтылықтың белгісі. Бұл маскулинділік пен феминділіктің ара жігін айқындаудың қарапайым мысалы.

Ер адам мен әйел адам бастауларының қарама-қарсылығымен қатар, бірақатар мәдениеттерде олар бір бейнеде қосарлана қарастырылады. Ол андрогинділік феноменіне ұласады. Андрогинділік (грек тілінен аударғанда «андрос»- ер адам, «гине» -әйел деген мағынаны білдіреді) – ер адам мен әйел адамның бір бейнеде қосарлануы. Мысалы, қазіргі заманғы сән индустриясының әрбір мезгіліндегі көрсетіліме жынысы белгісіз андрогин модельдерінсіз өтпейді. Көптеген сыншылдардың пікірінше, сән әлеміндегі андрогинділік унисекс стилінің нәтижесінен туындаған. Бірақатар жылдар бұрын әйелдер ер адамдарға тән шалбар мен жеңделерді иемденіп, киюді дәстүрге айналдыра бастағаны соншалықты, ондай киіммен қазір ешкімді таң қалдыра алмаймыз. Бәлкім соның салдарына болар, ер адамдар көйлек, белдемшелерді, ұзын өкшелі аяқ-киімдерді киіп көре бастайды. Мұның барлығы дизайнерлердің андрогинділік тақырыбын біршама дамыту бастауына түрткі болды. Тіптен, қазіргі заманғы модельерлер унисекс типіндегі киім-кешекті шығарумен шектелмей, әйелдерге де ер адамдарға да бірдей сәйкес келетін андрогин модельдерді қалыптастырады.

Сондай-ақ корей поп әртістердің стилі де адамды таңқалдырарлық андрогиндік типте көрініс беруде әрі бұқаралық ақпарат құралдарынан жаппай жарнамалануда. Осындай жәйттердің барлығы жастарға, олардың дүниетанымына әсер етпей қоймауы мүмкін емес.

Сандра Бем сауалнамасында андрогинділік деңгейі ер адам мен әйел адамның психологиялық ерекшеліктерінің қосарлануы, яғни тұлғада маскулинділік пен феминділіктің сипаттамаларының қатар кездесуі деп түсіндіріледі. Маскулинділік пен феминділіктің үйлесімді жиынтығы тұлғаның бейімделу қабілетін арттыруы мүмкін. Айқын андрогиндік деңгейді айқындайтын адамдар, ер адаммен де, әйел адаммен де қарым-қатынаста тез тіл табыса алады.


Сандра Бем сауалнамасының басты ескертуі, берілген сауалнама тұлғаның психологиялық қасиеттері мен іс-әрекеттік рөлін ғана анықтаумен шектеледі, ол тұлғаның жыныстық бағдарын (ориентация) анықтамайды.

Әдістеменің мақсаты: Тұлғаның психологиялық жынысы – андрогинділік, , маскулинділік, феминділік деңгейін анықтау.

Зерттеу нәтижесі

С. Бэм сауалнамасы. «5В010300 – Педагогика және психология» мамандығының 3 курс 307 топ студенттеріне жүргізілді. Барлығы 23 студент. Қатысқаны 21 студент. 2 студент болған жоқ.

Тұлғаның психологиялық жынысын анықтауға арналаған Бем сауалнамасының нәтижесінен төмендегідей: Феминді – 8 студент (38 %); Маскулинді – 5 студент (24%), Андрогидті – 6 студент (28%), Айқын анықталған феминділік – 1 студент (5 %), Айқын анықталған маскулиндік – 1 студент (5 %) (1 Диаграмма).



Зерттеу жұмысымыздың келесі кезеңінде студенттердің агрессиясын анықтау мақсатында Басса-Дарки әдістемесін жүргіздік.


Басса-Дарки әдістемесі

Әдістеменің мақсаты: Агрессияның түрін және оның көрініс беру ерекшелігін анықтау.

Агрессияға зерттеушілер әртүрлі анықтама береді. Бірі ол адамның қоршаған орта құбылыстарынан өзін қорғауға арналған тұқым қуалаушылыққа негізделген қасиет десе (Лорнед, Анри), кейбіреулері жетекші ролді атқаруға бағытталған әрекет (Моррисон) деп түсіндіреді. Агрессияны фрустрациямен байланыстыратын теориялар да бар (Маллер, Дуб, Доллард). Агрессия терминімен жеке тұлғаның субъект-субъектілі қатынаста деструктивтік әрекетке жақындығын белгілейді.

Деструктивтік әрекет дегеніміз – адамның алдында тұрған бөгетке кедергі жасап, қиындықты жеңуге деген белсенділігі. Сондықтан агрессияның оң және теріс көріністері бар екендігін түсіне білген жөн. Мысалы, адам өз өмірін немесе басқа адамдардың өмірін сақтауға, табыс көзіне төнген қауіпті жоюға бағытталған агрессияны ақтауға болады.

А.Басс және А.Дарки агрессияны негізгі екі топқа бөліп, қарастырады. Біріншісі – мотивациялық агрессия, агрессияны туғызған себеп салдар болса, екіншісі - инструменталдық агрессия немесе өзін-өзі қорғау мақсатында, басқаларды жәбірлеуге қолданатын әрекеттері. Бұл қасиеттің көрініс беруі сегіз формада болуы мүмкін. Физикалық агрессия – басқа адамға бағытталған физикалық күш. Басс – Дарки әдістемесіндегі басты шкалалардың бірі. Жанама агрессия – басқа адамға жанама бағытталған немесе ешкімге бағытталмаған күрт туған агрессия. Тітіркенушілік – болмашы тітіркену өзінде жағымсыз сезімдерді көрсетуге даярлық (ашуланшақтық, дөрекілік). Негативизм – қалыптасқан заңдылықтар мен дәстүрлерге қарсы енжар қарсылықтан күреске дейін жеткізетін мінез – құлықтың оппозициялық түрі. Өкпелеу – шын мәнісінде орын алған немесе ойдан шығарылған іс-әрекеттерге қатысты туындаған айналасындағы адамдарға деген қызғаныш пен жеккөрушілік. Күдікшілдік – адамдарға қатысты күдік пен сақтықтан адамдар зиян келтіруді жоспарлап, іске асырады деген сенім. Вербальді агрессия – негативты сезімдерді айқай не сөз түрінде көрсету. Кінә сезіну – субъектінің өзін жаман адам деп ойлауы әрі соның салдарынан ұжданы алдында жапа шегу.



Студенттердің басым көпшілігінде вербалды агрессия мен кінәлі сезіну анық байқалды, сонымен қатар тітіркенушілік агрессиясы көрініс берді. Атап айтқанда, 1 студентте (5 %) жанама агрессия, 1 студентте (5 %) физикалық агрессия, 8 студентте (38 %) вербалды агрессия, 2 студентте (9 %) күдікшілдік, 4 студентте (19%) тітіркенушілік агрессиясы, 5 студентте (24%) кінә сезімі көрініс тапты.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей студенттер арасында вербалдық және кінәлі сезіну агрессия түрі айрықша көрініс берді. Одан кейін күдіктенушілік пен тітіркенушілік көрсеткіштері орын алды. Біздің пікірімізше, ол сыналушылардың жас ерекшелігіне сәйкес жоғары күдіктенуі заңды құбылыс. Өйткені, ондай құбылыс студенттердің өз мамандықтарына қатысты таңдау жасап, болашақта дербес өмір сүру жолын тауып алу қажеттілігін күйзелуінен туындайды. Бұл тестінің нәтижесінде зерттелінген 21 студенттің көрсеткіштері бір-біріне өте ұқсас болды. Олардың басым көпшілігінде вербалды агрессия мен кінәлі сезіну көрінісі анық байқалса, сонымен бірге тітіркенушілік агрессия да көрініс берді.

Зерттеу жұмысымыздың келесі кезеңінде екі әдістеме бойынша студенттердің психологиялық жынысының ерекшеліктері мен агрессияның көрінісі арасындағы байланысты анықтау мақсатында зерттеу нәтижелерін салыстырдық. Зерттеу нәтижелері бойынша фемининді жыныс ерекшелігі байқалған студенттердің басым көпшілігінде күдіктенушілік және кінәлі сезіну агрессиясына жақындық, маскулиндік типтегі студенттердің 14 %-да вербалды агрессия көрінісі, андрогиндік типтегі студенттердің 40 %-да кінәлі сезіну және вербалдық агрессияға икемділік байқалды.

Зерттеудің келесі кезеңінде «психологиялық жыныс» пен агрессияның көрініс беру деңгейі бойынша салыстырдық. Яғни, Басса-Дарки әдістемесіндегі агрессия индексі мен қастандық индексі бойынша сәйкестендірдік. Көріп отырғанымыздай фемининді жыныс ерекшелігі байқалған студенттердің 100% -да агрессияның қай түрі болмасын, агрессияның көрініс беру деңгейі төмен көрсеткіші байқалды. Маскулинді жыныс ерекшелігі байқалған студенттердің 100 % -да агрессияның көрініс беру деңгейі орташа деңгейді көрсетті. Андрогинді жыныс ерекшелігі байқалған студенттердің 60% да орташа, ал, 40 % - да жоғары деңгейді көрсетті. Фемининді жыныс ерекшелігіне тән басым көпшілігі қастандық индексінің жоғары (62,5%) деңгейін, ал маскулиндік жыныс ерекшелігіне тән 80%-ы жоғары деңгейді көрсетті.


Зерттеуіміздің келесі кезеңінде 5B010800 - Дене шынықтыру мамандығының 20 студентіне С.Бем сауалнамасы мен Басса-Дарки сауалнамасы жүргізілді. 5B010800 - Дене шынықтыру мамандығындағы студент-қыздардың «психологиялық жыныс» сипатының көрінісін 3 диаграммадан көруге болады.

3-диаграмма. Дене шынықтыру мамандығындағы студент-қыздардың психологиялық жыныс сипаты (%)



Айқын анықталған маскулинділік 16 студент (80%), айқын анықталған феминділік 2 студент (10%), андрогинді 2 студент (10%), феминді және маскулинді жыныс ерекшелігі байқалған жоқ.

4-диаграмма. Дене шынықтыру мамандығындағы студенттердің агрессиялық көрсеткіштері (%)



Зерттеу жұмысымыздың келесі кезеңінде екі әдістеме бойынша 5B010800 - дене шынықтыру мамандығы студенттерінің психологиялық жынысының ерекшеліктері мен агрессияның көрінісі арасындағы байланысты анықтау мақсатында зерттеу нәтижелерін салыстырдық. Зерттеу нәтижелері бойынша айқын анықталған маскулинділік жыныс ерекшелігі байқалған студенттердің басым көпшілігінде (25%) вербалды агрессияға жақындық, екінші орында негативизм мен күдіктенушілік агрессиясына жақындық байқалды. Көріп отырғанымыздай айқын анықталған маскулиндік жыныс ерекшелігі байқалған студенттердің 87% -да агрессияның қай түрі кездесе де, агрессияның көрініс беру деңгейі орташа, ал, 6,25 % жоғары және төмен көрсеткішін көрсетті. Айқын анықталған феминділік жыныс ерекшелігі байқалған студенттердің 100 % - да төмен деңгейді көрсетті. Яғни, айқын анықталған маскулинділік жыныс ерекшелігіне тән басым көпшілігі қастандық индексі бойынша 62,5 % орташа деңгейді көрсетті.

Қыздардың бойындағы «психологиялық жынысы» мен агрессиясын анықтап, салыстыру арқылы біз қыздардың әлеуметтік өзгермелі жағдайға тез бейімделгіштігін байқадық. Сонымен қатар, екі әдістеме сипаттамалары бойынша агрессия индексі негізінде агрессияның көріну деңгейі, белгілі бір психологиялық жыныс ерекшелігіне қатынасы бар екенін байқауға болады. 2 және 5 кестеден

байқағанымыздай фемининді жыныс ерекшелігі мен айқын анықталған фемининділік жыныс ерекшеліктеріне тән қыздардың бойында агрессия көрінуінің деңгейі төмен. Ал, маскулинді және айқын анықталған маскулинділік жыныс ерекшеліктеріне тән қыздардың бойында агрессия көрінуінің деңгейі орташа екенін айтуға болады.

Қастандық индексі бойынша 3 кестеде фемининді жыныс ерекшелігі байқалған қыздардың агрессия көрінуінің деңгейі жоғары, ал маскулиндік жыныс ерекшелігі байқалған қыздардың басым көпшілігінде агрессия деңгейі жоғары 80. 6 кестеде айқын анықталған маскулинділік жыныс ерекшелігі байқалған қыздардың басым көпшілігінде қастандық индексі бойынша орта деңгейді көрсетті 62,5. Яғни қастандық индексі бойынша айқын анықталған маскулинділік жыныс ерекшелігінде орташа деңгейді көрсетуінің бірден-бір себебі, қыздардың спорт сферасын таңдауымен байланыстыруға болады.

Осы көрсеткіштерге негізделе отырып, келесі қорытынды жасауға болады.

- Қоғамдағы қыздар тарапынан болатын кейбір келеңсіз жағдайлар, қыздардың тұлғалық ерекшеліктерімен қатар (мысалы, темперамент типтері), «психологиялық жыныстық» сипат пен агрессия қатынасы көрінуінің психологиялық ерекшеліктеріне байланысты.

- Қыздардың белгілі бір «психологиялық жыныс ерекшелігіне» тән болуы мен түрлі жағдайлардағы іс-әрекетіне, қыздардың таңдаған өмірлік бағдарлары, тәрбиесі мен мамандығына байланысты;

- Қоғамдағы қыздардың әлеуметтік рөлдерінің өзгеруінің басты себептерінің бірі қыздардың «психологиялық жынысына» байланысты екендігі зертеуіміздің нәтижесі көрсетуде.

Зерттеудің нәтижесі негізінде **Зерттеудің ғылыми болжамы дәлелденді, яғни студент-қыздардың бойындағы «психологиялық жыныс» пен агрессия көрінісінің өзара байланысы болады әрі ол студенттердің өмірлік бағдарына, тәрбиесі мен мамандығына байланысты.**

Сонымен, студент-қыздардың қазақ халқының салт-дәстүрімізге сай мінез-құлық қалыптастыруға, қоғамдағы әлеуметтік рөлдерін дұрыс таңдауға, психологиялық ерекшеліктерін оңтайлы қалыптастыруға бағытталған, психокоррекциялық шаралар жүргізуді ұсынамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бем С. Л. (2004) *Линзы гендера*. Трансформация взглядов на проблему неравенства полов. М.: РОССПЭН
2. Ильин Е.П. (2003) *Дифференциальная психофизиология мужчины и женщины*. СПб.: Питер
3. Словарь гендерных терминов (2002). М.
Феминизм (femina- латын. әйел) – біріншіден XVIII ғасырда Англия мен Америкада әлеуметтік құқық саласында әйел теңсіздігі, әйелдердің дауыс беру құқыларының жоқтығы, ерлермен қатар кәсіби қызметпен айналыса алмағандарын ұран етіп, онымен күресуге бағытталған әйелдер қозғалысын білдірді. Екіншіден, әйелдер қозғалысының практикалық идеялары мен ұрандарының теориялық тұжырымдамасы. Феминизм Еуропа елдері мен Америкада бастау алғанымен әлемдік әйелдер қозғалысының көрінісі болды.

Феминизм – әйелдер наразылығының жарылысы, әйелдер төзімділігінің шегі, зұлымдық пен күйзеліске түскендердің көтерілісі. Ол қатал «аяқты байлау» (бинтование ног) дәстүрінің құрбаны болып келген қытай әйелдерінің де атынан сөйледі. Сондай-ақ феминизм «сатти» деп аталатын әйелдерді қорлаған үнді дәстүріне де қарсы тұрды. Сатти дәстүрі бойынша күйеуі қайтыс болған әйел өлген күйеуімен бірге көмілетін болған. Себебі, әйелінің жасаған күнасынан күйеуі қайтыс болды деп санаған. Сонымен қатар феминистер Таяу шығыста қалыптасқан «Құдай соты» деп аталатын ежелгі

* Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, kairat_1966@list.ru

** Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің докторанты, paradise-gannat@mail.ru

дәстүрді де сынға алады. Оған сай, күйеуі әйелі көзіне шөп салды деп күдіктенсе, әйелінің аяқ-қолын байлап суға тастайтын болған. Ал егер әйел жазықсыз болса оған Құдай өзі көмектеседі деп сенген. Ежелгі Римде де сенімсіздікке күманданса, екі қолын улы жылан паналайтын тастың арасына кіргізетін. Жылан шақпаса күнәдан ақталды деп есептеген.

Еуропада да әйелдерді кемсітушілік жүйесі күрделірек болды. XVIII ғасырда ағартушылық идеясын ту еткен либерализм идеологиясы етек жайды. Қоғам ақыл қағидаттарына сәйкес құрылуы керек және туылғаннан бастап әрбір адам табиғи құқықтарға ие болды, олар – еңбек ету, әл-ауқат, бостандық, әділдік және бақыт. Алайда, «Адам» сөзі тек ер адамдарға ғана қатысты болды. Әйелдер ақыл иелері қатарына кірмеді. Олар табиғи құқықтарға да ие бола алмады. Сондықтан да оларды сайлауға қатыстырмау, жоғары білім алмауы, ажырасу қиындықтары, әйелдердің мүлікті иелену және басқару құқығынан айыру заңды құбылыс болды. Алғашқы феминистердің басты мақсаты – заңнамалық реформа талаптарын өзгерту, әйелдерді азамат қатарына қосу, туылғаннан табиғи құқықтарға ие болу. Феминизмнің бірыңғай анықтамасы жоқ. Бұл термин XIX ғасырда қоғамдық өмірді өзгерте алатын және өзі де сол қоғамда қауымдастық пен өзара қарым-қатынас негізінде өзгеретін «Феминист әйел» туралы жазған француз теоретигі Чарльз Фурьердің атымен байланысты болды. Ч. Фурьердің айтуынша, «әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту әлеуметтік прогрестің басты көзі» (Чарльз Фурье, 2017:174).

Батыста феминистік қозғалыстардың бірінші толқыны XIX ғасырдың ортасында пайда болды. Ол кезде әйелдердің заңды мәртебесі негізінен мүлікпен бірдей болатын. Құлдар тәрізді (ерлер де, әйелдер де) әйелдердің де нәсіліне қарамастан мүлікке ие болуға құқы болмады. Оларға дауыс беруге тиым салынды. Әйелдерді оқуға қабылдайтын екі ғана шағын колледж болды. Құндылықты жою жолындағы қозғалыста белсенділік көрсеткен көптеген әйелдің (афроамерикалық және ақ нәсілді) тәжірибелері теңдікке деген сенім орнауына және феминистік қозғалысты бастауға қажетті ұйымдастырушылық дағдылар қалыптасқанын көрсетті.

Феминистік наразылықтар арқасында XIX ғасырдың аяғында әйелдер өміріне қатысты заңдық шектеулердің тым қатандығы жөнінде мәселе көтерілді. Сол кезден бастап (әлі күнге дейін) оқу орындарында әйелдердің саны өсіп келе жатқаны анық. Бұл уақытта феминистер әйелдердің дауыс беру (сайлау) құқығына қол жеткізуі үшін бас күшін салды. 1920жылы Конгресс әйелдерге сайлау құқығын беретін 19 түзетуін қабылдады. Осы қабылдаудан кейін феминистік белсенділік бәсеңдеді. Сол кездерде феминизм аясында үш негізгі топ қалыптасты.

Бірінші топ (либералдық феминистер) саяси және кәсіби ұйымдарға қатысу жолымен құрылды және әйелдердің тең құқықтары үшін күрес жүргізді. Олар әлеуметтік өзгерістер жасауды талап етті: таңдаулы мемлекеттік мектептер мен жоғары оқу орындарына қыздар қабылдансын және жұмыс берушілердің «тек ерлерге арналған жұмыс» деген жарнамасын таратуға тиым салынсын деген талап қойды. Алайда, XX ғасырдың 60-жылдары әйелдердің екі тобы одан әрі өзгерістер жасау мақсатында істерін жалғастырды. Бұл – феминизмнің екінші толқыны деп аталды.

Екінші топ (радикалды феминистер) (1960-1990 жж.) феминизмге азаматтық құқықтар үшін күрес жүргізу және Вьетнамдағы соғысқа қарсы қозғалыстар арқылы келді. Олар түбегейлі әлеуметтік өзгерістерді талап етті. Олар қоғамның әйелдерге қатысты қолдану дәстүріне инсект (үйден шығармау), үйдегі зорлық-зомбылық және күнделікті зорлауға қатысты хабардар болуын насихаттады.

1990 жылдан бастап феминистердің үшінші толқыны деп аталатын жаңа тобы шықты. Феминизмнің алдыңғы толқындары қатты әсер еткен қоғамда өскен Үшінші толқындық феминистер, әйелдердің жағдайы жақсарғанын ескертті. Бұлар жыныстық қауіп - қатер мәселесінен гөрі әйелдердің жыныстық еркіндік мәселесіне көңіл бөлді.

Үшінші топ (гендерлік тәсіл) (1990 ж. кейін) нәсілшілдік, таптық теңсіздік, теңсіздіктің басқа түрлері әйелдердің әртүрлі топтарына әсер етуін мәселе етіп көтерді (David B.Brinkerhoff, 2013:199).

Феминизмнің әртүрлі теорияларға, түсініктерге және қағидаттарға негізделген көптеген феминистикалық суб-топтары бар, мысалы: радикалды феминизм - марксистік феминизм - либералдық феминизм - социалистік феминизм - Ислам феминизмі - Қазіргі феминизм - Анти-радикал / антиархистік феминизм - Африкалық феминизм - Афган феминизмі - Қара феминизмнің мәдени феминизмі - Қарама-қарсы феминизм - Экономикалық феминизм - Француз феминизмі - Жапон феминизмі - Еуропалық феминизм - Материалистік феминизм - рухани феминизм - Үшінші әлем феминизмі т.б.

Ең атақты феминистер – атақты «Әйелдердің құқықтарын қорғау» (1792 ж.) еңбегінің авторыағылшындық Мэри Уоллстонкрафт, «Екінші жыныс» еңбегінің авторы Семона де Бовуар, Әйелдік құпияны жазған американдық Бетти Фридан, алғаш болып штаттағы Оберлин колледжін

тамамдаған американдық Люси Стоун өздерінің бар күш-қуатын білім мен дін саласындағы, отбасындағы әйелдер бостандығына арналған дәрістер оқуға арнады және наразылық акцияларына шықты. Олардың қатарында сондай-ақ американдық феминистік Элизабет Кейди Стэнтон, Френсис Райт, Сюзен Энтони, Айда Рос Уайли болды. Феминистік пікірлерді қолдаған еркектер де аз болмады. XIX ғасырдың атақты феминистерінің бірі ағылшындық – Джон Стюарт Милль. Ол парламент мүшесі болғандықтан мемлекеттік жоғары лауазымды қызметтеріне әйелдердің де сайлануына тең құқын беруді талап етті. Осылайша, алғашқы феминизм әйелдерге қатысты ең маңызды мәселелерді көтерген. Феминизм батыс елдеріндегі әйелдердің өз саяси құқығын қорғаудан басталып, «эмансипацияға» (биоэлеметтік теңдікке жету) одан әрі қарай гендерге ұласты.

«Gender» сөзі ағылшын тілінен аударғанда жыныс (еркек, әйел) дегенді білдіреді. Ең алғаш гендер терминін өткен ғасырдың 80-жылдары ағылшын тілді зерттеуші әйелдер ғылыми айналымға енгізді. Қазіргі таңда бұл термин халықаралық деңгейде қолданылып келеді. «Гендер» мен «жыныс» ұғымдарына тоқтала кетсек, жыныс әйелдер мен ер адам арасындағы биологиялық сипаттағы айырмашылықтарды білдіреді, ал гендер ұғымы олардың арасындағы әлеуметтік конструкт ретінде қарастырылады.

Гендер – адамның психологиялық және әлеуметтік дамуын негіздейтін жеке тұлғаның базалық сипаттамаларының бірі. Гендердің құрылымы төрт жақты: биологиялық жынысымен, гендерлік стереотипімен, гендерлік нормамен және гендерлік ұқсастығымен толықтырылады. Ер мен әйелдің физиологиялық ерекшеліктері, тән-тұрпатының әр түрлілігі, т.б. биологиялық сипаттамасы болып табылады. Гендерлік қатынастардың жаңа парадигмасының пайда болуы, ерлер мен әйелдердің тең мүмкіншіліктерін қамтамасыз ету – жаңа демократиялық Қазақстанның қалыптасуының жарқын көрінісі. Осыған орай гендерлік сана мен гендерлік қатынастардың жаңа үлгісін жасау бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр (3,2001:241).

«Гендерлік теңдік» - әйел мен еркектің тең құқықтығы мен қоғамдық өмірдегі әлеуметтік бірегейлігі. Алайда «Әйелдер билікке келгісі келеді, бұл мәселені сондай әйелдердің қозғап жүрген нәрсесі», деген қоғамдық пікірде орын алған түсініктер де бар. Мәселе, билік басына жармасқанда емес. Мәселе – таңдауда. Әйелдердің бәрі билік басына бармайды. Өйткені, кейбіреулердің қабілеті бар, кейбіреулерінікі жоқ, еркектер де сол сияқты. Әрбір адам бірдей емес. Көбінесе, мүмкіндігінше, әйелдер баласын бағып үйде отырады, бірақ әйел адамда да таңдау болуы керек. Егер қабілеті, талпынысы болса, жолдасы оның қоғамдық қызметпен айналысқанын мақұлдаса, неге әйел онымен шұғылданбауы керек?.. Гендерлік теңдік деген осы (Айқын, 2007: 3). Әйел табиғатының ашылуы оның әйелдік бақытына байланысты. Қазақтың ертегілерін, жыр-толғауларын оқып отырсақ, әйел табиғатын оның Құдай жаратқан міндеттерінен тыс қарастырмайды. Олай болса, қазіргі қазақ әйелдері де сол мұраттан алшақтамағаны ләзім.

Қазақстан көп конфессиялы мемлекет болғандықтан соңғы жылдары қоғам өмірінде діннің рөлі өсіп отыр. Халқымыздың 70 пайыздан көбі мұсылман болғандықтан Ислам дінінің рөлі артуда. Ислам бағытта жан-жақты ғылыми зерттеулер жүргізілуде. Солардың бірі қазіргі қоғамда актуалды болған «гендерлік теңдік» мәселесі. Жалпы Ислам дініндегі гендерлік тәжірибе мен стратегияларды зерттеу негізінде гендер ұғымы жеке даралықтан әлеуметтік діни-мәдени категорияға айналды. Ислам діні гендерлік әділетсіздікті, әйел баласына зорлық-зомбылықты қолдануды және оны кемсітушілікті қабылдамайды. Ислам адамдарды нәсілі мен ұлты, атақ-дәрежесі мен шығу тегіне қарап емес, адамның тақуалығы мен көркем мінезі, рухани кемелдігі және адамдығына қарап таразылайды. Гендерлік саясаттың түпмәнінен Исламдағы толеранттылық туындайтыны анық. Алла тағала Қасиетті Құран кәрімде: «Уа, адамдар! Шүбәсіз, сендерді бір ер мен бір әйелден жараттық..!» - деген аят бар (Құран, 2015: 517). Бұдан көретініміз ислам дінінде әйелге немесе ер адамға қатысты ешқандай кемсітушіліктер жоқ. Керісінше, исламдық көзқарасқа сай, әйел мен еркектің физиологиялық жағынан әртүрлі болғандықтан, олар тек бірін-бірі толықтырып отырады.

Марго Бедран мен Мириям Кук араб әлеміндегі феминизмнің маңызды үш кезеңін анықтады:

- 1860-1920 жылдар көрінбейтін әлеуметтік гендерлік рөлдердің сынына негізделген феминизм кезеңі, әсіресе Мысырда, онда жоғары және орта санаттағы әйелдер өз ойлары мен идеяларын әдебиет пен поэзия арқылы білдірді;
- 1920-1960 жылдар әлеуметтік белсенді кезеңі (Мысырда - 1920-1950 ж.ж., Ливан, Ирак, Сирия – 1930-1940 ж.ж., Судан – 1950 ж.) мұсылман әйелдері құқықтарын қалпына келтіруге бағытталған қоғамдық феминистік қозғалыстар кезеңі;
- 1970 жылдардан бастап бүгінгі күнге дейін жаңарған феминизм кезеңі (Margot Badran and Miriam Cooke, 1990).

Феминизмнің барлық үш түріне тән әйелдердің талаптары білімге, жұмысқа, дауыс беруге, сайлауға қатысуға, еркін жүруге, гендерлік сегрегацияны жоюға бағытталған. Сондай-ақ отбасындағы құқықтарды кеңейтуге, некеге тұруға немесе анасының ажырасуы жағдайында баланың қамқорлығына алу мәселелері көтерілген.

«Ислам феминизмі» терминін 1990-шы жылдары бірқатар елдерде қолданысқа ене бастады. Бұл алдымен мұсылмандардың жазбаларында пайда болды. Иран ғалымы Зибә Мир Хоссейни 1992 жылы «Zanan» атты Тегеран әйелдер журналына жазған мақаласында ислам феминизмінің қолдануын көрсетті (Ziba Mir-Hosseini, 2000). Саудиялық ғалым Мэй Ямани 1996 жылы «Феминизм және ислам» аты еңбегінде: «ислам феминизмі» - әйелдердің құқықтарын ислам контекстінде қорғайтын адамдардың дискурсы мен әрекеттерін сипаттайтын идеология деген анықтама береді (Mai Yamani, 1996: 1-2). Голә Нилүфер, Есім Арат, Фериди Аджар Түркияда пайда болған жаңа феминистикалық парадигманы сипаттау үшін ислам феминизмі терминін қолданған (Nilüfer Göle, 1996). Сонымен қатар, оңтүстік африкалық белсенді Шамима Шейх, Мысырдағы Омайя Абу Бақр, пакистандық-амерекандық Асма Барлас, батыс Африкада тұратын американдық Амина Вадудтар мақалаларында осы терминді жиі пайдаланды. 90 - шы жылдардың ортасына қарай ислам феминизмінің дәлелдемелері әлемнің бірқатар елдерінде қолданысқа енді (Margot Badran, 2002).

Майсам Фаруки мұсылман әйелдің жеке басының көзін - мұсылман болу мәртебесі ретінде қарастырады, ол жыныс пен нәсілдік айырмашылықтан гөрі біртұтас теологиялық, рухани және діни көзқарастарға тәуелді болады. Исламдағы теңдік рухын табу үшін феминистикалық жоба емес, ислами бағыт керек. Мұсылман қауымдарындағы әйелдердің мәртебесі ислам түсіндірілуі мен ислам заңдарын қолдану арқылы беріледі (Maysam Al Faruqi, 2000: 74-76).

Ислам феминисттері ислам құқығы бойынша мұсылман әйелдердің алдында кездесетін кейбір теңсіздіктер кездесетінін айтады және олар мұсылман әлемінің басым бөлігінде жиі отбасылық заңға немесе жеке мәртебе туралы заңға сілтеме жасайды. Суад Джозефтің айтуынша, әсіресе отбасылық құқық ислам әлемінде «феминисттік күресдің негізгі белгісі». Бірақ ислам феминисттері жеке тұлғаға қатысты ислам құқығын жоюды емес, керісінше, олар әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейтудің шешімі ислам негіздерін түсіндіру арқылы табылуы керек деп пайымдайды. Ислам феминисттерінің басты дәлелі - Құран барлық адамның теңдігі мен әділеттілік принципін қолдайды, алайда бүгінгі мұсылман қоғамдарындағы әйелдер мен ерлердің теңдігі патриархиялық идеялар, әдет-ғұрыптар мен тәжірибелер арқылы бұзылған (Suad Joseph, 2000: 20).

Батыстан бастау алған «гендерлік теңдік» деп ұрандаған батыс әйелінің келбетімен шығыстағы әйел келбетінің сипаты екі бөлек. Сондықтан, осындай біріне-бірін тартатын және осы тартылыс арқылы қайшылық құрайтын шығыс және батыс әйелінің келбеттері «алтын аралық» арқылы шешімін тапқандай болады. Бірақ осы жерде «бұл аралықтың өзінің басты ерекшеліктері мен негізгі белгілері қандай, өлшемдері неде?» деген сауал туындайды. Бұл тұста, Орта Азиялық дәстүр мен Қазақстанның таным-түсінігін үлгі ретінде ұсынуымызға болады. Бұны этноцентристік көзқарас деп бағалаудан аулақ болуымыз керек. Себебі, біріншіден, бұл аймақ тек идея жүзіндегі алтын аралық қана емес, географиялық орналасуы жағынан да аралық, тұтас Еуразиялық кеңістіктің орталығы болып табылады. Екіншіден, тарих белестеріне жүгінсек, түркі халықтарының әлемдік таным-түсініктері этика мен адамгершілік, ізгілікті қарым-қатынастық ұстанымдар бойынша елеулі орын алатындығын негізге алуымызға болады. Үшіншіден, Орта Азия мен Қазақстан, Түркия сияқты мемлекеттер жалпылама алғанда, зайырлы исламдық үлгіні бетке ұстайды немесе оған бет бұрған. Төртіншіден, бұл географиялық кеңістікте өзіміз өмір сүргендіктен, ол бізге жат емес, болмысымыз бен ішкі жан-дүниемізге генетикалық жағынан да, табиғи түрде де жақын, нақтырақ айтқанда тарихи дәстүр бойынша ұлттық бірегейленуге келіп тоғысады.

Осы модельді, сәйкесінше, батыстық үлгідегі гендер мәселесіне де қолдануға болады. Ендеше, Батыстық гендерлік ұстанымдардың да қалыптарын тұтастай біздің елімізге көшіре салу қаншалықты адасу туғызатын болса, қазіргі араб-мұсылмандық шығыстағы әйел бейнесін Қазақстанға дәл солай көшіре салу да сондай деңгейдегі ауытқу болып табылады деп айта аламыз.

Ислам және әйел, әйелдің исламдағы орны, ислам дініндегі әйелдің тұрмыстық деңгейлері сияқты түйткілдер тоғысы мен батыстағы гендерлік саясат, американдық әйел бейнесі деген сияқты бүгінгі күні шешімін табуға сұранып тұрған мәселелерде, біз қашанда, өзіміздің ұлттық үлгімізді естен шығармауымыз керек. Бұл – ұлттық идеяның басты ұстанымдарының біріне келіп саятын объективті қажетті құрылым болып табылады. Осы тұста, С. Нұрмұратовтың: «Шығыстық ділге сәйкес келетін ерекшеліктер мен Батыстық өркениеттік сипаттардың жетістіктерін синтездеу арқылы еліміздің өзгешелігіне сай келетін ұлттық идеяны, құндылықтық бағдарларды анықтау мәселесі тұр», -

деп пайымдаған пікірлерінеде тоқталып өтсек, ұлттық идея дегеніміз – ұлттық тіл, дін, діл, әдет-ғұрып пен салт-дәстүр т.б. (Нұрмұратов С., 1991:109). Егер ол түбегейлі зерттеліп, өзінің болашақтағы теориялық бағдары мен практикалық жоспарлары құрастырылып, әрбір элементі нақты талданып тұжырымдалса, оның жүзеге асыру жолдары тиянақталса, қоғамдағы әйелдің ұлттық бейнесін де маңызды мәселе ретінде бұған арнайы кіріктіруіміз қажет деп пайымдаймыз. Осы мәселеге қатысты Ж. Молдабеков: «Ұлттық идея мен салт-дәстүрді өзара ұштастыруда әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің сабақтастығы орын алса, тұлғалық тәжірибе мен тұлғаны жандандыруда әдептанудың атқарар қызметі ауқымдарық,-деп өзінің ойын жалпылама әдіснамалық тұрғыдан негіздеген болатын (Молдабеков Ж., 1982:114).

Жаңа гендерлік тұжырымдаманың әлеуметтік құрылымы, мәдени және тарихи дәстүр, ұлттық менталитет контекстін белсенді және ынталы зерттеуді қалайды. Қазақстанда, саясиетникалық қоғамда гендерлік құрылым көптеген этникалық дәстүрлердің, ең алдымен, қазақ халқының этникалық ерекшелігіне сәйкес жасалады.

Ұлттық идеяның басты сүйенері мен субстраты тарихилық қағидадан тамыр тартатындығы белгілі. Олай болса, қазіргі қоғамдағы әйел бейнесінің құрылуы оның халқымыздың тарихымызда қалай орын алғандығымен келіп тоғысуы тиіс. Түркі-қазақ дүниетанымын философиялық тұрғыдан зерттеушілер көп жағдайда, бұрынғы кездегі қоғамымызда әйелдің құрметті қоғам азаматы болып ғұмыр кешкендігін паш етіп келеді, тіпті оны тым көне және кейінгі исламдық сенім бойынша да дәйектеуде. Бұндай әйелді құрмет тұтушылық дәстүр бірнеше жылдарға созылғанмен, уақыт өте келе, ұлттық болмысымызды жоғалта бастағаннан бері өзгерістерге де ұшырағандығы жасырын емес. Ендеше, ұлттық идеяның түпкі практикалық қызметі мен мақсатына сәйкес, бұрынғы рухани құндылықтарымызды қайта жаңғырту қолға алынып отырған шақта, түркі-қазақ даласындағы әйел бейнесінің тарихи тамырларының оңды жақтарын қайтадан жаңғырту да қолға алынуы тиіс маңызды іс шара екендігі белгілі жайт. Бірақ ұлттық идея мен еліміз ұстанып отырған болашақ туралы стратегия тек тарихилықпен ғана шектеліп қалмайды, логикалықты қоса қамтиды, демек, дамуда дәстүршілдік пен жаңашылдық қағидаларын қатар ұсынады. Осыны ескере келсек, исламдағы әйел мәселесінде де, Орта Азиялық және Қазақстандық өзіндік бір үлгі қажет екендігі сөзсіз. Ол – бүгінгі мемлекетіміз ұстанып отырған дін мәселесіндегі зайырлылық пен діни төзімділік арқылы оң шешімін табуы тиіс (Қопаев Ө.Қ., 1998:217). Демек, біз ұсынып отырған дін мәселесіндегі алтын аралық Кеңес дәуіріндегі атеистік санадан бас тарта отырып, қазіргі кейбір араб-мұсылман мемлекеттеріндегі фанатизмді де қолдамайды.

Қорытынды

Исламның гендерлік ұстанымы әйел тәрбиесіне ерекше мән береді. Ислам діні гендерлік мәдениеттіліктің бастамасы, оны қорғаушы күш. Гендерлік теңдіктің рухани тұғыры Ислам мен оның құндылықтарының қайта жаңғыруы халықтың өзінің рухани түп-тамырын толық түсінуге деген ұмтылысы. Сондықтан да, қазақ халқының діни-рухани мәдениетін танып білуге ұмтылуы заңды. Ислам дінінің гендерлік теңдіктің қалыптасуына ықпал еткен рухани құндылықтарды зерттеу қазіргі қазақ қоғамының рухани гүлденуі және діни санамыздың беріктігін нығайту үшін қажет. Гендерліктің исламдық тұжырымы ер мен әйел адамның қарым-қатынасын табиғи үйлесімділік пен жаратылыс аясында қарастырып, олардың өз болмысына сай әлеуметтік рөлдері мен статусын қамтамасыз етуге үлкен мән береді. Исламдағы гендер мәселелерін зерттеу гендер туралы қалыптасқан батыстық үлгіні өзгеше парадигма тұрғысынан қарастырып, теориялық-концептуалдық көзқарастарымыздың тереңдеуіне мазмұндық мәнінің кенеюіне ықпал етеді деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Құран Кәрім (2015), қазақша түсіндірмелі аударма. Хужурат сүресі, 13 аят. А.: Көкжиек басп., б. 517.
2. Фурье Ч. (2017), Теория четырех движений и всеобщих судеб. М.: Издание книжного магазина «Циолковский», б. 174.
3. Проблеммы гендера в контексте трансформации казахстанского общества (2001), Алматы, б. 241.
4. Айқын «Қазақ әйелі гендерлік саясатқа мұқтаж ба?» (2007), Алматы, №43. б.3.
5. Нұрмұратов С. (1991), Өркениеттік сипаттар. Алматы, Жазушы, б.109.
6. Молдабеков Ж. (1982), Ұлттық идея мен салт-дәстүрді өзара ұштастыру. Алматы, б.114.
7. Қопаев Ө.Қ. (1998) Мұсылмандық құқық. Алматы, Атамұра, б. 217.
8. David B.Brinkerhoff (2013), Essentials of Sociology. p. 199.

9. Margot Badran and Miriam Cooke (1990), "Introduction". In *Opening the Gates: An Anthology of Arab Feminist Writing*, ed. Margot Badran and Miriam Cooke, (Indiana: Indiana University Press, xv-xvii.
10. Margot Badran (2009), *Feminism in Islam. Secular and Religious Convergences*. (Oxford: Oneworld, 243-245.
11. Margot Badran (2002), "Islamic Feminism: What's in a Name?" *Al-Ahram Weekly Online* no.569, 17 - 23 January, <http://weekly.ahram.org.eg/2002/569/cu1.htm>
12. Mai Yamani (1996), "Introduction". In *Feminism and Islam. Legal and Literary Perspectives*, ed. Mai Yamani (New York: New York University Press, 1-2.
13. Maysam Al Faruqi (2000), "Women's Self-Identity in the Quran and Islamic Law". In *Windows of Faith: Muslim Women Scholar Activists in North America*, ed. Gisela Webb (New York: Syracuse University Press, 74-76; 100.
14. Ziba Mir-Hosseini (2000), *Marriage on Trial: Islamic Family Law in Iran and Morocco*, London: I.B. Tauris.
15. Nilüfer Göle (1996), *The Forbidden Modern: Civilization and Veiling*, Ann Arbor, Mich.: University of Michigan Press.
16. Suad Joseph (ed.) (2000), *Gender and Citizenship in the Middle East; Contemporary Issues in the Middle East*. Syracuse, NY: Syracuse University Press, pp. 20

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНДАҒЫ ҚЫЗ БАЛА ТӘРБИЕСІНІҢ ЗАМАНАУИ МӘСЕЛЕЛЕРІ

п.ғ.к., қауымд. проф. С.С. ҚОҢЫРБАЕВА*
А.Қ. ҚҰТТЫБЕК**

Түйіндеме:

Халқымыздың қыз бала тәрбиесі және оған қатысты тағылымдық ойлардың зерделенуі жайында көп айтылып келеді. Қыз бала – отбасының мүшесі ғана емес, ол қоғамның әлеуеті, жасаушы күші, ұрпақ жалғастығын сақтайтын, өмірді гүлдендіретін адам. Сол себепті қыз бала тәрбиесі – ата-бабаларымыздың аманаты, қазіргі заманғы тәрбиенің көзі. Қазіргі қоғамға қазақ халқының ұлттық құндылықтары негізінде заманауи қыз бейнесін қалыптастыруда зерттелген көптеген ғылыми еңбектер бар. Қыз бала тәрбиесіне қатысты ғалымдардың еңбектеріне дербес шолу жасай отырып, негізгі ойлары тұжырымдалып көрсетілген.

Сонымен қатар, Қазақ мемлекеттік қыздар университетінде он жыл көлемінде оқытылып келе жатқан «Қазақ аруы» курсының маңызы мен мәні туралы айтылып, оның мазмұны қарастырылған құрылымдық модель берілген. Авторлық тұжырымдама мен оқу пәні аясында қол жеткен жетістіктер қысқаша түйінделген.

Түйін сөздер: *қыз бала тәрбиесі, ұлттық құндылықтар, заманауи проблемалар, «Қазақ аруы» курсы*

Abstract:

The girl is not only a member of the family, but also a person who lives and preserves the continuity of generations that form the potential of society. Therefore, the education of girls is the basis of the life of our ancestors, modern education.

Modern society has a lot of scientific works, studied in the formation of the modern image of the girl on the basis of national values of the Kazakh people. A review of the works of scientists related to the education of girls was carried out, the main ideas were formulated.

The Kazakh state women's University told about the importance and significance of the course "Kazakh aruy", which is taught for ten years, presented a structural model, which examines its content.

The author's concepts and achievements achieved within the framework of the discipline are summarized.

Key words: *girls upbringing, national values, modern problems, course "Kazakh Miss"*

КІРІСПЕ

«Ұлтты қыз сақтайды» дегендей, қыз бала тәрбиесі педагогика ғылымына зор жауапкершілік жүктейді. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» туралы мақаласының негізгі түйіні ретінде ұлтты сақтаудың маңызды факторлары мен жаңаша жолға қою, оған көзқарасты ұлттық идеялармен үндестіру көзделеді.

Қазақ – қыз баланы аса қастерлеп, қадірлеп келген халық. Осы қасиетімен де қазақ ұлы халық болып есептелінеді. Әлемде кейбір елдерде қыз баланы бала деп санамай, туа сала жерге көміп тастағаны тарихтан белгілі. Бұған қарағанда, қазақтың қыз баланы пір тұтып қастерлеуінің өзі үлкен адамгершілік [1].

Қазақ халқын өзгелерден ерекшелендіріп тұратын бір қасиеті оның қыз бала тәрбиесіне аса мән беруінде. Қыз бала – отбасының мүшесі ғана емес, ол қоғамның әлеуеті, жасаушы күші, ұрпақ жалғастығын сақтайтын, өмірді гүлдендіретін адам. Сол себепті қыз бала тәрбиесі – ата-бабаларымыздың аманаты, қазіргі заманғы тәрбиенің көзі. Қыз баланы құрметтеу, қыз баланы жақсы көру, ол өз ұлтыңды құрметтеу деген ұғымға саяды. Ал бүгінгі таңда қыз баланың мінез-құлқының өзгеріп кетуі, жаман жолға түсуі оның ата-анасының ғана емес, бәріміздің қиналар тұсымыз. Сондықтан, қазіргі жастар тәрбиесінде қыз балаға ерекше мән беріледі. Өйткені, қыз бала – болашақ ана.

Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Біз ана болу – күрделі кәсіп дейміз. Бірақ, неге екені белгісіз, оны ешкім ешқашан үйретпейді. Ана болуды, отбасылық өмірді және балаларды тәрбиелеу ісін де үйрену керек» – деген сөзді басшылыққа ала отырып, ұлттық құндылықтар негізінде заманауи қыз тұлғасын

* ҚазмемҚызПУ, Алматы, Қазақстан. pedsheberlik@mail.ru

** ҚазмемҚызПУ, Алматы, Қазақстан. 6М010300 – Педагогика және психология», 2-курс. aida_taraz.95@mail.ru

қалыптастыру – заман талабы екендігін ұғынғанымыз жөн [2]. Әрбір тәуелсіз мемлекеттің рухани дамуының өзіндік ерекшеліктері болатыны белгілі. Осы ерекшеліктер тәуелсіздіктің туын тігіп, еңселі ел болсақ деп ежелден армандап келген бүгінгі түркі жұртының тағдырына тікелей қатысты өзекті мәселенің ең бастысы – қазақ халқына тән ұлттық тәрбиенің озық, өнегелі дәстүрлерін қыздар тәрбиесінде пайдалану аса маңызды міндеттердің біріне айналып отырғаны даусыз. Бүгінгі таңда қазақ халқының алдында тұрған ең келелі мәселелердің бірі – қыз тәрбиесі.

Тәрбие негізінде өз алдына мақсат емес себеп болып есептеледі. Кейбір ата-аналар балаларын, өмір мектебіне дайындау үшін тәрбиелейді. Кейбірі білімдар болуы үшін тәрбиелейді. Ал енді біреулері еліне, халқына қызмет ететін азамат болсын деп тәрбиелейді. Тәрбиенің осы сияқты мақсаттары көптеп кездеседі. Адамдар әртүрлі дәуірлерде заманның талабына сай тәрбиені алуан түрлі мақсаттарда қолданып келген. Сондықтан да «Заман түлкі болса, тазы болып шал» деген сөзді негізгі қағидаға айналдырып, осыны бет перде тұтқан. Сол үшін тәрбие барлық жерде бірдей болмаған.

Қазіргі таңда да тәрбиенің маңызы орасан зор. Тәрбие бесіктегі баладан, еңкейген қартқа дейін қажет. Өйткені, тәрбие болғанда ғана, адамдық қасиетің пайда болып, өмірдегі рөліңді біле аласың. Қазақтың батыр тұлғаларының бірі Бауыржан Момышұлы: «Тәртіпсіз ел болмайды. Тәртіпке бағынған құл болмайды» деп тәрбиенің маңызын ашып көрсеткен.

Қазақ халқының қыз тәрбиелеуде өзіне тән салт-дәстүрі бар екенін, оның озығы мен тозығын ғылыми тұрғыда талдап, дәлелдеген ұлы ағартушы Ы.Алтынсарин. Қазақ халқының келешегі – қыз балаларды тәрбиелеуге байланысты, тұңғыш рет қасында интернаты бар бірнеше қыздар училищесін ашып, ұлттық тәрбиеге ерекше көңіл бөлді.

Ал, данышпан Абай шаңырақ ұйтқысы болар әйел бойындағы қасиеттерді бағалап көрсете білген. Бүгінгі қыз, ертеңгі ана осы ата кәсіптің бәрін жете білгенде ғана, отбасының берекесі болып, ешкімге телміріп, қайыр сұрамай, өз өмірінің жарастығын өз қолымен жасайтынын жеткізе айтқан. Осының бәрін көрсетіп, үйрететін әрине, анасы.

М.Жұмабаев «Педагогика» атты әрі оқулық, әрі әдістемелік кітабында, тәрбие түрін төртке бөліп, дене тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі, ақыл тәрбиесі һәм құлық тәрбиесі, - дей отырып, адам баласында осы төрт тәрбие түгел берілгенде ғана, оның тәрбиелі болғандығы, - деп тұжырым жасайды. Ал, балам адам болсын дейтін ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс, орындасын. Бала аурулы, бала тар ойлы ақымақ болса, бала кінәлі емес, тәрбиеші кінәлі; бала сұлулықтан ләззат ала алмайтын мылқау жанды болса, бала айыпты емес, тәрбиеші жазалы. «Бала істеген жауыздықтың жазасын тәрбиеші көтерсін» деген иран елінің мәтелі шын, дұрыс мәтел – дейді.

Тәрбиеші, - деп М.Жұмабаев, әрине, ананы айтып отырғаны түсінікті. Бала ана бойында жаратылып дүниеге келеді, ол ер жеткенше ананың тәлім-тәрбиесін көріп өсетіндіктен, тәрбиеші – ана.

Педагог бала тәрбиесіндегі, соның ішінде әрине, қыз баланы тәрбиелеуде ананың рөлінің жоғары екендігін баса айтқан. Өйткені, бала анаға жақын тұрады, шешесі үйде қызының көзінше не істесе, оның қимыл-қозғалысына, сөйлеген сөзіне қарап, ертең ұядан ұшқанда қыз бала соны қайталайды. Әрине, қыз тәрбиесі анаға ғана байланысты. Сол себептен ананың, қыз баланың көзінше әдепті, мәдениетті болуын айтады. Сол сияқты, «баланың маңдайындағы, адамдардың жүріс-тұрысы да әдепті, сұлу болуға тиісті. Сұлу дене, сұлу қозғалысты көріп өскен баланың денесі де, қозғалысы да сұлу болады. Бала түрлі музыка құралдарының үндерін тындасын, сурет салып үйренсін, топас адам — тірі өлік», - дейді Мағжан [3].

Қазақ әйелдерінің ішінен шыққан тұңғыш ғалым, қазақ топырағында алғаш мектепке дейінгі тәрбие ғылымының іргетасын қалаушы Нәзипа Құлжанованың еңбектерінің орны ерекше. Ол өзінің «Мектептен бұрынғы тәрбие», «Ана мен бала», «Әдемілік сезімін көтеру», «Мейірімділік әдеттерін көркейту», т.б. еңбектерін қалдырды. Бұл еңбектерге А.Байтұрсынов жоғары баға берген болатын. Аталған еңбекте Н. Құлжанова бала тәрбиесін халықтық педагогикамен байланыстырып, баланың жетіліп, дамуына ұлттық тәрбие жақсы әсер ететінін баса айтқан болатын [4].

Соңғы жылдары Қ.Б. Жарықбаев, С.Қ. Қалиев, С.А. Ұзақбаева, К.Қ. Қожахметова, Р. Дүйсембінова, Р.К. Төлеубекова, Қ.Қ. Шалғынбаева, Ш.И. Джанзакова т.б. педагогтар халық педагогикасы жайлы зерттеу жұмыстарына тарихи педагогикалық тұрғыдан мән бере отырып, осы тұрғыда өз үлестерін қоса білді.

Осыған орай, қазіргі кезде білім беру жүйесінің алдында тұрған үлкен міндеттің бірі – білім, тәрбие беруді ұлттық негізде жүргізу және елімізде тұратын басқа ұлт өкілдерінің салт-дәстүрлеріне құрметпен қарау, сыйлау. Осы тұрғыдан келгенде білім беру жүйесінде ұлттық тәрбие беру арқылы

қыз балаларды тәрбиелеуге байланысты біршама теориялық-практикалық тәжірибелер жинақталғанын байқаймыз.

Бүгінгі таңда барлық білім және тәрбие беру мекемелері халық педагогикасы бойынша ұлттық тәрбиені іске асыру мақсатында әртүрлі кешендер жасап, оны іске асыруда. Мысалға алатын болсақ, «Атамеке», «Кәусар бұлақ», «Дәстүр» сияқты бағдарламаларды айтуға болады.

Солардың ішінде, бұл бағытта ғалым Х. Арғынбаев өзінің «Қазақ халқындағы семья және неке» (1973ж.), «Қазақ отбасы» (1996ж.) деген еңбектерінде қазақ отбасының кешегісі мен бүгінгі жағдайын және оның дамуындағы ерекшеліктерін тарихи-этнографиялық тұрғыдан шолу жасайды.

Ал, Л. Ибраимованың «Қазақ этнопедагогикасындағы отбасылық тәрбие» атты кандидаттық диссертациясында қазақ ағартушылары мен ағартушы-педагогтары және ғалым-педагогтарының еңбектері қазақ этнопедагогикасындағы отбасылық тәрбиенің теориялық негізі ашылған және отбасындағы қыз тәрбиесі жайлы тұжырымдар жасалған. «Қазақ халқының отбасылық этнопедагогикасы» атты факультативтік курсы арқылы I-IV кезеңдерінде «құрсақ тәрбиесінен», «бесік тәрбиесі», «қыз бала тәрбиесі», «келін тәрбиесі» деп берілген. Және де ананың қыз тәрбиелеудегі он сегіз түрлі тәлім-тәрбие міндеттері көрсетіліп, қазақтың қыз бала тәрбиесінің және келін тәрбиесінің үлгілері берілген [5].

Қ.Адамова, К.Қожахметова, Л.Сырымбетовалардың «Қыздар әліппесі» атты оқу бағдарламасы Екібастұз қаласындағы қазақ қыздар гимназиясы үшін арнайы даярланған. Гимназияның оқу жоспарына жеке пән ретінде кірген бұл бағдарламаның ерекшелігі: тұжырымдамада көрсетілгендей, «Қыздар әліппесі» сабағын арнайы даярлықтан өткен сынып айымдары өткізетіндігінде және ата-аналардың педагогикалық білімін көтеруге «Ата-аналар университетінің» бағдарламасы да жасалынған. Бағдарламаның негізгі мақсаты: ұлттық рухани байлықты жалпы адамзаттың мәдениетімен байланыстыру негізінде ұштастыру арқылы қазақ қыздарын тәрбиелеу және оқыту. Гимназияның педагогикалық үдерісіне «Қыздар әліппесі» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында ұстаздар уставы мен қыздар ережесі енгізілген. Қазақ қызының гимназия түлегі ретіндегі моделі берілген. Бағдарлама мазмұны: бағыну заңы, тек тәрбиесі, қара шаңырақ, келін тәрбиесі, неке тәрбиесі, құрсақ тәрбиесі деген 6 бөлім бойынша іріктеліп, сыныптан келесі сыныпқа күрделеніп дамып отырады [6].

Ұ. Есімнің ғылыми зерттеу жұмысында «Қазақ отбасындағы қыз бала тәрбиесі» атты кешенді бағдарламада қыз баланы отбасында тәрбиелеудің ерекшеліктері айқындалған [7]. «Бастауыш сынып оқушыларында қазақ отбасы дәстүрлерінің құралдары арқылы адамгершілік мінез-құлық нормаларын қалыптастыру бойынша мектеп пен отбасының бірлескен жұмысы» тақырыбы бойынша зерттеуші ғалым И. Корнилконың мектеп пен отбасының бірлескен жұмысын ұйымдастырудың тиімді жүйесін теориялық тұрғыдан негіздеп және эксперимент жүзінде тексеруді мақсат етеді. Зерттеу жұмысы бойынша «Қазақ отбасы дәстүрлері – бастауыш сынып оқушыларында адамгершілік мінез-құлық қалыптастыру құралы» атты ата-аналарға арналған педагогикалық лекторий бағдарламасы, «Қара шаңырақ» атты отбасылық клубтың бағдарламасы жасалынып, жалпы білім беретін орта мектеп мұғалімдеріне, т.с.с. арнайы курс ретінде ұсынылған [8].

А. Исабекованың зерттеу жұмысында «Қызым саған айтам...» таңдау курсы және «Ботагөз» тағылым отауы қыз балалардың мүмкіндіктері мен ұлттық білім туралы тұтас түсініктерінің қалыптасуына әсерін тигізгендігін дәлелдеген [9].

А. Жумадуллаеваның «Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге даярлаудың педагогикалық негіздері» атты кандидаттық диссертациялық жұмысы қазақ отбасы тәрбиесінің мүмкіндігін ескере отырып, болашаққа жоғары сынып оқушыларын отбасы-некеге даярлаудың педагогикалық негіздерін қарастырады. «Отбасы-некелік өмірге дайындық» атты факультативтік курстың бағдарламасын факультативтік сабағы қосымша сабақтан тыс ұйымдастырылып, оныншы сынып оқушылары арасында жүргізілген [10].

С. Қоңырбаева «Жоғары сынып оқушыларын отбасылық өмірге этномәдени құндылықтар негізінде даярлаудың педагогикалық шарттары» атты кандидаттық диссертациясында 10-сыныптың қыз балаларына арналған «Ару қыз» бағдарламасы арқылы этномәдени құндылықтарын байытуды әртүрлі әдіс-тәсілдермен іске асырған [11].

Г. Алдамбергенова «Қазақ халық педагогикасында қыздарға моральдық-этикалық тәрбие берудің ғылыми негіздері» атты докторлық диссертациясында қазақ халық педагогикасында қыздарға моральдық-этикалық тәрбие беру дәстүрлерін бүгінгі білім беру жүйесінде пайдалану жөніндегі арнайы тарауында қыздарға моральдық-этикалық тәрбие берудегі озық дәстүрлерін бүгінгі білім беру жүйесінде пайдалану тұжырымдамасын ұсынады. Сонымен қатар, «Қазақ халқының қыздарды тәрбиелеудің моральдық-этикалық дәстүрлері» бағдарламасы арқылы болашақ мұғалімдерге меңгерту формалары мен әдістерін жеткіншектер тәрбиесінде пайдалануды қарастырған [12].

Ж. Сарыбекова «Қазақ халық педагогикасындағы қыз тәрбиесі» тақыбындағы докторлық диссертациясында «Қазақ халқының дәстүрлі тәрбие түрлері арқылы қыздарды тәрбиелеу тұжырымдамасы және оны үздіксіз білім беру жүйесінде іске асыру» атты тарауында өз ғылыми тұжырымдамасы негізінде дәстүрлі қыздар тәрбиесі түрлерін отбасында пайдалану, мектепке дейінгі мекемелерде пайдалану, жалпы білім беретін мектепте және мектептен тыс мекемелерде пайдалану, сондай-ақ, болашақ педагог мамандарды қыздар тәрбиесіне даярлау жөнінде кеңінен қарастырған [13].

Еліміз тәуелсіздік алғалы бері 25 жыл ішінде қыз бала тәрбиесіне ерекше ден қоя бастады. Бұл балабақшадан бастап, орта білім беретін мектеп пен колледж, ЖОО-дағы қыз балаларға арналған ұлттық мазмұндағы тәрбие бағдарламалары тәжірибеде болды.

Біз жалпы қазіргі кезеңде қыздар тәрбиесі саласына өз үлесін қосып жүрген ғалымдардың көзқарастарын сараптап, талдау жасадық. Әрине, бұл еңбектердің қыздарды тәрбиелеуде өзіндік қомақты үлес қосқанын айтуға болады.

Өткен өмір сабақтарын бүгінгі қыздар тәрбиесіне лайықтау және оны санасына ұялату қажеттілігін ескеріп, тарихи тәжірибемізді қыздар тәрбиесінде қолдану мүмкіндігі туды. Білім сапасы жоғары, өркениеттік санасы терең, кәсіби іскерлігі шарықтау шегінде, адамшылық қағидасы биік жас ұрпақ қана еліміздің мақтан тұтар патриоты болмақ. Осының бәрін алдымыздағы ұлға да, қызға да берер – ана.

Олай болса, қыз балаларға білім мен тәрбие беру мазмұнын, оны ұйымдастырудың жолдары мен әдістерін отбасында, балабақша мен бастауыш сыныпта қыз балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес саралап, сабақтастықта жүргізу керек. Себебі, қыз балаларына сабақтастық негізінде тәрбие берудің басты мақсатының бірі – олардың отбасындағы, балабақша, мектептегі және орта арнайы, жоғары оқу орындарындағы білім мен тәрбие беру іс-шараларында ұлттық тәрбиедегі қазақ қызына тән дағдыларын жетілдіре түсу.

Қыз тәрбиесі отбасынан бастау алып, одан әрі балабақшада ғылымға негізделген әдіс-тәсілдермен берілетін тәрбие арқылы жалғасын тауып, мектепте, орта арнайы, жоғары оқу орындарында жан-жақты тәрбиелік кеңістігін кеңейте түседі. Осылай қыз баланың даму, өсу кезеңдерінде қыз табиғатына үздіксіз әсер етіп, өмір бойы өшпестей із қалдыратын тәрбие беру ісінің сабақтастығы іске асады.

Қазақ халқының қыздарды тәрбиелеудегі дәстүрлі әдістерін жүйелі жүргізу үдерісі үздіксіз білім беру жүйесінің барлық сатыларында іске асыруға негізделеді: отбасы – балабақша – мектеп – орта арнайы оқу орны – жоғары оқу орны болып үздіксіз сабақтаса байланысуы тиіс. Демек, мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы қыз балаларды халықтың дәстүрлі тәрбие әдістері арқылы тәрбиелеуді үздіксіз үдеріс ретінде қарастыру қажет.

Бүгінде жаһандану жүріп жатқанда, ұл мен қыздарымызды халық дәстүрі негізінде, тәрбиелеу, аталы сөзге тоқтау, ақыл-кеңес тыңдау, ата-ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау сияқты қасиеттерді ойына салып отыру керек.

Қазақ жастары үлкендердің сөзіне тоқтаған. Бүгінде қыздарымыз үлкеннің сөзіне тоқтамақ түгіл, баса-көктеп басыннан аттап өтуге дайын тұратындары баршылық. Әрине, бәріне бірдей топырақ шашуға болмайды. Ал, бұлардай тапшы ұрпақта кісілік, елдік деген түсінік жоқ болатынын көрсетеді. Ондай адам «елдің қамын жемейді, елдің нанын жеуге» дағдыланады. Мұндай ұл мен қыздарымыз біздің қоғамда да ішінара кездесіп қалып жүр. Олай дейтініміз, білім және тәрбие саласында ұлттық тұрпаттың қуатының шалалығы.

Солай десек те жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның азаматтары да жанарды, әрбір адамның ісі, сөзі, әдеті, психологиясы, көзқарасы өзгеруде. Қазақ қызымын деу мақтанышқа айналды. Осылай болашаққа деген ыстық патриоттық сезімі мен нық сенімді іске астырудағы аналардың рөлі ерекше.

Қазіргі қыздардың бойынан қазақ ұлтына жат қылықтар көптеп кездеседі. Мысалға алсақ: темекі тарту, жеңіл жүрістері, көпшілік ортада өзін-өзі ұстау этикасын білмеу, бейбастық сөздер айтуы, және олардың ашық-шашық киім киюі. Әсіресе, қыз балалардың бойында бұрынғы аналарға тән инабаттылық, ұялшақтық қасиеттер азайып барады. Міне, осындай жан түршігерлік қылықтардың біздің қазақтың қыздарының бойынан табылуы өте өкінішті-ақ.

Жаңа ғасырдағы жаңалықты қабылдау керек деп, шетелден немесе ғаламтордан көргеннің бәрін талғаусыз қабылдағаннан ұрпақ ұтылады, ұлт әлсірейді. Көргеннің көзін сүріндіретін ашық-шашық киінуден аулақ, заман ағымына лайық жарасымды киініп, өз тілінде сөйлеп, дәстүрді сыйлап, ибалы-ғын сақтағаннан қыздарымыздың қадірі арта түспесе кемімейді. «Қыз – өрісің, ұл – қонысың» деп білген қазақ өрісін кеңейтетін қыз балаға айрықша көңіл бөлген. «Қызың мінезді болсын, ұлың өнерлі болсын» дейтін халық «Қызды күте алмаған күн етеді, жібекті түте алмаған жүн етеді» деп, қызды үй шаруасына үйреткенмен, оны күнше қажытпаған.

Қазіргі кезде осындай кемшіліктердің болуына ата-аналар да кінәлі. Ата-ана бала тәрбиесінде басты рөл атқарады. Күнделікті тіршіліктің соңында жүріп олар бала тәрбиесіне соның ішінде қыз бала тәрбиесіне жауапкершілікті азайтып алған сяқты. Сондай-ақ қыз бала тәрбиесінің төмендеуіне қазіргі көгілдір экрандағы көрсетіп жатқан шетел фильмдері де әсер етуде. Осы фильмдерге қазақ қыздары еліктеп өздерін тым еркін ұстайды, тіпті кейбір қыздар ата-анасын сыйламай, оларға қарсы келіп жатады. Әрине, бұған себеп тек шетел фильмдері ғана емес, қыздардың әдеби кітаптарді көп оқымауы, театр, музей, көрме залдарына жиі бармауы да әсер етеді. Осындай келеңсіз жағдайларды туындатқан бұл тәрбиені жақсарту жолдары:

- жанұяда ұлттық тәлім-тәрбие беру мәселелерін көтеру;
- әрбір ата-ана өз міндеттерін, жауапкершілігін білу;
- ата-ана мектеппен, жоғары оқу орындарымен, яғни мұғалімдермен тығыз байланыста болу керек.

Қыз баланың жақсы болып өсуіне оның өскен ортасының, бірге жүрген құрбы-құрдастарының, дос-жарандарының да әсері күшті. Қазақтың «қызың өссе, қызы жақсымен ауылдас бол», «қызға қырық үйден тыю» деген нақыл сөздері сол өмір тәжірибесінен алынған. Сонымен, қазіргі заманғы қыздардың бойынан ақылдылық, инабаттылық, сымбаттылық, көріктілік және де іскерлік қасиеттері табылуға тиіс. Халық «өнерсіз қыздан без, өнегесіз ұлдан без» деген.

Демек, болашақ жас ұрпақты адамгершілігі мол, иманды, өнегелі, өнерлі етіп тәрбиелеу қазіргі отбасындағы үлкен міндет. Сонымен, қазақ отбасында тәрбиенің негізі – ұлттық салт-дәстүрлер.

Осыған орай, еліміздегі тек қана қыздарға жоғары педагогикалық білім беретін оқу орнының білім беру процесінде он жылдан астам оқытылып келе жатқан «Қазақ аруы» курсына ерекше тоқталып өтсек. Еліміздің білім беру жүйесінде 75 жылдай тарихы бар Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде ұлтжанды, парасатты, шынайы қазақ аруының бейнесін қалыптастыру мақсатында «Қазақ аруы» арнайы курсы жүргізілетіндігін барша жұрт бұқаралық ақпарат құралдарынан да таныс. Аталмыш курс жаһандану үдерісінде ұлттық мүддені жоғары қоя отырып, салт-дәстүрді бағалайтын, этномәдениетті, мінез-құлқы мен санасы ұлттық ділмен ұштасқан, кәсіптік-педагогикалық имиджі қалыптасқан зиялы әйел тәрбиелеуге бағытталғандығы университет ғалымдарының ғана емес, еліміздегі ғалымдардың да қолдауына ие болуда.

Университеттің 2-курс студенттеріне элективті пән ретінде ұсынылатын бұл курс – 3 кредит көлемінде (1-кесте). «Қазақ аруы» курсының құрылымдық моделінде оның мақсат-міндеттері мен мазмұны, әдіс-тәсілдері мен құралдары, сабақпен сабақтасты жүргізілетін жұмыс түрлері және ақырғы нәтижесі көрсетілген.

Мақсаты: тағылымды істері ұрпаққа өнеге, тарихи дара тұлға қазақ қыздары мен ардақты аналардың өмірін өнеге етіп, адами абзал қасиеттерінің жиынтық бейнесін сомдау арқылы және дәстүрлі отбасы тәрбиесінің мүмкіндіктерін, әлеуметтік және этноәлеуметтік рөлдер тұрғысында ұрпақ тәрбиесі мен ұлт болашағы алдындағы бүгінгі қазақ қыздарының міндетін ұғындыру, рухани талғам аясын кеңейту.		
Міндеттері:		
<ul style="list-style-type: none"> - өз жынысына сай жауапкершілігін сезінуі; - денсаулығын сақтау және жеке ерекшелігін дамытуға көңіл бөлуі; - өз ана тілін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын білуі; - руын, ата-тегін, жеті атасын, отбасылық құндылығын білуі; - әлеуметтік және этноәлеуметтік рөлдерді меңгеруі; - алған білімі мен тәрбиесін жүзеге асыруға талаптану; - ата-ананың, қоғамның алдындағы парызы мен міндеттерін өтеу, т.б. 		
Ұстанымдары: мақсаттылық; жүйелілік, бірізділік; үздіксіздік; саналылық, белсенділік; ынталандыру; ізгілендіру; аксиологиялық; мәденилік; этникалық.		
Құндылықтар: Өмір, Отан, Ұлт, Отбасы, Ата-Ана, ел, жер, тіл, дін, діл, тарих, құқық, өнер, ағарту, тәрбие, т.б.		
МАЗМҰНЫ «Қазақ аруы» арнайы курсы	«Ұлы қазақ даласында өткен тарихи дара тұлға-арулар» модулі	«Дәстүрлі отбасы тәрбиесі» модулі

гендерлік мақсатты негізге ала отырып, өрке-ниеттік үлгідегі ойын ұлттық мүддемен байла-ныстыра білетін, мінез-құлқы мен жүріс-тұрысы ұлттық ділмен ұштасқан, кәсіптік-педагогикалық имиджі қалыптасқан зиялы әйел тәрбиелеуге бағыт-талған.	Ұлы қазақ даласында тарихта өткен дара тұлға-ару қыздардың өмірінен, арулық, қыз бейнесін, ғашық жарға лайық болу, батырлық пен ерлік көрсету, аналық абзал қасиеттерді меңгеруді бүгінгі күнмен байланыстыра қабылдату.	Отбасы тәрбиесінің бүгіні мен болашағын этнопедагогика-лық білім мен тәжірибе тұрғы-сынан игерту мақсатында тәрбиенің негізгі көзі – отбасы екендігін және оған қатысты факторлар мен қазақ қызының рөлін ұғындырып, ұлттық тәрбиенің өзекті мәселелеріне баса көңіл бөлінеді.
Әдістері: әңгіме, пікірталас, байқау, сұхбат, іскерлік ойындар, ауызша-жазбаша жаттығулар, рөлдік ойындар, сауалнама толтыру, талдау, СТОД, шығармашылық оқу әдісі, эвристикалық, зерттеу, репродуктивтік әдістер, т.б. олардың әдеби-тарихи, педагогикалық білімді бекітудегі рөлі. Эссе, Power Point форматында презентация жасау, рөлдік ойындар, миға шабуыл, талдауға арналған мәтіндер, тапсырманы орындау критерийлері, бағалау талаптары т.б.		
Құралдары: Дәстүр, Салт, Әдет, Ғұрып, Құқықтық-қалыптық құжаттар, Ұлттық мейрамдар; Халықтық мерекелер, т.б.		
Түрлері: лекторийлер, курстар, семинарлар, конференциялар, клуб және орталықпен байланыс жұмыстары, кездесулер, т.б.		
Н Ә Т И Ж Е		
Заманауи қазақ қоғамының әлеуметтік рөлдерін атқаруға ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты даярланған ҚАЗАҚ АРУЫ		

1-кесте. «ҚАЗАҚ АРУЫ» курсының құрылымдық моделі

Қыздар университетінің ерекше бет-бейнесі болып танылатын бұл курстың материалдары «Қазақ аруы» деп аталатын оқу құралы мен ұлы қазақ даласының тарихи дара тұлға-аруларының өмірінен хрестоматия құрастырылып жарық көрді. Бұл болашақ педагогтардың қоғамға маман ретінде ғана қажетті болып қоймай, әрбір отбасының ұйытқысы болып саналатын ұлттың субъектісі ретінде танылуын көздейді. Бұл сеніміміз негізсіз де емес. Осы курстың тәжірибесінен 3 магистрлік диссертация және 2 диплом жұмысы қорғалған.

Біз келешек ұрпақ тәрбиесін, соның ішінде қыз бала тәрбиесін дұрыс жолға қоя білсек, ұлтымыздың алдыңғы қатардағы озық елдер қатарына қосылуына аз да болса үлес қосқан болар едік. Тәрбие отбасынан басталады. Қазақ отбасындағы қыз бала тәрбиесі түзелсе, яғни келешекте әрбір ұлттық салт-дәстүрлермен тәрбиеленген қыздар ел қорғайтын ұлтжанды жас ұрпақты тәрбиелей алатынына біз сенімдіміз.

Бүгінгі қазақ қызы – ертеңгі ана, бір отбасының ұйытқысы. Мемлекетіміздің іргесін қазақ отбасылары құрайтынын ескерсек, ұлттық қалпымыз бен салтымызды, ұлттық санамыз бен рухымызды, діліміз бен дінімізді сақтайтын, ең бастысы, ұрпағымызды тәрбиелеп-өсіретін қазақ қызының болашағына немқұрайлы қарамауымыз керек.

«Қыз, әйел, ана» – қасиетті ұғымдар, өйткені олар – өмірдің ұрпақ өрбітетін бастау-бұлағы. Ұлттың бар болмысын – тілі мен дінін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін – ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, бойына дарытатын әйел-ана. Сондықтан ертеңгі ана, бүгінгі қыздарымызды дәстүрге сүйеніп, уақыт талабына сай тәрбиелеу – ата-ананың ғана емес, бүкіл қоғамның міндеті.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Кәмәләшұлы Б. Қазақ халқының туыс-туғандық жүйесі, ұрпақ өсіру, тәрбиелеу дәстүрі, үйлену ғұрыптары. – Алматы: Өнер, 2005. - 17 б.
2. Қазақстан Республикасының этникалық білім беру тұжырымдамасы /Егемен Қазақстан. 1996 ж. 7 тамыз.
3. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы, 1992.- 155 б.
4. Құлжанова Н. Мектепке дейінгі педагогика. – Алматы, - 1992. – 280б.

5. Ибраимова Л.Н. Қазақ этнопедагогикасындағы отбасылық тәрбие: пед.ғыл.канд. ... автореф.: 13.00.01. – Түркістан, 2007. - 26 б.
6. Адамова Қ., Қожахметова К., Сырымбетова Л. Қыздар әліппесі. (оқу бағдарламасы) Алматы-Екібастұз. 1999. 36 б.
7. Есім Ұ. Қазақ отбасында халықтық педагогика құралдары арқылы мектеп жасындағы қыз баланы тәрбиелеудің педагогикалық шарттары. Пед.ғыл. канд.дисс. ... – Шымкент, 2006. - 26б.
8. Корнилко И.А. Совместная работа школы и семьи по формированию нравственных норм поведения у детей младшего школьного возраста средствами казахских семейных традиций: автореф. ... канд.пед.наук.: 13.00.01. – Шымкент. 2006. - 26 б.
9. Исабекова А. Қазақ этнопедагогикасында қыз балаларын тәрбиелеудің педагогикалық шарттары. Түркістан, 2006. – 25 б.
10. Жумадуллаева А.А. Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге даярлаудың педагогикалық негіздері: пед.ғыл.канд. ... дисс.: 13.00.01. –Түркістан, 2006. - 133 б.
11. Қоңырбаева С. Жоғары сынып оқушыларын отбасылық өмірге этномәдени құндылықтар негізінде даярлаудың педагогикалық шарттары. - Алматы, 2008. - 153б.
12. Алдамбергенова Г.Т. Қазақ халық педагогикасында қыздарға моральдық-этикалық тәрбие берудің ғылыми негіздері. – Алматы, 2009 ж.
13. Сарыбекова Ж.Т. Қыздар тәрбиесін ұйымдастыру. – Астана, 2002.- 50 б.

“ОЛИМА” УЮШМАСИНИНГ ЎЗБЕКИСТОН ХОТИН-ҚИЗЛАР ИЛМИЙ САЛОҲИЯТИНИ ЮКСАЛТИРИШГА ҚАРАТИЛГАН ФАОЛИЯТИтарих фанлари доктори **Р.Х.МУРТАЗАЕВА*****Резюме:**

Мақолада Ўзбекистонда фаолият кўрсатаётган нодавлат ноtijорат ташкилоти бўлмиш Ўзбекистон хотин-қизлар “Олима” уюшмасининг сўнгги йилларда амалга оширилган тадбирлари кўрсатилган. “Ижтимоий шерикчилик” тўғрисидаги Қонун асосида уюшманинг давлат муассасалари билан ҳамкорлиги, хотин-қизларни илмдаги ютуқлари ҳамда ёш қизлар ўртасидаги уюшманинг фаолияти ёритилган.

Калим сўзлар: хотин-қизлар “Олима” уюшмаси, академиклар, илмий-тадқиқот, инновация.

“OLIMA” CAPACITY BUILDING FOR WOMEN-GIRLS 'HEALTH REQUIREMENTS**Abstract:**

The article discusses recent events of the Olima Association of Uzbekistan, a non-governmental non-profit organization, operating in Uzbekistan. Under the Law on Social Partnership, the Association's cooperation with public institutions, the achievements of women in science and the activities of the Young Girls' Association are highlighted.

Keywords: “Olima” Association, academicians, scientific research, innovation.

Глобаллашув шароитида хотин-қизларни илмий тадқиқотчилар ва кашфиётчилар сифатида ўз салоҳиятларини тўла-тўқис аниқлаш ва қўллаб-қувватлаш муҳим масалалардан бири ҳисобланади. Илм-фанда гендер тенглиги ва аёлларни имкониятларини кенгайтириш мақсадида жаҳон миқёсида ҳамда ҳар бир давлатда кенг фаолият олиб борилмоқда. Аммо, 14 давлатда ўтказилган тадқиқотлар маълумотига қараганда бакалавр, магистр ва доктор унвонларни эгаллаш учун яратилган имкониятлар фандаги аёлларда -18%, 8% ва 2% , эркакларда эса -37%, 18% ва 6% ташкил этади.

Илм-фанда хотин-қизларнинг гендер тенглигини ҳамда уларнинг ҳуқуқ ва имкониятларини кенгайтириш мақсадида Бирлашган Миллатлар Ташкилоти Бош Ассамблеяси томонидан 70/212 резолюция қабул қилиниб, 11 февраль – “Илмдаги аёллар ва қизларнинг халқаро куни” деб эълон қилинди.

